



Yessenov University профессоры, филология ғылымдарының кандидаты  
Қобланов Жоламан Таубайұлының 60 жылдық мерейтойына арналған

**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

халықаралық ғылыми-практикалық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**УДК 001**  
**ББК 72**  
**Ү46**

**Yessenov University президенті Б.Б. Ахметовтің жалпы  
редакциялауымен**

**Редакциялық алқа:**

**А. Сейдалиев, С. Сырлыбекқызы, Н. Қамарова, Б. Жайлауов**

**Ү46** Yessenov University профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Қобланов Жоламан Таубайұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Жаһандану жағдайындағы заманауи гуманитарлық білімнің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2024.

**ISBN 978-601-366-298-5**

Бұл ғылыми жинақ парасатты педагог, ғибратты ғалым Қобланов Жоламан Таубайұлының зерттеу еңбектері туралы мақалалардан тұрады және конференцияның секциялық отырыстарында оқылған баяндамалардың материалдарына арналады.

«Қазіргі әдебиеттану және фольклортанудың өзекті мәселелері», «Тіл білімінің бүгінгі мен болашағы», «Гуманитарлық пәндерді оқытуда жаңа технологияларды қолдану әдістемесі» секцияларына ЖОО ПОҚ және колледждер мен мектеп мұғалімдері де қатысты. Олар әдебиеттану мен тіл білімі саласындағы өзекті мәселелерді талқылады. Қызу талқыланды ғылыми өзекті мәселелер туралы мақалаларды осы жинақтан оқуға болады.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

**УДК 001**  
**ББК 72**

**ISBN 978-601-366-298-5**

© Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар  
және инжиниринг университеті, 2024

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

---

### **Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің президент-ректоры Ахметов Берік Бақытжанұлының құттықтауы**

*Құрметті Жоламан Таубайұлы!*

Ұстаз – ұлағатты ұғым. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта оң бағыт-бағдар сілтейтін ұстаздың еңбегі зор.

Білім мен ғылым көшін алға сүйреп келе жатқан Сіз сияқты нар тұлғалы қайраткерге уақыт өткен сайын құрмет арта бермек.

Өз ісіне шын берілген педагог, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын майталман, ғылым жолындағы әр қадамы ғибратты Өзіңіздей тұлғаны шәкірттеріңіз ғана емес, ұжымдастарыңыз бен әріптестеріңіз де мақтан тұтады.

Ұстаздық, ғалымдық жолдағы еңбексүйгіштігіңіз, белсенді де батыл ұстанымдарыңыз, азаматтық қасиеттеріңіз ірі тұлғаңызды одан сайын салмақтандырып тұр.

Қызметтің қызығы мен қиындығын қатар көріп келесіз. Бойыңыздағы жинап-терген бар біліміңізді көз майын тауысып жазған авторлық оқулықтарыңыз бен оқу құралдарыңыз арқылы жастардың санасына сапалы етіп сіңіріп жүрсіз. Алдыңыздан мыңдаған шәкірт тәрбиеленіп шықты, жүздеген жасты ғылымға баулыдыңыз.

*Құрметті Жоламан Таубайұлы!*

Өзіңізді мерейлі 60 жасыңызбен құттықтап, бар жақсылық атаулыны тілеймін.

Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілеймін! Алар асуларыңыз асқақ, шығар шыңдарыңыз биік болсын.

## ҰСТАЗ-ҒАЛЫМНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ӨМІР ЖОЛЫ

*Қабылов Әділет Дыбысұлы,*

*филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры*

Халқымыздың рухани мәдениетіндегі «азаматтық» ұғымы ежелден халық санасында елге тұтқа болар азаматтың орнын айқындап, өзектілігін ешқашан жоғалтпаған. «Азаматын көр де, ауылын таны», «Жігіттің түсін айтпа, ісін айт» деген мақал-мәтелдерден азаматтың кемел тұлға болуына зор мән бергенін көреміз. Осындай ел тілегін:

Жылқыда да жылқы бар,  
Қазанаты бір бөлек.  
Жігітте де жігіт бар,  
Азаматы бір бөлек, –

немесе

Айырдан туған жампоз бар,  
Нар емес десе нанғысыз.  
Қарадан туған жігіт бар,  
Ханға күнін салғысыз, –

деп тұжырымдап, қоғамдағы азаматтың ролін айқындап берген.

Шынында да, азаматтың атын еңбегі шығарады. Ел азаматын еңбегінен таниды, еңбегімен бағалайды. Еңбектің нәтижелі болуына, ең алдымен, өз мамандығыңды ұнатып, шын көңіліңмен қалаған ісіңе ынты-шынтыңмен беріліп, соған бар өміріңді арнағанда ғана қол жеткізе аласың.

Бұл дүниеде адам тәрбиелеуден асқан ізгілікті іс бар ма! Ал ілім-білім жолында үздіксіз ізденіп, зердемен зерттеп, сол жиған-тергеніңді ұрпақ тәрбиесіне арнау – нағыз ұстаз-ғалымның ғана қолынан келетін, маңдайына жазылған тағдыр. Бар өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаумен қатар, ғылым жолында көз майын тауысып ізденіп келе жатқан сондай ұстаз-ғалымдар Есенов университетінде аз емес. Солардың бірі – бүгінде алпыс жасқа толып отырған филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті «Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры Жоламан Таубайұлы Қобыланов.

Қобланов Жоламан Таубайұлы 1964 жылы 20 мамырда ҚҚАССР-ның Хожелі қаласында дүниеге келген. 1971-1981 жылдары №16 орта мектепте оқып, үздік аяқтаған.

1982 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1989 жылы «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығы бойынша бітіреді. 1983-1985 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген.

Еңбек жолын 1989-1991 жылдары Хожелі педагогикалық училищесінде оқытушы болып бастап, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында

оқытушы болды. Атамекенге оралған соң, 1997-1999 жылдары Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1999-2007 жылдары Алматы «Қайнар» университетінің Ақтау филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті қызметтерін атқарды, ал 2008 жылдан осы уақытқа дейін Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор болып қызмет етіп келеді.

Ж.Т.Қобланов – өзінің педагогикалық қызметін ғылыми ізденулермен қатар ұштастыра білген ұстаз. 1992-1994 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеттің аспирантурасында ізденуші болып, 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады (ғылыми жетекшілері профессор С.Ордалиев пен профессор Т.Кәкішев).

Ол – тынымсыз ізденісі мен ғылыми әлеуетінің арқасында қазақ әдебиеттануына айтулы үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Осы бағыттағы көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері» (2012), «Фольклор – источник вдохновения» (2015), «Жемчужина народного наследия» (2016), «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер» (2022), «Фольклорные основы в национальной драматургии» (2023) атты ғылыми монографияларын жариялады. Сонымен қатар 200-дан аса ғылыми мақалалары халықаралық, республикалық басылымдарда, оның ішінде 10 мақаласы халықаралық жоғары импактфакторлы журналдарда (Thomson Reuters және Scopus) жарияланды. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» секілді халықаралық ғылыми журналдарының редколлегия мүшесі, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі болды.

Ғалымның ғылыми зерттеулері қазіргі ұлттық әдебиеттанудағы өзекті тақырыптардың қатарындағы драма табиғаты, драматургиядағы фольклорлық бастаулар, сондай-ақ әдеби байланыстар мәселелеріне арналған. Мысалы, «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер» атты монографиясында автор қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы халықтық мұраның көріну сипаттары, тарихи жыр мен ел эпостарындағы ортақ мотивтер, маңызды көркемдік қырларды ашу, сол арқылы халықтық дәстүр, салт-дәстүрлердің драма жанрындағы көркемдік деңгейге көтерілу жолдарын жан-жақты талдаған. Сонымен бірге қарақалпақ драмасының ұлттық сипатын даралау және туысқан халықтар драматургиясымен, соның ішінде қазақ драматургиясымен байланысын кең түрде пайымдап, ортақ сипаттар мен ерекшеліктерді қарастырады.

Ж.Т.Қобланов – ғылыми еңбектермен қатар қазақ тілінде тұңғыш жазылған бірнеше оқу құралдары мен оқулықтардың да авторы. Атап айтқанда, «Шығыс әдебиетінің тарихы» («Фолиант», 2001), «Шетел әдебиеті тарихы» («Қазақ университеті», 2004; «Фолиант», 2008) оқулықтары,

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы», «Антикалық әдебиет» (2013) секілді еңбектердің авторы. «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиеті тарихы» пәндерінен электронды оқулықтары мен «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», «Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі. Жоламан Таубайұлы жазған 3 томдық «Шетел әдебиетінің тарихы» оқулықтары көп жылдардан бері жоғары оқу орындарында негізгі оқу құралы ретінде қолданылып келеді. Мұның бәрі автордың тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жас мамандарға жоғары білім берудегі тынымсыз еңбегінің нәтижесі екендігі даусыз.

Жоламан Таубайұлының, әсіресе, жоғары оқу орындарында шетел әдебиетін оқытудың мазмұндық және әдістемелік контентін қалыптастыру мен дамытудағы еңбегі орасан. Ол ұзақ жылдардан бері «Шығыс әдебиетінің тарихы», «Шетел әдебиеті тарихы» оқулықтарын жазумен айналысып, оларды жылдан-жылға толықтырып, еліміздің жоғары оқу орындарында осы пәндерден қазақ тілінде оқулықтар жазу ісімен үздіксіз еңбектеніп келеді. Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары ассоциациясы жариялаған конкурста Жоламан Таубайұлының 3 томдық «Шетел әдебиетінің тарихы» оқулығы жүлдегер атанып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен оқу процесіне ұсынылған болатын. Сондықтан бұл оқулықтар еліміздің беделді баспаларынан бірнеше рет қайта басылып, барлық жоғары оқу орындарының оқу процесінде кеңінен пайдаланылуда. Бұл оқулықтарға әрқашан да сұраныс өте жоғары.

Ұлттық әдебиеттердің қашан да ауыз әдебиетінен, өзіне дейінгі классикалық мұрадан үйреніп, дәстүрді меңгере отырып, жаңашылдыққа бой ұрып өсетіні, сонымен қатар, әлемдік әдебиетпен ұдайы сабақтастықта дамитыны белгілі. Демек, ұлттық әдебиеттің дамуын әдебиеттер байланыстарын, әлемдік әдеби сабақтастық арналарын пайымдай отырып, әлемдік әдеби процесс контекстінде қарастырудың маңызы зор. Сондықтан кез келген әдебиетші маман әлем әдебиетінен жеткілікті хабардар болып, әдебиеттің даму тарихын дұрыс бағамдауы لازم. Жоламан Таубайұлы да өзінің оқулықтарында шетел әдебиетінің тарихын құрғақ баяндап қана қоймай, олардың қазақ әдебиетіне ықпал-әсерін, қазақ тіліне аударылу жайы мен өзара байланысын да қажетінше зерделеп отырады.

Ж.Т. Қоблановтың еңбектегі жетістіктері тиісінше бағаланып, түрлі марапаттарға ие болып келеді. Ол 2014 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атанды. 2018 жылы Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл адамы» байқауында «Жыл ғалымы» номинациясы бойынша жүлдегер болды. 2016 жылы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалімен», «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 25 жыл» медалімен, 2019 жылы «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен», «Шахмардан Есенов» төсбелгісімен, Ш. Есенов атындағы университет ректорының алғыс хаттарымен марапатталған. Ұстаз-ғалымның мерейтойы қарсаңында күні кеше ғана – Жоғары білім қызметкерлері күніне

орай Yessenov University Ректор-Президенті Б.Б.Ахметов мырза ҚР ҒЖБМ-нің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін омырауына тақты. Бұл да елдің, ұжымның, ғылым-білім қауымдастығының мерейтой иесіне деген құрметі, көп жылдық еселі еңбектің көрсеткіші.

Жоламан Таубайұлы қазіргі таңда университетімізде «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті», «Абайтану», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Шығыс халықтарының әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Қазіргі әдеби процесс», «Абай: дәстүр және жаңашылдық» пәндерінен дәрістер мен практикалық сабақтар жүргізеді.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты жоғары оқу орындары арасындағы өткізілген түрлі шаралардың жоғары деңгейде өтуіне, әсіресе, қазақ әдебиетінің классиктеріне арналған ғылыми-теориялық конференциялардың ұйымдастырылуына жиі араласып, магистранттар мен студенттердің ғылыми-ізденіс жұмыстарына үнемі бағыт беріп отырады. Жоламан Таубайұлының білім беру мен ғылымды дамыту жолындағы еңбегі – көпке үлгі. Бұл күнде оның шәкірттері отанымыздың түкпір-түкпірінде түрлі салаларда еңбек етуде.

Жоламан Таубайұлы – зайыбы екеуі бес бала тәрбиелеп отырған үлгілі отағасы. Перзенттерінің барлығы да жоғары білімді, отбасылы, еліміздің дамуына транспорт, байланыс, білім беру салаларында өздерінің қажырлы еңбегімен үлес қосып келеді.

«Ғылыммен шұғылдануды мұрат еткендер білімге өздеріне сеніп тапсырылған қазына ретінде қараулары керек, ал ол қазына – бүкіл халықтың меншігі», – деп ұлы ғалым К.А.Тимирязев айтқандай, саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнап, жас ұрпақты тәрбиелеу ісімен жалықпай айналысып келе жатқан ұлағатты ұстаз, парасатты ғалым Жоламан Таубайұлы туралы айтылар жарқын сөз, жақсы лебіздер толастамақ емес.

Алпыс жастың асқарына аяқ басып отырған Жоламан Таубайұлына зор денсаулық, мол бақыт, әулетінің амандығы мен шығармашылық табыстар тілейміз.

## ТАЛАНТТЫҢ ТЕГІ – ТЕКТІДЕН

*Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы,  
филология ғылымдарының кандидаты, Yessenov University, «Қазақ  
филологиясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

Бес-алты жас шамасындағы ер бала қоңырқай ғана жұпынылау тірлігі бар ауыл шетінде алдына оншақты қозы-лақты салып алып, арасында кесіртке қуалап, тышқан інін санап, одан жалықса қолына ши алып, құм бетіне қиялданып ердің, етіктің нобайын келтіріп, суретін шимайлап отыра қалады. Арасында қозы-лағына көз салып қойып, әшекейлеп ер жасап, зерлеп етік тіккен өзін елестетіп, қиялданып отырған балдырған таяқ тастам жерде өтіп бара жатқан ақсақалды байқап қалды. «Кәке, кәке!» деп соңынан жүгіре жөнелді. Өзіне қарай құлдыраңдай шауып келе жатқан кішкентай баланы көрген ақсақал ат басын тартып, тоқтай қалды. Үлкендерден көргенін жасап, «Ассалаумағалейкум!» деп аузын толтыра амандасып, қос қолын бірдей ұсынған кішкентай баланың «Кәке, мынау біздің ауыл. Жүріңіз, шай ішіп кетіңізші біздің үйден» деген өтінішіне риза пішінмен барлай қараған ақсақал өзінің асығыс кетіп бара жатқан жолаушы екенін айтса да, бармасына қоймай жалынған баланың тілін қызықтап, көңілін қимаған ақсақал ат басын бұрып, нұсқаған үйге қарай жүрді. Алға түсіп алып, томпаңдап жүгіре жөнелген бала ауылдағы күнкөрісі төмен, кедейшілік қамытын киген үй екені сыртынан-ақ байқалып тұрған тым жадау, сұрқай үйге келіп тоқтады.

Жолаушы сыртта кідіріңкіреп қалып, бала ентелей басып үйге кіріп кетті. Шұрық тесік, қырық жамау үйдің ішінен сөйлеген дауыстың өзі еркін естіледі. «Апа, үйге қонақ алып келдім, шай берейікші» деген баланың сөзін аяғына дейін тыңдамастан: «Неңді берейін деп едің?! Осы қаңғырған жұрт не жейін деп келеді мына қуарған үйден?! Өтіп бара жатқан көлденең көк аттыны шайлап отыратын жағдайым жоқ» деп шаңқылдаған шайпау әйелдің даусы шықты.

Елпілдеп келген арыны басылып қалған бала есіктен басы салбырап кері шықты да, көзі жасаурап, жыламсырай, қонағынан қысылып, бүгежектеп жанына келді. Үйдегі дауысты естіп тұрған ақсақал жоқшылықтан титықтап, тілі ұзарған сорлы әйелдің шарасыз жағдайын түсініп те тұр. Ақсары жүзіне жылу үйірілген ақсақал баланың меселін қайтармайын деп: «Балам, мен шөлдеп келе жатқан жоқпын. Маған ештеңе керек емес. Асығыс жолаушымын деп әлгінде ғана өзіңе айттым ғой. Кел, одан да саған батамды берейін, қолыңды жай, не тілегің бар?» деді. Атаның еш ренжіместен мейірлене сөйлеген сөзіне жанары жарқ ете қалған балдырған «Зергер болғым келеді» деп қалды. Ақсары жүзіне жарасқан көкшілдеу жанары ерекше нұрын төге бата беріп, үлкен үміт сыйлап жолға түскен атаның соңынан қарап қалған баланың жүрегі жайланып, жүзі жайнап тұрды.

Бұл бала Бәйімбет Сарықасқа атанған Рысай мергеннің ұрпағы – атақты зергер Соқырша болатын. Ал жолаушы – қазақтың пірі, батыр, қолбасшы,



ағартушы, ойшыл, сәулетші Бекет Ата Мырзағұлұлы еді. Сол жүздесуде Бекет ата берген бата қабыл болып, Соқырша өсе келе заманында «Кімсің?» «Соқырша зергермін!» атанады. Кішкентай баланың аңқылдап алдынан шығып, қонақжай пейіл танытқанына қатты риза болып, жоқшылық жанын жүдетсе де, жүрегі қатаймасын деп ықыластана берген аруақты атаның батасы дарып, Соқырша өсіп-өніп, үлкен әулетке айналады. Шындығында, Соқыршаға дейін атадан бір ұлмен ұрпақ жалғасып, қалт-құлт етіп, жалғыздың үні шығар-шықпас болып келе жатқан еді. Тұқымда өзгеріс болып, Соқырша он балалы болады. Соқыршаның алтыншы баласы Әжібектен Нұрман-Таубай-Жоламан болып тін тартады.

## ТЕКТИ АТАНЫҢ ТІЛЕГІ

Нұрман – атбегі, күмістеп ер шабатын зергер, құралайды көзден атқан мерген, темірден түйін түйген ұста. Еті тірі, пысық, кәсібімен еліне жаққан, күнделікті қоңырқай тірлігімен көштен қалмай келе жатқан Нұрман отызыншы жылдар шамасында Кеңес үкіметінің қырына ілінеді. Мінезі қызбалау, әділетсіздікке төзбейтін, орынды жерде бетке тіке айтатын өжеттігімен де белсенділерге жақпай жүреді.

Жармышта отырған Бәйімбет руының дөңгеленген орта шаруа тірлігі белсенділердің жамбасына батып, атқа қондырады. Талай шаңырақтың тоз-тозын шығарып, тағдырын талқандаған қара машинамен екі солдат келіп, Нұрман мен сол ауылдың тағы бір жігітін байлап алып кетеді. Нұрманның туған ағасы Базарбай сол күні ауылда болмай шығады. Базарбай інісі Нұрмандай емес, жуас, көп сөйлемейтін, адамның көңіліне қарап тұратын момын кісі екен.

Нұрман өзінің осы жолы үнсіз көніп, тағдырға мойынсұнып, айдалып кете берсе, болашағы бұлыңғыр екенін сезіп, ойлана бастайды. Машинадағылар жол бойында тігулі қосты көріп, сусын ішіп алуға тоқтайды. Сол жерде Нұрман да түзге отырамыз деп сылтауратып, қозы көгенделген жерден қазықты суырып алып, жеңіне жасырып, көлікке отырады. Жолда қасындағы екі солдатқа қазықты қару етіп, ұрып, машинадан секіріп қашып кетеді. Содан дүрбелең басталады.

Базарбай ауылға келіп Нұрманды ұстап кетті деген соң, жанұшыра Фортқа жетіп, басшылық қызметте отырған жақын ағайынның үйіне келіп, мән-жайды айтады. Ағайын жігіт арқылы кеңсеге барып, жағдайдың әбден ушыққанын, енді үкіметтен кешірім жоғын білгеннен кейін, істің насырға шауып, бауырына тықыр таянғанын түсініп, аулына қайта шабады.

Бұл уақытта Нұрман ауылға жетіп, өзі мен Базарбайдың отбасын ала көшкен еді. Әрине, сусыз жолға шығудың мүмкін емесін білетіндіктен, құдық жағалай қашады. Жер жағдайын жатқа білетін Базарбай да шамалап көшті қуып жетеді. Осы мезетте қарулы әскер ізге түсіп, көшті құдық басынан байқап қалады. Нұрман тез бой тасаламаса, тісін қайрап келе жатқан қызыл белсенділер атып, жайрата салуы кәдік еді.

Көштен бөлініп шаба жөнелген Нұрманның ізін ала тарсылдай атылған мылтықтың түтіні көміп кетеді. Азан-қазан болған бала-шағаның зарлы үні даланы жаңғырықтырады. Бір қапталдан қосылған Базарбай оқ атып жатқан әскерге қолын көтеріп: «Атпаңдар, ол Нұрман емес! Жай малшы еді, қорқып қашып барады» деп жүгіреді. Құдай сақтап, көрер жарығы, татар дәмі таусылмаған Нұрманға оқ дарымай аман кетеді.

Сол жердегі қызыл белсенділер Базарбайдың отбасын өткізбей алып қалып, Нұрманның үйін бара жатқан бағытына жібереді. Бір жағынан Нұрманның аман-есен сытылып кетуіне белсенділер арасында өздеріне құда болып келетін жақыны да себеп болған секілді.

Нұрман отбасын тасадан күтіп алып, түрікмен ағайындар еліне бет алды. Сырт бейнесімен сыр алдырмайын деп, қанын ішіне тарта сұрланып алған, жан-дүниесі алай-түлей. Ата-бабасының құтты қонысы болып, балалығы өткен, тайға отырған жасөспірім шағы өткен, ат жалын тартып мінген жігіт шағы өткен шұрайлы мекеніне оралары белгісіз бұлыңғыр күндердің қойнауына сүңгіп кете берді. Жан дегенде жалғыз бауыры Базарбайды отбасымен өзінен ажыратып алып қалған күйігі тағы бар. Бірінсіз бірі ас ішпейтін, еншісі бөлінбеген екі ағайынды жігіт ұзақ уақытқа бір-бірінен алыстап та көрмепті. Маңғыстаудың сай-саласын жатқа білетін зерек Базарбай ағасы қызылдарды ізінен адастырып, бір тұстан шыға келердей алаңдап, туғанын қимай, алқымына өксік тіреліп алды. Өзін кейде ағасының алдында баладай сезініп, шолжаңдап алатын күндердің келмеске кетеріне сене алмай, еркелігін көтеріп әкесіндей қамқорлайтын жанашырын іздеп, артына қарайлай, үміттеніп алға жүре берді.

Туған топырақтан ұзамай-ақ жанын сағыныш сыздатып, қара зіл ауыртпалық басты. Сол ауыртпалық өмірінің соңғы сәттеріне дейін жүрегінде мәңгілікке мекендеп қалды.

Сол кеткеннен қалың түрікмен арасына сіңіп қалған Нұрманды кәсібі өлтірмей, алдына жиырма-отыз жандық мал бітеді. Қолы ұсынақты, шебер, ер мінезді қазақ жігіті түркмендер арасында да сыйлы болады.

Бірде ауыл адамдары қаңғалақтап, тұрақ таппай жүрген бір балаңдау жетім жігітті «Осы жерде руласың бар, ағайының ғой» деп Нұрманның үйіне бағыттап жібереді. Әлгі бала Бәйімбет руынан екен. Нұрман кеңшілік танытып, жалғыз ұлы Таубайына аға болар деп жас жігітті қолына алып, паналатады. Оның қызығы алда екен.

Әлгі жігіт өнерден де құралақан емес, қарулы, көз тоқтатарлық келбеті бар келісті азамат боп ержетеді. Аңшылыққа ебі бар, Нұрманнан үйренген зергерлігі бар, қолынан іс келетін, серілігі де бар жігіт жөніне жүрмей бір түрікменнің қызына ғашық болып, алып қашады. Хабарды естіп, қызды алып кетуге қуғыншы болып келген түрікменнің қарулы оншақты жігітінің түрлері өрт сөндіргендей ашулы, бас-көзге қарайтындай емес. Өзі қашып-пысып жүріп, әрең дегенде түрікмен ағайындардан пана тауып, енді ес жидым дегенде, мына жігіттің әрекеті жығылғанға жұдырық жұмсағандай еді. Шегінерге жер жоқ, екі ғашық отыр «бізді өлім айырады» деп. Нұрман

ауылдағы ақсақалдың алдына жүгінеді. Мән-жайға қанық түрікмен ақсақал қыздан жөнін сұрап, өз еркімен келгенін біледі. Сол кездегі түрікмен халқының бір сөзді мәрттігін әлі күнге қазақтар ұмытқан емес. Нұрманның беделін, көшелі кісілігін, еңбекқорлығын, тектілігін көріп отырған түрікмен ақсақалдары ара түсіп, екі жасты қосып, батасын береді.

Сол түрікмен аруынан тараған ұрпақ Қазақстанға оралды, бүгінде Алматы қаласында тұрады, балалары шетінен сегіз қырлы, бір сырлы, атбегі, мерген, аңшы, саятшы, бойларынан бар өнер табылатын мықтылар.

Нұрман өмірден өтерде өсиет етіп денесін Көнеүргеніште Шикәбір әулиеге қойдырады. Шекара бөлінген жылы Шоманай Қарақалпақстанға берілді де, мұсылман бауырлар деп көңіл жұбатқаны болмаса, аталарының денесінің туған жерден жырақта қалғаны ұрпақтарының арқасын аяздай қарып өтетін. Елде қалған ағасы Базарбай өмір бойы інісінің жолына қарап, тілегін тілеп, тосумен өтті. 1960-жылдарға дейін Жыңғылдыда отырып, кейін Бейнеуге көшті, мүмкін, інісі кеткен өлкеге бір табан жақындармын деген арманының бір ұшы жетелеген де болар. Іздеп барсам, қырсығым тиіп, інімді большевиктер ұстап кетер деп үрейленіп, бір көруді арман етіп, сағыныштан жүрегі сыздай, іштей тынып, шерлене өтті дүниеден.

## **ТЕКТІНІҢ ТУЫН ТІКТЕГЕН ТАУБАЙ**

1927 жылы дүниеге келген Таубай табиғатынан алғыр, сәби шағынан тағдыры талқыға түскен отбасының үміті болып талпына, талаптана өскен пысықтығымен, зеректігімен ауызға ілінеді. 13-14 жасынан-ақ есепші болып қызметке ерте араласады. 1943 жылы соғысқа аттанып, 4 жыл жүріп, сапарды Халхингол майданында кеңестік жауынгерлер құрамында болған мыңдаған қазақ сарбаздарының бірі болып аяқтап, аман-есен елге оралады. Көзі ашық сауатты жас жігіт білімін шындап, Ташкентте партия мектебінде оқып, Шоманайда аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, загот кеңсе басшысы, Хожелі ауданының Әмудария совхозының ауылдық кеңес төрағасы, директор орынбасары, Кәтеп совхозының директоры, «Прогресс» мал шаруашылығы кешенінің бас директоры болады.

Осы тұста Таубайдың «Прогресс» мал шаруашылығы кешенін құрудағы қажырлы еңбегін айрықша атап өтпеуге болмайды. Кезінде Одаққа танымал атақты екі үлкен кешеннің бірі болған, әлеуеті күшті, қарамағындағыларға қамқорлығы мықты шаруашылық еді. Қызметкерлерін баспанаға дейін қамтамасыз етіп, лайықты еңбек жағдайларын жасап отырған бірден-бір жұмыс орны ретінде кезінде Өзбекстанның тұңғыш президенті Ислам Каримовтің де осы кешен жұмысына ризашылық танытып, арнайы атап өткендігі айтылады. Кешен жұмысын Одақ деңгейінде даңқын асырып, сауатты, жүйелі басқарған қазақ Таубай Нұрманұлының тынымсыз тірлігінің жемісі екендігі әлі күнге дейін сол шаруашылық шапағатын көрген жандар аузында айтылып жүр.

Бар саналы өмірін шаруашылық саласына арнап, құрметтілер көшінде жүрген Таубайдың есімі мен өнегелі өмір жолы өз заманында басшылық қана емес, қарапайым орта үшін де асыл азамат ретінде жақын таныс болып қалды.

Өзбекстан КПОК-нің бюро мүшесі, Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған атақты «Жезкиік» әнінің авторы Кәкімбек Салықов Таубайдың еңбекқорлығын, ұйымдастырушылық қабілетін құрмет тұтып, екі-үш мәрте жылы жүздесіп, үйіне келіп дәм де татқан екен.

Жоламан ағайдың есінде кешен жұмысының сапасын жақсарту үшін күні-түні аянбай еңбек етіп, үйге шаршап-шалдыға жетіп, аздап көз шырымын алып, әлденіп жіберіп шаруашылыққа қайта жөнелетін еңбекқор әке бейнесі қалыпты.

Әкесі кейде қолы қалт еткенде ілулі тұрған қоңыр домбыраның құлағын бұрап, күйін келтіре мұңды үнмен Қайыптың әнін салатын. Үнінде тілмен айтып жеткізу мүмкін емес, ауыр мұңға малынып, тұмшаланып алған сартап сағыныш сезілетін. Кеңес үкіметінің тепкісімен үш жасында елден кеткен сәби жадында шыр етіп өмірге келгенде бауырына алған туған жердің көрінісі мүмкін қалды, мүмкін қалмады. Бірақ, ата-баба жұрты болған Жармыш топырағына деген сағымданған сағынышты сезінетін бейкүнә періште шақтың жөргегінің иісімен жеткен бір құдірет бар секілді.

Туған жердің сағынышын жусан иіскеп жеңілдеткен Бейбарыс бабасындай, күйіне күңіренетін Таубайдың жүрегіне отбасы, балалары тыныштық сыйлап, жұбаныш әкелетін.

Әкесі Нұрманның Маңғыстау топырағын басып, туған ағасы Базарбайды бір көруді аңсап, ішкұса күйде өмірден өткені есінен шықпай, жүрегін жиі ауыртатын. Заман тынышталған соң балаларын аман-есен ел қарасына іліктіруді армандайтын.

Есіне баяғы әкесін елден қуған чекистің Қарақалпақстанға іздеп келіп, тізесін бүгіп, басын иіп, кешірім сұраған оқиғасы түсті.

Бір күні күн батар кезде үйге біреу амандасып кіріп келеді. Келген қонақты танып қалған Нұрман сәлемін алмай, жақтырмай теріс қарайды. «Нұреке, әлі кешпедің бе? Заманның жамандығын көзің көрді. Амалсыз болдым, мүмкін, әлсіздігім де шығар. Ең бастысы, сен аман кеттің ғой. Баяғы құдық басында сені таныдым да, оқ дарымасын деп көздемей айдалаға ата бердім мылтықты. Базарбай ағаң бізді шатастырып, сені аман алып қалу үшін «Ол Нұрман емес, малшы ғой, атпандар!» деп өтірік айтқанын да біліп, жанымдағылар танып қалмасын деп, Базарбайды мақұлдап қоя салдым да, жанымдағы қарулы топтың назарын сенің бастап келе жатқан көшіңе бұрып жібердім. Әйтпесе, қарулы солдаттар үшін сенің соңыңнан қуып жетіп, атып салу түк емес болатын. Сенің қаныңды жүктейтіндей мен де өле алмай жүрген жоқпын. Ата-баба аруағынан, қанның киесінен қорқамын. Мен де адаммын, жүрегім бар. Сенің сол кезде аман-есен осы елге өтіп кеткеніннен де, қазіргі тыныс-тіршілігіңнен де хабарлымын. Ізіңе түспей, іздеушілердің бағытын ауыстырдым. Менің жүрегімнің жұбаныш тауып, күнәмді жеңілтетер тұсы –

сенің аман жүргенің» деп таусыла ақтарылған қонағын жанына ерте, шапанын желбегей жамылып тысқа беттеді.

«Сенің сатқындығың бүтін ұрпағымның өмір сүру салтын бұзды, басқа арнаға әкетті, ағамды бір көруге зармың, елден жырақ, жат жердің нанын жеп, суын іштім. Ұрпағым жат топырақта өсіп жатыр, қанша тырыссам да тілімдегі бұру, салтымдағы салқындық сезілуде. Шүкір, бұл елде де қадірсіз болған жоқпын, бірақ бүкіл ғұмырым туған елдің түтінін аңсаумен өтіп барады. Жалғыз ұлым Таубайымнан тараған немерелерім үшін алаңдаймын. Көшімді бұзып, көпшіліктен айырған сені кешіру оңай емес. Сен де аз қиындық көрмепсің. Құдайдан күшті емеспіз ғой. Алла төреші» деп одан әрі созбақтай берудің жөні жоғын ұқтырып, мәмілелі әңгімеге бұрып, біраз жеңілдеген соң үйге кіріп, келініне: «Қарағым, шайыңды дайындап, қазаныңды асарсың» деді бейбіт үнмен.

Нұрманның алдынан өтіп, кешірім сұрап, қонағасын жеп, қонып аттанған мейман иығынан ауыр жүк түскендей жеңілденіп жолға шықты...

## **ТЕКТИ АТАДАН ТҮЛЕГЕН ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ**

Ата арманын, әке үмітін ұштаған Жоламан Таубайұлы 1989 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетін бітіріп, қолына дипломын алғаннан кейін ұстаздықпен ұласқан ұлы сапар жолына түседі.

1989-1991 жылдары Хожелі педагогикалық училищесінде оқытушы, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы, 1997-1999 жылдары Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, 1999-2007 жылдары Алматы «Қайнар» университетінің Ақтау филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті қызметтерін атқарды, 2008 жылдан осы уақытқа дейін Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор болып қызмет етеді.

Ж.Т. Қобланов ұзақ жылғы ұстаздық ұлағатын ғылыми мектепке жалғаған ғалым. 1992-1994 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік Ұлттық университеттің аспирантурасында ізденуші болып тіркеліп, 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады (ғылыми жетекшілері профессор С. Ордалиев пен профессор Т. Кәкішев). Ж.Т. Қобланов – тынбай еңбектенуінің және ғылыми потенциалының жоғарылығы арқасында қазақ әдебиеттануына айтулы үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Осы бағыттағы көп жылғы зерттеулерінің қорытындысы ретінде 2012 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері», 2015 жылы «Фольклор – источник вдохновения», 2016 жылы «Жемчужина народного наследия», 2022 жылы «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық

негіздер» атты ғылыми монографияларын жарыққа шығарды. Сонымен қатар 200-ден аса ғылыми мақаласы халықаралық, республикалық басылымдарда, 9 мақаласы халықаралық жоғары импактфакторлы журналдарда (Thomson Reuters және Scopus) жарияланды. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» т.б. халықаралық ғылыми журналдарының редколлегия мүшесі, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі.

Ж.Т. Қобланов – ғылыми еңбектермен қатар қазақ тілінде тұңғыш жазылған бірнеше оқу құралы мен оқулықтың да авторы. Атап айтқанда, 2001 жылы «Фолиант» баспасынан «Шығыс әдебиетінің тарихы», 2004 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Шетел әдебиеті тарихы» оқулықтары, 2008 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен кәсіптік біім беретін колледждерге «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2010 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2011 жылы ҚР БЖҒ министрлігі жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына негізгі оқулық ретінде бекітіп, «Дәуір» баспасынан жариялаған «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2012 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2012 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы (2-басылым), «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» оқу құралы (РОӘК), 2013 жылы «Антикалық әдебиет» (РОӘК) және «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиеті тарихы» пәндерінен дайындаған электронды оқулықтары мен «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», «Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтары, 2015 жылы «Шығыс әдебиетінің тарихы» (РОӘК), «Антика әдебиеті» (2-басылым), «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (3-басылымы) 3 томдық оқулықтары, 2015 жылы «NUR-PRESS» баспасынан жарық көрген «Антикалық әдебиет» (3-басылым), «Шығыс әдебиетінің тарихы» (2-басылым) оқу құралдары, 2020 жылы «Лантар-Трэйд» баспасынан шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (4-басылымы) 3 томдық оқулықтары да Ж.Т. Қоблановтың тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағы болған жас мамандарға білім берудегі тынымсыз еңбегінің нәтижесі екендігі сөзсіз.

Ж.Т. Қобланов 2014 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. 2016 жылы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалімен», «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 25 жыл» медалімен, 2019 жылы ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен», Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл ғалымы» атағымен, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, КТИУ ректорының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Ғалым еңбектерінің тағы бір қырына тоқталсақ, 1938 жылы халық жауы атанып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болып кеткен, қарақалпақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, драматург, ағартушы-педагог, қоғам қайраткері

Сейфулгабит Мажитовтің ақтаңдақ жылдар архивінде ескерусіз қалған еңбегі туралы да алғашқылардың бірі болып қалам тартып, сөз қозғап, ғылыми айналымға түсірген Жоламан Таубайұлы екенін көпшілік біле бермейді. Қарақалпақ әліпбиін оқытудың әдістемесін жасап, қарақалпақ тілінде тіл білімі саласы бойынша фонетика, лексика, морфология, синтаксистік талдаудың теориясын жазған ғалым-лингвист, Қоңырат аймақтық ағарту бөлімінің басшысы, мектеп ашу, қысқа мерзімді мұғалімдер курсы ашу ісінде белсенді қызмет жасаған, «Алипбе» («Букварь»), «Оқыў китаб» («Книга для чтения»), «Егеделер сауаты» – «Грамота для взрослых» (1925) атты алғашқы оқу құралдарын дайындауға қатысқан тұлғаның осынша ұлан-ғайыр еңбегі ұзақ жылдар жабулы күйінде жатты. «Сүйін мен Сара», «Құлмұрат», «Он тоғыз», «Бағдагүл» атты роман, пьесалар туған қаламгер мұрасын саралап мақала жазған Жоламан Таубайұлына бір күні алыстан хат келеді.

«САЛАМ АЛЛЕЙКУМ, ЖОЛАМАН ТАУБАЕВИЧ!!! СПАСИБО огромное вам за статью о моём прадеде СЕЙФУЛГАБИТЕ МАЖИТОВЕ. К СОЖАЛЕНИЮ, часто в суете городской жизни мы забываем о своих корнях. Когда мои дети спросили: «Мама, а почему ты всегда говоришь, что, ты гордишься своими предками? ... они были великими людьми... расскажи нам о них!!!» Мне ничего не оставалось как поискать в интернете информацию и я прочитала вашу статью детям.

СПАСИБО ВАМ БОЛЬШОЕ!

Ыстық ықылас пен ризашылық сезімге толы хат иесі – Сейфулгабит Мажитовтің шөбересі Галия Мажитова екен.

Ортамызда жүрген кейбір жанның тұлғаға лайық еңбектері қарапайымдығымен бүркемеленіп тұратыны бар.

Жоламан Таубайұлы табан ақы, маңдай термен жеткен ерен еңбегі мен үздік жетістіктерін ел алдына шығып жарнамалай бермейтін, қарапайымдылық шекпенін шешпеген, кісілігі биік ғалым-ұстаз.

«Алтын кездік қын түбінде жатпайды» дегендей, тұлғасы қалыптасып, бейнесі бекемделіп, адал еңбекпен табысқа жеткен Жоламан Таубайұлының ұжым, ағайын-туыс ортасында әркез мерейі үстем, еңсесі биік.

Бүгінде алпыстың асқарына шығып отырған Жоламан Таубайұлы мен отанасы Рахила екеуінен өрбіген үш ұл, екі қыз отау құрып, әрқайсы шаңырағын шаттыққа толтырып, немере-жиен қызықтатып отыр.

Ұрпақтарының алдында ұлттық құндылықтың жібін үзбей жөн сілтеп, айтар сөзінен, жүрер жолынан жаңылмай ақсақалдық кезеңге аяндаған Жоламан Таубайұлы қадірлі отағасы, сыйлы азамат, бақытты әке, абзал ата биігінде.

## ЖАЙДАРЫ ЖҮЗДІ ЖОЛАМАН

*Абдынасыров Садуақас Абдынасырұлы, зерттеуші-педагог.  
ҚР-ның Құрметті педагогы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

Мен Жоламан Таубайұлымен бір университетте білім алып шықтым. Одан екі курс жоғары оқыдым. Талапты, талантты студент қай кезде де жағымды энергиялы болады ғой. Сондықтан олармен сөйлесу, сұхбаттасу аса бір қиындық тудыра бермейді. Бізді біріктірген оның осындай аса жайлы мінезі мен жайдары жүзі, шын ниетімен ырза болатын риясыз күлкісі десем, артық айтқандығым емес. Осы арқылы мен оны іш тартып, жақсы көрдім. Себебі, 1980 жылдарда сол университеттің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде Түрікменстаннан келіп оқыған жалғыз мен едім. Жақсы, сенімді достар тауып, жылы ұямен қоштасып, жан-жаққа тарап кеттік.

Университет бізге көп нәрсе бере алды деп ойлаймын. Өйткені аңыз Әуезовтың алдын көрген шәкірті профессор Жұмырбай Қайырбаев басқарған кафедра Қазақ мемлекеттік университетімен, Қызылордадағы Қорқыт ата университетімен тығыз қарым қатынаста болды. Бізге әлем таныған Әуезовтің шәкірті профессор Зейнолла Қабдолов, түрік жазба ескерткіштерін түбірлі зерттеуші профессор Мархабат Томанов, қазақ фольклорын індете зерттеген профессор Әуелбек Қоңыратбаев сияқты танымал ғалымдар келіп сабақ беретін еді. Олардың лекциясын шын жүрегімен ұққан шәкірттердің жаман болғаны жоқ. Жоламанның да ғалымдық күш-қуатын осындай тұлғалардың арттырғаны сөзсіз.

Жоламан өмірде жайдары, мінезі жұмсақ, өте мейірімді жан болды. Оның осы болмысын үлкен де, кіші де сезіне білетін еді. Онымен үш жыл бірге, бір корпуста оқыдық. Сол жылдарда оның біреуге дауыс көтергенін, не ренжіскенін, не төбелескенін естімеспін, көрмеспін. Ол кез келген адаммен қалай сөйлесетінін біледі. Кездескенде жымып, жүзінен нұр төгіліп тұрған жігітке кім не десін? Тез шүйіркелесіп, әңгімелесіп кеткенін өздері де білмей қалады.

Оқу орнын бітірген соң, Жоламан Хожелі педучилищесіне мұғалім болып орналасты. Сол жерде екі-үш жыл істеген соң, өзі оқыған Университеттен бөлініп шыққан Әжиняз атындағы педагогикалық институтына оқытушы болып орналасып, аз уақытта еңбекқорлығының арқасында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1991 жылы бұрынғы алып қызыл империяның күйреуі, шетелдегі қазақтардың атажұртына ат басын бұруға итермеледі. Жоламан да алғашқылардың бірі болып, Алматыға ат басын тірегенімен, 1996 жылы Маңғыстауға қайтып келді. Бұл кезде мен де Түрікменстаннан Маңғыстауға көшіп келген кезім еді. Бір-екі жылдан кейін Жоламанмен Ақтауда кездейсоқ кездесіп қалдым. Жылы жүзді Жоламан алдымнан абайсызда шыққанда абдырап қалдым. Ол құшағын жайып, ұмтылды. Шұрқырасып, амандық-саулық сұрастық. Ол сол кездегі Ақтау мемлекеттік университетіне орналасып, жұмысын жаңадан бастап жатыр екен.



Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы ашылғанына көп болмағандықтан білікті кадрларға зәру. Жалғыз ғана кандидат осы Жоламан болып шықты.

Менің ұстазым Рахмет Аяпбергенов те сол кезде кандидаттық қорғаған. Бірақ әлі куәлігін алмаған екен.

Жоламан кейін «Қайнар», «Болашақ» университеттерінде біраз жыл істеді. Ол кезде де байланысымыз үзілген жоқ. Кейін Есенов университетіне қайта оралды. Енді міне, ол Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры.

Жоламанның тағы бір айта кетерлік ерекшелігі – туыстас қазақ-қарақалпақ әдебиеттеріндегі көрнекті қаламгерлердің драмалық шығармаларын салыстыра зерттеу арқылы екі халықтың ұқсас тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарының суреттелуін жан-жақты талдап, олардың көркемдік құндылығы мен өзіндік сипаттарын сараптайды. Жоламан сонымен қатар, шығыс және әлем әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы да бағалы байламдар жасап, жалпы әдеби байланыстардың түбірі тереңде жатқанына байыпты ғылыми пайымдаулар жасайды.

Жоламан қазақ әдебиетінің классигі Абай туралы іргелі пікірлерін «Абайдың эстетикалық дүниетанымы» атты мақаласында кеңінен толғайды. Абайдың эстет ақын екенін оның өлеңдері арқылы дәлелдеп, көңілге қонымды тұжырымдар жасайды.

Жоламанның тағы бір тындырған үлкен ісі – «Шетел әдебиеті» атты «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқитын студенттерге, әдебиет пәні оқытушыларына, әдебиет мәселесімен айналысатын көпшілік қауымға арналған төрт бөлімнен тұратын оқулық кітабы. Онда ежелгі грек және рим әдебиеті, қайта өрлеу дәуірі мен классицизм әдебиетінің көрнекті өкілдерінің басты көркем шығармалары талданып, олардың өз кезіндегі атқарған рухани маңызы сараланады. Әрбір әдеби кезеңнің тарихи-әлеуметтік ерекшеліктеріне, қоғамдық-тіршілік жағдайына, тарихи оқиғаларға баса назар аударып, олардың әдебиеттің даму үдерісіне әсерін зерделеп көрсетеді.

Қазақта «әр нәрсе иесіне ұқсайды» деген бар. Мұны айтып отырған себебім: Жоламан Таубайұлы қандай тақырыпты қозғаса да, жайдары ойларымен, көкейге қонатын жағымды пікірімен ерекшеленеді. Құдайым осы жайдары қалпынан айырмағай деп тілеймін.

Сөз соңында, мен Жоламанға ғылым жолында әлі де толағай табыстарға жетіп, биіктерден көрінеді деп сенемін. Оған зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін. Ақын деген атым бар ғой, сөзімді өлеңмен аяқтайын:

Білім беріп таудай талап жастарға,  
Сен де кепсің алпыс деген асқарға.  
Кеше ғана желкілдеген жігіт ең,  
Өмір заулап, талай белес асқан ба?

Білім деген асау атты ерттедің,  
Ғылым деген қиын жолға беттедің.

Фольклордан бері тағы үніліп,  
Хандық дәуір әдебиетін зерттедің.

Содан кейін назар салып шығысқа,  
Қыруар еңбек сіңіріп ең ұлысқа.  
Одан әрі қолың созып әлемге,  
Кең жол аштың тынысқа.

Алға салып, шын жүрекпен ақ арды,  
Ғалым болдың, содан шашың ағарды.  
Әлем әдебиетін де зерттепсің,  
Зерттемеген бізге енді не қалды?

Ойы жүйрік, құрылатын астарға,  
Құлаш ұрған тым биікке, асқарға.  
Енді ғалым еңбектерін зерделеп,  
Жоламанды зерттеу қалды жастарға!

## ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ ЖОЛАМАН ҚОБЛАНОВҚА

*Жетекбай Мұрат Қуанышұлы, «Мұнайлы» газетінің бас редакторы,  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі*

Ізденген әдебиет деп талмай ғылым,  
Алты ондыққа толыпты таудай ұлың.  
Құттықтауға біз келдік шын ғалымды –  
Қобыланов Жоламан Таубайұлын!

Ана тіл мен әдебиет нәрін еміп,  
Науайы, Мақтымқұлы дәнін егіп.  
Шетелдің әдебиетін зеуірттедің,  
Қазақтың қажетіне бәрін беріп.

Өгейсіп бір заманда өз елі де,  
Қызылдың қорлығына төзе білмей.  
Қырғыннан құтылғаны бас сауғалап,  
Кім қайда, бұлар кеткен Хожеліге.

Бесқала көп қазақтың қонған жері,  
Көгеріп кемеліне толған жері.  
Сөз өнері дегенде нән ақындар –  
Төлеген, Қалыбайдың... туған жері.

Айрылмас әдебиеттен құмарың бар.  
Сен де өндің сол топырақ құнарынан,  
Оқытушы ғалымсың профессор –  
Қасиет кие сіңген тұмарыңнан.

Маңғыстау – атакүлдік, алтын қазық,  
Қырандай қанатыңды алдың жазып.  
Қарапайым, ақжарқын сол қалпыңмен,  
Кім білер жүргенінді алтын қазып.

Ізгілікпен сыйлаған өз өрнегін,  
Алтыннан да қымбат қой сөз өнерің.  
Кәсіпке адалдығың алдан шығып,  
Көсілсең – көгергені көсегеннің.

Қайда да арам жолға сыймай қалып.  
Ақша деп аран ашып, жыймай байлық.  
Еңбектерің кетіпті елге тарап,  
Сұрағанға ең құнды сыйға айналып.

Көрініп тұрар бидай тары ішінен,  
Адалдық, арды ойладың әр ісіңнен.  
Біз білген Жөкең нағыз зиялы адам,  
Сезетін дәмін татқан дәрісінен.

Ғаламды жақсы, жаман дендегенде,  
Жол табар жалғандыққа көнбегендер.  
Ал, Аға, ақ жұлдызың жарқырасын,  
Миллион жыл өтсе де сөнбегендей.

## **ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРДЕЛЕУГЕ ЖОЛ АШҚАН ӘДЕБИЕТТАНУШЫ**

***Бүркітбаева Анар Сайынқызы,***

*филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және инжиниринг университетінің аға оқытушысы*

Ешбір ұлт әдебиеті өздігінен жеке дара дамымайтыны анық. Бұл орайда қазақ халқының басқа ұлт әдебиеттерімен тығыз байланыста дамып, өсуін айтуымызға болады. Туысқан халықтар әдебиеттері арасындағы әдеби байланыс тақырыбы – өзектілігін жоймайтын келелі мәселенің бірі. Қазақ әдебиетінің қарақалпақ әдебиетімен, шығыс әдебиетімен үндестігін әдебиеттерді салыстырып таразылау тұрғысынан олардың өзара шығармашылық үндестігі мен рухани сабақтастығын зерттеу нысанын алған ғалым ол – филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жоламан Қобланов.

Қобланов Жоламан Таубайұлы 1964 жылы 20 мамырда КҚАССР-дың Хожелі қаласында дүниеге келген. 1989 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1989-1991 жылдары Хожелі педагогикалық училищесінде оқытушы, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы, 1997-1999 жылдары Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеуден бастады. 1999-2007 жылдары Алматы «Қайнар» университетінің Ақтау филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті қызметтерін атқарды, ал 2008 жылдан осы уақытқа дейін Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор болып қызмет етеді.

Бүгінде қазақ әдебиеттануында бірегей орны бар профессор Жоламан Таубайұлының 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясынан бастау алған ауқымды еңбектерін, 2012 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері», 2015 жылы «Фольклор – источник вдохновения», 2016 жылы «Жемчужина народного наследия», 2022 жылы «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер», 2023 жылы «Фольклорные основы в национальной драматургии» атты ғылыми зерттеулері мен монографияларын айтуымызға болады.

Профессор Жоламан Таубайұлының отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрген 200-ден астам ғылыми мақаласы мен 20-дан астам ғылыми еңбегінен еліміздің ғылымы мен өркениетіне өлшеусіз үлес қосқанын айқын көруге болады. Ғалымның 10-нан аса мақаласы халықаралық жоғары импакт-факторлы журналдарда (Thomson Reuters және Scopus) жарияланды.

Ұстаздық миссиясына қашан да адал профессор 1997 жылдан бері ғылыми ортада, университет қабырғасында магистрант, докторанттарға дәріс оқып келеді. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп Абай тәмсілінде айтылғандай, терең білімді, озық әдіскер, әмбебап эрудициясымен студенттер қауымын шынайы баулыған ұстаздың ерекшелігі – студент жастарды ғылымға жетелеуінде. Қазіргі таңда «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті», «Абайтану», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Шығыс халықтарының әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Қазіргі әдеби процесс», «Абай: дәстүр және жаңашылдық» пәндерінен студенттерге дәрістер мен практикалық сабақтар жүргізеді.

Ж.Т. Қоблановтың қазақ тілінде тұңғыш жазылған бірнеше оқу құралы мен оқулықтары өз алдына бір төбе сүбелі еңбектер қатарында. Атап айтқанда, 2001 жылы «Фолиант» баспасынан «Шығыс әдебиетінің тарихы», 2004 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Шетел әдебиеті тарихы» оқулықтары, 2008 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен кәсіптік білім беретін колледждерге «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2010 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2011 жылы ҚР БЖҒ министрлігі жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарына негізгі оқулық ретінде бекітіп, «Дәуір» баспасынан жариялаған «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2012 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2012 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы (2-басылым), «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» оқу құралы (РОӘК), 2013 жылы «Антикалық әдебиет» (РОӘК) және «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиеті тарихы» пәндерінен дайындаған электронды оқулықтары мен «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер»,

«Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтары, 2015 жылы «Шығыс әдебиетінің тарихы» (РОӘК), «Антика әдебиеті» (2-басылым), «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (3-басылымы) 3 томдық оқулықтары, 2015 жылы «NUR-PRESS» баспасынан жарық көрген «Антикалық әдебиет» (3-басылым), «Шығыс әдебиетінің тарихы» (2-басылым) оқу құралдары, 2020 жылы «Лантар-Трэйд» баспасынан шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (4-басылымы) 3 томдық оқулықтары, 2024 жылы «Jogary Bilim» баспасынан шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (5-басылымы) 3 томдық оқулықтары да Ж.Т.Қоблановтың тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі болашағы болған жас мамандарға білім берудегі тынымсыз еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Ғалымның құрастыруымен жарық көрген «Шетел әдебиетінің тарихы» оқулығында ежелгі грек және рим әдебиеті, Қайта өрлеу дәуірі мен классицизм әдебиеті өкілдерінің басты шығармалары талданып, олардың өз кезіндегі рухани қызметі сараланады. Әрбір әдеби кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайына, тарихи оқиғаларына шолу жасалынып, әдебиеттің даму тенденциясы осы жағдайлармен байланыстырыла көрсетіледі. Шетел әдебиетін зерттеушілерге бағдаршам болатын ғалым еңбектерінің теориялық талқылануы, дәлелді дәйектермен келтірілуі оқулықтың құндылығын, қажеттілігін арттыра түседі.

Жоламан Таубайұлы өз еңбектерінде шетел әдебиетін зерттеудің методология мәселесіне ерекше мән береді. Біріншіден, қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдей білді.

Екіншіден, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

Үшіншіден, әлемдік ғылымдағы жүйелілік, сабақтастық, шынайылық қағидатын ұстанып, қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиеті фольклорына тұтас құбылыс ретінде қарай алды.

Төртіншіден, салыстырмалы талдау әдісіне иек артып, ұлт тағдырының айнасы саналатын қазақ-қарақалпақ әдебиетінің асыл арқауын, негізгі ерекшелігі мен сипатын бағамдады. Бұл еңбектер ғалым Жоламан Қобылановтың шығыс әдебиетін, шетел әдебиетін кезең-кезеңімен жүйелеген жаңа биікке көтерген ғалым екенін айғақтайды.

Жоламан ағай – қоғам белсендісі. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» т.б. халықаралық ғылыми журналдарының редколлегия мүшесі, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі.

Ұлт алдындағы парызына, ұстаздық еңбегіне қашан да жауапты қараған профессор ұстаздың ғылыми жеткен жетістіктері де аз емес. Ол – 2014 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. 2016 жылы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін

ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалімен», «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 25 жыл» медалімен, 2019 жылы ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен», Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл ғалымы» атағымен, Есенов университеті ректорларының алғыс хаттарымен марапатталған.

Өз ісіне ұқыпты, мінезі жайлы, көпшілікпен тіл табыса білетін ғалым ұстазымызға шалқар шабыт, шығармашылық ізденіс, еңбегіне толағай табыс тілейміз.

## **ПРОФЕССОР ЖОЛАМАН ҚОБЛАНОВ**

***Жайлауов Бақтыбай Сәрсенбайұлы,***

*PhD докторант. Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және  
инжиниринг университетінің аға оқытушысы*

Айтуға һәм жазуға уақыт пен себеп табыла қалса, өміріме оң ықпал еткен тағылымды тұлғалар туралы тебірене толғануды көңілім қалап тұрады. Әсіресе, ұстаздарым жайлы ағымнан жарылып, ақтарылуға асығамын.

Профессор Жоламан Қоблановтың есімін ең алғаш рет жиырма жыл бұрын, оқушы кезімде естіп, алдымен даңқ-дәрежесімен таныс болдым. 2003-2004 оқу жылы Жаңаөзен қаласындағы №9 орталау мектебінің 9-сыныбында оқып жүргенімде Мақтымқұлы мен Абай шығармаларының үндестігін зерттеп, ғылыми жоба жаздым. Жетекшім – ардагер ұстаз Базаргүл Ерғалиева. ҚР Кіші Ғылым Академиясының облыстық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, I орын алдым. Айтайын дегенім, сол тұста Мақтымқұлыны зерттеген қазақ ғалымдарының еңбектерін іздедік. Мен оқитын мектепте Жеңіс Қобланов деген ағай сабақ беретін. Бірде Базаргүл апайым: «Жеңіс мұғаліміңнің Жоламан деген ағасы – әдебиеттанушы, ғылым кандидаты, доцент. Университетте жұмыс істейді. Сол кісі шығыс шайырлары туралы еңбегінде Мақтымқұлы жайлы да жазған екен, пайдаланарсың...» – деп, «Шығыс әдебиетінің тарихы» атты оқулығын әкеліп берді. Сонда мені оқулық авторының «әдебиеттанушы, ғылым кандидаты, доцент» деген мәртебесі қатты қызықтырғаны ерекше есімде қалыпты. Мұқабасы жұқа болғанымен, мазмұны бай кітабын тамсана отырып парақтап едім... Үш-төрт жылдан соң сол оқытушы-ғалымның алдында дәріс тыңдау, сабақ айту, өзімен пікір алмасу, кейінгі он төрт жылдан бері бір ұжымда қызмет ету бақыты бұйырды.

Есенов университетінің бакалавриаты мен магистратурасында оқып жүргенімде ағай «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Шығыс халықтарының әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Абайтану», «Қазіргі әдеби процесс», «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», т.б. пәндерден дәріс оқып, практикалық сабақтарын жүргізді.

Соның ішінде, әсіресе, өзінің сүйікті сабағы – шетел әдебиетін шабыттана отырып өткізетін.

Сол жылдары Алматыға барған бір сапарымда қазақтың классик ақыны Өтежан Нұрғалиев маған философиялық өлеңдер жинағы «Афина мектебі» атты кітабының алғашқы басылымын сыйлады. Ооо, ондағы ойлы өлеңдер кез келген оқырманға ұғынықты деп айта алмаймын. Оны түсініп, түйсініп, тұщынып оқу үшін мол дайындығың, арғы-бергіден хабардар білімің болуы керек. Қимас жанның көзіндей болған сыйлығын біраз уақыт сақтап жүрдім. Авторының өзі өмірден өткен соң, кітабының құндылығы тіпті арта түсті. Бірақ қанша қымбат қазына десем де, менің сөремде тұрып сарғайғанынан гөрі, ол кітапты осы саланың білгірі, антикалық дәуір әдебиетін зерттеуші ғалым Жоламан ағайым тұтынғанын тәуір көрдім. Сөйтіп, құрметім мен ықыласымның белгісі ретінде кітапты ұстазыма тарту еттім.

Қобланов ағайдың сабақтарына қатты қызығып қатыстым. Бірақ зерттеу жолын жалғастыруға тартындым. Ағай дипломдық жұмысыма да, магистрлік диссертацияма да ғылыми жетекші болуға дайын екенін білдірді. Бірақ мен қашқақтап жүрдім. Оны кейін өзіме өкпелегендей көңілмен айтты. Ал мен қашқақтауымның себебін ағайдың ғылыми зерттеу бағытының өзім үшін күрделілеу екенімен түсіндіріп, ақталғандай болдым.

\* \* \*

Оқырман қауымды ұстазымның шығармашылық өмірбаянымен таныстыруды жөн көремін. Өйткені жоғары жетістікке жеткен жанның тәжірибесі – көпке өнеге. Қобланов Жоламан Таубайұлы 1964 жылы 20 мамырда қазіргі Қарақалпақстанның Хожелі қаласында дүниеге келген. 1981 жылы орта мектепті үздік аяқтаған. 1982 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1989 жылы «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген.

1989-1991 жылдары Хожелі педагогикалық училищесінде оқытушы, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы болған.

Атажұрты Маңғыстауға қоныс аударған соң 1997-1999 жылдары Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1999-2007 жылдары «Қайнар» университетінің Ақтау қалалық филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті қызметтерін атқарды, ал 2008 жылдан осы уақытқа дейін Yessenov University «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор болып қызмет етеді.

Өзінің педагогикалық еңбек жолын ғылыми ізденіспен қатар ұштастыра білген ұстаз 1992-1994 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аспирантурасында ізденуші болып, 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында кандидаттық



диссертациясын қорғаған (ғылыми жетекшілері – профессорлар С.Ордалиев пен Т.Кәкішев).

Тынымсыз еңбектенудің және жоғары ғылыми әлеуетінің арқасында қазақ әдебиеттануына айтулы үлес қосып келе жатқан ғалымның көп жылғы зерттеу қорытындылары да ауыз толтырып айтуға әбден лайық. Санамалап көрейік: 2012 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері», 2015 жылы «Фольклор – источник вдохновения», 2016 жылы «Жемчужина народного наследия», 2022 жылы «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер» атты ғылыми монографияларын жарыққа шығарды. Сонымен қатар 200-ден астам ғылыми мақаласы халықаралық, республикалық басылымдарда, 9 мақаласы халықаралық жоғары импактфакторлы журналдарда (Thomson Reuters және Scopus) жарияланды. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» атты халықаралық ғылыми журналдардың редакциялық алқа мүшесі, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы МОФ-ның басқарма мүшесі.

Профессор Ж. Қобланов – ғылыми еңбектерімен қатар қазақ тілінде тұңғыш рет жазылған бірнеше оқу құралдары мен оқулықтардың да авторы. Атап айтқанда, 2001 жылы «Шығыс әдебиетінің тарихы», 2004 жылы «Шетел әдебиеті тарихы» оқулықтары; 2008 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен кәсіптік білім беретін колледждерге арналған «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы; 2010 жылы республикалық оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы әлі күнге дейін әріптестері мен студенттердің қолынан түскен жоқ.

2011 жылы ғалымның «Шетел әдебиеті тарихы» атты оқулығын ҚР БЖҒ министрлігі жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарына негізгі оқулық ретінде бекіткен. 2012 жылы республикалық оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы; 2012 жылы ҚР БҒМ ұсынысымен жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы (2-басылым); «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» оқу құралы; 2013 жылы «Антикалық әдебиет» және «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиеті тарихы» пәндерінен дайындаған электронды оқулықтары мен «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», «Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтары; 2015 жылы «Шығыс әдебиетінің тарихы», «Антика әдебиеті» (2-басылым), «Шетел әдебиетінің тарихы» (3-басылымы) атты үш томдық оқулығы; 2015 жылы жарық көрген «Антикалық әдебиет» (3-басылым), «Шығыс әдебиетінің тарихы» (2-басылым) атты оқу құралдары; 2020 жылы шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (4-басылымы) үш томдық оқулығы – Жоламан Қоблановтың ғылыми зерттеу мен білім берудегі есепсіз еңбегінің нәтижесі.

Ж. Қобланов 2014 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері болғанда, әбден лайық марапатына қатты қуандық. 2016 жылы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін ҚР ЖОО Қауымдастығының Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалімен, 2019 жылы алтын медалімен наградталды. «ҚР Прокуратурасына

25 жыл» медалімен, 2019 жылы Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл ғалымы» атағымен, әр жылдары университет ректорының алғыс хаттарымен, құрмет грамоталарымен марапатталған.

Үш мүшел уақыт бойы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне және магистранттарына, «Филология» мамандығы студенттеріне үздіксіз сабақ беріп келе жатқан Жоламан ағайымыз жоғары оқу орындары арасында өтетін түрлі шараларға, әсіресе, ғылыми конференциялардың ұйымдастырылуына белсенді атсаласып, магистранттар мен студенттердің ғылыми-ізденіс жұмыстарына және педагогикалық практикаларына тұрақты түрде жетекшілік етіп келеді.

\* \* \*

Биылғы ақпан айында академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Өзбекстан Республикасы Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университетіне және Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтына іссапарға бардым.

Біздің Yessenov University мен Бердақ атындағы қарақалпақ мемлекеттік университеті арасында әріптестік һәм серіктестік қарым-қатынас жыл өткен сайын артып келеді. Осы университеттің профессоры Гүлшат Адилова басқаратын «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында Шырын Смамутова бастаған оқытушы-ғалымдарымен жақын танысып, сұхбаттастық. Студенттермен кездесу өткіздік. Білімгерлерге ынтымақтастық аясында біздің университетімізге келіп оқуына мүмкіндік барын түсіндірдік. Сондай-ақ өзіміздің магистранттарымызды сол жақта тағылымдамадан өткізу туралы мәселелерді талқыладық. Екі жақтағы халықаралық ғылыми конференцияларға белсенді қатысу, ортақ зерттеу жобаларын жүргізу бағытында кеңестік.

Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты да меймандостық көңілмен құшақ жая қарсы алды. Түркі тілдері факультетінің деканы Барлыбай Дәулетов, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі Ырысты Құттымұратова, профессор-оқытушылар Тұрсынай Төрткүлбаева, Ғарипулла Мәмбеткәрімов, Берік Бекниязов, т.б. әріптестеріміздің ыстық ықыласына аса риза болдық. Рухани мәшһура құрдық, жоспар түздік, іскерлік қарым-қатынасты кеңейту жайын кеңестік. Оқу корпусы мен аудиторияларын аралап, студент жастармен, болашақ әріптестерімізбен, іні-қарындастарымызбен кездестік. Өзбекстан мен Қарақалпақстандағы жүздеген қазақ мектептерінің сұранысына сай мамандар дайындап отырған ұстаздар ұстаханасына табыс тіледік. Білгенімізді ортаға салдық, сұрақтарына жауап бердік.

Түбі бір, тарихы мен тағдыры ортақ туысқан көрші халықтардың бір-бірімен араласуға асық болуы – табиғи заңдылық. Осы орайда алыс-беріс пен барыс-келіс жүйелі жолға қойылса, сауда-саттық саласы да, мәдениетаралық коммуникация да, білім-ғылым интеграциясы да дами береріне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Осы сапарымда сол жақта туып-өскен және еңбек еткен ұстаздарым – Рахмет Аяпбергеновтің (марқұм), Жоламан Қоблановтың шәкіртімін деп мақтанышпен айтып, олардың сол жақтағы әріптестерімен және шәкірттерімен тез-ақ тіл табысып кеттік. Жоламан ағайдың кейінгі жылдары жарық көрген оқулықтарын сыйға тарттым, олар қуана қабылдап алды. Сөйтіп, ұстаз абыройы шәкіртіне шарапат болды.

\* \* \*

Оншақты жыл бұрын Жоламан ағайыммен ашылып сөйлестік. Ол маған анда-санда ауызға алып қоятын «ащы судан» бір күнде қалай біржола бас тартқанын баяндап берді. Басынан өткен тылсым оқиғаға таң қалдым. Тындап отырып, ағамыздың құр адам емес екеніне көзім жетті.

Тағы бірде әскерде жүргенде Пір Бекет Атамыздың рухының қолдауын сезініп, қатерлі қауіптен аман қалғанын әңгімеледі. Асықпай отырып ұзақ оқиғаның желісін үзбей айтатын жадкештігі мен әңгімешілдігіне қызығамын.

Жақында түріктің профессор-оқытушылары Орхан Сөйлемез (Кастамону) бен Мұстафа Қайыхан (Анкара) және қазақ ғалымдары Әділет Қабылов пен Жоламан Қобланов төртеуі төрімізді толтырып, шаңырағымызда құтты қонақ болды. Сондағы және одан кейінгі отырыстағы ортақ тақырыптарымыз – шетел әдебиеті, батыс пен шығыс қаламгерлері, түркі әлемінің ұлы тұлғалары туралы болғанда, жан-жақты білім иелері ұстаздарымның қабілетіне қайран қалумен болдым.

Биыл профессор Жоламан Қобланов ағайымыз асқаралы 60 жасқа толып отыр. Оның мерейлі жасын университетіміз ғылымның мерекесі ретінде атап өтуді жоспарлауда. 20 мамыр күні Профессор Ж.Т.Қоблановтың 60 жылдығына арналған «Жаһандық контекстегі мәдениетаралық коммуникация: Тіл, әдебиет және оқыту әдістемесі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырады, «Шетел әдебиетінің тарихы» атты үш томдық кітабының танытымын өткізеді. Сол шараларды ұйымдастыру алқасына еніп, ұстазымыздың мерейтойына қызмет етуімізге мүмкіндік туды.

Парасатты педагог, ғибратты ғалым, тау тұлғалы азамат, үлкен әулеттің тірегі, ардақты әке, абыз ата болып отырған Қобланов Жоламан Таубайұлын мерейлі жасымен құттықтаймын. Деніне саулық, отбасына амандық, бақ-береке, ырыс-несібе тілеймін. Ұжымдастары мен шәкірттерінің ілтипаты уақыт өткен сайын еселеп артып, абыройы асқақтай бергей.

## СІЗДІ ТІЛ ЖАНАШЫРЫ ДЕП ТАНИМЫЗ

*Көлдеубаев Наурызбек Айназарұлы,  
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы МОФ төрағасы, МВА магистранты*

Құрметті Жоламан Таубайұлы!

Асқаралы 60 жасқа толған мерейлі жылыңызда Сіздің құрметіңізге арнап ұйымдастырылған «Жаһандану жағдайындағы заманауи гуманитарлық білімнің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның сәтті өтуімен құттықтаймын!

Біз өзіңізді тіл жанашыры деп танымыз. Оқыған-тоқығаны мол, көп ойлап, дөп сөйлейтін азамат ретінде жақсы білеміз.

Қырық жылға жуық қызметіңізде қаншама талантты жастарды оқытып шығардыңыз. «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Шығыс әдебиетінің тарихы», «Түркі халықтарының әдебиеті» жалпы әлем әдебиетін зерттеуде қолтаңбаңыз айқын.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының өңірдегі жұмысын ілгерілету жолында біраз еңбек еттіңіз.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге тұрақты қолдау көрсетіп келесіз. Қазақ тілінің қоғамдағы және мекемелердегі қолданысын кеңейтуге атсалыстыңыз. Рухани мұрамызды кейінгі ұрпаққа аманаттап жеткізуді мақсат еткен миссияңызды мүмкіндігінше адал атқардыңыз.

Үнемі ғылыми конференциялардың, мәдени-көпшілік іс-шаралардың, қазақ әдебиеті классиктеріне арналған түрлі конкурстардың басы-қасынан табыласыз. Сонымен қатар, әр жылдары жазған тіл жөніндегі мақалаларыңыздың қоғамдық сананы серпілтуге ықпалы айрықша.

Сіздің шетел әдебиетінің тарихы оқулығыңыз қазақ тілінде шыққан алғашқы оқулықтарының бірі болып саналады. Осындай қажырлы қайраткерлігіңіз үшін қоғамымыздың атынан және өз атымнан алғыс айтамын.

Мерейлі жасыңызбен тағы да құттықтап, денеңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Өзіңіз сияқты білікті де белсенді мүшесін мақтан тұтады.

# 1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

---

ӘОЖ 82.09 (574)

## БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАҒБАНЫ

**Әбішева Ш.С.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры м.а. (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы)*

[abisheva\\_sharapat@mail.ru](mailto:abisheva_sharapat@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада ХХ ғасырдың 50-60 жылдарындағы қазақ балалар әдебиетінің даму тенденциялары, тақырыптық-идеялық бағдары, қазақ әдебиетіне, соның ішінде шоқтығы биік балалар әдебиетіне өзіндік үлес қосқан ақын Адырбек Сопыбековтің шығармашылық әлеміне шолу жасалып, қаламгердің ұлттық балалар поэзиясындағы қолтаңбасы айқындалады. Автор А.Сопыбековтің фантастикалық поэмаларына, өлеңдері мен балалар поэзиясының үздік үлгісі саналатын басқа да таңдаулы туындыларына талдау жасап, олардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне, көркемдік қырларына тоқталады. Ұлт тәуелсіздігі тұсындағы балалар поэзиясы – көп зерттеле қоймаған тақырыптардың бірі. Осы бағытта айтарлықтай еңбек еткен ақындардың шығармашылық лабораториясына үңіліп, сол арқылы қазіргі балалар поэзиясының бағытын, беталысын зерделеу, тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін, көркемдік қырлары жайында тұжырымдар жасау ұлттық әдебиеттану ғылымының алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Адырбек Сопыбековтің балаларға арналған туындылары туралы баспасөз беттерінде құнды пайым-пікірлер айтылғанымен, қаламгердің шығармашылық портреті қазақ әдебиеттану ғылымының аясында арнайы қарастырылған емес. Мақала авторы ақынның шығармашылығын кеңінен саралауға тырысып, сол арқылы оның өзіне тән мәнер-машығына, көркем туындыларын балаларға лайықтап жеткізудегі қаламгерлік шеберлігіне, тәлім-тәрбиелік мәніне баға береді. Сондай-ақ, А.Сопыбековтің 1950-60 жылдардағы қазақ балалар әдебиетіне қосқан үлесін бағамдап, оның ақындық шеберлігін зерделейді.

**Кілт сөздер:** балалар әдебиеті, поэзия, поэма, тәрбие, ұлттық құндылықтар, көркемдік ізденістер.

### **Кіріспе**

ХХ ғасырдың 50-60 жылдары ұлттық балалар әдебиеті, әсіресе балалар поэзиясы айтарлықтай қарқынмен дамып, тың ізденістің нәтижесінде жаңа туындылар жарыққа шығып, ұрпақтың танымын, ойы мен санасын

қалыптастыратын көркем шығармалар қазақ поэзиясының дамуын соны бағыттарға бастады. Осы кезеңде ұлттық балалар поэзиясы тақырыптық-идеялық ізденістермен қатар, түр, форма жағынан да түрленіп, бала табиғатына, бала жанына әсер ете алатындай керемет шеберлікпен айшықталып, керегесі кеңейіп, бұғанасы қатая бастаған жылдар болды десек артық айтқандық емес. Сол тұста поэзияның рухымен қанаттанған ақындардың бір шоғыры үлкен еңбек пен ізденістерінің нәтижесінде өздерінің жеке мектептерін қалыптастырып, қазақ балалар әдебиетінен өзіндік орындарын алды. Солардың бірі әдебиеттің эпикалық, лирикалық және драмалық жанрларында қатар қалам тербеген ақын Адырбек Сопыбеков еді.

Ақын А.Сопыбеков шығармашылығы өзіндік мән-мәнімен жыр сүйер көпшілікті балалар әлеміне еріксіз жетелеп отырады. Оның балалар ой-танымының өрісін кеңейтіп, жаңа белеске алып шығуға жасаған еңбегі ерекше.

А.Сопыбековтің көркем туындыларын ересектерге арналған туындылар және балаларға арнап жазған көркем шығармалар деп бөліп қарастыруға болады. Десек те, қаламгердің балаларға арнап жазған шығармалары анағұрлым басым. Ақынның үлкендерге арнап жазған көркем туындылары зерттеу нысанымызға кірмейтін болғандықтан, оның балаларға арнап жазған шығармаларына тоқталамыз.

Балалар әдебиетінің өкілдеріне бала жанын түсіну, тәлім-тәрбиелік маңызының алдыңғы орынға шығуы, бала жүрегіне нәзік жол таба білу сынды күрделі міндеттер жүктеледі. Ал ақын Адырбек Сопыбеков шығармашылық ғұмырында осы жауапкершілікті талап ететін абыройлы міндетті өз деңгейінде көтере білген ақындардың санатында екені даусыз. Оның балаларға арнап жазған туындылары, негізінде, балабақша және бастауыш сынып жасындағы бүлдіршіндерге арналып жазылған. Осы орайда белгілі зерттеуші Б.Ыбырайым: «...біріншіден, балаларға арналған көркем туындыларға қойылатын үлкен талаптар баланың жас шамасына, ой-өрісіне сай болуы, оның жандүниесіне әсер ету арқылы заманның, қоғамның алдыңғы қатарлы азаматы болып қалыптасуына ықпал ету болса, екіншіден, шығарманың тілі де үлкен маңызға ие. Балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын, тілін байытуға жәрдемдесетін бірден бір құрал екенін де ұмытпауымыз керек» [1, 44], – деп айтқандай, мақаламыздың нысаны болып отырған А.Сопыбековтің көркем туындылары бала жасына сай, тілі жатық, оқуға жеңіл, түсінікті. Ақын шығармаларында бала көңілін елең еткізер шағын, қызықты сюжеттер мен тартымды эпизодтарды бала тілімен шебер жеткізе білгендігіне көз жеткіземіз.

### **Материалдар мен әдістер**

50-60 жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму тенденцияларын, тақырыптық-идеялық бағдарын саралап, А.Сопыбековтің шығармашылығының көркемдік-идеялық, поэтикалық ерекшеліктерін зерделеу, ақынның балалар әдебиетіндегі өзіндік қолтаңбасын айқындау мақсатында ғылыми жүйелеу, көркемдік талдау, саралау, салыстыру, сипаттау әдіс-тәсілдері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ұлт пен ұрпақ тәрбиесіне, оның рухани құндылықтарды бойына сіңіре өсіп-жетілуіне барынша назар аударған ата-бабаларымыз келер буынға арнап сан түрлі тақырыпта, түрлі формада ауыз әдебиетінің үлгілерін шығарған. Осы орайда З.Серікқалиев балалар ақындарына, бірінші кезекте, балалар фольклоры шығармаларын үлгі ету керектігін, ұлттық балалар әдебиетінің түп тамыры ерте кездегі халық шығармашылығында жатқандығы жайында айтып өтеді. [2, 77] Әрине, балалар поэзиясының бастаулары сонау балалар фольклорында жатқандығы ұлттық әдебиеттану ғылымында дәлелденген болатын.

Міне, тамырын тереңге жайған аса бай фольклорлық мұралардан бастау алатын балалар поэзиясы жазба әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі ұлы Абайдың ғибрат-өсиетке толы өлеңдерінен нәр алып, ұлт педагогы Ы. Алтынсариннің тағылымды дидактикалық туындылары арқылы қазақ әдебиетінің жеке саласы ретінде қалыптасты десек артық айтқандық емес. Кейін, ХХ ғасырдың басында балалар таным-түсінігіне, ұғымына лайықтап көркем туынды жазудың классикалық үлгілерін С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров т.б. сынды суреткерлер таныта алды. Десек те, бұл саладағы ізденістер кеңестік саясаттың солақай бағыттары нәтижесінде біршама іркіліп қалғаны да жасырын емес. Бұдан біз қазақ балалар әдебиеті біржолата құрдымға кетті деуден аулақпыз. Жоғарыда есімдері аталған қаламгерлердің шығармалары ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыруда маңызы теңдессіз еді. Сонымен қатар, 1920 жылдардың орта тұсында мерзімді басылымдар «Пионер», «Жас қайрат», «Жаңа мектеп» жинақтарының жарыққа шыға бастауы да ұлттық балалар әдебиетіне игі әсерін тигізді. Алайда, қазақ топырағындағы балалар әдебиеті 1930-40-жылдары өз алдына отау құрып, кәсіби салаға айнала қойған жоқ. Оның қалыптасу кезеңі ұзақ уақытқа созылды.

Қазақ балалар әдебиетінің әр түрлі жанрлары жайында С.Қирабаев, Ә.Тәжібаев, Ш.Ахметов, А.Нұрқатов, С.Сейітов, Ә.Дербісәлин, С.Ордалиев, Н.Ғабдуллин, кейін Б.Ысқақов Қ.Мырзалиев, Ә.Табылдиев, З.Серікқалиев, Е.Елубаев, С.Қалиев, Қ.Ергөбек, Б.Сарбалаев, Б.Ыбырайым, Ә.Бөпежанова, Г.Нұғыбаева, К.Матыжанов, т.б. зерттеу еңбектері жарыққа шығып, құнды мақалалары баспасөз беттерінде жарияланды.

Балалар әдебиеті – ұрпақ болашағы десек, аталған әдебиет саласы да қаламгерге үлкен міндет жүктейтіні белгілі. Осы орайда академик С.Қирабаев: «Меніңше, балаларға арналған өлеңдердің тілінің жатық, идеясының анық берілуі өз алдына (бұл бүкіл поэзияға керек қасиет қой), онда гипербола, дыбыс үнділігі, сөзді ойната білу, қызықты ұйқастарды қайталау керек пе деймін» [3,103], – деп балалар әдебиетіндегі туындыларға сындарлы талдаулар жасай отырып, балалар қаламгерлерінен нақтылықты талап етеді. Мәселен, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға арналған әдебиетке қойылатын талаптар жайында: «Балаларға арналған кітаптың ерекшелігі – оның мейлінше қарапайым, нақтылы, әдеби образға лайықты, балаларды көңілдендіретін, қуанышқа бөлейтін, жеңіл оқылатын, оның үстіне

баланың санасын оятарлықтай ойға құрылуы керек. Көркем әдебиеттің басқа саласы сияқты ол да қайнаған өмірден алынып, образды түрде жазылуға тиіс» [3,104], – деп, бала тақырыбына қалам тартқан ақын-жазушылардың көркемдік суреттеушілік құралы үлкендердікінен өзгешерек болуы тиіс дегенді ескертеді.

XX ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап ұлттық балалар әдебиеті жанр, тақырып аясы, көркемдік және мазмұндық тұрғыдан байыды. Әсіресе, мерзімді басылым республикалық журнал «Балдырғанның», «Қазақстан пионерінің» шығуы, басылым беттерінде балаларға арналған туындылардың көптеп жарық көруі, балалар әдебиетінің өсіп-өркендеуіне игі әсерін тигізді. Сол кезеңде журнал бетінен балалар әдебиеті тақырыбына қалам тартатын авторлар көбірек көріне бастады. Елуінші жылдардың бергі жағында М.Әлімбаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Ә.Дүйсенбиев, кейін Ж.Кәрбозин, Ж.Смақов, А.Асылбеков, Р.Қунақова, Е.Елубаев, Ф.Оңғарсынова, С.Әлімқұлов, т.б. көркем туындылары кең тарады. Бұл ақындар творчествосы балалар поэзиясының өзіндік ішкі сырларын терең түсінуімен, өзіндік мәнерімен ерекшеленді. Солардың бірі балалар ақыны Адырбек Сопыбеков болатын.

Ақынның әр жылдары балаларға арналған «Көзілдірік», «Айға сапар», «Шешілген жұмбақ», «Кім қалай ұйықтайды», «Көктем жыры», «Базарлық», «Полет на Луну», «Балауса», «Айналайын», «Күншуақ» т.б. жыр жинақтары жарық көрді. Бір топ өлеңдері «Қазақ балалар поэзиясының антологиясына» (1977), «Антология казахской детской поэзии» (1983) және «Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясына» (1992) енген. Өлеңдері орыс, беларус, өзбек тілдеріне аударылған.

Жарты ғасырға жуық балалар әдебиеті саласында өнімді еңбек етіп, ұлтымыздың мәдени ғұмырнамасында классикалық туындыларымен із қалдырған А.Сопыбеков шығармалары тақырыптық тұрғыдан да, жанрлық тұрғыдан да өте бай. Оның көп сырлы лирикасы балалардың таным көкжиегін кеңейтіп, тілдік тұлғасын қалыптастыруға, эстетикалық талғамын өсіріп, әдептілік қағидаларын бойына сіңіруіне септеседі. Шындығында, балалар әдебиетінің ең басты қызметі де осылар болса керек.

Фольклордың балаларға арналған туындылары жас балалардың өсіп-жетілуіне, ұғымының кеңеюі мен ой-өрісінің өсуіне, олардың өмір тануына, тәрбиесіне игі әсерін тигізіп келе жатқаны ақиқат. Осы тұста А.Сопыбеков фольклорлық үлгідегі шағын жанрларда (мысал өлеңдер, жұмбақ, такпақ, фантастикалық поэма, ертегілер т.б.) батыл қалам тартып, өнімді еңбек етті. Ол туындылар ақынның ғана емес, қазақ балалар поэзиясының табысына айналды.

Мысал – аллегориялық жанр. Онда айтылатын ой ашық берілмей, астармен, меңзеумен беріледі. Көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығармада жануарлар мен құстар әлемі, өсімдіктер дүниесі, тағы басқа мысалдар бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, мысқыл да осы мысал жанрында. Осы орайда сатира



зерттеушісі, белгілі ғалым Т.Қожекеев: «...сатиралық жанрлардың ең көп жазылып жүргені – мысал. Өмірдегі сан түрлі әрекет-құбылыстарды астарлап жеткізу осы мысал жанрында айқын көрініс береді. Мысалдардың бір сыпырасы – балалар поэзиясының еншісінде», – деп пайымдайды. Мәелен, Абай, Ы. Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ғ.Тоқай, С.Дөнентаев, С.Көбеев, т.б. кейінгі балалар ақындарының мысал аудармалары мен төл туынды мысал өлеңдерінен ағартушылықты мақсат тұтқандығын айқын аңғаруға болады.

Балалар танымын кеңейтетін, тәрбиеге үндейтін, жаман әдеттен аулақ болуға шақыратын мысал өлеңдерді балалар ақындарының қай-қайсысының шығармашылығынан кеңінен кездестіреміз. Мәселен, балалар ақыны А.Сопыбеков «Сапар мен парта» атты мысал жанрында жазылған өлеңінде Сапар мен оның отыратын партасы арасындағы әрекетті сөз етеді. Мысал өлең оқушының қоғамдық орында өзін дұрыс ұстауға, тәртіпті болуға, мектеп мүлкін бүлдірмеу керектігіне үндейді:

«Бір күні мен,  
Сыныпқа кіріп ем.  
Сапарға көзін аларта,  
Көтерді басын бір парта.  
Жан-жағына қарап қойып,  
Ернін кезек жалап қойып,  
Сөйлеп кетті асырмастан,  
Болған істі жасырмастан:  
– Есіктен күзде аттап едім,  
Онда өзім аппақ едім.  
Сапар келіп жайғасты,  
Содан бірер ай да асты.  
Кітабын, басқа керектің,  
Кеткеше сақтап беремін.  
Сонда да тыныш қоймады,  
Бетімді сызып ойнады.  
«Сапар» деп жазды өз атын  
Болдым әбден тозатын.  
Айта берсем масқара-ақ  
Дәл желкемнен ұстап ап  
Есіктен төрге сүйретті  
Сүйегімді күйретті  
Сөйлемей парта көп артық  
Қарады көзін алартып,  
– Ммм...  
Үнсіз қалды Сапар да,  
Сол жерде мұрнын бір тартып [4, 111].

Мысалда кейіпкерлерді сөйлестіру – диалог тәсілі жиі қолданылады. Мысалдардағы «диалог сөздер мінездің кәміл көрсеткіші» [5, 86-б.], *болатындығын* жоғарыдағы ақынның мысал өлеңіндегі кейіпкердің ішкі

диалогінен анық аңғарамыз. Сөз қағысудан бұрынғы авторлық баяндау да бала танымына орай ықшам, қызық, тосын. Профессор Қ.Ергөбектің «Көркем шығарманы өмірдің өзі деп қарайтын, солай қабылдайтын бүлдіршіндердің көңіліне қаяу салмау үшін оларға арналған көркем шығармада иненің жасуындай жасандылық болмауы керек. Ең бастысы, бұл жастағы балаларға бағытталған шығарма сезім арқылы көңілге ұялауы шарт» [6, 79] –дегенімен келіспесіңе болмайды.

Жұмбақ – ойын өлеңдерінің ерекше формасы. Ол баланың байқампаздығын, ойлау ассоциациясын дамытып, көркем сөйлеу мәдениетіне баулиды. Көпшілік жұмбақ метафора, теңеуге құрылады. Жұмбақ құрастыру, оны шешу – балада бейнелі ойлау қабілетін қалыптастыру үшін таптырмас жаттығу.

Халқымыздың бай ауыз әдебиеті мен сөйлеу тілінің сан алуан байлығынан сусындаған ақын А.Сопыбековтің айналасы жұп-жұмыр келетін жұмбақтарын кезінде бүгінгі замандастарымыздың бірнеше буыны оқып өсті. Өзі тұрғылас ақындардың арасында жұмбақ жанрының дамуына алғашқылардың бірі болып үлес қосқан қаламгердің жұмбақтарының тақырыбы әр алуан. Онда ой өткірлігі, деректілік пен нақтылық көрініс береді. Ақын жұмбақтарының баяндауы ширақ, жинақы, тілі қарапайым, бояуы қанық болып келеді:

Сен үшін жұмыс істейді,  
Ошақтан ұзақ бармайды.  
Қып-қызыл шоқты тістейді,  
Ауызы күйіп қалмайды  
(қысқаш)

Күн суытып, қар түссе,  
Сырғанасаң батпайсың.  
Жаз кезінде тал түсте,  
Іздесең де таппайсың.  
(мұз)

Қоян құлақ,  
Кенгуру аяқ,  
Арыстан құйрық,  
Жортқандай жүйрік.  
Тышқан дене,  
Бұл немене?  
(қосаяқ)

Дыз-дыз етіп жүрегі,  
Сымнан ұстап жүреді.  
Өзіне адам мінеді,  
Не дейді кім біледі?  
(траллейбус) [4, 72]

Ақынның үлкен бір жинаққа жүк боларлық жұмбақ өлеңдерінің өз дауысы, өз мәнері, өз жаратылысы бар.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде сөз өнерін адам санасының үш негізіне тіреген. Олар – ақыл, қиял, көңіл. Солардың ішіндегі «қиял ісі – меңзеу, яғни ондағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау» екенін қадағалап айтады. Сонымен қатар, «бір нәрсе турасындағы қиялымызды сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі қиялдың қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады». Жазушы қиял көзімен көргенін сөйлейді» [7, 147], – деп дәйектейді. Осы «қиял ісінің» ақыры фантастикаға апарып тіресе керек. Бүгінгі фантастикалық әдебиетіміз – кешегі фольклордың жалғасы. Ертегінің қиял-ғажайып түріне келеді. Академик С. Қирабаев «Балаларға арналған үлкен әдебиет жасайық» деген мақаласында жас ұрпақты білім, өнерге баулуда фантастиканың үлкен үлесі барын айта келе, ондай шығармалардың бізде кейінгі кездері туып жатқанын мәлімдейді. «Фантастикалық әдебиеттің дамуы жайлы тереңірек ойласу керек. Фантастикалық шығармалар балаларды ғажайып оқиғаларға араластыра отырып, қиялын ұштауына себепші болады» [8, 71], – деп, түйіндейді. Ендеше, балалардың қиялын ұштауда фантастика жанрының маңызы зор десек, «Айға сапар» атты ақын А. Сопыбековтың фантастикалық поэмасында Жерден көтерілген кеме бала қиялымен былайша суреттеледі:

«Бұрқырады ақ жалын,  
Кнопкасын басқанда.  
Көрмей қалдым ар жағын,  
Тік атылдық аспанға.  
Аппақ жалын бұрқырап  
Қалып кетіп барады.  
Ал корабль зырқырап  
Алып кетіп барады» [9, 91]

Мұнда поэманың кейіпкері тек иллюминатордан ғана қарап, сонан көргенін жырлап отыр. Шынында да Жерден «өкшесі көтеріліп» ұшып шыққан зымыранның соңында ішіндегі жолаушы үшін солай болып көрінуі әбден мүмкін. Автор «Айға сапар» атты фантастикалық поэмасында баланың ой-санасына саяхат жасайды.

Балалар әдебиетінде бүлдіршіндерді ортақ мүддеге үндеу, Отанға, туған жерге құрмет, ата-анаға, бауырларға деген махаббат, еңбекке баулу, жақсы оқу, мектепті, ұстазды қадірлеу т.б. күн тәртібінен түспейтін тақырып екені ақиқат. Ақын А.Сопыбеков те ата-анаға, бауырға деген құрметін, осы алғаш әріп үйреткен әліппеден табатынын жеткізіп, тілге жеңіл, ойнақы тармақтармен бала бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіреді:

Қолға кітап тигеннен,  
Таудай болып үйге енгем.  
«Анашым» деп жазуды,  
«Әліппеден» үйренгем.

Әріптің біліп қанығын,  
Өмірдің көрдім анығын.  
«Әке» деп те жазуды,  
«Әліппеден» таныдым.

Әскерде жүр өз ағам,  
Арнап жақсы сөз оған.  
«Әліппеден» үйрендім,  
Хатты өзім жаза алам.

Қолымнан мен тастаман,  
Артық көрем басқадан.  
Барар жолды білімге  
«Әліппеден» бастағам [4, 29].

Әдебиеттанушы-ғалым А.Әлтай балаларға арналған поэзиялық шығармаларда табылуға тиіс өлшемдер туралы айта келіп: «Балаларды қызықтыратын поэзия – тілі түсінуге жеңіл, сезімге әсерлі, естуге де, айтуға да ыңғайлы, екпіні әуезді де ырғақты, ондағы көркем бейнелер мен суреттердің бояуы барында қанық, көлемі ықшам, тақырыбы таныс та тосын, кішкентай кейіпкерлерінің мінез-құлық, ішкі болмысы, сыртқы бітімі жағынан өзіне ұқсас үлгіде жазылған көркем шығармалар» [10, 8], – деп балаларға арналған көркем туындылардың бала табиғатына сай болуы бірінші қажеттілік дегенді алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда, А.Сопыбековтің балаларға арналған поэзиялық мұрасының дені аталмыш талап-шарттарға сай деуге толық негіз бар.

### **Қорытынды**

Балалар әдебиетінде бала жүрегіне жол тауып, көркем туындыларында ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, қазақтың төл мәдени-рухани қазынасын жас оқырмандарға танытуда А.Сопыбековтің еңбегі орасан зор. В.Г.Белинский балалар әдебиеті жайында: «Балалар үшін арнайы жазылған кітаптар – тәрбиеге арналған кітаптар» [11, 92], – дегендей, А.Сопыбековтің балаларға арналған ғибратты шығармалары бала танымының кеңеюіне мол мүмкіндік береді. Оның балаларға арналған көркем туындыларында абстрактілі ұғымдарды кейіптеп, жан бітіріп суреттеуі, мысал өлеңдерінде өсімдіктер мен жануарлар әлемін аксиологиялық тұрғыдан танытуы, жұмбақ өлеңдерінің балалардың ой-өрісін ұштауға, логикасын дамытуға септігін тигізетіндігі, фантастикалық туындыларындағы күлкілі, қиялшыл кейіпкерлерді, ондағы қызықты эпизодтарды, сиқырлы шытырман оқиғаларды баланың болмысына, таным-түсінігіне, талғамына, жас ерекшелігіне, психологиясына сай етіп жеткізуі ақынның шеберлігін көрсетеді. Туған жер, ата-ана, ұстаз, табиғат тақырыбындағы әр өлеңге мән үстеп, жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауы да болашақ ұрпаққа берілген тәрбие көзі.

Ақынның балаларға арналған туындылары жай ғана жыр жинақтары

емес, балғындардың қоршаған орта, сыртқы әлеммен қарым-қатынасын, ұлттың болашағын, тұрмыс-тіршілігін, салт-санасы мен жан дүниесін, сенімі мен арманын қамтып суреттейтін тұтас еңбек десек артық айтқандық емес.

А.Сопыбековтің балаларға арналған шығармаларының көркемдік-эстетикалық тұрғыдан ғана емес, тәлім-тәрбиелік, педагогикалық жағынан да аса құнды екеніне көз жеткіздік. Осы орайда ақынның шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан саралап, балалар әдебиетіндегі өзіндік орны мен қаламгерлік қолтаңбасын, ұлттық әдебиеттану ғылымының аясында арнайы зерттеудің маңыздылығы артып отыр.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ыбырайым Б. Көркемдік көкжиегі. – Алматы: Жазушы, 1981. - 264 б.
2. Серікқалиев З. Дүниетану даналығы. – Алматы: Білім, 1994. - 217 б.
3. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. - 288 б.
4. Сопыбеков А. Күншуақ. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 216 б.
5. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва: Худ. литература, 1975. - 500 с.
6. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Астана: Таным, 2003. – 360 б.
7. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
8. Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1971. – 395 б.
9. Сопыбеков А. Полет на Луну. Стихи и фантастическая поэма. – Алматы: Балауса, 1992. – 291 б.
10. Әлтай А.Д. Қазақ балалар поэзиясы: генеология, типология, поэтикалық даму. филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2009.
11. Белинский В.Г. «О детской литературе и детском чтении» – Москва: Юрайт, 2020. с 199.

## ІЛИЯС – ҚАЗАҚТЫҢ ӘН, КҮЙ ӨНЕРІН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

**Каримсакова Б.А.,**

*филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры м.а. (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы)*

[baktigul.karimsakova@yu.edu.kz](mailto:baktigul.karimsakova@yu.edu.kz)

**Аңдатпа.** Мақалада Ілиястың қазақтың күйлерін жинау, әндерін сақтау, өнерін бағалау, жаңа театрларының жұмысын жандандыру мен артистерінің қабілетін лайықты бағалау турасындағы жазған өзекті мақалалары күні бүгін де шұрайлы тілімен де, тура айтқан соны ойларымен де бағасын жойған жоқ.

Сонымен қатар қазақ шежіресі, ел, жер тарихы, құнарлы тілі, дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, бай ауыз әдебиетінің інжу-маржандары сынды бір ұлттың бар байлығын барынша нар бойына сіңірген, тума дарын мен сұңғыла білім иесінің, кемел таланттың өзін қоршаған ортадағы түрлі жайттарға қарата айтқан парасатты ойлары, тегеурінді пікірлері, көркем бейнелі очерктері мен ақынның азаматтық тұлғасын айқындайтын сан-салалы мақалаларына талдау жасалды.

**Кілт сөздер:** ақын, әнші, өлең мен күй, мақала, қазақ әндерінің табиғаты, өнер.

Әдебиет әлемінде өз халқының ұлттық қазынасына құнды мұралар қалдырған ұлылардың бірі – І. Жансүгіров. Ұрпақ үшін оның парасат әлемі, білгір суреткерлігі, зор адамгершілік үлгісі – өшпейтін өнеге мектебі. Ұлылар бойындағы ортақ қасиет көп қырлылық болса, бұл ерекшелік Ілияс талантына тән. Ол әрі лирик, әрі эпик, әрі драматург, әрі сатирик. Яғни, ол өз шығармашылығында әдебиеттің барлық жанрында да бірдей жемісті еңбек етті.

Қай халықтың болсын ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын өзіне тән белгі – бедерлері бар. Соның ішінде, құлақтан кіріп бойды алған, көңілді билеп ойды алған сұлу саз өнерінің төресі – күйдің құндылығы бір бөлек. Күй – қай заманда болсын ұлттық рухымыздың күре тамырына айналды. Сонау көне дәуірде тілмен жеткізе алмағанды күймен жеткізген талай саңлақ күйшілер болған. Ол туралы аңыздар да жеткілікті.

Киелі Жетісу өңірінен шыққан, жастайынан ән мен жырға әуес болған Ілияс Жансүгіров мұрасы иісі қазаққа аян. Өлең мен күйдің небір асыл нұсқаларын кейінгі ұрпақтың жүрегіне ұялатқан ақын. Ақынның шығармаларының көпшілігі өнер мен өнерпаз тақырыбына арналған. Өнердің адам өміріндегі құдіреті жайлы жырлағаны да тектен тек емес болар.

Ілияс – қазақтың ән, музыка өнерін аса асқақтата жырлаған ақын. Ілиястың қазақтың күйлерін жинау, әндерін сақтау, өнерін бағалау турасындағы жазған өзекті мақалалары күні бүгін де шұрайлы тілімен де, тура айтқан соны ойларымен де бағасын жойған жоқ.

Ілияс Жансүгірұлының 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Қазақ күйлері жиналсын», осы газетте 1931 жылы жарық көрген «Ән, әншілер жайында» деген көлемді мақалаласы, поэзияда «Күй» (1929ж.), «Күйші» (1935 ж.), «Құлагер» (1936 ж.), «Көбік шашқан» (1937 ж.) сынды поэтикалық пафосы биік өнер тақырыбындағы шығармаларды дүниеге әкелген ақынның музыка тілін, ұлттың өнерін, қазақтың қанымен келген асыл мұрасын терең білгендігі, терең түсінгендігі анық. Бұл шығармалар Ілиястың қазақтың музыкалық мұрасын сақтап қалуға және оны келешек ұрпаққа жеткізуге үлкен үлес қосқанын дәлелдейді. Оның еңбектері қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеушілер үшін маңызды дереккөз болып табылады.

Жетісудың тумасы Ілияс Жансүгірұлы әдебиет әлемінде өзіндік орны бар қаламгер. Ол өз халқының ән өнерін, сөз өнерін сүйіп, жан-тәнімен зерттеген. Ақын әдебиеттің барлық жанрында өзінің қабілетін көрсете білген. Ол – тамаша ақын, шебер жыршы, ұлы прозаик және драматург.

Қазақ халқы – ақын халық ғой, оның дәлелі: «Түйеге мінгеннің төрт ауыз сөзі, атқа мінгеннің алты ауыз өлеңі бар», – демекші халқымыздың салтынан байқауымызға болады. Кез-келген жастағы үлкен-кіші демей-ақ, олардың жасына, жынысына қарамай-ақ ауылдың алты аузынан бастап, қонақ кәде, жар-жар, бет ашар, той бастарды қасиетті қара домбыраға қосылып әуелетіп, термелей жөнелетін қазағымның өнерінің өзі - шоқтығы биік. Ақын - жыршыларымыз таң бозарып атқанша елін қорғаған батырлар жайында, әділ хандар жайында, төресін айтқан билер жөнінде және мың бір түнге ұласқан махаббат хикаясын шертіп, хисса – дастандарды толғаған. Міне, осылардың бәрін ақын жастайынан естіп, тыңдап көңіліне тоқи берген.

Халықтың поэтикалық және музыкалық мәдениеті байырғы елдегі құндылықтарды сақтаушылары мен таратушыларын бірнеше түрге бөліп, олардың айырмашылықтары мен ортақ белгілерін шеберлікпен ажыратады. Атап айтсақ, ақын-импровизатор, жырау, жыршы, әнші-ақындар және өлеңшілер деген ұғым-түсініктердің табиғатын шығу төркінінен мағынасын терең ашып, талдап береді. Ақындық мектеп пен дәстүрге ақындық қасиет қабілеттің қону, даму, өрістің, кемелдің жолдарына шығармашылық құпияларына тоқталады. Дәл осы орайда күдіретті ақынның романдары мен пьесалары, фельетондары жайлы тоқталмай-ақ, қазақтың ән-жырларын, күйлерін қалай жинақтап, театр жұмысын қалай жандандыру керек сияқты мақалалардың өзі қазіргі ұрпаққа таптырмайтын мұра десек те болады.

Ақынның «Қазақ күйлері жиналсын» [1,27] деген мақаласында қазақ музыка қорының алғашқы қарлығашындай сол жылдары жарық көрген Затаевичтің «1000 әнін» қуана қолдаған Ілияс, барша жұртқа осы кітапты үлгі ете отырып, тез арада қазақтың бар күйлерін жинауға, Затаевич сынды мамандарды пайдаланып қалуға шақырады. «Қазақта күй көп» – деп

мамыражай жүре бермей, барды қастерлеп, сақтап қалуға шақырды. Жаңа заман ағымымен, ойын-сауықтан гөрі елдің жан бағу жайымен шаруадарлыққа ойысып бара жатқанын ерте түсінген Ілияс, қазақта әрбір рудың, әрбір жер мөлшеріне сәйкес елдің өзіндік күйі, ол күйдің өзіндік мазмұны мен мәнері бар екендігін айта отырып «бүкіл қазақ күй мұрасы атаусыз, атқарусыз жатқан мол қазына, қалай да қазақ күйлерін жинау керек» [1,318] – деп бебеу қағады.

Мақалада: «Елдегі ескі күйші шалдар өлген сайын күйлеріміз көрге көмілуде. Біздің елде ертеректе Тойтан деген бір шал қырық күй тартады екен. Ол күйлердің бұл күнде біреуін де ешкім білмейді, тек күй аттарын айтып аңыз қылысады. Сүйтіп Тойтан өлімі қырық күйді ала кетіп отыр. Жалғыз Тойтан емес, толып жатқан домбырашылар, күйшілер күйімен бірге зым-зия жоғалып жатыр. Елден жастан домбыра шығу, жаңадан күй шығу өте сирек» [1,319-б.] – дей отырып, жер жерден күйлер мен күйшілердің аты жөндерін жазып алып, бір арнаға тоғыстыруды жөн көрді. Осы істің бас аяғында жүрген Ілияс Жетісудың Талдықорған уезіндегі Ақсу болысындағы домбырашылардың күйлері мен Қарқаралық арғын руынан шыққан домбырашы бала Манарбектің білетін отыз күйін хатқа түсіріп, өзінің ізденісі арқылы 68 күйдің атын тізбектеп тізіп жазған екен. Оның ішінде Нұрсипа, Егеубай, Молықбай т.б. тартатын күйлері мыналар деп «Ақ көбек», «Қара көбек», «Қазан қаласын шапқандағы күй», «Мәдіген Шара», «Барақ», «Ала байрақ», «Қара жорға», «Шыңырау», «Тепеңкөк», «Күдіреттің құсы», «Дүлдүлдің жүрісі», «Абай қоңыр» және бұдан басқа да көптеген күйлерді тізген. Мұның сыртында басқа да күйшілердің есімдерін атап, олардың қандай күйлерді орындайтынын да жазып берген [2, 323-б].

Ақынның «Ән, әншілер жайында» мақаласында қазақ әні мен әншілер жайында мағлұмат берген: «Біздің ән-күй – тың, жанды нәрсе. Бұл туралы шөптің басын сындырған кісі бола алмай келеді. Ән туу үшін алдымен әнші туады. Әнді шығарушыны әнді тындаушы тудырады. Тындаушы дегеніміз әр дәуірдегі ел, ұлт, соның ішін ара табы, тобы болады. Ел музыкасының түрі көп болады. Мұны қамсыз жіктеу, қатыссыз тәптіштеу де қиын. Сүйтсе де долбармен басты үш салаға бөлуге болады. Онда мұның бірі – ой музыкасы болмақ.

Біздің осы күнгі ел әндеріміздің көбі-ақ ой музыкасына жатуы керек. Мұнда ән не зар, не қуаныш сарынды болып, ырғағымен, толқынымен, тыңдаған құлаққа ой салады. «Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең, менше сүй...» – деген Абай осы ой салатын музыканы айтқан.

Қазақ әншілері туралы былай делінген: «Ән шығарушы талант сирек болар дегенді айттық. Ондай ән шығарушы композитордың өздері өз дәуіріндегі таптың, топтың жемісі екендігін ескерттік. Олай болса, қазақ әншілері де дәуіріне, өзінің әлеумет-қоғам тілегіне қарай түрлі-түрлі болмақ керек. Әндерінде әлеумет басындағы заманының сарындары бір-бірінен айырылмақ керек. Мәселен, Бұқар жырау әнін толғау ырғағына, жұмбақтауға, қара бұқараға түсініксіз ханға, биге, батырға арналған түйткілдеу сұрау тастау



ырғағына салса, Асан Қайғы ашықтан ашық зарлау, қоныс іздеу, дағдару, безілдеу сарынымен кетсе, қу тілді ақын Құлдың (кісі аты) әні моқалдау, ақырын ыбыр, шымшымалау келеді. Біздің бізге жақын замандарда атын естіген әншілеріміз: Біржан, Ақан, Әсет, Мұхит, Шолақ, Жарылғапберлі, Ғазиз, Ыбырай, Жаяу Мұсалар болса, осылардың әндері деген әннің өзі де бір-бірінен бөлек-бөлек жатады» [1. 220-224].

Ақын бұл мақаласында қазақ әндерінің табиғаты жайлы ой қозғаған болатын. Ән – қазақ халқының көшпелі өмірінде де, тыныс тіршілігінде де үндесіп жатады. Қазақтың тұрмысындағы күйбің тіршіліктің көрінісі жаңа әндердің тууына септігін тигізеді. Кең жайылымда, әсем табиғат аясында халықтың төрт түлікпен бірге өріп, бірге жусаған әндерінің ырғағы, сарыны өзгеше екендігін жырларынан тануға болады. Бұны Ілияс: «Қазақтың әндерінде кең даланың, ертеңгі-кешті, ұзақ күннің, күзеткен сары таңның, шусыз тыныш табиғаттың, баяу, жуас айналаның, жалқаулықтың, сылбыр өнімсіз еңбектің, ұзын сонарлы күштің сарыны басым болатындығы – сол қазақтың қоныс, шаруа, әлеумет жағдайларынан болу керек» [1, 225], – деп түсіндіреді. Ілияс қазақ әндерінің көпшілігі мұңмен сарындас, күйінді, зарлы келеді, мұның себебі, табиғатпен тағдырлас елдің жұт, боран, қасқыр, ауру сықылды алғалы тұрған табиғат жаулары алдындағы тәуелділіктен туса керек деген ой айтады. Оның үстіне «бір-бірімен шабысқан қазақ, жауынгершілік заманы, аздың әлсіздігі, әлсіздің қорғансыздығы, әдеттің күштілігі, әйелдің теңсіздігі, жүрек демінің іштен, тыстан еріксіздігі, еңбекке қырсыздығы – осының бәрі азап, бәрі мұң емес пе еді? Ендеше тіршілік сарыны – әндегі сарын мұң басым болмай не болатын еді?» [1, 229] – деген тұжымды ойларды келтіреді. Ия, әннің сазынан, толғанысынан тіршілік әлеміндегі болып жатқан құбылыс дүниесінің сырын тануымызға да ой салары анық.

Ақын қазақтың әр өңірінің айтылу түрінің сырын сипаттап береді: «Онан соң қазақ әндерінің сарынына қоныстың көп әсері бар сияқты. Арқаның әні аспанға өрлеп басталып созылып, неше қайырып, толқып-толқып тоқталатыны – Арқаның жеріндей айдала, құба-құба жон. Қырқа-қырқалатып барып тастағаны сықылды. Онан соң қоныстың әндегі әсерін осылай деуімізге және бір дәлел – құзды, шыңды қоныстаған тау елдерінде ән Арқадағыдай аяғын көсіле салмайды. Бір қайырымы келтелеу, шоқ етпе келеді, үйткені шыңда, биік тауларда дауыс көсіле алмайды. Аузыңнан шықса алдындағы дауысты құз, бет қайта ауызыңа тығады. Жаңғырығады. Мұны көшпелі тұрмыста қазақ пен ағайындас қырғыз әндері дәлелдейді. Кавказ және басқа тау мекендеген елдер де ән құлашын жайып, даладағыдай дауысын жаза алмайды. Сондықтан Қазақстанның әр жеріндегі елдер бір тұқымдас, бір шаруалас болғанмен, әннің сарынында және өзгешеліктер болатыны қоныстың әсері, мекен еткен жердің басқан мөрі болуы керек. Әр жердің әні әртүрлі. Қарқаралы, Баян, Көкшетау, Ертіс бойы әнді асқақтатып шырқап салса, Орал, Бөкей жағы қоңыр жыраулатып, құба жондатып ыңыранып келеді. Жетісу жеңіл желпілете аяң жорғалау келсе, Сырдария мыңқылдайды, бірақ бұл біздің өз болжауымыз. Тексеруді тілейтін пікір» [1. 330].

Қазақ музыка өнерінің шын жанашыры бола білген Ілиястың әндер, әншілер туралы бұл мақаласының да қазақ әдебиеті мен қазақ өнері тарихынан алатын орны ерекше екендігі анық. Ақынның жан әлемінен «Әнші», «Күй», «Күйші», «Құлагер» сынды бірегей өнер тақырыбына арналған туындылар дүниеге келген. Ақан сері – жастық дәуренінде сауық-сайран, ойын тамашаның бел ортасында өткізген. Ақындық пен серілік, сазгершілік пен әншілік бір бойында тоғысқан Ақан – өнердің кені еді. Ақанның әні ел арасына тез тарады. Ақан сері жеке дара, салт жүріп, серілік, саяткершілік құрмаған. Оның қасында қашанда талантты құрмет тұтып, қолдап отыратын небір өнерлі, балуан, ақын жора-жолдастары болған. Ол суырып салма ақындығымен қоса қызыл тілдің шешені, әрі әнші-сазгерлігімен де ел құрметіне бөленген. Ол әділдіктің ақ жолын аттап, елге тізесін батырған талайларды тәубесіне келтіреді. Тіпті турасын айтамын деп туғанына жақпаған кездері көп. Ақан серінің өзге ақындардан өзгешелігі – табиғатпен тұтастығында. Ақандай талант иесі тым сирек. Оның ел аузынан түспейтін тамаша туындылары «Құлагер», «Маңмаңгер», «Көкжендет», «Қараторғай», «Екі жирен» атты ән-өлеңдері қазақ халқының қастерлі мұрасына айналды. Ақан сері өз заманындағы атақты ақын, әнші серілердің бәрімен жолдас, сыйлас болған. Атақты Біржан салды өзіне ұстаз санайды, бірге жүріп ән үйренеді.

Ілиястың өнер тақырыбына арналған «Күйші» поэмасында он саусағынан өнер тамған саңлақ күйші мен қазақтың күй өнерінің құдіретін жыр өрнегімен асқан ақындық шеберлікпен суреттеген. Поэмада ақын халқымыздың күй өнері жайлы, сол күйді орындаушы тарланбоз күйші жайлы сыр шертеді. Күйші Кене ханның ақ ордасында дүйім жұрт алдында «домбыраны дірілдетіп», жиылған қауымды тамсандыра өнер көрсетеді, күйге де, өзіне де таңдай қақтыра сүйсіндіреді. Сол күйлердің құдіретіне «қырдағы қоян, құлан құлақ тігіп, қамыстан жолбарыс та ыңыранды», «табиғат та тыптыныш бола қалды» деп өрнектейді. Алуан үнде сөйлеген күйге айналадағы бар жан құлақ түре сүйсінді. Күйші жігіттің күйі қолында ақ найзасы жарқылдаған, қол бастаған қас батыр Кене ханды да күй бей-жай қалдырмайды. Күйге, күйшіге де елти құлаған Кене ханның қарындасы Қарашаш. Ол – ағасының оң қолы, ақылшысы әрі ерке, өңіне ақылы сай, паң да өжет боп өскен ханзада. Жыршы Қарашаштың бойындағы қасиеттерді былайша суреттейді:

Қарашаш – ақылы дария, алтын басы,  
Әйелдің ақсұңқары, ханзадасы.  
Өз басын мың қараға теңгермейтін,  
Кененің кеңесінің ақылдысы.

Поэманың соңында күйші тоқсан күйді қайта тамылжытып, сорғалатып, қыз көңілін аулап, енді еліне, үйіне қайтқысы келген арманын күй арқылы ханшаға білдіреді. Ханша күйшінің тілегін орындамақ болады, сонда өнерлі де келісті, келбетті жігітті әлі де болса кідірте тұрмақты ойлайды. Күйші күй арқылы ханша көңіліне ізгілік нұрын сеуіп, рақымын түсіріп, еліне қайтсам ба

деген тілегін жеткізеді. «Күйші» поэмасы – өлімді, зұлымдықты жеңген өнер күдіреті туралы күрделі шығарма.

Ілиястың «Күйші» поэмасында ақындық биігінен көрінген. Дастанда кейіпкердің сыртқы келбет-пішінін, мінез-қылықтарын бейнелеудегі ақынның зергерлігі, мүсіншілдігі сүйсіндіреді. Он саусағынан өнер тамған жігіттің өнер өрісінің асқар шыңына биіктегенін ақын былайша суреттейді:

Мұз еріп, қатты аяздың кәрі қайтып,  
Қас батыр көңілі жұмсап, зәрі қайтып,  
Майырылып ақ семсері қалайы боп,  
Қажытты мұз балақты күй мұнайтып.  
Құлпырып бәйшешектей кетті шалқып,  
Аққудай көкте күйлеп, көлде толқып.

Күйші жігіт күй тартқанда, бәйге атындай көсіле тартады, күй суреттері өрлеп, қияға шырқай береді, бір сөз бір сөзден, бір ой бір ойдан, бір шумақ бір шумақтан асып түсіп отырады, ол күймен бірге жарысқандай. Поэмада өнер, күй күдіреті осылайша өрнек табады.

І. Жансүгірұлының «Күй» поэмасын 1929 жылы жазды. Бұл – ақынның өнер тақырыбындағы алғашқы поэмасы. Өнер, өнер адамының жан дүниесі мен табиғатын, тарихтағы, қоғамдағы ролін тани біліп, терең көрегендікпен түсініп:

Қобызшы Молықбай шал Матайдағы,  
Матайда-Кенже, Тұңғат Сақайдағы.  
Қазақта қобызшының қалғаны сол,

Жорға еді маймаңдаған бақайшағы, – деп басталатын «Күй» поэмасын алсақ та, ақынның «Күйші» поэмасындағы сол тарлан таланттың тамаша дүниелерінің тыңдаушы құлаққа әсерін, тоқсан ауыз сөзбен жеткізуге қиналатын қасиетін табиғаттың тілсіз үн, ойшыл әуенімен жеткізе білген тыңдаушыға әсерін табиғатпен тілдестіріп:

Қалмақтың қақты қара жорғасына,  
Айналды ақ алмастар қорғасынға.  
Мәжіліс міне осындай болып жатты,  
Бір кеште хан Кененің ордасында, – деп тамаша суреттейді.

Күй мен күйші қадірін білген ақын қазақтың құдыретті күйі мен тарлан күйшілерін, олардың асыл бағасын ерте түсініп, ол мұраның бүгіні мен ертеңі үшін аянбай еңбек етті. Ел өнерінің каусар бұлақтарының бірі – қазақ күйлері, күй өнері халқымыздың мәдениетіне қызыл тілден кейінгі алдыңғы орынды алса керек-ті. Тіпті, тілмен жеткізе алмаған сәтті күймен жеткізген сәттер тарихымызда аз ба? Қасиетті домбыра мен қоңыр қобыз үні - халық үні емес пе еді? Қара қазақтың мұңдасы да, сырласы да күйі емес пе еді? Күйді ұмыту – күйді түсінбеуге, күйді түсінбеу – ата-дәстүр, салт-санадан қол үзіп, кей ұрпақтың мәңгүрттенуіне әкелмей ме сынды ақынның жан айқайы мақалаларынан көрініс тапты.

Б. Кенжебаев «Ақын Ілияс» естелігінде былай дейді: «Ілиястың дене құрылысы мен бет әлпетіне сай келмейтін бір жері – үні, даусы болатын. Өзі

ұзын бойлы, алып денелі, жазық бетті, үлкен қыр мұрынды бола тұрып, оның үні, даусы жіңішке болатын. Қатты, қызуланып сөйлегенде оның үні кейде шіңкілденкіреп шығатын еді. Бірақ, Ілияс әнші еді. Ол ән салғанда оның даусына ерекше бір қасиет пайда болатын: ол әрі сылдырлы, әрі созылымды, өте таза, сонысымен құлаққа жағымды болып шығатын, жазғы қоңыр желдей есетін, қоңыраудай, таудан аққан тас бұлақтың суындай сылдырайтын» [5,8б.] деп баға берген болатын.

Ал Ғ. Ормановтың «Жұлдыз» журналында жазған естелігінде: «Ілиястың сарқылмас өлең жырларымен бірге әсем әні шебер қалжыңдары болды. Желдіқара Арқарлы адырлары мен Іле құмындағы елдерге қонып, Алматы аяғындағы Жәлік ауылдарына түнесек те Ілияс ең түрлі қисса дастандар мен қызықты әңгімелерге жұртты қарық қылды да отырды. Ілиястың білгенін сол кезде тіпті, өзі тұрғы, оқыған адамдардың біле қоюы неғайбыл...» [2].

Ия, Ілияс жастайынан халқымыздың өмірін, күнделікті тұрмысын, салтын жетік білді. Оның өнерін үйреніп өмірінің рухани азығына ақындық шабытының қайнар көзіне айналдырды. Ақындық таланты мен музыкалық қабілетін шебер ұштастырып, шығармашылық биікке көтере білді.

Қазақ музыка өнерінің шын жанашыры бола білген Ілиястың музыка мәдениеті мен өнері тарихында алатын орны ерекше екендігі анық. Ақынның көптеген шығармалары – әнді, күйді, өнерді дәріптеген туындылар. Ол осы шығармаларымен келешек ұрпаққа «Өнер – адамның асыл мұрасы», – деген ойын жеткізеді. Өзінің өнерге деген құрметін, сый сияпатын, үлкен махаббатын, өнердің әсерінен бойын жайлаған керемет сезімдерін өзінің өшпес ақындық өнерімен жеткізе білді. Адамдарды ерекшелендіретін, сақтап, қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа берілетін, ешбір бағасы жоқ, уақытқа, жауға бағынбас асыл мұра – өнер екенін тағы да дәлелдеді. Ілияс – халық жүрегіне мәңгі ұялаған, өнерді дәріптеген ақын болып қала бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жансүгіров І. Бесінші том. – Алматы: Жазушы.1988.- 368б
2. Жансүгіров І. Жетісу суреттері / Бес томдық шығармалар жинағы 1 том Алматы: Жазушы, 1978
3. Иманғазин М. Абзал асыл мұрасы. / Талдықорған, 1992
4. Қайратбаев Қ. Хантәңірі мұзбалағы. Жетісу газеті. Талдықорған 7 ақпан, 2004
5. Кенжебаев Б. Ақын Ілияс. Кітапта: Аңызға бергісіз ғұмыр. //Құрастырушы Ш.Кыяхметова. Талдықорған, 2008
6. Әділбекова Л.М. Ілияс Жансүгіровтің публицистикалық мұрасы. // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Вестник №3 (51), 2014.

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒА

**Исакова А.С.,**

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг  
университеті*

[assylymay.issakova@yu.edu.kz](mailto:assylymay.issakova@yu.edu.kz)

**Саткенова Ж.Б.,**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

[zhanar\\_03@mail.ru](mailto:zhanar_03@mail.ru)

**Аңдатпа.** Сөз мәдениеті арналарының ішінде тіл байлығынсыз филолог студент еңбегі жемісті болмайды. Тіл байлығы тек оқытушы мен филолог студенттерге ғана қойылар талап болып көрінуі мүмкін. Оқытушы айтарын сөз байлығы арқылы, әсерлі, орамды тілмен жеткізсе, студент жүрегіне жол табары анық. Яғни сөз байлығы деген сапаның функционалдық стильдердегі көрінісі әр түрлі бола тұра, қоғам мүшелеріне қойылар талабы бірдей, себебі тіл байлығы сөз мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі.

Сөз мәдениетінің байып, әрленіп отыратын, негізгі арналарының бірі – жалпыхалықтық тіл.

**Кілт сөздер:** сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, студенттің тілдік тұлғасы, тілдік тұлға қалыптастыру.

**Кіріспе.** Қарым-қатынас – өзге адамды есту мен тыңдай білуден, өзге адамның мүмкіндігін бағалаудан тұратын күрделі кұбылыс. Кең мағынада айтқанда сөз мәдениеті аспектілері этикет, күнделікті өмір сүру мәдениеті, жеке уақытын үнемдеу, гигиена, эстетикалық талғам мен еңбек ету мәдениеті болып табылады.

Сөз қарым-қатынастың өте маңызды әрі мәнерлі әдісі. Сөз мәдениетінің жоғарылығы ойлау мәдениеті жоғарылығының айғағы, немесе сөздің шолақ, сөздік қорың аз болса, ойың сайрап тұрғанмен өзгеге жеткізе алмайсың. Сөз мәдениеті – ойды нақты әрі мәнерлі жеткізудің тендесі жоқ құралы.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Зерттеудің материалы терінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері алынды.

**Зерттеу нәтижелері.** Сөз мәдениетінің жалпыға ортақ қасиеті – оның тұтастығы, бірлігі. Бұл ғасырлармен өлшенетін ұзақ уақыт нәтижесі. Ал оны елемей, әр кім өз аулына тарта сөйлесе, сөз мәдениетінің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келері айқын. Тіл тазалығы дегенде әр тілдің бірлігі мен тұтастығы үшін күрес туралы сөз болады. Бірақ диалектілердің сөз мәдениетіне қатынасының екінші жағын, аса мәнді жағын ескермеу сөз мәдениетін нәрлендіретін, байытатын арналы бұлақтың көзіне тосқауыл жасау болып шығады. Тілден заңды түрде орын алуға тиіс ұғымдар,

зат пен құбылыс атаулары, сөз мәден иетінің керегіне жарап, мұқтажын өтеуі мүмкін.

«Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. рухани өмір жиынтығы болса, *сөз мәдениеті* дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылысты ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы [1, 78 б.].

Сөз мәдениеті жөнінде көп жазып жүрген көрнекті ғалымдарымыздың бірі Р.Сыздық: «*сөз мәдениеті* дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлетіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» [2, 92 б.].

Сөз мәдениетінің құнсыздануын қалай жоямыз деген сұрақ қоғамның рухани мәселесі, адамдардың сөз мәдениеті, олардың қарым-қатынас жасау мәдениетімен тығыз байланысты. Академик И.П. Павловтың пайымдауынша, бос сөз бен шын өмірді сабақтастыра білу ақылдың жоғары сатысына ғана тән дей келе: «Мысль... не идет за кулисы слова, не любит смотреть на подлинную действительность. Мы занимаемся коллекционированием слов, а не изучением жизни» [3, 34 б.].

Сөз қаншалықты қарапайым болса, соншалықты түсінікті болады, логикаға дұрыс құрылған сөз тіркестері фразаға күш пен сенімділік береді. Сөз қолданудағы дәлдікті қазақ мақалы «тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп дұрыс айтқан. Филолог студент тілінің дәлдігі әрқашан тілдің ең маңызды сапасының бірі деп есептелінеді.

Біздің тіліміз біздің өмір сүру тәртібіміздің басты бөлігі. Адамның сөзі оның ой-өрісінің айғағы. Біздің сөзіміз іс-әрекетіміздің бөлігі ғана емес, біздің жан дүниеміздің, мүмкіншіліктеріміздің жиынтығы.

Герменевтиктер (мәтін талдау өнері), сөйлеуді адам өмір сүруінің тәсілі ретінде қарастыра келіп, адам сөзбен, басқаша айтқанда, сөзде өмір сүреді дейді. Сөздің құдіреті күшті. Сөзбен адамды адам қуанта да, жылатып та, жұбата да алады. Сөздің әсері болу деген сөз айтқанына ілесіп, сеніміңді соған арнап, жан-дүниенді билеп, оны толық түсіну әсері сөзден соң өзінді-өзің танысың, басқаны білесің, сөздің мәнін, мағынасын, айтар астарын ұғасың.

Тілдің құдіреті туралы біздің заманымызға дейін VI ғасырда өмір сүрген көне грек мысалшысы Эзоптың айтқаны еске түседі. Бірде философ Ксанф өзінің құлы Эзопқа қонақтарына бірінші күні ең жаман тағам, екінші күні ең жақсы тағам дайындауды тапсырады. Эзоп бірінші күні таңертең, түскі және кешкі асқа да тіл пісіріпті. – Неліктен сен тек тіл пісірдің? – деген сұраққа Эзоп: – Маған ең жаман тағам дайындау тапсырылды. Тілден жаман не бар? Тіл болғандықтан біз бір-бірімізді ренжітеміз, ұрысамыз, өтірік айтамыз. Тіл адамды жау етеді, қала ғана емес бүтін бір мемлекет тілдің кесірінен қирап жатады. Ол біздің өмірімізге жамандық пен қайғы әкеледі. Екінші күні Эзоп тағы да тілді әкеледі. Қожасы мен қонақтар таң қалыпты. – Маған ең жақсы

тағам дайындау тапсырылды, – деп түсіндіре келіп Эзоп: – Философ үшін тілден жақсы не бар! Тіл арқылы ғылым зерттеліп, білім алынады, тіл арқылы біз түсінісеміз, түрлі сұрақтарды шешеміз, сұраймыз, сәлемдесеміз, сезімімізді білдіреміз, бір-бірімізді қанағаттандырамыз. Меніңше, тілден жақсы нәрсе жоқ.

Тілдің барлық базалық қызметі – қарым-қатынас, таным мен әсер етуі жоғарыдағы мысалда көрініс тапқан. Ондағы ойдың қарама-қарсылығы тіл мүмкіндігінің әсерін күшейте түсіп, жақсы не жаман тіл болмайды, «адамзатта тілден жақсы еш нәрсе жоқ» деген идеяны насихаттайды. Басқа сөзбен айтқанда, тіл әрқашан жақсы, тек тұлғаның сөйлеу мәнері жаман болуы мүмкін. Кез келген тіл – халық еңбегінің жүйелі әрі құнды жемісі. Сол сөйлеу тілі арқылы адам қоғам тәжірибесімен танысады, қоршаған орта шындығына көз жеткізеді, өзін көпшілік арасында ұстаудың ұтымды немесе ерсі нормаларымен танысады. Осыдан шығатын нәтиже, тіл филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыруда, өзін ұстау мен мәдениетті болуға тәрбиелеуде қалыс қалмайды. Қоғамдық ортада индивидтің тілге тиек болуы, оның ана тілін қалай меңгергендігіне байланысты болмақ. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру тек оның сауатты жазуымен шектелген қазіргі тілдік қоғам өмірі сөз шеберлігінен, тілдік құндылықтарға мұқтаж болып отыр. Тілдік тұлға психолингвистикада сөз әрекетін ұйымдастыратын механизм ретінде қарастырылады. Сөз филолог студент өміріндегі маңызды мәселе. Неге десеңіз, филолог студенттер өз болмысын тілі арқылы, яғни ойы, танымы, қарым-қатынасы, түсіндіруі мен дәлелдеуімен белгілейді. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын сөз еткенде «тілдік тұлға», «тілдік мүмкіндіктер», «тілдік сана», «тілдік ойлау» түсініктеріне соқпай кету мүмкін емес. Тіл шындықты бағалауға деген барлық ерекшеліктерді сіңіріп алған.

Сөз мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен байланысты. Халықтың тілді пайдалануы, сөз өнері қаншалықты жоғары болса, әдеби тілдің мәдениеті де соғұрлым биік болғаны. М.Горький «Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес» деген еді. Сөз мәдениеті сөз шеберлігін, көркем суреттің бейнелеуші материалы болатындықтан, оны оқытушы ұқыптылықпен қадағалап, талғап қолданады. Сол үшін оқытушы дайындаған дәрісін қайта-қайта түзеп, көшіріп әуреленеді.

Сөз мәдениетінде бар стильдік тәсілдердің көбі ауызекі тілден алынған.

Оларды жасаған – халық. Бірақ халықтық мұра сол қалпында қатып қалған догма емес. Олар өзгеру, даму үрдісінде болады. Кейде әдебиетте қалыптасқан тұрақты тіркестерді көздеген мақсатына қарай өзгертіп қолдануға да болады.

Еліміздің барлық іс-әрекеті мәдениетінің, әсіресе сөз мәдениетінің дәрежесін көтеру халыққа қызмет ету мақсатына жалғасып жатса, ондай іске тілшілер ғана емес, халық болып көмектесу талабы қойылады. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, тілді жасаушы, тілді құрал ретінде жұмсаушы

қоғамның білімді азаматтары сөз мәдениеті мәселелеріне көңіл бөліп, игілікті істерге үлес қосуы қажет.

Сөз мәдениетінің басты талабының бірі – тілдің халықтық қасиетін дамыту, ана тілінің байлықтарын сүзгілей отырып, молынан қолданысқа енгізу. Сөз мәдениетінің екі түрі бар: *баспасөз тілінің мәдениеті* және *сөйлеу тілінің мәдениеті*. Бұлар өзара тығыз байланысты. Әдеби тіл сөйлеу тілінде бардың барлығын емес, оның екшелген, құнарлы байлықтарын бойына сіңіреді де, сөйлеу тіліне ықпалын тигізеді. Нәтижесінде әдеби тілдің екі түрі келіп шығады: бірі – әдеби тілдің жазба түрі, екіншісі – әдеби тілдің сөйлеу түрі.

«Сөйлеу тілінің мәдениеті» дегенде, ең алдымен халық әдеби тілді қалай меңгергеніне көңіл бөлеміз. Сөйлеушілердің өздеріне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ әдеби тілдің нормасынан хабардар болуға міндетті. Оның толып жатқан арналары, жолдары бар: мектеп, жоғары оқу орны, кітап, газет-журнал, радио, теледидар т.б. бәрі-бәрі жалпы мәдениетке, соның ішінде сөз мәдениетіне баулиды.

Тілдік норма тілдің ішкі жүйелері негізінде қалыптасады және сұрыпталған, ұтымды, ықшам, жалпыға ортақ күйінде жұмсалады. Халық тілінен өзіне керегін таңдап, оларды жалпыға ортақ етіп, сөз мәдениетін жоғарылату үшін бір ізге салады, жүйелейді. Ауызекі тілден бастау алған сөз мәдениеті керегін таңдап, талғап, жазба әдебиет елегіне өткізіп алып, нормаға айналдырады. Сол себептен әдеби тіл – белгілі дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл болып есептеледі. Жазу арқылы нормаланбаған тіл қанша көркем болғанмен, «әдеби тіл» деген ұғымға сәйкес келмейді. Жоғарыдағы ойларды қорытындылау барысында мынадай тоқтамға келуге болады: әдеби норма өзгермейтін, қатып қалған тәсіл емес. Ол да тілдің дамуы барысында өзгеріп, толығып отырады.

Проза үлгілері филолог студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыруда маңызды. Халықтың ұлт болып қалыптасу дәстүрінде көркем әдебиет қоғам өмірін мейлінше кең қамтиды, сондықтан жалпыхалықтық тілдің бар байлығын пайдаланады. Көркем әдебиет – ұлттық қазына, себебі мұнда ұлттық тілдің сөз байлығы мейлінше мол жұмсалады. Көркем шығарманың құрылымдық түріне қарай, яғни поэзия мен проза жанрларының немесе прозаның іштей бөлінетін роман, әңгіме, драма, повесть т.б. сияқты түрлерінің өзіне тән тіл жұмсау ерекшеліктері болады. Әдеби тілдің басты сипатының бірі – бейнелілік, ал қазақ прозасында әуел бастан сөз мағынасын ауыстырып қолдану қалыптасқан. Метафоралау – образ жасаудың ең белсендісі, ол затты, құбылысты атамайды, сипаттайды. Метафоралық тіркестер – поэтикалық шығармаларда сөз арқылы образ жасаудың бір түрі, құнарлы, әсерлі түрі. Сондықтан, оларды да көркем әдебиет тілінің көркемдігіне өлшем етеміз [4, 302 б.].

Сөз мәдениеті нормасының тұрақталуына көбіне-көп белгілі бір тілдік құбылысты әлеумет тарапынан бағалау, яғни дұрыс деп қабылдап, қолданып кету жатады. Мысалы, белгілі бір атаққа, мамандыққа, өнерге т.б. ие адамды



атауда соңғы кездерде *-гер* жұрнағын жиі қолдану көпшілік талғамынан шықты, сондықтан қазақ әдеби тілінде оның публицистикалық және көркем әдебиет стильдерінде, радио мен теледидарда *ардагер, иегер, тәлімгер, қаламгер, жүлдегер, зергер* сияқты сөздердің көрініс беруі қолданыста нормаға айналды. Сол сияқты жаңа атаулар жасауда *нама, хана, паз* кірме жұрнақтарының қоғам қолданысына ену аясы жиілеп барады. Мәселен, *ғұмырнама, сапарнама, жарнама, халықнама; масахана, тауықхана, ұстахана, ойынхана, дәретхана, дәріхана, асхана, дәмхана, перзентхана, аурухана, малхана* т.б. Парсы тілінен аударғанда *-хана* «үй» деген мағына береді екен, тілімізде тұрақталған *қонақүй* сөзі соның дәлелі бола алады, ал *ұстаүй, тауықүй* деп айтсақ үйлесімсіз, соған қарағанда *-хана* жұрнағының жұрнақтық мәні басым болар. *Өнерпаз, әсемпаз, білімпаз* т.б. секілді сөздердің жасалуы да, қолданылуы да бірте-бірте нормаға айналды.

Сөз мәдениеті дегеніміз белгілі бір кезең ішінде көпшілік қабылдаған, тұрақталған қолданыстар, яғни сөздердің мағынасы. Сөзді сол мағынада, сол тұлғада қолдану бір уақытта пайда болып, ешбір өзгеріске ұшырамай қатып қалатын құбылыс емес. Уақыт өте келе бір кезеңде дұрыс, нормаға сай деп есептелгенмен, тіл дамуында көнеруі немесе қолданыстан мүлде шығып қалуы мүмкін. Керісінше, дұрыс деп көрсетілген сөз күнделікті қолданыста көпшілік тарапынан дәріс оқитын аудиторияларда, баспасөзде, радио мен теледидарда, ғылыми әдебиет пен жиын-кештерде айтылатын шешен сөздерде қолдау тауып, кеңінен жұмсала бастайды да, жаңа сипатқа ие болады. Мәселен, бірыңғай екі сын есім не екі үстеудің арасында кездесетін «да» шылауын қарастырайық: *адал да ақылды, қатал да қажырлы, батыр да батыл, тылсым да тыныш, қатал да қайырымды, қайратты да қайырымды, азанты да абыройлы* т.б. Ал бұрын «да» шылауы тек етістік тұлғаларына қатысты қолданылатын еді: *алды да кетті, тұрды да жүгірді, жазды да отырды* т.б. Демек, бұрыннан қолданылып жүрген сөздер сәл өзгерді де, сол бұрынғымен қоса жаңа қолданыс орын ала бастады.

Сөз мәдениетінің кейбір сәттерінің өзгеріп, жаңаларының элеуметтік қолдау табуы, сөз жасау саласында көп кездеседі. Бұған норма ретіндегі кей жұрнақтардың қолдану аясының тарылуы, оның есесіне бірқатар сирек қолданылатын жұрнақтардың қолданысының кеңеюі, немесе екі тұлғаны біріктіріп бір сөз жасау әдісі мысал бола алады. Бұл тілдің жалпы құрылымдық нормаларына қатысты айтылғандар. Ал норма мәселесіне келгенде, сөз мәдениетінің ұлттық норма проблемасы филология ғылымында әлі толық талдау таппай келеді.

Филолог студенттер өзі оқыған не көрген оқиғаны суреттегенде (жора-жолдасына, отбасына, әріптестеріне т.б.) мүмкін пікірталас, мүмкін ой қорытындысы ма, қарсы келер сұрақтар ма, қандай болған күнде де сан қилы әдіс, мимика әр түрлі сөйлеу мәнері арқылы жеткізеді. Филолог студенттер түсіндірсе, көрсетсе, кеңессе, ақыл беріп сақтандырса, сенім білдірсе, қызықтырып жігерлендірсе, талпындырып ықылас етсе, сыйластыққа,

қажеттігін қанағаттандыруға көмектессе, қуаныш бөлісіп, көңілін көтерсе т.б. – бәрін де өзінің жасампаз қаруы, басты құралы – тілі арқылы жүзеге асырады.

*Тіл мәдениеті* мен *сөз мәдениеті* деген терминдер қатар ұғымда жұмсалады. Өзара мағыналас болғанмен, олардың бір-бірінен айырмашылығы да бар. Сөз мәдениеті дегеннің ұғымы кең, ауқымды. Ол көбінесе қарым-қатынас құралы болып табылатындықтан, тілді жетілдіре беру, ұштай түсумен қатар сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік сияқтыларды қамтиды. Әсіресе, соңғы ұғымдарға қатысты *сөз мәдениеті дегеніміз* қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр алуан тәсілдерін дұрыс, дәл, ұтымды қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге тіреледі. Яғни сөз мәдениеті әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стильдік, орфоэпиялық норманы меңгеру, сонымен бірге, бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасау мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді [5, 9 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылдары қазақ тілін зерттей келе, сөз мәдениетінің теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыда негіздеген еді. Тіл мәдениеті, сөзді дұрыс қолдануға қатысты: «Сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін:

- сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулықтарды жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына пайдалану қажет;
- сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, ымырластыру қажет;
- сөйлемдерді дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру» [6, 350-353 б.] аса маңызды дейді.

1930 жылдардан кейін сөз мәдениеті тілімізде орфографиялық ережелермен байланысты қаралып келсе, тілші мамандардың ішінен алғашқылардың бірі болып М.Балақаевтың «Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері» атты еңбегі (1965) жарық көрді. Еңбекте қазақ әдеби тілі мен сөйлеу тілі, оның нормалары, стильдік ерекшеліктері және мерзімді баспасөз, аударма жұмыстарының негізгі принциптеріне талдау жасалды. Ғалым шаршы топ алдындағы сөз мәдениеті, грамматикалық тәсілдерді тиімді де ұтымды қолдану сөз мәдениеті дәрежесін биіктету екендігіне тоқтала келіп, «Мәдениет – оқу-ағарту, ғылым, өнер, тағы басқа рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық, тілдік тәсілдерді дұрыс қолдану дағдысы», – деген тұжырым жасайды [1, 9 б.].

1966 жылғы М.Дүйсебаеваның «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының негізгі мәселелері» атты кандидаттық диссертациясы мен 1972 жылғы «Сөз мәдениеті және баспасөз» деген жинақтағы Қ.Неталиеваның мақаласында сөз мәдениеті бірсыпыра дұрыс бағытта зерттелген болатын.

«Тіл мәдениетін сөз ету үшін, алдымен тіліміздің ішкі тазалығын, ұлттық негізін түзеп алуымыз керек. Өйткені біздің тіліміз – орыстанып, еуропаланып кеткен тіл.

Неге десеңіз, біздің әліпбиіміздің құрамында қазақ тіліне қажеті шамалы орыстың 12 әрпі жүр. Сөздік құрамымыздан «халықаралық терминдер» деген

күрметті атақты иеленген Еуропа тілдерінің 100 мыңнан аса сөздері ойып тұрып орын алған. Ол жат сөздер біздің тілдік ерекшелігімізге (үндестік заңына) бағынбай қолданылады. Сөз саптау үрдісіміз де қазақ тілінің қалыбынан шығып кеткен» деген тіліміздегі қазіргі өзгерістер туралы өз ойын білдіреді [7, 12 б.].

Сөйлеу тілі бірсыдырғы, бірыңғай емес, әр қилы, әр қырлы болып құбылып отырады. Филолог студенттер қарабайыр, жөнсіз, қырсық сөздердің орнына қай кезде, қандай жағдайда болмасын сыпайылықты, инабаттылықты аңғартатын сөздермен нәр беріп, нұрландырып, істің жігін жатқызып отырғаны абзал. Мысалы, филолог студенттер мектеп мұғалімі болды делік. Ол «Алдына қарап отыр», «Тыныш», «Ауыздарыңды жабыңдар», «Сөзді доғарыңдар» т.б. түрлі тиым сөздерді қайталап, оқушыларды мезі қылмай-ақ ара-тұра әзілдеп не назарын арнайы сөздермен аударуға әрекет жасағаны дұрыс. Айталық: ...Бірде мұғалім сыныпқа ене бере, бір оқушының (Темірлан болсын) сөйлеп отырғанын көреді. Ол мұғалім ескертуін тыңдамайды. Келесі күні сабақ басталарда, амандасқаннан кейін мұғалім Темірланға: «Сенің бүгін сөйлегің келе ме? Егер сөйлегің келсе, топ алдына шығып сөйле, ұялма! Үзілісте де сөйлей бер. Сен сөйлеп тұрсаң да, мені тыңдайсың ғой», – деді.

Кез келген ортада анық, жатық, дұрыс сөйлей білген жақсы-ақ. Біз қарастырып отырған қазақ тілді студент-филологтың болашақ маман екенін ескерсек, оның сөзі бір-екі адамға ғана емес, шәкірттеріне бағытталады. Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыруда оқытушылардың көмегінсіз іс бітпейді. Шындығында сөз мәдениетінің ең үлкен талабы оқытушыларға қойылады. «Өйткені сөз мәдениетінің бір шарты жазылған (немесе айтылмақ) сөздерді бір-бірімен қиыстырып, дауыс ырғағын дұрыстап қойып, табиғи түрде дұрыс айтып беру (немесе дұрыс оқып беру).

Оқытушы көбінесе көрнекі құралдарды айтар тұжырымдарын немесе ережені дәлелдеп көрсету үшін пайдаланады. Бұл айтылған ойды нақтылай түседі. Ой қорытындысын сөзбен айтып, көзге көрсеткенде ғана дұрыс қабылданады. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» дейді қазақ мақалы. Мұнда, әсіресе, терминдерді, аудармаларды жеткізе білуде тіл мәдениеті талаптарын ескерген абзал. Оқытушы айтар ой дәлдігімен бірге фонетикалық жағынан сөздердің дыбысталуын, сөздердің айтылу заңдылығын сақтауы керек. Аударғанда жол-жөнекей аударма салмай, аударма мәтінін күні бұрын даярлап, сөздіктерге сүйеніп аударуы қажет. Мәселен, *шыбын-комар, бұғаз-залив, рет-ряд* т.б. сияқты қолданыстарға жол бермегені жөн.

Сөздің күдіреті күшті. Сөзбен адамды адам қуанта да, жылатып не жұбата да алады. Сөздің әсері болу деген сөз айтқанына ілесіп, сеніміңді соған арнап, жан-дүниенді билеп, оны толық түсіну әсері сөзден соң өзінді-өзің танысың, сөздің мәнін, мағынасын, айтар астарын ұғасың. Сыртқа шықпай тұрып, сан-саққа соққан ой әсерін сабылтып, әр нәрсенің басын бір шалып, кейде көрген, естіген, оқыған бір нәрсені айтуға оқталып, оны айта бастағанда сөздің соңына жетпей, сол оқығаны айтудағы мақсаты не, себебі не, осыны мысалға алуда нені көздеді деген сауалдар жауапсыз қалып жатады. Айтар

сөзің мәнді болса зерделі, зерек шәкірт өзі-ақ түсінеді. Қас-қабағын бағып, әр қимыл, әр сөз мәнін, астарын саралап, сараптай білген филолог студенттерге тиянақты ой арқылы сапалы білім берілсе, нұр үстіне нұр.

Талап қоя білу де – өнер. Талапты дұрыс қоя білген оқытушының шәкірттері де талантты болады. Оқытушы студенттерге ортақ атмосфераны қалыптастырып, аяқ астында туындап қалатын түрлі қиын, тосын жағдайларда шешім айтып, әділ бағаласа, сөзбен-сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемді дұрыс қабылдауы, сөйлегенде әрбір сөзін байланыстырып, стильдік тұрғыдан дұрыс айта білгені жөн.

Дұрыс айтылмаған сөз тыңдаушының құлағына жағымсыз естіледі, әрі сөз иесінің мәдениетінің төмен екенінің айғағы болады. Әрбір сөз халық тілінің өшпес дәулеті ретінде тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ белгілі дыбыстық құрамда жұмсалып, әбден үйреншікті болғаннан кейін, оны әркімнің өзінше құбылтып айтуына жол жоқ. Болмайтын себебі әр сөздің тұтастық құрамы белгілі мағына білдіруімен ұштасады. Мәселен, *жол*, *жолаушы*, *құлын*, *құлыншақ*, *өнер*, *өнерпаз* сөздерінің әрқайсысы өз алдына өзгертуге келмейтін, тұрақты мағынаға ие. Сондықтан сөздердің мағыналары мен түр-түрпаттары арасында тығыз байланыс, бірінсіз-бірі болмайтын тұтастық болады. Олардың қалыптасқан құрамдарын бұзбай, «сөздің майын тамызып, тыңдаушының құлақ құрышын қандырып», дұрыс сөйлеу барша адам қолынан келмейді. Дұрыс айтылған сөз, сөйлемдердің өздеріне тән «музыкалық» әуені, ырғағы, үні болады. Соларды сазына келтіріп сөйлей білу, тілдің жан тербетер сәнділігін, табиғи терең сырларын ашып сөйлей білу – үлкен өнер. Мүмкін ол өнер «қыйынынан қиыстыратын» ақындарға, лекторларға, дикторларға, сахна шеберлеріне ғана тән қасиет болар.

Оқытушының сөйлеу тілінің стильдік ерекшелігі сан алуан. Ол стильдің барлық түрін пайдалана біледі. Әрі сол стиль түрлері қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді. Тілдің стильдік құбылыстарының көпшілігі ауызша да, жазбаша түрде де кездеседі. Оқытушылар сабақ түсіндіргенде қарапайым сөйлеп, мысалмен дәлелдеп көрсетеді. Олар стильдің түр-түрін, атап айтқанда, егер студенттерге эссе жаздырса, көркем әдеби стилін, газет, журналдан үзінді келтірсе, публицистика стилін, анықтама, ереже не болмаса баяндама түсіндіргенде ғылыми стилді, күнделікті өмірде ауызекі сөйлеу стилін т.б. қолданады.

Бірнеше рет осы қылығын әр сабақта қайталап жүрген оқушы бұдан былай тәртіп бұзбайтын болды. Мұндай тілдік тәсіл – психологиялық тәсіл болып тәжірибелі ұстаздарда кездеседі. Әйтсе де, мұғалім әдеби болғанда, оқушылар оның сөзіне жан дүниелерімен құлай берілгенде ғана қосалқы әдіс-тәсіл өз нәтижесін береді.

**Қорытынды.** Сөйлеу тілінде образды сөйлеу жиі кездеседі. Бұл табиғат құбылыстарын, әсіресе өзін қоршаған ортаны атауға, тіпті өсімдіктерге ат қоюға келгенде жүйелі көрініс табады. Мысалы, *айнакөз*, *айқұлақ*, *аютабан*, *есекмия*, *айғырсасыр*, *түйетауық*, *қазтабан*, *қозықұйрық*, *итмұрын*, *саңырауқұлақ*, *тасбақа*, *итөлгі* деген атаулардың негізінде ұқсату, салыстыру,

бейнелеу, суреттеу тәсілдері жатқанын бірден аңғаруға болады. Балаға ат (есім) қоюға келгенде, астарлап атауды қазірге дейін қолданып келе жатқаны мәлім. Демек, сөздің астарлы, суреттеме мағынасын қолдану – қазақ тілінің ұлттық белгісінің бірі. Сөзді астарлап, бейнелеп қолдануда фразеологизмдерді, троп түрлерін (теңеулерді, эпитеттерді, перифраздарды т.б.) орнымен жұмсай білу сөйлеушінің сөз мәдениетін көрсетеді.

Сөз мәдениеті мүмкіндіктерінің молдығын танытатын элементтердің бірі – поэтизмдер, яғни белгілі бір экспрессивті-эмоциялық реңі бар, кез келген ситуацияда қолданыла бермейтін, көбінесе бейтарап нұсқалары көрініп тұратын сөздер. Мәселен, *аласа, таза, тәрізді, заман* сөздері бейтарап мағыналы элементтер, ал осылармен мағыналас *пәс, тәпелтек; саф, сынды, замана* деген сөздер белгілі бір стильдік бояумен қолданылатынын, олар жай хабарлау үшін емес, суреттеу үшін жұмсалатынын филолог студенттердің білгені дұрыс.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - 470 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 223 б.
3. Павлов И.П. О русском уме //Литературная газета. – 1981. – № 30.
4. Головин Б.Н. Основы культуры речи. – М., 1988. – 320 с.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. ... диссер. - Алматы, 2007. – 328 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1999. – 448 б.
7. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана //Жетісу. – 2004. № 3.

## КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

*Бақытова Г.Ж.,*

*№3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, педагог-зерттеуші  
(Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ тіліндегі кірме сөздер туралы айтылады. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігінде фонетикалық варианттылық бар екені сипатталады. Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы, Р.Сыздық, А.Айғабылұлы, Л.З.Рүстемов сияқты ғалымдар пікірлері басшылыққа алынып, қазақ тіліндегі кірме сөздердің қолданыс аясы зерделенеді.

*Кілт сөздер:* қазақ тілі, кірме сөздер, сөз варианттары, фонетикалық варианттылық, сингармонизм жолы

Қазақ тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігінде фонетикалық варианттылық бар. Бұл мәселеге де кірме сөз тақырыбында ғалымдар назар аударған. «Бір түбірден пайда болған араб және парсы сөздерінің қазақ тілінде бірнеше варианттары болады. Бірақ көбіне олардың бәрі дерлік бір ғана ұғымды білдіреді. Олардың тек кейбіреулері ғана дербес мән-мағынаға ие болған» – дейді ғалым Л.З.Рүстемов [1, 100]. Тілімізде варианттарымен жарыса қолданылып жүрген сөздер көп. Мысалы, араб сөзі бәла. Бұл сөзден пайда болған қазақ тіліндегі бәле және пәле дыбыстық варианттары бар. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл лексикалық бірліктерге жеке-жеке ауыспалы мағыналарымен қосқанда төрт түрлі мағыналарымен түсіндірілгенімен олар бір-бірінен айырмашылық жасамайды.

Арабтың рази сөзінің тілге енгізілуінен пайда болған риза және ырза дыбыстық варианттары бар. Риза дыбыстық варианты адамның белгілі бір нәрсеге қанағаттануын, ұнатқанын, сүйсінгенін білдіретін үстеу сөз ретінде түсіндіріледі [2, 484]. Ал ырза дыбыстық варианты сөйлеу тіліндегі үстеу сөз ретінде өзінің сыңарымен түсіндіріледі. Яғни оның жеке мағынасы жоқ.

Арабтың ғәриб сөзінің қазақ тіліндегі ғәріп және қәріп дыбыстық варианттары бар. Ғәріп сөзі қиын жағдайға ұшыраған бейшара мағынасында қолданылады. Қәріп дыбыстық варианты сөйлеу тілінде және ескі әдеби нұсқаларда, әдеби шығармаларда басқа қосымша мағынасыз осы мағынада қолданылады.

Араб тіліне тиісті хейван сөзінің қазақ тілінде қолданылуы хайуан және айуан дыбыстық варианттары арқыл іске асады. Төрт аяқты жануарларды атауда қолданылатын бұл сөздің екінші мағынасы ардан аттап жауыздық және қатыгездік жасағандарды хайуанға теңеуден туындаған. Әдеби тілде қос мағыналы бұл варианттардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Бірақ бұл сөздер қазақ тіліне көпше түрде де енген. Жалпы төрт аяқты жан-жануарларды

айуанат немесе хайуанат нұсқаларында жалпылама, көпше түрде атаймыз. «Бұл сөздердің соңындағы – ат қосымшасы араб тілінде көптік мағына жүктейтін жалғау» [3, 25-26].

Тілімізде атақ, бедел, даңқ мағынасын беріп, ар мен намыс және ұятты жер дегенді білдіруде де қолданылатын абырой сөзі парсы тіліндегі абруй сөзінен енген. Бұл сөздің абұйыр, абүйір, абиыр, әбиыр нұсқалары қазақ әдеби тілінің сөздігіне енген. Бұл парсы сөзінің нұсқалары көп болғанымен, олар жеке-жеке мағына жүктей алмаған.

Араб тілінен енген мәлум сөзін енгізуден мағлұм және мәлім дыбыстық варианттары пайда болған. Бұл сөздер жалпы жұртқа аян, белгілі, анық мағыналарын беруде жарыса қолданылады. Бұл сөздердің де көпше түрі тілімізге мәлумат деген араб сөзінен енген. Мағлұмат және мәлімет дыбыстық варианттары бір нәрсе жөніндегі толық, жан-жақты хабар дегенді білдіреді. Бір сөзден туындаған бұл дыбыстық нұсқаларға қарап араб тіліндегі – ат қосымшасының қазақ тілінде де мағына жүктеуге септесіп тұрғанын байқаймыз. Сондай-ақ бұл сөздердің мағыналық айырмашылығы жоқ.

Кірме сөздер тақырыбын зерттеушілер бұл мәселені аттап өткен емес. Нәзірның қазақ тіліндегі жат сөздердің өзгеру заңын зерттеуге арналған мақаласында назарға ұсынылған алғашқы мәселе дыбыстық варианттар болатын. Ғалым баспа беттеріндегі сөздердің дұрыс берілмеуін сынап, «біреу әлібба, біреу әліб-би, біреу мәселе, біреу меселе, біреу қазір, біреу кәзір, біреу әзір, біреу қатер, біреу кәтер – деп жазады. Мұндай мысалдар толып жатыр. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс, ойлаған жан жоқ» [4, 61-62] деп бұл мәселеге назар аудартады. Сөз вариантын көбейтпей, бір түрге, бір жобаға салу тілдің бұзылмауына пайдалы екендігін айтады.

Ал Халел Досмұхамедұлы осы ынғаймен әр жерде әр түрлі жазылып жүрген араб және парсы сөздерін сингармонизм жолымен дұрыс жазуға үлгі көрсетеді және оларға жалғанатын жалғаулардың түбірге байланысты жуан немесе жіңішке болып жалғануы керек екенін қоса ескертеді [5, 23]. Бұған назар аударған Рабиға Сыздық көпшіліктің қолдану өлшемі бойынша әдеби немесе әдеби емес екендігін анықтаудағы шарт екендігін айтады [6, 59]. Ғалымның жасаған талдауларынан бұл мәселеге жан-жақты қарағанын аңғарамыз.

Рабиға Сыздық сөз варианттарын бірнеше топта қарайды. Олар: бір сыңары ығысып, бір сыңары нормаланған сөздер, бірнеше нұсқасы да әдеби тілдер орын алған варианттар және әдеби тілде сыңарлардың жарыспалылығы тән сөз варианттары [6, 59-60]. Бір сыңары ығысқан парсы және араб сөздерін варианттарынсыз қолданылып жүрген сөздерден-ақ көреміз. Ал варианттардың бірдей қолданысқа енуі жеке-жеке мағынаға ие болуынан туындайды. Мысалы, «ғылым сөзі орысшадағы наука сөзін білдірсе, ілім сөзі учение сөзін бере алады» [6, 60]. Ал жарыспалы қолданыстағы варианттарға бәле немесе пәле, сайтан немес шайтан сияқты нұсқалықтарды атай аламыз. Мұндай үлгідегі қолданыс көркем әдебиет стилінде басым екендігін айта кетуіміз керек. Рабиға Сыздықтың пікірінше әдеби шығармада варианттың

бірінің қолданылуы өзінің мағынасында келіп, нормаға сәйкеседі, ал қатар келген екінші сыңары фонетикалық вариант болумен қатар коннотаттық мағынаға ие болады [6, 68].

Қазіргі кезде тіл білімінің бір саласы ретінде зерттеле бастаған лингвоэкология саласы да аталған вариантты бірліктердің орынды және орынсыз қолданысына назар аударған. Вариантты сөздер төл бірліктерге де тән құбылыс болғандықтан қазақ тілінің лексикологиясында да бұл тақырып қарастырылады. Бірақ жеке мағына жүктей алмаған мұндай вариантты сөздердің қолданысы уақыт өткен сайын бір нұсқаланып келеді. Мысалы, араб тілінен енуші рази сөзінің қазақ тіліндегі риза варианты, парсы тіліндегі абруй сөзінен енген қазақ тіліндегі көп варианттарының ішінен абырой нұсқасы қазақ әдеби тілінде басым қолданысқа ие. Демек, біз жеке мағынасы жоқ вариантты кірме сөздердің әдеби тілде нормалануына қарай бір нұсқасын таңдап қолданамыз. Осының арқасында қолданыс таппаған варианттар дербес мағына жүктеп алады немесе қолданыстан ығысады.

Араб және парсы сөздерінен туындаған дыбыстық варианттар жеке-жеке мағына жүктеп ала алуының арқасында лексикалық қорды байыта алады. Өзінің дербес мағынасы бар сөз нұсқалары да тілімізде кездеседі. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде арабтың кафер сөзінен енген кәпір және кәуір нұсқалары бар. Кәпір сөзі пұтқа сиынып, Алладан басқа күштердің бар екеніне сенетіндерді және дінсіздерді, опасыздарды атауда қолданылатын атау сөз [7, 485]. Ал кәуір сөзіне жау, дұшпан мағынасы берілген [7, 500]. Бірақ кәуір сөзі көнерген сөздер қатарында қалып, қазіргі әдеби тілімізде қолданыс таппады.

Араб тілінен енген бәхт сөзінің де қазақ тілінде варианттары бар және олар жеке мағыналарға ие. Ол сөз нұсқалары бақыт және бақ сөздері. Бақыт сөзі зор қуаныш, шаттық дегенді білдірсе, бақ сөзі адамға қонатын ерекше бақыты, талайы мағынасында түсіндіріледі. Алайда сөздікте бақ фонетикалық варианттылығы парсы тілінің элементі ретінде қате түсіндірілген.

Сондай-ақ араб тіліндегі һәва сөзінен тілімізде пайда болған ауа және әуе нұсқаларын да мысалға алуымызға болады. Біз адамның тыныс алуы үшін қажетті иіссіз әрі түссіз затты ауа деп атаймыз. Ал әуе сөзінің тіліміздегі мағынасы өзгешелеу. Жер үстін көк күмбез тәрізді болып қоршап тұратын аспанды әуе деп атаймыз. Бұл дыбыстық варианттар жеке мағыналарға ие болып, жеке сөз ретінде де қалыптасқан. Мұндай ыңғайдағы сөздерді вариант сөздер деп емес, кірме түбірдің игерілуінен пайда болған сөздер ретінде қарауымыз керек.

Айтбай Айғабылұлының пікірінше «вариантты сөздердің мағыналарында ешқандай стильдік реңк пен бояу болмайды» [8, 34]. Ал кірме сөздердің енуінен пайда болған сөз нұсқалары дербес лексикалық бірліктер. Вариантты сөздер дыбыстардың алмасуы арқылы, метатеза жолымен, қыстырма дыбыс қосылуы арқылы және дыбыстардың түсірілуі арқылы жасалады екен [8, 35]. Дыбыстардың түсіріліп қалуы немесе қыстырма дыбыс енгізілуі сияқты үрдістер кірме сөздердің игерілуіне де, әсіресе араб және



парсы сөздеріне тән құбылыс болған. Бірақ бұл жат сөздерді тілдің дыбыс жүйесіне икемдеуден келіп туындаған үрдіс.

Мұны түсіну үшін парсы және араб сөздерінің қазақ тіліне ену жолын талдап көрсетуіміз керек. «Қазақ тілінде тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб және парсы сөздері бар. Бірақ бұлар бұрынғы қалыбында емес, өзгертілген» [9, 385] деген пікірді Ахмет Байтұрсынұлы айтқан болатын. Ол бірліктердің өзгеру заңын сингармонизммен байланыстырған Халел Досмұхамедұлы тіліміздегі түбір сөзде бір дыбыс қатар келмейтінін, оның не түсіп қалатынын, не басқа дыбыспен алмастырылатынын айтып, молла сөзінің молда, үммет сөзінің үмбет, жиннат сөзінің жендет болып өзгеруін мысал ретінде көрсетеді [5, 30].

Ал ғалым Л.З.Рүстемов араб және парсы тілі мен қазақ тілі әр текті тіл екенін, сондықтан ол тілдердегі дыбыстар қазақ тілінен табылмауы мүмкін, сол үшін қазақ тілінде жоқ дыбыс айтылмай қалуы немесе соған жақындау бір дыбыс қолданылуы мүмкін екенін айтады [1, 81-82]. Тіпті кейбір дыбыстар кірме сөздердің енуімен бірге келуі де мүмкін. Кейбір ғалымдар һ дыбысын қазақ тілінің дыбыс жүйесіне тән емес деп есептейді және бұл дыбыстың төл сөздер ішінде одағайларда және кірме сөздерде кездесетінін алға тартады. Аталған дыбыс бар араб және парсы сөздері тілімізде өзгеріске ұшыраған. Һ дыбысы араб және парсы сөздерінің басында келсе түсіріліп қалдырылады. Мысалы, парсы тіліндегі һәфта сөзі тілімізде апта сөзі болып, араб тіліндегі һәзл сөзі қазақ тілінде әзіл түрінде игерілген. Ал бұл дыбыс сөз ортасында келсе, қазақ тіліндегі кейбір дыбыстармен алмастырылған. Мысалы, парсы тіліндегі мәһр сөзі мейір түрінде өзгертілсе, араб тіліндегі фәһм сөзі пайым күйінде игерілген. Дегенмен, һ дыбысы сақталған кірме сөздер де тілімізде бар. Мысалы, жаһан, жиһаз, гауһар тағы басқа да сөздерді атауға болады. Тілімізде ұзақ уақыт бойы арабтан және парсыдан кірме сөздерді игерудің нәтижесінде тілге жат дыбыстар әсері азайған. Бірақ мұндай мәселеге тіл дамуында тағы да кезікті. «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде болмаған ф, в, ч, ц, х, э дыбыстары негізсіз қабылданды» [10, 269]. Бұл төңкерістен кейінгі орыс тілінің әсері деп білеміз.

Кірме сөздерде қазақ тіліне сай келмейтін басқа да құбылыстар бар. Дауыссыз дыбыстардың сөз соңында қосарлануын қарастыруымызға болады. «Дауыссыз дыбыстардың сөз соңында қатарынан екеуі, яғни қосарланып келуі қазақ тіліне тән құбылыс ретінде саналмайды» [4, 99]. Қазақ тілінде кірме сөздердің игерілуінде фонетикалық өзгерістер негізгі рөл атқарған. Егер де араб және парсы сөздерінің соңғы бөлігінде екі дауыссыз дыбыс қатар тұрса, бұл сөздер қазақ тіліне ауысқанда соңғы дауыссыз дыбыстар түсіріліп алынған немесе осы екі дауыссыз дыбыстың арасына өзінен бұрын тұрған дауысты дыбысқа сәйкес келетіндей дауысты дыбыс енгізіліп қабылданған [1, 99]. Мұның мысалын Ескі түркі сөздігінде қарастырылған ертеден тілімізге енген бірліктерден көруге болады. Мысалы, «Taxt [п.] хан, хан орындығы» [11, 543], «Rast [п.] тура, оңды; дұрыс» [11, 476], «Dost [п.] дос» [11, 160] сөздері. Бұл сөздердің аталған сөздікте қарастырылуы олардың тілімізге ертеден енгендігін

көрсетеді. Сондай-ақ бұл сөздер қазақ тіліне игерілуінде жоғарыдағы ғалымның атап көрсеткеніндей соңғы қатар келген дауыссыз дыбыстардың соңғысы түсіріліп қалынған. Қазіргі қазақ әдеби тілінде тақ, рас, дос түрінде қолданыста. Сондай-ақ кірме сөздер -»Qadr [a.] мағына, құн» [11, 403], «Fikr [a.] ой-пікір» [11, 194]. Бұл сөздерді игеруде қатар келген дауыссыз дыбыстар арасына дауысты дыбыс енгізіліп, қадір және пікір формалары қалыптасқан. Бірақ бір түбір күйіндегі кірме сөз аталған екі тәсілде де бірдей игерілуі мүмкін. Мысалы, «Вахт [a.] бақыт» [11, 89] сөзі. Бұл сөз бір дауыссыз дыбыстың түсіріліп қалуы арқылы қазақ тілінде бақ сөзі болып игерілсе, сол қосарланған дауыссыз дыбыстар арасына дауысты дыбыс енгізу арқылы бақыт сөзі болып тілімізде қалыптасқан. Мұнан бір түбірдің екі тәсіл арқылы игеріліп, бір кірме сөздің тілімізде варианттары пайда болғанын көреміз. Жоғарыда айтылған кірме сөздердің дыбыстық варианттарының туындау себебі осындай игерілу жолдарына байланысты еді. Қарастырылған мысалдардан қазақ тілінің кірме сөздерді фонетикалық жақтан игеруін көреміз. «Басқа тілден енген сөздердің фонетикалық жақтан игерілуі дегеніміз олардың қабылдаушы тілдің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріліп икемделуін айтамыз» [12, 157]. Фонетикалық жақтан игеру варианттылықтың пайда болуының себебі болды. Бірақ барлық кірме бірлікті барлық кезеңде фонетикалық тұрғыдан игеру мүмкін болмады. Ол кірме бірліктердің ену жолына байланысты еді.

Кірме сөздер қазақ тіліне ауызша және жазбаша түрлерде енді. Қазақ тіліне кірме сөздердің ену тарихының алғашқы дәуірін ауызша кезеңі құрайды. Кірме сөздің ауызша енуі фонетикалық варианттылықтың жасалуына тікелей себепші болды. Аталған варианттылықтар тілімізде араб және парсы сөздеріне тән екенін ескерсек, бұл ұзақ уақыттық ауызша әдеби нормалану процесінің нәтижесі екенін ұғамыз. Ол варианттылықтар тілдің даму барысында жеке мағыналарға да ие болып отырған. Орыс тілінен де ауызша сөз қабылданды. Бірақ олардан айтарлықтай варианттылық құбылысы орын алған жоқ. Бірақ ауызша игерудің нәтижесінде бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке буынды болып, тіл заңына сәйкестенген бәтеңке, бөрене, нөмір сияқты лексикалық қорда белсенді қолданылатын орыс тілінен енуші сөздер бар. Жазбаша ену жолына келетін болсақ, қазақ тіліне араб және парсы тілдерінен де жазбаша түрде сөз енген. Олар кітаби тіл деп де қаралады. Кітаби тіл лексикасы қазіргі кезде әдеби тілден ығысты, бір бөлігі әдеби нормаланды. Орыс тілінен қазан төңкерісінен кейінгі енген сөздер жазбаша еніп, нәтижесінде қазақ тілінің заңдылығынан тыс жазылды. «Диктант, тракторист, космонавт сияқты дауыссыз дыбыстардың қатар келуі көбейген» [24, 269]. Ғалымдардың айтуынша мұндай өзгерістер қазақ тілінде ғана емес, бірқатар түркі тілдерінде орын алған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том/ Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
3. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 240 б.
4. Терминология мәселелері. 1-кітап. Астана: 1С-Сервис, 2006. – 288 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Құрастырушы А.Қ. Құдабаев, С.Торайғыров атындағы Повлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 78 б.
6. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том/ Құраст. Б.Момынова, Б.Сүйерқұлова, А.Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
8. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 104 б.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
10. Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. – Алматы, Қазығұрт, 2015. – 512 б.
11. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 б.
12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

## ӘОЖ 81-44

### ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР АТАУЛАРЫНЫҢ «ЖАҒЫМДЫ» ЖӘНЕ «ЖАҒЫМСЫЗ» МАЗМҰНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕР ЖАСАУҒА ҚАТЫСЫ

*Джаулыбаева А.К.,*

*№3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, педагог-зерттеуші  
(Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада Дәнді дақылдар атауларының «жағымды» және «жағымсыз» мазмұндағы концептілер жасауға қатысы талданады. Жекелеген концепттерге сипаттамалар беріледі. Дәнді дақылдар атаулары «ас», «азық», «сұлулық», «ептілік», «еңбекқорлық», «ептілік», «молишылық», «тоқшылық» сияқты бірнеше концептінің құрылымдық элементі ретінде қатыса алатыны және «күнкөріс», «дегірсіздік», «сараңдық», «астамшылдық» сияқты бірнеше концептінің құрылымдық элементі ретіндегі баламасы сипатталады.

*Кілт сөздер:* концепт, концептілік өріс, дәнді дақылдар атаулары, тілдік бірліктер

Бүгінгі күні қандай да болмасын тіл адамзаттың қауымының баға жетпес құндылығы деп танылған көзқарас өркениетті қоғамның негізгі қағидаларының біріне айналды. Жалпы алғанда, тіл дүниетанымның құралы бола тұра, ойлаудың ұғым, пайымдау, түсінік тәрізді түрлерінің объективтенуі болып табылады. Сомен қатар тіл қоғамдық сана түрлерін қалыптастырумен бірге өз кезегінде оған әсерін тигізеді. Ал әр тарихи кезеңде қоғамдық құбылыстар тілде өзінің таңбасын қалдырып отырады. Тіл қоғамдағы тарихи, мәдени, әлеуметтік, рухани өзгерістердің айнасы сияқты. Осыған байланысты тілдік жүйенің құрылымдық бірліктер тек лингвистиканың ғана емес, этностанудың, әлеуметтанудың, мәдениеттанудың, елтанудың т.б. нысанына (объектісіне) айналып отыр. Ендігі кезекте лингвистика ғылымы өзінің зерттеу объектісін әлде қайда кеңіте түсуде. Елтану, мәдениеттану сияқты тіл білімі салаларынан басқа ғылым салаларымен байланыста қарау – тіл білімі ғылымындағы бүгінгі таңдағы негізгі бағыттардың бірі болып саналады. Тілдік жүйе құрылымына тереңдеп бару, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың үлкен бір жолы – әртүрлі тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің негізгі заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші бір жолы – оларды тілдік емес мәнділікермен, яғни ақиқатты өмір, ойлау тұрғысынан, танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болып табылады. Осы тұрғыдан алып алғанда, тілдік бірліктер (лексика-фразеологиялық бірліктер) ақиқат өмірді, ойлау мен тілді ұштастыратын негізгі категория ретінде танылады.

Мәңгілік құндылықтардың бірі саналатын тіл – халықтың нәресте күнінен бүгінге дейінгі болмысының көрінісі. Тіліміздегі әр сөздің тасасында этностың тіршілік-тынысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ұғым-сенімі, дүниетанымынан бастап өткен дәуірлердің шежіресі жатыр. Бұл орайда тілді халық болмысының айнасы деуге болады. Қазақ халқының ата кәсібінің бірі – дәстүрлі егіншілікке байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер ақиқат өмірді танудың тұтастығында қаралады. Қазақ қоғамы алуан мәдениетті қоғам екенін тілдің лексика-фразеологиялық жүйесінен айқын көрінеді. Мұндай тілдік материалдар тарихи-археологиялық деректерді нақтылап, айқындай түседі. Тарихи-археологиялық деректер көрсеткен сол «мәдени мүліктің» иесі қай тілдік ұжым екенін лексика-фразеологиялық бірліктерді талдау арқылы айқындауға болады. Жер бетіндегі барша халық иеленетін жүздеген тілдердің құрылысында әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бола тұрса да, жалпы ортақ белгілеріне қарай, тілдің туыстығы мен жеке сөздердің грамматикалық тұлғаларының пайда болуындағы ортақ тәсіл ерекшеліктеріне орай бір төңірекке топтастырылады. Топтастыру нәтижесінде тілдердің бір-біріне арақатынасының алыс-жақындығы ашыла түседі. Бұл тұрғыда дәнді дақылдар атауларының және оған қатысты тілдік бірліктердің үлесі бар деп есептейміз.

Дәнді дақылдар атауларының «жағымды» мазмұндағы концептілер жасауға қатысына тоқталсақ, «дәнді дақылдар» атауларының «күнкөріс», «дегбірсіздік», «сарандық», «астамшылдық» сияқты бірнеше концептінің

құрылымдық элементі ретінде қатыса алатыны байқалды. Мысалы, концепт – «дегбірсіздік». Адамның жағымсыз іс-әрекетіне қатысты концептілік өріс. «Беймаза – тыныш», «әңгі – байсалды» сияқты антонимдік жұптың бір сыңарымен мәндес «дегбірсіздік» концептілік өріске қатысады. *Сабырсыздық; мазасыздық; алқымғы алды; жан алқымнан алды; қыспаққа алды; апишысын қуырды; тығырыққа тіреді; қатты састырды; жан алқымға алып тықсырды; аспанды алақндай, жерді тебінгідей етті; аяғынан тік қойды; қара аспанды төндірді; бүйідей тиді; бықырт тигендей қылу; бүй тигендей болу; бір уыс қылды; дегбір таппады; дегбірі қалмады; дегбірі қашты; дығыры мен зығырын шығарды; ығырын шығарды; дігер салды; екі аяғын бір етікке тықты; итін шығарды; көк көкіретіп, жер тітіретті; өтін алып, аузына құйды; жанын шығарды; шала бүліну; ала шапқын; аттанға айғай қосу; жау кетті, ел көшті; жау кетті, ел көшті; жау соқта жау сағыну; бидайша қуырды.* «Дегбірсіздік» концептілік өрістегі *бидайша қуырды* тұрақты тіркесі адамның сабырсыздығына негізделіп құрылған. Бидайша қуыру тұрақты тіркесінің мәні – адамның екінші біреуге ұрысу арқылы психологиялық күйін өзгерту. Бұл тіркестің семантикасы тарыға қатысты технологияның «бидайды қуыру» семасынан өрбіген. Яғни бидайды қуыру кезінде оның түсі мен дәмінің өзгеруі, яғни бір түрден екінші түрге ауысуы адамның психологиялық күй-жайының өзгеретіндігін білдіріп тұр. Концепт – «күнкөру». Бұл жерде біреудің арқасында, біреуге бөлінген үлеспен күн көру мағынасында концептінің құрылымдық элементі ретінде қатысады. «Бидай арқасында бидайық су ішеді», «Бидайдың арқасында қарамық су ішер», «Күріш арқасында күрмек су ішер», «Күріш арқасында күрмек су ішіпті. Көп арқасында көлмек су ішіпті». Бұл мақалдарда дәнді дақылдар өсіру, егістік ісінде олардың маңайында өсетін арамшөптердің (бидайық, қарамық, күрмек) сол дақылдарға жасалған күтімнің арқасында күнкөруін меңзейді. Осы тура мағынадан өрбіп, адамдар арасындағы біреудің арқасында, біреудің еңбегімен күн көру қасиетін астарлап жеткізеді.

Концепт – «тәкаппарлық». Адамның жағымсыз іс-әрекетіне қатысты концептілік өріс. «Бидайдың басын көтергені, Дәні жоқтығы. Жігіттің кеудесін көтергені, Ақылы жоқтығы», «Бидайдың кеудесін көтергені Дақылының жоқтығы. Жаманның кеудесін көтергені, Ақылының жоқтығы». Мақалдарда бидай өсіру технологиясында масағында дәні толы бидай оның ауырлығына байланысты басы төмен салбырап тұрады. Ал дәні жоқ бидайлардың масағы жеңіл болғандықтан тік қалпында өседі. «Мәуелі ағаш – майысқақ» деген халық мақалында да соны меңзейді. Осы тура мағынадан өрбіп, адамның кеудесін көтерген «тәкаппарлығын» оның надандығынан, ақылының аздығынан деп салыстыра сипаттайды.

Дәнді дақылдар атауларының «жағымды» мазмұндағы концептілер жасауға қатысына тоқталсақ, дәнді дақылдар атаулары «ас», «азық», «сұлулық», «ептілік», «еңбекқорлық», «ептілік», «молшылық», «тоқшылық» сияқты бірнеше концептінің құрылымдық элементі ретінде қатыса алатыны байқалды. Концепт – «сұлулық». Алма бет; аршыған жауқазындай; ай қабақ,

алтын кірпік; ақ құба; ақ торғын; ақша бет; атқан таңдай; екі беті алмадай; мөрі таймаған; қызылы қызыл, ағы ақ; бидайдай мең, бидай өнді, майланған бидайдай, мақтадай жұмсақ. «Сұлулық» концептісінің құрылымдық – бидай өнді, бидайдай мең, майланған бидайдай, мақтадай жұмсақ. Халқымыз көрер көз керек сұлулықты аса жоғары бағалаған. Қазақ халқы қыздың бетіндегі меңді сұлулықтың символы деп біледі. Әрі бет-ажары түсінің аққұба, ажарлы келуін де көркем суреттеген. Беттегі меңді «бидайдай мең», бет-ажарының түсін «бидай өнді» деп атаудың себебі меңнің тарының үлкендігіндей ғана мең, ал өңінің бидай түстес аққұба, біркелкі болуында керек. Аппақ беттегі бидайдың үлкендігіндей ғана меңге бидай лексемасының семантикалық құрылымындағы «кішкентай», «ақшыл сары» деген сема арқау болған. Яғни бидайдың пішіні мен түсі арқылы меңнің өлшемі мен бетінің түсі берілген. Сұлулық концептісіндегі бидай өнді, бидайдай мең әсемдіктің символы болар әйел табиғатының бет-бейнен сипаттауға негіз болады. Концепт – «ас», «азық», «тоқшылық». Дәнді дақылдардың негізгі сипаты оның әуелі адамға ас, кейбір түрі малдарға азық болғандығын жоғарыда атап өттік. «*Арпа*, бидай ас екен, Алтын, күміс тас екен», «Асың бар ма *арпадай*, Асып жеуге келгенде, Сары аяқ семіз марқадай», «Арпаға кісі тоя ма? Жағы талып қоймаса. Етке кісі тоя ма? Сорпа-суы болмаса», «*Арпа*, бидай ас болады, Сары қауын қақ болады. Сарымайға жаншыған, Сөктің дәмі көп болады», «*Арпасыз* ат қыр аспас, Жәрдемсіз алып жау жеңбес», «*Арпа* жеген ат ойнақтар *Арпа* берген кісіден есек қашпайды», «*Арпа* берсең атқа бер Күртілдетіп шайнасын. Қызды берсең жасқа бер Құшақтасын ойнасын», «*Арпа* жемес арғымақ Ақселеу отқа зар болар», «*Арпасыз* ат Қыр аса алмайды. Арқаусыз батыр Жау ала алмайды», «*Арпасыз* ат жүрмес, Арқасыз алып жеңбес. *Арпасыз* ат шаппас, Тірексіз ер жау алмас», «*Арпасыз* дорбаны Ат иіскемейді», «Су бар жерде ырыс бар Ұстап балық жейсің, *Ақ бидай* егіп, нанын жейсің», «*Ақ бидайдың* қадірін, Ашыққанда білесің. Ағарғанның қадірін Қыс шыққанда білерсің», «Жетімге жеті *бидай* да тамақ», «*Арпа-бидай* ас болады. Сары қауын қақ болады», «Бидайдың жамбасы Тоңға тимей, Елдің аузы нанға тимейді. Бір түйір бидай көз көрім жерге апарады», ««Кеспе көже күн батқанша, *Бидай* көже ел жатқанша, Тары көже таң атқанша», «Бидай күзде пісер, Пайдасы сонда түсер», «Бидай тоңға тимей, Аузың нанға тимейді», «Күріш жеген арымас, Күрмек жеген жарымас», «Күріш дәні үшін егілер, Гүл сәні үшін егілер», «Күріштің дәмін май келтірер», «Күріштің мәні майменен», болады «Жүгерісі барға жұт жоқ», «Диқан болсаң, Жүгері ек. Молда болсаң, Такрар ет», «*Арпа* өскен жерінде, Адамзат өскен елінде».

Концепт – «тоқшылық». Адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайын, тұрмысын испттайтын концептілік өріс. Бұл концепт «аш-тоқ», «байлық-жарлылық», «барлық – жоқтық» сияқты синонимдес қатардың қарама-қарсы жұп категорияларының бір сыңарына қатысады. Аузы асқа, ауы атқа тиді; аузы майға тиді; аузы майланды; аузы-мұрынынан шығу; ішкені алдында, ішпегені артында; не ішем, не кием демейді; аузынан уызы төгілген; аш бүйірін тойғызу; кенеліп қалды; көл-көсір; ағаштан бал, шөптен сүт ағылды; аш бала тоқ

баламен ойнамайды; бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық; ел іші – береке, көп ісі – мереке; жері байдың – елі бай; елде бар ерінге тиеді; Бір түйір бидай көз көрім жерге апарады», ««Кеспе көже күн батқанша, *Бидай* көже ел жатқанша, Тары көже таң атқанша», «Қамбасында дәні жоқтың, Дастарқанында наны жоқ», «Диқан болсаң, Жүгері ек. Молда болсаң, Такрар ет», «Жетімге жеті *бидай* да тамақ». «Ас атасы – нан, нан атасы – бидай» деп, бидайдың калориялық сапасын біліп, одан нәрлі де дәмді тағамдар әзірлей білген халқымыз «тоқшылық» концептісінде аталған тұрақты сөз орамдарды өмірлік тәжірибесінен шығарған. Концептіге қатысқан тұрақты сөз орамдарының астарлы мағыналарын бірнеше таным тұрғысынан ажыратуға болады. Бұл тұрақты тіркестерде дәнді дақылдардың тағамдық ерекшелігін, құнарлығын, қасиетін айта отырып, астарлы ой тастайды.

Концепт – «*молшылық*». Дәнді дақылдар – молшылықтың символы. Мемлекеттік Өнұранымызда берілген «алтын дән даласы» деген тармақтан ақ, оның байлықтың, молшылықтың белгісі екенін біле аламыз. «Мал семіз Төл егіз. Жер семіз Дән егіз», «Дән сақтаған –дәнге, Нан сақтаған нанға жетер», «Нан атасы – дән», «Нанның негізі дән», «Масақтың дәні тәтті», «Қысың қарлы болса, Жер семіз. Көктемнің жаңбырлы болса, Дән егіз», «Көктемде жерге түскен бір дән, Күзгі күнгі мың дән. Дәні толық, Дақылдың дәмі тәтті».

Дәнді дақылдар атауларының лексемасына қытсты тірек концептінің ұлттық-мәдени ерекшелігі, яғни халықтың материалдық және рухани болмысы сөздің лексикалық мағынасында көрініп, айқындалуы арқылы байқалады. Сөздің лексикалық мағынасына семантикалық құрылымдар енеді. Ұлттық-мәдени ерекшелік осы семантикалық құрылымдардан да көрінеді.

Сонымен, дәнді дақылдар атаулары лексемасы когнитивті бірлік (концепт) тұрғысынан ақиқат өмірдің үзігі ретінде алынып, ұжымға тән тілдік бейнен көрсетеді. Екіншілік мәдениетінің ежелден келе жатқан дәстүрлі шаруашылық екенін салыстырмалы тілдік деректер, лигвомәдени бірліктер арқылы айқындалады. Әсіресе, «дәнді дақылдар атаулары» концептісі, осы концептінің лексикалық аясын, аялық білім деңгейіндегі бірліктердің, аялық білімнің тілдік экспликациясын айқындап көрсетеді. Осы арқылы егіншілік мәдениеттің рухани, материалдық мәдениетіндегі негізгі компоненті болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сағидолда Г.С. Түркі-моңғол дүние бейненің тілдік фрагменттері. – Астана: Сарыарқа. 2011. – 304 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. 112б.
3. Омарова С.К. Қазіргі қазақ тіліндегі жұп сыңарлы категориялар болмысы. – Алматы: Эпиграф, 2016. – 212 б.
4. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М., 1986. 442 с.

5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, 4-басылуы. – Алматы: Санат, 1996. – 368б.

6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

## ӘОЖ 81-44

### «АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

*Айтбаева С.А.,*

*№3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі, педагог-зерттеуші  
(Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада «Алпамыс батыр» жырындағы есімдіктердің қолданылуы сипатталады. М. Томанов, А. Ибатов, А. Ысқақов, Р. Әміров, Т. Сайрамбаев, Н. Оралбай сияқты ғалымдар пікірлері басшылыққа алынып, қазақ тіліндегі есімдіктердің қолданыс аясы зерделенеді.

*Кілт сөздер:* «Алпамыс батыр» жыры, есімдіктер, жіктеу есімдіктері, мағыналық ерекшелік, грамматикалық ерекшелік

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы көшпенді өмір сүруінің нәтижесінде халық мұралары хатқа түспей, тек ауыздан-ауызға көшіп, біздің дәуірімізге жеткендігі белгілі. Мұндай жәдігерлер қатарынан эпостық жырлар да ерекше орын алады. Бүгінгі күні ауыз әдебиеті үлгілеріміздің, соның ішінде эпостық жырларымыздың тілдік ерекшеліктері кеңінен зерттеуді қажет етеді.

Есімдіктер туралы сөз қозғағанда, ең алдымен сөз болатын көбіне жіктеу есімдіктері екені белгілі. Жіктеу есімдіктері – жақ ұғымымен тығыз байланысты қолданылады. Лексикалық мағынасы жақтық мағынаны білдіретін есімдіктің бұл түрінің жекеше, көпше, анайы, сыпайы мағынасы да бар. Мысалы, мен жіктеу есімдігі–бірінші жақ жекешелік мағынаны білдіреді де, сөйлемде сөйлеуші қызметін атқарады. Сен - екінші жақ жекешелік мағынаны беріп, тыңдаушы мәнінде қолданылады. Ол-үшінші жақты білдіріп, бөгде адам дегенді анықтайды. Жіктеу есімдіктері сан жағынан небәрі 8 сөзден (мен, сен, сіз, ол – жекеше, біз, сендер, сіздер, олар-көпше) тұратына қарамастан, қолданыстағы ерекшелігімен, грамматикалық сипатының алуан түрлілігімен айрықшаланады. [1, 69].

Қазақ тіл білімінде есімдік туралы алғашқы ғылыми көзқарастар А. Байтұрсынұлы еңбегінен бастау алады. Ғалым сол кездің өзінде жіктеу есімдігін жақпен байланысты қолданылатын сөз табы екендігін айтып, оған мынадай анықтама береді: «жіктеу есімдігі дегеніміз – сөйлеген кезде сөйлеушінің, тыңдаушының һәм бөгдедегілердің жігін ашатын сөздер. Сондықтан жіктеу есімдігі үш жақта болады:



1. Сөйлеуші үшін «мен» дейді, бұл бірінші жақ.
2. Тыңдаушыға сөйлеуші «сен» дейді, бұл екінші жақ.
3. Сөйлеуші тыңдаушы мен өзінен басқаны «ол» дейді, бұл үшінші жақ [2, 226].

Жіктеу есімдігі мен жақ ұғымы ажырамас бірлікте және үнемі адаммен байланысты қолданылады. Жақ ұғымы туралы ғалым Т.Сайрамбаев: «Жақ категориясы – айтушы, тыңдаушы және III бір жақта айтылады да, ол көрсеткіш етістік арқылы көрінеді» дегенді айтады.[28, 34]. Р.Әміров III жақ туралы сөз ете отырып, «жақтық форма іс-қимылдың және оның субъектісінің сөйлеушіге қатынасын білдіреді» – дейді [3, 12]. Біздің бұдан байқайтынымыз, жіктеу есімдігіне анықтама берген кезде ғалымдар арасында пікір қайшылықтары кездеспейді. Барлығы жіктеу есімдігін жақ формасымен тікелей байланыстырып, оның жақтық мағынаны білдіретін сөздер екенін, олардың үнемі адаммен, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде адаммен сабақтастықта қарастырылатынын сөз етеді.

Есімдік сөз табының грамматикалық ерекшелігіне келер болсақ, бұл сөз табының арнайы грамматикалық категориясы жоқ. Сол себепті есімдіктің өзіне ғана тән, тек оған ғана жалғана алатын грамматикалық қосымшалар тілімізде жоқ. Соған сәйкес, жіктеу есімдіктері де морфологиялық көрсеткіштері жағынан көбінесе басқа сөз таптарына, әсіресе зат есімге тән көптік, септік, тәуелдік, жіктік категорияларымен, сын есімге тән сөз түрлендіруші қосымшалармен түрленеді.

Ал жіктеу есімдіктерінің морфологиялық құрылысындағы ерекшеліктер контекст арқылы айқындалады. Есімдіктің бұл түрі контексте басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түскен кезде қолданылу ретіне қарай әр түрлі грамматикалық формаларды қабылдай алады. Жіктеу есімдіктерінің қолданыс өрісінің кеңдігін біздің мақсатымызға орай, олардың Алпамыс батыр жырындағы аса жиі қолданысынан-ақ байқауға болады.

Жыр тіліндегі жіктеу есімдіктеріне талдау жасау барысында біз оларды мағыналық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарастыруды жөн көрдік:

1. Субъектілік қатынастағы мағынаны білдіретін жіктеу есімдіктері. «Алпамыс батыр» жырында олар – мен, сен, сіз, біздер, сіздер түрінде кездеседі. Жыр жолдарынан мысалдар келтірсек:

**Мен** кеткесін, атажан,  
Көрерсің құлдан қорлықты [4, 200 ]  
Аман барып, есен жүр,  
Жолына **мен** бір құрбаның [4, 238]

Алғашқы мысалда мен – бірінші жақтағы жіктеу есімдігін сөйлеуші Алпамыс батыр, екінші мысалда Алпамыстың сүйген жары Гүлбаршын өз атынан қолданған. Тек бір адамның орнына қолданылғандықтан жекешелік мәнді білдіріп тұр. Ғалым М.Томанов мен, сен жіктеу есімдігінің құрамындағы –н о баста түбірдің құрамында болмаған элемент екенін айтып, бұлардың алғашқы нұсқасы ме, се болуы керек деген пікір айтады [2, 324-325]. Бұл

орайда А.Ибатовтың пікірі зерттеуші ғалым М.Томановтың пікірімен қабысады. Ғалым: «жіктеу есімдіктері – тұлғалық жағынан алып қарағанда туынды сөздер» дей келе, мен<ме түбірі мен –н дыбысынан құралған құранды сөздер екенін дәйектейді [5, 22].

**Сен** – бір байдың жалғызы,  
Жаңа өспірім жас бала! [4, 238]

«Таз» дегенмен, бола ма?!

**Сен** берсең, ата, мен көндім... « [4, 216]

Бұл мысалдардағы сен бірінші мысалда Алпамыс, екінші мысалда Тайшық деген ханның орнына қолданылған, сен жіктеу есімдігі берілген мысалдарда екінші жақ анайы түрде қолданыс тауып, тыңдаушыға бағытталған. Сөйлемде зат есімнің орнына қолданылып, кім? деген сұраққа жауап беріп, бастауыштың қызметін атқарып тұр.

Қалжың менен ойынды  
Сақтапсыз **сіз** ішіне» [4, 236].

Бұл мысалда сіз Кейқуат батырдың орнына қолданылған. Мұнда сіз–екінші жақ жекешелік мәндегі тыңдаушы білдіреді, сыпайы түрде қолданылған. Ғалым А. Ибатовтың пікірінше, сіз есімдігі алғашқы кезде тек екі адамды ғана көрсетіп, жұптық ұғымда қолданылған. Уақыт өте келе, өзінің мағыналық шеңберін дамытудың орнына өзіне тән алғашқы жұптық-көпше мағынасынан айырылып, құрмет, ізет мақсатында қолданылатын сыпайылық мәнге ие болған [5, 28].

Қолдай көр бүгін балаңды,  
**Сіздер** жарсыз, **біздер** дақ [4, 231].

Мұндағы сіздер, біздер деп берілуі көптік мағынада тұрғаны анық. Бірақ біз+дер қолданысы біз есімдігінің өзі көптік мағына беріп тұрса да, оған -дер деп тағы да көптік жалғауын үстемелеу арқылы жасалып тұр. Бұл туралы ғалым А. Ибатов «біз, сіз сөздері бі-сі, сі-сі сияқты болып біріккен (I және II жақтық) жеке сөздердің құрамындағы екінші сыңарларының фонетикалық өзгерістерге түсуі негізінде пайда болған -з морфемасы мен I жақтық бі және II жақтық сі сөздерінен құралады. Екіншіден, осы бірігудің негізінде біз, сіз сөздері екі жақтық екі адамды көрсету қалпына түсіп, жұптық-көпше мағынаға ие болады. Үшіншіден, біз сөзі бертін келе мағыналық шеңбері кеңейе түсу нәтижесінде, тек екі адамды ғана емес, сонымен қатар көптеген адамдарды да көрсете алу дәрежесіне жетеді» дейді [6, 28].

1. Меншіктік мағынаны білдіретін жіктеу есімдіктері. Мұндай мағынадағы жіктеу есімдіктері жырда былай беріледі:

Жалғызым **менің** келер ме,  
Көзімнің жасын көрер ме? [4, 245]

Ата, **сенің** сөзінді  
Күніге естіп нетейін [4, 200]

Затың әйел болған соң,  
Ақылың **сенің** кем, деді [4, 238]

Мысалда менің жіктеу есімдігі Алпамысқа қарата айтылып, жалғыз баланың Байбөріге ғана тиесілі екенін анықтап тұр. Туыстық қарым-қатынасты білдіретін жалғызым сөзімен грамматикалық байланысқа түскен. Менің, сенің жіктеу есімдіктері ме-, се- түбірге -нің ілік септігінің жалғауы жалғану арқылы жасалған. Меншіктілік мәнді сөз тіркесінің 1-сыңары меншікті заттың иесін, 2-сыңары меншікті затты білдіріп тұр. Яғни менің, сенің – меншікті заттың иелері болса, жалғызым, сөзің, ақылың – екінші бір затқа меншікті екені көрінеді. Мысалдағы жіктеу есімдіктері I және II жақта келіп иелік мәнде қолданылып тұр. Меншіктік мағына тәуелдік жалғауы арқылы берілгенде заттың кімге меншікті екені де, меншікті заттың не екені де көрінеді. Сондықтан ғалымдар мұндай меншіктілікті деректі меншіктілік деп атап көрсетеді.

Мұндағы басты назар аударатын тағы бір жайт түбірге қосымша жалғанғанда **н** дыбысының түсіп қалуы. Бұл туралы ғалым Томанов: «Ме-нің, се-нің түрінде септеліп, түбірдің соңғы -н элементінің түсіп қалуын түркі тілдерінің даму барысында байқалатын **н** дыбысының тұрақсыздығы деп қарауға да болар еді. Алайда ондай құбылыс басқа септіктер тұсында әсте байқалмайды» деп түсіндіреді [2]

Ал ғалым Н.Оралбай «Бұл ерекшеліктердің сыры ашылмаған, олар туралы әртүрлі пікірлер ғана айтылып жүр. Ілік, табыс, шығыс септіктерінде бір **н** дыбысы қысқарған деген пікірді жақтаушылар көп, бұл **н** дыбысы бірсыпыра түркі тілдерінде қазірде сақталған: миннен, синнен, (татар тілі). Көмектес септіктегі **ы, і** А.Ысқақов айтуынша, ілік септіктің қалдығы (менің – бірлән түрінің қалдығы)» деген пікір айтады [6,183].

Сонымен бірге жіктеу есімдіктері өзінің негізгі жақтық мағынасында қолданылғанда, тәуелдік жалғауының тек абстракциялық меншікті білдіретін түрі -нікі, -дікі қосымшасын да қабылдайды:

Астыңдағы алтын тақ

**Я сенікі, я менікі!**

Тәңірі берсе – **менікі,**

Адам берсе – **сенікі!** [4].

Берілген мысалдарда ме-, се- түбір сөзге -нікі жұрнағы жалғану арқылы жасалып, алтын тақтыңнақтылы кімге меншіктіекендігі көрсетілген. Ғалым Н. Оралбай «Меншіктік мағына жұрнақ арқылы берілгенде, меншіктілік мағынаға қатысты сөздер сөз тіркесінде қолданылғанда ғана, меншіктілік мән нақты көрінеді. Қазіргі әдеби тілімізде меншіктілік мағынаның екі жолы да қолданылады. Алайда тілде меншіктілік мағынаның тәуелдік жалғау арқылы берілуі белсенді қызмет атқаратынын, жұрнақ арқылы берілуі сәл бәсең екенін байқауға болады» деген пікір айтады [7, 184].

1. Заттың, іс-әрекеттің бағытын білдіретін жіктеу есімдіктері

«Алпамыс батыр» жырында маған, саған, оған түрінде берілген.

Әке **маған** отау, бер,

Тігейін барып саяға [4 216]

Бұл жерде барыс септігінде келіп, іс-әрекеттің қимылдың кімге бағытталғанын білдіретін маған жіктеу есімдігі бірінші жақта жекеше түрде септеліп, сөйлеушінің атынан айтылып, ханның қызы Қаракөзге отаудың керек екендігін айқындап тұр.

Ата, **саған** келгенім,  
Келіп, сәлем бергенім [4, 247]  
Еркелігің қалмапты,  
Алпамыс, **саған** не дейін [4, 206]

Бұл мысалда сен есімдігі екінші жақтың анайы түрінде барыс септігінде қолданылып, тікелей тыңдаушыға бағытталып, бағыттылық қызметті білдіріп тұр. Сөз бірінші мысалда Алпамыстың әкесі Байбөріге, екіншіде батырдың өзіне қарата айтылып, мағынаның жалпылық қасиетін білдіреді.

Ойына алса бір жерді,  
Бір бармай **оған** қайтпайды [4, 217]

Осы мысалдағы оған - үшінші жақ жекеше түрде нысанға қатысты жалпы бағыттылық мағынада қолданылған. Алдыңғы мысалдардан өзгешелік, бұл жерде барыс септігіндегі жіктеу есімдігінің субъектіге емес, объектіге байланысты айтылуында, яғни бір жерге барам деп ниеттенсе, сол жерге міндетті түрде барады деген мағынаны білдіреді.

Дәргейіне жылаймын,  
**Біздерге** қиын, **сізге** онай [4, 212]  
Әдісің көп халықсың,  
**Сендерге**, сірә, сенбеймін [4, 212]

Берілген мысалда біздерге, сіздерге -көптік мағынадағы бірінші, екінші жақ жіктеу есімдігі барыс септігінде келіп, бағыттылық мағынаны берсе, сізге-екінші жақ жекеше тыңдаушыға қаратыла айтылған.

Қимылдың нысанын білдіретін жіктеу есімдіктері жырда төмендегідей берілген:

**Сол** баланың шешесі –  
**Мені** мыстан дер еді [4, 204].  
Кеше күндіз Құдайдан,  
Алпамыс, **сені** тіледім [4, 204].  
Жұрметүз айтты: «Падишам,  
Жүр едім **сізді** пісіре  
Жәдігерге келеді,  
**Оны** да салып қалады [4, 255]

Бұл мысалдардағы барлық жіктеу есімдіктері табыс септігінде келіп, жекешелік мағынаны білдіреді. Мені-бірінші жақ, жалпылық мағынадағы жіктеу есімдігі сөйлеушінің атынан баяндалса, сені, сізді деген екінші жақ анайы, сыпайы түрде тыңдаушыға қаратыла айтылса, оны- Жәдігерді дегеннің орнына қолданылған.

2. Салыстыру мәнді жіктеу есімдіктері. Эпос тілінде жіктеу есімдігі салыстырмалы мәнде де көрініс тапқан. Мысалы:

**Мендей** болып жылағыр,

Тарта бер, жұртым тарта бер!![4, 253]

**Мендей** болып қақсағыр,

Тарта бер, жұртым, тарта бер![4, 253]

Бұл мысалдардағы мен жіктеу есімдігіне –дей теңеу мәнді білдіретін сөз тудырушы сөзжасамдық жұрнақтың жалғануы арқылы мендей деген жаңа сөз жасалған. Оның бұл мысалдарда етістікпен тіркесіп келіп, қалай? деген сұраққа жауап беріп, үстеу қызметін атқарып, сөйлем мүшесі жағынан пысықтауыштың қызметін атқарып тұрғанын тек контекст арқылы анықтай аламыз.

Мәселен, салыстырмалы түрде, егер **мендей адам** деген еркін тіркесті алып қарайтын болсақ, бұл жерде мендей сын есім қызметін атқарып, қандай? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде анықтауыштың қызметін атқарады. Бұдан шығатын қорытынды, сөздің грамматикалық сипаты мен ерекшеліктері оның басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түскен кезінде контекст аясында анықталады деп тұжырым жасауға болады.

**Мен сияқты** қу бас шал,

Не деп жауап береді?! [4, 249]

Бұл дүниеде бар ма екен

**Мен секілді** ақымақ?! [4, 231]

Берілген мысалдардағы мен сияқты, мен секілді деген қолданыстар мендей сөзімен мағыналас, синонимдік қатар құрайтын мәндес сөздер. Жыр жолдарынан келтірілген үзінділерде мен жіктеу есімдігі сияқты, секілді деген модаль сөздермен тіркесіп келіп, сын есімнің орнына жұмсалып, зат есіммен, заттанған сын есіммен грамматикалық жағынан байланысып, сөйлемде анықтауыштың қызметін атқарып тұр. [8, 45].

Қорыта келгенде, жіктеу есімдіктері грамматикалық сипатымен ерекшеленетін, көбінесе зат есімдерге тән грамматикалық категориялармен түрленетін сөз табы. Бұл есімдіктердің грамматикалық ерекшеліктері басқа сөздермен байланысқа түскен кезінде анықталып, дәйектеледі. Сол себепті, жіктеу есімдіктерінің табиғатын тану үшін олардың контекстік қолданысына аса мән беру қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сайрамбаев Т. Жақ категориясының функциональдық көрінісі. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 187 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Санат, 1997. – 286 б.
4. Баскаков Н.А. Соотнесение значений местоимения в тюркских языках // АН СССР, 1951. – № 1. – 134 с.
5. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлекенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1992. – 163 б.

6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2–басылымы. Филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: – Алматы, 2007. – 390 б

8. Есенов Қ.М. Есімдіктердің сөзжасамы // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. Филология сериясы. –1989. - №1. – 26–29 б.

## ӘОЖ 82-1

### ЖӨКЕЙ ШАҢҒЫТБАЙҰЛЫ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

*Муса Тамаша,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты (Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстанның батыс аймағында, оның ішінде Ақтөбе өңірі де халықтық қазынаға бай өлке екендігі, Ақтөбе өңірінің тумасы эпик ақын Жөкей Шаңғытбайұлының шығармашылығы, дастандары туралы, ондағы өзек болған оқиғалардың өмірден алынғандығы туралы жазылады. «Орқабай алып», «Кене хан», «Елемес-Аман», «Опасыз жар», «Құл мен қыз» және т.б. дастандардағы тақырып пен идея сипатталады.

**Кілт сөздер:** Батыс аймақ, Жөкей Шаңғытбайұлы, Эпик ақын, дастандар, заман шындығы, тақырып, идея

Қазақстанның әр аймағында кең құлашты эпик ақындар өмір сүрген. Халық барда, әдебиет барда халық арасынан небір сөз жүйріктері шығуы – заңды құбылыс.

Қазақстанның батыс аймағында, оның ішінде Ақтөбе өңірі де – халықтық қазынаға бай өлке. Ақтөбе өңіріндегі сөз өнері «Ойыл көздің жасы еді...» деп тебірене толқыған Асан Қайғыдан бастау алады. Желмаясымен Жерұйықты іздеген қарияның өмірінің біраз бөлігі осы өңірде өткен деген дерек бар. Қарға бойлы Қазтуған да ел Еділден түп көтерілгенде осы маңда жырдан гауһар шашқан. Еңсегей бойлы ер Есімнің тұсында сөз ұстаған әйгілі әскербасы, даңқты жырау Жиёмбет те бір кездерде қазіргі Ойыл ауданының аумағында ордасын тіккен деседі. Әбілқайыр, Нұралы хандардың қабырғалы бий, мың жылдығын болжаған данышпан Мөңке бидің де кіндігі осында кесілген.

Халықтың шынай өмірінен алынған шындық оқиға – тарихи дамудың заңдылығын құрайтын жалғыз нысана. Дәуірлер сипатынан табиғи

дамудың бел-белестерін, алған асу, шыққан биігін пайымдап, кешегі мен бүгіннің арақатынасын ажыратуға, өзгенің өресі жетпес жорамал деректердің жанды-жансыз жобасын жасауға болады. Осы ретте көз жетер тарихын қаламен аттап, қағазға тақтап қойған елге қызыға да, қызғана да қарайсың. Хаттаулы тарих – халық болмысының рухани, мәдени өрісіне берілген төлқұжат. Ондай елдің әлемдік дамудағы кімнің-кім болғанын сарапқа салар тұста алдына жан салмай кететіні де сондықтан. «Ақтөбе – ежелгі жыр мен күйдің мекені», – деп белгілі ғұлама ғалым Р.Бердібай өткен ғасырда баға берген. Қазақ әдебиетіндегі батырлар жырдың басым көпшілігі осы аймақта туған. Эпикалық жырларды тудырушылар ғана емес, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізген арқалы жыршылар да мұнда мол ұшырасқан. Мысалы, Н.Байғанин әрі эпик ақын, әрі жыршылық дәстүрді сақтаушы болған. Нұрпейісті өз үйінде әлденеше рет қонақ қылып, жыршылық өнерін тексерген ақын Ә.Тәжібаев: «Біз әдетте «Қырымның қырық батырын» Мұрын жырау айтты дейміз. Ол рас, бірақ бұл батырларды Нұрпейістің де бір кезде айтқанын ұмытпауымыз керек», – деп куәлік береді. Осылайша эпостардың ұрпақтан ұрпаққа жетуі өз кезегінде эпикалық жаңа жырлардың тууына себепші болған. Ақтөбе жеріндегі есте жоқ ескі заманнан атадан балаға жалғасқан ол дәстүрдің Кеңес дәуіріндегі көрнекті өкілдерінің бірі Жөкей Шаңғытбайұлы болатын.

Жөкей Шаңғытбайұлы кім? Оны қазіргі буын біле ме? Білсе, қандай шығармалары арқылы таниды? Жөкей ақынның есімі алғаш рет Ә.Қоңыратбаевтың филология факультеттерінің 1-курс студенттеріне арналған «Қазақ фольклорының тарихы» атты оқулығына [1, 244-249] енген. Оқулықтың ақынның «Кұл мен қыз» дастанына біршама талдау жасалынған

Жөкей 1901 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында дүниеге келеді. Бала кезінен осы аймақтағы жырланған эпостарды жатқа айтуға дағдыланады. Кейіннен өзі де жанынан дастандар шығарады, олары «Кене хан», «Елемес-Аман», «Кұл мен қыз», т.б. Жөкей шығармаларын туысы Жәкібай Сағынбайұлы жатқа айтып, ел ішіне таратады. Жыршылық өнер қазір кейбіреулер айтып жүргендей оңай шаруа емес. Эпикалық жырларды жатқа білу – қиын іс, ал оны айтқанда ел-жұртты ауызға қаратып ұйыту – одан да қиын. Жыршылықтың әуезді дауыс, саз аспабында (қобыз, домбыра) шебер ойнаудан өзге де толып жатқан кілттипандары бар. Әр аймақтың өзіндік жыр айту машығы дейтін тағы бар.

«Өкінішке қарай Жәкібай, Садуақас, Құдабайлардан соң, Ақтөбе өңірінде бұл үздік өнер үлгісі мүлдем мүсәпір күйге түсті. Мұрағаттардан шаң басқан, күзелген, «түзелген», жүдеген эпикалық жырларымызды табуға болатын шығар, бірақ аймақтағы жыршылық үлгісін қайыра табу қиын шаруаға айналарына күмән жоқ. Отарлық езгі кезінде Ақтөбе облысын ұзақ уақыт басқарған өзге ұлт өкілдері жыршылық өнерімізді, аталған саңлақ өнерпаздарымызды кейін серіпті. Тәуелсіздік алғалы да нешеме жыл, әйткенмен, отаршылдар қалыптаған сол «дәстүр» әлі де өзінің берік ұстынын бұзбай, «өміршеңдігін» нақты іс жүзінде көрсетуде» [2, 14], – деп қынжылыс білдіреді әдебиет зерттеуші ғалым Жұбаназар Асанов.

Жөкей шығармаларын насихаттаған Жәкібай Сағынбайұлының жыршылық шеберлігін баяндасақ, ұзақ әңгіме. Сондықтан аттамалап оның шәкірті Сәдуақас жыршыға түсейік. Сәдуақас Құлжабайұлы немере ағасы Жөкейдің хисса-дастандары, шежірелерін Жәкібайдан үйреніп, одан әрі жалғастырады. Жөкей мұраларын жинақтап, баспаға беріп, жарыққа шығарамын деп көп арпалысады. Советтік дәуірде ол мұратына жете алмай 80-жылдары дүниеден озады. Жиған-тергені талапайға түсіп, көрінгеннің қолтығында кетеді.

Жөкей ақынның «Құл мен қыз» дастанын ең таңдаулы жырлардың қатарына қосуға болады. «Құл мен қыз» жырының екі нұсқасы халық арасына кең тараған. Бірі – халық ақыны Жөкей Шаңғытбаевтан, екіншісі – Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Науқанов Бақтыгерейден жазылып алынған. Бақтыгерей нұсқасынан гөрі Жөкей варианты көркемдігі жағынан болсын, оқиға баяндауы жағынан болсын жинақы, сұлу шыққан. Жырда Балпаң байдың қызы Әйім мен құлы Талайлы арасындағы махаббат хикаясы баяндалады. Бірде ұлан-асыр той өткізіп, біздің Қыз Жібек сияқты Әйім сұлу да жардан жар таңдайды. Сол тойда Талайлы бас палуан атанып, аты бәйгеден келеді. Жамбыны атып түсіреді. Әйім Талайлыға ғашық болып қалады, бірақ «құлға» қосылуға рұқсат жоқ. Содан екеуі қашады. Қуғыншылар сондарынан жетіп жігітті өлтіреді. Ілгері кеткен қыз мұны білген соң өзін-өзі суға тастап, мерт болады. Ақтөбе облысының территориясында «Құл», «Қыз» аталатын жерлер бар. Жер атауына байланысты ескі аңыз бар. Ақын сол аңызды дастанына арқау еткен. Дастан жайын жетік білетін профессор Әуелбек Қоңыратбаев та: «XIX ғасырдың соңына қарай туып, ел аузында сақталып келген жырлардың бірі – «Құл мен қыз». Оның оқиғасы «Мақпал қыз» сюжетіне ұқсас. Жырдың екі түрлі нұсқасы бар: бірі – халық ақыны Жөкей Шаңғытбаевтан, екіншісі Бақтыгерей Науқанұлынан жазылып алынған. Бұл екеуі де Ырғыз ауданының ақындары. Жөкей нұсқасын Ырғыз ауданы Ұзынкөл ауылсоветіне қарасты орта мектеп мұғалімі Бітірбаев жазып алып, Қазақ ССР Ғылым Академиясына жіберген. Бұл нұсқа көркем, әрі қызықты» [1, 248], – дейді.

Эпик ақын «Опасыз жар» атты дастанын «Қожағұл – ақсақал ед кәрі құлақ, бір күні әңгімеге қандым сұрап» деп бастайды, яғни сюжетті Қожағұлдан алғанын айтады. 1937 жылы туған Сәкенай Бимағамбетұлының айтуынша, Қожағұл – Бимағамбеттің әкесі. Асанбайұлы Қожағұл 1945 жылы өмірден өткен. Бабан көнектер «Сарыкемпір», «Қаракемпір» деп екі аталыққа бөлінеді. Жөкей Сарыкемпірі де, Сәкенай мен жыршы Жәкібай – Қаракемпірі.

Шөмекейлер ортасында әншілік, жыршылық дәстүр кең өркен жайған. Мысалы, Қарақалпақтың әйгілі ақыны Әжінияз Қосыбайұлымен айтысқан, қазақтың 16 ақынымен жұмбақ айтысқа түскен Ырысты – Шөмекей ішінде Аспан. Атақты Дүр-Оңғар – Бозғыл, Базар жырау да – Бозғыл, оның ішінде Балқысы. Қаңлы Жүсіппен айтысатын Төлеген де, Шораяқтың Омарымен айтысатын Нұрмақан да осы Шөмекей руынан. Баспан, Жұрбай (Шерубай) сияқты жыр жүйріктері де Шөмекейден шыққан. Қадым заманнан тартып



үзілмей келе жатқан дәстүрлі мектеп совет тұсында талқандалған. Ол ол ма, Сырдағы Шөмекей мен Ырғыздағысы бір-біріне жат болып кеткен.

Жөкей ақынның «Айша қыз» дастанында әйелі өлген, жасы алпыстан асқан ақылды хан қайта үйленбек боп қыз таңдайды. Бір ауылға жақындағанда өткінші жаңбыр жауады. Отынға тезек тереміз деп жүріп жауын астында қалған үш қызға кездеседі. Біреуі үстіндегі шапанын шешіп қап үстіне жауып тұр екен, тезек су болмасын деп. Хан қыздың ақылдылығын байқайды. Бұл сюжет атақты Жиренше шешен мен Қарашаш сұлудың алғашқы кездесуін баян ететін аңыз әңгімеден алынғаны байқалады. Хан қыздың ауылына келген соң: «Дүниедегі ең тәттіні, ең қаттыны, ең ауыр мен ең жеңілді айтқан адамға үлкен сый беремін» деп жарлық шашады. Еш пенде шеше алмаған соң, қыз шешеді. Бұл да ел аузында бар сюжет. Хан ордасына оралған соң қызға құда түсуге уәзірлерін жібереді. Қыз қалың малына мынадай заттар беруін сұрайды:

«Қалыңым – жиырма бойдақ бойлаған бой,  
Одан соң отыз қошқар, қырық құнан қой,  
Осыны ойдағыдай тауып бермей,  
Сәлем айт ханыңызға болмайды той.  
Және елу егеу берсін бәрі қырлы,  
Алпыс қыл арқан берсін бәрі ақ түрлі.  
Жетпіс құр ноқта берсін сағағымен,  
Болмасын нәзік нашар бір де бірі.  
Тағы да берсін сайлай сексен шідер,  
Таппаса оны ханың үзсін күдер,  
Аяғы тоқсан торғай, жүз жұмыртқа,  
Ханыңыз ауыр-жеңілін өзі-ақ білер» [3, 77].

Мұны естіген хан жұмбақты сөздің астарын ұғып, қатты қапаланады, ойға қалады. Әрі қарай оқығанда халық әдебиеті оқиғаларын жүлге еткен дастан тыңдаушысын өзіне қызықтырып, тереңіне тарта береді. Жөкей өз дастанының ел арасында жыршы арқылы ауызша тарайтынын, бір емес, бірнеше сазбен айтылу қажеттігін ескеріп, соған ыңғайлап буын, бунақ санын өзгертіп құбылта жазады. Көркемдік бояуын сан түрлендіреді. Мәселен, Айша қыздың көңілденіп қуанған сәтін:

Ақ Айша қайтты қуанып,  
Жабыққан көңілі жадырап,  
Жас баладай уанып,  
Толықсып айдай нұр жүзі,  
Тоты құстай сыланып,  
Алды-артына қаранып,  
Аққудай бойын таранып,  
Сәулеттеніп сәнденді  
Өңкей жібек оранып.  
Күйгелек көзі күлімдеп,  
Таспадай белі бұралып,  
Алмадай жүзі албырап,

Жібектей шашы оралып,  
Алтайыдай бұлаңдап,  
Арғымақ аттай сылаңдап,  
Опа, далап жағынып,  
Ақ маңдайы жылтырап,  
Жұпардай исі бүрқырап,  
Алтын алқа жарқылдап,  
Танадай көзі жалтылдап,  
Буындары былқылдап,  
Маржандай тісі жылтылдап [3, 87], –

деп суреттеуін оқығанда атақты «Қыз Жібек» жыры еске түседі. Ақынның бұл жолдары «Қыз Жібектегі» ең тәуір жолдармен пара-пар, әрі жалқы емес, дастанның әр тұсында атой салып тыңдаушысының делебесін қоздырып отырады.

Жөкей көшпенділік дәуірді өз көзімен көргендіктен, үнемі ат үстінде жүріп туған жерінің ой-шұқырын, сұлу табиғатын бес саусағындай білетіндіктен, жан-тәнімен сезінгендіктен табиғат құбылысын суреттеуге келгенде де іркілмей көсіледі. Сөзіміз құрғақ болмас үшін мысал келтірейік:

Бір уақыттар болғанда,  
Болжалды мезгіл толғанда,  
Түрілді түннің пердесі,  
Көрініп әлем көңілді,  
Сәулеленіп алтын таң,  
Жаһанға нұры себілді.  
Ескектеп салқын самал жел,  
Бұлт іргесі сөгілді,  
Гүл, жапырақтар мөлтілдей  
Шыққа белден көмілді.  
Күн күлімдей көрінсе,  
Жұлдыздар көктен серілді,  
Шырылдай ұшты боз торғай,  
Құттықтай шаттық өмірді,  
Гүлбақшадан бұлбұлдың  
Құйқылжи үні төгілді,  
Қаңқылдаса қаз бен қу  
Өзге құс шулай өңірде,  
Көлді ың-жың ғып көшірген,  
Шағала, қызғыш көгінде.  
Күн көтеріліп бір кезде,  
Дымқылы жердің кебінді,  
Мұнарадай созылған  
Көлеңкелер де шегінді... [3, 97].

Татаусыз төгілген жыр, өзгеше өрім, мінсіз сурет тыңдаушысын тұңғыығына біржолата тартып алып кетеді. Бұған Ырғыз өңірінде сол тұста

өмір сүрген Жәкібай, Садуақас сияқты әйгілі жыршылардың күйқылжыған даусы мен мың құбылған сиқырлы сазы қосылса эстетикалық әсері қандай боларын болжап айтудың өзі қиын.

Ақынның Орқабай алыпқа қатысты ұзақ дастаны алты тармақтан тұрады. Олары «Орқабай алып», «Жұтаған ел жұмылады диханға», «Шоңбас», «Қара кетпен», «Дөң арық» және «Ақ нар». Бұл тармақтардың сюжеті әр бөлек болғандықтан бөлек-бөлек поэмалар түрінде де қарастыруға келеді. Сірә, ақын әрқайсысын әр кезеңде жазса керек. «Қара кетпендегі» басты кейіпкер – Орқабай. Оқиға басты кейіпкер төңірегінде өтіп жатады. Ал «Шоңбастың» оқиғасы өзгешелеу, әңгіме туысы, тұрпаты бөлек тұлпар аттың төңірегінде. Шын мәнісінде өмірде болған, көрген адам таңырқарлық тұлпардың кескін-кейпі төмендегідей:

Бір ат бар Шөмекейде аты Шоңбас,  
Тұлғасын көрмеген жан айтса нанбас.  
Болыпты басы ғана алты қарыс,  
Жылқының алыбы еді керік заңдас.  
...Тұрса да жүз жылқының ортасында,  
Алыстан көз тез түсед тұлғасына,  
Жылқыдан жанындағы бір кез биік,  
Өркеш жоқ түйе деуге арқасында [3, 53]

Әйтсе де, мұнда да Орқабай алып басты кейіпкердің бірі болғандықтан бұл тармақты да «Орқабай алып» деп аталатын дастанға енгіздік. Орқабай өмірде болған адам. Аттың алыбы – Шоңбас болса, адамның алыбы – Орқабай. Орқабайдың бейнесі Жөкей жырында былай таңбаланған:

Орқабай сол ауылдан шыққан алып,  
Дегенді нелер мықты жыққан алып,  
Егессе елу батпан жүк көтеріп,  
Талайды діңкелетіп құртқан алып.  
Орқанның пішіні алып, піл секілді,  
Екпіні тасқан дария Ніл секілді,  
Алып ер ашу қысып ақырғанда  
Дауысы күркіреген күн секілді [3, 18]

Эпик ақынның «Екі қожасы» да ел аузындағы ескі әңгімеге құрылған. Юморы басым, тез оқылады. Өнегелік мәні бар. «Елемес-Аман» дастанының сюжетіне шөмекейлер ортасындағы алып қашты ауызша әңгіме негізге алынған. Дастан ә дегеннен-ақ қазақ халқы бұрын надан болды, жаман болды, өзді-өзді қырқысты, Ұлы Октябрь Революциясының арқасында ғана көгеріп, көктеді деген идеяны басшылыққа алып, советтік идеология тұрғысында жазылған. Жырдың басындағы:

Мәдени білім кем болған,  
Ауыздары ала боп,  
Сырт дұшпанға жем болған.  
Өзді-өзі жау болып,  
Күй-тұрмысы күйзеліп,

Шаруасы өте шайқалған [3, 197], – деген жолдар шығарманың өне бойына негізгі арқау болып өрілген идеяны аңдатып тұрады. «Дәме сұлу» дастаны да отарлық езгі, құлдық бұғау кезіндегі саясат ыңғайына орайластырылған. Әйтсе де, ақынның ой-қиялының жүйріктігі, оқиғасының сенімділігі, көркемдегіш шеберлігі бұл дастаннан айқын көрінеді. Көлемінің үлкендігіне қарамастан оқырманын жалықтырмайды, шым-шымдап тереңіне тарта береді.

Жөкей Шаңғытбайұлы дастандары қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген соң ғана жарияға шығып отыр. Жырлардың тақырыбы мен идеясы ақынның қиялынан емес, халық арасындағы болған оқиғалардан туындаған. Халық туындылары әр түрлі нұсқада жырлана береді. Жөкей ақын нұсқасы көркем де жинақы, шындыққа сай келеді. Жөкей Шаңғытбайұлы шығармалары халық барда жасай бермек.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі: 1991. – 279 б.
2. Асанов Ж. Жөкей ақын // Жұлдыз. – 2012. – № 11. – 251-258 б. ISSN 0134-3580.
3. Жөкей Шаңғытбайұлы. Дастандар. Құрастырған – Ж.Асанов. – Алматы: Ел-Шежіре, 2007. – 288 б.

ӘОЖ 82-1/9

### БӨКЕЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

*Дабылова Г.С.,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының 2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Сабыр М.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор*

*(Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа. Мақалада Оралхан Бөкейдің әдебиетке жасаған алғашқы қадамдары мен оның Ұлы жазушы болып қалыптасуы туралы баяндалған. Автор өз шығармаларында кейіпкерлердің ішкі жан дүниесінің мөлдірлігі мен тазалығы, монологтары мен диалогтары сияқты әдеби аспектілерге де тоқталады. Оралхан шығармаларындағы басты тақырыптардың бірі – Алтай өңірінің пейзажы.*

*Кілт сөздер. оқиға, қаһарман, сюжет, композиция, ғылыми стиль*

Тіл – қай елде, қай ұлтта болмасын, қадірлі де құдіретті, қастерлі. Кез келген ұлттың болмысын, ұлылығын, кісілік келбетін, биік парасатын танытуда тілден артық, сөзден артық күш бар ма? «Сөз өнеріне жұмсалатын зат-сөз. Сөз шумағы тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалатын сөз шумағы да тіл (я лұғат) деп аталады» – деген болатын тіл білімінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы. Өмірдің көркем шындығын кернеуін келістіре, дәуір көшіне ілестіре отырып, тап басып айту мен ұшқыр ой, салиқалы талдау да публицист қаламының қарымдылығына тікелей байланысты.

Ұлттық публицистикада өзінің үнімен, ерекшелігімен, өзгеге ұқсамас дара стилімен әр түрлі жанрды тақырыптық, пішіндік, мазмұндық жағынан байытқан жазушы, қаламгерлеріміздің бірі де бірігейі – Оралхан Бөкеев.

Оралхан мектепте оқып жүрген кезінен-ақ өзінің журналист, жазушы болғысы келетінін айтады екен. Мектеп бітіру кешінде жиылған ата-аналар мен мұғалімдер алдында: – «Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлуландырды. Біздің Өр Алтайдың сұлулығы одан әсте кем емес. Бірақ оны жырға қосып, сұлулығын көрсететін ақын, жазушылар жоқ десек қателеспейміз. Мен Алтайдың сұлу табиғатын, сарқылмас байлығын танытуды мақсат етемін. Сондықтан да мен жазушы болуды армандаймын. Адам арманын алдына мақсат етіп қойса, оған жетуге тиісті. Мен де мақсатыма жетемін деп сенемін», – деген екен [1]. Иә, асқақ арман, үкілі үміт өшпеді. Алла ақ тілекті, ақ ниетті қабыл алды. Өр Алтайдың өр де өжет ұлы мақсатына жетті. Қаламгер атанды. Қатардағы емес, әрине. Киелі Алтайдың тамаша табиғатын көркем тілмен кестелеген бірегей суреткер көркемөнер көкжиегін кеңейтті, қазақ прозасын көкке көтерді. Сөйтіп Оралхан өзгелерден озып туып, озық тұрды. Осылайша, Ару Алтай мен Оралхан есімі қазақ әдебиетінде қатар астасып қала берді. Тарих сахнасы мұны ешқашан жоққа шығара алмайды.

«Менің повестерімдегі, әңгімелерімдегі барлық сюжеттер туған жер туралы естеліктер, жас шақтағы болған оқиғалармен байланысты, – деп жазады автор. Менің жерлестерім қазақтар – мінездері бір қалыпты, адал және жүректері ашық адамдар. Әйтеуір, не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырыстым», – деген болатын жазушы О. Бөкей.

Оралхан Бөкей халықтың маңызды қоғамдық мәселелерді көтеруге ат салысып, оқырманды жақсы мінезге, әділдікке баулуға, әдеби талғампаздығын тәрбиелеуге, қалыптастыруға, дамытуға дәнекер болып қалам қайратымен күрескен публицисттің еңбегін жинақтап, сараптау жасайтын шақ туған секілді. Іздену барысында жұмысымыздың негізгі арқауы болған қаламгердің шығармашылығын зейінмен зерттеп-зерделеуге талпыныс жасадық. Бұл талпынысымызға негіз болған нәрсе бұрын-соңды ғылыми айналымға енген тақырыптың сонылығы мен өзектілігі еді. Осы күнге дейін Оралхан туралы әртүрлі дипломдық жұмыс, ғылыми диссертация жазылып келді. Бірақ жоғары оқу орындарында Бөкейтану ғылымының зерттелуін оқыту туралы тақырып еш жерде жазылмады.

Бөкейтану ғылымының қалыптасуы 1979 жылдың аяғы мен 80 жылдардың басында басталды.

Бөкейтану ғылымының қалыптасуы 1979 жылдың аяғы мен 80 жылдардың басында басталды. Өйткені сол уақытта әдебиетсүйер жас қауымның пір тұтқан шын сүйікті жазушысы Оралхан Бөкеев еді. Сол кездің өзінде-ақ Оралханның шығармашылығына баға берген пікірлерден үзінді келтірсек: «Жалын» әдеби-көркем және қоғамдық-саяси альманахтың 1985 жылғы №3 санында 95 –ші бетінде мынандай пікірлер бар:»Бөкеевтік прозаның әуені мұңлылау, әрі мұнтаздай болып келеді, сондықтан әсері күшті: жалғыз басты адам, жалғыз киіз үй, оқшау жаратылған тау, оның үстіндегі күн, және иесіне адал аттың жалғызсырай тықыршуы...»

Владимир Личутин Москва «О. Бөкеев тіл мұраты мен сөз шырайынан өмірлік әсер мен адам көрген, табиғат көрген, тұрмыс көрген, мінез танытып, құлық аңғартқан, о баста жамбасына топырақ қалың жұққан, сондықтан әрі – беріліктен таза, жазған сөйлемі кібіртек, жасаған характері шеміршек шықпайтын, қысқасы әуелден-ақ уызынан жарыған келістідарын иесі».

Әбіш Кекілбаев Оралхан Бөкеев әдебиетімізге өз өрнегімен келген жазушы. Ол алғашқы әңгіме – повестерінен –ақ («Қамшыгер», «Үркер») оқушысын бірден баурап әкетіп еді. Жазушының ой мен сезімді қатар өрген шығармалары бірде тұңғыық ойға жетелесе, бірде асқақтыққа, өршілдікке тарта беретін. Сондықтан да жазушының алғашқы шығармаларындағы толғау-толғаныстары кең тынысты, өзгеше үнді болып шығатын. Олардан бірде романтиканың құштарлықты, бірде публицистік отжалынды, бірде реалистік өткірлікті, енді бірде сағыныш –мұңға бөлейтін лирикалық әуенді айқын аңғарар едік [2].

Ұлы драматург Б.Шоу «Әрбір талантты жазушы ең әуелі өз замандастары жайлы жазуы тиіс» деген екен. О. Бөкеев те қолына қалам ұстағаннан–ақ өз замандастарының мұны мен қуанышын шынайы суреттеуге тер төгіп келеді. Бұл ретте автордың өзі де: «Әйтеуір не жазсам да өз заманымды, сол заманда табан ет, маңдай терін жұмсап жүрген қарапайым еңбек адамдарын тілге тиек етуге тырысамын», - дейді. Оралхан не жазса да, қанымен, жанымен жазған. Очерктің өзіне ол жаңа леп, әр қосып, көркем шығарма деңгейіне көтерген. Қайда да бояуы, эмоциясы, ағысы, өрісі -жалпы Бөкей стилі айдан анық, Құс жолындай сайрап жатыр. Заман талабын онан жетік ұғынған, ілескен каламгер екеу болса – бірі, жалғыз болса өзі. Құдай дарытқан, төгіліп тұрған тілі, ешкімге ұқсай бермейтін мінезі, интонациясы, эрудициясы, есіле сөйлейтін шешендігі, лирикалық шалқымалары, әдібі анық, иінің қанығы оны ешқашан тұйыққа тірмей, шүйгін өріске жетелеп отырады. Журналистік кәсіптің шырағын жиырмажасында жағып, Большенарым аудандық «Еңбек туы», облыстық «Коммунизм туы», «Лениншіл жас», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» басылымдарының қатардағы әдеби қызметкерлігінен Бас редакторына дейінгі 30 жыл, оны жазу өнерінің атжалында ойнатқаны жұртқа мәлім. Онда өлі дүние жоқ, 86 буырқанып, бұрсанып, ойнақшып, аунап-төңкеріліп жатқан мәңгі қозғалыстағы әлем, ағыс

бар. Шығармаларындағы романтикалық сарын, сөзді қызықтау, төгілте баяндау сол толқынды қуған толықсып тұрған жайсаң табиғаттың, көзде, жүректе тұнған ғашықтықтың тілсіз тілмен жырлаған әлем қойнауына енесің. Адам табиғатын да, табиғаттың өзін көру, сезіну үшін ақын жүрек, сыршыл да сезімтал көкірек, жан-дүние қажет.

Оралхан ол жағынан жарлы болып жаратылмаған, өнердегі алғашқы адымы өлең жазудан басталған. Замандастарының естеліктеріне үңілгенде, Оралханның ішімдікке әуестігі болмаған, соның өзінде үнемі алпыс екі тамыры алаулап, жауар бұлттай түнеріп, толқып үнемі шабыт үстінде жүрген. Байқап, байыптағанда, Оралханда шабытсыз бірде бір дүние кездеспейді. Уақыт, дәуір толғағы Оралханды толғандырса, толғанып кеткенде ол сол заманға дәру боларлық толымды туындыларын құйындай үйірілген шабыт үстінде төгіп тастап отырыпты. Ұлтын сүйген, Отанын сүйген намысшыл, сезімтал, секемшіл жүрек өзі өмір сүрген, жақсы-жаманды қызметтерін атқарған қоғамға көзсіз табынбай, коммунистік идеология аузына қақпақ қойып, кейде қуатты қаламды қаңтаруға мәжбүр еткен шақта да ебін тауып, жанын жегідей жеген, халықтың басынан төніп, тұқырып тұрған трагедияларды орайын келтіріп, тұспалмен, аллегориямен орап, ойлы жанның көкірек көзімен сезінуіне мүмкіндік жасады. «Отбасындағы екеу», «Біз қандаймыз осы?», «Мезгіл әуендері», «Жұлдызжауғантүндер-ай», «Табиғатөмір-адам», «Үйкым келмейді», «Жылылық» мақалалары бейнелі, астарлы, әшекейлі фразеологизмдермен жасанып, оранып, ғылыми дерек көздері көкірек құлағына сіңіп, көбесі сөгілмей жатқан, кейбіреулерді айтуға жүрексіндіріп жүрген үлкен проблемалар романтикалық атаулар желегін жамылған тақырыбымен-ақ оқырманға шашып-төгілмей жетіп, эстетикалық, философиялық, психологиялық, танымдық мәні күшті, кәусары жүрекке шымырлай сіңіп, «Біз қандаймыз өзі?» деген намысыңды қоздыратын уытты сұраққа жауап іздетеді [3]. Бөкей – заман келбетін адам келбетінен іздейтін нәзік суреткер. Оралхан кейіпкерлері өнеге себеді. Олардын сан қилы тағдырлары шығарма бетінде тарамдана жол артып, жақсылық пен жамандық, ездік пен өрлік, қоғамдық борыш пен тоғышарлық, дарқандық пен дүниеқоныздық шығарма іштейгі тартыс уытын күшейтіп, санадағы қайшылықтарды терендете түседі. Рухани адамшылық тартыстар кейіпкерлерді ойлантуға, «біз не үшін өмір сүреміз, өмір сүрудегі мақсат не, біз қалай өмір сүруіміз қажет, қайткенде адам қалады адам болып, біз осы кіміз?» – тәрізді жалпы адамзатты мазалап жүрген сауалдарға өз төңірегіндегі қайнап жатқан өмірден жауап іздеген. «Кайдасың, қасқа құлыным», «Сайтан көпір», «Қар қызы», «Құм мінезі», «Атаукере», «Өліара», «Мұзтау», «Үркер ауып барады» тіпті «Өз отынды өшірме» романында да сол өмірдің мәні мен мазмұны саналатын салмағы зіл қара тас әлгі сауалдар алдыңнан шығады [4]. Жауап метафоралар, перифраздар арқылы тіптен апогейіне жетеді. Үлкен әдебиетке бардауысымен айқайлап «Адам!» деп келіп, «ең әуелі Адам, Адамның тағдырын», ізгілік, адалдық, сұлулық пен асқақтықты, кеңдік, биіктік, тереңдікті нысана етіп, жер бауырламай, зеңгір өнер аспанында

калықтап өткен Алтайдың ақиығын жұртаспаннан, шұғажауған жадыраңқы күндерден гөрі дауылды, боранды, аптапты «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап», елден бөлектігі сыналар күндерде көбірек іздейді. Тұлпарды, қыранды, жолбарысты кие тұтқан халық Оралханның талантынан, мінезінен, жалпы болмысынан соларға ұқсас белгілерді көп көріп, аңсайды. Аңсатып өтер сирек бітімді ұлы бар халық бақытты, армансыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жалын» әдеби-көркем және қоғамдық-саяси альманах. No3. 1985 ж. 96-103 бет
2. «Коммунизм туы» газеті 1987 жылы, 6 март №46-48 саны Гафу Қайырбековтің «Алтай аңыздары» деген атты мақала
3. Аймухамбетова Ж. Оралхан Бөкейдің метаморфозасы. //Жалын. – 1999. – №5-6.-192-199 б. 2000
4. Сахариева Н. Оралхан Бөкей шығармаларын оқыту. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000.-№4. – 14-16 б

### ӘОЖ 82-1/9

## Қ. ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Ахметжанова Ә.С.,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті Қазақ тілі және әдебиет мамандығының 2-курс магистранты (Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С., филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

*Аңдатпа. Қ. Жұмаділов шығармаларының ерекшеліктерін талдауға негізделген. Ғаламның тілдік бейнесін жасауда метафораның алатын орны ерекше болғаны соншалық, олар әртүрлі қызметті орындайды. Метафораның мәнінің табиғаты ана тілінде сөйлеушінің бастапқы білімімен, белгілі бір халықтың мәдени-тарихи дәстүрлерімен, сондай-ақ жеке тұлғаның практикалық тәжірибесімен тығыз байланысты.*

*Берілген мақалада метафораларды аударудың ең көп таралған тәсілдері ұсынылып, әрқайсысы «Дарабоз» дилогиясындағы мысалмен дәлелденген.*

*Кілт сөздер: Дарабоз, метафора, аударма, образ, контекст*

Ғаламның тілдік бейнесін бейнелеуде метафора ерекше орын алады. Ғалымдар «ғаламның тілдік бейнесі» тұжырымының өзін метафора деп атайды. Метафораның стильдік құралы әдебиет үшін үлкен маңызға ие, өйткені ол кейіпкерлер мен баяндауда қосымша рең мен бейнелі сипаттамаларды беруге,



оларды қалың оқырманның көз алдында белгілі бір коннотация жасауға мүмкіндік береді. Ол әртүрлі зерттеу пәндерінде, мысалы, риторика, стилистика, поэтика және т.б. зерттеледі. Метафоралар туралы ғылыми еңбектердің саны да тұрақты өсуде. Осыған қарамастан, метафора туралы әлі де зерттеуге тұрарлықтай деректер мен олардан туындайтын жаңама мәселелер жиынтығы бар. Бұл стильдік құрал көркем дүниенің бейнелі жүйесінің негізі және дүниенің поэтикалық бейнесін жасаудың бір жолы болып саналады. Метафора экспрессивтілікті тудыратын құралдардың бірі болғандықтан, оның кейіпкер бейнесін құрудағы маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес.

Көркем шығарманың ең маңызды мақсаттарының бірі – оқырманның эмоционалды реакциясын ояту, тағдырының тауқыметімен сусындаған кейіпкерлерге жаңашырлық таныту болса, метафоралар сол мақсатқа сай кейіпкерлердің сөзі мен әрекетін жандандырып, қалың қауымның назарын аударатырып, кейіпкермен бірге оқиғаны бастан өткергендей сезінуге жетелейді. Метафоралар бағалау қызметін атқара алады, әрі тікелей ұсынуға болмайтын мағыналарды жеткізеді.

Көптеген зерттеушілер метафора мәселесімен айналысты, солардың бірі Н.Қараулов, В.Н.Телия, В.В.Виноградов т.б. Бұл стильдік құрал тек қажетті ақпаратты берудің тәсілі ғана емес, эстетикалық мәселенің шешімі екенін де ұмытпаған жөн. Метафора шығарма авторы өмір сүрген елдің мәдениеті туралы, сол елдің ұлттық ерекшеліктерін көрсететін ақпарат көзі де бола алады.

Құрылымдық-семантикалық талдаудың метафорасы автордың дүниені поэтикалық түсінуінің ерекшеліктерін ғана емес, сонымен қатар әдеби тіл лексикасының динамикасының көрінісі ретінде лексикалық бірліктердің семантикасын дамыту, сөздің тура, бейнелі және астарлы қолданыстарының өзара байланысы мүмкіндіктерін де көруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ғалымдар бұл құбылысқа қатысты барлық ғылыми бағыттардың көзқарастарын, мысалы, философия, психология, әдебиеттану көзқарастарын қамтитын теориялық метафора жасауға тырысуда. Бұл сөздерді метафоралық түрде қолдану адам миында тек тіл білімі ғана емес, басқа ғылымдар да зерттейтін ерекше қабылдау механизмдерін белсендіретіндіктен болады. Дегенмен, осы біртұтас теорияның метафорасын жасау өте қиын міндет, өйткені аталған ғылымдардың әрқайсысының өзіндік зерттеу әдістері мен өзіндік зерттеу аппараты бар. Тіл білімінде метафораны лингвистикалық әдістерді қолдана отырып зерттеуді басқа ғылыми салаларда метафораны зерттеу нәтижесінде алынған әзірлемелермен біріктіруге тырысады. Метафоралар терең мағыналы болғандықтан, кейде көркем шығарманың авторымен бір мәдениетте тәрбиеленгендерге ғана түсінікті болып, оларды өзге тілге аудару өте күрделі болуы мүмкін. Мәселен, Дарабоз диалогиясындағы

«Хан жарлығы құлаққа тиісімен» [1] мағыналық жағынан «білген бойда» ұғымын білдіріп, орыс тіліндегі «приказ хана дошел до уха» сөзбе-сөз аудармасында өз мағыналық реңкін жояды. Демек, оның жанама аударымын орыс тілінде «Услышав о приказе хана», ағылшын тілінде «He raised the alarm» деп алғанымен, кейбір метафоралар контекстке байланысты мағынасын өзгертуі

мүмкін, бұл аударманы одан сайын қиындатады. Метафораларды аударуда көп нәрсе аудармашының шеберлігі мен білім деңгейіне байланысты.

Зерттеушілер метафораларды аударудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады [2]. Қазіргі уақытта метафораларды қалай аудару керектігі туралы жалпы қағидасы жоқ болса да, аудармаға көмектесетін бірнеше танымал тәсілдер мен әдістер әлі де бар. Метафораларды аударудың ең көп тараған тәсілдері:

1. Метафораның сөзбе-сөз аудармасы. Әдетте, ең қолайлы әдіс болып табылғанымен, оның негізгі кемшілігі - әр кез қажетті контекстте өз қызметін толыққанды жетік атқара алмайды. Мысалы, «Дарабоз» роман-дилогиясында «Енді шекара шебінде қақпаның кілтін ұстап» [1] – «Ключи от ее ворот можно сказать границы и держут» [4] деген жолдар бар.

Көріп отырғанымыздай, бұл жерде метафора сөзбе-сөз аударылып, метафораның коннотациясын жеткізеді, бірақ сөзбе-сөз аударма шығармадағы түпнұсқасындай әсер етпеген. Түпнұсқа дәйексөзде қазақтілді мәдениетке өте жақын бейне «шекара шебінде» айтылады, ол «жаудан қорғану үшін жасалған бөгет, қорғаныс, қамал» ретінде бейнеленген.

Орыс тілді мәдениетте «шекара шебінде» қазақ тіліндегідей терең мағынаға ие бейнесі жоқ, өйткені орта ғасырларда көшпелі халықтардың әскери жүйесі шайқас шебін, оң және сол қанаттарын құруға негізделді, оның алдында әскерді анықтайтын сақшылар тобы орналасқан. Нәтижесінде сөзбе-сөз аударғанда, метафораның қалың қауымға тигізетін эмоционалдық әсерінің бір бөлігі жоғалады.

2. Түпнұсқада қолданылған образ негізінде жасалған метафоралық аударма. Мұндай аударманың мысалын Қабанбай батырдың адал серігі Құбастың жалына құлап өлуі оқиғасынан көреміз: [4], ағылшын тілінде «Laying my head on the pillow of death» [5] қолданылған. Орыс және ағылшын тілдерінде де ұқсас коннотация бар, сондықтан [1] орыс тілінде «бұл жерде «Ажал жастығына» сөзі өліммен байланысты болғандықтан астарлы мағынада аудармашы қалаған ассоциация тудыратынын және автор қолданған метафораның мағынасын дұрыс жеткізетінін біліп, оны алмастырмаған. Тілде кездесетін ұқсас бейнеге сүйенетін аударма. Мәселен, ««Ажал жастығына алансыз бас қойыпты» Положив голову на подушку смерти»

3. Тырс еткен дыбыс жоқ» [1], орыс тілінде «Мёртвая тишина» [4], ағылшын тілінде «Dead silence» [5], дыбысы жоқ) түсініксіз болады. Орыс тілді мәдениетте бұлай айтылмағандықтан, қазақша «Тырс еткен дыбыс жоқ» метафорасы сөзбе-сөз аударғанда немесе ұқсас ренде (шерту аудармашы мәтінді аударған кезде орыс тілінде бірдей мағына беретін «метафорасын қолданған. әсері де сақталады.

Аударманың ағылшын тіліндегі нұсқасында түпнұсқаға әбден сәйкес келетін және ағылшын тілді қауымға мағынасын толық жеткізетін қолданылады. Мұндай аударма арқылы метафораның мағынасы да, қалың қауымға беретін

Метафораны түсіндіру. Әдетте, бұл әдіс метафораны оған тән мағынаны жоғалтпай аудару мүмкін болмаған кезде қолданылады. Олар метафораны аударудың басқа әдістері нәтиже бермеген кезде метафораны түсіндіруге жүгінеді, өйткені бұл шығарманың бейнелілігін жоғалтуға әкеледі. Мысалы, «Аузына май» [1], орыс және ағылшын тілдерінде бұл метафораның аналогы жоқ, сол себепті бұл

метафораны түсіндіруге әкеледі.»Аузына май» [1] метафорасы (Айтқан сөзін орындалсын!) жақсы жаңалық әкелген адамға айтылады.

Түсіндірме аударма әдістемесін қолданып, орыс тілінде ағылшын тілінде тілінің астарлы сөзі болып табылады және түпнұсқаға толық сәйкес келеді.

5. Шығармадағы метафораны алып тастау. Аудармашы метафораны алып тастау «Твоими устами да мед пить» [4], «May God grant your words come true»[5] Мёртвая тишина» «Dead silence» шығарманың мағынасына ешқандай әсер етпейтініне сенгенде ғана бұл әдіске жүгінеді. Бұл әдіс өте радикалды болып саналады және өте сирек қолданылады. Метафораның гиперболизациясы. Кейде метафораны аударғанда аудармашы бастапқы мағынаны сақтап қана қоймай, оны асыра сілтеп, метафора қалың қауымға үлкен әсер қалдыру үшін экспрессивті сөздерді қосады. Бұл аударма техникасының мысалы: «Тұқымың тұздай құрымасын» [1] отбасын сақтау, жойылмау деген мағынаны білдіреді. Аудармашылар метафораның мәнерлі бояуын одан әрі күшейту үшін коннотациясын толық жеткізуде қолданып, өмір сүруді тоқтатпау дегенді білдіреді.

Сондай-ақ метафораларды аударуда ең маңызды болып табылатын аспектілерді белгілі, яғни метафораның қалың қауымға белгілі бір эмоционалды реакция тудырып, [5] дегенді қазақ метафорасы атап өткен жөн. Метафораның негізгі қызметтерінің бірі эмоционалды-бағалаушы екені шығармада суреттелген жағдайға немесе объектіге баға беру қабілеті.

Түпнұсқа шығармадағы метафораның бұл әсері аудармада сақталуы керек. Осылайша, метафораларды аудару үшін маңызды болып табылатын келесі аспектілерді бөліп көрсетуге болады:

Мағынаны сақтау. Бұл тек метафораларды ғана емес, кез келген басқа да әдеби құралдарды аударудағы бірінші және маңызды шарт. Аудармадағы метафораның түпнұсқадағы мағынасымен бірдей болуы керек.

Эмоциялық компонентті сақтау. Бұл аспект әсіресе метафора үшін маңызды, өйткені оның негізгі қызметі қалың қауымда тудыратын эмоционалды жауап болып табылады.

Метафораның стильдік ерекшеліктерін сақтау. Түпнұсқа шығармадағы метафора ауызекі сөйлеу стиліне жататын болса, аудармашы метафораның мағынасын ғана емес, оның стильдік бояуын да жеткізу үшін стиль жағынан сәйкес баламасын таңдауы керек.

Жалпы, метафораның аударылған тілде жақсы баламасы бар-жоғына байланысты аудармашылар метафораларды аударудың әртүрлі тәсілдерін қолданады деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен, аудармашы қандай аударма әдісін пайдаланса да, кез келген жағдайда бұл әдеби құрылғыны аударуда жіберіп алмайтын тұстары бар, бұл аспектілер метафораның мағынасын сақтау, оның стильдік бояуын сақтау және қалың қауымға тудыратын эмоционалды әсерді сақтау.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жұмаділов Қ. Дарабоз. – Алматы: Қазығұрт, 2005.

2. Абылқасымов Б. Қабанбай батыр. – Алматы, 2005. – Б.107
3. Жұмаділов Қ. Тағдыр. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 7-том. – 630
4. Жумадилов К. Дарабоз. – Астана: 2006, – 504 с.
5. Zhumadilov K.. Daraboz // – Astana, 2018. – 389 p.

**ӘОЖ 82-1/9**

## **ҮМБЕТБАЙ УАЙДИН – ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ**

***Каражигитова Г.Б.,***

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты, (Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

***Аңдатпа.*** Бұл мақалада қазақ сатирасының сардары болған Үмбетбай салмақты әрі юморлы, сарказмды сатиралық жазбалары туралы сөз болады. Қаламгердің публицист, ұстаз бола жүріп, артына қалдырған әдеби мұрасы, қаламгер шығармаларының көркемдігі де сөз болады.

***Кілт сөздер:*** Үмбетбай Уайдин, сатира сардары, сын-сықақ, өміршең мұра, сын-сықақ

Бірқатар күлдіргі әңгімелер өсіп келе жатқан жас ұрпақты жаман қылықтан сақтандырып, адал еңбек етуге, тапқырлыққа баулиды. Күлдіргі әзіл әңгімелердің енді бір парасы – таза ой жүйріктігіне құрылатыны бар. Мұнда тосындық, кездейсоқтық басты элементтердің бірі болып саналады. Оған тапқырлық, қиыннан қисынын келтіргіштік қосылғанда, бұл нағыз өнер туындысына айналады.

Сатира – адалдықтың, адамдықтың қаруы. Онда қоғам болмысындағы және адам бойындағы ең келеңсіз көріністер мен қылықтар сынап мінеледі. Сатира қазақ сөз өнерінде бастауын фольклорлық, ауыз әдебиетінен басталып, қазақ әдебиеті дамуы үдерісінде сөз өнері шығармаларындағы сыншыл-шыншыл сатиралық жанрлардың жеке қаламгер шығармашылығы арқылы халыққа танымал бола бастады.

Қазақ сатира өнерінің ауқымды дамып, кең сипат ала бастауы ХХ ғасырларда болатын. Сол кезеңде қазақ сатира өнерінің дамып, өркендеуіне үлес қосқан талай сатирик-жазушыларды біліп, оқып, танысып келеміз. Солардың ішінде қазақ сатирасының негізін салушылардың бірі, қазақ сатирасының саңлағы, жазушы Үмбетбай Уайдин туралы айтуға болады.

Ү.Уайдиннің әр жылдары «Қара көзілдірік» (1968), «Құрдым сиыр» (1971), «Ендігісін айтпаймын» (1974), «Ішің білсін» (1976), «Контейнермен

келген кемпір» (1978), «Тілсіз қоңырау» (1980), «Быды-быды» (1982), «Нанайын ба, нанбайын ба?» (1984), «Инабат иірімдері» (1985), «Мәселе қайда жатыр?» (1987), «Пәлен – паштуан» (1992), «Мәңгілік мәселе» (1993) кітаптары жарық көрген.

Сатира Үмбетбай шығармашылығының маңызды бір саласы ретінде орын алды. Оның әдебиет пен журналистика сынды үлкен салаларға құлаш ұруы әлбетте сатирамен тығыз байланысты. Қаламгер, сатирик әр жылдары түрлі жанрларға қалам тартқаны белгілі. Мәселен, сатиралық повесть, сықақ әңгіме, өлең, драмалық сатира сатириктің өрлеп, кең көкжиек ашқан жанрлар. Біз оның сатирасын жанрына қарай талдай отырып, руханиятымызға зор үлес қосқанын аңдадық. Шығармашылық талқы бойынша Уайдиннің фельетонист сатириктік қырын жеке алып қарадық. Өйткені, оның фельетондары зерттеуге тұрарлық, сатириктің есімін шығарып, танытқан негізінен фельетондары болды.

Сатирик әр кезеңдерде бірнеше кітапқа жүк боларлық шығармалар жазды. Әрбір сатиралық туындысынын жамандыққа жақсылық жасағысы келіп тұратын жазушы еңбектері оқырман тарапынан жоғары баға алды. Үмбетбайдың уытты фельетондары жалынды жастарды ізгілікке жетеледі. Олардың саналарына қандай жағдай болса да тек айналадағы адамдарға адал еңбек ет деген ұран тастады. Ақын, сатирик Төлеужан Ысмайыловтың: «Ауысар жүз редактор, мың редактор, қалмақ бірақ сатира өз орнында» дегеніндей, Ү.Уайдиннің салмақты әрі юморлы, сарказмды сатиралық жазбалары уақыт өтсе де өміршеңдігінен ажырамақ емес.

Ғалымның пайым мен парасатқа толы публицистік жолына, оның тәрбие мен әдеп жайлы жазуда өзіндік қолтаңбасы бар публицист болған. Үмбетбай Уайдин талай жыл ұстаздық еңбек еткен. Ұстаздың журналистерге берген педагогтік қыры жайлы сұхбаттары мен шәкірттерінің ол жайындағы пікір, лебіздерінен Уайдинді тереңірек тани түсуге болады. Сатириктік, публицистік һәм ұстаздық Үмбетбай ғұмырының ажырамас бір бөлшегіне айналған. Оның сатирадағы сипаты, публицистикадағы әдеп-тәрбие тәлімі, ұстаздық білімі мен біліктілігі міне, осында деп топшылаймыз. Ол осы үш бірдей өмір мамандығында талмай, қажырлы еңбектенді. Сонысымен де қазақ руханиятына кең көкжиек ашып, өзінен кейінгі жас буындар үшін өлшеусіз қызмет етіп келе жатыр.

«Үмбетбай тәрбиелілікті жалаң уағыздаушы ғана емес. Сонымен бірге оның адамсыған, кісімсіген, бақай есептегі жағымпаз адамдарды шымбайына батырып, тұрмастай қылып тастайтын шығармалары аз кездеспейді» [1, 235], – дейді Қ.Еламанов естелігінде. Ү.Уайдиннің сатирасы халық арасына кеңінен тарап, өз оқырманын тапқан жазушылардың қатарына жатады. Қай шығармасы болмасын, дәйім күлкі шақырып, көпшіліктің діттіген жерінен шығады. Жазушының сатиралық шығармаларының бірсыпырасында адамдардың мінез-құлқындағы, әдет-дағдысындағы кемшіліктер сынға алынады. Соны күлкі объектісі ете отырып, одан аулақ болуға шақырады. Мәселен, сатирик Ү.Уайдиннің «Контейнермен келген кемпір» жинағына

енген «Ауыр состав» әңгімесі үшінші жақтан, қонақтың атынан баяндалады. Әңгімеде шөптің басын сындырмайтын Дора жеңгеміздің бір орталықтан басшылық жасауы негізінде Міфтах ағамыздың үй ішіндегі «қызметі» баяндалады.

«...Мырындап жүріп алмай, тез бол! Бердештің дүкені жабылып қалмай тұрып, алдымен соған соқ. Тұзды ұмытпа... немесе: Сорлы-ай, айтпаса, істемейсің-ау, шелекті төгіп келе қойшы. Сосын ана сүлгіні жайып тасташы!

Әй, менің темекім таусылып қалды, дүкен жабылмай тұрып барып келші, ... ана мұздатқыштың ішінен шұжықты алып бере қойшы, өзім-ақ турай салайын...»[2, 71].

Міне, бұл үзінділерден үй-ішілік тіршілікке иілмейтін жалқау, еріншек жеңгелерімізді сынға алады.

Жазушы осы әңгімесінде Дора жеңгеміздің сырт пішініне де, сатиралық талдау жасайды. Міне, Ү.Уайдин таныстырған ол кісінің сырт бейнесі: «...Менің алдымда бір қап үйілген қылшық. Одан кейін ылди. Ылдидан кейін – үлкен төбе. Төбенің ылдиында соғай қарай параллель созылған қос бөрене. Төбеден төмен қарай ұзыннан-ұзақ созылған қырқа. Қырқадан төмен қарай ішіне тырситып түбіт тыққан қос капрон шұлық. Осының бәрінің басын қосып, біріктіріп жіберсек, біздің Дора тәтейді құрайды. Кешірерсің, дене мүшiлерiне талдасақ» үйiндi қылшық дегенiмiз – Дора тәтейдiң дода-дода болып үйiлiп, бетiмен берекесiз жатқан шашы. Ылди дегенiмiз – мойыны, бас пен иықтың екi ортасындағы аралық. Төбемiз – иығы. Параллель қос бөрене созып жіберген екi қолы. Қырқа дегенiмiз – жон арқасы. Түбіт тыққан қос капрон шұлық – екi аяғы». Міфтах ағамыздың мүшкіл образын беруде де жазушы шеберлігі байқалады.

Жазушы өмір шындығын көрсетуде, өз геройларын сомдауда көбіне гиперболаға жүгінеді. Ол шындықты үлкейту арқылы негізгі бір нәрсені анығырақ көрсетуге тырысады. Әңгімелерінде өткір сюжет, ұтымды, тосын теңеу жиі ұшырайды. Қалыптасқан заман ерекшеліктеріне орай Ү.Уайдин сықақ әңгімелерінің негізгі мәні – ескінің қалдықтарын, жемқорлықты, мансапқорлықты, жиі кездесетін келеңсіз жайттарды шенейді. Оның сықақ әңгімелерін оқығанда, байқалатыны – ең алдымен қарапайымдылық, сонымен бірге әркім бойлай бермейтін тереңдік, әркім дөп басып төбесінен түсе алмайтын ащы шындық, әркім қопарып таба алмайтын жаңашылдық.

Сатириктің «Тілсіз қоңырау» әзіл-сықақтар жинағына енген «Ертеңіне етпетімнен жатыр екем» деген әңгімесі сықақ жазатындардың қай-қайсына болсын соқпай кетпейтін маскүнемдік тақырыбына арналған. Алайда, әңгімені оқығанда әбден шиыры шығып, арқасы жауыр болған нәрсені қайта көргендей болмаймыз, маскүнемдіктің адамды соншама сорақы халге душар ететінін мүлдем басқаша жолмен ашып берген. Дәлел ретінде мысал келтірейік: «...Басымды көтерсем, қасымда

біздің үйдің адамдарынан тірі жан жоқ. Түрегеліп айна алдына барып, бет-аузымды түгендедім: аузым бар, ал тістерімнің бар-жоғын айта алмаймын... Қашаубайдың үйінен қатты қызып келіппін... Не деген жындымын-ей! Әй, әтеңе нағлет арақ, ішіме кіріп алсаң істететінің осы енді. Сен маған не көрсетпедің! Талай өлдім ғой. Қайсібіреулер қанша ішсе де, сүйретіліп жүріп үйін табады. Мен болсам, аузымның ішіне бір қасық арақ кірсе болды, қасымда Змила болмаса, албасты басып, не істеп, не қойғанымды білмей, екі езуімнен еңіреп су ағып, жұрттың үйінде үйелеп жатып қаламын...» [3, 60]. Мұндағы күлкі поэтикасы кейіпкердің мас болғаннан кейінгі іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы арқылы көрінеді. Келеңсіз қылық-дағдыларды суреттеуде сөзді жаңа орнында қолданады.

Ү.Уайдин – сатира жанрының тақырып шеңберін кеңейту жолында көп ізденген адам. Ол сатирадағы факт, оқиғаны көбіне шындыққа жақындатып, шынға ұқсатып суреттейді. Ол құбылыстарды өзіміз көріп-біліп жүргендей, тұрмыс-тіршіліктегідей етіп елестетеді.

«Негатив» повесіндегі сатира поэтикасы – тұтас дерлік шынға ұқсату, шындық сияқты етіп көрсету әдісімен жазылған. «Мешітбай Шүренов көкеміздің процесінің басы-қасында болып, тұла бойы көк болат темірден құйылған бүркеулі машинаға өз қолымыздан мінгізіп салдық!» – деген сөйлеммен аяқтайды. Осындағы алаяқ антұрған «Көке» делініп көпшік қойылып, оны жарылқағандай боп, құрыштан құйылған, тор терезелі машинамен өз қолымыздан аттандырып салдық деу – ащы сарказм. Повесте аттандап тұрған ештеңе жоқ. Күнделікті қызмет бабы, бастық, бастықтың орынбасары және қарамағындағылары. Мешітбай Шүренов осыларды бір-бірімен, реті келсе, бастықтың өзімен ауыстыруға әзір. Осы іштей тартыстағы арбасулар, өтірік аңқаусу, қағытпа, шымшымалар – жалпы көлгірсудің неше аталары қылт-қылт, бұрқ-бұрқ етіп сан құбылады. «Көкөнің» түрлі вариантқа салып көлкілдеткен сөздері оның ішек қырындысын айқын танытады. Сондай-ақ автор қосалқы эпизодтарды негізгі идеяға сыналап енгізуге шебер.

Ү.Уайдиннің шеберлігінің бір қыры ретінде оның қала мен дала халқының сөйлеу мәнерінің жетік білуін орынды пайдалауында дер едік. Мақалдар мен мәтелдерді, каламбурды, диалогты, бірінші жақтан баяндау әдістері де жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің қарым-қатынасынан көрінеді және олардың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайлары мен көңіл күйлерін анықтайды.

Ұлтын сүйген, ұлтының ұлағатын ұрпағына сабақтастырған, әдептілік пен әдемілік әліппесін әр жүрекке әсерлі сөз, парасатты пайыммен ұялатқан үлкен жүректі қаламгер ұстаздың қазасына қабырғасы қайыспаған қазақ жоқ. Оның есімін мектеп оқулықтарынан білген, тақпақтарын жат-тап, инабат иірімдеріне бойлап өскен бірнеше толқын есейді, елінің ертеңіне еңбек етті. Әлі де бұл жалғастық үзілмейді, ертеңге ұласа береді.

Қазақ сатирасының сардары болған Үмбетбай Уайдаұлы адам бойындағы, қоғам өзегіндегі олқылықтарды дәл тауып, дөп тигізген сұрмерген

шым-шымалары мен шаншымалары, әзіл-оспақтары мен қағытпа-қалжыңдары, сын-сықақтары мен фельетондары, памфлеттері мен зерттеулері қазақ сатиралық әдебиетінің алтын қорына өлмейтін асыл мұра болып қосылды. Ол баспагер санатында да сан кітаптың тұсауын кесті, білімі терең, білігі кенен ұстаз ретінде де мектепте және жоғары оқу орнында қазақ журналистикасының кәсіби маман даярлау саласына ұшан теңіз еңбек сіңірді. Ү.Уайдин жетпіс жылдан астам асыл уақытын елінің руханияты үшін тиімді пайдаланды Публицист, сатирик, ұстаздың мұраларын бүгінгі күн биігінен салмақтап, зерттеп, насихаттау – ұрпақ үшін басты парыздың бірі. Соңына өлмейтін мұра, өшпейтін із қалдырған Үмбетбай Уайдин есімі қазақпен бірге жасай береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Еламанов Қ. Қарымды қаламгер кемелді жаста // Кітапта: Көпен Әмір-Бек. Из. Сықақшы Үмбетбай Уайдинмен сыр-сұхбат. Алматы: Білім, 2005. – 328 б. – 234-238-бб.
2. Уайдин У. Тілсіз қоңырау. Әзіл-сықақ әңгімелер. А., «Жазушы», 1980;
3. Уайдин У. Сен кімге күлесің. Сатира. А., «Ана тілі», 2003

ӘОЖ 82-1/9

### ПРОЗАДАҒЫ ӘДЕБИ ПСИХОЛОГИЗМ

*Алибаева М.М.,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті Қазақ тілі және әдебиеті БББ 2-курс магистранты (Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Ажғалиев М.К., педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ әдебиетінде әлі де болса толық зерттелмеген «психологизм» ұғымы жан -жақты қарастырылған. Психологизм ұғымына түсінік беріле отырып, оның түрлері, өзіне тән көркемдік - стильдік ерекшеліктері қазақ әдебиеттануына үлес қосушы ғалымдардың еңбектеріне негізінделіп, талданады. Зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, Асқар Алтайдың «Шанид» және «Түсік» атты әңгімелері қарастырылды. Психологиялық прозаға тән басты ерекшеліктер қарастырылып, кейіпкердің тұлғалық болмысын танытудағы психологиялық стиль мәселесі зерделенген.

*Кілт сөздер:* психологизм, сана, монолог, физиономия, психологиялық талдау, проза.



Психологизм – кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе [1, 7 б]. Ескере кететін жайт, әдеби шығармада кейіпкер мен автордың ой-толғамы, сана ағысы қаншалықты қарама-қайшы болғанымен жүйелілік сақталады. Психологизм жайлы сөз қозғағанда психология ғылымында төңкеріс жасап, талайға дейін өзінің идеяларымен көптің назарын аударған Зигмунд Фрейдке тоқталмай кетуге болмас. Ол өзінің қызықты зерттеулері, адам санасына сыя бермес қорытындылары арқылы батыс әлемінде үлкен төңкеріс жасаған болатын. Ал шәкірті Карл Густав Юнг болса, оның зерттеулерін ары қарай жалғастырып, психологизмнің бұған дейін белгісіз болып келген бұрыш-бұрылыстарына жол салды. Көркем шығарманы мифтік жағынан зерттеудің алғашқы үлгісін де осы ғалым енгізген болатын. К.Г.Юнг әдеби шығармаға психологиялық көзқарас әдеби көзқарастан өзгеше болып келетінін айтады. Біріншісі үшін маңызды саналатын нәрсе екіншісі үшін ешқандай маңызға ие болмауы мүмкін. Сол сияқты әдеби көзқарас тұрғысынан қажетсіз саналатын детальдің психологиялық көзқарас тұрғысынан маңызды рөл ойнауы ықтимал. Мысалға, психологиялық романды оқыған әдебиет сыншысы одан өзіне қажетті, әдеби көзқарасқа лайық ешнәрсе таппаса, керісінше оны оқыған психологтың алып-қосар дүниесі болары сөзсіз. Әңгімені психологиялық жағынан қарастыру үшін оның төмендегідей жанрлық ерекшеліктерін айқындап алу керек:

Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, тақырып, уақыт, идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды.

Екіншіден, мұнда ең бастысы – адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешіретін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады.

Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды.

Психологиялық бейнелеу құралдарын келесідей бөліп қарастырамыз:

Бірінші – психологиялық бейнелеудің «тура» түрі, бұл кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан танып-білу, яғни, ішкі сөз, қағытпа, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету т.б. арқылы психологиялық талдау жасау. Оның ішінде ішкі монолог арқылы адам психологиясының қалтарыстарына жасырынған түрлі ой ағындарын, сезім иірімдерін анықтау.

Екінші – психиканы бейнелеудегі сыртқы психологиялық қимыл-көріністерге – ым мен ишаратқа мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану.

Үшінші – осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психологиялық баяндау [1, 14 б].

Осы айтылған бейнелеу құралдарын Асқар Алтайдың «Шаһид» және «Түсік» әңгімелерінен талдап көрейік. Адам жанының қатпар-қатпар қалтарыстарына, түкпіріне тығылған сан ойларының күрмеуі ағытылып, сыналар сәттің сағаты соғуға таяған уақытта не бел, не белбеу кетерлік әлдеқандай оқиғаның орын алары «Шаһид» әңгімесіндегі кейіпкер тағдырымен көрсетілген. Есімін дөп басып атамаса да, іс әрекетінен, тұрағынан, сөздерінен билік басындағы әлдебір шенді-шекпенді шонжар екенін танымыз. Жастығымен, мастығымен айналасына көз тоқтатып қарамай, ұрандатқан көпшіліктің ығымен кеткен бейбақтың жасы отыздан асқанда оңы мен солына кеш те болса назар салуынан бір жылымықтың лебі ескендей болады. Қолында билігі мен байлығы бар тұста шайқап ішіп, халықтың емес қарынның қамын ойлағаны үшін өзін жазғырады. Жазғырып жүріп өзін мазалаған ар-ұятымен кезіккендей болады. Бір сәт қуанып қаласың. Алайда, ар мен ұяттың атын жамылып келген, өзі «елес» деп кіші әріппен ат қойып, айдар таққан бәзбіреудің алғашқы сөздерінен-ақ сайтани ойларды ұғына бастайсың. Жанның әлсіздігін пайдаланып, қорқытып, үркітпек болған «елестің» алдында кейіпкеріміз алғашында аяғынан жығыла бастағандай күй кешеді. «Иең менмін» деп тепсінген сайтани ойдың кейбір сөздерінен расымен де шындықтың шылбыры сезілгенімен, бәрібір де түбінде орға жықпақ құпия мысқылды байқаймыз. «Шаһидтағы» бас кейіпкеріміздің жадына тоқып алған жасырын ойы өзі қызмет етіп, табанын жалаған жалмауыз биліктің күлін көкке ұшыру. Жер-дүниені төңкеріп жіберердей тірлік қолынан келмесе де бәрінің мазасын қашыратын мәлімдеме жасап, арының алдында ақталмақ. Соңғы бөлімдегі елеспен тартысы жаңа деңгейде өрбіп, оны көрсе осыған дейін өне бойы дірілдеп, қалшылдайтын беймаза қылығынан арылып, тең дәрежеде тіреседі. Билік пен Биіктіктің арасындағы дәнекер болмақ болған «сайтани ойдың» бас кейіпкерді оққағарының қолымен «шаһид» етіп, ана дүниеге аттандырып салуы көңіліміздегі балалық шағымызда естіген, білетін кейбір жайттардың елесін оятатындай. Сайып келгенде еліміздегі саяси ойындардың құрбаны болып кеткен кей ағаларымыздың тағдырын адам мен адам ойының тартысына алмастырып суреттеген суреткер сұңғылалығына еріксіз тәнті боламыз. Бұл әңгіме бір ғана кейіпкердің ішкі монологы іспетті құрылған. Қалың ойдың шырмауына іліккен кейіпкеріміз өзіне қарама-қарсы тағы бір бейнені ой арқылы құрастырып алады. Ең алдымен бұл әңгімені түс көру арқылы қарастырып көрейік. Түс көру адам санасының еріктен тыс өткеретін құбылысы. Бір күнге арналған миссиясын аяқтаған жан мен тәннің келесі күнге дайындығы десек те болады. Түсті жантану ғылымы тұрғысынан зерттеген Жүсіпбек Аймауытов «адамның есі бүтін болмайтын күйлері болады. Сондай күйдің бірі – түс көру. Ұйқы дегеніміз – мерзімді демалыс, тыныс алыс. Ұйықтаған адамда сана не мүлдем болмайды, не кем болады... Шырт ұйқыда жатқанда адам түк сезбейді. Бірер ұйықтап алған соң, ұйқы сергек бола бастайды, ұйқылы-ояу деген күйге келеді. Сондай кезде санамыз кіресілі-шығасылы болып, түс көрсек керек. Түс дегеніміз ояуда көретін нәрселердің пернесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңіміздегі екен деп

ойлаймыз» [2, 192 б]. «...Қылпып тұрған қоңыр сапты ұстарамен бұғақты тамағын орып кеп жіберді» [3, 102 б]. Түс көру барысында кейіпкер сезінген – ауырсыну, булығу, ышқыну, өксу, үрей, қара терге малшыну секілді физиологиялық және физиономиялық өзгерістер мен сезімдерді суреттеу қаламгердің негізгі міндеті. Әңгіменің басында кейіпкер өзін-өзі еден паркетте қойша бауыздап жатқанын көреді. Мойнын пышақпен орып жіберсе де аяқ-қолының жиырылып, өзін босатпай жатқанын түсінеді. Кенеттен болған санадан тыс оқиғаға мойынсына алмаған САНАның қарсылығы көрінеді. Бейсана арқылы қолындағы лыпып тұрған ұстарамен қыл тамақтан бар күшімен тартып жібереді. Сол кезде ғана «санасы суына сергіп сала берді». Түсінен шошып оянған пенденің алакөлеңке үй-ішіне көз жүгіртіп, ендігі ұйқыдан мән кеткенін түсінгеннен кейінгі әрекетін автор Омар һаямның таңдамалы кітаптарын, әсіресе шарап туралы жырларын оқымақ болған әрекеті арқылы көрсетеді. Демек «шаһидтің» түсінен шошына Омар һаямға жүгінбек болғанынан оның бұған дейін де осындай қорқынышты түстерді көріп жүргенін байқауға болады. Сол әдетпен жанының жарасын емдемек болса да көңілін әлдеқандай көңілсіздік басып шайырдың шалқытатын жырларына еніп кете алмайды. Бойын әлдебір қорқынышты үрей басады. Не істерін білмеген кейіпкердің торығуы мен қорқуынан өзімен-өзі сөйлесуін, яғни автордың ішкі монологқа барғанын аңғарамыз. Өлімнің сұлулығын сипаттаған жапон жазушысы Юкио Мисима тәрізді Асқар Алтайдың кейіпкерлері де өмір мен өлім арасындағы қандай да бір тосқауылға, бөгетке тірелген күй кешіп жүреді. Өткен өмірлерін көз алдына келтірген оның нағыз арлы өлімді іздеуі жанын жегідей жеп бара жатқан күнәсі мен кінәсінің мазалауы тәрізді.

Жоғарыда келтірілген мысалдар арқылы қазақ прозасындағы әдеби психологизм жайлы толыққанды ақпарат беру мүмкін еместігі белгілі. Солай бола тұра, әдеби психологизмнің алғышарттары қандай екенін, қазіргі заманғы прозада кезігетін тұстарын бөліп көрсету арқылы оқушыға айтқымыз келген дүниемізді сәл де болса жеткізе алдық деп білеміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Оқу құралы – Алматы: 2007, – 359 б.

2. Аймауытов Ж. «Бес томдық шығармалар жинағы» IV том. Психология. Алматы, «Ғылым», 1998. – 488 б

3. Алтай А. «Киллер сауысқан». Повесттер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013. – 400 б.

## С. СЕЙФУЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ

*Нурсадық Н.,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты,  
(Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы асқақ пафос, Алаш идеясы сөз болады. «Өткен күндер», «Сыр сандық» жинақтарының, «Тар жол, тайғақ кешу» романының басты идеясы сипатталады. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллиннің Алаш азаматтарына деген адамгершілік, азаматтық көзқарастарындағы бүгінгі уақыт талабы күтпеген риясыз тазалығы да әңгіме болады.

*Кілт сөздер:* Сәкен Сейфуллин, Алаш идеясы, асқақ пафос, «Тар жол, тайғақ кешу», «Өткен күндер», «Сыр сандық»

Еліміз тәуелсіздік алып, халқымыздың ұлы арманы мен мұраты болған тәуелсіздік жолындағы ұлы күрестерінен тағылым алып, елдік пен ұлттық бірлікті нығайта түсуіміздің маңызы зор. Тарихымыздағы сондай тәуелсіздік жолындағы күрестердің бірі де берегейі – Алаш қозғалысы болып табылады. Алаш қозғалысының алдыңғы ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы ұлт-азаттық күрестерінен айырмашылығы, бұлардың күрес тәсілі өзгеше болды, алаштықтар қарулы күрес емес, жаңа заманға сай, саяси күрес жолын тандап алды. Басқаша айтсақ, олар ХХ ғасырда күш білекте емес, білімде екенін ұғынып, қолға қылыш емес, қалам алып күреске шықты. Қараңғыда ұйықтап жатқан қазаққа «Оян, қазақ!» деп ұран тастап, оны оқу-білімге шақырып, халықтың ұлттық рухын, ұлттық санасын оятумен бірге, өздері де ұлттық мүддені ту ғып ұстап, Алаш партиясын, Алаш мемлекеттігін және Алашорда үкіметін құрып саяси күрес аренасына жарқырай шыққан алаш қайраткерлерінің күрескерлігі – бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып, одан тағылым алуы тиіс.

Алаш идеясы – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы еді. ХҮ ғасырда өзге түркі бауырларынан енші алып, ежелгі түркілердің қара шаңырағы – бүгінгі қазақ жерінде «қазақ» деген жеке ел атанып, өзінің ұлттық мемлекеті – Қазақ Ордасын құрғанда, осы елдің басын бір тудың астына

біріктірген ұлттық идеясы – «Алаш» болатын. Өзінің бастауын түркі-қыпшақ заманынан (IX-X ғғ.) алатын бұл атау жаңа қалыптасқан жас ұлттың ұранына айналды. Алаш – тұтас ұлттың әруағы, ұлттық рухының қайнары еді. Міне, сол ұлттың рухына айналған Алаш идеясының XX ғасырдың басында қайта оянып, жаңа заманға сай құбылып, тарих сахнасына шығуы – тарихи заңдылық әрі қажеттілік болатын. Өйткені, әбден Ресей империясының езгісіне түсіп, сағы сынып рухы қайтқан, қараңғыда ұйықтап жатқан қазақты ояту, оның баяғы пассионарлық рухын қайта тірілту керек еді. Ал ұлтты оятатын, оның жадына, қанына сіңген идея – Алаш идеясы болатын. Төменнен халықты оятып қана қоймай, өздері де саяси күрес аренасына шыққан алаш қайраткерлерінің сол кездегі басты арманы – қазақ елін отарлық езгіден азат етіп, автономиялық ұлттық мемлекет құру арқылы болашақта толық тәуелсіздікке қол жеткізіп, бүгінгідей тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру болатын. Демек, Алаш идеясы бүгінде толық жүзеге асты, алаш арыстарының аңсаған арманы орындалды деп айта аламыз. Бүгінгі тәуелсіздігімізге қол жеткізуімізде, тәуелсіз қазақ мемлекетін құру жолында алаш қайраткерлерінің ұлы күресінің өшпес ізі жатыр.

Сәкеннің «Сыр сандық» өлеңі 1926 жылы жазылған. Ақын өлеңін «Досқа жазылған хат» деп атаған. Ақын өміріндегі Қызылжар қаласында болған жағдайға байланысты туған. Халық комиссары болып жүрген кезінде Сәкенді вокзалдан күтіп алып жүрген Шәріпжан Тотоев деген досы кейінгі бір кездесуде аяқ астынан оны «танымайқалады», шақыртқанына келмейді. Сонда Сәкен ақын: «Үлкен шенділерге табынғыш, жарамсақ. Былтыр күтіп, жалпылдап жүрген досымағым ұлық болсам ғана шырқ айналар соқыр тауық болғаны ма?» – деп, көңілі қатты қалған екен [1].

Тұңғыш «Өткен күндер» өлеңдер жинағы Қазандағы «Матбуғат Кәримия» баспасынан басылып шыққанда, Сәкен Сейфуллин жиырма жаста еді. Бұл тұста баспадан кітап болып шығып жатқан қазақ жазушыларының шығармалары некен-саяқ, ұлы ақын Абай туындыларының басылғанына небәрі бес-ақ жыл болған еді.

Ақынның көңіл күй лирикасының ішінде шоқтығы биік шығармасы – «Сыр сандық» өлеңі. Өлең құрылысы жеті-сегіз буынды, шалыс ұйқас түріне жатады. 1926 жылы жазылған бұл өлеңді Сәкеннің өзі «Досқа жазылған хат» деп атағанымен, кейін келе халық арасында «Сыр сандық» деген атпен әйгілі болды. Өйткені осы өлеңдегі:

Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара, жырласын! [2, 88] –

деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады. «Сыр сандықтың» басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық

пен қастықтың аражігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балайды.

Ал таудың құзар басына шығу оңай ма екен? Десе де, адам баласының қолынан келмейтіні жоқ, тау шыңына да шығуға болады. Бірақ тау шыңына шыққанмен, ол жерде кез келгеннің қолы жете бермес алтын қойма бар. Ал тілін, құпиясын таппаған адамға алтын қойма ашыла қоймайды.

Сонда қойманы қандай адам ашуға тиіс? Мәселе осында. Өйткені ақынның айтуынша: «Сол қоймада қымбат жасау, Қымбат жасау сақталған», – дейді. Ал енді өресі жеткен адам сол қойманы ашты делік. Міне, сол кезде адам қолына «беті өрнектелген бір сандық» ілінеді. Бірақ «ол сандықта бір сандық» тағы бар болғандықтан, оқиға түйіні «Сырдың кілті қолсандықта» екені және соны тапқан адамда болып отыр. Қолсандық ашылған кезде «Сандық іші қызыл-жасыл, Жасыл жібек перделі. Толған қымбат сақтаулы асыл» екенін көреміз.

Оның ішінде тағы «Асыл сым бар пернелі» дейді ақын.

Сұлу жанды сұлу сүйген,  
Сұлу сүйген, сыршылым.  
Жібек талдап, түйін түйген,  
Түйін түйген, түршілім[2, 89], –

деп ақын сыр сандықты ашқан адамды ерекше бағалай келе, бар болмысымен, таза көңілімен ақтарыла үн қатады:

Сұлу сымда перне әуені,  
Перне әуені жыр айтар.  
Көңіл ашар тербеу әні,  
Тербеу әні сыр айтар.  
Шыққанбыз, дос, шыңға талай,  
Талай сырды ойланып,  
Ақтарарлық алтын сарай,  
Алтын сарай қойманы [2, 89]

Сұлу пернелер – адам болмысының әсем қасиеттері. Ал перне деген не? Тура мағынасында ол – музыкалық аспапқа тән термин. Бір нотадан жаңылысып, басқа пернені бассан, әдемі әуеннің әуезін бұзасың. Ақынның айтпағы да осында. Адамның жан дүниесін дөп басып, достың қадір-қасиетін түсіне білу – бір ғанибет. Өлеңде осындай шынайы достарға «қолыңда жемің барда шырқ айналып, жем таусылса, жалт беретін жанама достар» қарама-қарсы қойылған.

Қазақ поэзиясында достық туралы ерекше ой айтып, оны шың басына шығарған Сәкеннің бұл өлеңі тың жаңалық болуымен ерекшеленеді. Сонымен бірге мұнда еріксіз би билеткендей сазды әуен, сұлу пернеде полифониялық тербеліске құрылған көркем сөздің әсем ырғағы бар. Ал «Ырғақсыз айтылған сөздердің сәні болмайды» (Цицерон). Сондықтан да «Сыр сандық» өлеңі – тербелістерге, сан алуан қызық күйлерге толы адам жан дүниесінің сырлы әлемі. Ақынның бұл өлеңінде жай қайталаудың үлгілері бар.

Ақын белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовқа арнаған «Мұң» деген өлеңінде:

Ешкім жоқ, шер тарқатып көңіл ашар,  
Жүректің күйіп-жанған дертін басар.  
Мұңымды жұртқа айтпаған саған шақтым,  
Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар,

– дегеніндей, ақын адал достықты үнемі жоғары бағалап, ерекше қадірлей білген. Ақын көңіл күйі «от», «дария» деген метафоралар арқылы ашылған. «Өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады.

Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (А.Байтұрсынұлы), «Көз жетпегенге ой жетеді, тіл жетпегенге үн жетеді» (Б.Момышұлы) дегендей, С.Сейфуллин достық деген қасиетті ұғымның, сұлу сезім, айнымас дос, адал махаббаттың жаршысы болды.

Сәкен Сейфуллиннің Алаш азаматтарына деген адамгершілік, азаматтық көзқарастарындағы бүгінгі уақыт талабы күтпеген риясыз тазалығы. Біздің бұл ойымызды шығарманың өн-бойы дәлелдей түседі.

Енді осы кең тынысты тарихи шығарманың дүниеге келу мақсатына міндетті түрде зер салу керек. Себебі, Сәкеннің қыр соңынан қалмай айтылып келе жатқан жала, ол – «Алаш азаматтарын ұстатқан Сәкен-міс, Алаш азаматтарының аты-жөнін тізіп, Сталинге хат жолдаған Сәкен-міс» – деген дабысы дардай көрінгенімен, көзге көрсетер, қолға ұстатар нанымды фактісі жоқ ғұмыры қысқа «ожар» ойлар. С.Сейфуллин шығарманың беташарында былай деген: «Мақсұт – 1916-17-18-19 жылдарындағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің (революцияның) Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген осы оқиғаларының баспа жүзінде із қалдыру». Ал, осы жолдарды соңғы басылымдарында «...әйтеуір, із қалдыру болды» деген. Автордың бірінші басылымында болмай, соңғы басылымына кірістірген «әйтеуір, болды» деген сөздер, пайымдар оқырманға шығарманың заман талабымен өзгеріске түскенін меңзеп тұрғандай. «Мұнда талай кісілердің аттары аталады. Тарихи қозғалыстың өзі көрген, білген оқиғаларын жазған соң, әрине, «кісілердің аттары кірмесе болмайды. Мақсат – біреуді көтеру, біреуді жамандау емес. Зор қозғалыстың, зор өзгерістің әр кезінде әртүрлі пікір, әртүрлі әрекет болған. Ол – тіршіліктің, тарихтың ісі. Бұл кітапта «Алаш» туралы әңгімелер айтылғанда, сол Алашорда болғандарды айыптамақ ниетімен айтылып отырған жоқ. Тек әңгіме тарихи мағлұмат ретінде ғана баспа жүзіне шықсын деген оймен айтылды» [3, 3] – деген Сәкен.

Бұл жерде Сәкен тарихи шындықты еш өзгеріссіз жазғанын айтып отыр. Сәкеннің Алаш азаматтарына деген көзқарасын тек «Тар жол, тайғақ кешуден» [3] суыртпақтап алуды ғана мақсат тұтқандықтан, Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаевқа тоқтала кету қажет. XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциялары сияқты Сәкен де Ахаңа үлкен құрметпен қараған. Сыйлаған. Құрметтеген. Қадір тұтқан. Өзінің «Тар жол, тайғақ

кешуінде» басқа қайраткерлермен Сәкеннің қарым-қатынасы жайында кейде қинала әңгімелеуге тура келсе, Ахаң аты жиі аталғанмен, Сәкеннің ашына да таусыла айтқан ойы жоқ. Қайта әр тұста Ахаң жөніндегі ілтипаты бой көтеріп қалып отырады. Ал, Мағжан мен Сәкен байланысы роман-эсседе тек бірінші жалпы қазақ жиынына делегат сайлау тұсында болмаса, көрінбейді. Мағжанды Сәкен өз шығармасында көрсетпегендіктен емес, Мағжан – қазақ поэзиясында классик ақын болғанмен, саясатта «классик» деңгейіне көтеріле алмаған азамат.

Қазақтың бағына ол өте дұрыс та болған сияқты. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары бір-біріне пікір білдіруде көкейге түйгенін айтудан еш жасқанбаған. «Үш жүз» партиясы мен Алаш азаматтарының арасындағы бір-біріне деген көзқарас, қарым-қатынас кереметтей жақсы болмағаны тарихтан белгілі. Әсіресе, «Үш жүздегілердің» Алаш азаматтарын «орыстан қатын алған», «балдары орыс», «дін бұзған», «сары орыстың бәрі орыс» деп сөгіп жатқанда Сәкен Сейфуллин ақиқатын айтып, шындықтың шырайын шығарып, әділ төрелігін танытқан. Сәкен Сейфуллин «Үш жүздің» «Бөкейханды және кейбір Алаш көсемдерін мінегенде «орыстан қатын алған», «балдары орыс», «дін бұзған» дегендері үлкен шатаسقандық. Өз жолын өзі анық білмегендік. Әрине, ол уақытта бәріміз де сара жолды қолмен сипалап жүрген кезіміз еді. Бірақ, сонда да әлгіндей сөздер тым оғаш шыққан қате. Бізді сырттан билеп, партиясына жазып алған Шәймерденге мұны айтып, мен хат жаздым. Және бұл партияның беті мен әдісі олай болатын болса, біз қосыла алмайтынымызды айттым. Менің хатыма жауап болған жоқ. «Үш жүз» бастықтары Алаш көкжалдарын керексіз сөздерді айтып, қазақша боктай берді» – деп жазған (С.Сейфуллин, «Тар жол, тайғақ кешу», 1927, 104-бет).

Бұл жерде әділ төрелігін айтуда Сәкен Сейфуллиннің шыншыл мінезі ақиқатты айтуда тағы бір азаматтық позициясын көрсетіп тұр. Қай заманда да, дәуірдің қай кезеңі болмасын, екiнiң бiрiнен кездесе бермейтiн адамгершiлiктi айқындайтын азаматтық қасиет сақталғанда ғана өзiнiң ұлылығын дәлелдерi хақ. Жайшылықта ой-өзегi бiр арнаға құйылатын көзқарастардан жүйесiн тапқандай сөздердi көптеп кездестiруге болар, ал бағыттары бөлек зиялыларға өмiрдiң қатал да қытымыр тұстарында Сәкеннiң аталы сөз айтып, тоқтам жасауын азаматтық ерекшелiк демеске шараңыз бар ма?! Күнi кешеге дейiн қарғыстай көрiнген «ұлтшыл», «байшыл», «бай ниеттi ұлдар» деген сөздердiң, кейбiр артық-ауыс ой-тұжырымдардың Сәкеннiң «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы ең алғашқы басылымында болмай, соңғы басылымдарында болу себебi әдебиетшiлер, тарихшыларға белгiлi болғанымен, оқырман қауымның көпшiлiгiне белгiсiз-ау деп ойлаймыз. 1932 жылы Сталиннiң хатына байланысты ВКП(б) Қазақстан өлкелiк коми тетiнiң мәдениет және насихат бөлiмдерi мен Қазақстан марксизм-ленинизм институты «О задачах борьбы на теоретическом фронте в Казахстане в связи с письмом тов. Сталина» деген шешiм қабылдап, оны осы 1932 жылдың қаңтарындағы «Большевик Казахстана» журналының бiрiншi санында жариялады. Онда: «Буржуазные, мелкобуржуазные теории оказывают и на



некоторых работников членов партии. Отдельные коммунисты в своих работах часто повторяют те же буржуазные теории. Так, тов. Рыскулов в своей книжке «Киргизстан» повторяет вслед за алашординцами и колонизаторами легенду о добровольном переходе в подданство царизму угнетенных масс Средней Азии. Тов. Сейфуллин в своем художественном творчестве воспекает старую феодально-родовую культуру («Кокчетав»). Тов.Тогжанов в своих работах по казахской литературе допускает грубые ошибки, скатываясь на немарксистские позиции Плеханова в литературоведении» («Большевики Казахстана», №1, 1932,87-бет) делінген.

Міне, осыдан кейін Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешудің» бірінші басылымын (1927) қайта қарап, жөндеп редакциялаған. Кейінгі 1960, 1977, 1988 жылдардағы үшінші, төртінші, бесінші басылымы 1936 жылғы екінші басылымының негізінде шыққан, оған да қол тиген жерлері бар. Ой деген жүйрік қой, оқырман тарапынан бағыттары бөлек зиялылардың өмірдің сол бір сәтті-сәтсіз сәттерінде бір-біріне «сен» деспейақ кеткені ме деушілер де табылар. Ондайларға да, үмітпен қарайтындарға да айтарымыз әділетсіздікті, озбырлықты тап тартысынан деп түсінген Сәкен Сейфуллиннің кітабында «Алаштың тіреулері – жуандар, қазіреттер» немесе «Алаштың құйыршықтары» деген секілді сөздер бірлі-жарым кездеседі, не болмаса, Алаш азаматтары тарапынан большевиктерге бағытталып айтылған «немістің ақшасына сатылған шпиондар», «өңкей оңай олжа табудың ниетіндегі кулар», не болмаса, Міржақып Дулатовтың еңбегінен «бас-аяғың онға толмайтын оңбағандар, санасыздар» деген тәрізді сөздерді кездестіріп қаласыз. Ал, түптеп келгенде, «Тар жол, тайғақ кешу» романының 1927 жылғы бірінші басылымы «өңдеуді», қысқартуды тіпті де қажет етпейді. Оған негіз – романның соңғы басылымдарында Сәкен тарапынан айтылатын артық-ауыз сөздердің бірінші (1927) басылымында болмауы. 1918 жылдың қаңтар айында Орынборды большевиктер алып, Бөкейханұлы, Байтұрсынұлы, Дулатұлы, Омарұлдарының Семейге қашып кеткен кезін, не болмаса, 1913 жылдан жер-жердегі газеттерге басшылық еткен «Қазақ» газетінің иесіз қалғандай күйге түсіп, Әбілхамит Жүндібайұлының басқарған тұсында да Сәкен Сейфуллин Алаш азаматтарының атын атап, намыстарына тиерліктей сөз айтпауы да пайымдар кісіге ой саларлық жай. Ал, Мағжан Жұмабаев жөнінде шамданарлық жәйттер тіпті жоқ. Өмірдің «талай тар жол, тайғақ кешулерінде».

Сәкен Сейфуллин Алаш азаматтарының ешқайсысын да жамандыққа қиған емес. Ешқайсысының сотына қатынасқан жоқ. Сәкен ұсталған Алаш арыстарының бірде-біреуіне беттестірілуге шақырылмаған. Сәкен егер жазатайым ғайыптан тайып пенделік жасап, ұсталуына себепші болса, 30 жылдан бері алаштанушылардың бірінің болмаса да, әйтеуір, біреуінің көзі түсер еді ғой. Ол кезде жалаулатып, кез келгені жарияға жар салуға дайын отыр. Бұл – басы ашық шындық. Сондықтан да, Сәкен атына айтылып қалатын желдей ескен жеңіл сөздердің бел ортасында өздерін «алаштанушымын» деп жүргендердің төбе көрсетіп қалатыны өкінішті... Қаншама жантүршігерлік

азапты басынан өткерсе де, Сәкен еш уақытта ешкімді ашық та, бұғып та көрсетпеген. Өмірін халқына қызмет етуге арнаған ақынның адамгершілік, азаматтық асыл қасиетін, оның роман-эссесінің тарихи тамырын жете түсініп, үйреніп, өнеге тұту – бүгінгі ұрпақ үшін парыз!

Сонымен Алаш идеясы, Алаш арыстарының ұлы арманы бүгінде жүзеге асты: талай тар жол, тайғақ кешулерді басынан кешірген қазақ елі осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын ғана өзінің мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жеткізді. Көк байрағы көк жүзінде желбіреген тәуелсіз елімізді бүгінде бүкіл әлем мойындап отыр. Мемлекеттілігіміздің қайта жаңғырып, еліміздің осындай бақытты күнге жетуіне Алаш арыстарының да сіңірген еңбегі зор. Адамзат баласының ең асыл құндылығы – Тәуелсіздік десек, ендеше елінің азаттығы мен болашағы үшін жан аямай күресіп, жандарын құрбан еткен Алаш қайраткерлерінің күресі Отан тарихының төрінен орын алатын, тарихи маңызы зор оқиға болып табылады. Алаш арыстарының бойындағы мемлекетшілдік пен ұлттық рухы, отаншылдығы мен ұлтжандылығы, зор қажыр-қайраты мен күрескерлігі бүгінгі қазақ халқына, әсіресе жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуы керек. Алаш тарихының тағылымы осында.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 342 б.
2. Сейфуллин С. Шығармаларының бес томдық жинағы. А., «Жазушы»; Көптомдық шығармалар жинағы. А., 2004.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: Өлке, 2013. – 544 б.

### **ӘОЖ 82-1/9**

#### **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЛ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ**

*Махмет А.,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты  
(Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С., филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент*

*Аңдатпа. Алаш өкілдерінің тілдік мәселені көтеруі, оны ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс әрі қоғамдық және рухани өзек ретінде қарауы, сонымен қатар ұлттың ұйысуы мен ұлттық тіннің бекуі үшін жасалған еңбектері мен нақыл сөздері сараланды.*

*Берілген мақалада алаш өкілдерінің тіл тақырыбындағы нақыл сөздері беріліп, олардың бүгінгі таңдағы өзектілігі туралы дәлелді пікірлермен айшықталған*

**Кілт сөздер:** Ұлт ұйытқысы, ұлттық рух, саясат шырғалаңы, тіл, ұлттық идея, ұлттық сана.

Алаш зиялыларының тарих тарантасындағы саяси және рухани күресінің негізгі мақсаты, басты міндеті ол ұлттығымызды сақтай отырып, «қазақ» деген ұлттың даму мен өркендеудің сара жолын салу болды. Ұлттығымыздың ұйытқысы - тіл десек, алаштықтырдың алдында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани күш, әрі ұлтты біріктіруші қуат көзі екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани өзегінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Өйткені тіл – ұлттың жаны һәм тіні еді. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл», - [3]деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің байырғы байлығын, құнарлылығын сақтау үшін, өзімен үзеңгілес, алаштықтармен бірге қазақ ұлтының Ресейдің сұрқия саясатының құрдымына түсіп, өзіндік өзегі – тілінен, рухани қан тамыры салт-дәстүрінен айырылып қалмас үшін жанталаса күресті. Күресе жүріп, жанкештілікке барды. Күресінге тың жол салды. Сөйтіп алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси бірігуіндегі негізгі ұйытқы тіл екендігіне баса назар қойды. Соның негізінде алдағы басты мақсаттың бірі ретінде тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтерді, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне өсуіне ерекше мән берді. Сөйтіп алаш зиялылары қазақ қоғамында тілдің саяси, әлеуметтік маңызына, ұлттың тұтасуы мен өркендеуіндегі тілдің орнынның ерекше екендігіне тұңғыш рет баға берді. Ресейдің бодандық бұғауында саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін, өлермендігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал, бодандық шырмауына қарсы тұрар қанжар деп қарады, бағалады, соған жанкештілікпен қызмет етті. Хандық мемлекет тұсында тіл билік пен шешендіктің, көсемдіктің, ділмарлықтың құралы болса, Алаш қозғалысы тұсында тілге ең алғаш рет ұлтты біріктіруші, ұйыстырушы сияқты ірі қызмет жүктелді. Яғни, қазақ тілі қазақ ұлтының, сан ғасырлық тарихы бар іргелі жұрттың тілі ретінде сақталу керек, сақтала тұрып ұлттың ұлттығын да сақтауы тиісті деп бағаланды. А.Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» [1], – деп ұлттық рухтың, ұлттық сананың негізі де, тіні де тіл екендігін ашық байқатты. Тілдің қуатты қару, ұлттың басты қан тамыры екендігін Алаш зиялыларының көпшілігі тілге тиек етті. Мәселен, Халел Досмұхамедұлының: «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек» [3], – деген сөз тәуелсіздік алғанымызға біраз уақыт болса да, мемлекеттік тілдің өз тұғырына қона аламай келе жатуының басты себебі неде екендігін айқындап

көрсеткендей. Ал мына бір сөзі: «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші, тілі бұзылмақшы. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» [3], – деп осылай өзіміздікін бағалаймай өзгенің дүниесін ұлық тұтсақ болашағымыздан айырылатынымызды, жойылған жұрттар қатарында тұратынымызды сөз етсе, Міржақып Дулатыұлы: «Қазақ тілі – бай, таза іргелі жұрт тілі деп бәріміз де айтамыз... Бірақ құр бай, таза деумен тіліміз өздігінен сақталып, әдебиетіміз өрбіп кете ала ма? Қай жұрттың тілі болса да ту басында біздікі секілді таза да, бай болған. Бірақ олар көрші жұрттардың сөзі қосыла-қосыла, жүре бұзылған», – деп тек кірме сөздің өзі ұлт тілінің жойылуына себепкер болатынын, кірме сөзді оңды-солды тілімізге енгізбеу керектігін айтады. Ғұмар Қараш: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз», – деп тіл мен ұлт егіз ұғым екендігіне, тіліміз жоғалған күні біз де ұлт ретінде жойылатынымызды алға тартады. Ал Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» [1], – деп Ресейдің қандышеңгелді қытымыр кезеңіндегі ұлт тілі үшін арпалысқан алаштықтардың сүрлеулерінің ауыр болғандығын көрсетеді. Телжан Шонанұлының: «Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз, ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни, сөйлей білмесе, адамның хайуаннан айырмасы аз», Мағжан Жұмабаевтың: »Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» – [2], – деген пікірлері біздің заманымызға үндес, өзекті өміршең пікірлер.

Егер біздің тіліміз тәуелсіз елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі екендігін, осы мәртебелі тіліміздің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялыларының айтқан пікірлерінің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағандығын байқаймыз. бағасы да, маңызы да еселеп артатындығына деп қоямыз. Алаштықтар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі, басты діні ретінде қарастырып, әсіресе, буын ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше ден қояды. Сондықтан да өз ана тілінде сөйлеу, ана тілін білу, оны құрметтеу, сақтау – ұлттық іргелі мәселе екендігін Алаш зиялылары айналы-төкпелі заманда жақсы ұғынғаны сонша тіл үшін, ұлт үшін күресті өз жандарынан артық қойды. Оған дәлел сан тараулы қиын кезеңді кеше жүріп, арттарына қалдырған мол мұрасы, ерен еңбектері. Тіпті қазіргі таңда нақыл сөзге, ұранымыз бен ұстанымызға айналған өсиеттері, тіл тақырыбындағы оралымды, ойлы, өзекті, өтікір де өміршең ойлары. Өскелең ұрпаққа қалдырған мол мұрасы. Алаш идеясы, қазақ халқының идеясына айналып, бір

өзекке түсті десек артық болмас. Бүгінгінің әр зиялы қауымы мұны жете түсінеді, әрі мойындайды.

Көрнекті алаштанушы Мәмбет Қойгелдиев: «Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады. Онсыз өткен тарих қысыр әңгіме ғана. Егер біз Алаш қозғалысын ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде ғана бағалаумен шектелсек, онда біз оны түсіне алмаған ұрпақ болып шығар едік. Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытылып, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни, ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені, Алаш халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харекеті», – деп алаштықтардың еңбегінің бағасы өлшеусіз екендігін баса көрсетеді [4].

Алаштықтар көтерген ұлттық идея – тілден бастау алғанын байқаймыз. Сондықтан тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, буын ұрпаққа мұртын бұзбай табыстау алаштықтар алдында да, еліміздің елдігі үшін күрескен ұлылардың алдында да үлкен парыз, міндет болып қала бермек. Ресейдің сұрқия саясатынан әупірімдеп тұрған тілімізді тұғырына қондыру үшін барымызда салмасақ бізге сын. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп отырып, тілді дәріптеп, ұрпағымыздың санасыныя сіңіре алмасақ бабалар еңбегінің зая кеткені болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Б. Қапалбеков, А. Бексейітова, Ұлттық рухтың ұлы тіні, Алматы, 1999
2. Қ.Ф. Бектұрбекова, Ұлттық поэзия падишасы, Алматы, 2001
3. Алаш көсемсөзі, «Қазақ энциклопедиясы», Алматы 2014.
4. Е.Қажыбек. Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет, Алматы, 2018

## Ы. АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ИДЕЯСЫ

*Қойшан Г.Б.,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті «Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты  
(Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада ағартушы-педагог, жазушы Ы. Алтынсарин еңбектеріндегі адамгершілік идеясы талданады. Педагогикалық еңбектері болсын, әңгімелері болсын, Ы. Алтынсарин өз еңбектерімен балалар тәрбиесіне үлкен мән берген. Ы. Алтынсариннің халықтық педагогика үлгілерінің жүйесін насихаттау барысында жүргізген жұмыстары ерекше талдауды қажет етеді. Сондай-ақ Ы. Алтынсариннің әңгімелеріндегі мәселелер бүгінге дейін маңызын жоймағандығы айтылады.

*Кілт сөздер:* Ы. Алтынсарин, педагог, ағартушы, жазушы, тәлімгер, педагогикалық көзқарас, адамгершілік идеясы

Білімін өзі жүйелі жетілдірудің нәтижесінде ол өз заманының аса білімді азаматы болды. Орыс педагогика ғылымының тарихы мен өз тұсындағы жағдайын терең зерттеп білу оны қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы етіп қалыптастырды. Ы. Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап екі оқу құралын: «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» мен «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін уйретуге алғашқы басшылық» жазып шықты. Ол қазақ балалары үшін зайырлы мектептер ашуды армандады. 1860 жылы облыстық басқарма оған Торғай қаласында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды. Өзі сол мектепте орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындалды. Ағартушылық идеялары жігерлендірген ол ауыл-ауылды аралап, жергілікті халыққа білім алудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіруге күш салды. Ондай мектептер ашу үшін қаржы-қаражат жинауды қолға алды. Ондай ақшаның алғашқы үлесін Ы. Алтынсариннің өзі қосты. Осыдан бастап оның ағартушылық және педагогикалық қызметі басталды.

1864 жылы қазақ балаларына арналған интернаты бар мектеп салтанатты түрде ашылды. Үгіт жұмыстарының нәтижесінде оқуға 16 бала жазылды. Кейінірек бұл мектептердегі оқушылардың саны арта бастады. Халық ағартушысы жүргізген үгіт жұмыстары нәтижелі болды. Бұл ретте ол былай деп қуана жазды: «Аш қасқырдың қойға ұмтылғаны сияқты, мен балаларды оқытуға қызу кірістім және мені өте қанағаттандыратыны – бұл балалар әлдеқандай үш айдың ішінде оқуды, тіпті жазуды үйреніп алды».

1879 жылы Ы. Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалды. Оның еңбегінің арқасында білім беру саласы қазақ

даласында кең орын алды. Атап айтқанда, облыстың барлық уездік қалаларында училищелер ашу қолға алынды. Ол осы мақсатпен Торғай облысының қазақ ауылдарын түгел аралап шықты. Халықтан қажетті қаржы жинастырды. Соның нәтижесінде Ырғыз, Николаев, Торғай және Елек уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ училищелерін ашты. Оларды мұғалімдермен және оқушылармен толық қамтамасыз етті. Ол мектептердің жабдықталуына, олардың жанында шағын кітапханалар ұйымдастыруға ерекше күшті мән берді.

Қазақстанда қыз балаларға білім берудің басталуы да Ы. Алтынсариннің есімімен байланысты. Аса көрнекті халық ағартушысының басшылығымен қыз балаларға арналған бірнеше мектеп ашылды. Ол мектептердің жанында интернаты болды. 1886 жылы мектеп-интернаттарда 211 қыз бала оқыды. Ы. Алтынсарин мектепті халық ағарту ісінің маңызды буыны санады.

Ы. Алтынсарин жан-жақты білімді адам болды. Білімді адам ретінде ол прогреске, білімге ұмтылудың қазақ халқы үшін қаншалықты зор маңызы бар екенін айқын көре білді. Ол қазақтардың арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізіп, темір жолдар мен электр қуатының, егіншілік кәсібінің, телеграфтың және әр түрлі қолөнердің пайдасы туралы айтып берумен болды. Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді. Қолөнер және ауыл шаруашылық училищелерін ашуға да көп күш-жігер жұмсады. Алдыңғы қатарлы орыс зиялы қауымының өкілдерімен кездесу кезінде қолөнер кәсібі, бау-бақша егу, мал өсіру және диқаншылық жөнінде жазылған оқу құралдарын табуға көмектесулерін өтінді.

Ол қазақ жастарына тері илеу, сабын қайнату, май шайқау және кірпіш күйдіру, көзе жасауды үйретуге тырысты. Сондай-ақ ағаш ұсталығы, темір жону, слесарьлық кәсіпке баулуды да армандады. Ол жастарға жаңа машиналарды қалай пайдалану, ауру малдарды қалай емдеудің және зиянды жәндіктерге қарсы қалай күресудің тәсілдерін үйретуге тікелей өзі де қатысып жүрді. Өзінің очерктер мен ауызекі әңгімелерінде қазақтарды диқаншылықпен айналысуға шақырды. Ы. Алтынсарин жастарды еңбек сүйгіштікке баулыды, уақытты босқа өткізуден және жалқаулыққа салынудан сақтануға шақырды.

1867-1868 жылдардағы әкімшілік-территориялық реформалар, Ресей империясының ұлттық аудандарында халық ағарту ісінің дамуына өз әсерін тигізді. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ағарту ісінің төмендегі жүйесі қалыптасты. Бастауыш оқу орындары – приход мектеп кластары, толықтырылмаған гимназиялар, мұғалімдер семинариясы, мал дәрігерлік, ауыл шаруашылық, қол өнер кәсіпшілігіне шәкірттер даярлайтын арнайы мектептер, орыс-қазақ аралас мектептері ашылды. Патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүзеге асыратын әкімшілік-шенеуліктер мен тілмаштар даярлайтын орыс-қазақ мектептерін ашу күн тәртібінде тұрған қажеттілік болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Қазақ ағартушылық жолының өзіндік жүйесі қалыптаса бастады. Белгілі алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы: «Біз Қазақ Ағартушылығын үш бөлікке топтастырдық. Олар: Бастапқы ағартушылық (1860-1890), Негізгі Ағартушылық, немесе Алаш

Ағартушылығы (1890-1920) және Инерциялы ағартушылық (1920-1929)» [1, 5], – деп қазақ ағартушылық тарихын үш кезеңге бөледі. Міне, осы 1860-1890 жылдардағы бастапқы Ағартушылық кезеңнің бастауында, ұлы педагог-жазушы Ы.Алтынсарыұлы тұрды. Ол қазақ жерінде алғаш рет қазақ мектебін ашып, қазақ оқулығын жазып, ағарту ісіне барлық күш-жігерін жұмсады. «Алтынсарин прагматизмі, елі үшін батылдық жасағандығынан туған дұрыс-бұрыс қадамы ХХ ғасыр басында өмір жүзіне шыққан Алаш қайраткерлеріне сабақ болып қалды. Ыбырайды өзге тұтастарынан ерекшелендіретін қасиеті – ағартушы-практик болғандығы еді» [1, 27], – дейді тағы да сол алаштанушы Д.Қамзабекұлы. Расында да, Ыбырай Алтынсарыұлы дегенде біз ең алдымен ұстаздың ағартушылық істерін есімізге аламыз.

Ыбырай шығармаларын оқи отырып, қарапайым оқиға құбылыстары арқылы түйінді идея, зор тәрбиелік мән берілген ұлы ағартушы туындыларындағы ерекшелікті байқауға болады. Ол жазушы туындыларының өне бойынан орын алған. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтсек:

«*Атымтай Жомарт*» әңгімесінде бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып еңбек қылған адам әрекетін әңгімелей отырып, оқырман үшін кейіпкер атымен сөйлей отырып төрт түрлі пайдалы кеңес беріп өтеді.

1) Барлыққа жаман үйреніп, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын;

2) Бар бола тұрып жұмыс қылсам, кейінгілер маған қарап үлгі алсын дегенім;

3) Еңбекпен табылған дәм тәтті, сіңімді болады екен;

4) дәулетті тиісті орындарына жаратпасам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын дейді. Кейіпкер жауабына саралай келе, еңбек етуге жай ғана еңбектен біл деп емес, «Еңбекпен табылған дәм тәтті» деп бір ауыз сөзбен жеткізуі шығарманың түйінін шешкендей. Еңбек тақырыбы қашанда өзекті, ал Ыбырай кейіпкері тұрғысынан қарастыратын болсақ, адам барлықты міндет қылмай еңбектен қол үзбеуге үндейді.

«*Әке мен бала*» шығармасында жолдан ескі тағаны тауып алған әке мен бала арасындағы диалог арқылы «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың» деген сөз арқылы аяқтайды. Шығарма мазмұны еріншектіктен аулақ болу; пайдалы іспен айналысу; үнемшіл болуға тәрбиелейді. Осыншалық үлкен ойға жетелеген шығарманың композициялық құрылымына тоқталар болсақ:

1. Оқиғаның басталуы: Жолда келе жатқан әке мен баланың ескі тағаны тауып алуы.

2. Оқиғаның байланысы: Баласының қарсы шығуы.

3. Оқиғаның шиеленісуі: Әкесінің тағаны сатуы.

4. Оқиғаның шарықтау шегі: Әкесінің шиені жерге тастап отыруы.

5. Оқиғаның шешімі: Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боларсың. Азға қанағат қылмасаң – көптен құр қаларсың.



Екеуара әке мен бала диалогы түрінде ғана берілген шығарма көлемі кішкентай болғанымен, мазмұны жағынан үлкен туынды боларлық қорытынды жасалған. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде атасы немересіне айналадағы жәндіктер іс әрекетін тамашалап отырған немересіне «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттен» деп айтқан ақылын көреміз [2, 27]. Сондықтан балаларды жастайынан – жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған *»Бақша ағаштары»* әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» – деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», – деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», – деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», – деді. Бала тәрбиесіне жастайынан көңіл бөлу керектігін жас шыбықтарға теңей отырып, астарлы оймен нақты жеткізеді. Бұл тұжырым осы күннің өзінде өзіндік құндылығын жоғалтпаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек.

«Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Әңгіменің мазмұны мынадай: «Даңқты І Петр шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын» [3, 46], – дейді. Петр суретті көрсе, мәз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет

салуға үйрететін орынға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады». Жазушының бұл арадағы көздегені – Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қол жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу.

«Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», – дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» – деп сұрайды. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгілі, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», – деді. Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы – Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы – осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Ыбырай шығармаларындағы мәселелер күні бүгінге дейін өзектілігін жоқ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
2. Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер // Құраст. М. Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
3. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым Академиясының баспасы, 1955. – 408 б.

## ТҮМЕН АҚЫН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ӨРШІЛ САРЫН

*Әмір А.К., «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты.*

*Ғылыми жетекшісі: Н.С. Қамарова, филология ғылымдарының кандидаты,  
Yessenov University профессоры*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада Түмен ақын туралы және оның өлеңдеріне шолу берілген. Ақынның өлеңдері мен «Маңғыстау», «Адай тегі» дастандары зерделенеді.

*Кілт сөздер:* Түмен Балтабасұлы, Маңғыстау, ақын, өлең, дастан

Туғанына 140 жыл толған Түмен ақын жайлы не білеміз? Ауыз толтырып айтарлық қызмет, ісіміз қайсылар? Аузынан будақ-будақ жыр төгілген, жүзінен нұр төгілген кеудесі кең сарайдай күмбірлеген ғажал адамдар болады. Халық арасында оларды Алланың жіберген елшісіндей көріп, құрмет тұтады. Қазақ даласының қай қиырынан ондай ерекше талантты жандарды кездестіруге болады. Кәрі де мәңгі жас Маңғыстау өлкесі де сондай аузымен құс тістеген сөз зергерлерінің киелі Отаны болған, болып келеді. Бұған Түмен Балтабасұлы Байғара немересінің (Байем дейді екен тұстастары) өмірі және шығармашылық жолдары куә бола алады. Ақын, ел азаматы рухы алдындағы парызымыз өтелді ме? Түбектің төл перзенті Түмен ақын аруағын қастерлеуге жерлестері, облыс жұртшылығы еліміз тәуелсіздік алғаннан бері белгілі деңгейде біраз шаруаның басын қайырды. Ақын есімі оқу орындарына, елді мекен көшелеріне берілді. Ақтаудан (90-шы жылдың аяғында) «Маңғыстау – ер Бекеттің туған жері» деген атпен көлемі 8 баспа табақтай кітап басылып шықты. Жинаққа Түмен Балтабасұлының өлеңдері, ақынның көзін көрген жамағайын, ұстаз, өлке зерттеушісі Ы.Шәкіратовтың және Ж.Жылқышиевтың естеліктері енгізілген. Жинақты К.Мырзабаев баспаға дайындаса, көркемдеуші редакторлығын журналист С.Әжімұратұлы атқарған. Қайырымды азаматтар Т.Қасымов пен М.Боранбаевтар демеушілік жасаған. Осы тұста мынаны атап көрсетуді парыз санадық. Түменнің ақын ретінде атағы негізінен Маңғыстауда, сонсоң Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарына, басқа да көршілес аймақтарға тарайды. Филолог-ғалым Қ.Сыдықов өзінің әдеби-ғылыми зерттеу еңбектері арқылы Түмен ақынның атағы мен даңқын бүкіл Қазақстанға, Орта Азия елдеріне таратуда алғашқы болып, зор еңбек сіңірді. Түмен Балтабасұлы ел мен жер алдындағы перзенттік борышын өтеген тамаша тұлға. Әбіш Кекілбаев, Қабиболла Сыдықов және тағы басқа зиялыларымыз өнегесін өлкеміздің зиялы қауым өкілдері ыждағаттап, дамытып келеді. Шүкіршілік дейміз. Алматыдан жарық көрген «Өскен орда» әдеби-көркем және публицистикалық жинақ бұл айтылғанның дәлелі. Түмен ата жөнінде шырайлы шаралар аз емес. Қазір облыс жұртшылығы кең көлемде болмаса да әр мекемеде ақынның туғанына 140 жыл толуын атап өтуде. Оның есімі көшеге, мектепке, мәдениет үйіне берілді.

Қаламы жүйрік замандасымыз Әзірбайжан Қонарбаев оның шығармаларын жинап, кітап етіп шығарды. Әңгіме – санда емес сапада. Көлемінің молдығында емес, мән-мазмұнының байлығында, тынысының тереңдігінде. Бұл тұрғыдан алып қарағанда қолтума талант иесі Түмен атаның келбет-кескінін, өнердегі қуат-қарымын, мәдени рухани өмірде алатын орнын жалқылар білсе де жалпы жұрт әлі танып-білген жоқ. Ілгеріде атап өткеніміздей, жекелеген зерттеу, ой бөлісу мақалалары әлгі айтылған сүбелі сұрақтарға жауап қайтара алмауда.

Міне, осы орайда «Түментану» атты тарау, әлде баптар мен бөлімдер ашу жағы зейінді зерттеушілерін асыға күтуде. Қалай болғанда өмірі күрес пен ерлікке толы ақын Түмен ата біздің замандастарымыз үшін жұмбақтау күйінде қалып келеді. Ол жұмбақтардың сырын біздер, ілгергі лектегі буын, ашпағанда кім ашпақ? Олар аспаннан салбырап түспес. Түскен күйінде де дәл осы Түмен ата топырағынан дүреген түлектердей бола қоймас. Бұрынғы КСРО үкіметі «Халық ақыны» атағын берген Сәттіғұл Жанғабылов: «Жүйріксің сен де жаңылмас» деп, тектентек түйіндемегені хақ. Түмен ақын жаңылмас жүйріктің сойынан. Бірақ, әдеби өнерге бастау жолын күнгейі мен беткейі ұйытқып соғып, алма кезек тағдыры тәлкекке түсіп отырды.

Жетпіске келген жасым бар,

Тәркіге түскен басым бар,

– деп ақын өктем жүйенің азаматтық құқын шектеп, сайлауға бару дауысынан айырып т.б. шектеулерге тап болғанын айтқан болар. Соның өзінде де жүнжімеді, қайсар талант замананың алдамшы желіне қарсы тұрды және түптің түбінде халық өзінің рухани арнасына қайта оралатынына сенді. Енді осы проблемалар төңірегінде ой өрбітейік. Бұл ойтолғаулардың артық-кемі байқалмай қалмас. Төл тарихшыларымыз, мәдени мұрамыздың жанашыр сарбаздары жұмбақ тұстарын ашып – жазып дегендей аруақты қастерлеу үлгісінен жаңыла қоймас. Өйткені, діліміз бен дініміз қайта оралып, қазақ халқы рухани түлеу үдерісінен туындаған игі шарапат лебімен тыныстау үстінде. Иә, рухани түлеу шарапатымен тыныстап келеміз. Ол – Ұлы Жаратушы сыйлаған құдіретті күш. Ендеше, бағытымыз Хақтың жолы. Қазағымызды, адастырмас темірқазық, міне, осы. Оның өмір деректеріне азырақ көз жүгіртіп көрелік. Жасынан жүйріктігі білінгендей, Түрі жоқ Түмен ақын сүрінгендей. Екпіні қас тұлпардың туа біткен, Ертеден қара кешке ілінгендей... Замандастары осылай бағалаған нар тұлға Түмен ақын 1884 жылы Бозашы өңіріндегі Қызан ауылында туған. Ауызша шежіреде Адай – Келінберді – Бұзау – Айтұмыс – Шылым – Бәйбіше болып жіктеледі де, соңғысынан Байғара (Байем, лақап аты) туылған. Байғарадан – Балтабас, Балтабастан – Түмен. Бұзауұлы Жеменей Айтұмыстың ағасы. Ауыл молдаларынан дәріс алған. Арабша едәуір сауатты болған. Діни кітаптарды, жыр қиссаларды жақсы меңгеріп алады. Оның үстіне Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, көршілес өлкелердің дүлдүл сөз зергерлері: Сырым Датұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Ізім, Қашқынбай жыраулар т.б. шығармаларымен сусындап өседі. Өз тұсындағы білім бұлағын бойына мол сіңірген бала Түменнің ақындық

кабілеті ерте оянады. Ұлан Түмен ауылаймақтығы той-домалақтардың гүліне айналады. Ауылда Түмен жоқ болса, онда ондай басқосулардың «сәні жоқ» десіп, жерлестері бас әнші, жыршысынан айрылғандай жабырқап қалады екен. Тумысынан ақжарқын Түмен-ұланның аузынан қазақтың қара өлеңі дестелеп атып жататын. Айналасындағы жандарды сол бір дестелі жырларына орап уантып та, қуантып та дулы думанға бөлеп жүретін.

Өкінішке қарай, жас жігіт Түменнің төкпектетіп барып, тыңдаушыларын үйіріп отыратын сол сырбаз жырлары қағазға түспеді. Бірлі-жарым құйма құлақтардың жадында сақталғандары болған. Бірақ амал қанша ол кісілерден әлде-қашан көз жазып қалғанбыз. Дуалы ауыздан шыққан асыл қазына қалам-қағазға іліне қоймай, желге ұшты. Адам баласы алдағы өмірді болжап болмайды ғой. Ертең не болатыны белгісіз. «Алдым тұман, артым жар» дейтін сәт аяқ астынан кездеседі. Түмен-ұлан көп кешікпей ақындықты мүлдем тоқтатты. Және бұл оқиға күтпеген жағдайда өтті. Ауылда кезекті той өтіп жатады. Тойшы қауымды суырыпсалма жырларымен жарасымды бір қақпай өлеңдерімен қыран күлкіге бөлеп отырған жігіт Түменнің құлағына әлдекім бірдеңе сыбырлайды. Осы сыбырдан соң сері жігіт Түмен тысқа шығады. Сөйтсе, қарсы алдында әкесі тұр. Ол қол қусырып ізет білдіріп, «Құлағым сізде» деген ишара танытады. Сонда әкесі Балтабас: - Айналайын, балам, тақылдап бара жатырсың-ау. «Тақ-тақ түбі – тақ-түк». Бұл ертеде өткендерден қалған сөз. Олай болса, бұл әдетінді қой. Тақылдай берме! – деп, түнерген күйі ұзай беріпті. Әке ескертуі Түмен жігітті шат-шадыман ортадан жұлып алып, жолайрыққа тап қылғандай көңілсіз керуен көшіне ілестіргендей етеді. Еңсесі түсіңкіреп, мерекелі топқа қайта оралады. Ештеңе болмағандай ойын-сауықты жалғастыра береді. Сән-салтанаттың бабын түсірмей таратады. Бұл шақта ел жатып қалған. Түмен де тойдан демалуға өз үйі, өлең төсегінде қисая кетеді. Қисайғанмен көпке дейін көзіне ұйқы келмейді. Өлең-жырды есі кетіп, өліп-өшіп бастап еді. Енді, міне, әке талабын орындамасқа шара жоқ. Сүйікті кәсібінен пышақкесті қол үзбек. Соны ойлағанда таңдайы кеуіп, алқынып, бейжай күйге түседі. Өкініш өксікке ұласып барып омырауын жасқа толтырды. Шын сүйген алғашқы махаббатыаяулысынан айрылғандай түншыға берді...

Осы түннен кейін Түмен ақындықты қойып кетті. Тақсіреттің айы түгіл, қай жылы болғанын айта алмайды. Тұмса таланттың лапылдаған отты жырлары уақыт теңізіне батып кетті. Жас Түмен шайырлық, жыраулық ауылымен қоштасады. Бірақ, бұның бәрі уақытша, өтпелі дүние екеніне Түмен ақын кейін көз жеткізді. «Құдай салды, мен көндімнің» кебін киген Түмен өлең ауылынан жырақтап, күйбең тіршіліктің жетегінде жүрген. Құдай беріп, ердің жасы елуден асқанда ұлды болады. «Шаңырағыма ие шықты» деп қуанады. Арқаны осылайша біраз кеңге салуға негізі де жоқ емес. Бұрынғы Кеңестер Одағының қаскөй жауы фашист басқыншыларының сол тұста маңдайы тасқа тиіп, әуелі Москва түбінде, іле Сталинград (Волгоград) майданында, келесіде Курск иінінде қырғын шайқаста қирай шегініп, масқарасы шығып әлемге әшкере болған. Қан майданда кеңес әскерлерімен үш дүркінгі бетпе-бет келген қанды шайқастарда гитлершілердің соры қайнады. Өзіңнен зор шықса, екі

көзің сонда шығады деген емес пе? Айбатынан айрылды, құйрығын жымыра қысты. Келімсек иттің кебін кешкен гитлершілер келген жағына тайып тұруға асықты. Жау шегініп, ауылдар, қалалар бірінен соң бірі немістерден азат етіле бастады. Майдандағы сол түбегейлі өзгерістерден жырақтағы Маңғыстау елінің де еңсесі көтеріле бастады. Ұлы Жеңіс жақындай берді. Бірақ, бұл жеңіс барша Кеңес Одағы халықтарына оңайға түскен жоқ. Ауыл, село халқы тапқан-таянғанын майданға жөнелтіп отырды. Елді ашаршылық, жоқшылық алқымнан алды. Аурусырқау, басқа да індет біткен қарапайым жандарды, онда да балалар мен кәрі-құртаңдарды сорлатты. Маңғыстауда 1944 жылдары кезік ауруы жайлап алды, халықтың дені соның дертіне ұшырады. Сол жылы Түмен де кезік дертіне шалдығады. Ол аз болғандай он бірге толған жалғыз тұяғы Сайын да осы сырқатпен ауырады. Сөйтіп, Түменнің өзі де, жалғыз Сайын да бірнеше күн ессіз-түссіз өлі мен тірі арасында жатқан. Бірнеше күннен кейін Түмен есіне келгенде алғашқы ұққаны қаралы хабар болған. «Жалғызыңнан айрылды!» Жүректі жаралаған осы қазалы хабарды естіп, қайтадан есінен танса керек. Тағдырдың қақпақылымен жалғызының орнын сипап қалған ақын:

Тіл жаратқан тіләлім!

Енді өзің сыйлаған сүйексіз тілімнің өрнегі артымда қалсын.

Тіл өнерімді ұстартайын.

Өлеңімді перзентім санаймын.

Жыр жолына қайта оралайын, –

деп бекінген дерек түбегімізде әлі күнге дейін айтылады. Бұл сөздің негізгі ұйтқысын жеткізуші Ысқақ Шәкіратов болатын. Иә, сонымен ақын ар алдында, өнер алдында ант қабылдады десек, шындықтан алыстап кете қоймаспыз. Түменнің ақын ретінде қайтып оралуы 1944 жылмен орайласады. Түмен Балтабасұлы 13-14 жыл-ақ ақындық еткен.

Қазіргі қолымыздағы Түмен жырлары оның 60-73 жас аралығындағы дүниелерінен тұрады. Әрине, түгел жинақталған деуден аулақпыз. Өмірге қайта оралған ақын халқының қоғамдық өмірінен, елшілік істерінен қалыс қалушылыққа өзін жібермеген. Түменнің өлеңдерін оқи отырып байқағанымыз, қас шебердің туындылары жүрекке жылы тиіп, салғаннан баурап әкетеді. Жас ақындар да байқалып жататын кібіртктеуден ада. Адай елінің саңлақ ақындары Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашағандар салған дәстүрден ауытқымайды. Тайпалмас жорғамен жортып келе жатқандай жан сарайыңды аша түседі. Ұлы Сайын өлгенде шығарған толғауынан үзінділер оқып көрелік. «Қу ажал сені қайтейін, Бүлдірдің талай орданы. Он бірден жаңа асқанда Өмірге қадам басқанда Келмеске мәңгі алыпсың, Сайындай асыл қарғамды. Дүние сені қайтейін, Көрсен көңіл тоймаған, Жас күнім, сені қайтейін, «Мәңгі» деп бәрін ойлаған». Немесе: «Құлан жалды құлыным, Жатырмысың аман-сау, 228 Өзекке біткен жұлыным Маңдайға біткен тұлымым». Бұл бауыр еті баласынан айырылып, «аһ» ұрған әке көкірегін жарып шыққан жырлар еді. Бұл жолдарға түсінік беру, тіптен де артық-ау! Күйзеліске түскен жанның ауыр халін түсініп, құптамас жан болар ма екен? Тағы да: Өмірдің көлеңкелі

жақтарын, адам мінезіндегі кемшіліктерді аяусыз қамшылайды. «Бір жиенге» деген өлеңінде «Аярлықпен ісің жоқ, Сендей жомарт кісім жоқ. Мұздай арақ қоймады-ау Аузыңда бір тісің жоқ», – десе, «Доғалаққа» деген өлеңінде: «Доғалақ-ау, Доғалақ Мұрның неге домалақ? Жұрт келді құдық қазуға Қашып кеттің шырағым, Кетем бе деп домалап...» – деп өткір тілмен іліп түседі. Бұл келтірілген жолдар оқырманын бейтарап қалдырады деуге кімнің ауызы барар? Жалғзынан айырылған қамкөңіл қарт ақын Түмен ешқашан биік адамгершілік рухынан түспей өтті. Пессимизмдікке жалқы сәт берілген күннің өзінде де тез сергитін қыран құстай алыс көкжиекті шолып, туған халқымен, әманда бірге болудан жаңылмайтын. Содан болар, ақынды көзінің тірісінде «Жаңылмас жүйрік» деген атақпен туған елі төбесіне көтерген.

Ақынның «Маңғыстау», «Адай тегі» дастандары сөз жоқ: осындай қуатты дарын иелерінің қолынан келер бірегей дүниелер. Бұлардың тарихи танымдық, маңызының жоғарылығы өз алдына бір белес болса әдеби көркемдік сипаттарының сыры әліге дейін ашылып көрсетілмей жатқан нағыз тың өлке. Бұларда және өзге жырларда қаншама соны теңеулер мен образдар қамтылғанына түсіністікпен бас шұлығысамыз. Ал оларды әдебиет ілімінің қорына енердей деңгейде дәйектеп көрсету жағы тіптен де келмей жатыр. 1965 жылы Алматыдан «Пернелердегі термелер» деген атпен байтақ Қазақстанның түпкір-түкпіріндегі ақын-жыраулардың бірлі-жарым шығармалары топтастырылып, жинақ шықты. Сол жинаққа Түмен ақынның «Біздің сұлу Алматы» атты жыр толғауы енгізіледі. Осылайша, Түмен ақын ретінде республикаға таныла бастайды. Сонда дейміз-ау, «Пернелердегі термелерге» еруге деп ұсынылған шығармалар аз болмапты. Шын мәнінде көркемдік шеберлігі жоғары Түмен ата шығармалары жарқ етіп көрінген. Бірақ бұл жаңалықтың жария болмауы құптаушысының кемдігінен демеске лаж барма, тез сөніп, тез ұмытылды.

Мойындау керек, Түмен бойындағы дербес әдеби талантты алматылық әдебиетші ғалымдар жіті танып білген. Осыған тағы бір деректі қосайық. 1952 жылы Алматыда Коммунистік партияның 50 жылдығына байланысты Республика ақын-жырауларының байқауы өтсе, соған Түмен ақын қатысып, «Құтты болсын тойыңыз» деген толғауымен астана сахнасын дүр сілкіндірген. Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар» (Алматы 1974 жыл) жинағында Түмен Балтабасұлының бір топ өлеңдеріне орын берілді. Сол тұстан кейін-ақ жаңадан шаңырақ көтерген Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті бұл тақырыпқа жүйелі оралуды дәстүрге айналдырды. Түрікменстандағы Красноводскіде жарық көрген «Жұмысшы» газеті де Түмен шығармаларын насихаттауда белсенділік танытты. Мемлекеттік мұрағаттарда олар хаттаулы сақталған. Асылы, біз жоғарыда атаған ақын ата туралы деректермен материалдарды жинақтап, бірізге түсіру кезек күттірмес міндетіміз сияқты.

Тағдырын өлеңге айналдырған ақын өміршең, өршіл өлеңдер жазды. Өнер адамына сөйтіп тақырыпты Тәңірдің өзі сыйлайды. Ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын ақын жырлары жас ұрпақты тәрбиелеуге де қуаты жетеді.

Түмен Балтабасұлының жырларындағы өршіл пафос – өзінен бұрынғы ақын-жыраулардың сарыны. Ол сарын Маңғыстаулық ақындар жырларына берілген белгі сияқты. Ақын өлеңдері өміршең.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Балтабасұлы Т.. Маңғыстау – Ер Бекеттің туған жері. Ақтау, 1990.
2. Сыдиықұлы Қ. Өмір өрнектері. Таңдамалы зерттеулері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 384 б.
3. Жыр-Дария. Маңғыстаудың ақын-жыраулары. Ақтау: Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасы, 1995. – 596 б..
4. Озғанбай Ө. Ойы – дүр, сөзі – жыр Түмен ақын. // Шығармалары. Алматы, 2021. – 400 б. – 220-230-бб.

### ӘОЖ 82-1/9

#### АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІ

*Жетписбаева Сымбат Кайрақбаевна,*

*Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Көп тілді білім беру факультеті Қазақ тілі және әдебиет кафедрасы 2-курс магистранты  
(Атырау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Раманова А.А., филология ғылымдарының кандидаты*

*Аңдатпа.* Автор мақалада қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы философиялық ойларға тоқталып, қандай тақырыптарды қамтығанын қарастырады. Шығармаларындағы адам болудың негізгі идеясына тоқталып, тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді.

*Кілт сөздер:* ақын, шығарма, проза, жанр, идея, тақырып.

Абай шығармаларындағы «толық адам» ұғымының мәнін ашып көрсетуге арналған. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын» деп, адам атына терең мән беріп, жоғары талап қойған Абай өз шығармаларында адамның жаратылысы мен өсіп- жетілуін, адам болу жолы мен адамдықтан шығаратын жаман істерді атап көрсетеді. Сөйтіп, өз халқының бала тәрбиесіндегі қателіктерін аша отырып, баланы шын мәнінде Адам болу үшін қалай тәрбиелеу керектігін, қандай мақсаттар қою керектігін өлеңдері мен қарасөздерінде жан-жақты ашып көрсетіп отырған. Одан әрі данышпан ақын адамның «толық адам» болу мәселесін алдыға тартып, шығармаларында оған бұл өзекті ойын гуманистік тұрғыдан күллі адамзаттық деңгейге көтереді.

Толық адам (араб. «инсан-и камил» – толық адам немесе кемел адам) ақыл-ойы толыққан кісі. Діни ілімде толық адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан,



мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Толық адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік [1].

Толық адам ұғымы қазақ әдебиетінде кітаби ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді. Бұл ұғымның арғы төркіні Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны мен сопылық сарындағы туындылардан тамыр тартады. Сопылық сарындағы поэзияда Толық адам ұғымы екі таным тұрғысынан бір біріне тығыз байланыста жырланады. Бұл құбылыс, әсіресе, «Құдатғу білік» дастанында өзінің айқын белгісін аңғартып, ондағы Күнтуды (Әділет), Айтолды (Дәулет), Огдүлміш (Ақыл) үшеуі, яғни Әділет, Дәулет, Ақыл осы өмірге қызмет етуге ұмтылған толық адам бейнесінде жырланады. Толық адам туралы ой Абай шығармаларында толық адам, жарым адам, камили инсани, кемел адам сөздері арқылы жүйелі түрде жауәнмәрттілік (көне түрік тілінде *zomard* жомарт немесе ақыл) ілімі негізінде таратылып отырады [2].

Абай қазақтардың кешегісі мен бүгінін, болашағын, олардың мінез құлқын, салт- дәстүрлері мен рухани мәдениетін, оқу-білімін, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарын тынымсыз ойлаумен өтті. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі уақыттың түсініктерімен зерделеп айтқанда, хакімнің ой барысы қазақтың менталитеті қандай, оған тән кемшіліктерді қалай жоюға болады, не істеу керек ол үшін? Әсіресе, өмірінің соңында дүниеге келген «Қара сөздеріндегі» ой желісі осы мәселелер маңында түйінделеді. Адамгершілік, толық адам туралы ойлар үшінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы, он сегізінші, жиырма үшінші, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, қырық екінші, қырық төртінші сөздерінде жан-жақты сарапталады. Әрбір ұлттың ұлылығы өздеріне тән жағымсыз жақтарын жасырмай, аяусыз сынап, көрсете алатындығында деген пікір бар. Абай қазақ халқын басқа халықтардан, ұлыстардан кем деп санаған емес, керісінше халқының озық ойлы, озық мәдениетті елдер санатына қосылып, олардан да асып түссе екен деп армандады. Осы арман үшін өмірін сарп етті. Өз халқының аяулы ұлы ретінде өз заманында орын алған қаракетсіздікке, жалқаулыққа қарсы аянбай күресті.

«Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде тууың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің махшарда сұрауың бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупың, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?... Біріңе бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып көз алартыспақ лайық па?» [3, 189 б.]. Дананың бұл пікірі дүниежүзі тарихындағы толық адам мәселесі, адам теңдігі жайлы аса маңызды ойлар қалдырған Сократ, Сенека, Канттардың қағидаларынан, ар ілімінің императивтерінен артық түспесе кем түспейді.

Мысалы, Сенеканың құл мен қожайынның теңдігі жайлы айтқан мынадай әңгімесі бар. Өзінің бір досына қонаққа барғанда былай дейді: «Мен сенің үйіңде болған кісілерден естідім, сен өзіңнің құлдарыңмен достық қарым-қатынас жасайды екенсің. Бұл ісің сенің адамгершілігіңе, біліміңе сай қылық. Тағдыр адамды бір жағдайда мырза қылады, басқа бір жағдайда құлға айналдырады. Ойлансаң сенің құл деп тұрған адамың да дәл сен сияқты жолмен жарық дүниеге келді, сен сияқты ауа жұтады, өседі, өледі. Ортақ аспан, ортақ жер. Сонда сенің нең бөлек, ерекше. Ал құлдыққа келсек, адамның бәрі құл. Біреу нәпсінің құлы, біреу сараңдықтың құлы, тағы біреу мансаптың құлы, ал адамның бәрі қорқыныш пен үміттің құлы. Сондықтан сенің құлдарыңа дұрыс көзқараста болғаныңды мен құптаймын». Әрине бұл да дәлелдері мінсіз керемет түсінік. Бірақ Абайдың ойлау құдіреті одан да жоғары. Бұл жерде біржақты таптарды ғана үйлестіру, келісімге келтіру шарт емес. Абай ұлт пен ұлттың, нәсіл мен нәсілдің, ел мен елдің достығын, теңдігін өз пікіріне тиек етіп отыр. «Адамшылық» қағидасын жалау қылып көтеретін себебі де, адамзаттың баласы бол, біреуді орыс, біреуді ноғай, біреуді сарт деп күлме, өзіңді ешкімнен артық санама, ғылымын, өнерін, жақсы қасиеттерін үйрен, жаман қасиеттерінен жирен, адамзаттың барлық асыл қазынасын өз жаныңа азық қылсаң ғана Кемел адам атын қабылдауға негіз бар дегендік.

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қарасөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Адамның ақыл-ой, сезім, дене бітімі жағынан хайуандардан артықшылығы адамға деген құдайдың аса зор махаббатынан деп білген Абай адамның жаратылысына үлкен мән берген. Өзінің 38-қара сөзінде: «Ғақлия дәлелім: құдайтағала бұл ғаламды ақыл жетіспейтін келісіммен жаратқан, онан басқа бірінен бірі пайда алатұғын етіп жаратты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесін хайуанды жаратып, жанды хайуандардан ақылды инсанды жаратыпты...» – дей келіп, жаратушының адамды ерекше артық әрі махаббатпен жаратқанына оқырманның көзін жеткізеді де, адамға үлкен міндет жүктейді. Яғни, жаратушы сені барлық жағынан (дене, көрік, ақыл, сезім) артық етіп, ерекше жаратқан. Сен жаратушының саған берген артықшылығын, сыйын пайдалан, адам деген атқа лайық бол. «Адам екі аяғынан тік басып, тік өсіп, дүниені тегіс көрмекке лайықсың» – десе, 27 сөзінде, «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса дәлелін білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады», – дейді 7-сөзінде. Бұл алынған дәйектемелерден шығатын қорытынды Абай адам болып жаратылған соң надан болуға қақың жоқ, егер надан болсаң, хайуан болғаның деп адамға жоғары талап қояды.

Діни тұрғыдан да, этикалық-интеллектуалдық тұрғыдан да адамзаттың бәрі пайғамбар, әулие, хақим деңгейіне жете бермейді. Толық адамдыққа ұмтылу әрбір адамның парызы. Толық мұсылман мен толық адамның арасында айырмашылық бар ма, бар болса қандай айырмашылық? Абай 38-ші қарасөзінде жіктейтін Адамның ғылымы және Алланың ғылымы деген

тұжырымдар бар. Толық адам осы екі ғылым саласына қанық, екі ғылым саласында қатар алып жүретін, оларды өзінің адамгершілік қалыбын, ішкі иманын жетілдіру үшін тұтынатын болса керек. Толық мұсылман адамның ғылымынан гөрі, алланың ғылымына ден қойған, сол бағытты терең ұстанған иман жолындағы адамға айтылса керек. Абайдың толық адамының ерекшелігі жоғарыда айтқан ғылым түрлерін меңгеріп, ішкі иманын арттырып қана қоймай, әлеуметтік мәселелерде адамзат қоғамының бейбіт те бақытты, әділетті өмір сүруі үшін тер төгетін, елінің, ұлтының қамын ойлайтын күрескер, азамат болуы қажет. Абайдың толық адамы ғылымды игерген, иманды, кәсіппен шұғылданған, қарым-қатынаста әділеттілікті ұсанған тұлға ғана емес, моральдық-этикалық тазалықпен қатар, өнер мен мәдениетке, әдебиетке жақын, жанын сыршыл сезімталдықпен тазарта білетін, жаны мөлдіреген таза сезімдерге толы, сұлулыққа құмар, сұлулықты аңсайтын, адами іңкәр сезімдерді ұлықтап сақтайтын тұлға. Санамалап отырсақ, Абай толық адам идеясын керемет моральдық-эстетикалық, азаматтық қасиеттермен жетілдіре білген. Абайдың толық адамы кешенді, симбиоз, синтетикалық тұлға. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, өнерпаздық, эстетизм, т.б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам - Абай ұсынған толық адам концепциясы. Терең үңілсек, өмірде осындай адам болуы мүмкін бе, қажет пе деген сауалдар туындайтындай. Алла тағала хауас арқылы бұл барлық қасиеттерді адам бойында бар етіп жаратты, қайсысы жибили, қайсысы кәсіби ақын оны да ажыратып береді [4, 214 б.].

Сол Алла тағала әр адамның бойында бар етіп жаратқан қасиеттерді дамыту, тәрбиелеу, жетілдіру әр адамның өзіндік міндеті. Абайдың ойынша кез-келген адам адам болып жаратылып дүниеге келген соң, адам болуға, толық адам болуға ұмтылуы, тырысуы керек және ол оның ең басты міндеті.

Абайдың діни танымының ғылымилығы және ақиқилығы оның білімдарлығымен, еңбекқорлығымен, ізденімпаздығымен түсіндірілсе керек. Оның сопылық туралы пікірлері де ғылыми дұрыс талданған пікір болып есептеледі. Теориялық сопылық пен практикалық сопылықтың мықты және осал тұстарын дөп басып көрсетуі, қазіргі таңдағы көзқарастардың да қандай бағытта дамуы керектігін анықтап беретіндей.

Өмір мақсатының терең сыры Абай тәрізді ұлы ғұламалардың қалырған мұраларынан табылады. Мәселе соны дұрыс түсініп, қабылдай білуде. Абай да «Сәулең болса кеудеңде, мына сөзге көңіл бөл» деп айтқан сөздерінің маңыздылығын әркім түсінсін дегендей, жүрекке жеткізе қадап айтып кеткен. Абай қарапайым адам болмағандықтан, оның сөздері жеңіл оймен айтылмайды. Оның әрбір сөзі қорғасындай салмақты және терең мағыналы. Сондықтан оған толық сеніп, оның сөздерін бар ықыласымызбен қабылдау абзал болмақ.

Ойшыл тұжырымы бойынша негізгі мақсатқа жету жолы – Аллаға деген сүйіспеншілік. Бұл туралы Абай былай жазады:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті [5, 214 б.].

Бұл шумақтан, Абайдың өзі жазып отырғандай, иманның үш асылын көреміз. Бұлар - өмірдің негізгі мәнін білдіретін тұжырымдар. Олардың біріншісі, «Алла тағала адамзатты махаббатпен жаратқан». Екіншісі, сол себепті, «Ол Алланы сенің де сүюің және жаннан тәтті сүюің керектігі». Үшіншісі, «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп және Хақ жолы осы деп әділетті». айта келе: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» атты концептуалды өлеңінде үш сүю идеясын Руза, намаз, зекет, хаж - талассыз іс, Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс. Бастапқы үшті бекітпей, соңғы төртті Қылғанменен татымды бермес жеміс, – [5, 112 б.] деп діни таным мен сенім мәселесін де сүю, ішкі иман, мейірімділік, әділеттілік мәселелерін алдыңғы қатарға қоюы көп жәйтті аңғартса керек. Қазіргі қоғамымызда, әсіресе, жастар арасында діннің ішкі мазмұнына, философиясына емес, сыртқы түріне көп көңіл қоюшылық тенденциясы орын алып отыр. Дана Абайдың сөздерінен бұл көкейтесті мәселелердің де жауабын естисіз: «Сіздің батыныңыз таза болмағы әуелі иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат – батыныңыздағы иманның көлеңкесі һәм сол иманның нұрланып тұрмағыңа көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлки сөну хаупі де бар деген. Егер надандар ол ғибадаттың ішкі сырын ескермей қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген. Менің хаупім бар, олар хас осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады екен деп ойлайды. Ол ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмағың қасд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе?» [5, 208 б.].

Өскелең жастарымыздың құлағына хақ дініміз ислам Абайдай хақимнің трактовкасымен, интерпретациясымен ұғындырылып жатса, қоғамымыз кемел адамды, яғни толық адамды қалыптастыруда жеміске жетер еді.

Өмір шындығын табу арқылы Абай жеке басының шындығына да жетті. Жүрегінің түбіндегі тұнып жатқан тұңғық сырлардың пердесін ашып, нұр беріп, өзінің де рухани міндетін анықтады. Өзі кім, мақсаты не, елі кім, оған өзінің немен борышты екендігін айқындады. Осы жолға бар өмірін салып, белсене іске кірісті. Абайдың бізге түсіндіргісі келген мәселесі «адамның өмірі адаммен». Осының салдарынан дүниенің тұтқасын Толық адам концепциясымен ұштастырып, мұны жан-жақты түсінген, қарастырған ойшыл. Оның ілімінде күңгірт жағынан гөрі сәулелі жағы басым. Сондықтан бізге Абай сол үшін қымбат, сол үшін қадірлі, сол үшін де ол мәңгі жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. IV том [Мәтін]. – энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998 – 600 б.

2. Абай. Шығармалар жинағы. [Мәтін]: жинақ/ Абай. – Алматы: Жазушы, 1986.-800 б.
3. Абай. Қара сөз. [Мәтін]: жинақ / Абай. – Алматы: Жазушы, 1993. – 750 б.
4. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. [Мәтін]: жинақ. – Алматы: Жазушы, 1995. – 900 б.
5. Омаров Д. Абайтану. [Мәтін]: оқу құралы/ Д. Омаров. – Алматы: Мектеп, 2002. – 350 б.

## ӘОЖ 82-1/9

### ҚАШАҒАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ САКРАЛЬДЫ БЕЙНЕСІ

*Ахташева А.,*

*Yessenov University МНКЯЛ-23 тобының магистранты.*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қабылов Ә.Д.*

Әр елдің, әр жердің өзіндік тарихы бар. Сол тарихтан тамыр тартатын қасиетті ұғымдары, ел мен жердің киелі атаулары, тұлғалары болады. Ол ғасырлар бойы халықтың тарихымен қалаптасып, сандаған ұрпақтың ғұмырымен жалғасып отырады. Осындай киелі ұғымдар сол жердің тұрғындарының қастерлеп жүретін, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп, сырт жұрттарға мақтанышпен айтатын ерекше атаулары мен ұғымдарын құрайды.

Маңғыстау өлкесі де сондай қасиетті де қастерді мекен саналады. «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер», «Маңғыстау – Ер Бекеттің туған жері», «Үш жүз алпыс әулиелі Маңғыстау» деген сөздер тектен-текке айтылмаса керек. Осындай ел есінде сақталған қанатты сөздерден, тарихи шежірелерден, ақын-жыраулардың шығармалары мен есте қалған есті әңгімелерден Маңғыстаудың да сакральды бейнесі құрылған. Ол қашан да ұрпағының үлгі тұтар рухани мұрасы болып табылады.

Атақты ақын Түмен Балтабасұлының:

Маңғыстау – анадайдан тозаңытқан,

Жүрегін талайлардың қобалжытқан, –

деп жырлағанындай, әрбір маңғыстаулықтың жүрегіне жылы тиіп, жағымды естілетін жыр жолдарының ұмытылмай, ауыздан-ауызға тарап келе жатқаны да сондай қесиерлі сипатынан.

Қазақтың жерінде мұндай қастерлі мұралар мыңдап саналады. «Қазақ халқының мыңжылдықтарға кіретін тағылымды тарихында тамсана айтар, ұрпаққа үлгі етер шапағатты шежірелер мол кездеседі. Әр аймақтың өзіндік тарихи және табиғи даму ерекшеліктеріне қарай оны мекендегін халықтың да өзіне сай мәдени дәстүрі, рухани-әлеуметтік құндылықтары, дүниетанымы қалыптасатыны белгілі» [1, 6 б.].

Сакральды ұғымдардың қалыптасуы мен дамуының өз тарихы мен жолдары болады. Ол шежіре-тарихпен, ел басынан өткен оқиғалармен, ел аузындағы әңгімелермен, ақын-жыраулар шығармашылығымен тығыз байланысты. Әсіресе, қазақ ішінде кеңінен таралған ақын-жыраулардың шығармашылығы жердің қасиетті сипатын тарату мен сакральдауда өте маңызды роль атқарады. Өйткені, олардың шығармашылығында өткен күннің жады сақталған. Ел басынан өткен небір оқиғалар, елі мен жері үшін тері мен қанын төгіп, еңбегі сіңген тұлғалардың ерлігі мен еңбегін бағалап, оларды кейінгі ұрпаққа үлгі етуде ақын-жыраулар шығармашылығы өте өзектілігімен көрінеді.

«Маңғыстау тарихы күрделі де қасиетті. Күрделі болатын себебі, осы өлкеде не болып, нелер кеткенін, қаншама оқиғалар өткенінің бәрі толыққанды жеткен жоқ. Маңғыстау тарихы жөніндегі мағлұматтар мардымсыздау, үзік-үзік жұрнақтары ғана белгілі. Ал қасиетті болатын себебі, ол адамның жан-жүрегін өзіне тартады да тұрады» [2, 19 б.].

Маңғыстаудың киелі, қасиетті бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосқан ақын-жыраулардың бірі – Қашаған Күржіманұлы. Ол туралы Ж.Тілепов: «Қазақ жұртының елдік шаңырағын көтерісуге ерекше қайрат еткен жыр дүлдүлі Қашаған Күржіманұлының еңбегі қаншалықты өміршең болса, еңсесі де соғұрлым жоғары, есімі де соншалықты ардақты» [3, 264], – десе, С.Негимов: «Даланың жыры, дананың сыры, сөздің сиқыры болмысына дарыған, халықтың жан-жүрегін, арман-тілегін құмарпаздықпен, керемет өнерпаздықпен толқындата толғаған, «өнерден дәулет жинаған» азу тісі балғадай, тілі мірдің оғындай айтқыштардың айтулысы, «арлан бөрісі» Қашаған жырау еді», – деп тұжырымдайды [3, 269 б.].

Қашағанның жыр-толғауларында Маңғыстаудың мекендік ерекшеліктерін, тарихи орнын, айтулы тұлғаларының өмір жолын, елге үлгі етер оқиғалары мен құбылыстары молынан жырланады. Мысалы, «Атамекен» дастанында Адайлардың Маңғыстауға келіп қоныстану тариихын айта келіп, бұл мекеннің ерекшелігіне тоқталады:

Жылдардан жылдар өткенде,  
Маңғыстаудай қонысқа  
Адайды айдап келеді.  
Сұрасаңыз, бозбала,  
Бұл ақиқат сөз ғана.  
Шежіренің сүрлеуін,  
Кәріден естіп білгенін,  
Осылайша әр жерде  
Қашаған айтып береді [3, 60 б.].

Ал «Топан» дастанында Еділ, Жайық, Маңғыстау аймағын қамтитын «Үш қиян» туралы былайша суреттейді:

Ноғайлының елінде,  
Үшқиянның жерінде,  
Асанқайғы бас болып,

Қайғыменен өтсе де,  
Нарынды тастап кетсе де,  
Құтты екен бұл қоныс:  
Баққан қойы бүркіттей,  
Дулығасы үйген іскірттей.  
Кәрі биесі жал алған,  
Нарлары семіз қом алған,  
Кәрі саулығы шайлаған,  
Еркек қой мен тоқтысын  
Шаруасы ерте байлаған... [3, 60 б.].

Қашаған «Қоштасу» өлеңінде атамекенмен былай деп Маңғыстаудың халқымен қоштасады:

Дүние – жеткізбейтін түлкім менің,  
Хош болың, ағайын жұрт, шіркіндерім.  
Сексеннің сегізінен өтіп барам –  
Он үште орта көріп сөйлегелі,  
Бір жерде сөз таба алмай іркілмедім.  
Маңғыстау, Еділ, Жайық, Сағыз, Жемі,  
Сарыарқа – қазағымның қалың елі,  
Бұлбұлға мәуе емес, басқа қонып,  
Бұл күнде күйіп кетіп күркілдедім... [3, 143 б.].

Жырау енді бір өлеңінде:

Мекенім болған байырғы  
Маңғыстаудың Қараойы,  
Адайдан шыққан шайырмын.  
Арасында отырам  
«Ақеспе» мен «Шайырдың»  
Жақсы менен жаманды,  
Адал менен арамды  
Безбенімен көңілдің  
Алтындай құмнан айырдым.  
Қызыл тілін безенген,  
Бес қаруын кезенген  
Әспенсіген талай сабазды  
Алмас-сөзбен майырдым.  
Ордасына Адайдың  
Жерім жоқ олжа салмаған,  
Өзімнің атым – Қашаған,  
Талайды жетіп, қайырдым,.. – [3, 152 б.],

деп, туған өлкесін арқа тұтып әрі өзінің ақындық тұлғасын асқақтата жырлайды. Мұнда ол Маңғыстауды атамекені, ақындық шабытының бастау алар жері, халқына арқа сүйейтін, жақсы мен жаманды, адал мен арамды айыртқан қасиетті мекен ретінде бейнелейді.

Ақын өлеңдерінде атамекен Маңғыстаудың табиғатын да жеріне жеткізе суреттеп отырады:

Маңғыстау деген бұл аймақ –  
Даласы құм мен шаң ойнақ.  
Шулы өзендерге зар болып,  
Кешпедік суын лайлап.  
Адыра қалғыр жаңбырды  
Сұрадық көктен құдайлап, –

деп, бұл жердің өзен-көлі жоқ екенін, көктен жаңбыр тілеген халықтың қиыншылықтарын да, сондай табиғатқа шыдаған халықтың табандылығын да жыр етіп отырады. Қашағанда мұндай шығармалар баршылық.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасиетті Қазақстан. II том. – Астана, 2018. – 415 б.
2. 360 әулиелі Маңғыстау. – Алматы: Информ-А. 2018. – 590 б.
3. Жыр жүйрігі – Қашаған. Құрастырған Б.Жайлауов. – Алматы: Қазақ кітабы, 2021. – 796 б.

### ӘОЖ 82-1/9

## ҚАШАҒАН АҚЫННЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ЖҮЙРІКТІГІ

*Сағынова Ж.Б.,*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Н.С. Қамарова, филология ғылымдарының кандидаты,  
Yessenov University профессоры*

Қашаған – ауыздыға сөз бермей, ақынмын деген талайды тәубәсіне түсірген дүлей қабілет иесі. Жалпы Құдай тағала қасиетті қазақ даласының, оның ішінде киелі Маңғыстау өлкесінің құрсағынан әр заманда біртуар айрықша ұлдарды түлетіп отырған. Алты алашқа Пір атанған Бекет атаны, Қырымның қырық батырындай телегей жырды жадына сақтаған Мұрын жырауды, жарты әлемге танылған қанатты тұлпар – адай жылқысын, небір батырларды атаған кезде, көмейінен бет қаратпас ағыл-тегіл жыр тасқынын тудырған Қашаған Күржіманұлын да атауға тиіспіз.

Қашағанның суырып салма және дүлей ақын екендігін, әділетсіздікке төзбейтін намысты, ездiк пен әлсiздiк танытқан жанды шен-шекпен, даңқ-дабырасына қарамай жырмен дүрелей алатын қайсар мiнездiң иесi екендiгiн, сондай-ақ ислам әлемiнiң тарихын, шарифат талаптарын жетiк бiлген көкiрегi ояу, сауатты жан болғандығын оның соңында қалған шығармалары танытып, мойындатып отыр. Өкiнiштiсi, қолда бар мәлiметтерге жүгiнсек, күнi бүгiнге дейiн Қашаған ақынның шығармалары әлi толық жинақталмай отыр. Оның



баспа бетін көрмеген, ел аузында жүрген шығармаларын жинақтау – ұлтжанды, өткен тарихқа бей-жай қарай алмайтын перзенттің парызы. Осылардың басын қосып, құрастырып, кітап шығару керек-ақ. Халық арасында «Өмірім - өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» деген сөз бар. Қашекеннің көзі жоқ болса да сөзі кейінгі ұрпағымен бірге жасасып келеді. Демек, ақынның рухани өмірін зерттеу, шығармаларын түгендеу де халқының мойнындағы міндет.

Қашағанның өзіндік ерекшелігі – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 30 жылдары аралығында Батыс Қазақстан аумағында айтыс өнерінде алдына жан салмауында жатыр. Оның жалпақ жұртқа жайылған атақ-даңқына іштей де, сырттай да бақталас кейбір әріптестері оны ойламаған жерден, тұтқиылдан басып қалып, оңтайлы тұста опық жегізуге, сөйтіп ел мақтаған Қашағанды сүріндіруге, сол арқылы өздерінің абыройын асыруға әрекеттенген. Оған ойда жоқта соқтыққан Сақып, Ізім, Ізбас ақындардың әрекетін осылай демеске амалымыз жоқ. Әйтпесе, мұсылмандық дәстүрге сай өздігінен ешкімге қақтықпай-соқтықпай адамдықтың ақ жолымен жүретін, адамгершілік, ақиқат мұраттарын биік қоятын Қашаған аға дегенге асқар тау бола алатын, іні дегенге ізет көрсете алатын жан. Ал аяғынан шалып, орынсыз жерде жағасына жармасқанды түсіне де, кешіре де алмайды. Сөз-сойылын аяусыз сермеп, көпшіліктің алдында әбден шәт-шәлекейін шығарып, масқаралап, екінші қайтара бетіне қаратпайтындай етіп бір тынады.

Ақтөбе облысының Темір ауданы аумағында өткен тойда Тама руының жүйрігі Ізім шайыр намаз оқып отырған Қашағанға соқтығады. Айтыстың бірнеше нұсқасы бар, бірақ бәріне ортақ нәрсе біреу – ол Ізім шайырдың Қашағанға тиісу үшін күллі Адай еліне орынсыз топырақ шашуы. Иісі қазаққа даңқы мәлім, Пір Бекет бастаған әруақты ерлер көп шыққан белді руға деген көреалмаушылық, реті келсе оны мұқату.

Ізім ақының шумақтары осы желіге құрылады.

Болады түс қайтқанда бесін намаз,

Қор болған Адайларға, есіл намаз,

– деп әп дегеннен сөз ләмін осылай бастайды.

Біз мынау сахараның Адайындай,

Қояндай шәшкі жеген көп жүрмейміз,

Шелектен айуанға ұқсап су ішпейміз,

– дей келіп,

Сен Адай сахарада жүрген надан елсің,

Сендерді сол себептен жек көреміз,

– деп ширығады.

Сабазым, танымадым, Адаймысың?

Бізбенен ұстасуға қалай күшің?

– деп шаптығады.

Бастан-аяқ осылай құрылған жыр жолдары Қашаған түгілі, тыңдаушының намысына тиіп, зығырданын қайнатады. Ал Қашекен қайтты? Алладан хабары бар, иманы түгел Қашекен балағына жармасқан

ақынсымақтардан өзінің өресінің де, кісілігі мен білімінің де зор екендігін дәлелдеп берді. Ізімнің бет-алды жоқ айтылған балағат сөздеріне еріп, аттандаған жоқ. Ізімді сабасына түсіре отырып, салмақты айтысты, сабырлы, салиқалы ой айтты. Ашуға немесе сезімге беріліп асып-саспаған ол қара домбырасын қағып-қағып жіберіп, жыр нөсерін ақтарыпты:

Біреуді-біреу неге керек қаралаған,

Әркімдер өз әліне қарамаған.

Шайырмын мен де көп ел аралаған,

Алды-артын замананың шамалаған,

– деп өзінің талай елді, небір ақынды көргендігін паш етеді де, әрі қарай мұсылман шариғаттарынан сыр шертеді. «Намаз оқымаймыз» деп өзін-өзі ұстап берген Ізім ақынның аяғын шариғат заңдарымен шырмап тастайды. Бұл айтыстың толық нұсқасы 2011 жылы «Жазушы» баспасынан Жетібай Жылқышыұлының құрастыруымен «Қайыртпай кеткен Қашаған» кітабында жарық көрді. Алайда, Мұрат Өскінбайұлы, Жаңай Қожали, Сұлтан Балқаев, Шамығұл Ибрайымов айтқан нұсқалары да бар. Арада қанша уақыт өтсе де Қашаған ақынның Ізім шайырмен айтысы ешқандай мән-мазмұнын жойған жоқ. Айтыстың бүкіл философиялық пафосы ұлы уақытпен үндес, ұлттық рухымызбен мәңгі бірге жасасып келеді. Түбек перзенті, заңғар жазушымыз Әбіш Кекілбайдың: «Әлі де болса, бар сыр, бар сиқырымен танылып бола қоймаған Маңғыстау жыр мектебінің арман иесіндей ата бәйтерегі – Қашаған ақын Күржіманұлы. Қашаған жырын тыңдасаң, оқысаң әр ғасырда әрқилы аталғанмен ықылым заманнан жер үсті ғаламаттарының бәріне қатысып келе жатқан халқымыздың көп ғасырлық көне тарихының көк айдын мұхитына жүзгендей, сол көп ғасыр бойғы қордаланған рухани ырзығының бәрі төкпей-шашпай жиылып, қаймағы алынбай қуырылып, тыныш тұрған қасиетті қара қазанының қақпағын ашып, нәр татқандай. Халық парасатының көп замандардан бері тұяқ кешті болмай, тұнып тұрған кәусар көліне, күмп бергендей боласың. Мейірің әбден тасады. Өйткені, Қашағанның бойында тең халықтың табиғаттан туындайтын алыптық қасиеттердің бәрі бар деп түйіндеуіне қатты ризашылықтың белгісі ретінде еріксіз бас шайқап, арқаланып шыға келесің» дегені табиғат тудырған ұлы ақынға берілген зор баға. Ізім шайырдың жыр жолдары бұл айтылғанды жеріне жеткізе қуаттап тұр. Ізім шайыр тұтас бір елге топырақ шаша сөйлеуімен өзінің ақыл-парасатының, рухани мәдениетінің төмен жатқанын салғаннан-ақ аңғартып, оқырманның судай тасыған көңілін басып тастайды емес пе? Ал Қашекең жырларын оқығанда жыр дариясындағы қайықта тербелгендей рахат сезімге бөленесіз, жан дүниеніз жасарғандай күй кешесіз. Бұл өзіңнің көкейіндегіні тап басып айтып, айызыңды қандырған шабыт қасиеті десек, оның жырының мән-мағыналық тереңдігін зерттеу және оқырманға жіліктей шағып түсіндіру үшін ең айтулы деген тіл мамандарының біраз жыл ізеуріттей ізденуіне тура келеді. Дін-дінгек болғанда, халқымызды ислам дінінен, Хақ жолын сілтер – Құран Кәрімнен 162 алыстатушылықтың ұлттық рухани өмірімізде орны толмас қателікке итермелейтінін ел-жұрт тұрмыс-тіршілігіне негізделген

мысалдар арқылы шебер жырлап, нанымды жеткізгеніне тәнті боласың. Жүгірме, әңгіменің терісіне, Сөзді де айтқан дұрыс келісіне, Ағайын Тама, Табын бізге келіп, Қыдырып жүрмеуші ме ед ел ішінде, – деп исі қазақты татулыққа, бірлікке шақырады. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның басты ұстанымы да осы – татулық, бірлік. Қашаған оны өткен ғасырда айтып жар салды. Бұл сөз ұлыларға тән ақыл-парасат, кезкелген емес, аз қазақты бірлікке, татулыққа шақыруды мақсат еткен кемеңгерлік иесі айта алатын ұлық сөз. Демек, бұл айтыс Қашекеннің жәй ақын емес, ел бірлігін ойлаған азамат ақын екендігін танытты. Қашаған ақынның өзге айтыстары да оның ақын, азамат ретіндегі шоқтығын биіктете түседі. Оның ата тегін орынсыз сынап-мінеуден аса алмайтын, әдеп сақтауды білмейтін күншіл ақындарды аяусыз ірейді. Мұндай ақындар өз елі ішінен де табылды. Соның бірі – Базар Жары Избас ақын. Сексенге келген кезінде «айтысам» деп аласуан болған Избастың қылығы Қашағанға ұнамайды. Бір жиында

Сен – есек те, мен – тұлпар,  
Адай түгіл Алшынға,  
Естілген дүбір-дүрсілім.  
Мен – ақ айдында аршындап жүзген ақ пароход,  
Басармын да кетермін,  
Батарсың да кетерсің,  
Күні бұрын күбінбе!  
Сен бір жабы, мен – тұлпар,  
Сен бір қарға, мен – сұңқар,  
Тоғыңды шайқап бүлінбе.  
Мен – мұхит жатқан тереңмін,  
Шамшырақ жанған түбімде.  
...Мен – жоғарыда жүзген кемемін,  
Сен – өзектегі жыртық қайықсың,

– дей келіп:

Менің түкірігім сөндірер  
Сенің жаққан отыңды,

– деп екпіндете тоқтайды. Қашаған ақынның ойқастаған жүрісі бөлек тұлпарлығын танытатын бір тұс – осы. Мұны естіген Избастың қандай күйде болғанын қайдам, ал арада қанша жылдар өтсе де оқыған жанның дегбірі қашатыны анық.

Аға алдында кішілік жолын ұмытқан Сақыпқа:

Мұнартып Еділ таспаса,  
Кемерінен аспаса,  
Көбігін көкке шашпаса,  
Биіктен қарғын баспаса,  
Су жүретін бе еді Жайыққа?  
Кеме жүрсе дарияда,  
Жол тиетін бе еді қайыққа?» – деп тойтарады.

Бұл Сақыпқа «мен тұрғанда әліңді де, жолыңды да біл» деген ақыл, тойтарыс. Әдепке шақыру. Үлкенді сыйлауға үгіттеу. Демек, Қашаған ақынды – ұрпақ тәрбиелеуші ұстаз-ақын деуімізге толық дәлел бар. «Әке тұрып ұл сөйлегеннен, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» дегендей, жасы үлкенді сыйлау, жолдасу – бізге бабадан қалған жақсы әдет, жан жадыратар мінез десек, Қашаған оның жоқтаушысы және жолдан шыққанды қайырып әкеп тезге түсірер тегеурін иесі. Ал домбыраны «қу ағашқа» теңеген Есқали сұпыға айтқаны – әдепсіз жанның қол-аяғын өлеңмен шырмап, ақылға суарылған кемел оймен шандып тастаған тамаша туынды. Алдын ала белгілі болған тақырыпқа арнайы дайындықпен, қолпаштауқошаметтеумен ырғала-жырғала келген ақын емес, ойда жоқта тап болған тайталасқа мұндай тасқын-екпінмен, терең білімділікпен, кең мағыналы, шабытты толғаныстан туған дүлей сөздермен соққы бере айтысу – түртіп қалсаң өлең ақтарыла жөнелетіндей табиғи таланттың қолынан келер шеберлік. Айтыскерлік, сурып салмалық қыры осындай болған Қашекеннің шығармашылығындағы шағын өлеңдері байлар мен мансапқорларды, жағымсыз қылық иелерін өткір тілмен сынауға құрылса, «Адай тегі», «Топан», «Атамекен» дастандары тарихи шежірені арқау етеді. Бұлар да ұрпақтың ата текті, ел басынан өткерген талайлы тарихты тануына үлесін қосып келеді. Ақындар тәмсіліне сүйенсек, «ақынның аяқ алысын өлеңінің алғашқы бір-екі жолы-ақ аңғартып тұрады». Қашаған ақынның шағын өлеңдері, толғаулары мен термелері, қысқа сөз қағыстырулары өзінің көркемдік құрылысы, айтар ойының салмақтылығы мен уыттылығы, тілінің құнарлылығы жағынан ұзақ-сонар айтыстары мен дастандарының шоқтығын одан әрі толықтыра, биіктете түседі. Содан болар Әбіш Кекілбайдың: «Дария десе, дария екен ғой Қашекен! Нағыз жырдария, мұндария, шердария, сырдария екен ғой. Оның ағыл-тегіл жойқын тасқынының қаншасы тұрымтай тұсына, балапан басына заманда құмға сіңіп жоғалды. Қаншасы құнтсыз елдің қоржыны мен сандығына қолжазба боп түсуге үлгере алмай, күннен-күнге көзі азайып бара жатқан құймақұлақ қариялармен бірге әлдеқашан дүние ауып, үйме топырақтың астына кетті. Қалғанына тәуба! Қашағандай жырдарияның дүниеде болғанына тәуба!» – деуі. Қазан төңкерісіне дейін Қашекен шығармаларының ауызша тарағандығын айттық.

Әдетте ауызша тараған жыр орындаушылар тарапынан біраз өзгерістерге ұшырайды делінеді. Қашағанның бізге жеткен жырының екпіні тыңдағанын тамсандырып, тиіскенін тұралатып-ақ кетеді, сонда алғашқы түпнұсқасы қандай болғандығы әрине белгісіз. Жыр тұнығы бізге жетті. Оны келер ұрпаққа жеткізу – ұрпақ еншісінде.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Озғанбай Ө. Мәңгілік ақын Қашаған // Кітапта: Қазақтың көсемдігі мен шешендігі астасқанда. Алматы: Нұрлы Әлем, Т.3. – 2021. – 400 б. – 157-168-бб.

2. Маңғыстау мақамдары. // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/mangystau-maqamdary\\_20352](https://adebiportal.kz/kz/news/view/mangystau-maqamdary_20352)
3. Озғанбай Ө. шығармалары. // <https://adebiportal.kz/upload/iblock/cda/cda10cfb73df93eaa9232f7a27640348.pdf>
4. Жыр-Дария. Маңғыстаудың ақын-жыраулары. Ақтау: Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасы, 1995. – 596 б.
5. Кекілбайұлы Ө. Жырдария сарқылмайды. // Кітапта. Қашаған – сөздің дүлдүлі. Алматы: Жазушы, 2013. – 320 б. – 10-19-бб.
6. Жыр жүйрігі – Қашаған. Ақын, жырау Қ.Күржіманұлына рналған академиялық жинақ. – Алматы: Қазақ кітабы, 2021. – 800 б.

**ӘОЖ 82-1/9**

## **ҚАЛНИЯЗ ШОПЫҚҰЛЫ ЖЫР-ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ЕРЛІК ДӘСТҮРДІҢ ЖЫРЛАНУЫ**

***Мақтапова А.А.,***

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің магистранты, Ақтау қ.,*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор **Қабылов Ә.Д.***

***Аңдатпа.** Қалнияз Шопықұлы қазақтың атақты жырауы, ақыны, батырлық жырларды жырлауда өзіндік орны бар тұлға. Оның шығармалары халықтың рухын көтеріп, батырлық пен ерлікке үндейтін мазмұнымен ерекшеленеді. Қалнияздың жырлары қазақ халқының күрескерлік дәстүрін, ерлікке деген құрметін айқын көрсетеді. Оның шығармаларының негізгі тақырыбы – ерлік, ел қорғау, батырлықтың ұлықталуы. Мақалада ақынның жыр-дастандары арқылы ерлік дәстүрдің қалай жырланғанын қарастырамыз.*

***Кілт сөздер:** Қалнияз Шопықұлы, батырлық жырлар, ерлік дастандар, батырлық дәстүр, жауынгерлік рух, тарихи оқиға, Маңғыстау.*

Қалнияз Шопықұлы 1816 жылы Сам құмы, қазіргі Маңғыстау облысында дүниеге келген. Адай руынан шыққан қазақ жырауы. Ежелгі ерлік дастандарды, «Ақтабан-шұбырынды», Исатай-Махамбет көтерілісі оқиғаларын, көне жыраулар мұрасын ести өседі. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі – ақын, жырау Қалнияз Шопықұлы. Ел іргесі бұзылып, туған жерге қауіп-қатер төнгенде өзінің өр үнді, алмас жырларымен жауынгерлерге күш-жігер беріп, рухын көтерген ақын жырларының топтамасы оқырмандарға ұсынылды. Уақыт тілі ілгері жылжып, заман сан қилы бағытқа ұйытқығанымен, рухани байлықтың көп өзгеріске ұшырамайтынын ескерсек, бабаларымыздың жас ұрпаққа қалдырған баға жетпес

мұралары баршылық. таяуда солардың бірі Шопықұлының «Қалнияз едім күнінде...» атты жыр жинағы жарық көрді.

#### 1. Қалнияз Шопықұлының шығармашылығының ерекшелігі

Қалнияздың жырлары, әсіресе, батырлар жырлары ерекше орын алады. Ол өзі көрген немесе естіген тарихи оқиғаларды жырлау арқылы халыққа үлгі көрсетіп, ерлікті насихаттаған. Ақынның шығармашылығы қазақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, патриотизмді арттыруда маңызды рөл атқарған. Қалнияз жыраудың жырларында батырлардың ерлігін дәріптеп, олардың қаһармандық қасиеттерін халыққа үлгі еткен.

#### 2. Батырлық дәстүрдің негізгі сипаттары

Қалнияз Шопықұлының жырларында батырлық дәстүрдің негізгі сипаттары айқын көрініс табады. Оның шығармаларында мынадай ерекшеліктер байқалады:

- Ерліктің мадақталуы: Ақынның жырларында ерліктің қасиеттері, батырлардың батылдығы мен қайсарлығы ерекше мадақталады. Батырлардың жауға қарсы шайқасындағы ерлігі, халықты қорғау жолындағы жанкештілігі жырға арқау болады.

- Жауынгерлік рухтың күшейтілуі: Қалнияздың жырлары жауынгерлердің рухын көтеруге бағытталған. Ол батырларды қайсарлыққа, ерлікке, жауға қарсы тұруға шақырады.

- Ұлт бірлігін насихаттау: Батырлық жырларда халықтың бірлігі, отанды қорғау үшін әрбір азаматтың міндеттілігі туралы айтылады. Ақын халықты бірлікке, елді қорғауға үндеген.

#### 3. Қалнияз жырларындағы тарихи оқиғалардың бейнеленуі

Қалнияз Шопықұлы өз жырларында белгілі тарихи оқиғаларды сипаттайды. Ол жырау ретінде халықтың арасында жүріп, тарихи оқиғалардың куәсі болған, сондықтан оның жырларында нақтылық, шынайылық байқалады. Оның шығармаларында Абылай хан, Кенесары Қасымұлы, Исатай-Махамбет сынды тарихи тұлғалардың бейнелері сомдалады.

#### 4. Батырлық жырлардың тәрбиелік мәні

Қалнияздың жыр-дастандары жастарды патриотизмге, отаншылдыққа тәрбиелеуге бағытталған. Батырлардың ерлігін жырлау арқылы ол жас буынның рухын көтеріп, олардың бойында ерлікке деген құштарлықты арттырады. Қалнияз Шопықұлының жырларының тәрбиелік мәні осындай қасиеттерімен ерекшеленеді.

Қалнияз Шопықұлының жыр-дастандары туралы жазу кезінде оның шығармаларындағы ерлік дәстүрін тереңірек қарастыру үшін бірнеше қосымша аспектілерді талдауға болады:

#### 5. Қалнияз жырларындағы батырлардың бейнесі

Қалнияз Шопықұлының жырларында батырлардың бейнесі олардың күш-қуаты, батылдығы, жауға қарсы шыдамдылығы арқылы көрініс табады. Ол батырларды тек жауынгерлік қасиеттерімен ғана емес, сонымен қатар олардың адамгершілік, әділдік және рухани күш-қуатымен сипаттайды. Қалнияз үшін батыр болу тек қару асынып, жауға қарсы тұру ғана емес,

сонымен қатар халықтың мұң-мұқтажын түсіну, елдің тағдырын ойлау да болды. Сондықтан оның жырларында батырлардың халықтың қорғаушысы ретінде көрсетілуі маңызды рөл атқарады.

6. Жыраудың ерлік дәстүрін ұлттық сана-сезім қалыптастыру құралы ретінде қолдануы

Қалнияздың жырлары қазақтың ұлттық сана-сезімін оятуға, халықты отаншылдыққа, тәуелсіздік үшін күресуге шақырады. Ол ерлік дәстүрді тек өткеннің мұрасы ретінде емес, қазіргі уақыттағы да өзекті мәселе ретінде қарастырды. Бұл оның жырларын тек тарихи дерек ретінде ғана емес, ұлттық бірлікті күшейту құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік берді.

7. Қалнияз Шопықұлының жырлары мен басқа қазақ батырлық эпосының байланысы

Қалнияз жырлары қазақ эпостық дәстүрінің бір бөлігі болып табылады. Ол дәстүрлі батырлық эпостардың (мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр») идеяларын жалғастырып, жаңа тарихи кезеңнің батырларының ерлігін жырлаған. Оның шығармалары қазақ батырлық эпосының қалыптасу және даму жолдарын көрсетіп, ерлік дәстүрді жаңғыртқан. Қалнияз жырау халықтың күрескерлік рухын сақтап қалу үшін батырлық жырларды жаңаша жырлап, тыңдаушының жүрегіне жол тапты.

8. Ақынның шығармашылығында батырлық пен халықтық жырлардың байланысы

Қалнияздың батырлық жырларымен қатар халықтық жырларды да насихаттауындағы мақсат – батырлықты тек жеке тұлғалардың ерлігі ретінде емес, бүкіл халықтың рухани мұрасы ретінде көрсету болды. Ол батырлардың ерлігі арқылы халықтың жалпы батырлыққа, ұлтты қорғауға деген ұмтылысын бейнеледі. Осылайша, Қалнияз жырлары тек батырлық дәстүрдің жалғасы ғана емес, оның жаңа заман талабына сай бейімделуі болды.

Қалнияз Шопықұлының жыр-дастандары қазақтың батырлық дәстүрін ұлықтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарды. Оның шығармаларында халықтың ерлік рухы мен батырлық дәстүрі терең жырланған, бұл өз кезегінде қазақ әдебиетінің маңызды қазынасына айналды. Ақынның жырлары елді біріктіруге, патриотизмді арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Қалнияз Шопықұлының жыр-дастандары қазақ халқының батырлық дәстүрін, ерлікке деген құрметін ұлықтауда маңызды рөл атқарған. Оның шығармалары халықты патриотизмге тәрбиелеуге, ерлікті дәріптеуге бағытталған. Батырлық жырлардағы ерлік дәстүрдің жырлануы арқылы ақын ұлттық бірлікті нығайтып, халықтың рухын көтерді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қирабаев С. «Қазақ әдебиетінің тарихы». – Алматы: Санат, 1998.
2. Жұмалиев Қ. «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері». – Алматы: Ғылым, 1967.

3. Әуезов М. «Әдебиет тарихы». – Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Байқұлақов Б. «Қалғанияз Шопықұлының батырлық жырлары». – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
5. Негимов С. «Қазақтың жыраулық өнері». – Алматы: Рауан, 1997
6. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. «Батырлар жыры» – Алматы: «Жазушы», 1987.
7. Сейітов Ш. «Қазақ батырлық эпосы: дамуы мен ерекшеліктері». – Алматы: Ғылым, 1983.
8. Сәрсенбаев Р. «Батырлық жырлардағы қаһармандық бейнелер». – Астана: Елорда, 2005.
9. Исмаилов Е. «Қазақ әдебиетінің тарихи жолы». – Алматы: Ана тілі, 1997.

**ӘОЖ 82-1/9**

## **МАҢҒЫСТАУДЫҢ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІ МЕН ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ**

*Турмуханова М.Т.,*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: профессор Қамарова Н.С.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің профессоры (Ақтау қаласы, Қазақстан)*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Маңғыстау өлкесіндегі ақындық дәстүр, шешендік өнер, шешендік өнер мен ақындар тарихы, оның мән маңызы сипатталған. Ф.Мусаев, Қабиболла Сыдиықұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Исмаилов, З.Қабдолов, І.Шыртанұлы сияқты ақындық пен шешендік өнерді зерттейтін қазақ ғалымдарының ой-пікірлері мен тұжырымдары берілген. Сонымен қатар ұлттық асыл мұрамыз ақындық дәстүр мен шешендік сөздеріндегі сабақтастық және адамзат өркениетінің даму барысындағы ақындық дәстүр мен шешендік өнер жолында «әдебиеттік оқу» пәнінің маңызы айтылады.*

***Кілт сөздер:** әдебиеттік оқу, ақындық дәстүр, ақын сөзінің тарихы, халық, шешендік сөз*

*«...Маңғыстау мынау, жырменен таңы атқан жер  
Қашаған, Түмен, Сәттіғұлдарым жатқан жер  
Қос сөздей болып тарихта қалған жаңғырып  
Есейген орда Абыл мен Ақтан, Ақтангер*

*Маңғыстау мынау күнде бір думан боп жатқан,  
Күнде бір жиын қайнатып қазан от жаққан  
От ауыз тілді, егіленіп келген шешенді*



Екі ауыз сөзбен Ерменбет, Мәтжан тоқтатқан...» (1).

Маңғыстау мекенін өнер-мәдениетімен, тосын мақамымен дараланып тұратын Каспий теңізінің жағалауындағы қызыр қонған киелі жер деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені бұл өңірден талай саңлақ ақындар мен шешендер шыққан. Қазақ – табиғатынан ақын халық. Көшпелі тұрмыс пен ауызекі дағды «аттың жалы, атаңның қомында» жүріп жырлайтын ақпа-төкпе ақындар, олардың сөзін таратушы жыршылар көп шыққан.

Маңғыстау өлкесіндегі халық ақындарына тоқталмас бұрын «Халық ақыны» деген атауды алатын ақындардың негізгі ерекшеліктеріне назар аударайық. Біз осы мәселені анықтағанда ғана Қабиболла Сыдиықұлы зерттеулеріндегі халық ақындарын толықтай аша аламыз. Қазақ әдебиетінің тарихын құрайтын негізгі аран халық ақындарының поэзиясы – бүгінгі уақытқа дейін қуатты ағынды өзендей, бүгіннен асып болашаққа жететіндей ең өміршең нөсер екендігін байқатып отыр. Қазақ сөз өнері тарихында халық ақындары атауының танымдық тұрғыда қалыптасуының заңдылықтары бар. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында авторлық тұлғалары қалыптасқан, жұртшылықтың ортасында танылған тұлғаларды «халық ақындары» атауымен қарастырудың ғылыми айналымдардағы қолданыстарда қалыптасқаны – табиғи заңдылық. Әдебиеттану ғылымының тарихында ақындық өнер иелерін «халықтық» сөзімен тіркестіріп айту ежелден келе жатқан дәстүр. Әбунәсір әл-Фараби «мазмұнына қарай ғылыми тұжырымдау, шама-шарқынша тап басып айту, поэзияны талдаушының, әр түрлі халық поэзиясымен, оның әр түрлі мектебін білетіндердің характеріне кіреді», – деген сөздерді келтіреді (2).

Ал қазақ әдебиетін зерттеуші Халел Досмұхамедұлы «XIX ғасырдағы халық ақындары мен билерінің көбіне жуығының аты-жөндері белгілі, әйтседе олардың туындыларының көпшілігі ұмытылған не авторы белгісіз. Бұқаралық, халықтық шығармаларының қатарына қосыған. Соңғы екі ғасыр көлемінде өмір сүріп, ады-көпті есімдері ел есінде қалғандары: Қалнияз, Абыл, Нұрым, Қадырбай, Мұрат, Матай, Қуан, Өтебай, Байтөк, Марабай, Иманбай, Бабас, Жылқышы, Абат, Жылқыайыр, Қозыбек, Жұмырбек, Қашқынбай, Базар, Есенбек, Жиенқұл, Ораз, Шернияз, Жаскелең, Жанак, Нысанбай, Нарманбет, Ешнияз, Жамбыл, Бақтыбай, Әбубәкір, Біржан сал, Ақан сері, Жүсіпбек, Орынбай, Ақмолла, Қабан, Күдері, Бөлтірік, Нұржан, Тоқжан, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Шөже, Садық, Оңғар, Шораяқтың Омары» (3).

Профессор Б.Кенжебаев жыршы, жырау, ақын атты сөздердің біртұтас түсінілуін, бұл қасиеттердің барлығының да ақынның халықтық келбетін құрайтын сапалық ерекшеліктер жағдайында болатынын бағалайды: «біздің байқауымызша ақындар өлең-жырды түрлі кезеңде түрлі мақсатпен шығарып, түрлі орынға, түрлі мақсатқа пайдаланған. Соған қарай халық оларды әр кезде жырау деп, жыршы деп, ақын деп әр түрлі атаған. Мысалы, ертеде қазақ хандығы тұсында ақындар жырды ханға халықтың хал-жайын, мұңын, тілегін айту үшін қолданған. Ақын халықтың тілі идеологиясы болған. Ол кезде халық ақынды жырау деп атаған». Демек, халық ақындары кейбір кезеңдерде жыршы, жырау атауымен аталсада, бәрібір шығармашылық поэзиялық,

туынгерлік қабылет дарыны жетекші қызымет атқаратын болғандықтан оларды халық ақыны бейнесінің биік тұғырында тұрады.

Професор Е.Ісмайлов «халық ортасында тұрып, өлең-жырларын халық арасында ауызша шығарып, түрлі орынға, түрлі мақсатқа пайдаланған ақындарды халық ақындары дейміз» – деп олардың шығармашылығындағы өнер тұтастығын атап көрсетеді (4).

Ақындардың қоғамдық-тұрмыстық ортадағы жақсылық пен жамандық атаулының қарама-қайшылықты құбылыстарын халықтың арманына, мұратына сәйкестендіре жырлау арқылы адамгершілік, гуманизм рухындағы мақсаттар жүзеге асырылады. Академик Зейнолла Қабдолов әдеби шығарманың терең мазмұнындағы халықтық мәселенің автордың тақырыбын, мақсатын, көркемдік шешімін, кейіпкердің мінезін, дүниетанымын, іс-әрекетін, тілін, стилін, бағытын, эстетикалық идеяларын толық қамтитынын айта келіп: «халықтық – ақындық қайнары, сөз өнерінің тамыр тартар топырағы» екенін көрсетеді. «Сондықтанда олар халықтың ұшан-теңіз бай тілін, рухани өмірі мен қазынасын, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты білумен қатар, осыларды ақын-ой елегімен шебер екшеп алатындай көркемдік қабылеті мен эстетикалық талғамы болу қажет. Олардың ақындық тәжірибесінде әріден келе жатқан дәстүрлі өрнектер, символдық бейнелер, мифологиялық образдар мол қолданылады».

Демек, халық ақындары қаһарлы сөз өрнектеп, көркемсөз үлгілерін, поэтикалық тіл түрлерімен, шешендік өнермен сабақтасатынын көруге болады.

«Бағзы Маңғыстау өңірі – өзінің қасиетті топырағында ел бірлігінің туын көтеріп, дүлдүл шешендерді, суырып салма ақындарды, найза ұстап, түн ұйқысын төрт бөлген батырларды, от ауыз – орақ тілді көсемдерді, жезтандай әншілерді, таңды таңға қосқан жыршыларды, күдіретті күйшілерді өмірге келтірген өңір» – деп Ізбасар Шыртанұлы айтқандай, Маңғыстауда көптеген билер, шешендер өмір кешкен (5).

Қорыта айтқанда, толғаған ұшқыр ойлы, алқымды сөз зергерлері, өзінің отты да бейнелі, өткір де өміршең толғауларымен ел санасынан өшпесі анық. Заманында шұрайлы сөздерімен, шынайы өнерлерімен елге танылып, даңқы жайылған әйгілі жүйріктердің қалдырған мұралары қазақ әдебиеті тарихы үшін бағалы дүниелер екендігіне еш талас жоқ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ф.Мусаев «Маңғыстау»
2. (Әбунәсір әл-Фараби. Трактат және өлеңдер. – Алматы; Жазушы, 1974)
3. (Әзи Е. Ақындар шығармашылығындағы исламтану мәселелері// Ақиқат; №9, 2012.)
4. (Исмайлов Ы. Ақындар. – Алматы; МКӘБ, 1954.)
5. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы.

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА КЕЙІПКЕР БЕЙНЕЛЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

*Мукашева А.М., Нұрхожаев Н.Қ.,  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті*

*Аңдатпа.* Кемелденген қазақ поэзиясы біздің заманымызға осы қалыпта жете қойған жоқ. Тарихи даму барысында өзге де өнер түрлері сияқты ұлттық поэзиямыз да белгілі бір жолдарды жүріп өтті. Осынау даму тарихында поэзия тарихи дамудан аутқымай эволюция заңдылықтарына сай кезең-кезеңмен дамыды. Поэзия – бірінші кезекте ұлттық сөз өнерінің шоқтығы биік түрі. Сөздің мәйегін, құдіретін қалқып терген қазақ ақын-жыраулары оның түрленуі мен дамуына өзіндік ықпалдарын тигізді.

**Кілт сөздер:** Ұлттық поэзия, жырау, көркемдік ізденіс, жыр.

Қазақ поэзиясы ғасырлар бойы жетіліп, бүгінгі таңда әлем әдебиетіндегі мейлінше дамыған, нағыз ұлттық поэзия қатарында көрініп отырғаны шындық. Поэзиямыздың алып өкілдері жасаған ұлттық поэзия түр мен мазмұн жағынан түрленіп, түрлі тақырып аясында ұлттық болмысымызды нақышына келтіре жырлайтын өлеңдер өмірге келді.

Ауыз әдебиетінде жырланып келген түрлі жырлар мен жыраулар толғауларындағы елдік пен ерлік проблемасы төңірегіндегі кейіпкерлер бейнесі ұлттық поэзиямыздағы алғашқы қадамдар болғандығы сөзсіз. Себебі «Жазушы творчествосында дәуір үні, заман шындығы, уақыт тынысы қаншалық толық, айқын көрінсе, соншалық оның азаматтық тұлғасы зорайып, өмірге құштарлығы, заман алдында жауапкершілігі айқын танылады. Әр кезеңнің өзіндік қайталанбай сипаты сол тұстағы қоғам өмірінің өзекті құбылыстарымен тығыз байланыста көрінбек. Ақын, жазушы да өзі өмір сүрген дәуірінің перзенті, оның даусы өз уақыты тынысымен үндес келуі белгілі заңдылық дейміз. Дәуір суретін тұтастай көрсете алу аса үздік таланттардың ғана үлесі», – деген байламның қаншалықты шындық екендігін уақыт өзі дәлелдеп отыр [1,142 б.].

Қазақ поэзиясының төл түрі саналатын жыраулар толғауларында сол тұстағы ел аузында жүрген тарихи тұлғалардың бейнесі өз заманының бигінде тұрып жырлаған жыраулардың нағыз шығармашылық жетістігі деуге тұрарлық. Ел бастаған билеушілер мен қол бастаған батырлардың, сөз батаған би-шешендердің тарихи бейнесі тек жыраулар шығармаларында ғана кездесетін архивтік дереккөздер деуге лайық. Мәселен, ХҮІІІ ғасырдағы ақын-жыраулар атақты қазақ ханы Абылайды, сол замандағы әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты елін, жерін қорғауда ерлік, батырлық, қайсарлық істерімен көзге түскен аяулы батырларын жан-жақты бейнелеп, олардың мінез-құлық, батырлықтарын көрсетіп, мақтап, марапаттап,

соларға өз жырларын арнаған. Бұған дәлел ретінде Үмбетей, Бұқар жыраулар мен Тәтіқара ақынның арнау өлеңдерін алуымызға болады.

Қанжығалы Бөгембай аты кімге болмасын жақсы таныс. Ол – Жоңғарға қарсы күрестің қаһарманы, әйгілі батыры, атақты қолбасы, еліне еткен қызметі арқасында жұрт сүйіктісіне айналған қазақ халқының ардақты ұлы. Сондықтан да Үмбетей жырау аяулы батыр дүниеден өткенде қатты қапаланып, оның өліміне аза тұтып, көзінің тірісінде халқына жасаған қызметін, қалмақтармен ұрыста көрсеткен ерлік істерін еске алып, марқұм батырды мадақтап «Бөгембай өліміне» атты жоқтау-арнауын шығарған. Ал Үмбетейдің екінші бір жыры «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» деп аталады. Жырау мұнда қайғылы хабарды, елдің сүйікті батырының өлімін Абылай ханға хабарлаған. Алдымен ескі салт бойынша, Үмбетей жырау әңгімені алыстан орағыта бастаған, яғни Абылайдың өз басынан өткен ауыр күндері жайынан толғап, қуанышты күндерін, жеңісті жорықтарын, ондағы батырлардың көрсеткен ерлігін бейнелеген. Жырдың бас жағында Абылайдың жайы, оның «Сарыарқаны жерім деп, қалың қазақ елім деп» Үргеніштен келгендігі, алғашында Төле бидің түйесін бағып жүргендігі, ер жетіп бұғанасы қатқан соң, Ойраттармен күрес дәуірінде көзге түскендігі айтылады.

«Жиырма жасың толғанда,  
Қалмақпен соғыс болғанда,  
Алғашқы бақты тапқанда,  
Шарыштың басын қаққанда,  
Қанжығаңа бас байлап,  
«Жау қашты» деп айғайлап,  
Абылайлап шапқанда,  
Ұмыттың ба соны, Абылай!» [2,77 б.], –

деп бір қайтарып өтеді де Бөгембай батырдың бітім болмысын жырлай жөнеледі. Бұ әу баста ел тарихы үшін еңбек еткен тарихи тұлғалардың көркем бейнесін сомдау дәстүрі. Осы тәріздес толғаулар Бұхар, Шалкиіз, Тәтіқара, Шал ақын сияқты сахара дүлдiлдерiнiң толғауларында молдап кездеседi.

XIX ғасырда қазақ поэзиясы жаңа белеске көтерілді. Жазба әдебиетке құлаш ұрған қазақ ақындары ақындықты рухани қажеттілігін өтеуі ретінде халыққа арнап отырды. Яғни билік жүйесі мен ел басқару жүйесінің өзгеруі ақындық өнерге де өзінің билігін жүргізе бастады. «XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басы, – дейді Қ.Өмірәлиев, – Қазақтың байырғы билік жүйесіне түбегейлі өзгеріс әкелді. Бұқара халық пен хан-сұлтан, би арасы ашық, анық жіктеле түсті. Жыраулық өнері бар билердің бір тобы таза әкімдікке бірте-бірте көшіп, көпке сөз айту сияқты байырғы қызметін жойды, енді бір тобы билік-төрелік берер қызметі шектеліп, хан-сұлтанға тәуелділігі күшейді, олардың ақыл, өсиет айту дәрежесі жойылды. Мұның өзі би-жыраулықтың салтын бірте-бірте шығуына әкелді. Мұның сыртында ақындық кәсіп туды да, үстем тап өкілі би-жырау жыраулықты, ақындықты мін ретінде есептейтін

болды. Сөйтіп ендігі жерде би мен жырау-ақындық бөлінді. Ендігі би дау-дамайды шешендік сөзге, төрелік намыс сөзге ыңғайланды да, ал ақындық қабілеті, дарыны молдары тақпақ сөзге көшті.» [3,78 б.]. Осыдан кейін-ақ өлең сөздегі кейіпкерлерді бейнелеу жаңа қырынан көрініс тапқанын байқаймыз. Мәселен, Шортанбай, Дулат сынды суырып салма ақындардың толғауларында қара бұқараға тізесі батқан ел билеушілердің кескін-келбеті дараланып суреттелсе, ал Абай сынды жазба ақындардың өлеңдерінде, поэмаларында ел тарихында түрлі қырынан көрінген тұлғалардың бейнесі жырланды.

Зар заман ақындарында қаһарман болмысы заман көрінісімен параллель сипаталып отыратындығы сол кездегі ақындық ізденістердің нәтижесі екендігі даусыз. Мысалы, Дулат ақынның «Сүлейменге», «Ақтанға», Шортанбай ақынның «Көз көрген қазақ батыры», «Молда, ишан» сияқты арнау өлеңдерінде сол дәуірдегі адамдардың бейнесі заман қайшылығымен қатар қойылып жырланады. Ал, Дулаттың «Ер Еспембет». Шортанбайдың «Ақжолтай», «Қаракесек» дастандарында бас кейіпкер бейнесі халықтық дәстүрге сай іс-қимыл арқылы сомдалып отырады. Қарап көрелік, «Ер Еспембет» дастанында:

Еспембет келе сөйледі,  
Ерлікке сай қайраты,  
Қаруға сай амалы:  
«Сен – қалмақтың қабаны,  
Қарсыңа қалай жіберді  
Қазақ саған баланы?  
Қазақ сені қорлады,  
Баладан төмен санады.  
Жігерің болса, қайраттан,  
Баланы саған балады.  
Ағаштан жұлып алмадай

Басыңды бала алады», – деу арқылы Еспембеттің қайратымен қатар ақыл-парасатының биік екендігін білдіріп отырады [4, 89 б.].

Ал Шортанбай «Ақжолтай батыр» дастанында:

Айтқанша, ақсұр атпен шыға келді,  
Өрімдей жап-жас жігіт, бұлар көрді.  
Жіңішке, ұзын бойлы, тіп-тік, сида,

Отырған батырларға сәлем берді, – деп Ағыбай батырды арнайы іздеп келген бейтаныс жігіттің кескін-келбетін суреттеп өтеді [5, 81 б.].

Абай өлеңдерінде кейіпкер сомдаудың жаңа үлгісін аңғарамыз. Жазба әдебиеттің көшбасшысы ретінде Абай өзінің өлеңдерінде кейіпкер бейнесін сомдауда жаңа белестерге көтерілді. Оның «Абыралыға», «Күлембайға», «Дүтбайға» сияқты өлеңдерінде өз заманындағы парасатсыз, дүниенің құлы болған пенделіктің шеңберінен аса алмаған кейіпкерлер болмысы сын тезіне алынады. Елдік тұрғыда сомдалған

осындай кейіпкерлердің жақсы не жаман болмысы тек сыншылдық көзқараспен жырланғанда ғана сол дәуірдің нақты көрінісі анықтала түседі. Яғни заманның озық тұсы мен кемшін тұсы тек сол дәуірдегі адамдардың тірі картинасы шынайы сомдалғанда ғана нақтылана түспек.

Ал енді Абайдың «Ескендір» поэмасында әлемді тітіренткен Ескендірдің бейнесі терең, әрі жан-жақты ашылмаса да оның «Осы жұрт Ескендрді біле ме екен?» деген сұрақ қою арқылы елең еткізіп алады да:

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,  
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.  
Сол күнде қошеметші айтады екен,

Ханның ханы, патшаның патшасы деп, – деген жолдар арқылы сол дәуірдегі Ескендірдің қоғамдық, тарихи мәнін аша түседі [б, 263 б.]. Оқырманға осы жолдар арқылы-ақ басты кейіпкер Ескендірдің қандай бейне екендігі бірден түсінікті болып шыға келеді.

Алайда Ескендір бейнесі аталмыш поэмада екі қырынан танылады. Алғашқы кезде оқырман Ескендрдің айтқанға көнбейтін бір жақты мінезін аңғарып, оның ақылының таяздығын байқаса, ал кейіннен автор:

Ойлап-ойлап патшаның мойны түсті,  
Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.  
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,

Қолын алып, жұртына қайта көшті, – деген жолдарды жазу арқылы Ескендірдің ақылға мойын ұсынып, өз ісінің дұрыс емес жағын аңғара білетін, парасаты да бар жиһангер екендігін тұспалдап кетеді. Бұл сияқты бір адамның екі қырын бір шығармаға арқау етуі Абай өлеңдеріндегі елеулі жаңалық болғандығы сөзсіз.

Қазақ поэзиясы өзінің даму жолында өте ұзақ мерзімді басып өтті. Талай тарихи өткелдерді басынан өткізген қазақ поэзиясы осы жолда небір ақын-жыраулардың жүрек қалауымен халқына жеткен төлтумалары арқылы өлең сөзінің өміршендігін көрсетті. Қазақ поэзиясы түбегейлі жазба түрге көшкеннен кейін кейіпкер сомдаудың небір озық үлгілері өмірге келді.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. Алматы. Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1981.
2. Бес ғасыр жырлайды /Құрас: М.Байділдаев., М.Мағауин/. Екі томдық. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Алматы. Ғылым. 1983.
4. Дулат Бабатайұлы. Тұнық тұма. /Құрастырған Қ.Раев/. – Алматы: «Раритет», 2002.
5. Шортанбай Қанайұлы. Қайран халқым. /Құрастырған Қ.Жүністегі. / Алматы: «Раритет», 2002.
6. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Алматы: «Жазушы». 1986.

## АЛАШ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ

*Мукашева А.М.,*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,  
магистр*

*Аңдатпа.* Қазақ поэзиясында еркін ойлар, көрем кестелер, айшықты тіркестермен келген алаш ақындары болды. Олардың поэзиясында сол тұстағы замана шындығы, қоғамдық құбылыстар еркін бейнеленіп, өз алдындағы ақын-жыраулардың дәстүрі аңғарылып отырады. Алайда заман шындығын жырлауда алаш ақындары сол заманның түрленуіне үлкем қосқан қайраткерлердің бейнесін сурттеуді тың арнаға түсірді. Кей тұстарда олар еркін ойдың жетегіне беріліп лирикалық кейіпкердің жаңа үлгісін жасады. Лирикалық кейіпкер оқырманға беймәлім болғанымен, оның астарында тарихи тұлғалар жатқандығын байқаймыз.

**Кілт сөздер:** *Алаш ақындары, лирикалық кейіпкер, поэзия, тақырып, эстетика.*

Қазақ поэзиясында лирикалық кейіпкер бітім-болмысымен адамның ішкі жан дүниесін түкпір-түкпірін, қадір-қасиетін тереңдетіп суреттейді. Яғни, лирикалық шығарманың негізгі нысаны адам дейтін болсақ, сол адамның жандүниесі, рухани артықшылығы мен кемшілігі, эстетикалық талғамы мен айналада болып жатқан түрлі оқиғаларға көзқарасы жырланып отырады. Сондықтан теоретик ғалым З.Қабдолов былай дейді, – «Лирикалық образ – сыршыл өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл күйінен – нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер. Мұнда эпикалық образдағыдай ұзақ, кең, мол суреттеліп, жан-жақты ашылған адамның сыртқы кескін кейпі де, қым-қуыт шиеленісіп жатқан тағдыры немесе іс-әрекеті мен қимыл-харекеті де тұтасып көріне бермеуі мүмкін. Оның есесіне адамның аса терең әрі нәзік ашылатын ішкі сыры, мінез-құлқы, жан тынысы айырықша әсем айшық табады» [1,129 б.].

Сыршыл лириканың басты ерекшелігі де жекелеген адамның өзі көрінбесе де оның барлық болмысы оқырманға танылып жататындығында. Ол бір адамды шексіз сүйеді немесе жек көреді, болмаса бір адамды ерекше сыйлайды немесе көрмеуге тырысады. Кей жағдайда түрлі алмастырулар арқылы лирикалық қаһарманның қоршаған ортаған, қоғамға, белгілі бір абстракциялық заттарға көзқарасын білдіріп отырады. Сол сияқты жоғарыдағы тарауларда айтып өткендей лирикалық қаһарман өзі арқылы өзі өмір сүріп отырған заманға да көзқарасын білдіре алады.

Лирикалық шығармаларда жеке адамның ішкі психикасы мен қоршаған ортаға, яғни адамдарға ізгілік танымын білдіру үшін түрлі құбылыстарды оқиғалар мен адамдар арасындағы тартыстарды түрлі детальдар арқылы беруге тырысады.

XX ғасырдың басында жан мен тән мәселесі, ізгілік пен ашкөздік, имандылық мәселесі бірінші орынға қойылды. Лирикалық кейіпкердің осындай космостық ұғымдарға бет бұруы уақыт талабы екендігі сөзсіз. Қоғамдық сана ұйқыға кетіп, адамдар арасындағы қарама-қайшылықтар осының салдарынан шиеленіске түсуі лирикалық қаһарман арқылы жырланып жатты. Сырттай қараған лирикалық қаһарман мұндай қайшылықтарға бей жай қарай алмайтыны түсінікті. Себебі ол сол заманның тумасы. Ол бір жағынан соған жауапты екендігін сезеді. Мұндай тақырыпқа терең барған Шәкәрім болды. Мысалы,

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,  
Сол нұрды қамы үшін жан жұмсап жүр.  
Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен  
Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр.  
Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,  
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп.  
Ыстық, суық аштықтан сақтау үшін  
Зұлымдық пен Айланы қылады сеп [2, 155 б.].

«Ақыл» жанның негізгі күші. Барлық адамның бойындағы ізгілік нұры ақыл арқылы жүзеге асып отырады. Бірақ «жан» болмаса ақылдың өмірлік мәні болмайды. Сондықтан «жан» мен «тән» тек бірлікте болса ғана өмірде ізгілік атаулы жүзеге асады екен. Ақын осындай космостық ұғымдарға өзіндік таным-түсінігімен барып отыр. Лирикалық кейіпкер өзіне беймәлім, әлдеқайда абстарктілі ұғымдардың астарын түсінуге, түсіндіруге тырысады. Ол тыңдаушысын еліктіре отырып, қоғамда орын алып отырған кері әсерлерден қорғауға ұмтылады.

Адам жанының бейнелілігі, лирикалық қаһарманның ішкі жан сыры махаббат тақырыбында терең көрініс тауып отырады. Махаббат – қандай жағыдайда болмасын адамның өміріне нұр себуші, тылсым күштерінің оянуының түп төркіні. Сондықтан ақын бұл тақырыпқа жөнсіз бара бермейді. Жүректің нәзік лүпілі, жанның сырлы әлемі, тәннің ләззат әсері қосылғанда ғана махаббат атты ұлы сезім жыр боп сыртқа төгіледі. Лирикалық қаһарманның шалқи тербелетіні де осы тұс. Мағжанның:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!  
Жылы, тәтті у тарады қаныма.  
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін  
Патша тағы, бүкіл дүние малына [3,67 б.]. –

дейтін өлең жолдарында лирикалық қаһарманның қанатты сезімі тән ләззатымен терең, жан рахатымен бірлесе жырланып тұрған жоқ па. Махаббаттың тәтті балы жан мен тәннің рахатын әлдекім лирикалық қаһарманның сол сәттегі сезімімен өріле суреттеледі. Лирикалық «мен» бір



минуттағы кейіпкердің ішкі сезімін өзінің бойынан өткізе отырып, оның адамзат үшін қаншалықты маңызды екендігін анық сездіреді. Өйткені махаббат – ұлы күш. Сол махаббатың арқасында жер бетіндегі тіршілік атаулы жалғасын тауып жатқан жоқ па. Олай болса лирикалық қаһарман сезімнің жетегіне ес түссіз ере бермей, барлық қадамына ақылмен жауап береді. Ол бір сәттік ләззат сезімді «патша тағына», «дүние малына» ауыстырмақ емес. Одан әрі лирикалық кейіпкер есінен соншалықты адастырған беймәлім сұлудың бейнесін былай деп жырға қосады:

Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай,  
Тісің – меруерт, көзің, сәулем, құралай.  
Ләззат, рахат, бақыт – бәрі қойыныңда,  
Сұрамаймын енді ұжымақ – жақсы жай! [3, 67 б.].

Жалпы махаббат тақырыбына қалам тартпаған ақын кемде-кем. Бір ғана М.Жұмабаевтың өзі бұл тақырыпқа сериялы өлеңдер арнаған. «Р.альбомына» «Көңілде қайғы қалдырмас», «Айырылғанда», «Жан-жарымды бір сүйейін түсімде», «Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін», «Құр қалыпшын», «Көңілді ашар», «Сәуле», «Сен сұлу», «Гүлсім ханмыға», «Сүйгенім анық», «Гүлсімге», «Бұлбұл», «Хор сипатты қарындас», «Күміс нұрлы ай», «Екі бетің сұлу қыз», «Сүй, жан сәулем», «Айырылдым сенен, жан сәулем», «Ес кірген соң», «Махаббат не?» деген өлеңдері ақынның махаббат тақырыбындағы сериялы өлеңдері. Қай өлеңде болмасын лирикалық қаһарман махаббаттың күдірет күшін керемет сурттеп бере білген.

Сол сияқты ХХ ғасырдың аса дарынды ақыны Б.Күлеев жас шағына карамастан махаббаттың керемет көрінісін лирикалық қаһарман арқылы суреттеп бере білді. Б.Күлеев өзінің замандастары сияқты беймәлім сұлудың кескін-кедбетімен қатар сол жолда ынтыққан ақынның жүрек лүпілін, ыстық сезімін өлең сөзімен сурттеген нағыз лирик ақын болды. Бұл тақырыпта Б.Күлеев пен М.Жұмабаевтың арасындағы ой үйлесімі мен қатар тіл ұқсастығын айтқанды жөн көреміз. Мәселен Б.Күлеев:

Келші бері,  
Сүйші мен,  
Суырылсын көмейім.  
Сүй, құшақта,  
От құшақта,  
Есім ауып өлейін, – десе [4, 155 б.]

М. Жұмабаев: Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,

Сүйші – өлейін, «неге өлейін?» демейін.  
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,  
Жұлдызды – жүзік, Айды – алқа ғып берейін! [3, 116 б.] –

дейді. Ақындардың ғашықтық әлемін көркем суреттеуде өзіндік ерекшеліктері байқалады. Махаббатқа ерекше ынтық адамның, яғни лирикалық қаһарманның махаббат ләззатына берілгендігі сонша ол ос жолда өлуден қашпайды. Өмір мен өлім тіршілік жолындағы бастау мен соңы болса, онда махаббатты сезіну өмірдің басы болса, махаббат жолындағы ынтық сезім,

ләззат күй кешу, махаббаттан құр қалу өліммен пара-пар. Лирикалық қаһарман осы жолдың бәрінен өткен. Өмір мен өлім жолындағы қаһарманның ішкі сезімі алай-түлей. Ол үшін махаббаттан күшті сезім жоқ. Тіпті сүйгенінің құшағында бір сәт уақыт болса одан әрі өмірдің өзі мәнсіз көрінеді. Осындай ыстық, ынтық сезім лирикалық қаһарман арқылы керемет жырланып келді.

Осы тақырыпқа алаш алыптарының қай-қайсысы болмасын жаңа, тың көркемдікпен барды. Европалық үлгідегі мұндай шығармаларда батыстық үлгімен қазақы үлгі өзара сабақтастықта өрбіді десек қате айтқандығымыз емес. Мәселен, Абай «Ғашықтық тілі тілсіз тіл, Көзбен көр де ішпен біл» деп махаббатың нағыз шығыстық үлгісін көрсетіп берсе, ал алаш ақындары ғашықтықтың ішкі сыры мен сыртқы келбетін шынайы, ашық суреттеді. Соны әдебиетке енгізді де.

Ақындар өлеңдеріндегі махаббат көрінісі өзіндік жаңашылдығымен ерекшеленеді. Бұл тақырыптағы өлеңдердегі сұлу қыздың бейнесі лирикалық қаһарман тарапынан небір теңеулер арқылы суреттеліп отырды. «Шашы толқын», «ақ періште» (М.Жұмабаев), «күн, ай, жұлдыз – дәл өзі» (С.Торайғыров), «нұрлы ажарлы, қызу қанды» (Б.Күлеев) тағы да осы тақылеттес көркем теңеулер қыз келбетінің лирикалық болмысын суреттеудің озық үлгісі болды.

XX ғасырдың басында қазақ поэзиясында жаңа, тың тақырыптар өмірге келді. Космостық ұғымдағы мұндай тақырыптарды жырлау алдағы жылдары тек діни ұғымдарға байланысты жырланып келсе, алаш ақындарында «өмір», «өлім» тақырыбына қарай ойысқандығын байқаймыз. Бұл тақырыптағы жырларда лирикалық қаһарман шектен тыс пессимист болып көрінуі де мүмкін. Өмірдің түрлі ағыстарына төтеп бере алмастай, қажыған, шаршаған лирикалық қаһарманның ішкі арпалысын тек өлім басатындай болады. Бірақ оның аржағында өмір атты ағысы қатты тағы бір кезең қол бұлғап шақырғандай болады. Сонда ақындардың айтпағы не? Демек, өмір мен өлім бұл мәңгілік шексіздік. Осы шексіздікте адамдардың арпалысы бір сәт те толастамайды. Біреулер өлімнің құшағында жоғалып кетіп жатса, енді біреулері сол өмірге қадам басып жатады. Лирикалық қаһарман осы шексіздікте өзін жоғалтпай үнмі арпалыста жүреді екен. Ол өмірдің соңы саналатын өлімнен де қорықпайды. Мағжанның тілімен айтқанда «өлім әлдилейді».

Кезінде осы тақырыпқа қалам тарқан ақындардың түпкі сырын дұрыс қабылдамай, оларды «пессимист» деп ортамыздан аластатқанымыз жасырын емес. Сол үшін олар үлке кінәнің астында қалды. Бірақ Б.Күлеевтің мына бір жолын мұқият оқыған адамға бәрі түсінікті болатыны сөзсіз. Мысалы:

Кім көмеді, өлсе жаным алыста,

Көреді кім жалғыз жүріп төксем жас [4, 159 б.]

Лирикалық қаһарманның түп сыры оның жалғыздығында. Жалғыздықтан жапа шеккен лирикалық қаһарман өзін түсінетін адамды іздегендей болады. Бірақ ол заманда көкірегін кернеген ащы шындықты түсінетін адам болды ма? Осы төңіректе із қуаласақ мән-мағынаға түсінгендей

боламыз. Абайдың өзі «мыңмен жалғыз алысып» күйінішпен жырлағаны осыдан болар.

Ойы тереңде, көңілі кектегі ақынның жалғыздық тартатыны түсінікті. Ол көппен түсінгісі келеді. Алайда ақынның жалғыздыққа тұмшалануы оның ақындық шабытқа арқау болатынын бір-екілі мысалмен дәлелдемесе де болады. Осы тұста ақындық «меннің» өмірге келетінін еске алған жөн. «Мен» -бұл лирикалық қаһарман. «Мен «- бұл философиялық категория. Алайда ақындық «мен» қазақ поэзиясы өмірге келгелі қазақ ақындарымен бірге жасасып келе жатқан күрделі ұғым. Кез келген ақында өзіндік «мені» болатынын есте ұстаған жөн. Осы «мен» арқылы ақын қанаттанады, өзінше ойға беріледі, қоғамдағы сансыз қарама-қайшылықпен күреседі, «мені» арқылы махаббат ләззатына беріледі, қысқасы «мені» арқылы ақындық экстазға бөленеді. «Мені» жоқ ақын қиял қанатына қалықтап ұша алмайды.

Ақындық «меннің» айқын көрінісі ұлы Абай өлеңдерінде терең көрініс табады. Абай өзінің «менін» космостық ұғымға көтере білді. Мәселен: Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,

«Мені» мен «менікінің» айырмасы екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған беки, – дейді ақын.

«Мені» мен «менікінің» ара-жігін философиялық тұрғыда ашып жырлаған Абайдың ой биіктігі кім-кімді де ойландырары анық. Бұл жөнінде абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы өзінің зерттеулерінде терең талдап түсіндіріп берген болатын. Осы жерде сабақтасып жататын ақындық «мен» лирикалық қаһарман ретінде даналық биікке көтеріледі.

Алаш ақындары да өз туындыларында өзіндік «мені» арқылы қазақ поэзиясының танымдық белеске көтерілуіне өз үлестерін қоса білді. Мәселен С.Торайғыровтың әйгілі «Бір адамға» атты өлеңінде ақындық «мен» ақынның өз атынан өріле отырып, өз замынының ащы шындығын баяндайды. Оқып көрелік: Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,

Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» деп.

Кесені қолыма алып қарай бердім,

Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

Ақынның «мені» қалың қазақтың ішінде жүріп, соның мұң-шерін бірге бөлісумен ерекшеленеді. Ақын бұл жерде сол уақытта болып жатқан оқиғаны көзімен көруші, әрі беймәлім қазақтың мұң-шерін сезінуші лирикалық қаһарман ретінде танылады. Бұл жерде лирикалық қаһарман екеу десе де болады. Бірі – ақынның өзі, ал екіншісі – «нақақ көзден» жас төгуші халық. Осы екі қаһарманды байланыстырып тұрған сол кезеңдегі әлеуметтік болмыс.

М.Жұмабаев шығармаларында ақындық «меннің» жаңа түрін аңғаруға болады. Себебі М.Жұмабаев шығармашылық ғұмырында өзге тақырыптармен бірге саяси тақырыпқа терең енген ақын. Сондықтан оның өлеңдерінде ақындық «мен» саяси биіктен көрінеді. Мысалы:

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,

Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.

Күншығыста ақ алтын бір сызық бар,  
Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы.

Өлеңнің негізгі лейтмотиві «мен Күн ұлы». Ақын «менін» тіптен басқа қырынан танытады. Күншығыс кім, күнбатыс кім? Ал оған ақынның қатынасы қандай? Ақын күншығыс деп өзінің қазақ елін, ал күнбатыс деп сол сүйікті елін отарлаушы елді суреттеп отырғаны айтпаса да түсінікті. Бірақ ақын өзінің «мені» арқылы сол отарлаудың азабында жатқан елін азат етуші «пайғамбар» ретінде жырға қосуы тосын көрініс.

Ақындық «мен» лирикалық қаһарман ретінде биік талап пен парасаттың жаршысы болып жырланады. Осы биіктікке көтерілгенде ғана «мен» қоғаммен іштей жымдасып, халықтың жоқтаушысы болмақ. Сондықтан алаш ақындарының шығармаларында ақындық «мен» халықтың жоғын жоқтап, еріксіз саяси тақырыпқа қалам тартты деп айта аламыз.

Шәкәрім шығармаларында «мен» басқа әлемге жол тартқандай болады. Ұстазы Абайдан терең тәлім алған Шәкәрімнің «мені» тосын құбылыстарға толы. Ол өзінің «менін» тылсым дүниемен сабақтастыра отырып, көпке қарата сөз арнайды. Мысалы: Мен бір – тілсіз көлікпін,

Басыма соқпа, дауым жоқ.

Тепкілеме, өлікпін,

Шайтаннан басқа жауым жоқ.

Лирикалық қаһарманның арқырап тұған көңілі, тасып жатқан қуанышы күйі сезілмейді. Тіпті ақынның «мені» көптің алдындағы өзінің кінәсін сезініп, сол кінәсі үшін кешірім сұрайтындай көрінеді. «Мен» өзінің көптен қалған көңілі ме, болмаса қоғамнан баз кешіп, дүние-мүліктен аулақ кеткен адамның кейпінде сияқты. Жұмбақ. Жұмбақтың жауабын ақынның өмір кезеңдерінен іздестірген сияқты. Ақын өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты поэмасында өмірінің кейбір тұстарына тоқталатын жері бар. Демек, ақын кемелденген тұста өмірдің қыр-сырына терең үңіліп, баянсыз байлықтан бас тартып, тазалық жолды таңдағынан байқаймыз. Осы жерде ақынның көзқарасы сопылық іліммен сабақтасатындай көрінеді. Жалған өмірдің қызығынан қашып, мәңгілік өмірге іштей дайындалған ақынның «мен» лирикалық қаһарманның XX ғасырдағы болмысын аңғарамыз.

Б.Күлеев шығармашылығында қалаға келген қыр баласының ішкі тебіренісі мен сезім арпалысын «мені» арқылы аңғаруға болады. Қаладағы тосын көріністер, белгісіз құбылыстар жас ақын үшін жат. Сондықтан ол бұл жағдайда өзін жат сезініп жырға арқау етеді. Мысалы:

Мен – саған жат қыр баласы,

Қырда тудым, қырда өстім.

Таулы, тасты айналасы,

Көлде жүздім, су іштім.

Жалпы алғанда кез-келген ақын жырларында «менін» жырға қосу арқылы қоршаған ортаға деген өзінің көзқарасын білдіріп отырады. Бұл дәстүрлі сипатта. Сонау жыраулардан бастап күні бүгінге дейінгі ақындарда «мен» ол ақынның негізгі қаруы десек те болады. Оқырман халық ақынның

«мені» арқылы оны қабылдап, жүрегіне жақын тартады. Осы тұста ақын оқырманмен іштей тілдесіп, мұң тарқатысады.

«Мен» лирикалық қаһарман бола отырып, сан түрлі құбылатынын аңғарамыз. Ол бірде көппен бірге шаттанса, кейде терең мұңға батады. Кейде қаһарға мініп жаумен шайқасса, кейде сүйіктісімен махаббаттың бал шырынын татады. Сәби болып інгәләса, шешен болып сөйлейді. Әйтеуір ақындық «мен» қай кезде де халықтың ортасында өмір кешеді. Сондықтан «мен» лирикалық қаһарман ақынның бүкіл бітім-болмысынан хабар беретін неігізі шығармашылық жетістік деп айта аламыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы. Мектеп. 1970.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М. Жармұхамедов, С.Дәуітов (А.Құдайбердиев). – Алматы: Жазушы, 1988.
3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008.
4. Күлеев Б. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым, 2000.

ӘОЖ 82-1/9

## ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІНЕ ТҮСКЕН БАЛДАЙ АҚЫН

*Салтықов А.А.,*

*«Қайнар» колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагог-модератор*

Балдай Көшкінқызы – қазіргі Маңғыстау түбегі, Таушық пен Шайыр өңірлерінде өмір сүрген айтулы ақын қыздардың бірі. Оның нақты қай жылдары өмір сүргені және бейіті киелі өлкенің қай қауымында жатқаны, жерленген қабірінің орны белгісіз. Дүйім жұртқа ақын, жыршы, айтыскер ретінде белгілі болған Балдай Көшкінқызы туралы деректер ел ауызында өте аз сақталған.

Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеумен шұғылданғандардың көпшілігінің хронологиялық көрсеткіштерінде бірізділік байқалмайды. Шығармаларын ел ауызынан жинастырып, өмірі мен шығармашылығы турасында құнды деректер берген филология ғылымдарының кандидаты, әдебиетші-ғалым Қабиболла Сыдиықұлы: «Осы жерде бір айтар нәрсе: Абыл Балдайдан көп болса 15-20 жастай үлкен болар, себебі Балдайдың 13-14 жастағы кезінде ақындығын бүкіл ел мойындаған Абыл онымен сөз қағыстырғанда 30-35 жастарда болуы керек. Қырықтан жасы асқан адамның 13-14-тегі қыз баламен құрбысындай сөз қағысуы екіталай, қисынға келіңкіремейді. Ал Абыл ақын 1777 жылы туған, сонда Балдай XVIII ғасырдың

аяқ кезінде туған деп топшылауға болады» [1, 34 б.] – деп тұжырым жасайды. Ал, осы орайда ақынның тумаласы Мұсаның немересі Есеуұлы Айтқұл атамыздың: «Расында, Балдай әжеміздің барар жеріне ұзатылып кеткенге дейін ақындық даңқы жер жарып тұрған. Үлкендер айтатын Абыл ақынмен алғаш рет кездесуінде Балдай 13 жасар қызыл көйлекті қыз. Көзіміз көре қалған ауылдағы шежіре қарттарымыз Абылды отызды енді толтырған, ақындығын елге таныта бастаған кезі деп айтып отыратын» деп жаздырып берген ауызша мағлұматтарына қарап, Балдай ақынның шамамен 1794 жылдары туған деп есептеуімізге болады. Бұл – нақты дерек емес, тек бұрын-соңды өмірі мен шығармашылығы хақында қалам сілтегендер деректерінің ізімен жасалған жорамал екенін қаперлеріңізге береміз. Алайда, Балдай анамыздың қайтқан жылдарын жобалап болса да айта алмайтынымыз былай тұрсын, тіпті өмірінің соңғы жылдарындағы мағлұматтар мүлдем сақталып жетпеген. Себебі, ақын қыздың айттырылған жеріне 18 жасқа толып, ұзатылып кеткеннен кейінгі тағдыры жалпы көпшілік ортаға ғана емес, өзінің жұрағатына, жақын туыстарына да беймәлім күйде қалып отыр.

Балдай ақын Көшкінқызы тіл таңбалы Адай тайпасының бір арысы Мұңалдан тарайтын Бәйімбет руының Әтембек тақтасынан шыққан. Арғы атасы Әтембек Маңғыстаудың айтулы батырларының бірі болған. Балдайдың кәрі әкесі Қаратоқа Әтембекұлы да ата жолын қуған өр мінезді, айлалы бахадүрлердің бірі болған. Ол жөніндегі мағлұматтарды Балдайдың елімен «Қоштасу» өлеңіндегі жыр жолдарынан және Адай тайпасының шежірелік түзілісін көп жыл бойы жинақтап, зерттеп құрастырған шежіреші ақсақалымыз Жетібай Жылқышыұлының сегіз томдық «Қазақ халқының шежіре тарихы: Адай тайпасы» атты Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан 2015 жылы жарық көрген кітабының бесінші томындағы мағлұматтардан ұшырастыруға болады. Аталмыш еңбекте шежіреші, өлкетанушы Жетібай Жылқышыұлы Әтембек ұрпақтары туралы өзіне дейінгі көнекөз, кәріқұлақ шалдардың мағлұматтарын негізге ала отырып: «Әтембектің үлкен ұлы Қаратоқа заманында қатал мінезді, айтқанынан қайтпайтын біртоға, бір айтатын, еліне сыйлы батыр адам болғанға ұқсайды.» [4, 120 б.] – деп келетін тарихи мағлұматтарды ұсынады. Ақынның ұрпақтарының ауызынан жазылып алынып, бізге жеткен 18 жасында Таз руына ұзатылып бара жатып елімен қоштасып айтқан сыңсу сөзі – «Қоштасу» өлеңіндегі:

«... Кәрі әкем батыр туған Қаратоқа

Мәрттік пен кісіліктен тайынбаған...» [1, 37 б.] –

деп келетін жыр жолдары ұсынылған мағлұматтардың растығын нықтай түседі. Әтембек батырдың алған үш әйелінен туған тоғыз баласының үлкені Қаратоқадан Тастемір, Көшкін, Мұрат атты үш ұл туған-ды. Соның ішіндегі Балдайдың әкесі Көшкіннің ата жолын қумай күйбең тірлікпен өз шаруасын күйіттеген қарапайым шаруа адамы болғанын ұрпақтары айтып отыратын.

Көшкіннен қызы Балдайдан басқа Лияс, Мұса есімді екі ұл туады. Осыған қарағанда, ақын туралы бізге мағлұматтар ұсынатын Айтқұл атамыз

Балдайдың туған інісі Мұсаның немересі, яғни, оған бел немере болып келеді. «Көшкіннен туған Лияс пен Мұса есімді ұл балаларынан ұрпақ бар, аталған екі ұлынан тараған ұрпақтарының көпшілігі Шетпе, Шайыр, біршамасы Таушық ауылдарында өмір сүріп жатыр» деп келетін деректер легін ұсынған да осы Айтқұл Есеуұлы болатын. Балдай қыз есін біліп, етек жинай бастаған шағынан өлең-жырға құмар болған. 5 жасынан бастап ауыл молдасынан дәріс алып, ескіше діни сауаттанып, 9 жасында киелі кітап – Құран-Кәрімді меңгеріп, жатқа оқитын дәрежеге жетеді. Кейінгі жылдары әке рұқсатымен домбыра тарту өнерін игеріп, өлең-сөз шығару қабілетін аңғарта бастайды. Балдай ақынның өміріне қатысты осындай қызықты мәліметтердің бір легін ақын туыстарынан Есеуұлы Айтқұл атамыз ұсынған болатын. Оның айтуынша, Балдай өз заманының айтулы ақыны, өлең сөзден алдына жан салмаған үлкен дарын иесі болған. Айттырылған жеріне ұзатылғанға дейін Әтембек батыр ұрпақтарының атақонысына айналған Ұсақ, Қиян, Шорым жерлерін мекен қылған Балдай ақынның сол өңірлерден шыққан Қалдыбек, Керек, Жұмабек деген ақындарды қайым айтыстарда қара сөзден сүріндіріп, үнемі жеңіп отырғаны туралы халық жадында ескілікті әңгімелер сақталыпты. Алайда, Балдай ақын өткір жырларымен буып отырған сол ақындардың кім екені, қай рудан шыққаны, шамамен қай жылдар аралығында өмір сүргені туралы ешқандай жазба дерек те, Әтембек руының азаматтарының жадында сақталған ауызекі әңгімелер де табылмады. Бар болғаны ақынның елінен ұзатылып бара жатып айтқан «Қоштасу» өлеңінің бір шумағында ғана оларды айтыстан жеңгенін айтып, жоғарыдағы ескі әңгімелердің шындыққа жанасымды екенін нықтай түседі.

Ел ауызында сақталған кейбір деректі әңгімелерде Маңғыстаудың шашасына шаң жұқтырмаған бес жүйрігінің бірі – Абыл Тілеуұлы мен Балдай Көшкінқызының замандастық, достық әрі шығармашылық қарым-қатынаста болып, ақындығын бүкіл ел мойындаған, «Адайдың телегей теңізі» атанған ақберен ақынмен 7 рет сөз қағыстырғаны жөніндегі мәліметтер сөз етіледі. Осындай деректі әңгімелердің бір нұсқасын Жетібай Жылқышыұлының сегіз томдық «Қазақ халқының шежіре тарихы: Адай тайпасы» атты Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан 2015 жылы жарық көрген кітабының бесінші томындағы беттерден кездестіріп қалуымызға болады. Аталған еңбекте: «...Осы 13 жасында болуы керек, батыс Қазақстан өңіріне ақындығымен данқы шыққан Абыл Тілеуұлымен сөз қағыстырып, өлең сөзден кідірткен екен делінеді. ... Сонымен, жасы 18-ге толып, елінен ұзатылып кеткенге дейін Балдай Абыл ақынмен 7 рет сөз қағыстырған екен дейді», [4, 121 б.] – деп келетін жолдар бар. Әдебиетші-ғалым Қабиболла Сыдиықұлы: «Абыл әр кезде көп сөз қағысқан ақын қыздарының бірі – Балдай. Өкінішке қарай, өлең сөзден алдына жан салмаған дарынды ақын, Абылдан сөзден есе жібермеген Балдай туралы деректер біздің дәуірімізге жетпеген. Бұл жалғыз Балдайға ғана емес, Октябрыге дейінгі қазақ ақын қыздарына ортақ жағдай. Әйел еркіндігін бұғаулап ұстаған кешегі кер заманда ақын қыздардың таланты еркін гүл жара алмай, көбінің бірді-екілі айтыс өлеңдері ғана болмаса, өмірі

мен ақындығы жөніндегі өнік мәліметтер қалмаған. Әйтпесе, Абылмен айтысатын Балдай қыздың, Нұрыммен айтысқан Берішқызының, Мұратпен өнер жарыстыратын Жантолының, Бала Оразды өктем сөздерімен састыратын Жібектің ақындығының несі кем? Бұл жәйді Абыл мен Балдай қыз айтысынан айқын көруге болады» [5, 106 б.] – деп жобалауы арқылы Балдай Көшкінқызының белгілі ақын Абыл Тілеуұлымен достық қарым-қатынаста болып, онымен тәжірибе алмасып отырғанын ашып көрсетіп қана қоймай, ақындық кемелінің қандай себептерге байланысты дамып, қалыптаспауы төңірегінде батыл тұжырымдар жасайды. Осы орайда, әдебиетші-ғалымның тұжырымымен үндес келетін ақын, журналист Бірғали Байекеевтің: «...Абылдың мұндай сөз қағысулары Балдай Көшкінқызымен айтыстарында жиі ұшырасады. Ел жадында өлеңдері жатталып қалған ақын Балдайдың атақонысы – қазіргі Таушық пен Шайырдың арасы. Балдайдың «Абыл да жеті дүркін теріс қарап, Кеткен-ді қызыл тілге шыдай алмай» деуі оның қабілет-қарымын сездіртсе, ұзатылып бара жатып елімен қоштасуында: «Адайдың бәдік қызы дегізбеспін, Сайраған ақ домбыра қал осылай» деуі ақындық машығының алға жалғаспағанын аңғартады» [2, 198 б.] – деген пікірі Абыл ақын мен Балдай арасындағы рухани байланысты «Қоштасу» өлеңінен алынған үзінділер арқылы нықтай түскенімен, бұл жерде осы тұрғыдағы тұжырымдарды сан-саққа жүгіртетін, табылған деректер негізінде келісіңкіремейтін тұстары да бар. Себебі, Балдайдың Абыл ақынмен 7 рет сөз қағыстыруы – оның әйгілі ақынды осыншама рет сөзден мүдіртіп, жерге қаратып кетті деген сөз емес. Қолда бар деректерге сүйенсек, Балдай әрдайым Абыл алдында кішіпейілділік танытып, аталы сөзге тоқтап, екі мәрте жеңілдегенін мойындап отырған. Оның бірінде Абыл Балдайдың өлеңді жұмбағына ұтқыр жауап беріп, қызды ұялтып жеңіп кетсе, екіншісінде әлеуметтік теңсіздіктің құрбаны болған Балдай Абылдың бір-екі ауыз өткір өлеңіне тұшымды жауап қайтара алмай, үнсіз жеңілгенін мойындайды. Қабиболла Сыдиықұлының: «...кейбір жазбаларда Балдай да, Абыл да қайымдасу түрінде қисық, қыңыр, анайы, тұрпайы сөздермен де айтысады. Әрине, ондай шумақтар Абыл сияқты өнегелі ақын мен қыз Балдай арасында болды деу шындыққа келіңкіремейді. Олар ел арасындағы әйел намысын төмендеткісі келген кейбір кереуіз айтушылардың қоспасы болуы керек» [3,71 б.] – деп жазылған осы бағыттағы ордалы ойларының өте орынды екенін атап өткеніміз ләзім.

Ақынның әдеби мұралары бізге онша көп сақталып жетпеген. Шамалап алатын болсақ, шығармаларының ұзын саны 100-ге жуық жолдай болып келеді. Олардың бірқатары дерлік терме-толғаулар мен айтыс өлеңдері. Жыраудың шығармаларын алғаш рет Қайырбай Өтепбергенұлының халық арасынан тірнектеп жинаған әдебиетші-ғалым Қабиболла Сыдиықұлы мен шежіреші, Маңғыстаудың мәдени мұраларын жинаушы Жетібай Жылқышыұлының құрастыруымен жарық көрген «Жыр Дария» (Ақтау, «Үш қиян» баспасы, 1995) топтамасында, содан кейін өзге де облыстық баспасөз басылымдарында жарық көрді. Оның ішінде ең тандаулысы, әрі ақын өмірінен



біраз ақпарат беретін терме-толғауы – жасы 18-ге толып, айттырылған жері Таз руына ұзатылып бара жатып елімен қоштасқан 78 жолдан тұратын сыңсу сөзі – «Қоштасу» өлеңі. Бұдан кейінгілерінің барлығы дерлік Абыл ақынмен рухани және шығармашылық байланысынан мағлұматтар беретін қайымдасу үлгісіндегі 3-4 шумақтан әрі аспайтын әр кездескендегі айтыс өлеңдері.

Аталған айтыс өлеңдерінің бастапқысы – «Балдайдың Абылмен алғашқы кездесуі» деп аталып кеткен. Аталмыш шығарманы ақын мұраларын халық арасынан жазып алып, қолжазба күйінде құрастырушыларға табыстаған Олжабай Жұмағалиұлы болатын. «Бірде ел аралап келе жатып, бұлақтан су тасып жүрген бір топ қызға кезігіп қалған Абыл ақын жігіттік кезі есіне түсіп кетіп:

Арқаның атып алдым ақша қуын,  
Қамысы Атыраудың буын-буын.  
Қолында темір шелек тасый-тасый  
Барады қыздар құртып көлдің суын, –

деп әзілдеп тіл қатыпты. Сонда қыздардың үлкендері ізет білдіріп, иба сақтайды да, арасындағы ең кішкентайы Абылға қайырылып тұра қалып:

Қызады бұқа буға, тентек дуға,  
Қайғысыз семіреді қара суға.  
Атамның сатып алған құлы ма едің?  
Итаршы боларсың ба қара суға? –

депті. Абыл ақын жас қыздан мұндай жауапты күтпеген болуы керек, қыздардың соңынан қарап тұрып қалыпты. Әлгі сушы қыз кейіндері де Абыл ақынмен кездесіп, сөз қағыстырған – Балдай ақын екен» [1,37 б.] – деген мағлұматтарды «Жыр Дария» топтамасынан ұшырата аламыз.

Балдайдың Абыл ақынмен кейінгі кездесулері, олардың айтыс мақамдарына сай сөз қағыстары жөнінде тұжырымды ой тастап, әдебиет тарихы мен теориясы тұрғысынан зерделеу жұмыстарын жүргізіп, көптеген жинаққа түзетулер енгізе отырып жариялатқан – әдебиетші-ғалым Қабіболла Сыдиықұлы болатын. Саналы ғұмырында «ақық пен жақұт теріп өткен» азаматтың соңғы жылдары жарық көрген көптомдық еңбектер жинағының үшінші томында: «... Біз «Абыл мен Балдай айтысы» деп сөзі көркем, мағынасы сыпайы, таза ақындық серпінге құрылған «Отырған қарсы алдымда Балдайымыз», «Ақ Балдай отырмысың ісінді істеп» деп басталатын екі кездесуді ғана есептейміз. Бұл айтыста да «Сақа мен Тоғжан», «Жанақ пен Күнекей» ... айтыстарындағыдай Абыл мен Балдай ұзақ уақыт айтысып, бір-бірінің мінін, сөзден сүрінер жерін іздей жүреді. Балдайды сөзден сүріндірмек оймен Абыл сол ауыл жігіттерінен қыздың көңілдес адамын сұрайды. Олар Қабылдың Тіленшісін айтады. Абыл соны тілге тиек етіп:

Отырған қарсы алдымда Балдайымыз,  
Бал татыр жесе секер таңдайымыз.  
Сендерді жақын-жақын дей береді,  
Қабылдың Тіленшісі қандайыңыз? –

деп тосыннан шымшыма сұрақ қояды. Балдай мүдірместен:

Жаз болса – ауылдасым, сусындасым,  
Қыс болса – қораласым, қызылдасым.  
Қабылдың Тіленшісін бізге қосып,  
Басыңыз, Абыл-еке, ауырмасын. –

деп жеңіп кетеді.

Балдай қызды Абыл күйеуге ұзатылғаннан кейін де іздеп барып айтысып, талай ұтылып жүреді. Бірде күйеуін көзбе-көз көріп, оның көзінің мінін айтыста тілге тиек етеді.

«Ақ Балдай, отырмысың ісінді істеп?  
Кісіге «сөйлес» деген «үйге түс» деп.  
Қолыңа қонған құсың құтты болсын,  
Болыпты көзі тыртық түлкі тістеп...»

Әділетсіз заман қалың малмен бұғаулап, сүймеске теліп, даусын шығармаған Сара сияқты Балдай қыз да күйеуінің мініне қорынып, сөз қайтара алмайды. ...» [5,106 б.] – деп келетін мағлұматтар Балдай ақын шығармашылығының бізге алтынның сынығындай болып жеткен бір парасы – айтыстағы сөз өрнектерін, әдемі теңеулерін, оралымды ауыстыруларын айқындауда зор үлес қосары сөзсіз.

Балдай ақынның бізге толық күйінде жеткен шығармасы – 11 буынды қара өлең ұйқасымен жырланған ұзатылып бара жатып туған еліне қарата айтқан «Қоштасу» өлеңі ғана. Балдай аталмыш өлеңінде теңеу, әсірелеу, сұрай арнау, жарлай арнау, құбылту сынды көркемдегіш құралдарды молынан пайдаланып, сан түрлі құбылысты ойымен зерделеді. Ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – «қоштасу» жырына тосын өң беріп, жырлау – өлке ақын-жырауларында жиі кездеседі. Мұны ескеретін болсақ, ақын заманының әдеби ортасынан рухани нәр алып, дәстүрлер жаңғырығы жаңалығынан құр қалмағанын, өзінің талғамымен, мәнерімен айтып отырғанын аңғарамыз. Ақынның өлең мәнін аша түсетін қыры – архаизмдерді (тарихи сөздерді) пайдаланып, өлеңге ерекше реңк беруі.

Бес жаста сабақ көрдім *әліп* танып,  
Тоғызда *үмбет* болып *Құран* алып [1, 36 б.] –

деген үзінділер тарихи сөздермен жаңғыртылып, әрі үйлесімділік тауып отыр. Қолданылып тұрған «әліп», «үмбет», «Құран» сөздері қазіргі тілдік, әдеби қолданыста болмағанымен, әдебиетшілер мен сыншылардың бұған бей-жай қарай алмайтынын айтып кеткеніміз ләзім. Араб тілінен енген «әліп» сөзі бұл жерде «әліппе», «сауат ашу», «қара тану» деп келетін мағынада жұмсалып тұрғандығы белгілі.

... «Адайдың алтын тұғыр бұлбұлы» деп,  
Атаққа ие болдым *дағарадай* ... [1,26 б.]

Бұл үзіндідегі «дағарадай» сөзінің варваризм екендігі сөзсіз. Себебі, қазіргі таңда сөздік қолданысымызда мұндай сөздік тұлғалар мүлдем кездеспейді, бар болғаны сол замандарда жергілікті тіл ерекшеліктеріне қаз-қалпында сіңісіп кеткен бұл сөз қазір «атағы жер жарған», «даңқы шыққан» деген мағынада ғана қолданылады.

Теңеу, эпитет сияқты «суретші құралдар» арқылы табиғат құбылыстары мен адамның жүрек қағысын қатарластырып суреттеу керемет. Бұларды шебер қолданып, өлең мағынасын тереңдетіп, «сырлы бояумен әшекейлеу» үрдісі ақынның да өлеңдерінде кездеседі. Балдай Көшкінқызының эпитет арқылы өзінің кескін-келбетін суреттеуі, яғни, жаңа сурет тауып, бояуын қанық қылуы:

Қаз ұшар айдын көлден қизаиш қанат, ...

... Қизаиш қас, оймақ ауыз, сұлу қыздар, [1,32 б.]

– деген өлең жолдарындағы «бұлбұлдай», «ақ маңдай», «алма мойын» және «сұлу мүсін» сөздері жыр ажарын нәрлендіріп, әсерлендіріп тұрған теңеулер, бір жағынан, эпитеттер екендігі айдан анық.

Теңеусіз өлең не жыр болмайды. Себебі, бұл тәсілсіз ешбір өлеңнің мағынасы ашылмайды. Ақын ойын салыстырып суреттеу де тым-ақ тәуір.

Бұлбұлдай сұңқылдады тіл мен таңдай,

... Жайнаған екі көзім жаққан шамдай. [1,36 б.]

«Бұлбұлдай сұңқылдау», «жаққан шамдай» сөздері өзіндік нақышымен, нақты әрі көркем теңеулерімен жеткізіледі.

Метафора тәсілі арқылы құбылту үрдісі ақынның қоштасу өлеңінің бастапқы жолдарында жиі қолданылып отырады. Мысалы, өзіне қарата қолданған «Адайдың алтын тұғыр бұлбұлы», «Адайдың бәдік қызы» іспетті метафоралық тұрақты тіркестер мен «Келгенде он жетіге ұрын келді, Әкеммен уәделі – баталы бай» сынды жыр жолдарындағы құбылтулар тұтас жыр мазмұнына мейлінше көрік беріп, «жымдасады». Айтылар ойды осындай сұлу метафора арқылы оқырманына дәл жеткізеді.

Әдеби тілді одан әрі машықтандырып, қалыптастыра түсетін тәсіл – айшықтау. Әдебиет теориясында айшықтау жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау, қайталау түрлері болып іштей жіктеледі. Сол айшықтау түрлерінің бірі – жарлай арнау ақынның:

... Ғұмыры қыз баланың бес жыл екен,

Сәлем де сұрағанға дұғай-дұғай ...» [1,37 б.]

– деген өлең жолдарында кездеседі. Сонымен қатар, Балдай ақынның:

«... Жат жұрттық болғаннан соң амалым не?

Қалыңға талай ару көнбеген бе? ...» [1, 36 б.]

– деген жыр жолдарында сұрау арнауды қолдану арқылы өзінің ішкі күйінішін, туған еліне деген қимас сезімін жеткізгісі келеді.

Шежіре мен тарихқа, мәдени мұра мен рухани қазынаға толы – Маңғыстау өңірінің көптеген ақын-жырауларының әдеби мұралары зерттелмеген, тіпті, жинастырылмаған. Оларды танып-біліп, зерттегеннен біз қор болмаймыз, қайта өзіміздің мәдени мұрамыздың қорына сүбелі үлес қосамыз. Сондықтан Балдай ақынның әдеби мұрасының зерттелуі – өзіміздің тырнақалды зерттеу жұмысымызбен толастап қалмағай демекпіз.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жыр Дария. Маңғыстаудың ақын-жыраулары. Ақтау, «Үш қиян» баспасы, 1995.
2. «Өскен Орда». Алматы. «Зерде», 2007 жыл. IV қанат. Домбыра: өнердің өрен жүйрік дүлдүлдері. 352 + 64 жапсырма бет.
3. Сыдиықов Қ. Ақын-жыраулар. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1974.
4. Сайын Назарбекұлы, Жетібай Жылқышыұлы. Қазақ халқының шежіре тарихы: Адай тайпасы. 5-том. – Алматы: Жазушы, 2015. – 512 бет.
5. Қабиболла Сыдиықұлы. Еңбектері. Көптомдық. 3-том: Сарқылмас қазына. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2021.

УДК 82-8

## ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЕКТА В ПЕРЕВОДЕ

*Абдуллаева Айнур Аскарловна,  
м.ф.н., сеньор-лектор, АТУ,  
ORCID 0000-0002-6379-5627*

*Кекилбаева Жазира Ембергеновна,  
м.п.н., сеньор-лектор, АТУ,  
ORCID 0000-0002-6379-5627*

*Аннотация.* В последние годы использование искусственного интеллекта (ИИ) в области перевода стало предметом активного обсуждения, особенно в контексте этических аспектов. В статье рассматриваются ключевые этические вопросы, связанные с применением ИИ в переводческих системах, включая предвзятость, точность, конфиденциальность и влияние на профессиональных переводчиков.

Одним из основных этических вызовов является предвзятость, которая может возникать в результате обучения ИИ на данных, содержащих стереотипы или искажения. Системы ИИ, как и люди, могут непреднамеренно воспроизводить и усиливать существующие предвзятости, что может привести к искажению информации и недопониманию в межъязыковой коммуникации. Это особенно критично в контекстах, где переводы могут быть политически чувствительными или касаться культурных особенностей. Поэтому необходимо разрабатывать алгоритмы, которые минимизируют предвзятость и обеспечивают более справедливый и точный перевод.

Другим важным аспектом является вопрос конфиденциальности. При использовании ИИ в переводе, особенно в коммерческих и юридических сферах, существует риск утечки конфиденциальной информации. Необходимость защиты личных данных и соблюдения норм конфиденциальности становится

*особенно актуальной в условиях глобализации и увеличения объемов обмена информацией.*

*Кроме того, статья поднимает вопрос о влиянии ИИ на профессиональных переводчиков. С одной стороны, технологии ИИ могут повысить эффективность и скорость работы переводчиков, с другой стороны, существует опасение, что автоматизация может привести к сокращению рабочих мест в этой сфере. Это создает необходимость в переобучении и адаптации специалистов к новым условиям работы.*

В последние годы искусственный интеллект (ИИ) стал неотъемлемой частью многих областей, включая перевод. Системы машинного перевода, основанные на ИИ, такие как Google Translate и DeepL, значительно изменили подход к переводу текстов, предоставляя пользователям возможность мгновенно получать переводы на множество языков. Однако с ростом популярности и внедрения этих технологий возникает ряд этических вопросов, которые требуют внимательного рассмотрения. Эти вопросы касаются не только качества и точности переводов, но и более широких социальных, культурных и политических последствий, связанных с использованием ИИ в переводе. Одним из основных этических аспектов является проблема предвзятости в переводах, выполненных с помощью ИИ. Алгоритмы машинного обучения, на которых основаны современные системы перевода, обучаются на больших объемах данных, собранных из различных источников. Если эти данные содержат предвзятости или стереотипы, то и переводы, созданные на их основе, могут отражать и усиливать эти предвзятости. Например, исследования показывают, что некоторые системы перевода могут неправильно интерпретировать гендерные роли или культурные контексты, что может привести к искажению смысла оригинального текста. Это поднимает важный вопрос: как обеспечить, чтобы технологии перевода не способствовали распространению стереотипов и предвзятостей?

Другим важным аспектом является вопрос о качестве перевода. Хотя ИИ может обеспечить быструю и доступную услугу перевода, качество этих переводов не всегда соответствует стандартам, установленным профессиональными переводчиками. В специализированных или культурно чувствительных контекстах системы ИИ могут не уловить тонкости языка, что может привести к недопониманию или даже к серьезным последствиям. Например, в юридических или медицинских текстах точность перевода имеет критическое значение, и ошибки могут иметь серьезные последствия для пользователей. Это ставит под сомнение, насколько можно полагаться на ИИ в таких важных областях, и требует разработки этических норм и стандартов для использования ИИ в переводе. Кроме того, использование ИИ в переводе поднимает вопросы о конфиденциальности и защите данных. Многие системы перевода требуют доступа к личной информации пользователей и текстам, которые они переводят. Это может вызвать опасения по поводу того, как эти

данные хранятся и используются. В условиях растущей обеспокоенности по поводу утечек данных и кибербезопасности важно рассмотреть, как компании, разрабатывающие технологии перевода, могут обеспечить защиту личной информации пользователей и соблюдение этических норм. Также стоит отметить, что внедрение ИИ в перевод может привести к изменениям на рынке труда. Профессиональные переводчики могут столкнуться с конкуренцией со стороны автоматизированных систем, что может угрожать их рабочим местам. Это поднимает вопрос о том, как обеспечить справедливое распределение ресурсов и возможностей для переводчиков в условиях, когда ИИ становится все более распространенным. Необходимо рассмотреть, как можно адаптировать образовательные программы и профессиональную подготовку, чтобы подготовить переводчиков к работе в условиях, когда ИИ играет важную роль в их профессии.

Важным аспектом является также вопрос о культурной инклюзивности. ИИ-системы, как правило, лучше работают с широко распространенными языками, такими как английский, испанский или китайский, в то время как менее распространенные языки могут быть недостаточно представлены в обучающих данных. Это может привести к языковому разрыву, когда носители менее распространенных языков не могут получить доступ к качественным переводам. Этические нормы в этой области должны учитывать необходимость обеспечения равного доступа к услугам перевода для всех языков и культур. Наконец, использование ИИ в переводе поднимает вопросы о прозрачности и ответственности. Пользователи должны иметь возможность понимать, как работают системы перевода и на каких данных они основаны. Это важно для формирования доверия к технологиям и обеспечения их этичного использования. Компании, разрабатывающие ИИ-системы, должны быть готовы открыто обсуждать свои алгоритмы и методы, а также принимать на себя ответственность за последствия, связанные с использованием их технологий.

Таким образом, этические аспекты использования ИИ в переводе являются многогранными и требуют комплексного подхода. Необходимо учитывать предвзятости, качество перевода, защиту данных, влияние на рынок труда, культурную инклюзивность и вопросы прозрачности. Важно, чтобы разработчики технологий, пользователи и профессиональные переводчики работали вместе над созданием этических норм и стандартов, которые помогут обеспечить справедливое и ответственное использование ИИ в переводе. В конечном итоге, цель состоит в том, чтобы технологии перевода служили не только для упрощения коммуникации, но и для содействия взаимопониманию и уважению между культурами.

Приведем несколько аспектов где всего сложнее сохранение культурной инклюзивности при переводе с казахского на английский языки.

Национальные праздники: Названия казахских праздников, таких как Наурыз, могут не иметь точного аналога в английском языке, что приводит к потере культурного контекста.

Традиционные блюда: Названия казахских блюд, таких как бешбармак или кумыс, могут быть переведены без объяснения, что затрудняет понимание их значения и важности в культуре.

Фольклорные персонажи: Персонажи казахских сказок, такие как Кобланды батыр, могут быть не известны англоязычной аудитории, что приводит к потере культурной значимости.

Термины, связанные с традициями: Слова, описывающие традиционные казахские обычаи, такие как «салт-дәстүр» (обычаи и традиции), могут быть переведены как «traditions», что не передает всей глубины и специфики.

Музыкальные инструменты: Названия казахских музыкальных инструментов, таких как домбра, могут быть переведены без объяснения, что приводит к недопониманию их культурной значимости.

Семейные отношения: В казахском языке существуют специфические термины для обозначения родственников, которые могут не иметь аналогов в английском, что приводит к потере нюансов.

Этнические группы: Названия казахских этнических групп могут быть переведены без учета их уникальной истории и культуры, что приводит к обобщению.

Пословицы и поговорки: Казахские пословицы могут быть переведены дословно, теряя их культурный контекст и мудрость.

Одежда: Названия традиционной казахской одежды, такие как шапан или камзол, могут быть переведены без объяснения, что затрудняет понимание их значения.

Природные явления: Описание казахских природных ландшафтов и их культурного значения может быть упрощено, что приводит к потере связи с культурой.

Преодоление проблем культурной идентичности в переводе с использованием искусственного интеллекта (ИИ) является важной задачей, поскольку перевод не только передает слова, но и включает в себя культурные контексты, нюансы и значения, которые могут быть потеряны при автоматизации процесса. В этом контексте необходимо рассмотреть несколько ключевых аспектов, которые помогут улучшить качество перевода и сохранить культурную идентичность.

## **Методы**

Одним из первых шагов к преодолению проблем культурной идентичности является использование многоязычных и культурных данных для обучения моделей ИИ. Традиционные системы машинного перевода часто обучаются на больших объемах текстов, которые могут не учитывать культурные контексты. Важно, чтобы модели ИИ обучались на данных, которые отражают разнообразие языков и культур, включая идиомы, фразеологизмы и культурные ссылки. Например, если модель обучается на текстах, содержащих культурные особенности, такие как праздники, традиции или обычаи, она будет лучше понимать, как передать эти аспекты в переводе.

Это может включать в себя использование текстов из литературы, фильмов, статей и других источников, которые представляют собой богатый культурный контекст. Контекст играет ключевую роль в переводе, особенно когда речь идет о культурной идентичности. Разработка алгоритмов, которые учитывают контекст, в котором используется текст, может значительно улучшить качество перевода. Это может включать анализ предыдущих предложений, общего контекста текста и даже эмоционального тона. Например, фраза «это не так просто» может иметь разные значения в зависимости от контекста. В одном случае это может быть выражением разочарования, а в другом – простым утверждением. Если ИИ сможет учитывать контекст, он сможет более точно передавать смысл и культурные нюансы.

Включение в системы перевода баз данных с культурными справочниками может помочь ИИ лучше понимать культурные аспекты. Эти справочники могут содержать информацию о культурных терминах, обычаях, традициях и даже стереотипах, которые могут возникнуть в процессе перевода. Например, если ИИ сталкивается с термином, связанным с определенным праздником, он может обратиться к культурному справочнику, чтобы понять, как этот праздник воспринимается в разных культурах. Это поможет избежать недопонимания и обеспечит более точный перевод. Нейронные сети, особенно те, которые основаны на глубоких обучающих алгоритмах, могут значительно улучшить качество перевода. Эти сети могут быть обучены на примерах, где культурная идентичность важна, что позволит им лучше справляться с переводами, требующими учета культурных нюансов. Например, нейронные сети могут использовать механизмы внимания, которые помогают им сосредоточиться на наиболее значимых частях текста. Это может быть особенно полезно при переводе текстов, содержащих культурные ссылки или идиомы, которые требуют особого внимания.

Внедрение механизмов обратной связи, где носители языка могут оценивать и корректировать переводы, поможет улучшить качество и культурную точность переводов. Это может быть реализовано через платформы, где пользователи могут оставлять отзывы о переводах, а также предлагать свои варианты. Такой подход не только улучшит качество перевода, но и создаст сообщество, которое будет активно участвовать в процессе. Носители языка могут предоставить ценные инсайты о том, как лучше передать культурные аспекты, что поможет ИИ учиться и адаптироваться. Разработка этических стандартов для использования ИИ в переводе, которые учитывают культурные различия и идентичность, является важным шагом. Эти рекомендации могут включать в себя принципы, направленные на минимизацию предвзятости и стереотипов, которые могут возникнуть в процессе перевода. Например, если ИИ обучается на данных, которые содержат предвзятости, он может непреднамеренно воспроизводить эти предвзятости в своих переводах. Этические рекомендации могут помочь



разработать алгоритмы, которые минимизируют такие риски и обеспечивают более справедливый и точный перевод.

Использование мультимодальных систем, которые интегрируют текст, речь и визуальные данные, может помочь передать культурные аспекты более полно. Эти системы могут использовать различные источники информации, чтобы создать более полное представление о контексте. Например, при переводе видео или аудио материалов ИИ может учитывать не только текст, но и визуальные элементы, такие как мимика, жесты и культурные символы. Это поможет создать более точный и контекстуально релевантный перевод. Настройка переводов в зависимости от целевой аудитории, учитывая их культурные особенности и предпочтения, может повысить релевантность и точность перевода. Это может включать в себя использование различных стилей и тонов в зависимости от того, для какой аудитории предназначен перевод. Например, перевод для молодежной аудитории может требовать более неформального стиля, в то время как перевод для деловой аудитории должен быть более формальным. Учет этих факторов поможет создать более адаптированный и культурно чувствительный перевод.

Создание специализированных корпусов текстов, которые отражают культурные особенности определенных регионов или сообществ, может улучшить качество перевода. Эти корпуса могут включать в себя тексты, которые представляют собой уникальные культурные аспекты, такие как местные обычаи, традиции и язык. Обучение ИИ на таких корпусах поможет ему лучше понимать и передавать культурные нюансы, что в свою очередь повысит качество перевода. Постоянное обновление моделей ИИ с учетом новых культурных данных и изменений в языке поможет поддерживать актуальность и точность переводов. Язык и культура постоянно развиваются, и ИИ должен быть в состоянии адаптироваться к этим изменениям. Это может включать в себя регулярное обновление данных, на которых обучаются модели, а также внедрение новых технологий и методов, которые помогут улучшить качество перевода.

### **Заключение**

Преодоление проблем культурной идентичности в переводе с использованием ИИ – это сложная, но важная задача. С учетом многоязычных и культурных данных, контекстуализации перевода, интеграции культурных справочников и использования нейронных сетей, можно значительно улучшить качество переводов. Внедрение обратной связи от носителей языка, этических рекомендаций и мультимодальных систем также сыграет важную роль в этом процессе. Адаптация переводов к целевой аудитории, обучение на специализированных корпусах и постоянное обновление моделей ИИ помогут обеспечить более точные и культурно чувствительные переводы. В конечном итоге, успешное преодоление этих проблем позволит создать более эффективные и инклюзивные системы перевода, которые будут учитывать разнообразие культур и языков в современном мире.

Этические аспекты использования искусственного интеллекта (ИИ) в переводе становятся все более актуальными в условиях стремительного развития технологий и их внедрения в различные сферы человеческой деятельности. Синхронный перевод, как одна из ключевых областей межъязыковой коммуникации, сталкивается с множеством вызовов, связанных с применением ИИ. В этом заключении мы рассмотрим основные этические проблемы, возникающие в процессе использования ИИ в переводе, а также предложим возможные пути их решения.

Первым и, возможно, самым значимым этическим аспектом является предвзятость, которая может проявляться в переводах, выполненных с помощью ИИ. Алгоритмы машинного обучения, на которых основаны современные системы перевода, обучаются на больших объемах данных, которые могут содержать стереотипы, предвзятости и искажения. Это может привести к тому, что переводы будут не только неточными, но и потенциально оскорбительными для определенных групп людей. Например, если система ИИ обучалась на текстах, содержащих сексистские или расистские высказывания, она может воспроизводить эти предвзятости в своих переводах. Это подчеркивает необходимость разработки алгоритмов, которые минимизируют влияние предвзятости и обеспечивают более справедливый и точный перевод.

Вторым важным аспектом является вопрос конфиденциальности. При использовании ИИ в переводе, особенно в таких чувствительных областях, как медицина, юриспруденция или финансы, существует риск утечки конфиденциальной информации. Переводчики и компании, использующие ИИ, должны быть уверены, что данные, которые они обрабатывают, защищены от несанкционированного доступа. Это требует внедрения строгих мер безопасности и соблюдения норм конфиденциальности, что становится особенно актуальным в условиях глобализации и увеличения объемов обмена информацией.

Третий аспект касается влияния ИИ на профессиональных переводчиков. С одной стороны, технологии ИИ могут значительно повысить эффективность и скорость работы переводчиков, позволяя им сосредоточиться на более сложных и творческих задачах. С другой стороны, существует опасение, что автоматизация может привести к сокращению рабочих мест в этой сфере. Это создает необходимость в переобучении и адаптации специалистов к новым условиям работы. Профессиональные переводчики должны развивать навыки, которые не могут быть легко автоматизированы, такие как культурная чувствительность, креативность и способность к критическому мышлению.

Четвертым аспектом является вопрос качества перевода. Хотя ИИ может значительно улучшить скорость и доступность переводов, качество этих переводов не всегда соответствует стандартам, установленным профессиональными переводчиками. В специализированных или культурно чувствительных контекстах системы ИИ могут испытывать трудности в

полном уловлении тонкостей языка. Это подчеркивает важность человеческого контроля и редактирования переводов, выполненных с помощью ИИ, чтобы гарантировать их точность и соответствие культурным нормам.

Пятый аспект касается языкового разнообразия. ИИ сделал значительные шаги в переводе крупных мировых языков, но он сталкивается с вызовами в случае менее распространенных или менее ресурсных языков. Лингвистическая инклюзивность необходима для того, чтобы гарантировать, что решения по переводу, управляемые ИИ, являются всесторонними и справедливыми. Это требует дополнительных усилий по сбору данных и разработке алгоритмов, которые могут эффективно работать с языками, имеющими ограниченные ресурсы.

В заключение, этические аспекты использования ИИ в переводе требуют внимательного анализа и разработки соответствующих рекомендаций. Важно создать баланс между технологическими достижениями и соблюдением этических норм, чтобы обеспечить качественный и справедливый перевод, учитывающий культурные и социальные контексты. Это может включать в себя создание этических стандартов для разработки и использования ИИ в переводе, а также обучение специалистов, работающих в этой области, вопросам этики и ответственности. Необходимо также развивать междисциплинарные подходы, объединяющие экспертов в области лингвистики, технологий и этики, чтобы создать более полное понимание проблем, связанных с использованием ИИ в переводе. Важно, чтобы разработчики ИИ, переводчики и пользователи работали вместе для создания систем, которые не только эффективны, но и этичны.

Таким образом, этические аспекты использования ИИ в переводе представляют собой сложную и многогранную проблему, требующую комплексного подхода. Важно, чтобы все участники процесса осознавали свои обязанности и стремились к созданию более справедливого и инклюзивного мира, где технологии служат на благо всем, а не только избранным.

### Список литературы

1. Шамансуров, Ш. «Этические аспекты применения искусственного интеллекта в переводе.» Вестник Казахского национального университета, 2021.
2. Аманжолова, А. «Проблемы этики в машинном переводе.» Журнал переводоведения, 2022.
3. Кенжебаева, Г. «Искусственный интеллект и его влияние на этические нормы в переводе.» Научный журнал «Лингвистика и культура», 2020.
4. Султанов, М. «Этика и искусственный интеллект: вызовы для переводчиков.» Казахстанский журнал лингвистики, 2023.
5. Тулебаева, Н. «Этические дилеммы в использовании ИИ для перевода.» Журнал «Современные технологии перевода», 2022.

6. Бекмурзаев, А. «Искусственный интеллект в переводе: этические аспекты и вызовы.» Вестник гуманитарных наук, 2021.
7. Мусина, Д. «Этика перевода в эпоху ИИ.» Научный вестник «Технологии и общество», 2023.
8. Нургалиева, С. «Проблемы этики в контексте машинного перевода.» Журнал «Лингвистика и переводы», 2020.
9. Жумабаев, Е. «Искусственный интеллект и этика: новые горизонты для переводчиков.» Казахский журнал переводоведения, 2022.
10. Сарсенова, Л. «Этические аспекты использования ИИ в переводе: казахстанский контекст.» Вестник международного университета, 2023.

## ӘОЖ 82-1/9

### МӘТЖАН БИДІҢ МҰРАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨНЕГЕ

*Турмуханова М.Т., «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты  
Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С., филология ғылымдарының кандидаты,  
Yessenov University профессоры*

Мәтжан Тілеумағанбетұлы ел аузында Мәтжан би болып аталады. Ол кісі 1841 жылы Атырау облысының Жылойда дүниеге келіп, 1929 жылы Құлсарыда дүние салады. Жастайынан нағашысы Шегем Көбен бидің тәлім-тәрбиесінен үлгі алып өседі. Туған халқының тілі мен ділін терең меңгерген Мәтжан шалбар Қалнияз ақын, есен Сейіт би, жары Абыл Тілеуұлы сияқты сөз зергерлерінің әдеби мұрасын бала жасынан зердесіне тоқып, оларды одан әрі дамыта, жетілдіре түскен сыңайлы. Саналы ғұмырын туған халқына қызмет жасаумен өткізіп, шешендік өнері Мәтжанды қоғам қайраткері, елінің жоқшысы, әділет жолындағы күрескері дәрежесіне дейін көтерді. Ол тұста Үстірт алқабына Хорезм хандығының әмірі жүріп тұрған кезі. Ел арасындағы дау-дамай да ханның шабармандарының іс-әрекетіне қатысты өрбіп жатады.

Мәтжанға ең алғаш би атағын алып берген өзінің жақын аталастарына тән жағымсыз қылықтарын дәл танып, сынай айтқан сөзі екен дейді. Бірде қарасақалдар мен ақсақалдардың молырақ жиналған жиынында ас соңында «батаны сіз беріңіз, сіз беріңіз...» деп үлкендер біраз отырып қалса керек. Соны пайдаланған жас бала Мәтжан тізерлеп отыра қалып, қолын жайып жіберіп, даусын қоюлата: -Тастемірдің айналып соқпасынан, Шотанның қасармасынан, Құдайбергеннің сағырынан, Майланның құмарпаздығынан сақта, – деп бетін сипапты. Үй ішіндегілер де «батаң қабыл болсын» деп бет сипап қостаған екен.

Есен Ерменбет, Қырымқұл Ғапур бастап, бір топ адам Хорезм хандығына екі ел арасындағы кезекті бір даудың түйінін тарқатуға аттанады. Олар өз қатарына жас та болса Мәтжанды ерте кетеді. Жүргіншілер Хорезмге жақындаған соң, қос тігіп, аялдайды. Хан алдына бармас бұрын: – Ал,

ақылдасып алайық, ертең не айтамыз? – депті өзара әңгімеде. Кеңеске қатысып отырған билер: «былай айтайық, олай дейік» деп өз ойларын ортаға салады. Тек Мәтжан ғана үндемей отырады. Бір кезде мұны байқаған Ермембет: «Әй, Мәтжан, сені де бірдеме айтады деп әкелдік қой, не ойың бар?» – дейді. Сонда Мәтжан: – Күні бұрын айтқан билік – билік емес. Ханның айтқан сөзіне қарай біз де сөз айтсақ болмай ма? – деген екен. Жолаушылардың келе жатқанынан алдын ала хабардар болған хан қазақтарды «барлауға» өз тыңшысын жіберген екен.

Кеңесіп отырғанда, қос сыртында тың тыңдап тұрған кісі ханға төмендегіше хабар жеткізеді: «Бір би былай», екіншісі «олай» деді. Ал төменгі жақта отырған бір жас жігіт «Ханның сөзіне қарай сөз айтсақ болмай ма? Күні бұрын несіне желпінеміз», – деді. Сірә, сол бала қауіпті болуы мүмкін», -депті. Ертесіне қазақ билерімен хан кездесіп, даулы мәселе төңірегінде әрқайсысы өз уәждерін ортаға салады. Билер келген шаруаларын ұғынықты жеткізуге тырысып бағады.

Мәмілелі отырыстың аяқталар кезінде Мәтжан былай дейді: – Ертеде Астраханның жоғарғы жағында Еділ сағасындағы қазақтар арасында бір төре қыз ұзатып, бүкіл Кіші жүзді шақырып, ат бәйгесін, палуан күресін, домбыра сайысын, жыр айтысын тамашалатыпты. Сонда Адайдан барған Кенже Ақтан ақын былай деген екен: Түркімен, өзбек өз ағам, Тәжік пен сарт садағам, Қырғыз, қалпақ, ноғай бар, Бәрі де бір атадан тараған. Сонда біз бәріміз бір атадан тарай отырып, неге әлдебір бұзықтардың бастауымен дүрдараз болуымыз керек? Қара халықтың арманы – тыныштық. Әркез туысқандығымызды берік ту етіп ұстауымыз керек. Бұл ретте, тақсыр хан, сіз бас болып, әр елдің ақыл-парасаты мол билерімен, азаматтарын біріктіріп, бұзақыларға тыйым салу, ел бірлігін тыныштығын әділ үйлестіру – мұсылманшылықтың белгісі. Бұл ретте, тақсыр хан, сіздің мол ақыл-парасатыңыз бен хандық лауазымыңызға сенемін». Жас бидің орнықты сөзі көкейіне қонды ма, әлде ханның ықыласы ауды ма, ақыры, дау Адай билерінің пайдасына шешілген деседі. Сонан пәтуға келіп, хан билерден бұйымтай сұрапты.

Үлкен жақтары «бұйым бітті ғой» дегенге тоқтала бергенде, Мәтжан бүктеулі қамшысын ортаға тастап: «Дат, тақсыр», – деп, шарта жүгініп сөз бастайды: -Адай деген ел едік, тұрақты қонысымыз жоқ. Шаруаның жайымен көшіп-қонып жүреміз. Ендігі бұйымтайымыз, мына Әмудің жағасынан өгіздің терісіндей жер беріңіз», -депті. Хан «болсын» дейді. Сөйтіп, бір күн бұрын қонақасыға сойылған өгіздің терісін суға салып, Мәтжан сол теріні домбыраның ішегіндей қылып тіліп, едәуір жерді қоршапты. Осылайша, тапқырлығының арқасында ханнан халқына үлес алып беріпті. Сол жер қазірге дейін «Мәтжан жері», «Мәтжан жап» деп аталады. Ол жер Қазақстанды жайлаған аштық кезінде арып-ашып, азып-тозған талай қандастарымызға қоныс болды.

Мәтжан бидің заманында жиырма бес таңбалы Кіші жүз ішінде жер мен жесір дауы, өзара қырқыс пен қақтығыс, оған қоса жергілікті қазақтарға орыс

үкіметінің, Хиуа мен Бұхар хандарының әділетсіз зорлық-зомбылықтары кең етек алған болатын. Түрлі даудамайларды Мәтжан өз тұсында бітістіруге қатысып, қара қылды қақ жарған әділеттілігімен ел құрметіне бөленген. Мәтжан бидің артында «Жылқының дауы», «Түйенің дауы», «Тоқтының дауы» деген көптеген әңгімелер қалған, дауласып келген екі жаққа бітісер жолын көрсетіп, мәмілелі сөзге тоқтата білген. Кезінде Маңғыстау елінің азық-түлік, егін өнімдерін таситын Бесқаламен байланыс жолында жол торушы қарақшылар көп болған екен. Бұл алыс жолдың азабын көп адам тартыпты. Алыс жолды қалай жақындатып, халықты қарақшылық тауқыметтен құтқарамын деген ниетпен Мәтжан Хиуа ханы алдында мәселе етіп көтерді. Хан жарлығымен бұл керуен жолына бидің аты беріледі. Кейбір деректерде «Есен Ермембет» жолы деп те аталған екен дейді. Дейтұрғанмен бұл жол халық жадында күні бүгінге дейін «Мәтжанның жолы» болып сақталып қалған. Халқымыз сөз қадірін жоғары бағалағандығы әлімсақтан мәлім. Сөзден ұтылғанын біліп, орнықты уәжге тоқтай да білген. Сондықтан болар, Мәтжан бидің шешендік өнеріне разы болған замандастарының бірі «Мәтеке, сіздің сөзден бөгеліп, тоқтаған жеріңіз болды ма?» деген сұрауына би: «Аталы сөзге тоқтамайтын бәдіктен күнде жеңілемін», – деген екен. Мәтжан биден замандастары «Мәтеке, адай арасындағы беделіңіз қандай?» дегенде, «Адайға Отпанның шоқысындаймын (Маңғыстаудағы Қаратау жоталарының ең биік нүктелерінің бірі), жарыға Қаратаудаймын, Құдайбергенге құмырсқаның алда төмпегіндеймін», – деген екен. Бұл арқылы «жақынға әулиенің қадірі жоқ» деген қағиданы айтса керек. Осы шешендік сөз үлгісі қазіргі кезде де Маңғыстауда жиі қолданылады.

Шешендік сөз өнерінде «Тура биде туған жоқ» деген қанатты сөз бар. Бұл киелі сөз өнерінің өзім, туысым, руласым деп бұра тартпай, әділдігін айтар, қиып түсер тура сөзге тоқтаған, сөз қадірін білген қазақ билеріне берілген әділ баға болса керек. Сол сияқты Мәтжан биде осындай тұлға болған. Өз руластарының өзі байқаған кемшіліктерін бетіне басқан мына берген батасына назар аударайық. Тастемірдің айналып соқпасынан, Шотанның қасармасынан, Құдайбергеннің сағырынан, Майланның құмарпаздығынан сақтасын.

Осы ойымыздың куәсіндей тағы бір мысал келтіре кетейік. Мәтжан би әділет жолындағы күрескер, әлсіз, жарлы-жақыбайдың қамқоршысы ретінде олардың қамын ойлап, өз туыстарына қарсы шыққан кезі де аз болмаған. Шеншекпеніне, болыстығына қарамай, әділетсіздік көрген көрші ауылдың баласына өз туысы болыс Аманқұлды да жығып берген. Бірде жол жүріп келе жатқан Мәтжан биге Қашмағамбеттің Бекені деген жігіт кездесіп, сәлемдесіп, жағдайын айтады. -Аманқұл болыстың ауылын іздеп келемін, – дейді әлгі жігіт. -Балам, онда не шаруамен барасың? – деп сұрайды Мәтжан би. Жігіт болған жайды айтып береді. -Біздің бағытымыз өзгеретін болды, -дейді Мәтжан түйе жетектеп келе жатқан қосшы баласына қарап. 153 -Аманқұл болыстың ауылына барайық. Тездетіңкіреп жүр, жарықта жетіп алғанымыз дұрыс. Бұлар болыс ауылына күн батпай жетеді. Бір шоғыр ағаш үйдің шет

жағындағы он екі қанатты үй сыртына келіп тоқтайды. Ауыл адамдары Мәтжанды құрақ ұшып қарсы алады. Шай ішіледі. Шайдан соң жақында ғана балалы болған Аманқұл болыс «баланы әкеліндер, би атадан бата алайық» дейді. – Ата, балаңыз сізге сәлем бермек, – деп, сәбиді әйелі алып келеді. – Мен құтты болсын айтпаймын. Бұл баланың әкесі мына Аманқұл туғанда айтқанмын. Ол не көрсетті? Қазақ ұл туғанда ең азы шаңырағының, одан әрі бүкіл елінің қамқоры болатын азамат келді деп қуанады. Әкең сол үмітпен бүкіл Бозашы елін шақырып той жасап, Адай мен Беріштің ақ бата, құтты болсынын алып еді. Сен сол әкең үміт артқандай құтты болып отырсың ба, өзінді-өзің тонап жеп? Балаң құтты болмасын, – деп шарта жүгіне отырып, Мәтжан би екі-үш рет қайталапты. – Бүгін Құлбайдың 10 еркек қойын барымталап таласаң, ертең мені, қарауыңдағы мың үйді үйітіп жерсің. Балаң құтты болмасын. Ерке жас келіншек «құдайым-ай, бір өзің сақтай гөр» деп баланы алып шығып кетеді. Таңертең ертерек ауыл адамдары Құлбай ауылының жігітін оятып, 10 қойды айдатып жібереді. Сөйтіп, Мәтжан биді танымасам да, әділ билігі арқасында малымды түгендеп, риза болып қайттым, – депті Құлбай ауылының жігіті Бекен.

Неміс ғалымы, зерттеушісі Рихард Карутц Маңғыстау өңірінде бірнеше рет болып, өлке өміріне, этнографиясына байланысты біраз еңбек жазған. 1893 жылы түсірген «Бозашы билері» атты фотосуретінде Есен Ермембет, Иса Тіленбайұлы, Мәтжан Тілеумағанбетұлының бейнелері берілген. Олар Қазақстанның қара қылды қақ жарған әділ билері ретінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты ғимаратының көрнекті жерінен орын алды. Сөйтіп, бүгінгі рухани өмірімізден де ұлы бабалардың ізі жоғалған жоқ. Мәтжан би де өз заманында дәуірінің үлкен өнерлі адамдарымен бірге болған. Атақты күйші, сәулетші Шотан Қартбаймен, атақты «Шолтаман» әнін дүниеге әкелген әнші Шолтаман, т.б. палуан, шешен замандастарымен жұбы жазылмай, аралас-құралас өмір сүрген. Олардың ішінде өзінің інісі палуан Есет те болған. Бұл елдің көңіл-күйін, жүрек лүпілін, сезіп-біліп отыруға үлкен мүмкіндік берген көрінеді. Қазақтың 100 биінің бірі атанған Мәтжан би Адайдың жары руынан шығып, төменгіше таралады: Назар Құдайберген Қарағұл Бектұрлы Тілеумағанбет Мәтжан. Мәтекеңнің шығу тегі туралы әңгіме болғаннан соң, оның ұрпақтары туралы айта кеткен орынды болар. Мәтжанның бес ұлы – Шәди, Мұхамбеди, Алуадин, Иманмұхамбет, Сақи. Ұлдарының ішінде Алуадин Ашхабад қаласында оқу бітірген.

Орыс, ағылшын тілдерін меңгерген, бірнеше жылдар әскери бекіністе дәрігерлік қызмет атқарып, орыс солдаттарының арасында болған, көкірек көзі ояу, ашық, сауатты тұлға еді, – дейді көзін көрген көнекөз кісілер. Кім болса да балаларының намысын қайрап, оларды өмір тезіне салу халқымыздың дағдысы ғой. Сол сияқты Мәтжан да ұлдарына риза болмай: «Өзіме тартып біреуің тумадыңдар, жасықсындар», деп, алға ұмтылсын, елдік дәстүрге жақын болсын деген оймен жиі ұрысатын болса керек. Сонда бидің Алуадин атты ұлы: -Әке, сенің атағыңа бұл өңірдің ер-әйелі бірдей құмар. Өз үйіңе жылына бір түнейсің. Мүмкін, сіздің жақсы ұлыңыз далада шығар. Біздің

жаман әкеміз қорада шығар. Жамансың деп, жасықсың деп тұқырта бермеңіз, жігіттің аты үйінде емес, далада шығар, – депті. Бұдан би ата балаларына бетінен қақпай, еркін сөйлеуге, еркін ойлауға мүмкіндік беріп, тәрбиелегенін байқаймыз. Өлке зерттеушісі Жауғашты Нәренбайұлы 1930-1931 жылдары Сам құмында бүгінге дейін «Адайдың бандалық көтерілісі» атанып келген халық толқуының басшыларының бірі Сахи Мәтжанұлы Мырзалымен бірге кеңестік қысымға шыдамай, азаттыққа ұмтылған халықтың жетекшілері болғандығын жазады. Зерттеуші көтерілісшілердің отбасын, ауылын жендеттерден қорғау үшін қолдарына қару алғандығын дәлелдейтін құжаттарды тауып, сараптап, осы уақытқа дейін қалыптасқан көзқарастың қателігін, яғни көтерілістің бандалық сипатта емес, ұлт-азаттық сипат алғандығын дәлелдеп, оны енді құзырлы орындарға жеткізуге талаптанып жүр.

Бүгінде Мәтжан бидің ұрпақтары – немерелері, шөберелері бір дүйім ел. Негізінен, Маңғыстау түбегінде өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпақ өсіріп жатқан замандастарымыз. Заманның түрлі зорлығынан шетел асып кеткен бұтақтары да елге оралып, атақонысында көппен бірге тұрмыс кешіп жатыр. Ел ішінде Мәтжан мұраларын қағаз бетіне түсіріп, халқына қайта қауыштыруға талаптанып жүрген зерттеуші-жинақтаушылар баршылық. Мәтжан мұраларын, халық арасына тарап кеткен әңгімелерін жинауда марқұм Өмірбай Сармағамбетұлы Малаев біраз еңбек тындырды. Мәтжан атаның ұрпақтарының бірі болып саналатын, кәсіпкер Рахман Алуашұлы Дүйсенбай – тапқанын бауырына басып жейтін қарақұстың санатынан емес, тапқанын төңірегіне шашып жейтін қыран құстың кейпіндегі азамат. Ол 2003 жылы Өмірбай Малаев ағамыздың жоғарыдағы айтқан «Мәтжан би» кітабының «Үш қиян» баспасынан шығуына көмектесті. 2004 жылдың басында «Мәтжан би» қоғамдық қорын құрып, оның кесенесінің салынуына бастамашы болды. Жерлестері Мәтжан бидің 170 жылдығын атап өту қамына кірісуде. «Мәтжан би» кітабы – көлемі шағын болғанмен, бұл бағыттағы алғашқы бастама. Таңдайына сөз ұялаған аруақты Мәтжан бидің артында қалған мол мұрасын сипаттау бір мақалаға сыймайды. Жете зерттеп жинақтау – өскелең ұрпақтың міндеті.

Қорыта айтқанда, Мәтжан бидің өнегесі мен тағылымы халық қажетіне жарап, онымен бірге өмір сүре беретіні даусыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

7. Мәтжан бидің айтқандары. // [https://vk.com/wall467130520\\_157](https://vk.com/wall467130520_157)
8. Маңғыстау билері. // <https://iref.kz/ma-yistau-bileri/>
9. Озғанбай Ө. Қазақтың көсемдігі мен шешендігі астасқанда. Алматы: Нұрлы Әлем, Т.3. – 2021. – 400 б.



## БЕКЕТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР – ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТІ ДӘРІПТЕУШІ ДҮНИЕЛЕР

*Шамғалиева А.Н., «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты.  
Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С., филология ғылымдарының кандидаты,  
Yessenov University профессоры*

Ел аузында Бекет атаның ерекше қасиеттері туралы аңыз-әңгіме көп. Әулиенің көк асасы, жылан кейпіне ене білуі, аққу боп ұшуы секілді аңыздар халық арасында жиі айтылады. Бұл жазбамызда ізгілік дәнін сеуіп, ғибратты ғұмырымен бүгінгі ұрпаққа рухани мұра қалдырған тарихи тұлға.

Қазақ халқында жыланды әруақпен байланыстыратын наным-сенім бұрыннан бар. Адайдың ішіндегі Шоңай руынан шыққан Бекбаулы атты әулиені сынау мақсатында Бекет ата сары үйек жыланға айналып алдына барған деседі. Ал Бекбаулы әулие бұған бүлк етпейді. Мұндай сынақтан сүрінбей өткен әулиенің алдынан Бекет ата екі бас жылан болып шыққан екен. Бозащы түбегіндегі Бекет ата мешітіне барған бір адам киелі орынның қақ ортасынан сары үйек жыланды көзі шалады. Ол жартылай көтеріліп, басын шайқап тұрған екен. Дәл осындай оқиға Ақмешіттегі кесенесін салу барысында да қайталанған. Сарғыш жылан оратылып, сол маңда біраз жүріпті. Бұл жыландар Бекет атаға қатысты қасиетті жерлерде кездесіп отырған. «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген қанатты сөз Бекет атаның әулиелік даңқының айғағы. Көрнекті қаламгер Ә.Кекілбайұлы «Дара Парасат, Дара Рух, дара Шарапат, Дара Шапағат иесі» ретінде бағалап, «Оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түсіп көрген жоқ. Өйткені, Ол – тірісінде елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазы. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірәдар» – дейді. Сұпы атаның қаламгер санамалап көрсеткен осы қасиеттері ол туралы айтылатын аңыздардан анық көрінеді.

Аңыздарда, ең әуелі шындық, сол шындыққа негізделген қиял әрекет етеді. Қиялдың өзінің астарында қисынға негізделген астарлы ой, ишаралы мән бар. Осы тұрғыдан келгенде, Бекет ата туралы аңыздарды әдеби таным тұрғысынан бірнеше қабаттардан тұратын мұра ретінде қабылдаймыз. Сол көп қабаттың бірі – мифтік таным. Мифтік таным арқылы санаға сіңісіп, ойлау жүйесімен тұтасқан, содан көркемдік (бәлкім нағыз) шындықпен үйлескен мифопоэтикалық қабаттың біз тереңдеп бара алмаған сыры көп. Ата туралы айтылған әңгімелердің барлығы дерлік мифопоэтикалық құрылымымен дараланады. Жалпы, аңыз атаулының бір сипаты осы десек, қателеспейміз. Миф дегеніміз қалыптасқан түсініктегідей ертегі, қиял жемісі емес, тылсым сырлы, қалың астарлы, кереметке толы біздің түйсігіміз толық танымаған ақиқат. Сол құпиялы ақиқатты тануда түрлі ишара-белгі, қилы

бейнелер жүйесі түзілген. Олардың қатарында, зерттеушілік тілмен айтқанда, көркемдік деталь, символ қызметін атқаратын киелілік сипат иеленген аңдар мен құстар қатары да жетерлік. Бекет ата туралы аңыздардағы тұрақты түрде айтылатын аң-құстар қатарында арқар, аққу, сары үйек жыланды атауға болады.

Бекет ата және аққу. Ата туралы аңыздардың ішінде ол кісінің небір керемет істерді көрсетуі сол аң-құстармен қатыстырыла айтылады. Солардың бірі – Бекет ата мен түрікпен ғұламасы туралы аңыз. Бұл аңызда Бекет атаның сойылып, қонақасыға берілген арқардың сүйегінен оны қайта тірілтуі және түрікпен ғұламасының аққу болып ұшуы баяндалады. Аққу болып ұшқан түрікпен ғұламасының соңынан Бекет ата да ұшады. Алайда, теңізден қара дүлей дауыл тұрып, қанаты қағуға жарамай қалған ғұламаны Бекет ата «кәпірлерге жол саласың, кері қайт» деп қайтарады. Халықтық ұғымда киелі құс саналатын аққу ата туралы аңыздардың бірнешеуінде оқиғаға араласады. Бекет ата мен Барақ батыр аңызында жеті аққудың ұшуы бар. Барақ батыр: «Қасиетің аспанда жеті аққу болып ұшты, әруағың биік тұр, жеті ұрпағыңа дариды екен», – дейді Бекет атаға. Сөйтіп, бірінші болып сәлем беріп, оның әруағының басымдығын мойындайды.

Атаның қасиетін аққумен байланыстыра тұспалдау Өмір батыр, Барақ батыр үшеуіне қарата ауыл абызының атынан айтылады. Ол аңызда абыз Бекет атаға «келе жатқаныңда алдыңнан жеті аққу ұшты, қасиетің жеті атаңа жетер», – десе, Барақ батырға «алдыңнан үш аққу ұшты, зайырлығың үш атаңнан аспас», – дейді. Ал, Өмір батырға «сенің алдыңнан жалғыз аққу ұшты. Қасиетің өзіңмен бірге кетер» дейді. Аруақты батырлар мен әулиенің қасиетін алдарынан ұшқан аққумен тұспалдаудың өзіндік мәні бар. Халық ұғымындағы киелі құс – аққуды ата аруағы деп тану, бұл құспен әулиелердің қасиеттерін байланыстыру – қиялдың жемісі ғана емес, тылсым сырлы табиғаттың сырын терең танымаққа талпынған ынтызарлық пен құрметтің көрінісі.

Мифология туралы жан-жақты зерттеу жүргізген Серікбол Қондыбай: «Қазақтың тектік танымында аққудың орны айрықша... Мифологияда аққу – үш кеңістікте, яғни, суда, жерде, аспанда қозғала алады, сондықтан да үш кеңістікті жалғастыру қабілетіне ие аққуды мифтік медиаторлар қатарына жатқызады» – деп жазады. Қасиет, кие туралы ұғымдар көбінесе ұлттық мифологиядағы көнеден орныққан бейнелермен көрсетіледі. Солардың бірі – аққу. Түркілік мифологияда бұл құстың қасиеті мен киелілігі жайлы айтылатын әңгімелер көп. Аққу – халық сенімінде атуға тыйым салынған аң-құстардың қатарында. Ел аузындағы аңыздарда айрықша жаратылған керемет иелерінің, әулиелердің аққу болып ұшуы туралы желілер осы таным-түсінікпен сабақтасқан. Аққу мифі – ұлттық ұғымда ғана емес, әлемдік танымда да кеңінен орын ала отырып, өзінің бойына көпбейнелі мәдени қабаттарды жинақтаған. Ежелгі грек мифтерінде өзінің қаза болған досы Фэтонды жоқтап, шерленген бозбала Кикнаны Аполлон құдай әдемі аққуға айналдырады. Әдебиеттанушы Дж. Макльсон мынадай түсініктеме береді: «Ақынның, әншінің, сондай-ақ, асқақ поэзияның символы. Бұл символиканың

негізі жанның (рухтың) аққу бейнесінде аспанды кезуі, қайта жаңғыру, кіршіксіз тазалық, кемелдік, тәкаппар жалғыздық, ерлік пен поэзияның әулиелік бастау-сипаты туралы таным-түсінікпен байланысты». Тағы бір зерттеуші Г.Козубовская орыстың көрнекті ақыны Анна Ахматова поэзиясындағы аққу мифологемі туралы сөз қозғағанда, аққу-ақындар туралы «Царьское село мифін» (бұл А.Пушкин, А.Ахматованың, т.б. орыстың үлкен ақындарының мекені) тілге тиек етеді: «Царьское село мифінің» негізінде лицейстердің бірінші буынында-ақ көп айтылатын аққу – Царьское селоньң қорғаушысы деген аңыз жатыр. «Аққу жүзген тоған» – Царьское село пейзажының міндетті де тұрақты атрибуты, әдеби Парнас кеңістігінің «нышанды» деталі». Сөйтіп, ақындардың тұтастай бір тобының поэтикалық мифологеміне айналған аққу ұлттық дүниетанымда да қасиет пен киенің, тылсым күштің құс бейнесінде кейіптелуін қамтамасыз етті.

Асан Қайғының «Аққу – құстың төресі, ен жайлап көлді жүр еді» деп толғануының философиялық-поэтикалық астары осыған саяды. Рухтың азаттығы мен ғажап сырларын аққу, қаз, қыран, т.б. құстар арқылы ишаралау жалпы әлемдік танымдағы тұрақты желі. Ата туралы тағы бір аңызда «Бекет ата Хиуадағы өзі оқыған Шерғазы медресесінде әр жұмада таң намазын оқу үшін аттанғанда, үнемі ақ сары бас аққу болып ұшады екен... Бекет ата қайтыс болған соң, қырық жылға дейін аптаның жұма күндері екі аққудың қосарланып, қаңқылдап, Оғыланды тауларын әлденеше айналып ұшып жүргенін көргендер болыпты. Бұрынғылардың айтуы бойынша ол екі аққу Бекет ата мен оның ұстазы Бақыржан қожа аруақтары екен» делінеді. Бекет атаның алыс жерге аққу болып ұшып баратыны, жанында жеті балапан жүретіні ел аузына кең тараған. Жеті балапанын ертіп, ұшып бара жатқан аққуды бір тентек атып, бір балапанын жаралайды. Нәтижесінде мылтық қақ айрылып, әлгі тентектің бетін от шарпып, екі көзі бірдей соқыр болып қалады. Аққудың Бекет ата аруағы екенін білген жігіт кешірім өтініп, тәубасына келеді. Бекет атаның ұлысқа ұран болуы да аққу оқиғасымен байланысты айтылады. Жаудың бес жүз сарбазына елу кісімен қарсы тұрсақ болар деген ата сөзіне ел ақсақалдары сенер-сенбесін білмейді. Ақыры бес жүз сарбазға қарсы елу адам тұрады. Сонда, Бекет атаның алдын-ала айтуы бойынша, жауға қарай бір аққу қаңқылдап ұшады. Сол сәтте күшті жел соғып, шаң көтеріледі. Жау әскері үрейленіп, кері қашады. Осыдан бастап Бекет ата есімі ұранға айналған екен деседі.

Тағы бір аңызда (бұл аңызды Бекет атаның сұпылық жолын зерттеуші Базарбай Әбдірахманов өз еңбегінде келтіреді) Барақ батыр Бекет атаның ескі Бейнеудегі мешітінде уағыз айтып тұрған кезінде келіп, әулиені сынау үшін қарғын ағызып жібереді. Сонда Бекет ата лезде аққуға айналып ұшып, қарсы жағаға жеті аққу болып қонады. Барақ құрдасы аруақтың ең күштісі аққу екенін айтып, Бекет атаның бір аққу болып ұшып, жеті аққу болып қонғанын ата қасиетінің жеті ұрпағына дейін жететінінің ишарасы деп жориды. Ата аруағының аққу түрінде көрінуінің астарында қасиет-киенің тылсыммен, жай пенде танымаған, тек түйсінген жаратылыс құпиясымен байланысын

ұғындыру жатыр. Қанқылдап ұшқан аққу – Бекет ата рухы мәңгі тұрақ тапқан тылсым кеңістіктің нышанды белгісі. Бекет ата және сары үйек жылан. Атаға қатысты әңгімелердің біразында ол кісінің аруағының сары үйек жылан болып көрінуі де айтылады. Адайдың ішінде Шонай руынан шыққан Бекбаулы әулиені сынау үшін Бекет ата әуелі оның алдынан сары үйек жылан болып шығады. Сосын өзінің жайнамазын «ұмытып кетіп», оны Бекбаулы әулие әкелмек болып барғанда, алдынан қос сарыүйек жыланды шығарады.

Бекет атаның арқары. Атаның Оғыландыдағы жайында арқарлар мекен етеді. Оларға тиісуге болмайды, атаның аруағы назаланады делінетін әңгімелер де Пір-атаға қатысты аңыздардың мифтік «қабатын» қалыңдата түседі. Арқарды атпақ болғандардың өздері жараланып, не мертігіп қалады. Оғыландыға зиярат етіп ағылған жұрт, егер арқарды көріп қалса, тілегіміз қабыл болады деп қуанысады. Бекет ата туралы аңыздардағы мифопоэтикалық құрылымды түзетін оқиғалар – атаның кереметтігімен ұшуы, атаның аса таяқты иеленуі және атаға теңіздің өзінің қақ айрылып, жол беруі. Шопан атаға түнеп, түсінде одан бата алғандығы, пырақтың атаны Хиуаға алып ұшуы да аңыздардың мифопоэтикалық субструктурасын айқындай түседі. Әулие, пір атанған атаның айбарын асқақтатып, қасиетін әйгілей түсетін мұндай қалыпты ұғымнан тыс ғажайып оқиғалардың астарында ата аруағына бас иіп, құрмет тұту жатыр. Ата есіміне қатысты айтылатын әулие, пір, рух туралы ұғымдардың мифтік таныммен сабақтастығы бар екені белгілі. Қасиетті рухтың нышандары түріндегі аққу, сары үйек жылан, арқар секілді тіршілік иелері тылсым сырлы табиғаттың бір бөлшегі. «Аңыз дегеніміз шындық, нақтылап айтсақ, рух шындығы, идея шындығы» дей отырып, философ ғалым Алтай Тайжанұлы аталған ұғымдардың құпиялы да киелі сырларына қалыптасқан ұғымдарға сүйене отырып талдау жасайды: «Аруақ – киелі деп танылған рух, әулие – наным-сенім бойынша, адамдардың тағдырына ықпал жасай алатын қасиетті адамдар, пір – әулие атанып, ерекше ғұмыр кешкен адам». Көзі тірісінде айрықша қасиетке ие болып, құрметке бөленген, пір атанған Бекет атаға қатысты әңгімелердің мифопоэтикалық пішінмен өрнектелуі заңды құбылыс. «Миф – қасиетті, киелі әңгімелер, рух ғажайыптығын паш ететін таным-түсінік. Былайша айтқанда, ақиқатты танытудың ерекше бір тәсілі. Ол таным-түсінік бейнелеулермен үйлесіп, өз алдына бір жүйе түзеді. Әулие адамдардың ғұмыры туралы айтылатын әңгімелердің мифопоэтикалық пішінде жүйеленуінің негізі осыған саяды. Бекет ата туралы аңыздардың мифопоэтикалық субструктурасының күрделілігі қасиет пен киені, айрықша жаратылысты ардақ тұтқан таныммен байланысты», – дейді ғалым Жанат Әскербекқызы.

Ғасыр қойнауынан өзі қасиетті қаламымен баба рухын жарық дүниеге тұңғыш алып шығып, ауызша ғана аты аталып жүрген Бекет атаны қағаз бетіне түсірген, елге жалаулата жариялаған, тұңғыш тебірене қалам тербеген адам Ислам қажы Мырзабекұлы. Ол еліміз егемендік алысымен, 1993 жылы «Бекет ата» атты кітабын Гагарин қаласының баспасынан басып шығарды. Содан соң іле-шала ғалым Қабиболла Сыдиықұлының зерттеу кітабы 1994 жылы «Арыс»

баспасынан жарық көрді. Ислам қажының осы кезге дейін 9 кітабы шықты. Бекет атаның мәңгілік рухы туралы кітаптарын С.Керелбаев, Р.Қосбармақ, Ғ.Әріпов, Ө.Озғанбай, С.Бөлекұлы, Л.Сисекенов, А.Ершуов сияқты авторлар бірінен соң бірі туындатты. Әйтеуір, жиырма бірінші ғасырдың жиырма жыл бойына Бекет ата жайындағы кітаптар мен газет-журналда жарияланған мақалалардың бәрінің басты идеясы – ұлы ғұлама, көріпкел, батыр, қасиетті пірдің алдында бас ию, оны ұлағаттау, үлгі тұту.

«Бекет Ата шежіресі» деген алып кітапты Ислам қажы Мырзабекұлы құрастырды. Басынан аяғына дейін зер салып оқып шыққанымызда, бір ғажайып дүниемен кезіккендей, табиғаттың тылсым сырларын ашқандай боласыз. Бұл кітапты басқа адамдардың қызыға оқуын тілер едіңіз. Кітаптың материалдарын тірнектеп жинау үшін кітап құрастырушы бүкіл ғұмырының қырық жылын арнаған екен. Ал деректерді жинау, баспаға қайта-қайта ұсыну, адамдармен кездесу, Азия елдерінің бірқатарын, республикамыздың талай облысын, орталық қалаларын аралап, керекті адамдармен кездесу үшін жаяу-жалпылап, арбамен, атпен, мәшинемен, пойызбен, самолетпен қанша мың шақырым жолды жүргенін есептесек, жер шарының экваторымен бірнеше дүркін оралып шыққандай болар деп шамалаймыз. Ақылға сайып қарасақ, бұл Ислам қажы тарапынан жасалған үлкен ерлік. Ол Бекет ата аруағының алдында жасалған соншама еңбегін бейнет деп те есептемейтін шығар. Халықтың ұлан-ғайыр шексіз сауабына қалған Азаматты қалай дәріптеуге де тұрарлық еңбек.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасиеті неде: Бекет атаны халық не үшін әулие санаған және ол туралы аңыз-әңгімелер // <https://kaz.nur.kz/kaleidoscope/2031905-qasieti-nede-beket-atany-halyq-ne-usin-aulie-sanagan-zane-ol-turaly-anyz-angimeler/>
2. Әбіш Кекілбайұлы. Ел иесі, жер киесі. // [https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-kekilbaiuly-el-iesi-zer-kiesi\\_15538](https://adebiportal.kz/kz/news/view/abis-kekilbaiuly-el-iesi-zer-kiesi_15538)
3. Әбдірахманов Б. Бекет-атаның сұпылық жолы. Алматы, 2010.
4. Тайжанұлы А. Әлемдік философиялық ой тарихы. Ақтөбе, 2008.
5. Әскербекқызы Ж. Таным Бекет ата туралы аңыздардың мифопоэтикалық субструктурасы. // <https://kazgazeta.kz/news/6059>

## МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНІҢ АҢЫЗДАРЫ ДЕРЕККӨЗ, СЮЖЕТ, ПОЭТИКА

*Шамғалиева А.Н.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг  
университетінің магистранты, Ақтау қаласы,*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қамарова Н.С.*

*Аңдатпа. Аңыздар – ұлттық фольклордың көркемдік ерекшелігі, тағылымы терең салаларының бірі. Аңыздар – сан ғасырлар бойы халықтың өткенін білуге, тануға деген сұранысы мен қызығушылығын өтеп келген бай рухани қазына. Онда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдармен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы тарихында болған оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы хабар-деректер де сақталған. Аңыздарды тұтас фольклорлық жанрлар жүйесінде қарастыру және оның ұлт тарихындағы «ақтаңдақ» тұстарды қалпына келтіруге көмектесетін дерек көзі ретіндегі танымдылығын көрсету – көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын айқындайтын басты сипаттардың бірі деп санаймыз.*

*Кілт сөздер: аңыз-әңгімелер, ұлттық мұра, Маңғыстау аңыздары, мифология, поэтика, миф, Бекет ата, деректер, болжамдар, зерттеулер.*

Қазақ ұлты ауыз әдебиеті мұралары мол әрі ерекше дамыған ұлттардың бірі. Ұлтымыздың ұзақ ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жатқа айтылып, халықтың дана көкірегі арқылы сақталып бүгінге жеткен бұл мұралар күллі адамзат мәдениетінің асыл қазынасы саналады.

Аңыз – қазақ ауыз әдебиетіндегі жүйеден фольклор саласындағы бай жанрлардың бірі. Ол халық арасына кең таралған және барынша түрленіп, вариантталған. «Қазақтың халық аңыздары» ұлтымыздың ерекше бай ауыз әдебиетінің бір тармағы болып, мұның саны да, түрі де біршама мол екендігі анық. Аңыз туралы жүйелі зерттеулер елімізде өткен ғасырдың соңғы ширегінен кейін ғана жарық көре бастады. Бірінші кезекте Шоқан Уәлихановты атау абзал. Ол тарихқа қатысты әңгімелерді «тарихи аңыздар» деп атап тұңғыш рет аңызды тарихи оқиғалар мен адамдар жайында болатынын айтқан [1,25 б.]. Оларды ертегіден де, жырдан да бөліп алған.

Ғалымның ойын ары қарай жалғастырған Н. Потанин болды. Ол да қазақ руларының шығуы жайындағы шежірелер мен тарихта болған қайраткерлер туралы әңгімелерді «аңыздар» деп атап көрсетті [2,33 б.].

Аңыздар – ұлттық фольклордың көркемдік ерекшелігі, тағылымы терең салаларының бірі. Аңыздар – сан ғасырлар бойы халықтың өткенін білуге, тануға деген сұранысы мен қызығушылығын өтеп келген бай рухани қазына. Онда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдармен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы тарихында болған оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы хабар-деректер де сақталған. Аңыздарды тұтас фольклорлық

жанрлар жүйесінде қарастыру және оның ұлт тарихындағы «ақтандақ» тұстарды қалпына келтіруге көмектесетін дерек көзі ретіндегі танымдылығын көрсету – көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын айқындайтын басты сипаттардың бірі деп санаймыз.

Аңыз әңгімелердің тарихи адамның төңірегінде тууының, негізгі себебі сол адамның өз басына істеген, ісіне, белгілі бір тарихи кезеңде атқарған рөліне, әлеуметтік мәні зор еңбегіне байланысты. Ол адам батыр, не ел басшысы, «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен» шешен би немесе әділеттік іздеуші, халық мұңын жырлаушы күрескер болуы мүмкін.

Маңғыстау – аңыз, әңгімелерге толы киелі мекен. Өлке туралы «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт қалды» деген нақыл сөз де кездеседі. Осыдан-ақ аймақтың қасиетті мекен екені анық аңғарылады.

Маңғыстау- киелі түбек, тұнып тұрған тарих. Киелі түбектің киесі неде, алыстан ем іздеп келушілер әулие Бекеті пір тұтады, ол қайдан келген қасиет, төңірегі тола жазу даланың қандай адуынды дастан жырлары бар, құндылығы рухани жаңғыртылып жүрме? Бұл сансыз сауалдардың жауабын жіпке тізгендей жеткізейін мен.

Өлкеміздің ғұлама жазушысы Әбіш Кекілбаев айтқандай, Маңғыстау – ашық аспан астындағы ашық мұражай сандығы. Өйткені, өлкеге табан тіреген әрбір жолаушының жолдасы әуелі Алла кейін, Пір Бекет рухы әулиелер қолдаған қасиетті мекен. Әйтсе де, қадір-қасиетін ешкім дөп басып айта алмайды. Анығы Бекет атаның ислам дінін тарату мақсатында Мекке-Мединеден шығып, Маңғыстау жерінде мәңгілік қалып қойған деген аңыз бар. 360 әулиенің қандай керемет жасағаны жөнінде де нақты дерек жоқ. Әйтеуір, аңызға желі шипасын беріп, қапырық даласы дертіне дауа болған. Сол арқылы кісілер рухани дүниесіне азық алады, құлағының құрышы жыраулар үнімен көмкеріледі. Көзін көргендер кіші жүз руы Адайдың ұраны да Бекет деседі. Адай десе көпшілігі үрке қарайтын халық, әлі күнге дейін, Маңғыстауды қаһарлы мінезімен қабылдайды. Міне, біздегі мінездік қасиет қайсарлығымен мықты. Нәтижесінде, елмен елді татулыққа біріктіріп, экономика бастауы болған Ұлы жібек жолы да осында жатыр. Діни, ғимараттар мен қырдағы Пір Бекет, ойдағы Саназар бастаған 360 әулиенің қасиеті де елге аян. Оларға өзге өңірлерден келіп табынушылар көп. Маңғазды елдің қасиеті де осында. Сонысымен құнды да құтты мекен!

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған» – деген болатын. Сөз түбірі, Маңғыстау өлкесінің ғажайып ғаламатын нақтылап жеткізген. Келбетінің өзі ғарыштан қарағанда жас келіншектің мүсініне ұқсайды екен. Тарихының тамыры Маңғыстау жерінің қарт Каспий талайларды таң қылып келеді. Түртсең тау -тасы сөйлейтін табиғаты және бар. Табиғатты ұйқыдағы аруға теңеген Әбіш Кекілбаев «Сен оны емес, олмені оқып тұрғандай, түптеп келгенде бір кітап дерсің» – деп суреттейді.

Қазақ фольклорының, тұтастай руханиятының ең бай да құнарлы салаларының бірі – әулиелер хақындағы аңыздар шоғыры. Солардың ішінде үш жүз алпыс екі әулиенің мәңгі мекеніне айналған Маңғыстау даласының бір қиырындағы Оғыланды жерінде, өзі тау ішінен қашап салған мешітте дамыл тапқан Пір Бекет туралы аңыздар күллі алашқа кеңінен тараған. «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет» деген қанатты сөз Бекет атаның әулиелік даңқының айғағы. Көрнекті қаламгер Ә.Кекілбайұлы «Дара Парасат, Дара Рух, дара Шарапат, Дара Шапағат иесі» ретінде бағалап, «Оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түсіп көрген жоқ. Өйткені, Ол – тірісінде елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазы. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірәдар» – дейді. Сұпы атаның қаламгер санамалап көрсеткен осы қасиеттері ол туралы айтылатын аңыздардан анық көрінеді. «Біз ұзақ уақыт ауызша ақпарат алысқан халықпыз. Біздің аңыздарымыз қиялдан емес, шындықтан өрбіген. Олар – нақты оқиғаларды нақышты бояумен адам жадында жатталып қалатындай қылып мұқият қашаған халықтық ұлы мұра. Бабадан балаға қалған еншінің ең бір өміршеңі» – дейді Маңғыстау облысының бұрынғы әкімі Қ.Көшербаев. Біз осы өміршең енші туралы сөз қозғасақ дейміз. Аңыздарда, ең әуелі шындық, сол шындыққа негізделген қиял әрекет етеді. Қиялдың өзінің астарында қисынға негізделген астарлы ой, ишаралы мән бар. Осы тұрғыдан келгенде, Бекет ата туралы аңыздарды әдеби таным тұрғысынан бірнеше қабаттардан тұратын мұра ретінде қабылдаймыз. Сол көп қабаттың бірі – мифтік таным. Мифтік таным арқылы санаға сіңісіп, ойлау жүйесімен тұтасқан, содан көркемдік (бәлкім нағыз) шындықпен үйлескен мифопоэтикалық қабаттың біз терендеп бара алмаған сыры көп. Ата туралы айтылған әңгімелердің барлығы дерлік мифопоэтикалық құрылымымен дараланады. Жалпы, аңыз атаулының бір сипаты осы десек, қателеспейміз.

Миф дегеніміз – қалыптасқан түсініктегідей ертегі, қиял жемісі емес, тылсым сырлы, қалың астарлы, кереметке толы біздің түйсігіміз толық танымаған ақиқат. Сол құпиялы ақиқатты тануда түрлі ишара-белгі, қилы бейнелер жүйесі түзілген. Олардың қатарында, зерттеушілік тілмен айтқанда, көркемдік деталь, символ қызметін атқаратын киелілік сипат иеленген аңдар мен құстар қатары да жетерлік. Бекет ата туралы аңыздардағы тұрақты түрде айтылатын аң-құстар қатарында арқар, аққу, сары үйек жыланды атауға болады. Бекет ата және аққу. Ата туралы аңыздардың ішінде ол кісінің небір керемет істерді көрсетуі сол аң-құстармен қатыстырыла айтылады. Солардың бірі – Бекет ата мен түрікпен ғұламасы туралы аңыз. Бұл аңызда Бекет атаның сойылып, қонақасыға берілген арқардың сүйегінен оны қайта тірілтуі және түрікпен ғұламасының аққу болып ұшуы баяндалады. Аққу болып ұшқан түрікпен ғұламасының соңынан Бекет ата да ұшады. Алайда, теңізден қара дүлей дауыл тұрып, қанаты қағуға жарамай қалған ғұламаны Бекет ата «кәпірлерге жол саласың, кері қайт» деп қайтарады. Халықтық ұғымда киелі құс саналатын аққу ата туралы аңыздардың бірнешеуінде оқиғаға араласады.



Бекет ата мен Барақ батыр аңызында жеті аққудың ұшуы бар. Аруақты батырлар мен әулиенің қасиетін алдарынан ұшқан аққумен тұспалдаудың өзіндік мәні бар. Халық ұғымындағы киелі құс – аққуды ата аруағы деп тану, бұл құспен әулиелердің қасиеттерін байланыстыру – қиялдың жемісі ғана емес, тылсым сырлы табиғаттың сырын терең танымаққа талпынған ынтызарлық пен құрметтің көрінісі. Мифология туралы жан-жақты зерттеу жүргізген Серікбол Қондыбай: «Қазақтың тектік танымында аққудың орны айрықша... Мифологияда аққу – үш кеңістікте, яғни, суда, жерде, аспанда қозғала алады, сондықтан да үш кеңістікті жалғастыру қабілетіне ие аққуды мифтік медиаторлар қатарына жатқызады» – деп жазады. Қасиет, кие туралы ұғымдар көбінесе ұлттық мифологиядағы көнеден орныққан бейнелермен көрсетіледі. Солардың бірі – аққу. Түркілік мифологияда бұл құстың қасиеті мен киелілігі жайлы айтылатын әңгімелер көп. Аққу мифі – ұлттық ұғымда ғана емес, әлемдік танымда да кеңінен орын ала отырып, өзінің бойына көпбейнелі мәдени қабаттарды жинақтаған.

Бекет атаның алыс жерге аққу болып ұшып баратыны, жанында жеті балапан жүретіні ел аузына кең тараған. Жеті балапанын ертіп, ұшып бара жатқан аққуды бір тентек атып, бір балапанын жаралайды. Нәтижесінде мылтық қақ айрылып, әлгі тентектің бетін от шарпып, екі көзі бірдей соқыр болып қалады. Аққудың Бекет ата аруағы екенін білген жігіт кешірім өтініп, тәубасына келеді. Бекет атаның ұлысқа ұран болуы да аққу оқиғасымен байланысты айтылады. Жаудың бес жүз сарбазына елу кісімен қарсы тұрсақ болар деген ата сөзіне ел ақсақалдары сенер-сенбесін білмейді. Ақыры бес жүз сарбазға қарсы елу адам тұрады. Сонда, Бекет атаның алдын-ала айтуы бойынша, жауға қарай бір аққу қаңқылдап ұшады. Сол сәтте күшті жел соғып, шаң көтеріледі. Жау әскері үрейленіп, кері қашады. Осыдан бастап Бекет ата есімі ұранға айналған екен деседі.

Ата есіміне қатысты айтылатын әулие, пір, рух туралы ұғымдардың мифтік таныммен сабақтастығы бар екені белгілі. Қасиетті рухтың нышандары түріндегі аққу, сары үйек жылан, арқар секілді тіршілік иелері тылсым сырлы табиғаттың бір бөлшегі. «Аңыз дегеніміз шындық, нақтылап айтсақ, рух шындығы, идея шындығы» дей отырып, философ ғалым Алтай Тайжанұлы аталған ұғымдардың құпиялы да киелі сырларына қалыптасқан ұғымдарға сүйене отырып талдау жасайды: «Аруақ – киелі деп танылған рух, әулие – наным-сенім бойынша, адамдардың тағдырына ықпал жасай алатын қасиетті адамдар, пір – әулие атанып, ерекше ғұмыр кешкен адам». Көзі тірісінде айрықша қасиетке ие болып, құрметке бөленген, пір атанған Бекет атаға қатысты әңгімелердің мифопоэтикалық пішінмен өрнектелуі заңды құбылыс. Миф – қасиетті, киелі әңгімелер, рух ғажаптығын паш ететін таным-түсінік. Былайша айтқанда, ақиқатты танытудың ерекше бір тәсілі. Ол таным-түсінік бейнелеулермен үйлесіп, өз алдына бір жүйе түзеді. Әулие адамдардың ғұмыры туралы айтылатын әңгімелердің мифопоэтикалық пішінде жүйеленуінің негізі осыған саяды.

Қорытындылай келе, Маңғыстау даласындағы аңыздар – ұрпақтар сабақтастығының баяны, өшпейтін рухтың кепілі, көшпенділер өркениетіне тән тарихнама әдісі. Далалық ауызша тарихнама туралы зерделі зерттеулер қалдырған этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің салааралық зерттеулеріне тарихшылардың осы тұста жіті назар аударғаны жөн болар еді. Аңыздар тарихтың жаңғырығы ретінде сақталуға тиіс, себебі ол – көркем тарих, елдің көңілінде жатталып, көкейіне қонған тарих. Сондықтан да аңыздардың шындыққа қарағанда ғұмыры ұзақ. Жалқы жол тарихи мәлімет сақталмаған дәуірлерден бізге телегей-теңіз аңыздар жетті. Сол аңыздардың түбі ақиқат екенін кейін жат жұрттарда сақталған талай тарихи деректер дәлелдеді. «Жазылмаған тарихыңның жолдарын Ауызекі аңызыңнан іздедім» деп кешегі Мұқағали ақын бекер жырлаған жоқ. Қорыта айтқанда, тарихи-этнографиялық, филологиялық мәліметтерге өте бай, азаматтық тарих пен рухани тарих ажырағысыз бірлікте егіз өріліп, қатар көрініс тапқан рухани шежірелер қазақ тарихы мен мәдениеттануындағы лайықты орнын алуға тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда, 1927.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1958.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы.-Алматы: Ғылым, 1984.-272 б.
4. Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994.
5. Парсыша-ханзуша сөздік. – Алматы: Зерде, 2003. – 448 б.
6. Лафарг П. Литературно-критические статьи. – Москва, 1936.
7. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
8. Әуезов М. Соболев Л. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры. – М.Әуезов. Уақыт және әдебиет деген кітапта. А., 1962, 54-б.
9. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.
10. Әбсадықов Алмасбек Ахметұлы. XV-XVIII ғасырлардағы тарихи аңыздар: мотив пен сюжеттер типологиясы, тұтастану мәселелері. АДД. – Алматы, 2008.
11. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1972 (хрестоматия).

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

*Комекова Жанар Акмырзақызы*

*«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК*

*Аңдатпа.* Мақалада Туган тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге, тәуелсіз еліміздегі білім мен ұлттық тәрбиенің – ұлт болашағына өзіндік әсері туралы ұлтын сүйетін, қорғайтын болашақ ұрпақтың санасына ықпал ететін ұлтжандылық жайында жазылған. Ұлттық білім мен ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына қалыптастыру. Ұлттық мүдденің көркеюіне үлес қосатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Жалпы тәрбиедегі негізгі мақсаты болып елдік сананы қалыптастыру мен ұлттық патриотизмді насихаттау. Ұрпақ тәрбиесі қазіргі күні ерекше үлкен мәселе мәніне ие, ол зор биік пен отансүйгіштіктен басталады. Білім мен тәрбие көзі бұл – еліміздегі ұлттың келешегі, ендеше халқымыздың санасы, дәстүрі мен болашағы өз қолымызда. Халық педагогикасы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің өзегі, алтын діңгегі, халықтың ең берекелі, ең парасатты тәжірибесі. Ол ғасырлар бойы жинақталған сан алуан іс-тәжірибелер мен ой-пікірлер негізінде қалыптасты.

Жас ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Болашақта қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Тәуелсіз ел тірегі – білімді жастар десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселесі-білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі-білім, ғылым, тәрбие екендігі мәлім. Еліміздің болашағы білімді, дарынды, ұлтжанды ұрпақ десек, дарындылық пен білімділікті ұйқастырып, білікті білім мен саналы азаматты қалыптастыратын негізгі бағыт дұрыс тәрбие беруден басталады. Білімді де, саналы, елжанды ұрпақтың мемлекетімізді әлемдік деңгейде танытатын дара тұлғалар болатыны сөзсіз.

XX ғасыр басындағы алаш зиялыларының еңбегінің ең маңызды жағы да осында деп білеміз. Қазақ тілді ғалымдар ана тілінің мәнін арттыру үшін, лексикалық құрамын «жат» сөздерден қорғау үшін, грамматикалық құрылымын жүйелеу үшін, тарихи ескерткіштерді зерделеп, тілдің даму басын көрсету үшін еңбек сіңірді. Тіл саясатындағы қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтарға қарамастан қазақ ғалымдары ана тілінің дыбыстық жүйесін, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысын жан-жақты зерттеді. Тілдің әр салалары бойынша жазылған қазақ ғалымдарының еңбектері түркітануда да басты ғылыми-теориялық тұғыр болды. Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық деңгейінің биіктігі бүгінгі таңда тек қазақ тіл білімінің

ғана дамуын емес, жалпы түркологиялық зерттеудің де сипатын анықтайды деуге негіз бар.

Ең алдымен, тіл білімі – теориялық пән. Оның методологиясы мен әдіс-тәсілдері дұрыс әрі нақты, жүйелі орнықпаса, талдау принциптері дамытылмаса, ондағы термин жүйесі мен олардың мағыналық құрылымы айқындалып, грамматикалық тұлғалардың мағыналық ерекшелігі нақтыланбаса, сөйлеудегі жұмсау үрдісінде де кемшілік кетері анық. Қазақ халқының тіл білімінің негізін зерттеген А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы еңбектерінен басталады.

Тіл – адамның жан дүниесі, рухы дегенге илансақ, қазақ жаны мен рухы осы қазақ тілінде жатқаны өзінен-өзі түсінікті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріледі. Ана сүтімен бойға енген қасиет туған тілдің құдіретімен дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас туған тілінді білуден басталады. Ана тілі – халқымыздың рухани байлығы, баға жетпес асыл мұрасы.

XX ғасырда дамыған құрылымдық тіл білімінің артықшылығы мен кемшілігін айқындау – ғылымның бүгінгі мен болашағын саралау үшін қажеттілік туғызады. Табаны мен іргетасын А. Байтұрсынұлы қалаған қазақ тіл білімінің теориялық тұғырын жүйелеу, қайта бүтіндеп, шегендеп, ұлттық тілдің теориялық қағидасын толықтыра түсу керектігі анық. Қазақ тілін халық жанының, рухының бейнесіндей көріп, оның терең тылсымына бойлай отырып, көне бастауларын, тарихи даму жолын анықтауға өмірін арнаған қазақ ғалымдары бұл. Қазақ тіл білімінің кешегі корифей ғалымдарының қаламынан шыққан зерделі зерттеулердің негізгі ғылыми бағыты – құрылымдық бағыт екенінде дау болмаса керек. Бұл ғалымдардың ғылыми таңдауынан бұрын, уақыт таңдауы, таңдатуы десек орынды болмақ. Ресей империясы кеңістігіндегі өзге де елдерде дамыған тіл білімі сияқты, қазақ тіл білімі де негізінен, орыс тіл білімінің үлгісімен дамып, құрылымдық бағытта ғылыми зерттеулер жазып, дамытқаны, ғылыми білімнің деңгейінің өлшемі де жақын болғаны анық. Құрылымдық грамматика негізінде қыруар жұмыс жазылды, талданды, бағаланды. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президент! Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [2]. Жалпы, қазақ халқының ұлттық тәрбиесі-әлемде теңдесі жоқ ерекше тәрбие. «Ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге, дәстүрімізге деген сүйіспеншілік құрмет бар.

Тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып дамуы – маңызды ғылыми идеялар мен бағыттардың дамуының нәтижесі арқылы көрініс табады. Жалпы тіл білімінде тіл білімі тарихы жеке ғылым саласы ретінде танылады да, оның теориялық қағидалары орныққан. Ахмет Байтұрсынұлының мектеп туралы, оқу-білім туралы ойлары 1914 жылғы «Қазақ» газетінің № 62 санында

жарияланған «Мектеп керектері» атты мақаласында баяндалған. Онда ең әуелі мектеп ісіне керекті нәрсе ретінде білімді, педагогика мен әдістемеден хабары бар мұғалім деген қорытынды жасайды. «Мектептің жаны – мұғалім» – дейді ғалым. Мұғалім қандай болса, оның мектебі де сондай деген тұжырым айтады. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы, әрі жұрттың бәрі бірдей сыйлайтын сыйлы болуы қажет деген ой айтады. Шынында да, егер ұсынған оқулық сынға ұшырап, қатесі көпе-көрнеу байқалып тұрса, онымен оқу да, оқыту да ауыр екені өзінен-өзі түсінікті. Ғалымның ең қажет нәрсе ретінде тағы да айрықша бағалайтыны – бағдарлама. Оқыту ісі көңілдегідей болып шығуы үшін, оның үлгісі, мерзімді өлшемі болуы қажеттігін дәл тауып, тап басып айтады. Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек еткен. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайды. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымның да алғашқы бастаушысы бола алады. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары осының айғағы болса керек.

Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі оңай үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліппидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани білу керектігіне назар аударады. «Әріптерді тани білуді» мақсат ету – таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі оның мағынасы. А.Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген. Дыбысты меңгертіп, оның әріптік таңбасын таңбалайды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді мақсат етіп ұстаған ғалым «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында бала оқыту жүйесін құрудың алғашқы бастамаларын көрсетеді. Әліппеден өзге кітаптардың әлі шыға қоймағанына қынжылыс білдірген автор «...әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десеңіз, болыстық та, билік те халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі. ...Жаңалыққа жастар мойынын бұрыпқайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» – деп жазады. Бұлай сөйлеудің ар жағында үлкен мән бар. Орыс үкіметі жүргізіп отырған оқыту саясаттың ар жағындағы орыстандыру жайы жатқанын терең сезінген ғалым, қазақ балаларын, жастарын қазақша оқытудың жайын осылайша тұспалдап жеткізіп отыр. Сондықтан да қазақ баласының бір парасы орысша оқып жүргенін айта отырып, «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет» екенін анық айтады. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік бағытта жазылған «Тіл жұмсар» атты еңбегінің мәні зор. Тіл – құралдың жеке бөлшектерін түсіндіру жолын белгілеп берген

бұл еңбектің қазақ тілінің әдістемесі пәнінде алатын ролі мен маңызы ерекше болмақ.

«Тіл жұмсар» – қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» (1992, 336).

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің болуы – түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу», – деп ой түйіндеген әдіскер-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының жазғандарынан алар тағылым-үлгі мол. Қай кездегі мұғалім не оқытушы болса да, оқыту әдісін көп білуі шарт.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ол – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, қолданыс аясы кең тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының – ана тілі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Оның қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заты тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбатымыз. «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген еді біртуар ақын М.Жұмабаев. Қынжылтатыны, қазір туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндер көп. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде кейбір адамның қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемейі – қазақ тіліне зиян шектіруде. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік» деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағына көмегін аямауы тиіс.

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам болмайсың. Тіл тағдыры – елдің тағдыры. Әр адам ана тілін біліп, оны құрметтеуге міндетті.

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

*Есбосынова Жансая Батырханқызы,*

*«Ж. Қалдығараев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы)*

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – тіліміз бен ата дәстүріміз. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Біздің Отанымыз-байтақ та, сәулетті егеменді ел. Елімізде қаншама ұлт өкілдері тұрады. Әр ұлт өкілдерінің өз ана тілі бар. Тіл-халықтың басты қасиетті байлығы.

Мемлекеттік тіл ел тұтастығының да ең басты кепілі. Ол еліміздің халқын біріктіретін, ортақ іске жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал.

Тіл – сарқылмас қазына. Ұлт көшбасшысы айтқандай, әр азамат өзінің ұлттық тілін, ұлттық құндылықтарын білуі тиіс. Жалпы қазақ халқы өзінің шешендігімен және даналығымен ерекшеленеді. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Тілдің иесі – кешегі қазақ, бүгінгі қазақ және болашақтағы қазақ. Тілдің ғұмыры уақыт тәрізді мәңгілік. Тіл – халықтың мәңгілік халық болып қалуының айғағы. Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі.

«Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

«Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі» дейді, Ж. Аймауытов. Иә, бүгінгі таңда күн тәртібінен түспейтін мәселе – тіліміздің бүгінгі мен ертеңі. Тіліміз ұлттық болмысымыз бен руханиятымыздың, тәуелсіздігіміздің басты тірегі. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді. Әрі ол – ата-баба алдындағы ұлы парызымыз, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатып, оның қолданылу аясын кеңейтуге, дамытуға ат салысу, сонымен қатар білім ордаларынан бастау алуы тиіс. Білімнен тағылым алып, болашағын болжап, келешегіне бағыт белгілейді. Білім алдымен тіл арқылы

игеріледі. Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар.

Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт. Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тама-тама тамшыдан дария болар дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын. Елбасымыз айтқандай «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқысы болған – оның ғажайып тілі». Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуды көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған – оның ғажайып тілі екенін ұмытпайық.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық. Қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биігіне көтерген жөн. Бұл міндет – сіз бен біздің перзенттік парызымыз. Себебі, қазақ тілі – ата-бабамыздың келер ұрпаққа аманаттаған асылы, болашаққа апаратын ең құнды жәдігеріміз.



## I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҒАР» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

*Жумаханова А.,*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты*

*Ғылыми жетекшісі: Абишева Ш.С.*

*Аңдатпа.* Мақалада кеңістік пен уақыт категорияларына деген әртүрлі философиялық көзқарастарға талдау жасалынды. Тарихи роман негізінен ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрылатындықтан мұндағы кеңістік, уақыт байланысының өзіндік ерекшелігі айтылады. Нақтылық, дәйектілік, автордың көркемдік уақыт пен шынайы уақыт арасын жақындатуы, динамикалы және қозғалыстан тыс оқиғалардың ара жігінің саралануы, өткен мен қазіргінің қарым-қатынасының орнығуы мақалада орын алған.

*Кілт сөздер:* кеңістік, уақыт, мекеншақ, тарихи роман.

Көркем кеңістік пен уақыт – бұл көркем туындыдағы әрекеттің ретті қозғалысы, тәртібі десек, әлемдік әдебиеттану ғылымында көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт мәселелері Д.С. Лихачев, М.М. Бахтин, Л.С. Выготский, В.Е. Хализев, Ю.В. Борев, Э.Ф. Володин, П.А. Флоренский, Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, Г.Н. Слепухов, Н.Г. Измайлов, Н.Л. Лейдерман, О.А. Светлакова, В.В. Савельева, т.б. ғалымдардың осы бағыттағы теориялық еңбектері айтылды.

Көркем уақыт пен кеңістік – бұл екі негізгі категория әдеби шығармаларда тұрақты орын алатын философиялық ұғымдар. Қаламгердің басты назарда ұстайтыны әрекет болса, сол әрекет белгілі бір уақытта нақты ортада жүзеге асырылады. Сондай-ақ кеңістік пен уақыт қоғамдағы адам болмысының атрибуттық сипаты десек, көркем шығармада кез келген тартысты әрекеттер, ситуациялар өз шешімін белгілі бір кеңістікте табуды қажет етеді.

Әдебиеттану ғылымы үшін Д.С. Лихачевтың «Ежелгі орыс әдебиетінің поэтикасы» еңбегінің маңызы зор (1967). Оның «Көркем уақыт поэтикасы», «Көркем кеңістік поэтикасы» атты тарауларында көркемдік әлемнің кеңістіктік және уақыттық құрылымы кеңінен талданады.

Бірсыпыра ғалымдар көркем туындыда баяндалатын уақыт категориясына айрықша мән берсе, кейбір зерттеушілер заман талабын, кезең көрінісін, кейіпкер табиғатын таныту мен автордың ұстанымын анықтауда кеңістік категориясының маңызына ерекше көңіл бөлді.

Кеңестік және шетелдік ғылымдағы уақыт пен кеңістік проблемасына арналған көптеген зерттеулердің ішінде белгілі ғалым М.М. Бахтиннің «Романдағы уақыт пен хронотоп формалары» [1] атты зерттеу еңбегінің

маңызы зор болды. Теоретик ғалым бұл еңбегінде В.И. Вернадский мен А.А. Ухтумскийдің пікір-пайымдарын алға тарта отырып, уақыт және кеңістік категорияларын біртұтас күйде қарастыру қажет екендігін баса айтты. Олар кеңістік пен уақытты көркем шығарма құрылымының ажырамас екі конструктивті принципі болып табылатындығын дәлелді мысалдармен тұжырымдап, оны хронотоп деп атауды ұсынады. Міне, хронотоп ұғымын әдебиеттану ғылымына енгізген ғалым М.М. Бахтин болды.

Хронотоп (көне грек тілінде «уақыт пен орын, яғни жер» деген мағынаны береді) – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақты бір бітімінің табиғи бірлікте көрініс табуы, олардың қатынастарының маңызды байланысы. М.М. Бахтин хронотоптың келесі қызметтерін атап өтеді: 1) елеулі жанрлық маңызы бар; 2) сюжет құрушы маңызы бар; 3) бейнелеу мағынасы бар; 4) әдебиеттегі кейіпкер бейнесін анықтайды.

М.М. Бахтин ашқан хронотоп теориясына тереңдеген сайын әлемнің көркемдік картинасы оның уақыт пен кеңістік характеристикасымен тығыз байланыста екендігіне көз жеткізуге болады. Ғалым «... хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақты бір бітімінің табиғи бірлікте көрініс табуы. Шығармада уақыт сығымдалады, қоюланады, сөйтіп көркемдігімен көзге түседі. Ал кеңістік болса, автордың ұстанымына сәйкес бір жерге шоғырланады, өткен тарихтың, сюжеттік, уақыттық қозғалысына бағындырылады. Уақыт белгілері кеңістікте ашылса, кеңістік уақытпен өлшеніп, уақыт арқылы ұғынылады» [2, 235 б.].

Табиғатта мезгіл мен мекен заңдылығына бағынбайтын еш нәрсе болмайды.

М.М. Бахтин ұсынған теорияға сүйенсек, хронотоп, біріншіден, кеңістік пен уақыттың ажырамас бірлігі – нақты өмірді бейнелейтін және әдебиет игерген мәселені айғақтаушы. Екіншіден, нақты шығармалардағы көркемдік әдіс ретінде тарихи шарттылық аясындағы кеңістік пен уақыт мәселесі тұрғысынан алынады. Көркемдік уақыт – бұл көркем шығармадағы іс-әрекеттің реттілігі болса, кеңістік – бұл кейіпкер өмір сүретін орта.

Әдеби шығармадағы кеңістіктің негізгі белгілері:

1. Кейіпкердің кеңістікке тікелей сенсорлық сенімділігі, материалдық тығыздығы;
2. Кеңістікті оқырманның ассоциативті (жарыспалы) түрде қабылдауы.

Әдеби шығармадағы уақыттың негізгі белгілері:

1. Мерзім нақтылығы, уақыттың реттілігі, тізбегі;
2. жазушы мен кейіпкердің уақыт шеңберіне бағынуы;
3. қозғалыс үстіндегі идеялар (өсу динамикасы, шегініс жасау)
4. өткеннің, бүгіннің және болашақтың арақатынасы.

Көркем шығармадағы кезең, мезгіл, мекен категориялары турасында ұлттық әдебиеттану ғылымында М. Әуезов, З. Қабдолов, З. Ахметов, Р. Нұрғали, Ш. Елеукенов, С. Қирабаев, С. Қасқабасов, Н. Джуанышбеков, А. Жақсылықов, Ж. Дәдебаев, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева, Т. Есембеков т.б. сынды

ғалымдардың еңбектерінде сөз болса, көркем уақыт пен кеңістік, олардың шығармадағы атқаратын қызметі Б. Майтанов, А. Темірболат еңбектерінде кеңінен қарастырылады. Осы салада Қ. Хамзинаның, О. Көзбековтің қорғаған кандидаттық диссертациялары да бар.

М. Бахтин ұсынған «хронотоп» терминін ұлттық әдебиеттану ғылымында Б. Майтанов «мекеншақ» ұғымымен береді. [3, 3 б.]. Ғалымның пайымына сүйенсек, хронотоп «мекеншақ» ұғымы әлемнің философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуірдің әдеби үдерісіндегі терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. Болмыстағы құбылыстарды айтпағанда, көркем шығармадағы кейіпкердің іс-әрекеті, ортасымен қарым-қатынасы, айтар ойы, атқарған қызметі, мінез құлық ерекшеліктерінің көрінер тұстары, өмір сүру жолдары, тіптен автордың айтақ ойы, шығарманың негізгі мақсаты, жазушының ұстанымы, заман көрінісі, кезең талабы – барлығын біз осы өлшемдер арқылы ғана бағамдай аламыз дегенді алға тартады.

Қазақ әдебиеттануында уақыт пен кеңістік, яғни хронотоп (мекеншақ) мәселесін ғылыми негізде бірегей зерделеген ғалым – А. Темірболат [4]. Ол «Хронотоп в казахской прозе» (2002) атты зерттеу еңбегінде қазақ әдебиетіндегі мекеншақ мәселелерін көптеген жазушылар шығармашылығы мысалында талдап, дәйекті тұжырымдар жасайды.

Қазақ әдебиеттану саласына зер сала қарайтын болсақ, онда дәстүрге айналған тақырыптың ең маңыздысы – халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаны баян етіп, елі үшін ерлік көрсеткен батырлардың тұлғасын дәріптеу, яғни қаһармандықты жырлау болғандығын аңғарамыз. Сонау бағзы заманда ежелгі дәуір әдебиеті мен батырлық жырлардан бастау алып, жыраулық поэзияда орнығып, бертін келе бүгінгі заман туындысында мазмұн мен түр жағынан жаңғырып отырған бұл тақырып қай кезең әдебиеті үшін де маңызды болғаны баршамызға аян. Әрідегі түркі халқына ортақ «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырларына тереңге бармай-ақ, ел қорғау, жауды ойсырата жеңу оқиғаларын, магиялық күшке ие батырлықты әсірелей суреттейтін қаһармандық эпостарды сөз етпегеннің өзінде, қалмақтармен толассыз шайқасқан қазақ хандығы заманындағы эпикалық дәстүр әр кезең поэзиясында қайта түлеп, жаңғырып, соны сипат алып отырды. Міне, осының нәтижесінде ұлт әдебиетінде жаңа эпикалық туындылар, тарихи тақырыптағы шығармалар өмірге келді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында тарихи романдар, олардың қазақ тарихындағы маңызы, кейіпкерлер табиғаты т.б. Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, Р. Бердібай, Б. Шалабаев, В. Лизунова, Т. Нұртазин, Ә. Нарымбетов, М. Базарбаев, А. Нұрқатов, Н. Ғабдуллин, Е. Ысмайылов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, З. Кедрин, Р. Нұрғали, Ш. Елеукенов, М. Атымұлов, З. Серікқалиұлы, Т. Сыдықов, Қ. Ергөбек, З. Бисенғали, Б. Әбдіғазизұлы, Б. Майтанов, Ж. Дәдебаев, Қ. Алпысбаев, т.б. ғалымдар еңбектерінде әр қырынан қарастырылады. Сонымен қатар көрнекті қаламгер Ілияс Есенберлиннің шығармашылық шеберханасы, тарихи романдарының көркемдік мәні, ондағы образдар жүйесі жайын қарастырған З. Қабдолов, С.

Қирабаев, Т. Кәкішев, Р. Нұрғали, М. Атымұмов, З. Серікқалиұлы, Т. Сыдықов, Қ. Ергөбек, Б.Майтанов, орыс сыншылары Г.Ломидзе, В.Оскоцкий т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері де құнды.

Қарымды қаламгер І.Есенберлиннің ұлт тарихындағы сан қилы оқиғаларға арналған «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогиясында ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ халқының өмірі тарихи нақтылықпен және реализм әдісі тұрғысынан үлкен суреткерлік шеберлікпен баяндалады.

Белгілі ғалым Р.Бердібай ««Қаһар» романы – әдебиет тарихында елеулі құбылыс болды. Ел тағдырын шыншылдықпен бейнелеген халықтық шығарма еді» [5], деп баға берген «Қаһар» романы – «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы болғанымен, циклдің ішінде алғашқы болып жазылған туынды. Өнердің басқа түріне қарағанда көркем шығарма кеңістік пен уақытты еркін пайдалана алады. Уақыт пен кеңістік категорияларының көркем туындыға қатысты мәселелерін І.Есенберлиннің тарихи тақырыпты арқау еткен «Қаһар» романы бойынша қарастырмақпыз.

«Қаһар» – көптеген тарихи құжаттар, деректік фактілердің негізінде жазылған роман. Мұнда жазушы 1836-1847 жылдар арасында қазақ даласында болған тарихи жағдайларды баяндауды мақсат еткен. Жазушы романды: «Ай сәулесі жүдеп, қырқа үсті ақ шолаң тарта, құлан иектеніп атып келе жатқан таңмен бірге шашақты сасыр, түйе жапырағы аралас, ат құлағы көрінбейтін көк шалғынды ылдидан қалың көш көрінеді, көштің беті оңтүстік. Көш басында тең үстіне қызыл ала масаты кілем жабылған сары нар жетектеген солғын реңді кәрі шал. Астында тобылғы күрең ат, үстінде қоңыр түйе жүн шекпен, басында төрт салалы пұшпақ бөрік. Кейбір қомды түйелерде ағараңдаған әйел кимешектері көрінеді, екі аяқты шиқылдақ арбаларда кемпір-шал, бала-шаға» [6, 77-б.], – деп, шығарманы үдере көшіп келе жатқан көш суретінен бастауы да тегін емес. Мұнда жазушы ат үстіндегі кәрі шалды оқырманна таныстыру үшін көш көрінісін деталь ретінде алып отыр. Есенберлиннің жазушылық шеберлігі сондай, бір ғана көш суретін айта отырып, белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтіп жатқан оқиғаны, мәселен, адам мен айнала табиғаттың барлық әсем келбетімен бір орталыққа тоғыстырады. Жазушы енді бірде: «Таң әлетінен жау қуғандай, ширақ қимыл, жөңкіген жұрт бір жаманатты аңғартқандай» деуі, келесі оқиғалардың кіріспесі ретінде алынады. Көш бойына тағы да көркем уақыт өткен шақтағы оқиғаларды сюжеттік уақытпен баяндап отырады.

Үдере көшкен ел сәл дамылдап алады да қайта түрегеледі. Келесі оқиғаларды жазушы Ожар мен Сейтеннің диалогтері арқылы, оқиғаның қай уақытта болып жатқандығынан хабардар етеді:

«– Ата-мекен, Көкшетауын тастап Қасым төре неге Қоқан хандығына қарай көшті? – деді ол сөзін алыстан қозғап. – Қазақта мақал бар емес пе: бөтен елде ұлтан болғанша өз еліңде сұлтан бол деген...

– Қасым төре қай жерде жүрсе де сұлтан, – деді Сейтен жақтырмағандай алая бір қарап. – Бүлік басы бұзықта дегендей, пәле ақ патшаның жылқы жылғы ұстабынан басталған жоқ па...

– Иә?

Ұстап деген атының өзі жаман еді...» [6, 99-б.]. Жазушының айтып отырған жылқы жылғы ұстабы Ресей патшасының Сібір қазақтарын басқару жөніндегі 1822 жылғы ережесі еді.

«Мұндай жағдайда бар қазақтың басын кім қосады? Кім тұлғасы болады?! Сондықтан да көп жұрт Ақтабан шұбырындыдан соң қазақты ел етіп қайта көтерген Абылайханның ұрпақтарына көздерін тігуде еді. Қалмақтардың бетін қайырған соң, ұзақ жылдар бойы, Орта жүздің шын мәнісіндегі әміршісі болып келген Абылайды Үш жүздің бас көтерер адамдары 1770 жылы ақ кигізге көтеріп хан сайлады. Бірақ Екінші Екатерина патша өзінің 1778 жылы 24 майда берген Указында оны тек Орта жүздің ғана ханы етіп бекітті. Неге Абылайдың өтінішін қабылдамағаны жайында осы Указы Орынбор губернаторына жолданған сол жылғы жиырма бірінші сентябрьдегі сенат коллегиясының хатында көрсетілген» [6, 101-б.]. Осы баяндаулардағы сюжеттік уақыт фабулалық уақытпен бірлікте көрініп, шығарманың шырайын келтіре түседі. Фабулалық уақыттың тағы бір ерекшелігі – суреттеліп отырған оқиға уақытының нақты көрсетілуі, көркем уақыттың тарихта болған оқиғамен тығыз байланысты екендігін тағы да дәлелдей түсті.

*Қаламгердің кең тынысты прозалық туындыларындағы кезең талаптары мен қоғамның көкейтесті мәселелері түрлі жағдаяттарда бейнеленіп, көркемдік шешімін табуымен қатар, суреткерлік палитрада уақыт бедері мен кеңістіктің сан түрлі ракустары айқын танылады. I.Есенберлин замана тудырған оқиғаларды тарихи деректерге сүйене отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, олардың өсу, даму динамикасын кеңістік ортада саналы тұрғыда басынан кешіруіне бағдар ұстайды: «Абылайхан өлгеннен кейін 1782 жылы хандыққа оның үлкен баласы Уәли бекітілді. Ол бірден Россия патшасының отаршылық саясатына мойын сұнды. Ал Абылайдың өзге ұрпақтары, әсіресе қалмақ әйелінен туған баласы Қасым төре бұған көнбеген-ді» [6, 111-б.]. Көркем уақыт пен кеңістік кейіпкерлер арасындағы атмосфераны құруға, көңіл-күйді жеткізуге және шығарманың сюжетін дамытуға көмектеседі. Жазушы мәтін түзу барысында оқиға желісіне белгілі бір көркем уақытты және сол оқиғаның өту кезеңін өзі таңдайды.*

Кеңістік пен уақыттан бөлек тіршілік әсте болмайды. Адам мен жалпы тіршілік иелері белгілі бір кеңістікте реалды-тарихи уақыт шеңберінде күн кешеді. Олардың барлық іс-әрекеті осындай орта мен мерзімдік аралықта жүзеге асып отырады. Демек, әдеби туындыларда бейнеленетін уақыт пен кеңістік мәселелерін зерделеу көркем туындының мазмұндық-тақырыптық, идеялық-көркем қырларын, авторлық ұстаныммен қатар кейіпкер табиғатын тануға кеңінен мүмкіндік береді.

Жазушының ел басынан өткен тарихи кезеңді баяндайтын «Көшпенділер» трилогиясындағы қай туындысын алсақ та, негізінен өмірде болған ақиқат деректерге, құжаттық, дәйекті материалдарға құрылғандықтан

мұндағы кеңістік пен уақыт байланысы шынайы тығыз бірлікте алынған. Оқиғаны тарихи хронологиялық ретпен көлбеу кеңістікте өрбітеді. Географиялық кеңістігі де өте айқын. Нақтылық, дәйектілік, автордың көркемдік уақыт пен шынайы уақыт арасын жақындатуы, динамикалы және қозғалыстан тыс оқиғалардың ара жігінің саралауы шебер жинақтаған. Мекеншақтың күрделі байланысы мейлінше реалды. Жүргізілген әдеби талдаулар негізінде қаламгер шығармалырында көркем уақыттың бейнелері: өмірбаяндық, тарихи, күнтізбелік, тәуліктік түрлері түгелге дерлік қамтылған.

Қорыта келгенде, шығармадағы уақыт пен кеңістік өлшемі І.Есенберлиннің «Қаһар» романында кезең шындығын, заман көрінісін, кейіпкерлер табиғатын шебер беруде, авторлық ұстанымды танытуда, жазушының суреткерлік мақсатына сай өзінің көркемдік қуатымен, өзіндік мәнерімен ерекшеленеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе // Вопросы литературы и эстетики. М., 1975.

2. Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – Москва: Художественная литература, 1975. – 504 с.

3. Майтанов Б. Көркемдік нәрі: Әдеби сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1983. -184 б.

4. Темірболат А. Проблемы хронотопа в современной прозе. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 199 б.

5. Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 302 б.

6. Есенберлин І. Қаһар. – Алматы. «Жазушы», 1969. – 352 б.

## **ӘОЖ 81-33**

### **ЭПОНИМДЕРДІҢ ТЕРМИНДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

*Ангарова А.О.,*

*Ш. Есенов атындағы КТИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: Кошимова Б.А.*

Эпонимдер – жеке тұлғалардың есімдерімен байланысты, белгілі бір заттың немесе құбылыстың атауы ретінде қолданылатын лексикалық бірліктер. Олар ғылым мен техника, мәдениет пен өнер салаларында кеңінен кездеседі. Эпонимдер терминология жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады, себебі олар әртүрлі ғылыми ұғымдардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, эпонимдердің танымдық қызметі адамзаттың түсінік әлемін кеңейту мен тілдің дамуында ерекше рөл атқарады.

Эпонимдер ғылыми тілде ұғымды айқындаудың маңызды құралы болып табылады. Олар жаңа терминдер мен ғылыми атаулардың пайда болуына негіз болады. Мысалы, «Джип» (Jeep) сөзі әскери көліктің атауына айналып, бүкіл әлемде автокөлік түрін сипаттайтын жалпы атауға айналды. Бұл үрдіс эпонимдердің терминологиялық жүйеде қолданылуын көрсетеді. Мұндай құбылыс көбінесе белгілі бір ғылыми жетістіктермен немесе жаңалықтармен байланысты тұлғалардың есімімен байланысты болады. Сонымен қатар, эпонимдер жаңа тұжырымдамалар мен құбылыстарды нақты бір адамның атынан белгілеу арқылы ұғымдарды сипаттауда тиімділігін арттырады.

Зерттеу барысында эпонимдер негізінде құрылған терминдердің пайда болу динамикасы мен олардың ғылыми салалардағы қолдану аясын талдау жүргізілді. Эпонимдер терминдер ретінде ғылыми және техникалық лексиканың бөлігіне айналуы барысында екі негізгі жолмен пайда болатыны анықталды:

- **Адам есімімен байланысты терминдер:** Бұл жағдайда белгілі бір тұлғаның аты жаңа ғылыми ұғымды немесе құбылысты сипаттау үшін қолданылады. Мысалы, «Галилей» (*Galileo*) термині астрономиядағы негізгі ұғымдардың біріне айналды, өйткені Галилео Галилей ғаламды зерттеу әдістерін өзгерткен ғалым болды. Осылайша, эпоним термин ретінде бір ғылыми жаңалықтың авторын немесе сол жаңалыққа негіз болған оқиғаны танымал етеді.
- **Атақ пен данққа негізделген терминдер:** Бұл түрде эпонимдер белгілі бір адамға немесе тұлғаға деген құрметтен туындайды. Мысалы, «Фрейдизм» термині Зигмунд Фрейдтің психоанализ теориясына қатысты қалыптасқан атау болып табылады. Бұл термин психологиядағы негізгі ұғымдардың бірі ретінде қалыптасып, оның теориясы мен тәсілдерін сипаттайды.

Зерттеу барысында, эпонимдердің терминдік қызметі ең алдымен ұғымды нақтылау және белгілеу мақсатында қолданылатындығы анықталды. Олар ғылым мен техникадағы түрлі жаңалықтарды сипаттау үшін қолданылады, осылайша ұғымдарды тұрақтандырып, ғылыми қоғамдастықта түсініктердің айқын болуын қамтамасыз етеді.

Эпонимдер тек терминологиялық қызмет қана емес, танымдық қызметте де маңызды рөл атқарады. Тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыста эпонимдер халықтың тарихын, мәдениетін және ұғымдарын түсінуге мүмкіндік береді. Олар нақты бір адам немесе тұлғаның еңбегінің нәтижесінде қалыптасқан ұғымды, теорияны немесе құбылысты сипаттайды. Мысалы, «Фрейдизм» – психология ғылымында Зигмунд Фрейдтің атымен байланысты теорияны білдіреді. Осылайша, эпонимдер тарихи тұлғалар мен олардың қызметтері арқылы ғылым мен мәдениет тарихының бөлшегіне айналады, бұл тілдің мағыналық кеңістігін тереңдетеді.

Танымдық қызмет тұрғысынан эпонимдер адамның әлем туралы түсінігін кеңейтеді, оның тарихи және мәдени контекстін кеңінен ашады. Мысалы, «Менделеев таблицасы» термині Д.И. Менделеевтің химия

ғылымындағы еңбегін мойындау арқылы химиялық элементтерді жүйелеудің жаңа тәсілін таныстырады. Мұндай эпонимдер ғылыми дәуірдің жаңа кезеңін сипаттаушы элементтер ретінде қызмет атқарады. Эпонимдердің келесі аспектілері айта кетсек:

- **Мәдени мұраны сақтау:** Эпонимдер белгілі бір адамның немесе оқиғаның есімін мәңгілікке сақтап, тарихты ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Мысалы, «Шекспирлік трагедия» термині Вильям Шекспирдің шығармашылығын сипаттау арқылы әдебиет тарихын жалғастырады. Мұндай қолданымдар тарихи маңызды тұлғалардың шығармашылығын тану мен бағалауға ықпал етеді.
- **Жаңа көзқарастар мен теориялардың танымал болуы:** Эпонимдер жаңа ғылыми теориялар мен концепцияларды қабылдауға көмектеседі. Мысалы, «Дарвинизм» термині Чарльз Дарвиннің эволюция теориясын сипаттайды. Бұл термин ғылыми қауымдастықта табиғат заңдылықтары туралы жаңа көзқарасты орнықтырды.

Эпонимдер белгілі бір тұлғаның немесе оқиғаның атын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу арқылы тарихи және мәдени мұраны сақтауға мүмкіндік береді. Олар арқылы қоғам мүшелері белгілі бір адамды немесе оқиғаны таниды, оның шығармашылығын бағалайды. Сонымен қатар, эпонимдер ғылыми және техникалық жаңалықтардың таралуына ықпал етеді, себебі олар жаңа ұғымдарды танымал етіп, қабылдауға жеңілдетеді.

Бұл зерттеу эпонимдердің тілдік жүйедегі маңызы мен олардың танымдық, терминологиялық қызметін терең зерттеуге бағытталған. Эпонимдер тек тілдік бірліктер ғана емес, сонымен бірге мәдениеттің, тарихтың және ғылымның маңызды бөлігі болып табылады. Олар арқылы жеке тұлғалардың және оқиғалардың тарихи және мәдени мәні сақталып, келешек ұрпақтарға жеткізіледі. Эпонимдер бүгінгі күнде де тілдік және мәдени процестерді бейнелейтін басты құралдардың бірі ретінде қалып отыр. Болашақта эпонимдер тақырыбы бойынша зерттеулерді жалғастыру, олардың тарихи және мәдени мәнін тереңірек ашу, сондай-ақ олардың тіл жүйесіндегі ролін бағалау маңызды болып табылады.

Эпонимдер тілдің дамуына, жаңа ғылыми түсініктердің қалыптасуына және мәдени мұраны сақтау процесіне үлкен әсер етеді. Олар терминологиялық жүйенің бөлшегі ғана емес, сонымен қатар адамның танымдық қызметінде маңызды рөл атқарады. Эпонимдер арқылы қоғам белгілі бір тұлғалардың еңбегін бағалап, олардың ғылыми жетістіктері мен мәдени мұрасын танып-біледі. Бұл бағыттағы зерттеулер тіл білімінің терең әрі көпқырлы мәселелерін ашуға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Фасмер, М. (2002). *Этимологический словарь русского языка*. Москва: Прогресс. (б. 43-45).



2. Шмидт, Э. М. (1998). *Теория и практика эпонимов в современном русском языке*. Казань: Казанский университет. (б. 112-118).
3. Головкин, В. А. (2015). *Терминология и культура: Словарь терминов по общей теории термина*. Москва: Издательство «Наука» (б. 77-83)
4. Медников, Ю. В. (2010). *Терминология и ее роль в научном познании*. Санкт-Петербург: Наука (б. 22-28)
5. Пахомова, Н. В. (2013). *Эпонимы и их роль в лексической системе языка*. Ярославль: Ярославский университет (б. 56-60)
6. Крюкова, Л. М. (2005). *Эпонимы в историческом контексте: Лингвистический анализ*. Казань: Казанский университет. (б. 100-105)

**ӘОЖ 82-1/9**

## **ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ СҮГІР БЕГЕНДІКҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

***Қаржаубайқызы Ж.,***

*Yessenov University MNKYA-23-1 тобының магистранты.*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Қабылов Ә.Д.*

Маңғыстау – қазақ халқының мәдени мұрасындағы ерекше аймақтардың бірі. Бұл өңірдің ақын-жыраулық дәстүрі ғасырлар бойы халықтың рухани қазынасын сақтап, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етті. Маңғыстау ақын-жырауларының шығармашылығы қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің айқын көрінісі болып табылады, себебі олардың өлең-жырлары арқылы елдің тағдыры, тұрмысы, салт-дәстүрлері мен арман-аңсарлары бейнеленген.

Өмір сырын мол сезініп, санаға жазған дала даналары халқын елдікке, ерлікке үндеген, қайғысына қабырғасы қайысып, қуанышына жүрек жарды жыр төккен. Мұндай озық дәстүр сипаттарын ақын жырының идеялық-көркемдік сапасынан нақты, әрі затты тануға болады. Халықтық, ілгерішіл дәстүрдің басты белгісі – шығарма қандай келмесін, айтушы қандай мәнермен айтпасын, оның идеялық мәні мен өмірлік мазмұнында, шыншылдығы мен шынайылығында жатады. Сондықтан, біз ақын-жыраулар шығармашылығын қарастырғанда өз дәуірін шындықпен бейнелеп, ізгілік пен әділетті ту еткен, бұқара мүддесін жырлаған ақын, жыраулар мен жыршыларға ерекше назар аударамыз.

Маңғыстау жыраулық дәстүрінің негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның суырыпсалмалық өнерге негізделуі. Бұл дәстүрде жырау кез келген жағдайда ойына келген сөздерді ұйқастырып, терең философиялық мазмұн бере отырып, әсерлі жеткізеді. Олардың жырлары ел бірлігі, әділдік, батырлық пен адамгершілік тақырыптарын қозғайды. Жыраулық дәстүр халықты тәрбиелеу құралы ретінде қызмет атқарған.

Маңғыстау өңірі тарихи тұрғыдан Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, Еуразия халықтарының мәдениетаралық байланысының орталығы болды. Бұл фактор жыраулық дәстүрдің мазмұнын байытты. Аймақ жыраулары көшпенді тұрмыстың ерекшеліктерін, еркіндікті, дала философиясын, табиғатпен үндестікті шығармаларының өзегі етіп алды.

Ақын-жыраулардың шығармаларының негізгі тақырыптары – ерлік пен елдік, халықты бірлікке шақыру, жауға қарсы тұру идеясы; байлар мен би-сұлтандардың әділетсіздігін сынап, қарапайым халықтың мүддесін қорғау; өмірдің мәнін, адамгершілік қасиеттерді жырлау; халықты оқу-білім алуға ұмтылуға, енжарлық пен жалқаулықтан арылуға үгіттеу болып келеді.

Дала даналары жыраулар табиғатты халық өмірімен байланыстырып, оны терең философиялық тұрғыда бейнелеген. Маңғыстау ақын-жырауларының жырларында халықтың тарихи оқиғалары, азаттық жолындағы күрестері, дала заңдылығы мен тұрмыс-салты бейнеленген.

Маңғыстау ақын-жырауларының ішінде Атырау, Маңғыстау және Үстірт жерінде аты аңызға айналған Ақтан Керейұлы, Қашаған Күржіманұлы, Абыл Тілеуұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Ақтан Керейұлы, Қалнияз жырау Шопықұлы, Сүгір Бегендікұлы, Аралбай Оңғарбекұлы, Сәттіғұл Жанғабылұлы сияқты тұлғалар ерекше орын алады. Олардың ішінде С.Бегендікұлының өзіндік орны бар.

Сүгір Бегендікұлы (1894-1974) Маңғыстауда Өгіз-Өреулі деген жерде дүниеге келген. Сүгір Адайдың Мұналы, оның ішінде Жаулыдан таралатын Ескелді ауылының перзенті. Әкесі Бегендік ескіше оқыған сауатты, діндар адам болған, Сүгірдің өз айтуы бойынша әкесі екі рет Меккеге барып «қажы» атанған кісі. Жас кезінен өнерге жаны құмар болып өскен ол домбыра тартып, жыр үйреніп айтып, жиын-тойларда жиі-жиі көрініп елге таныла бастаған. 16 жасынан бастап халық ауызына ілініп, өнері бағалана бастаған [1].

Сүгірді бүкіл елге әйгілеген жиын 1921 жылы өткізілген Әли Тауанның асы екен, кейіннен Қырымқұл Ұзақбай жырау Сүгірге арнауында:

Әлі Тауанның асында  
Сен жиырма жеті жасында  
Бегендікұлы сен бе деп  
Бір көруге мұң болып  
Екі мың атты астыңда  
Сұлулар талай бүгілген, –

деп жыр арнапты. Сол жиында жас Сүгір үздік өнер көрсетіп, халықтың жоғарғы бағасына ие болған.

«Сүгірдің термесі», «Сүгірдің әні», «Сүгірдің жыр-сазы» тәрізді әуендері ел арасына кеңінен жайылады. Сүгір бір шығарманың өзін өзі шығарған бірнеше әуенмен құбылта орындап, тыңдаушыны баурап алатын қасиетке ие болған, жыршылық, ақындығымен қос, композиторлық дәрежеге көтерілген дарынды өнер иесі.

Маңғыстау халқының басына ауыртпалық тауқыметі түскен отызыншы жылдары Сүгірдің ауылы күнелтіс үшін Бесқалаға көшіп кетеді. 1967 жылы

ата қонысына бағытталып, Ақжігіт кентіне қоныстанады. 1971 жылы Жаңаөзенге Қызылсай кентіне тұрақтап өмірінің соңғы уақытын өткізеді.

Сүгір Мұрын, Қашаған, Сәттігүл жыраулармен түз-дәмдес болған, олардан үлгі-кеңестер алған. Өзінен бұрын өткен ақын-жыраулардың шығармаларымен бірге өзі шығарған терме, толғауларын да халық арасында тынбай насихаттап өткен.

Сүгір Бегендікұлының өмірінің көп бөлігі Бесқала жақта өткендіктен Маңғыстау өңірінде кеңінен таралмаған. Хорезм жағында жүріп «Арман», «Елді сағыну», «Қоштасу», «Терме» атты толғау жырларын шығарған. «Октябрь», «Беташар», «Тойбастар», «Сәттігүл ақынға» өлеңдері жергілікті басылымдарға жарияланған. Ұлы Отан соғысы кезінде «Аттандыру», «Аманат», «Жоқтау» тәрізді патриоттық жырларын шығарған.

С.Бегендікұлының шығармаларында Маңғыстау өңіріндегі жер атаулары жиі аталады. Маңғыстауға көшіп келе жатқанда:

Жасаған ,айып еттім сенен кетіп,  
Туған жер-Қызылсу мен дөңнен кетіп  
Жарыққа сәрсенбі күн келген жерім  
Жоғарғы Елеғажы - Ешкіқырған  
Баурынан ана сүтін емген жерім.  
Кешегі Тасастау, Қайнар, Айрантақыр  
Келгенде жеті жасқа жел көтеріп  
Артына ғұламаның ерген жерім,  
Келгенде он алтыға тамам етіп  
Ырғалтып Адай-нәсіп көрген жерім [2], –

деп жырлайды.

Сүгір атамыз «Біссіміласыз» сөз бастамаған және сопылық ілімнің Тарихат жолын аса жоғары деңгейде меңгерген. Толғау-жырларының бәрінде дерлік Адам ата мен Ауа ананы ұлықтаумен басталып, адамзаттың шежіре-тарихы тереңнен зерделеніп, ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылып отырады.

Біздің жыл санауымыздың жетінші, сегізінші ғасырларында Иран мен Орта Азияда ислам діні қабылданып, Заратуштраның орнын басты. Бұл дінге табынушылар қуғынға ұшырап, Үндістанға жер ауды, осы заманда ол дінді ұстайтындар Ибра аталады. Біз бұл атаудан Ибраһим (Ыбырайым) пайғамбардың есімін көреміз. Ыбырайым Атамыз жайлы деректер Маңғыстаудың шежіре-дастандарында көптеп сақталған. Бұл жайында Сүгір атамыз өзінің «Шежіре жыр» дастанында былайша суреттейді:

Ыбырайым, Кенған екі ауыл  
Алжасып дінге таласқан,  
Кенғанның бір әулеті.  
Іше берген арақ-шараптан.  
Ыбырайымның әулеті  
Келемесін қайырып  
Ақан таудың етегі.  
Арапа бізге болсын деп.

Алты тақта араптан.  
Әжі барып дәм татты  
Әжі білімді бұлақтан.  
Он сегіз мың ғаламды  
Сонда Сүлейменге сұратқан.  
Мұсылман, кәпір бірігіп  
Араласып жүргенде

Кұлшылық үшін Құдайға  
Мұхамбетке үмбет болғанда  
Бір діндегі халықпыз,  
Атамыз Әнес сахаба,  
Мұсылманның баласы  
Жүз жиырма бес таңбалы.  
Осы отырған көпшілік  
Сол Әнестің аумағы [3, 449].

«Насихат» толғауында Үш аналы қазақтың бір әкенің ұлындай, бір анадан туғандай болуын өсиет етеді:

Жалпы қазақ баласы.  
Насихат айттым қарттықта.  
Менің тілер тілегім:  
Мен қазақтың баласы  
Бір анадан туғандай  
Табылса тағам бөліп же  
Бір әкенің ұлындай,  
Жыртығын тапсаң егер де.  
Біріңді бірің қамдап жүр.

Ел арасында адамзаттың шежіре-тарихы жайлы Сәттіғұл мен Сүгірдің жұмбақ айтысы сақталған. Олардан жыраудың көкірегі көмбе, көзі ашық, өз заманының білімдар адам болғанын көреміз.

Ескелді Сүгір мен едім,  
Қайнарлы бұлақ, көл едім,  
Алдыма шықса біреулер  
Тілменен талай бөгедім,  
Мен тізгінімді бермедім, –

деген жыр шумақтарынан жыраудың суырып салма ақындық өнері де аса жоғары деңгейде болғанын көреміз.

Сүгір жырау тек қана өз елінде емес, Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстанның батыс облыстарын аралап, халық арасында өнер көрсетуге жарты ғасырлық ғұмырын арнаған және өзінің асқан өнерпаздығын жүрген жерінің бәрінде еріксіз мойындатқан. «Сүгірдің термесі», «Сүгірдің әні»,

«Сүгірдің жыр-сазы» тәрізді әуендері елді күні бүгінде де баурап алады. Сүгір бір шығарманың өзін, өзі шығарған бірнеше әуенмен құбылта орындап, тыңдаушыны баурап алатын қасиетке ие болған, жыршылық, ақындығымен

қоса композиторлық дәрежеге көтерілген аса дарынды өнер иесі. Сүгір атамыздың замандасы Ұзақбай жырау:

Сөз жауабы өрленген  
Жеті қабат сазың бар, –

деп, Сүгір атамыздың өз жырын жеті түрлі әуен-сазбен құбылта жырлайтынын ерекше айтып кеткен екен.

Сүгір Бегендікұлының «Ауылға Сүгір келді» деп басталатын термесін естімеген қазақ кемде-кем болар. Осы терме орындалған сәттерде де тыңдарман қауымның арқасы қозып, орындарынан тұрып, құрмет көрсеткендерінің де талай жерде куәсі болдық.

Маңғыстау жыраулық дәстүрі – қазақ халқының ұлттық болмысын, рухани әлемін және тарихи жадын бейнелейтін баға жетпес қазына. Бұл дәстүрді зерттеп, насихаттау – ұрпақ алдындағы үлкен жауапкершілік.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Маңғыстау» энциклопедиясы. – Алматы, 2009. – 537 б.
2. Тіл таңбалы адай ақындары. IV том, – Алматы, 2009. – 330 б.
3. Жыр Дария. Маңғыстау ақын жыраулары. – Ақтау, 1995.

**ӘОЖ 82.09 (574)**

### МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Каримсақова Б.А.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг  
университеті*

*Дүйсенова Г.Е.,*

*«Болашақ» Каспий өңірлік колледжінің оқытушысы, Ақтау қ.*

*Аңдатпа. Махамбет Өтемісұлының өлеңдері қазақ әдебиетінің алтын қорына енген шығармалар болып табылады. Оның өлеңдері терең философиялық мазмұнмен, ұлттық рухпен және патриоттық сезіммен ерекшеленеді. Махамбеттің өлеңдерінде қазақ халқының азаттық үшін күресі, ерлік пен батырлық, әділдік пен адалдық сияқты тақырыптар кеңінен көрініс табады.*

*Махамбеттің өлеңдерінде қолданылған көркемдік тәсілдер мен жанрлық ерекшеліктер оның шығармаларының терең мазмұнын ашып көрсетеді. Оның өлеңдерінде метафора, эпитет, гипербола сияқты көркемдік құралдар кеңінен қолданылады. Бұл тәсілдер оның өлеңдерінің көркемдік құндылығын арттырып, оқырманға терең әсер етеді.*

***Кілт сөздер:** қазақ әдебиеті, антитеза, эпитет, теңеу, метафора, синоним, омоним сөздер, литота, ауыстыру.*

***Кіріспе.*** Бүгінде өрісті ғылым арнасына айналған махамбеттану тарихы – Махамбет поэзиясының құндылығын ашып айқындау, ғылыми негіздеудің тарихы. Махамбеттің көркемдік әлемін тану - Махамбеттің ақындық алымын көрумен бірге белгілі бір дәрежеде қазақ өлеңінің табиғатын тану. ХІХ ғасырдағы поэзияның дәстүрлі үлгілерін өзгешелік сипаттарын шолу. Сол орайда, қазақ әдебиеттану ғылымы Махамбет поэзиясын жанрлық, сөз айшықтау тәсілдері, сөз қолданыс, өлең үлгісі, өлеңдік құрылым жөнінен қарастыру арқылы қазақ өлеңінің теориясын байытты, негіздеді. Махамбеттің ақындығына алғаш көркемдік негіздер жөнінен баға берген Халел Досмұхамедұлы. 1925 жылғы Ташкентте шығарған «Исатай – Махамбет» жинағының алғы сөзінде көтеріліс тарихын Исатайдың, Махамбеттің ата-тек өмірбаян дерегін, мінез-құлық қырларын баяндай келіп, Х.Досмұхамедұлы былай дейді: «Махамбеттің Байекеге айтқан сөзіндей қазақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес. Махамбет – Исатайдың жолдасы, шәкірті» [1,35].

Мұхтар Әуезов Махамбеттің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын, Махамбет поэзиясының биігін теориялық жақтан алғаш толық негіздеген зерттеуші Мұхтар Әуезовтің махамбеттанудың өрісін ұзартқан зерттеулері әуелде «Әдебиет тарихындағы» (1927). «Тарихи жырлар», «Зар заман ақындары» тарауларында берілді. М.Әуезов Махамбеттің әдебиеті тарихындағы орнын «Бұхардан соңғы зар заман ақындарының басы Махамбет» деп «Зар заман дәуірінің екінші, ішкілік кезеңі Махамбеттің тұсы», т.б. көрсетті М.Әуезов 1933 жылғы «Қазақ әдебиеті» оқулығында. Махамбет Өтемісұлының өмірбаян, шығармашылық мұрасынан толымды мәлімет бере отырып, Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын алғаш рет теориялық негізде кең қамтып қарастырады. «Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Бұның сөзі деген сөздің кесектік ірілігінен басқа молдығы да жеткілікті екен» [2,57].

М.Әуезов Махамбеттің «Арғымақтан туған қазанат», «Баймағамбетке айтқаны» өлеңдеріндегі ақын халін анық жеткізеді. Оның жеңілмейтін рухын өлеңінен таниды, танытады. «Жеңілдім деп бас ұру жоқ, кішіреймек емес» дейді. Сыртқы халі ғана жеңілушінің халі, осы бірнеше өлең төңірегінде М.Әуезов Махамбеттің ақындық рухын ақындық алымын, өлең жасаудағы әдіс-тәсіл, шеберлік сырларын тұтас таниды, тұтас көреді. Тұтас түйінмен тұжырымдайды. «...Бұрынғыша тізбек суреттерді қоспақтың баласы, шабақ, қылқан, деген сияқтыларды іштей байланыстырып, не қарсы қоюмен, не үйлестірумен байланыстырып отырып, алғашқы бірбеткей ереуіл қарсылық шабуыл сарынымен бітіреді» [3,78].

Қазақтың жыр семсері Махамбетті ХІХ ғасыр әдебиетінің ғана шеңберінде қарастыру, жалпы біздің әдеби мұрамыздың құлақтап, құрсаулауға көнбейтін дәстүрлі, сабақтас, желілі құбылыс екендігі сияқты

мүмкін емес нәрсе. Махамбет ақын шығармаларының текстологиясына байланысты, бір пікірталасты тұжырымдай келіп, академик Зейнолла Қабдолов былай дейді: «Махамбеттің әр сөзі құйылған құрыш, қорытылған қорғасын. Оны өндеп жөндеймін деп жасытпау керек. Махамбет пен Абайға редакция жүрмейді»[4,23]. Абаймен иықтас асылымыздың бірі - Махамбет поэзиясы күні бүгін әр қырынан зерттеліп зерделенді.

Махамбет өлеңдері – шындық. Өлең шығару, данышпандық ой айту бар да, оны ажарлау, құбылту, айшықтау бар. Ақын дыбыстардың үніне зейін салмаса, бояу суреттер тағдырына жіті үңілмесе, өлең өрімдей сұлу болып шықпақ емес. Ақын жырларының тартымды да әсерлі болуы ақындық тілдің көркем стилистикасына байланысты.

Ереуіл атқа ер салмай,  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңқу-еңқу жер шалмай ...  
Тебінгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ерімей ...  
(Ереуіл атқа ер салмай)  
Құландай ащы дауыстым!  
Құлжадай айбар мүйіздім!  
Қырмызыдай ажарлым ...  
(«Тарланым»)

Арыстанымның баласы  
Адағанда ел таппай,  
Адасқанда жөн таппай,  
Арманда қалды жас болып.  
(«Жақия»)

Тізе берсек, ажарлау Махамбет өлеңдерінің барлығына тән десек те қателеспейміз.

Сөздің реңін әдеби тілмен ажарлаудың тағы бір түрлі – айқындау (эпитет). «Айқындау яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтарыңды анықтау, суреттеп отырған нәрсеңді нақтылау қиын» [4, 222 б.].

Махамбет толғауларында да айқындау (эпитет) жиі ұшырасады:

**Қоғалы көлдер**, құм, сулар  
Кімдерге қоныс болмаған?  
Саздауға біткен **құба тал**  
Кімдерге сайғақ болмаған?!  
(«Жалған дүние»)

Осы сияқты «Арқаның қызыл изені», «Көкше мұзынан таяр ма?», «Асыл ерге» «Күнқақты ер», «Көн садақтың ішінде», «Алтын тақты», «Ханның кірген ақ орда», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Еңсесі биік боз орда», т.б. жолдар да айқындау әдемі қолданылған.

Қара әріппен терілген сөздерге көз жүгіртіңізші. «Қоғалы көл», «құба тал» ... - «Заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын» анықтап тұр емес

пе?!

Өлең, жыр, толғау, термелерді ажарлаудың, әсерлілігін күшейтудің тағы бір жолы – теңеу. Бұл көркемдік тәсіл жайында Ахмет Байтұрсынов «белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз» [5, 354 б.] десе, академик З. Қабдолов: «Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді. Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі» [4, 224 б.], – дейді.

Махамбет те жырға ерекше ажар, мәнді мазмұн, айрықша әсер беретін жай теңеулерді де, күрделі теңеулерді де жиі қолданған:

Керіскідей шандозым!  
Құландай ащы дауыстым!  
Қырмызыдай ажарлым,  
Хиуадай базарлым,  
Теңіздей терең ақылдым,  
Тебіренбес ауыр мінездім!

(«Тарланым»)

«Тұтас түйдектер қою суреттерге қою құрылған. Негізгі ойға желі өзекті сөздерді аңдар мен құстар дүниесінен, шаруашылық-тұрмыс, кәсіпке қатысты атауыштардан қарбытып алған» [6].

«Атқанын қардай боратқан», «Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен», «Өте шыққан қызыл гүл бұл дүниенің жалғаны» - жай теңеулер.

Синоним сөздерді Махамбет қалай қолданған? Бұл жайында академик З.Қабдолов «Сөз өнері» атты жоғары оқу орындарына арналған оқулығында «Синонимия – айтылуы, естілуі әртүрлі болғанымен, мағынасы бір-біріне жуық, мәні ұқсас сөздер. Мысалы: шапшаң, дереу, жедел, тез, жылдам; мезгіл, мерзім, мезет, уақыт, шақ, сәт, кез, кезең; айқас, шайқас, ұрыс, қағыс, қақтығыс, тартыс, төбелес, тайталас, кескілес т.б. Осылар секілді синоним сөздердің ішінен суреткер өз көкейіндегі сыр мен шындықты дір еткізіп дәл жеткізер ең қажеттісін ғана алады, – дей келіп Махамбет өлеңін мысалға келтіреді:

Мен кескекті ердің сойымын,  
Кескілеспей бір басылман.  
Алдыңа келіп тұрмын деп,  
Ар, намысым қашырман...  
Баеке, сұлтан, ақсүйек,  
Қыларың болса, қылып қал.  
Күндердің күні болғанда  
Бас кесермін, жасырман!

(Махамбет)

Осы өлеңдегі синоним сөздердің бәрі орнында, бәрін де ақын керемет талғаммен тауып қолданған. Сондықтан олардың ешқайсысын ешбір мәндес сөзбен ауыстыруға болмайды» [4,205 б.].



Одан әрі З.Қабдолов «Кескілеспей басылман» дегенді төбелеспей басылман деп алса, күлкілі болатынын, **Кескекті ер** дегендегі ұғым дәлдігі мен нұсқалылығын **айбарлы ер, айдынды ер** дегендердің ешқайсысы ауыстыра алмайтынын, **Қыларың болса, қылып қал** дегендегі ашу мен айбарды, кек пен ызаны тек осы синоним тіркестері арқылы ғана дәл танытуға болатынын айтады. Сондай-ақ **сой** дегенді **түр** деуге, **басылманды – қойман**, тоқтаман; **бас кесермінді** – өлтірермін, құртармын деуге тіпті де болмайтынын талдап жеткізеді.

Омоним (дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер) жайында айтқанда да З.Қабдолов: «Аттас сөздердің бір алуан ұнамды роль атқарар аренасы – өлеңді шығармалар. Кейде ақындар жекелеген омонимдерді әр тұста арнайы қайталап, өлеңнің ырғағын, ұйқасын құбылтып, әсерін күшейтеді» [4,213], – дей келіп Махамбет өлеңінен мысал алады:

**Тағыдай** таудан су ішкен,  
Тарпаңдай, тізесін бүгіп от жеген  
**Тағы** сынды жан едік,  
**Тағы** келдік тар жерге,  
Таңдансаң тағы болар ма?  
(Махамбет)

Синоним, омоним сөздер жайында әңгіме болғанда да, автордың Махамбетке жүгінуі – оның өлеңдерінің көркемдік кестесі бай екендігінің айғағы.

Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңдерінде эпитет, теңеу, әсірелеу, литота, ауыстыру мағынасында қолданылатын фигура өзара байланысты түрде жиі ұшырасатынын айтып, сөзін дәйекті мысалдармен дәлелдеп, талдап көрсеткен. Ақындық тілдің өте бір толық түрі – дейді ғұлама ғалым, – ақынның шеберлігін керек ететін (өз орнына қолдана алса), суреттейін деген өмір құбылысын айтып беру үшін мәні күшті ауыстырып айтатын өлеңдердің бір түрі – метонимия (алмастыру).

Махамбеттің:

Қой мойынды, көк жұлын...

Көк жұлынды, жетелеп, – деген екі жолындағы метонимия әрі сынды, әрі шебер болып шыққан. Бұл сықылды метонимиялар Махамбетте көп.

Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдерінде ауыстырудың да, фигураның да түрлері өте көп кездесетін айтады: «Мысалы:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!

Көл қорыған сен едің –

Сенде айрылдың көліңнен.

Ел қорғаған мен едім –

Мен де айрылдым елімнен... –

деген параллелизм, немесе:

Борай да, борай қар жауса,

Қалыңға боран борар ма?

Қаптап соққан боранда

Қаптама киген тоңар ма?

Туырлығы жоқ тұл үйге

Ту байласаң тұрар ма?! – деген риторика сұраулар фигураға жатады.

Фигураларды қолданысы да оның негізгі тілегімен байланысты. Бұл риторикалық сұрауларға берілетін жауаптың бәрі де қарындас үшін, қатын бала үшін, екінші сөзбен айтқанда, ел үшін, отан үшін жауға шап деген оның негізгі мақсатымен ұштасып жатыр. Махамбет өлеңдеріндегі көркем тілдердің жеке-жеке барлық түрлері де кездеседі» [7, 357 б.].

Махамбет айшықтау (фигура) тәсілдерінің арнау түрлерін соның ішінде сұрай арнауды жиі қолданған: «Айналайын Ақ Жайық, Ат салмай өтер күн қайда? Еңсесі биік боз орда, Еңкеймей кірер күн қайда?» («Күн қайда?»). Осы секілді «Желп-желп еткен ала ту», «Әрайна», «Туған ұлдан не пайда?» толғаулары да сұрай арнаулар. Тыңдаушысына сұрақ қояды, бірақ жауап күткені аңғарылмайды.

Бұл ақынның өзгемен кеңескен күйде өзімен сырласуы, өмірде нысана еткен арман-мүддесінен туындаған терең тебіренісін шебер берудің бір тәсілі ретінде танылады.

Ал, «Қоғалы көлдер, құм, сулар» мен «Орай да борай қар жауса» риторикалық сұрай арнаулар шешендік сұрақ қоя отырып, нақыл, ақыл айта толғау болса, «Беркініп садақ асынбай» жарлай арнау: «Халыққа тентек атанбай, Үйде жатқан жігітке Төбеден тегін атақ болар ма?!» дейді. Мұнда ақын бір адамға ғана емес, халыққа қарата сөйлеп, көңілдегісін ақтарып сырласып отырған сияқты.

«Әй, Махамбет, жолдасым!» - жеке адамға арналған. Бұған - сырласу ретіндегі сұрай арнау өлең: «Қасыңда тұрар жан бар ма?», «Құр жылаудан сән бар ма?», «Қиналар ма екен біздерге», «Сол ерліктен не көрдім?» деген жолдар айғақ. Ақынның «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінің:

Алайма, сұлтан, алайма,

Астыма мінген арғымақ

Аяндай түсіп марай ма?..

Жабыдайын жалтандап,

Түсер жерін қарай ма?! – деп келетін бірінші бөлігі мен «Мен Нарыннан кеткенмін» («Жақияны ханға ұстап бергендей, Шүрен, саған не еткенмін?») өлеңдері де жеке адамға арналған сұрай арнаулар.

«Арғымаққа оқ тиді» – ақын, жыраулар туындылары мен ауыз әдебиетіндегі жиі ұшырасатын зарлай арнау. «Зарлау арнау монолог түрінде кездеседі. Қаһарман көпшілікке, не біреуге немесе басқа бір нәрсеге қайырыла сөйлегенде өз басының ауыр хал, қиын жағдайын өте зарлы, мұнды түрде баяндайды» [8,59].

Махамбеттің бір ғана «Мұнар күн» толғауының өзінде қайталаудың бірнеше түрі кездеседі.

Жалпы бұл өлеңде аллитерация да, ассонанс та, теңеу де, эпитет те, егіздеу де, шешендік-ділмарлық айшықтау да, пейзаж да бар. Бір сөзбен айтқанда, көркемдік құралдардың бәрі дерлік осы өлең жолдарында тоғысып,

жыраудың ұлылығын да, арқалы ақындығын да, батырлығын да, Исатай ағасына деген шексіз махаббатын да аңғартып тұр. Сонымен бірге бұл өлең Исатайдың батырлық тұлғасын да биіктетіп, өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналдырған.

Махамбеттің өлеңдері мен толғауларының көпшілігі азаматтықты, ерлікті, жауынгерлікті, батырлықты дәріптеуге арналған. Сондықтан ақын өз туындыларында халықтық эпостардағы қалыптасқан жыр дәстүрін пайдалана отырып, бұларды өз таным-таразысынан өткізеді, өзгерістерге түсіреді. Сөйтіп, халықтық поэзияда бұрыннан қолданылып келген бейнелі сөздердің, соның ішінде теңеулердің көркемдік қуатын арттырып, жандандыра түскен. Мәселен, ақын өзінің ақылман ағасы, қандыкөйлек серігі Исатайдың нағыз батырға тән асқақ та ғажайып бейнесін жасаған «Тарланым» өлеңінде халық поэзиясында бұрын-соңды қолданылмаған авторлық теңеулермен бірге қалыптасқан дәстүрлі теңеулерді де үйлестіре шебер қолданған:

*Адырнасын ала өгіздей мәңіреткен,  
Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен,  
Атқанын қардай боратқан,  
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан  
Арыстан еді-ау Исатай!* [9, 50]

Махамбеттің халық ұғымында қалыптасқан бейнелі сөздері ұтымды да шебер қолдана алатындығын академик З.Ахметов ерекше атап көрсеткен болатын: «Махамбет бейнелі сөздердің халық поэзиясында қалыптасқан құрылыс-бітімін, жасалу қалпын сақтай отырып, оларды айналадағы өмірді, өзінің сезім-күйін суреттеу мақсатына толық үйлестіріп, терең мағына беріп қолдана біледі. Мұны біз оның нақтылы сипаттамалар мен тұспал суретті араластырып, жалғастырып әкететін шеберлігінен де айқын көреміз»[10, 54]. Бұл пікірдің дәлелін Махамбеттің Исатайдың атынан айтылған «Әй, Махамбет жолдасым!» атты ұзақ толғауынан алынған төмендегі үзіктерден табамыз:

*Арыстандай ақырған Кешегі хан үстіне барғанда,  
Айбатына шыдамай, Ақсүйектің баласы  
Хан баласы жасады-ай, Бақадай шулап тұрғанда  
«Жанымды қи» деп сұрады-ай* [9, 38].  
*Ерлікпенен алданып,  
Өзіме-өзім қас қылдым* [9, 43].

Жоғарыда аталған ақынның толғауында қиялдан құрастырылған іс-әрекеттер емес, нақты болған оқиғалар, сол кездегі өмір шындығы баяндалған. Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілер хан ордасын қоршағаны тарихи шындық. Толғауда тарихи оқиғалар жай баяндалып қоймайды, ақынның бейнелі де көркем тілі арқылы жеткізіледі. Соның бір айғағын толғауда кездесетін, біз көрсетіп отырған *арыстандай ақыру, бақадай шулау* тәрізді тұрақты теңеулердің қолданысынан көруімізге болады. Халық сөз байлығында бұрыннан бар бұл дәстүрлі теңеулер ұйқас үшін жай әншейін қолданыла салмаған. Ақынның танымы мен көзқарасына сай аталған теңеулер ерекше қасиет тауып, өзгеше мағыналық сипатқа ие болған. Өйткені ақын

Исатайды *арыстандай ақырған* айбатына жауы шыдай алмайтын теңдесіз батыр деп ерекше сипаттаса, ал ата жауы хан мен төрелерді *бақадай шулатып*, болымсыз, бейшара етіп көрсетеді.

Махамбет өлеңдерінің өне бойы жоғары пафос, асқақ романтизмге толы. Дегенмен кейбір өлеңдерінде өткенді аңсау, жақсыларды жоқтау, қателік пен опасыздыққа күйіну, мүдде мен мақсаттың орындалмағандығына өкініш тәрізді көңіл күй толғаныстары ұшырасады. Әсіресе, көтеріліс жеңілгеннен кейінгі өлеңдерінде осындай көңіл күй құбылыстарын байқауға болады. Мұның сырын көрнекті махамбеттанушы, академик Қ.Жұмалиев былайша ашып көрсетеді: «Махамбеттің 1838 жылдан кейінгі өлеңдерінің көпшілігі лирика элегиялық өлеңдер. Элегия – ақынның өмір жолындағы өз басынан кешірген қиын-қыстауларының сәулесі, ішкі көңіл күйінің көлеңкесі десек, 1838 жылғы үлкен апаттан кейін ақын өлеңдерінің көпшілігі элегия болып келуі заңды. Өйткені халық қозғалысы қатты жеңіліске ұшырады, ел ұйтқысындай болған әрі қолбасшы батыр, әрі өзінің жан қиысар досы Исатай жау қолынан қаза тапты... Елдің басы айдауға, малды талауға түсті. Бұл жағдайлар ақынның ой сезіміне әсер етпеуі мүмкін емес еді. Көтерілістің алғашқы жылдарындағы ақынның ерлікке, өжеттікке үндейтін саясат үгіт лирикасының орнын енді элегия алады» [8, 101].

Жалпы аруақты та арқалы ақын Махамбет шабыты келгенде үдей соққан дауылдай, нөсерлі жаңбырдай, сырты мен іші келіскен ғажайып, бейнелі сөздерді лек-легімен төгіп-төгіп жіберетін болса керек. Мұның анық та, айқын айғағын Исатайға арнаған «Тарланым» өлеңінен көруге болады:

Кермиығым, кербезім!  
Қырмызыдай ажарлым!  
Керіскедей шандозым!  
Хиуадай базарлым! [10, 43].

Аталған өлеңнің осы үзіндісінде теңеу, эпитет, метафора бір-бірімен байланысып келіп, күрделі теңеулі метафоралар жасалғанын көреміз. Көркемдегіш құралдардың бұлайша бір-бірімен байланысып, тізбектеле бір тіркесте келіп, күрделі бейнелеуіш тізбек жасауындағы заңдылық болса керек. Өйткені, теңеу, эпитет, метафоралардың жасалуында ұқсастық, жақындық бар. Әсіресе, «метафора мен теңеу өзінің жасалуы жағынан бір-біріне өте жақын; олар бір негізден жасалады. Метафорада заттың, құбылыстың өзі ұқсатпа балама ретінде алынса, теңеуде сол зат пен құбылыстың әрекеті ұқсатпа теңеме болады, яғни бірінде екі зат (зат, құбылыс) теңдікте алынса, бірінде екі заттың әрекет-қимылдары теңдікте алынады. Осы себепті Махамбетте де теңеме ретінде алынатын сөздер мен балама ретінде алынатын сөздер өзара барынша жақын, тектес болып отырады:

Арыстандай ақырған,  
Айбатыма шыдамай;  
Исатай мен Махамбет,  
Екі арыстан ер қалды-ау» [11, 68].

Көркемдік-бейнелеуіш құралдар тек жасалу жағынан ұқсас емес, сонымен қатар мән-мағынасы, қолданылу өрісі, стильдік қызметі жағынан да жақын, бір-бірімен байланысты, сабақтас болып келеді. Мұның дәлелін біз тоқталып отырған теңеудің тілдік табиғатынан көреміз. Жоғарыда Махамбеттің «Тарланым» өлеңінен келтірілген үзіндіден байқағанымыздай, сондағы *керіскедей, құландай, құлжадай, қырмыздай, Хиуадай, теңіздей* теңеулері күрделі метафоралар жасауға қатысып тұр. Яғни аталған теңеулер күрделі метафоралардың құрамында келіп, қосымша теңеулік қызметте жұмсалып, көркем бейнелер туғызуға үлес қосқан. Керісінше, басқа көркемдік тәсілдер күрделі теңеулер жасауға қызмет ете алады, соның нәтижесінде теңеу бейнелі сипатқа ие болып, көркемдік бояуы құлпыра түседі.

Ақынның қай толғауын оқысаңыз да тек қана Махамбетке ғана тән өршіл рухты, тасқын-сел күш-қуатты сезінесіз. Оның әр жолы тот баспас қылыштай, өшпес өмірдің өзінен де бағалы дүниелер. Ақын өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрді, әсіресе жыраулар тілінің бар байлығын өлеңдерінде қолдана отырып, сол өзі өмір сүрген кезеңнің өзінде қазіргі әдебиет теориясында айтылатын құбылту, айшықтау, әсерлеу, ажарлау тәсілдерін қолдана білген. Бұл өлеңдерінің күш-қуатын, бедер-көркін ерекшелендіріп, мән-мағынасын арттыра түскен.

Махамбет жырларының тіл ерекшелігінің бірі де сол жыраулар толғауымен үндесіп жатуында, көне сөздерді орнымен қолдануында, жоғарыда айтқан көркемдей, әсерлеу тәсілдерінде жатыр. Ақынның метафоралы, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтерді, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың айтылмақ ойға (шығарма идеясына) дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн мен түрдің үндесуі дегенге үлес қосты деп тұжырымдауға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Ана тілі, 1991. – 51 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15 том. Мақалалар. Зерттеулер. Алматы, 1984. 262 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы Алматы, «Жазушы», 1985. т. 16. 141-б.
4. Қабдолов, З. Сөз өнері [мәтін]: оқулық. – Алматы, 2002.- 360.
5. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 213 б. – 464 б.
6. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 33 б.
7. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Қазақ мем.көркем әдебиет баспасы, 1958. – 308 б.
8. Жұмалиев К., Егеулі найза. Алматы, 1979.
9. Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер. Құрастырған, түсініктерін жазған Б. Аманшин. Алматы, «Жазушы», 1974, 104-б.

10. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 1973. – 212 б.

11. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 27 б.

## **ӘОЖ 81-44**

### **КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ ТОПОНИМДЕРІНДЕГІ ТҮРКІЛІК БЕЛГІЛЕР**

***Т.К. Ибадуллаева,***

*«Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг  
университеті» 2-курс магистранты*

***Аңдатпа.*** Әрбір түркі тектес халықтар мен ұлыстардың тілінде ұлттық және диалектикалық ерекшеліктері бар екені баришаға аян. Біздің сөздеріміздің о баста шыққан тегі бір, бірақ олардың өзгерістерге түскеннен кейінгі, қазіргі айтылуы әрқилы. Менің ойымша, солардың ішіндегі ең «тазасы» және барынша әмбебап, бесаспабы – қазақ тілі. Бауырлас түркиялық тіл мамандары мен сала ғалымдары да осындай пікірде екен. Көршілес ірі мемлекеттердің идеологиясының әсерімен, тіпті олардың отаршылдық саясатының ықпалымен Қазақстанда көптеген елді мекендер мен жер-су аттары бұрмаланды.

Бұл аз ғана мысалдардың өзі топонимдердің шын мәні тек алғашқы балама аттарында ғана екендігін дәлелдейді. Топонимдер де бізге археологиялық жәдігер сияқты төл тарихымызды толыққанды түсінуге және жалтақтамай дәріптеуге негіз береді, жәрдемдеседі.

***Кілт сөздер:*** топоним, түркі, халық, атау.

Түркі ономастикасының ерекшеліктерінің бірі кейде бір сөз адамның да, жердің де атауы секілді екі қызметті, ал кейде тіпті этнос атауын да қосып алып, үш бірдей қызметті атқарады. Мысалы, Алтай, түркі, көктүркі, баят, оғыз, түргеш, қара, қызыл, мұған, сарай тағы басқалары. Азияның шығысынан батысына, Еуропаның оңтүстік-шығысына дейін созылып жатқан, қазіргі Ресей, Қытай, Моңғолия, Тибет, Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Иран, Ирак, Сирия, Арабия және өзгеде елдермен шекаралас аймақтарды да қамтитын территорияда ірі мемлекеттер мен империялар құрған түркі халықтары ұзақ ғасырлар бойы осынау ұшы-қиырсыз кеңістікте өмір сүргендіктен аталған аймақтардың географиясы түркі топонимдеріне өте бай. Мысалы, тек «Такла» топонимі Қытайдан Балқан түбегіне дейінгі территорияда кең таралған. Қытайдың, негізінен Шыңжан (қытай тілінде - Хінжуан) Ұйғыр автономиялық ауданын да қамтитын Такла-маканның территориясы 300 мың шаршы шақырым. Ұйғырлардан оғыздарға дейін көптеген түркі текті халықтар өздері

өмір сүрген жерлерге осы атауды берген. Орта Азия республикаларында, Әзербайжан, Түркия, Иран және Арменияда (қазіргі уақытта бұл жердегі барлық түркі тарихи топонимдерін өзгертіп, армян тіліне бейімдеген) «Такла» топонимі көбірек таралған. Оның бұлай кең түрде таралуының басты себебі таклалықтардың ұзақ уақыт бойы Ұлы Жібек жолы бойында сақшылық қызметін атқарғаны болса керек. Жалпы алғанда, Ұлы Жібек жолы түркі елдерінің мыңдаған шақырымдық территориясын басып өткендіктен, түркі этногеографиясының топонимдік іздері осы жолдың координаттарында өзіндік көрініс тапқан.

Академик Б.А. Будагов 2006 жылы Түркі қағанатының «іздерін» кәдімгі географиялық картадан іздеп көргенін айтады. Ол үшін академик «*Малый атлас*» деген кітаптан Еуразия құрлығында Түркі қағанаты дәуірінен бері сақталып қалған топонимдерді, яғни елді мекендер мен тау, өзен, көл аттарын іздеген. Көзіне түскен түркі тектес топонимдерді көшіріп алған. Яғни оған түсініктілеуі: қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр, башқұрт, өзбек, түркімен, азербайжан тілдеріне ұқсас жер-су аттары. «Ең қызығы: олар көпшілік жағдайда бізге таныс түркі халықтарының тілінде сақталғанға ұқсайды», - дейді академик. Көпшілігі кәдімгі үндес топонимдер. Қай тілдік топқа жататынын мамандар анықтай алуға тиіс. Шыққан тектері түркі халықтарының тілімен қатар, парсы, моңғол, араб, орыс, қытай, угро-фин, үнді (*мысалы, «тамаша», «тоты құс» сияқты*) басқа тілдерден болуы мүмкін. Бұл топонимдерді екі топқа бөліп қарауға болады. Біріншісі – шартты түрдегі нақты түркі тектес топонимдер. Мағынасы қазақша түсінікті. Екіншісі – үндес топонимдер. Оның түркішеге ұқсас болғанымен, шын мағынасы бұлыңғыр, күмән туғызады. Сондықтан оларды екінші топқа жатқызады. Бұл топонимдерді картада қалай орыс тілінде жазылған, сол түрінде тіземіз де, жанына қазақша талдау береміз. Бұл тәсіл топонимдерді салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік береді.

АБАКАН (Хакасия, Россия) – *Аю қаны* (қала). АБЫШКАН (Новосибирь обл., РФ) – *Жабысқан* (көл). АЙ (Челябинск обл., РФ) – *Ай мүсінді/ Ай* (өзен). АЙДАР (Белгород обл., РФ) – *Айдар* (өзен). АЙДАРКУЛЬ (Өзбекстан) – *Айдар көл*. АЙДАРЛЫ (Қазақстан) – *Айдарлы* (село). АКБУЛАК (Оренбург обл., РФ) – *Ақбұлақ*. АКЖАР (Оренбург обл., РФ) – *Ақ жар*. АКЖАРКА (Оренбург обл., РФ) – *Ақ жар*. АККЕРМАН (Одесса обл., Украина) – *Ақ қырман* (бекініс). АККУДУК (Оренбург обл., РФ) – *Ақ құдық*. АККУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Ақ көл*. АКСАЙ (Волгоград обл., РФ) – *Ақ сай* (село). АКСАРАЙСК (Астрахань обл., РФ) – *Ақ сарай* (кент). АКСУ (Оренбург обл., РФ) – *Ақ су*. АКТАШ (Таулы Алтай, РФ) – *Ақ тас* (село). АК-ТАШ (Челябинск обл., РФ) – *Ақ-Тас*. АКТЮБЕ (Астрахань обл., РФ) – *Ақ төбе* (село). АКТЮБЕ (Челябинск обл., РФ) – *Ақ төбе* (көл). АЛАБУГА (Куйбышев обл., РФ) – *Өзенді бөгеп пайдалану/ Ала бұға*. АЛАКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Ала көл*. АЛАН (Иркутск обл., РФ) – *Орманда/ Алаң*. АЛБАШИ (Краснодар өлк., РФ) – *Алау, қызыл бас* (хутор). АЛТАЙ (Россия, Қазақстан) – *Алып тау*.

АЛТЫНАЙ (Свердловск обл., РФ) – *Алтын ай* (кент). АЛТЫНЖАР (Астрахань обл., РФ) – *Алтын жар* (село). АЛТЫН-ТАШ (Челябинск обл., РФ) – *Алтын-Тас*.

БАКЛАНДЫ (Новосибирь обл., РФ) – *Бақланды* (көл). БАЛАГАНСК (Иркутск обл., РФ) – *Бұлғынды* (кент). БАЛАЙ (Новосибирск обл., РФ) – *Балақай* (көл) БАЛАШИХА (Москва обл., РФ) – *Балашық* (қала). БАЛТА (Одесса обл., Украина) – *Балта* (қала). БАЛЧИК (Болгария) – *Балшық* (қала). БАЛЧУГ (Москва) – *Балшық* (көше). БАРЛАКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Борлы көл* (кент). БАРНАУЛ (Россия) – *Барна ауылы* (қала). БАРЫШ (Ульянов обл., РФ) – *Борыш, қарыз* (қала). БАСМАНОВО (Смоленск обл., РФ) – *Таңба басылған* (кент). БАХЧИСАРАЙ (Қырым, Украина) – *Бақша сарай* (қала). БАШКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Бас көл*. БЕЙСУГ (Краснодар өлк., РФ) – *Бейдің басы* (кент). БЕСКУДУК (Қазақстан) – *Бес құдық* (село). БЕШГЁЗ, Бешгиоз (Молдова) – *Бес көз* (село). БЕШТАУ (Ставрополь өлк., РФ) – *Бес тау* (тау). БИЮК-КАРАСУ (Қырым, Украина) – *Биік-Қарасу* (өзен). БОКАЛЫ (Новосибирь обл., РФ) – *Бақалы* (көл). БУДЖАК (Одесса обл., Украина) – *Бұл жақ* (кеңістік). БУЗУЛУК (Оренбург обл., РФ) – *Бұзаулық* (қала). БУЛГАН (Моңғолия) – *Бұлғын* (қала). БУРЛУК (Харьков обл., Украина) – *Бұрлық* (кент). БУРЛЯ (Оренбург обл., РФ) – *Борлы* (өзен). БУРЧАККУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Бұршақ көл*. ГЕЛЕНДЖИК (Краснодар өлк., РФ) – *Келіншек* (қала). ГИЗЕЛЬ-ДЕРЕ (Краснодар өлк., РФ) – *Қызыл дерек* (кент). ГУБЕРЛЯ (Оренбург обл., РФ) – */Гүрілді/ Гүбірлі* (өзен). ГУРЗУФ (Қырым, Украина) – *Зуфтың көрі* (кент). ГУРЭМИР (Самарқанд, РУ) – *Әмірдің көрі* (мавзолей). ДОНГУЗ (Оренбург обл., РФ) – *Доңыз, қабан* (кент). ДУРАКОВО, ДУРАШКОВО, ДУРАШКИНО (Қорған обл., РФ) – */Уақытша мекен, көл жағасы/ Тұрақ* ЕЛАБУГА (Татарстан, РФ) – *Ала бұға* (қала). ЕЛАНКА (Новосибирь обл., РФ) – *Жыланды* (өзен). ЕССЕНТЮКИ (Ставрополь өлк., РФ) – *Есен түкті, шәші* (қала). ЖАЛГА (Иркутск обл., РФ) – *Жылға* ЖАР-АГАЧ (Омбы обл., РФ) – *Жар-Ағаш* (ауыл). ЖАРГОМЫС (Новосибирь обл., РФ) – *Жары қамыс* (көл). ЖАРЛЫ (Оренбург обл., РФ) – *Жарлы* (шатқал). ЖЕТЫКОЛЬ (Оренбург обл., РФ) – *Жеті көл*. ЖИГУЛИ (Самара обл., РФ) – *Жегілген* (тау жотасы). ЖИЛАНДЫ-ТАУ (Оренбург обл., РФ) – *Жыланды-Тау*. ЗУР-ТАУ (Челябинск обл., РФ) – */Үлкен тау/ Зор-Тау*. ИЗМАЙЛОВО (Москва) – */Татар фамилиясы/ Исмаилов* (аудан). ИЛЕК (Оренбург обл., РФ) – *Елік* (село). ИМЕНТАУ (Челябинск обл., РФ) – *Емен тау*. ИСЕТЬ (Қорған обл., РФ) – *Иіс ет* (өзен). ИСИЛЬ-КУЛЬ (Омск обл., РФ) – *Есіл-Көл*. ИССЫК-КУЛЬ (Қырғызстан) – *Ыстық-Көл*. ИТКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Ит көл*. ИРТЯШ (Челябинск обл., РФ) – *Жер тас*. КАБАКЛЫ (Новосибирь обл., РФ) – */Тау беткейі/ Қабақты*. КАГАРЛЫК (Киев обл., Украина) – */Қараңғылық/ Қағарлық*. КАЗАКЛИЯ (Бессарабия, Молдова) – */Қазтабан/ Қаз ақлия*. КАЗАНКА (Николаев обл., Украина) – *Қазанды*. КАЗАНКИ (Қырым, Украина) – */Тағам ыдысы/ Қазаншық*. КАЗАНЛЫК



(Башкортостан, РФ) – **Қазандық**. КАЗАНЛЫК (Болгария) – **Қазандық**. КАЗАНЧА (Оренбург обл., РФ) – **Қазанша**. КАЗАТКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – **Атақаз көлі**. КАЗАХ (Әзербайжан) – **Қазақ (қала)**. КАИНКА (Новосибирь обл., РФ) – **Қайыңды (қала)**. КАИНСК (Новосибирь обл., РФ) – **Қайыңды (қала)**. КАЙНАР (Днестрдің көзі, Украина) – /Бастауы/ **Қайнар**. КАЙНАР (Шудың көзі, ҚР) – /Бастауы/ **Қайнар**. КАЛМАЦКОЕ, КАЛМЫКОВО, КАЛМЫШКИ (Қорған обл., РФ) – **Көлмек (көлдер)**. КАНАШ (Калининград обл., РФ) – **Кеңес (кент)**. КАНДАБУЛАК (Самара обл., РФ) – **Қандабұлақ (өзен)**. КАНТЕМИР (Молдова) – **Хан темір (қала)**. КАРАБАШ (Тюмень обл., РФ) – **Қара бас (тау)**. КАРАБАХ (Әзербайжан) – **Қара бақ (анклав)**. КАРАБУЛА (Краснояр өлк., РФ) – /Тұз/ **Қара бұла (село)**. КАРАБУЛАК (Ингушетия, РФ) – **Қара бұлақ**. КАРАБУРАНКЁЛЬ (Қытай) – **Қара боран көл**. КАРАБУТАК (Оренбург обл., РФ) – /Қара тармақ/ **Қара бұтақ (село)**. КАРАГАЙ (Таулы Алтай, РФ) – **Қарагай**. КАРАГАЙКУЛЬ (Челябинск обл., РФ) – /Ормандағы көл/ **Қарагай көл**. КАРАГАЙЛА (Кемеров обл., РФ) – **Қарагайла**. КАРАГАЙЛИНСК (Кемеров обл., РФ) – **Қарагайлы (кент)**. КАРАГАЧ (Қабарда-Балқар, РФ) – **Қара ағаш (село)**. КАРАГАШ (Омбы обл., РФ) – **Қара ағаш (ауыл)**. КАРА-ДАГ (Қырым, Украина) – /Көне жанартаулық массив/ **Қара-Даг**. КАРАКОЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – **Қара көл**. КАРА-КОРУМ (Сибирь, РФ) – **Қара-Қорым (қала)**. КАРАКУЛЬ (Омск обл., РФ) – **Қара көл**. КАРАМАЙ (Қытай) – **Қара май (қала)**. КАРАНДАШ (Челябинск обл., РФ) – (Графит) **Қара тас**. КАРА-ОЗЕК (Омск обл., РФ) – **Қара-Өзек**. КАРАПУЗ (Новосибирь обл., РФ) – **Қара мұз**. КАРАСЁВО, КАРАСИНСКОЕ, КАРАСИЧКИ, КАРАСЬЕ, КАРАСЫ (Қорған обл., РФ) – **Қара су (көл)**. КАРАСУ (Иран) – **Қара су (өзен)**. КАРАСУК (Новосибирь обл., РФ) – **Қара су (өзен)**. КАРАСУН (Бурятия., РФ) – **Қара су (өзен)**. КАРА-ТЕРЕК (Омск обл., РФ) – **Қара-Терек**. КАРАУЛ (Краснояр өлк., РФ) – **Қарауыл**. КАРАШАР (Қытай) – **Қара шахар**. КАРАЧИ (Новосибирь обл., РФ) – **Қараши**. КАСИМОВ (Рязань обл., РФ) – /Хан/ **Қасым қаласы**. КАРГА (Новосибирь обл., РФ) – **Қарға (көл)**. КАРМАКЛА (Новосибирь обл., РФ) – **Қармақила (село)**. КАРТАЛЫ (Челябинск обл., РФ) – **Қара талды (қала)**. КАТУНЬ (Таулы Алтай, РФ) – **Қатын (шуылдақ өзен)**. КАЧКАНАР (Свердлов обл., РФ) – **Қашқандар (қала)**. КАУРАК (Новосибирь обл., РФ) – **Құрғақ (өзен)**. КАЧУГ (Иркутск обл., РФ) – /Өзен иіні/ **Қашық (кент)**. КАШИРА (Москва обл., РФ) – /Қой қора/ **Қашар (қала)**. КАЯК (Краснояр өлк., РФ) – **Қайық (кент)**. КЕМЕР (Түркия) – /Жағасы/ **Кемер (қала)**. КЕМЕРОВО (Россия) – /Жағасы/ **Кемерлі (қала)**. КЕРБУЛАК (Иркутск обл., РФ) – /Далада/ **Кер бұлақ (кент)**. КЕРЕМЕТЬ (Самара обл., РФ) – /Тамаша/ **Керемет (кент)**. КИЗЕЛ (Пермь обл., РФ) – **Қызыл (қала)**. КИЗЛЯР (Дағстан., РФ) – **Қыздар (қала)**. КИПЧАК (Қырым, Украина) – /Половецтер/ **Қыпшақ**. КИРГИЗЫ (Самара обл., РФ) – /Қазақтар/ **Қырғыздар (шатқал)**. КИРЕЙ (Сибирь, РФ) – **Керей (өзен)**.

КИРЕНГА (Сибирь, РФ) – *Кір өзен (өзен)*. КИЧИ БАЛАТОН (Венгрия) – *Кіші Балатон (көл)*. КЛЮЧИ-БУЛАК (Сибирь, РФ) – *Бұлақ көзі*. КОБЫЛЬЕ (Қорған обл., РФ) – *Қабылық (жалғас көл)*. КОГАЛЫМ (Тюмень обл., РФ) – */Қоғалы/ Қоғалым*. КОКТЕБЕЛЬ (Қырым, Украина) – *Көк төбелі ел (кент)*. КОКЧЕТАВ (Қазақстан) – *Көкіе тау (қала)*. КОНДУРЧА (Оренбург обл., РФ) – *Құндызша (кент)*. КОНЕВО, КОНКИНО, КОНЬКОВО (Қорған обл., РФ) – */Түнеп аялдайтын жер/ Қон, Қоныс (көл жағасы)*. КОУНРАД (Қарағанды обл., РК) – *Қоңыр ат (кент)*. КОПЕТДАГ (Иран, Түркменстан) – *Көпет даг (көп таулар)*. КОПКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Көп көл*. КОШ-АГАЧ (Таулы Алтай., РФ) – *Қос-Ағаш*. КОШКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Құс көл*. КРЕМЕНЧУГ (Украина) – *Кірменшық (қала)*. КРЫМ, Кырым (Украина) – *Қырым (түбек)*. КУВАНДЫК (Оренбург обл., РФ) – *Қуандық*. КУГАЛЫ (Оренбург обл., РФ) – *Қоғалы (көл, село)*. КУДА (Сибирь, РФ) – *Құда (алқап)*. КУКУНУР (Сибирь, РФ) – *Көк нұр (көл)*. КУЙТУН-БУЛАК (Бурятия., РФ) – *Құйтұн-Бұлақ*. КУЛТУК (Иркутск обл., РФ) – *Қолтық (шығанақтағы кент)*. КУЛУН (Краснояр обл., РФ) – *Құллан (село)* КУЛУНДА (Алтай өлк., РФ) – *Құланды (село)*. КУМЕРТАУ (Башқортостан, РФ) – *Көмір тау (қала)*. КУМЛЫ (Новосибирь обл., РФ) – *Құмды (көл)*. КУМЫСНОЕ (Оренбург обл., РФ) – */Қымызды/ (село)*. КУНАШИР (Курил аралдары, РФ) – */Күн шығыс/ Күн ашар (арал)*. КУНБАТАР (Дағстан, РФ) – *Күн батар (тау)*. КУПИНО (Новосибирь обл., РФ) – *Көп көл*. КУРИЧАНКА (Қорған обл., РФ) – */Қурай жинайтын жер/ Қурайшы (село)*. КУРГАН (Россия) – */Құрғақ жер, суы жоқ/ Құрғаған (қала)*. КУРИЧЬЯ ДАЧА (Қорған обл., РФ) – */Қурайлы жер/ Қурайшы (орман)*. КУРМЫШИ (Қорған обл., РФ) – */Құрғақ жер/ Құрғаған (суы)/*. КУРТАМЫШ (Қорған обл., РФ) – *Құртамыш (өзен)*. КУРГАН-ТЮБЕ (Тәжікстан) – *Қорған-Төбе (қала)*. КУРТАМАК (Самара обл., РФ) – *Құр тамақ (өзен)*. КУРТАМЫШ (Қорған обл., РФ) – *Құртамыш (бұралқы өзен)*. КУЧУК-КАРАСУ (Қырым, Украина) – *Кіші-Қарасу (бұлақ)*. КУЧУКСКОЕ (Новосибирь обл., РФ) – *Күшік көл*. КУШАК (Оренбург обл., РФ) – *Құмы ұсақ (село)*. КУШУГУМ (Украина) – *Көшу құм (көшпелі құм)*. КЫЗЫЛ (Тува., РФ) – *Қызыл (қала)*. КЫЗЫЛУЗЕН (Иран) – *Қызыл өзен*. КЫЗЫЛ-ТАЙГА (Тува., РФ) – *Қызыл-Тайга*. КЫЗЫЛ-ТАУ (Оренбург обл., РФ) – *Қызыл-Тау*. КЫЗЫЛ-ТАШ (Таулы Алтай, РФ) – *Қызыл тас*. КЫЗЫЛ-ЯР (Қырым, Украина) – *Қызыл-Жар*. КЫШТОВКА (Новосибирь обл., РФ) – *Қыстау (Қыстақ)*. КЫШТЫМ (Челябинск обл., РФ) – *Қыстақ*. ЛАЙТАМАК (Тюмень обл., РФ) – *Лай тамақ*. МАМАЕВ КУРГАН (Волгоград обл.) – */Хан/ Мамай қорғаны*. МИАСС (Челябинск обл., РФ) – */Асты батпақ/ Ми асты (қала)*. МОЙНАК (Қарақалпақстан, УР) – *Мойнақ*. МУЙНАК (Новосибирь обл., РФ) – *Мойнақ*. МОЙНАКИ (Қырым, Украина) – *Мойнақ*. НАРЫН-ХУДУК (Калмыкия, РФ) – *Нарын-Құдық*. САЗДЫ (Оренбург обл., РФ) – *Сазды*. САЙГУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Сай көл*. САЙЫЛЫК (Якутия, РФ) – */Жазғы мекен/ Саялық*. САКИ (Украина)

– /*Көне түркілер/ Сақтар*. САМАРА (Россия) – /*Семіз/ Самар* (өзен). САМАРКАНД (Өзбекстан) – *Семіз кент* (қала). САНДЫКТАУ (Ақмола обл., ҚР) – *Сандық тау* САНДЫК-ТАУ (Оренбург обл., РФ) – *Сандық-Тау*. САПУН-ГОРА (Қырым, Украина) – *Сабын-Тау*. САРАПУЛ (Удмуртия., РФ) – *Сары пұл*. САРАТОВ (Россия) – *Сары тау* (қала). САРБАЙ (Куйбышев обл., РФ) – *Сары бай*. САРАБАЛЫК (Новосибирь обл., РФ) – *Сары балық*. САРБАЛЫК (Новосибирь обл., РФ) – *Сары балық*. САРГУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Сары көл*. САРЫБАЛЫК (Новосибирь обл., РФ) – *Сары балық*. САРЫКАМЫШ (Түркия) – *Сары қамыс*. САРАКАМЫШ (Оренбург обл., РФ) – *Сары қамыс*. САРЫ-СУ (Қырым, Украина) – *Сары-Су*. САСОВО (Рязань обл., РФ) – *Сасық сазды*. САСЫК (Қара теңіз бассейні, Украина)

ТАШКАЗГАН (Челябинск обл., РФ) – *Тас қазған*. ТАШКЕНТ (Өзбекстан) – *Тас кент* (қала). ТАШЛА (Оренбург обл., РФ) – *Таста* (өзен). ТАШЛАМА (Самара обл., РФ) – *Тастама*. ТАШЛЫКИ (Ярослав обл., РФ) – /*Жері/ Тасты*. ТАШЛЫК (Черкасск обл., Украина) – /*Жері/ Тасты*. ТАШЛЫК (ПМР, Молдова) – /*Жері/ Тасты*. ТАШЛЫК (Кировоград обл., Украина) – /*Жері/ Тасты*. ТАШЛЫ (Татарстан, РФ) – /*Жері/ Тасты*. ТАШТАГОЛ (Кемеров обл., РФ) – *Таста көл*. ТЕМИРТАУ (Кемеров обл., РФ) – *Темір тау* (қала). ТЕМРЮК (Краснояр кр., РФ) – *Темір уық*. ТЕРЕК (Қарашай-Балқар, РФ) – *Терек*. ТЕРЕКЛА (Оренбург обл., РФ) – *Теректі*. ТЕРЕНКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Терең көл*. ТЕРЕН-КУЛЬ (Оренбург обл., РФ) – *Тереңкөл*. ТЕРЕНСАЙ (Оренбург обл., РФ) – (*Шатқал*) /*Тереңсай*. ТОБОЛ (Қорған обл., РФ) – /*Көп сулы, жайылма/ Толы бол* (өзен). ТОКМАК (Запорожье, Украина) – *Тоқпақ* (қала). ТОЛМАЧЁВО (Ленинград обл., РФ) – *Тілмаш елі* (село). ТОЛМАЧИ (Тверь обл., РФ.) – *Тілмаштар* (село). ТУЗЛУК (Оренбург обл., РФ) – *Тұздық*. ТУНГУЗ (Самара обл., РФ) – *Тұңғыз* (көл шатқалы). ТУРАН (Тува, РФ) – *Тұран*. ТУРФАН (Қытай) – /*Сортаң/ Тұрпан* (өлке). ТЮМЕНЬ (Россия) – *Төмен* (қала). УБАГАН (Қорған обл., РФ) – /*Ұсақталған/ Ұбаған*. УЗУНГУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Ұзын көл*. УЗУНКОЛЬ (СҚО, Қазақстан) – *Ұзын көл*. УЛУКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – *Ұлы көл*. УЛЬКАН (Иркутск обл., РФ) – *Үлкен* (жаға). УНЖА (Кострома обл., РФ) – *Ұнша* (өзен). УРАЙ (Тюмень обл., РФ) – *Орай*. УРАЛ (Россия) – /*Белдік, оралған тау сілемдері/ Орал* (таулар) УРЕНГА (Челябинск обл., РФ) – *Үйеңкі* (қала). УРЕНЬ (Нижегород обл., РФ) – *Айран*. УРМАН (Красноярск өлк., РФ) – /*Қылқанжапырақты/ Орман*. УРМАНЬ (Тернополь обл., Украина) – /*Аралас/ Орман*. УРУП (Қарашай-Шеркесия, РФ) – *Үріп* (өзен, кент). УРУП (Курил аралдары, РФ) – *Үріп* (арал). УРУС-КУЛЬ (Челябинск обл., РФ) – *Ырыс-Көл*. УСУН-КЮЕЛЬ (Саха-Якутия, РФ) – *Ұзын көл*. УФА (Башқортстан, РФ) – /*Уба, төбе/ Оба* (қала). УЧ-КУДУК (Өзбекстан) – *Үшқұдық* (қала). УЧМА (Ярославль обл., РФ) – *Үшпа*. УШ-ТУРФАН (Қытай) – /*Үш сортаң/ Үш-Тұрпан*. ХАЙРАНКУЛЬ (Челябинск обл., РФ) – *Қайран көл*. ХАРЫК-ТАУ (Оренбург обл., РФ) – *Қарық-Тау*. ЧАБАКЛЫ (Новосибирск обл., РФ) – *Шабакты*. ЧАБАН (Житомир обл.,

Украина) – /Қойшы/ **Шабан**. ЧАБАНОВКА (Закарпат обл., Украина) – /Қойшы/ **Шабан**. ЧАБАНСКОЕ (Одесса обл., Украина) – /Қойшы/ **Шабан**. ЧАБАНОВО (Винница обл., Украина) – /Қойшы/ **Шабан**. ЧАБАНОВ (Адыгей, РФ) – /Қойшы/ **Шабан**. ЧАБАНСКИЙ (Саратов обл., РФ) /Қойшы/ **Шабан**. ЧАРА (Иркутск обл., РФ) – **Шара**. ЧАРСК (ШҚО, Қазақстан) – **Шар** (қала). ЧАТЫР-ДАГ (Қырым, Украина) – **Шатыр-Даг** (тау). ЧЕБАРКУЛЬ (Челябинск обл., РФ) – **Шұбар көл**. ЧЕЛБАС (Краснодар өлк., РФ) – /Ожау су/ **Шел бас**/. ЧЕРКИЗОВО (Москва) – /Татар есімінен/ **Серкиз**. ЧЕТЫРЛА (Самара обл., РФ) – **Шытырла**. ЧУЛПАН (Самара обл., РФ) – **Шолпан**. ЧУРТАНДЫ-ТАУ (Оренбург обл., РФ) – **Шортанды-Тау**. ШАРЛЫ-КУЛЬ (Оренбург обл., РФ) – /Сазды көл/ **Шарлы-Көл**. ШЕРБАКУЛЬ (Омск обл., РФ) – **Шарбақ көл**. ШОПТЫКУЛЬ (Новосибирск обл., РФ) – **Шөпті көл**. ЫТЫК-КЮЕЛЬ (Якутия, РФ) – **Ыстық-Көл**. ЭДЕЛЬБАЙ (Ставрополь өлк., РФ) – **Еділ бай**. ЭЧКИ-ДАГ (Қырым, Украина) – **Ешкі-Даг** (тау). ЮРМА (Челябинск обл., РФ) – **Журме**. ЯБУЛАКТАШ (Челябинск обл., РФ.) – **Жапалақ тас** (тау). ЯЛАНКУЛЬ (Новосибирь обл., РФ) – **Жалаң көл**. ЯМАНЬ (Воронеж обл., РФ) – **Жаман**. ЯМАНЬ (Липецк обл., РФ) – **Жаман**. ЯРКЕНД (Қытай) – **Жаркент** (қала). ЯРКУЛЬ, Яргуль, Ярголь (Новосибирск. обл., РФ) – **Жар көл**. ЯШКУЛЬ (Қалмақстан., РФ) – **Жас көл**. Әрбір түркі тектес халықтар мен ұлыстардың тілінде ұлттық және диалектикалық ерекшеліктері бар екені баршаға аян. Біздің сөздеріміздің о баста шыққан тегі бір, бірақ олардың өзгерістерге түскеннен кейінгі, қазіргі айтылуы әрқилы. Менің ойымша, солардың ішіндегі ең «тазасы» және барынша әмбебап, бесасабы – қазақ тілі. Бауырлас түркиялық тіл мамандары мен сала ғалымдары да осындай пікірде екен. Көршілес ірі мемлекеттердің идеологиясының әсерімен, тіпті олардың отаршылдық саясатының ықпалымен Қазақстанда көптеген елді мекендер мен жер-су аттары бұрмаланды.

Бұл аз ғана мысалдардың өзі топонимдердің шын мәні тек алғашқы балама аттарында ғана екендігін дәлелдейді. Топонимдер де бізге археологиялық жәдігер сияқты төл тарихымызды толыққанды түсінуге және жалтақтамай дәріптеуге негіз береді, жәрдемдеседі. Жер-су аттарына зер салсақ, түркі тайпаларының ежелгі заманда тек қана Алтай мен Орал таулары етегінде ғана емес, одан да әрі Сібір мен Байкал ормандарында, Қиыр Шығыста да өмір сүргендігіне көзіміз жетеді. Бұл Ұлы көш қашан басталды? Қашан толастады? Шыңғыс Айтматовтың айтуынша, қырғыз ағайындар Енесай мен Байкалды мекен еткен екен. Бүгінгі көршілес Қазақстан мен Ресейдің Кедендік одақ құрып, одан соң Ортақ Экономикалық Кеңістік жасап жатқандығының терең тарихи себебі бар сияқты. Мұндай күтпеген геосаяси өзгерістерге халықтары да наразылық көрсетіп отырған жоқ. Сондықтан Еуразия кеңістігін түркі-славян халықтарының ежелгі ортақ кеңістігі деп санауға топонимикалық тұрғыда толық негіз бар екендігін айта аламыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мақала «Еуразия топонимдері түркі тайпаларының бүкіл алып құрлықта өмір сүргенінің дәлелі», Ахмет Дүйсенбаев, Егемен Қазақстан, 2014ж.
2. Жаваншир Фейзиев «Түрк әлемі»
3. Лев Гумилев «Ежелгі түркілер»
4. Кляшторный С.Г «Түркі тайпаларының ежелгі тарихи мәселелері»
5. Фарук Сумер «Оғыздар, түркімендер»

## ӘОЖ 81-33

### КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

*Ибадуллаева Т.К.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің 2-курс магистранты*

*Аңдатпа. Каспийдің түпкі мағынасы Қас би. Ол өз кезегінде Қаз бидің (Қазақтың) лақап аты, яғни синоним. Сонда Қаз дегеніміз бүкіл әлем елдері мәдениетінің ең биік шыңы болса, Қас деген сөз кез-келген ұғымдардың ең биік шыңы. Оның аржағында ештеңе жоқ. Қазақтың сөздік қорындағы Қас Сақ, Қас батыр, Қас мерген, Қас ақын, Қас шешен, Қас тұлпар, Қас дүлділ, Қас шебер, Қас қағым, Қасым (бай, хан, жан), Қас қыр (нағыз биіктік), Қасқыр (тұқымы құрымайтын, қолға үйренбейтін, қамап қойсаң айға қарап ұлитын, тек қана етпен коректенетін тұз тағысы, балама есімі Бөрі (Көк Бөрі), әлем билеушісі әйгілі Шыңғыс қағанның тегін Бөржігін (Бөрі жігі (руы) дейтіндері осыдан.*

*Ал, БИ деген сөздің мағынасы баршамызға белгілі болса керек. Шынында да, ең бірінші тілі шыққан елдің Қас би атанбай басқаша аталуы мүмкін де емес қой. Бұл дауға жатпайтын тұжырым. Ежелгі қазақтар жақсылыққа жарысудан алдарына жан салмай, яғни бәйгеден келіп осындай ең құрметті атауларға ие болған.*

***Кілт сөздер:** Каспий, Гирқан, теңіз, атау, кассит.*

Каспий атауы, Каспий теңізімен белгілі. Каспий теңізі ежелгі карталарда да, тарихта да кездеседі. Каспий теңізін басқаша атағандар да бар. Мысалы, гректер – Үрқан теңізі деп, римдіктер – Гирқан теңізі деп, парсылар – Гурган теңізі деп, кейін, Хазар дариясы деп, арабтар – Қазуин теңізі деп атаған. Кей мезетте: Баху, Сала, Хуарезм атымен Хуалинс теңізі деп те аталған. Мұндағы, Хурсан (Үрқан, Гирқан, Гурган) – бұл Каспийдің оңтүстігінде орналасқан қала атауы, ежелгі парсы тілінен шыққан сөз дейді, мағынасы «қасқыр» дегенді білдіретін. Бұл көне түркілік «Гөрқан» деген сөзге де ұқсайды, мағынасы «ұлы хан, хандардың ханы» деген, мысалы Әмір Темірді «Гөр Әмір» деп атаған, яғни «Ұлы Әмір».

Еуропалық тарихшылардың ескі жазбаларында: «Қаспий (Caspīy) аты, сол Қаспий теңізінің жағалауында тұратын ежелгі Қас (Cas) тайпасының атымен аталған»-делінген. Тағы бір еуропалық деректе, «Қаспий теңізінің оңтүстік-батыс жағында Қас (Cas) деген тайпа тұрады»-делінген (ежелгі римдіктер латын тілінің «С» әрпін әдетте қатты «к», яғни «Қ» дыбысы үшін қолданған; мысалы, Caesar сөзін Қайсар деп оқыған).

Бұл, ежелгі Қас деген кім екен? Қас халқын, үнді-еуропа халқынан да ежелгі халық деп санаған. Эрнст Герзфелд, неміс археологы, «каспий» атты халықты ежелгі кассит (kassite/cassite) халқымен сәйкестендірген. «Бұл кассит халқы, Вавилон Империясы құлағаннан кейін, б.д.д. 1531 – б.д.д. 1155 жылдары Вавилонды басқарды, осы кезеңде Вавилон халқы тұңғыш рет ат және арбамен танысты» деген дерек бар.

Элефантин папирусындағы жазба бойынша, б.д.д. V – ғасырда, Иран Мысыр елін билеп тұрғанда, әскері қатарында «каспий» халқынан «дегел» (әскер тобы) болған.

Пиер Грело (Pierre Grelot), Францияның католик діншісі, Египеттен табылған ежелгі арамейлік папируста да «каспай» аты кездеседі – деген. Және, «каспий» халқы туралы, Геродот, Страбон, рим географы Pomponius Mela (I-ғ.), рим жыршысы Gaius Valerius Flaccus (I-ғ.), авторы белгісіз «Historia de via Hierosolymitana» атты жыр кітабы (X-ғ.) жазбаларында кездеседі.

1636-жылғы Микрокосмос кітабында: «Қаспиан (Caspian) теңізінің атауы, Қаспий (Caspīj) атымен аталған, ол Скузиа (Scythia / Скифия) елінің халқы» – делінген. Аталған Скифия елінде түрік тайпалары мекендегені тарихтан белгілі.

Грек тарихшысы Страбон: «Албан халқының елі де Қаспий деп аталатын территорияға жатады, бұл атау да теңіз аты сияқты, сол жерде тұратын Қаспий тайпасы атымен аталған. Бірақ, ол тайпа қазір ол жерде жоқ»-деген. Бұл жерде, Каспийдің батыс жағындағы Албан елін айтқан болу керек. Ол жер, келесі картадағы, Казахия мен Каспий теңізі арасы (ал, Албан мен Алан бір болса, онда осы жердің өзі):

Касогия (Айтылған Албан жері қазіргі Әзірбайжан жерінің солтүстігі. Бұл Албан мен қазақ ішіндегі Албан руы бір болса керек, себебі бұл Албан аталған жердің батысына қарай Суан деген жер болған. Суан да Албан шыққан рудан, кездейсоқ сәйкестік болмас. Және де, қызығы, Олжас Сүлейменов кітабынан: «ертеде бұл жермен Жібек Жолы жүріп жатқанда, қытайлықтар «Албан» атын, тілдері келмей «азе-бай-жен» деп айтатын болған»...) Ал, келесі картада, осы аймақта, Касйұрт (Кас жұрт) және Кас бек (Касоқ?) деген мекендер көрсетілген: Осы Касбек аймағында, қазіргі Грузия жерінде, Каспи деген қала бар. Грузиндерде «Картли патшаларының өмірі» деген көне кітап бар екен, оны XI ғасырда, грузиндік тарихшы әрі епископ Леонти Мровели жазған дейді. Ол кітапта, атам заманнан V ғасырға дейінгі деректер жиналған. Осы кітаптағы деректер бойынша:

- Каспи қаласының аты, (жоғарыда аталған) ежелгі Албан елінің Каспи деген тайпасының атымен аталған;

- Каспи қаласын, біздің дәуірімізге дейінгі XXIV-ғасырда, Йафеттің Мухетос Уплос атты шөбересінің баласының бұйрығымен салынған, яғни Йафеттің шөпшегі салдырған.
- Бұл қала орналасқан ел – Картли деп аталады екен, кітапта ол туралы: халқы Картлостың ұрпағы, ол Таргамостың ұлы, ол Таршистің ұлы, ол Йафеттың ұлы, ол Ной (Нұһ Пайғамбар) ұлы.

Қазір грузиндер осы Картлостың ұрпағымыз дейді... (Қазақтар Каспий теңізін «Қарт Каспий» деп атайды, қатысы бар ма екен?)

«Страбон Қас тайпасын, қазір ол жерде жоқ дейді, олар Каспийдің оңтүстігіне қарай көшкен шығар, себебі, ол жақта Каспий Қақпасы деген жер бар» – дейді зерттеушілер.

Келесі деректерде, Каспий теңізінің оңтүстігінде Каспий мекені және Кас хан қаласы, оңтүстік-шығысында Кас (Kath) деген қала көрсетілген.

Бұл, жоғарыдағы екі картадағы Касхан мен Гирқан қалалары бір аумақта орналасқан, бір болуы мүмкін. Сол жақ картада Қасуин (Қасбин) деген қала тұр, осыған сәйкес Қазуин атымен арабтар Каспий теңізін атаған. Қасуин қаласы да – Каспий теңізінің оңтүстігіндегі Қас тайпасы атымен аталған, қазіргі атауы Qazvin. (Жоғарыда айтылған «Каспий» тайпасы мен осы «Қас» тайпасы бір, себебі екеуін де Каспийдің оңтүстігінде деп тұр.)

Қазалы. Бұл, 1450-жылғы Фра Мауро картасы. Каспий теңізінің шығысында Қасали деген қала көрсетілген, қазіргі Қазалы, ол «Қас елі» атауынан болса керек. Каспий теңізінің солтүстігіне қарай, Еділ өзенінің бойында Қазан (Casan) қаласы орналасқан. Бұл қала аты, «қазан» атынан ба, «Қазан хан» атынан ба, әлде «Қас-ан» (Қас елі) деген сөзден бе, әзірге белгісіз. Қаланы Қазан хан салды деген дерек жоқ, және «қала ыдыс атымен аталды» деген сенім тудырмайды. Сондықтан, Қас-ан (Қас елі) деген ақылға қонарлық...

Арал. Бұл 1730-жылғы картада, қазіргі Арал теңізі - «Қас көлі» деп тұр (картаның солтүстігі сол жақта). Осылайша, Каспий теңізінің айналасында, төрт жақ бағытында, Қас атты халық тұрғаның білдік. Бірақ, бастапқы тұрған жері беймәлім...

«Қас» атауын тереңірек іздеу үшін, бұрын «Қас көлі» аталған Арал теңізін қарастырайық. Арал теңізі ежелгі карталарда да, тарихта да кездеспейді, тек орта ғасырдан белгілі бола бастаған. Және де, неге «көл» емес «теңіз» деп аталған?

Ғалымдардың айтуы бойынша, Каспий мен Арал ертеде біртұтас теңіз болған. Каспийдің тартылуынан және оған құйып жатқан Амудария өзенінің (аңғарының) бұрылуынан, Каспийден бөлініп Арал теңізі пайда болған. Сол себептен де шығар, Аралға «теңіз» атауының сақталып қалғаны. Ал, «арал» атауының мағынасы «арыл» сөзінен шығар, яғни арылған, бөлінген деген мағынада, әлде «Ар ел» ме екен..?

Амудария өзенінің бұрылуы туралы мынадай деректер бар: «1221-жылы, Көне Үргенші қамалын алу үшін, Шыңғыс Ханның ұлы, Амудария өзенінің аңғарын бұрып, қаланы сусыз қалдырғысы келген...». Оны іске

асырды ма жоқ па, белгісіз. Осыған ұқсас дерек: «Үргенші қаласын алу үшін, Батыр-Хан, Амудария өзенің платинамен бітеп, аңғарын бұрды» деген.

1713 жылдың күзі, Түрікмен дипломаты өзін Қожа Нефес деп таныстырды: «Амудария дейтін өзен бар. Қазір солтүстіктегі Арал теңізіне құяды. Ал осыдан он шақты жыл бұрын ғана бұл дарияның арнасы мүлдем басқаша еді, ол Каспий теңізіне құятын. Хиуа әмірлігін жаулап алған қоңырат тайпасы және тәжік аристократтары Амудария өзенін бел ортасынан буып, үлкен бөген жасады».

Қазіргі Амудария өзені, грек тарихшылары жазбаларында «Охуз» деп белгіленген. Оны, латын тіліне «Oxus» (Оксус/Окс) деп қолданысқа енгізген. 1616-жылғы Бертиус картасында, Амудария өзені Огус (Ougus) деп анық жазылған.

Огус. Ал, 20-ғасырға дейін, Арал теңізін де жергілікті халқы «Оғұз» деп атаған! Ол туралы, неміс географы Риттер де жазбаларында қалдырған. Жоғарыда, ең бірінші тұрған, Брокгауз және Йефрем картасында да Арал теңізін «Окс көлі» деген. Демек, Арал мен Каспий ертеде бір теңіз болғасын, екеуінің де аты бір, Оғұз теңізі болғаны ғой! Жоғарыда, екеуі де «Қас» атымен аталып тұр! Яғни, жоғарыда айтылған «Қас, Окс, Оксус» деген атаулар – ол «ОҒЫЗ/ОҒҰЗ» деген!

Жоғарыда, Қас атына «бек, хан» деген титул қосылып жазылған жерлер болды, бұдан Қас – ол ел билеуші адам аты екенің білеміз. Олай болса, Каспий аты – Қас бій, яғни Оғыз бій дегенді білдіреді. «Бій» деген, қазақта әділет шешім қабылдаушы адам және Ел билеушісі. Тарихтан белгілі, барлық түрік жұртының Ұлы көшбасшысы – Оғыз Қаған, әділет үшін, оны орнату үшін күрескен, шығыс пен батысты шарлаған, әлемді билеген. Оғыз Хан, Әбілғазы Баһадүр Хан шежіресі бойынша, шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 2800-жылдары өмір сүрген. Геродоттың тарихы бойынша, «скифтердің» алғашқы ханы б.д.д. 2500-жылдары өмір сүрген. Ал, жоғарыда Леонти айтқан Каспи қаласын б.д.д. 2400-жылдары салынды деп тұр. Жылдары жуық, сәйкестік бар!

Шежіре бойынша: «Оғыз хан Қара ханның ұлы, ол Моғұл хан ұлы, ол Аланч хан ұлы, ол Күйік хан ұлы, ол Диб Бақұй хан ұлы, ол Елжа хан ұлы, ол Таунақ ұлы, ол Түрік ұлы, ол Йафет ұлы, ол Нұһ Пайғамбар ұлы». Бұл жерде, Оғыз ол Йафеттің 9-шы буын ұрпағы, ал Леонтидің айтуы бойынша Каспи қаласын Йафеттің 4-ші буын ұрпағы салды, араларында шамалы сәйкессіздік бар (Леонти, «баласының баласының баласы» деп көпше түрде жазды ма екен?)...

Оғыз Қаған мемлекетін, арабтар Әл-Ғузиа деп, гректер Схузиа деп атаған, қазір «Скифия» деп аталып жүр. Ал, айтылған деректерге сүйенсек, қазақтар мен римдіктер Оғыз атын «Қас» деп атаған екен. «Қазақ / Қассақ» сөзінің түбірі «ОҒЫЗ» болғаны...

«Скиф» атын «шаһ» деп парсылар атаған. Шаһ сөзі – парсы тілінде Ел билеуші, Патша дегенді білдіреді. Қазақтың, «скиф»ті - «сақ» деп атауы, осы «шаһ» сөзінен шыққан.



Олай болса, «Бій» титулының екі мағынасы болғандықтан, «Қас бій» атының «Қазақ» аталуының екі варианты бар:

1) Бій сөзі – Ұлы билеуші мағынасында: парсы және араб мәдениеті келген кезде, «бій» орнына «шаһ» атауы қолданған болса, онда Қас шаһ атынан Қас сақ аталуы мүмкін... Бірақ, бұл заманда «хан» атауы болғандықтан, «шаһ» атымен аталды деген толық сенім тудырмайды...

2) Бій сөзі – Әділдік орнатушы мағынасында: «бій» атауының орнына «Һақ» сөзі қолданып, Қас Һақ атынан Қазáқ аталуы мүмкін. «Һақ» сөзінің мағынасы «Құдайдан келген ақиқат» деген. Бұл атаудың Оғыз Хан тарихына байланысы бар болғандықтан сенім тудырады. Мысалы, «Һақ» сөзі ҚАСЫМ ұлы ҺАҚ Назар хан атында қолданылған. «Һ» дыбысы қазақ тілінде көбінесе дыбысталмай екпінмен айтылады, мысалға «АллаҺ» сөзін «Алла́» дейміз).

Қорытындылай келе, Каспий атауы – «Қас Бій» атынан, оның мағынасы «Оғыз Бій» екенін анықтадық, яғни «Оғыз Хан – Әділет Орнатушы»!

Сонда, «Қарт Каспий» дегеніміз «қазақтың Атасы» екен ғой...

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ә. Бейсенова, А. Самақова, Т.Есполов, Ж. Шілдебаев, Экология және табиғатты тиімді пайдалану, Алматы. – 2004,328 бет.
2. А. Г Қасымов Каспий теңізі. – Л., 1987 ж.
3. «Каспийдің алуан аты бар» мақала, Д. Жүнісов, Қазақ әдебиеті сайты, Талдықорған. – 2018ж.

УДК 801.732

### МӘДЕЛІҚОЖА ЖҮСІПҚОЖАҰЛЫ – АЙТЫС ӨНЕРІН ДАМУШЫ

*Аманқосова С.Е.,*

*Ш. Есенов атындағы КТИУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: Абишева Ш.С.*

Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы шығармалары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында-ақ жариялана бастағанымен, көп уақыт бойына зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Ақын шығармашылығы туралы алғаш рет тұшымды пікір айтқан ғалым-жазушы М.Әуезов болды [1].

Қаратау өңірінің зерттелмей жатқан Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Молда Мұса Байзақұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Ергөбек Құттыбайұлы, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы сынды шайырларының мұрасын іздестіріп, жинап, зерттеуде әдебиеттанушы ғалым Ә.Оспанұлының еңбегі зор [2]. Десек те, ғалым бір ғана Мәделіқожа шығармашылығын жеке-дара қарастырған жоқ. Сол себепті ақынның шығармашылығы толыққанды арнайы зерттелді деп айта алмаймыз.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде эпостық жырлардан соңғы көлемі жағынан көбі де, әлеуметтік шындықты терең ашу жағынан көрнектісі де – «Айтыс» жанры. Міне, айтулы ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының кезең тақырыбын тереңнен қозғаған терме-толғау, заманындағы би-болыстардың елге көрсетіп отырған құйтырқы әрекеттерін сынап айтқан арнауларымен қатар, шығармашылығында айтыс жанры мен сөз қағысулары да елеулі орын алады.

XX ғасырдың алғашқы жартысында айтыс өнерінің әлеуметтік мәнін ашып көрсеткен қадау-қадау пікірлер А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш», Х. Досмұхамедұлының «Аламан» еңбектерінен бастау ала отырып, М. Әуезов «Айтыс өлеңдері», «Совет ақындарының айтысы», С. Мұқанов «Айтыстар туралы» ғылыми мақалаларында жүйелі түрде жазылады. Бұл зерттеулердің барлығы айтыстың өміршең екендігін, күнделікті өмірге тікелей қатысы бар жанр ретінде, халық мүддесінің насихаттаушысы әрі оның жоқтаушысы ретінде танылатындығын тілге тиек етеді.

Айтыс өнері туралы XX ғасырдың алғашқы кезеңдерінде айтылған осы мәндес пікірлер кеңестік дәуір тұсында да үзбей жалғасып, ғалымдардың келелі пікір, ғылыми пайымдауларына арқау болды.

Ауыз әдебиетінің арналы саласы ретінде айтыс өнері қашанда әдебиетші ғалымдар назарын аударып отырды. Айтыстың жанрлық, мазмұндық, көркемдік, тілдік, синкреттік қырларын ашып көрсетуде зерттеушілеріміз аз жұмыс жасаған жоқ.

Жоғарыда келтірілген алыптар тобы қатарында С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Ғ. Мүсіреповтердің ақындар айтысы туралы айтқан келелі пікірлері де аталмыш жанр табиғатын жан-жақты аша түседі. Айтыс тақырыбына қатысты зерттеудің ғылыми өрісі Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, Қ. Жұмалиев, С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Ш. Елеукенов, С. Қасқабасов, С. Садырбаев, К. Сейдеханов, Е. Тұрсынов, Н. Төреқұлов, А. Сейдімбеков, Қ. Сыдиқов, Х. Сүйіншәлиев, Б. Әбілқасымов, М.Жармұхамедұлы сияқты ғалымдар еңбегінде жалғасын тауып отырды.

Біз сөз еткелі отырған Мәделіқожа айтыстарындағы басты ерекшеліктің бірі – оның ұлттық рухтың сақталуына деген айрықша назар аударуы және айтыс арқылы өз заманындағы қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді көтеруі, халықты бірлікке, әділеттілікке шақыруы. Оның айтыстарында халықтың өміріне тән дәстүрлер мен рухани мұралар терең сипатталады.

Ақынның Ұлбикемен айтысы, Майлықожамен айтысы, Ұлбике мен жеті қожаның айтысы халық аузында сақталып, бүгінгі күнге жеткен құнды мұра. Ұлбике (шын аты Ұлжан) – қазақтың тұңғыш әйел айтыскерлерінің бірі. Ол өзінің айтыс өнеріндегі тапқырлығы мен шеберлігі арқылы бүкіл қазақ халқына таныла бастады. Ұлбике өз кезеңінде тек айтыс өнерімен ғана емес, әйелдердің қоғамдағы орнын, олардың қадір-қасиетін дәріптегендігімен де ерекше болды. Ұлбике айтыстары халықтың рухани мұрасы мен мәдениетін көтеруде айрықша рөл атқарды. Оның ақындық болмысы – нәзік әрі өткір, шеберлігі жоғары әрі терең философиялық ойларға негізделген. Мәделіқожа

мен Ұлбике арасындағы айтыс тек бір-біріне сөз қайтарумен ғана шектелмейді, ол екі ақынның да қоғамдық көзқарасын, моральдық-этикалық тұрғыдағы ұстанымдарын ашуға бағытталған жұмбақ айтыс болып табылады.

Айтыс кезінде жұмбақ қою дәстүрі – қазақ ауыз әдебиетінің бай элементі. Ақындар бір-біріне жұмбақ қойып, оның шешімін табуға тырысады. Мәделіқожа мен Ұлбике арасындағы жұмбақ айтысы да дәл осындай бір ерекше өнер туындысы болып табылады. «Айтатын осындайда жұмбағым бар, Күрмеуді шеше алмаған арқанды үзер,»-деп Мәделіқожа өзінің қарсыласы Ұлбикеге мынадай жұмбақ қояды:

«Қанаты жоқ құс, жүзі жоқ су,  
Құйрығы жоқ аң, сүңгісі жоқ балық қандай?» [3]

Бұл жұмбақтың шешімі – ақындық өнер немесе сөз. Яғни, Мәделіқожа өзінің айтыс өнерінде жұмбақ қою арқылы қарсыласына «сөздің» қаншалықты күдіретті әрі ерекше екенін меңзейді.

Ұлбике болса, Мәделіқожаға қарсы өзінің жұмбағын қояды:

«Бір көз, екі құлақ, төрт ауыз,  
Алты саусақ, бес ұрты бар қандай?» [3]

Бұл жұмбақтың шешімі – адам. Яғни, Ұлбике адамның барлық мүшелері мен қасиеттерін сипаттай отырып, оның мінез-құлқы мен ішкі жан дүниесіне байланысты терең ойлар айтып отыр.

Әуелгі ел мен жұрттың тегі бар ма,  
Аспанның керегесі, шегі бар ма?  
Тағы да ауыл көшсе мекендейтін

Құдайдың жер астында жері бар ма? [3] – деген Ұлбикенің сұрағына Мәделіқожа:

Екі айдың батар, шығар екі ортасы,  
Айтайын сен білмесең, үй арасы,  
Айта жүр, сұрай қалса, ел-жұртыңа

Болмайды жер мен көктің шекарасы,[3]-деп бірден жауап береді. Осылайша, Мәделіқожа мен Ұлбике арасындағы жұмбақ айтысы қазақ халқының көркем сөз өнерін, ақындық шеберлікті, ойлау тереңдігін дәріптейді. Бұл айтыс арқылы екі ақын да өздерінің ақындық өнерінің қуатын, шығармашылық қабілеттерін паш етіп, халыққа рухани бай мұра қалдырады.

Келесі бір айтыс – Мәделіқожа мен Майлықожаның айтысы. Бұл айтыс оқиғаға негізделген, Мәделіқожаның шұбар аты мен Майлықожаның мінез-құлқынан туындаған өткір сөздерден құралған. Үлкен бір жиындағы әңгіме-дүкен үстінде Мәделінің мақтаулы шұбар аты әлденеден үркіп, қазығынан босанып кетеді. Әрі жасы кіші, әрі Мәделіге жиен Майлықожа шешілген атты ұстап, байламақ болады. Бірақ шамырқанып, оқыс мінез көрсеткен аттан жасқанған ақын жалтарамын деп, құлап қалады. Бұл жағдайды баспалай бағып, көріп отырған Мәделі жанына келген Майлықожаға бір ауыз өлең айтады. Мұның арты табанда шартпа-шұрт ұстасқан айтысқа айналады. Мәделіқожа аттың бойындағы қыңыр мінезден пайда болған оқиғаны көріп, Майлықожаның мына жағдайына күліп, оған әзіл ретінде өлең айтады. Бұл

өлеңде Мәделіқожа Майлықожаның оқыс мінезі мен батылдығы туралы сатиралық сипатта сөз етеді:

Ебің жоқ ат ұстауға, ордаңдадың,  
Сұңқар деп бағушы едім, оңалмадың.  
Әкеңнен жасық тудың жалтаң болып,  
Сен, шіркін, әкеңдейін бола алмадың! [4]

Мәделіқожа осы өлеңмен Майлықожаны шын мәнінде айыптамайды, бірақ оның қыңыр мінезі мен атқа деген қорқақтығын әзілмен жеткізеді. Мәделіқожа өз шеберлігімен Майлықожаны сөзбен ұтуды көздейді.

Мәделі, сауырың – керсен, белің – құшақ,  
Құдай қалап, асындың тіллә пышақ.  
Асыл ердің ақыры жасық болған –  
Еш ұл тартып тумайды әкеге ұсап. [4]

Майлықожа өзіне тән тапқырлықпен Мәделіқожаның өлеңіне жауап қайтарады. Ол өзінің мінезі мен батылдығын дәлелдеп, ұятқа қалмай, оны сөзбен шебер түрде айқындайды.

Мәделіқожа мен Майлықожа арасындағы бұл айтыс тек әзіл мен қалжыңнан құралғанымен, оның терең мағынасы мен рухани мәні бар. Біріншіден, айтыс қазақ халқының өмірінде сөздің қадірін, тапқырлықты бағалауды көрсетеді. Сонымен қатар, бұл айтыс ақындардың өзара сыйластығы мен бір-бірінің шеберлігін құрметтеудің де айқын көрінісі. Мәделіқожа мен Майлықожа осы айтыспен тек өздерінің ақындық шеберліктерін ғана емес, сол кезеңнің қоғамдық, әлеуметтік мәселелерін де әшкереледі.

Қазақ айтысы - бір жағынан халықтың әлеуметтік өмірін, тұрмыс-салтын, дүниетанымын көрсететін өнер болса, екінші жағынан ақындардың тапқырлығы мен шеберлігін сынайтын алаң. Айтыстың ерекшелігі – ол тек ақындық өнердің сынағы ғана емес, сонымен бірге адамның өмірге деген көзқарасын, парасатын, философиялық ойлары мен шынайы сезімдерін білдіретін терең әрі мәнді дүние. Мұндай айтыстардың бірегейі, ерекше қызықтысы – Ұлбике ақын мен жеті қожа арасындағы айтыс.

Бұл айтыс оқиғасы да қызықты, әрі күлкілі жағдайдан басталады. Мәделі қожа, Майлы қожа, Қатпа қожа, Таспа қожа, Күдері, Құлыншақ, Бұдабай сынды жеті қожа топтасып, серілік құрып, қай жерде той бар, қай ауылда сұлу қыз бар деп жолға шығады. Олардың мақсаты – Ұлбике ақынды көру, оның айтыс өнерін бағалау. Жангелді бидің ауылына келгенде, ақын мен би үйде болмай шығады, бірақ қонақтар үйде күтіледі. [5]

Қожалардың сол ауылға келуі мен үйге кіріп дастархан жайылуы айтыстың басталуына себеп болады. Үйге кіргенде, бидің кіші келіні қамыр илеп отыр екен. Бірақ күтпеген жерден, жел шығып, қамыр илеп отырған келіннің абайсызда шығарып алған желінің дыбысы естіледі. Қожалар, әрине, бір-біріне қарамай бұл дыбысты естіп қойып, ол туралы әзіл-оспақ айта бастайды. Келін сасқанынан сыпыраны тырналай беріпті, ал қожалар өздеріне

тән күлкілі сөздерімен бұл жағдайды басқаша түсіндіріп, одан айтысқа айналдыруды шешеді.

Қожалар мен Ұлбикенің айтысы тікелей осы күлкілі жағдайдан басталады. Бұл айтыстың ерекшелігі – Ұлбике мен жеті қожаның тапқырлығы мен шеберлігінің сыналуы. Қожалар бірінен соң бірі Ұлбикеке сұрақтар қойып, өздерінің ақындық қабілеттерін көрсетіп жатса, Ұлбике олардың сұрақтарына жауап беріп, олардың мінез-құлықтарына, сөз саптауына, қоғамдағы орнын көрсету арқылы өзінің ақындық шеберлігін паш етеді. Айтыс соңында қожалар қайтадан үйге келіп, бағанағы келіннен кешірім сұрап, айып төлеп қайтқан екен.

Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының айтыстары қазақ халқының рухани мұрасын сақтаудың, оның дәстүрлерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Ақынның шығармашылығында ұлттық рух, салт-дәстүрлер, отбасылық тәрбие және қоғамдық мәселелер терең бейнеленген. Мәделіқожа айтыстарындағы философиялық ойлар, көркем тіл мен тапқырлық қазақ халқының рухани байлығын көрсетіп, оның ұлттық мәдениетінің дамуына айтарлықтай әсер етті. Оның айтыстары – қазақтың ауыз әдебиетінің алтын қорына қосылған үлкен мұра, ұрпаққа үлгі боларлық құндылықтар мен тәрбие көзі.

Мәделіқожа ақынның жоғарыда келтірілген айтыстары мен сөз қағысулары оның өз заманында айтулы суырып салма сөз зергерлерінің бірі болғанына нақты дәлел болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
2. Оспанұлы Ә. Жыр мұра. – Астана: Елорда, 2001. – 496 б.
3. Қазақ өнерінің антологиясы «Айтыс» I том «Күлтегін» 2014 жыл.
4. «Айтыс» 2-том, 1988 жыл
5. Жыр мұра. Астана: Елорда, 2001 жыл

## МӘДЕЛІҚОЖА ЖҮСІПҚОЖАҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

*Аманқосова С.,*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Ғылыми жетекшісі: Абишева Ш.С.*

*Аңдатпа.* Мақала Қаратау атырабының айтулы ақыны Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы шығармаларында көрініс тапқан ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Ресей отарлық саясатының ауыр салдары, ел билеушілердің тарапынан жасалынған зорлық-зомбылықтар, таптық-әлеуметтік қайшылықтар мен қарапайым халықтың басына түскен ауыртпалықтар, ел ішіндегі жеке бастың қамын күйттеген би-болыстардың әділетсіз іс-әрекеттері сөз болады.

*Кілт сөздер:* ақын, толғау, терме, саяси-әлеуметтік жағдай

Қазақ даласы сөз бастаған шешендерге, топ бастаған көсемдерге, қол бастаған батырларға, батагөй даналарға қашанда кенде болмағанына тарих куә.

Сыр өңірінің әйгілі жыр дүлдүлі Бұдабай ақын:

«Көтеншіде Құлыншақ,

Өлең сөздің ұстасы.

Майлықожа, Мәделі,

Бұлар оның тұстасы.

Сөздерінің бар еді

Тістейтіндей қышқашы, – деп жырға қосқан, бар ғұмырын халқының азаттығы жолындағы күреске арнап, елінің мұңын жырлап, жоғын жоқтап өткен суырып салма ақын, әрі батыр Қаратау өңірінің абызы Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы 1816 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Қожатоғай ауылдық округінің «Қос құдық» деген жерінде дүниеге келген. Әкесі – Жүсіпқожа Жиенқожаұлы Қоқан хандығына қарсы күресіп өткен, елге белгілі батыр болған адам. Бұл мәліметті біз ақын Майлықожаның: «Ер Жүсіп айқаста атпен ұрған топқа, сауыты тоқтау берген он бір оққа» [1, 55] деген өлең жолдарынан айқын аңғарамыз. Сондай-ақ, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы Майлықожа ақынның өзіне ұстаз болған.

Қаратау атырабының айтулы ақыны Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы шығармалары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында-ақ жариялана бастағанымен, көп уақыт бойына зерттеушілер назарынан тыс қалып келді. Ақын шығармашылығы туралы алғаш рет тұшымды пікір айтқан ғалым-жазушы М.Әуезов болды [2].

Мәделіқожа шығармашылығын кезінде А.Байтұрсынов жоғары бағалаған. Ғалым өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде Мәделі ақынның

өлеңдерінен мысалдар келтіреді [3]. С.Мұқановтың «ХҮІІІ-ХІХ ғасыр қазақ әдебиеті тарихынан очерктер» (1942), «Әдеби мұра және оны зерттеу» (1960), «Үш ғасыр жырлайды» (1964), «Бес ғасыр жырлайды» (1964), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991) кітаптарында және «Айтыс» атты 2 томдық кітапқа (1988) ішінара айтыстары енген.

Ақын шығармашылығы әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Ә.Оспанұлының еңбектерінде айтылады. Академик Р.Бердібайдың әр кезеңдерде жарыққа шыққан «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Ғасырлар толғауы» (1977), «Сарқылмас қазына» (1983), «Жұлдыздар жарығы» (2000) деп аталатын еңбектерінде Мәделіқожа ақын шығармашылығына қатысты тың пікірлерді алға тартты.

Мәделіқожа – бүкіл өмірін өзінің жырларында өлеңмен өрнектеп кеткен ақын. Қай өлеңін алып қарасаңыз да, ақынның өзі өмір сүрген кезеңіндегі заман шындығы қатар өріліп жатады. Ақын жетпістен асып қартайып, қос інісі қатар өліп қайғырып, төсек тартып жатып қалғанда әрі жиені, әрі шәкірті Майлықожа ақынның көңілін сұрай келіп айтқан «Мәделі батыр ағамыз» атты ұзақ толғауында:

«Арыстан тұлға білегің,  
Қайтпаған жаудан жүрегің,  
Қасыңнан нөкер топтанып,  
Қалмаған арттан әр елің...  
Түркістанда Қоқанмен  
Бір күн, бір түн сүрістің,  
Ертегі қатар ерлігі –  
Ондағы өткен жұмыстың...  
Хан-қараға қарсы боп  
Қасарса мойын имеген,  
Жетпіс пен кесел екеулеп  
Көңілің ғаріп жүдеген,  
Дұшпанға қорған дуалым

Кетесің-ау дүниеден!..» [1, 33] – деген екен. Бұл жолдардан Мәделі ақынның өмір жолын, болмыс-бітімін, ақындық жаратылысы мен батырлық мінезін анық көреміз.

ХІХ ғасырдың алғашқы жылдарында қазақ елінің тарихи қоғамдық құрылымы біржолата ыдырап, елдік басқару жүйесі түбегейлі өзгерді. Патша үкіметі қазақ халқына жаңа саяси-әкімшілік басқаруды жүргізіп, Ресей империясы құрамына бой ұсынбаған аумақтарды одан әрі қосып алу мақсатына біржолата кірісті. Мұндай әлеуметтік-тарихи үдеріс мәселелері ұлт наразылығын туғызғандығын аталған кезең ақындарының барлығының дерлік шығармаларынан анық аңғаруға болады. Осы орайда ғалым Б. Омарұлының: «Орыс үкіметінің тәртібімен тағайындалған билердің параға құнығып, өз халқын иттей талағаны тек зар заман ақындары ғана емес, сол дәуірде ғұмыр кешкен барша жыр жүйріктері шығармаларына арқау етті» [4, 215], – деп

көрсеткеніндей, ақындар шығармаларында жері талауға, малы санауға, жаны қыспаққа түскен елдің ауыр күйі, болыс сайлауының қазақ еліне тигізген ұшан-теңіз зардабы, қара бастың қамын күйттеген парақор болыс билердің оспадарсыз іс-әрекеті жан-жақты әшкереленген. Мәселен, Майлықожаның «Қонысты орыс алғаны», «Шалқып жатқан елім-ай», «Қабіріңе айтар зарым бар», «Датқалардың Петірбор барғаны», «Заманың қырын боп кетті», «Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр», «Сайлаудың сақтан, жұртым, сарсаңынан», «Ескі мырза, манаптар, бегі, салы», Дулат Бабатайұлының «Ақжайлау мен Сандықтас», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Тауды екіге жарасың», «Ата қоныс Арқада», «Әуелі қазақ деген жұрт», Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Қазтуған», «Сарыарқа», «Өттең бір қапы дүние-ай» т.б. туындылары азаттықты, бостандықты сүйген өр мінезді халқымыздың отаршылдық бұғауына шырматылып жатқан кездегі жанайқайы еді.

Оңтүстіктің күнге ақыны Мәделіқожа ақынның да бар ғұмыры елінің еркіндігі үшін күреспен өтеді. Ақынның «Қоқан ханына айтқаны», «Ақ патша», «Қанай датқаға», «Батырбек пен Байзаққа», «Әбділда қожаға», «Аман бол, Қосжарсуат, туған жерім!», «Мырза би деген бек шықты», «Ахмет төреге», «Еш нәрсе бұл дүниеге болмас тұтқа», «Тәтен датқаға», «Бәйтерек, Байзақ едің мақтап жүрген» т.б. көптеген өлең-жырлары, арнау-толғаулары, өз заманының әлеуметтік-саяси жай-күйінен сыр шертіп, елдің сол кездегі белгілі тұлғалары мен бұқара халықтың тұрмыс-тіршілігінен мол мәлімет береді.

XIX ғасырдағы жаңадан енгізілген болыстық сайлау, сайлау кезінде шонжарлар мен билердің әділетсіздіктері ақынның сол кезеңдегі «Түркістан уалаяты» газетінде (1878 жылы) басылған «Бір жан жоқ болыстыққа талас емес» деген өлеңінде:

«...Бастан бұлт кетпейді күн жайланып,  
Сақау озды, шешеннен тіл байланып.  
Тұлпардан есек озып, бәйге алып тұр  
Бұл күнде заман кеткен теріс айналып.  
Бұрыннан өткен істі қуғаны жоқ,  
Болмас іске белдерін бұғаны жоқ.

Ақылға Апылатон болса-дағы,  
Бұл күнде болыс болмас туғаны жоқ.  
Жылдар өтіп барады, замандар да,  
Бұлбұлмын деп сайрайды жаман қарға.  
Тұлпардан есек озып, бәйге алып тұр,

Өттең-ай, амал бар ма, амал бар ма?!.. [5, 99], – десе, ақынның «Ақ патша» деген өлеңінде патша отаршылдығының қитұрқы саясатын, әділетсіздік пен арсыздықты былай әшкерелейді:

«Ақ патша әділмін деп сендіріп тұр,  
Аузынан шыққан сөзін ем қылып тұр.



Ой мен қыр, жер мен суға ие болып,  
Әр жерден қазық қағып, белгі ұрып тұр.

Қарыстап қара жерді бөлдіріп тұр,  
Көнбегенді күшпенен көндіріп тұр.  
Қарсыласқан түсер деп тас қамалға,  
Төбеннен зеңбірегін төндіріп тұр... [5, 119]

Мәделіқожаның батырлығы мен ақындығының халық жадында қалатын тұсы – 1858 жылдар шамасында Оңтүстік өлкедегі Қоқан хандығына қарсы көтерілістер кезіндегі «Мырзаби өлімі» оқиғасы. Қоқанның қысымы мен қорлығына шыдамаған Мұсабек, Мәделіқожа, Рысқұлбек, Тәнен, Байбақ секілді сол елдегі белгілі батырлар бас біріктіріп, Мырзабиді өлтіреді. Осы оқиға Мәделі ақынның «Мырзаби деген бек шықты» деген өлеңінде былай айтылады:

«Қарағашты Тәшкеннен  
Мырзаби деген бек шықты,  
Екі иінін жеп шықты,  
«Қатын менен қызыңнан  
Зекет бергін» деп шықты.  
...Қанадан асып кеткен соң,  
Зұлымдығы өткен соң,  
Ел намысын қорғайтын  
Қазақтан да ұл шықты...

Ақбұлақтың басында,  
Қарабастау қасында  
Үш елдің ері бас қосып  
Үкімін айтқан халқы ұнап,  
Қоқанның бейбас бектері  
Жәбек бидің үйінде  
Қымызға тойып балқып ап,  
Қазы менен қарта жеп  
Отырған шақта шалқып-ақ  
«Асқанға тосқан осы!» деп  
Бектердің басын кескенбіз [5, 125].

Мырзабидің өлімінен хабардар болған Құдиярхан халықты жазаламақ болады. Осыны естіген Мәделі ақын хан сарайына барып, Құдиярханның қаһарынан қаймықпай, ел ішінде «Мәделіқожаның Қоқан ханына айтқаны» деп тарап кеткен әйгілі жырын төкпелете жөнеледі:

«...Айт десең айтып берейін,

Ақ шындықты сөйлеуден  
Тіл менен жағым талмағай!  
Жазықсыз елді жазғырма,  
Айыптың тұр алдында  
Мырзабиді өлтірген  
Басын кесіп алмадай.  
Кешсең – кеш, кессең – міне бас,  
Шариғат жолын сара дер  
Даңғыл жатқан сарнап-ай  
Жарлы менен байға да-ай,  
Қара менен ханға да-ай!» [5, 133]

Мәделіқожа ақын еліне беделді болады. Дүйім жұртқа белгілі ақынды өлтірсе, халықты өзіне қарсы қойып алатынын сезген Құдиярхан ақынға ешқандай жаза қолданбай, босатып жібереді де, артынан қудалауға түседі. Оның үстіне сол кезеңде Мәделіқожаның «сүдір» деген де атағы болған. «Сүдір» деген атақ ел ішінде шариғат үкімдерін орындаушы жоғары лауазым болып саналған. Ханның қаһарынан құтылғанымен, әр кез аңду, қудалауынан құтылмаған ақын біршама уақыт Бұхар еліне кетеді. Бұхар әмірлігінен де пана таппай, елге қайтып оралғанда туған жерге деген сағынышы мен жоғарыдағы Мырзаби өлімі оқиғасы қатар өрілген өлеңі туады:

«Тұрмысың аман-есен, Ордабасы,  
Не көрмес тіршілікте бастың жасы,  
Алдынан қыз-қатынды шұбыртқан соң  
Қоқанның қырғын тапты бозбаласы.

Арыстың суы ағады жарыменен,  
Байлар қозы тасиды нарыменен,  
Өлтіріп Мырзабиді, өтін алып  
Қолымның ет асадым қаныменен!» [5, 138]

Ақын талантына дем беріп, дабыл қақтыратын жағдай оның шығармаларының қоғамдық үдерістерге қарым-қатынасы, болған не болып жатқан кезеңдік құбылыстарды тап басып танытарлық бейнелер жасай білуінде. Міне, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы шығармаларының ең шұрайлы, өткір тілді, айшықты үлгілерін оның саяси-әлеуметтік мәселелерге арналған өлеңдерінен таба аламыз. Ол өз заманының күрделі де іргелі мәселелеріне дер кезінде үн қатып отырды. Ақын ХІХ ғасырдың екінші жартысында әбден асқына түскен Ресей отарлық саясатының ауыр салдары, ел билеушілерінің тарапынан жасалынған зорлық-зомбылықтар, таптық-әлеуметтік қайшылықтар мен қарапайым халықтың басына түскен ауыртпалықтарды реалистік тұрғыдан суреттей білді. Отарлық езгінің әсерінен елдің ертеңге деген сенімінің сөгінуі, ынтымағының ыдырауы, жеке бастың қамын күйттеген би-болыстардың әділетсіз іс-әрекеттері ақынның ұдайы толғанған

тақырыптары болды. «Мәделі ақын және оның заманы туралы айтқанда оның өмір сүрген кезеңі атыс-шабыспен, аттың жалы, түйенің қомында өткен кезеңдердің халықтың бостандыққа зар болған алмағайып заманға сай келгенін атап айтқан абзал» [6, 3]. Ол дәуірдегі батырды да, ақынды да, қайраткерді де өмір сахнасына әкелген сол заманның шынайы шындығы болатын.

Сайып келгенде, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті тарихында ақындық қолтаңбасын қалыптастырған, ұлттық поэзиямызда өзіндік орны бар ірі талант иесі ретінде бағалануға лайық тұлға.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Толық шығармалар жинағы / Жауапты ред.: Т.Әлібеков. – Алматы: «Ғылым ордасы», 2019. – 550 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті. – Алматы, 2005. – 376 б.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
6. Сманов Б. Мәделі ақын және оның заманы// Ақиқат/. 2016, № 5.

**ӘОЖ 801.732**

### А. СЕЙДІМБЕКТИҢ ЭТНО-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТІЛІК

*Нурсейтова Феруза Сабитқызы,*

*Ш. Есенов атындағы КТИУ «Туризм және тілдер» факультетінің бірінші курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты Қамарова Н.С.*

*«Біз қазір артта қалған тарихымызбен мәдениетімізді жалаң хронология бойындағы рухани қыртыстарды зерделеу, тану, жүйелеу, мәнін анықтау мәселесі түрен тимеген тыңдай болып жатыр. Бұл мәселе оң шешімін табу үшін төл болмысымыздың заңдылықтары ашылып, төл қасиетіміз саралану керек...»*

А. Сейдімбек

Қазақ тіл білімі бүгінгі күні жаңа арнада толығып, тілдің қызмет аясын және қуатты әлеуетін танымдық, логика-философиялық бағыттағы өзіндік бет алысымен барынша айғақтай түсуде. Сонымен қатар, қазақ тіл біліміндегі ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығын қарастыратын зерттеулерде жаңа сапаға көтеріліп келеді. Тіл тарихы мен тілді иемденуші халықтың этникалық

тарихын ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан тіл біліміндегі жаңа сала – этнолингвистика пәні жетілу үстінде.

Академик Ә.Қайдар бастаған этнолингвистика мектебінің зерттеулері ғылыми мақала, диссертациялық ізденіс түрінде жинақталып жатқаны белгілі. Бірқатар зерттеу нәтижелері болғанымен, нақты оқулығы әзір жоқ. Алайда, ғалым А.Сейдімбектің халқымыздың сан ғасырлық мәдениеті мен болмысындағы құндылықтарды танып-білуге бағытталған, тарихи деректерге сүйенген зерттеулері – олқылықтың орнын толтыра алмақ. Атап айтар болсақ, ғалымның «Қазақ әлемі», «Күй шежіре», «Күңгір-күңгір күмбездері» бір төбе еңбектер. Бұл еңбектерден қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік ерекшелігі мен мәдениетін «тіл әлемі» арқылы жан-жақты танып білуге керекті деректер ғылыми тұрғыда жүйеленіп берілгеніне көз жеткіземіз. Бұл – оның сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, игерілуі, жаңғыруы тіл арқылы ғана іске асатынына, осы бағыттағы зерттеулер арқылы дәйектелетініне нақты дәлел бола алады. Этнолингвистика пәнінің мақсаты – этнос болмысын тіл арқылы танып-білу. Соған сәйкес, этнолингвистика пәнінің зерттеу нысаны мен мақсатына жауап беретін зерттеулердің қажеттігі айқын сезілуде. Бұл сұранысты толық өтей алатын ғылыми зерттеудің бірі А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегі деп есептейміз. Елінің елеулісі туралы Ә. Кекілбаев «Ұлан-ғайыр сахарамызды түгел шолып, ұлан-асыр сыр-сипаттарымызды тегіс қамтып, қат-қабат тарихымызды терең қаузап, дүлділ оймен, ділмар тілмен толғайтын ғұлама ғалым, сұңғыла білімпаз, сүлей суреткер, қайран Ақселеу енді жоқ» [1] деп қысқа да нұсқа еске ала пікір айтқан болатын. (А.Сейдімбектің ғылыми шығармашылығына берілген осы барынша дәл, шынайы бағадан асырып ештеңе айта алмаспыз!). Ғалым еңбектерінде ұлтымыздың төл тарихына, дәстүрлі мәдениетіне, этнографиясына қатысты мол деректер келтіріліп, ғылыми баяндау, нақты ой-тұжырымдар арқылы дәйектелген.

«Халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың» зерттеу еңбегі қазақтың төл тарихы мен дәстүрлі мәдениетінен аса мол ақпарат жеткізіп, деректері ғылыми тұрғыда дәйектелуімен де аса құнды. Тілдің этнолингвистика саласы үшін бұлар – таптырмас құндылық, баға жетпес байлық. Кең мағынада алғанда, бұл еңбектер – ұлт руханиятының бағалы, бай қазынасы, сондықтан аталған ғылым салаларының қайсысының болсын зерттеу өзегіне айналып, әрі-қарайғы тың зерттеуге бағыт-бағдар сілтеп тұр деуге болады. Этнос болмысына қатысты небір құнды дерек, танымдық мағлұматтарды таба аламыз. Этнолингвистика пәнін оқыту үдерісінде этностың тіл әлемін тереңнен, жан-жақты меңгерту жолдары мен арналары әртүрлі. Атап айтқанда, этнос болмысынан қанықтырар, небір бай ақпараттарды жеткізетін этнолингвистикалық арналарды былайша жіктеп жүрміз: фразеологизмдер, эвфемистік баламалар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері (әдет-ғұрып, ырым-кәде, наным-сенім т.б. рәсім-салтанат үлгілері т.б.).

Бұлардың бәрі де – этностың рухани әлемінен табылатын танымдық құндылығы мен көркем бояуы айқын-лингвомәдени деректер.

Ал А.Сейдімбек зерттеулерінен осы аталғандардың барлығын да кездестіре аламыз. Олар әр түрлі тақырыптық топтар аясында жинақталып, этностың танымы мен тіл әлемін, ұлттық менталитетін айқын танытатын этнолингвистикалық деректің қызметін атқарып тұр. Ғалымның «Қазақ әлемі» еңбегінің бірінші тарауы «Өткеннің бәрі – өмірбаян» деп аталып, әрбір қағанатқа жеке шолу жүргізілген. Келесі тарау «Фольклор», «Этнос», «Этнография» «Мәдениеттен» сыр шертеді, үшінші тарау Ұлы даланың кереметтері жайлы болса, төртінші тарауы «Халықнама» деп аталып, «Мақал-мәтелдер», «Қазақтың дәстүрлі тыйымдары», «Қазақтың дәстүрлі ырымдары», «Ел аузынан», «Ұлттық өнер», «Табиғат тынысы» және т.б. халықтық қалыпқа айналған қастерлі рәсімдер мен өмір-салтқа қатысты, өнер туындылары жайлы терең толғаулар келтірілген. Жалпы, кітаптың өзі «Ұзақ сонар», «Қан сонар», «Келте сонар» деп 3 бөлімді қамтыған. [2;10-бет]

Этнолог-ғалым былай дейді: «Адамның парасаттылығы сол адамның өзгелерге деген қарым-қатынасы арқылы ғана анықталады. Түптеп келгенде, қоғамдық өмірдің парқын да адамдардың парасат-пайымына қарап бағалауға болады. Қазақ қоғамында адам өміріндегі қуаныш та, қайғы да жекелік сипат алмаған» [3;150-бет]. Иә, біздің көпшілігіміз жай ғана салт-сана көрінісі деп ғана қабылдайтын қасиетімізді этнограф-ғалым кең ауқымда алып қарайды. Автор адам өміріндегі қарапайым ғана қуаныш белгілері – «сүйінші», «шашу», «көрімдік» деген жөн-жоралғыларды – «көшпелі өмір салтындағы этникалық арман-аңсардың (түпкі мақсаттың) ортақ болуы», – деп, оны моральдық-этикалық, ғылыми пайыммен таразылайды. Қазақтың қонақ күту дәстүріне мынадай баға береді: «Көшпелі қазақтың қонақжайлық дәстүрі, түптеп келгенде, этносты біртұтас әлеуметтік жаралым ретінде іштей үйлестіре реттеп отыратын ең пәрменді тетіктердің бірі болған» [3;143-бет]. Демек, көшпелі халықтың толық тұрақталмаған тұрмысының өзінде ағайын-туыстан ажырамағаны.

Қазақтың өмір салты мен әдет-ғұрпы, табиғат тіршілігінен таным беретін «Кеніш» «Серпер», «Күңгір-күңгір күмбездер», Қара өлең жанрын саралайтын «Мың бір маржан», қазақ мәдениетіндегі күй өнерін жырлайтын «Күй шежіре», түркі тектес халықтардың тарихынан, археологиясы мен этнографиясынан сыр шертетін «Көшпелілер тарихы», ұлт руханияты мен халықтың аңсар-арманын әспеттеген «Ой толғақ», Гомердің «Иллиада», «Одиссея» эпосы мен «Әлемнің 7 кереметі», этнологиялық деректану бағытындағы «Қазақтың ауызша тарихы», жекелеген тарихи тұлғалар арқылы ел тарихын екшеген «Елтұтқа» сынды еңбектері – қазақ халқының этногенезі мен этномәдени өзегіне қатысты, қазақ этнологиясына қатысты пайымға толы зерттеулері – ұлтымыздың рухани қазынасының құндылығына дәлел болуда. Ал қазақ халқының этно-байланыстарын сарапқа салған «Қазақтың ауызша тарихы» атты зерттеуі – тарихи-этнологиялық ғылым биігіне айналып отыр. Ел тарихын, дәстүрін, жөн-жоралғысын білу үшін осы бір ғана кітап жетеді.

Кітаптың басы тарихнамадан, сонау ру-тайпалық кезеңнен басталып, қазіргі өзіміз қолданатын туысқандық атаулардың түсіндірмесі мен мысалы алдымызға дайын түрде берілген. Егер байқайтын болсақ, қазіргі таңда енді пайда болған «жаңалық» іспеттес болған қыздан тараған «жиен, жиеншар, дегеншар, көгеншар, көбеңшар, тебеншар, өлеңшар, қаймана» деп аталған туыстық атаулар да аталған еңбектің екінші тарауында түгел көрсетілген. Ғалым «Ел болудың алғышарттары» атты тақырыпта сөз қозғап, тіпті өз уәжін де жеткізген. А. Сейдімбек бұл тақырыпта да өз зерттеуін тыңғылықты аяқтаған, ел болам деген қазақтың бірігуін, Еуразия түбегіндегі көшпелілердің өмір салтын бірізді ету мен ру-тайпалық бөліністі қайта жасақтауды да алға тартты. [4;192-бет]

Көрнекті ғалым А.Сейдімбек зерттеулері арқылы тұтас бір ғылыми зерттеу институты атқаратын ауқымды істер жүзеге асты деуге болады. Ерекше атап өтуге тұрарлық тағы бір жағдай – А.Сейдімбек зерттеу еңбектеріне арқау болған мәселелер – мемлекеттік деңгейде көтерілген іс-шаралармен үндес келуі. Мәселен, 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қоғамда кең қолдау тауып, өзінің басты бағыттарын белгілегені мәлім. Ал сол бағыт-бағдардың бірқатары қазақ этнологиясының көрнекті өкілі, филолог-ғалым, белгілі этнограф А.Сейдімбек зерттеулерінің нысанына айналған. Нақты айтқанда:

- қазіргі ұлттық мәдениетті фольклор, әдет-ғұрыпты зерделеудің біртұтас жүйесін құру;

- ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;

- қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеу бағытында жаңа ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;

- мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің жетістіктері негізіндегі гуманитарлық білім қорын жасау т.б.

Ақселеу Сейдімбектің тарихи-танымдық, этно-мәдени мұраларындағы деректілікті талдау барысында алдымен ұлттық идея түсінігімен, автор публицистикасындағы ұлттық идея тақырыбының көтерілуін жан-жақты талдадық. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбегінде қандас-туыстардың ру мен тайпа болып өмір сүру үшін ортақ мүддеге бағынып, ру-тайпалар жүзге бөлініп, өмір сүру салтына байланысты бір идеяны ұстанғаны, тіл, діл, дін, салт-дәстүрге байланысты ой санасы мен мүддесі бір жерден шығып, туған жерді, елді, жұртты қорғау сияқты ұлы идеяны ұстанғаны туралы жазылған.

А.Сейдімбектің дәстүрлі қоғамының мәдени құндылықтарын талдаған мақалалары бұқараның тілі, діні, ділі мен мәдени құндылықтарының маңызын оқырманға түсіндіріп қана қоймай, осы идеяны жас ұрпақтың санасына сіңіру маңызды екенін бір арнаға тоғыстыруды мақсат еткен. Автордың баспасөз беттерінде жарияланған ұлттық идея тақырыбында жүзге тарта мақаласы жарияланған. Сол мақалаларының ұлттық идеяны қалыптастыру үрдісіндегі алар орны жоғары және автордың бұл қызметінің халықтық сипатымен қатар

белгілі бір дәрежеде мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде әрекет еткенін айқындауға ұмтылды. А.Сланұлының шығармашылығындағы тарихи-танымдық, этно-мәдени мұралардың берілу жүйесін сараласақ:

- А.Сейдімбек публицистикасы ұлттық сананың жаңғыруына, қазақ ұлтының тарихи жадын қалпына келтіруге ықпал ететін материалдар;
- еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі демократияның принциптерін көсететін, ұлттық оянуға бағыт-бағдар береді;
- тәлім-тәрбие боларлық тақырыптар төңірегіндегі ой-толғамдары құнды және А.Сланұлының публицистикасы ұлттың рухын оятатын, ой-өрісін өрлететін, тәуелсіздік идеясын насихаттаған еңбектер деуге толық негіз бар.

Ғалымның өз ойларынан ғана тұратын «Ой толғақ» еңбегін оқып шығу арқылы елдің өткенін, салт-санасы мен мәдени сатысын, белгілі азаматтардың халқы үшін күн-түн деп ізденген сәттерін түгел көруге болады. Ой тізбектері қысқа болғанмен әрбірінің қашан жазылғаны қойын дәптер іспеттес реттілікте түзілген. Ұлт, елдік, халық тақырыбы басты маңызда болған. «Ешбір ұлт өзінің төлтума (самобытный) қасиетін өзгеге еліктеу арқылы қалыптастырмайды. Дүние жүзіндегі кез-келген ұлттың қасиетінде экосистемамен кіндіктес шаруашылық-мәдени (хозяйственно-культурный) типтің тағы айын байқалады. Әрбір ұлт өз болмысының авторы. Сондықтан да кез-келген ұлттың төлтума қасиеті ешқашан сол ұлттың кемшілігі емес, ерекшелігі болып табылады. Ұлттық мәдениет дегеніміздің өзі осы ерекшелік болса керек». [5;28-бет].

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ақселеу туралы аңыз // Ана тілі. – 2009, 22 қазан
2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.,
3. Сейдімбек А. Шығармалар. Алты томдық. Астана, 2010. Т.2. 816 б.,
4. Қазақтың ауызша тарихы [Мәтін]: шежірелік деректерді пайымдау: зерттеу / А. С. Сейдімбек ; [Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Еуразия гуманитарлық зерттеулер-ғылыми орталығы]... – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.,
5. Сейдімбек А. Ойтолғақ: жарияланбайтын жазбалар. – Алматы, Жалын, 1997 жыл, 272 б.,

## ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН АЛҒЫШАРТТАР

*Мирханова М., Тажимаева Ә.,*

*Ш. Есенов университетінің ҚЯЛ-24 студенттері,*

*Исакова А.С., ф.ғ.к.,*

*Ш. Есенов атындағы КТИУ қауымдастырылған профессоры*

*Аңдатпа.* мақала тақырыбы бойынша бұған дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған төмендегідей мәселелер шешімін табады: цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктері бірізді және жүйелі түрде талданады; цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктеріне тән белгілер анықталады, олардың ұлттық кодты айқындаудағы маңызы көрсетіледі; цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың когнитивтік сипаттамалары мен прагматикалық шарттары анықталады; цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктерін талдау арқылы дүниенің ұлттық бейнесін анықтайтын тілдік құралдар сипатталады; зерттеу нысанына алынып отырған цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктеріне тән белгілер анықталады, талданады, тұжырымдар жасалады. Аталған мақаланың идеясы осы жағынан өзекті болмақ.

Мақаланың мақсаты – цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктеріне талдау жасау. Аталған мақсатқа жету үшін келесі зерттеу міндеттері қойылады: «цифрландыру», «digital natives», «дигитализация», «тілдік тұлға», «виртуалды тілдік тұлға», «дискурстық талдау» ұғымдары шетелдік және отандық зерттеушілер еңбектері арқылы зерделенеді; аталған ұғымдардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде қашан пайда болғаны салыстырылады, анықтама берудегі тілдік құралдардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері анықталады; антропоцентристік парадигма аясында талданады, қорытынды жасалады; зерттеудің ұғымдық-терминологиялық аппараты нақтыланады; цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктеріне тән белгілері сипатталады; тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктеріне жан-жақты талдау жүргізіледі, оның тілдік және әлеуметтік ерекшеліктері анықталады; тілдік тұлға қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық үлгісі жасалады; тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктерінің анықтау мақсатында ғаламдорда жиі қолданылып жүрген терминдер жинақталып, лексикалық мағыналары мен қолданыстары ұсынылады.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктері алғаш рет дискурстық талдау жасалуымен анықталады. Ғаламторда қарым-қатынас жасау үлгісінің өзгеруіне байланысты: уақыт үнемдеу мақсатында сөздерді қысқартып жазу, сөздерді



санмен алмастыру, бас әріпті жазуды қолданбау, тыныс белгілерінен бас тарту, есесіне эмодзи, смайликтерді пайдалану – цифрландырылған ортаға бейімделу себебінен пайда болды. Осылайша, дигитализация дәуіріне бейімделген тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктері лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағытын ашып, жаңаша көзқараспен қарауға қажеттілік туындатты. Тілдік тұлғаға берілген анықтама әлі күнге дейін ХХ ғасыр зерттеушілерінің еңбектерінде ұсынылған тұжырымдамаларға сүйенеді. Демек, цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың ерекшеліктеріне талдау жасау, жаңа анықтама беру мақаланың жаңалығы болып саналады. Цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық үлгісі жасалады. Аталған құрылымдық-функционалдық үлгі өзара байланысты төрт блоктан тұрады: мақсатты, теориялық-әдістемелік, процессуалдық-мазмұндық және бағалау-нәтижелік.

**Кілт сөздер:** *Цифрландыру, digital natives, дигитализация, тілдік тұлға, виртуалды тілдік тұлға, тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, дискурс, дискурстық талдау.*

**Кіріспе.** Цифрландыру – қазіргі заманның басты үрдістерінің бірі. Бұл процесс адам өмірінің барлық саласына, соның ішінде тілге де елеулі әсер етеді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, цифрландырудың тіл саясатына ықпалы түрлі елдерде әрқалай жүзеге асуда. Мәселен, шетелдік ғалым *Дэвид Кристал* тілдің интернеттегі рөлін зерттеп, цифрлық кеңістікте лексикалық және грамматикалық өзгерістердің орын алуын көрсетсе, *А.Байтұрсынұлы* атындағы Тіл білімі институтының зерттеушілері қазақ тілінің цифрлы ортада дамуы мен оның мүмкіндіктерін қарастырған. ХХІ ғасыр – технология мен ақпарат дәуірі. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі – жаңа ұғымдар мен терминдердің пайда болуы. Қазақ тілінде көптеген жаңа сөздер цифрландыру үдерісі арқылы еніп, заманауи ұғымдарды білдіруде. Бұл сөздердің көбі ағылшын тілінен аударылмай тікелей алынуда.

Мысалы, шетелдік ғалым *Джон Максвелл*: «Тілдің дамуы үшін кірме сөздер қажет, бірақ олардың шамадан тыс болуы ұлттық ерекшелікті әлсіретеді», – дейді. Ал қазақстандық ғалымдар : «Қазақ тілі өз табиғатына бейімделе отырып, жаңа ұғымдарды қабылдауы тиіс, бірақ бұл үрдіс тілді шұбарлауға әкелмеуі қажет», – деп санайды.

Қазақ тілі бүгінде цифрландыру дәуірінде жаңа сын-қатерлермен қатар мүмкіндіктерге де ие болды. Мақаланың өзектілігі – технологиялық даму арқылы қазақ тілінің мәртебесін арттыру мәселесін талқылау. Бұл жұмыс шетелдік және отандық зерттеушілердің пікірлері мен практикалық мысалдарға сүйенеді.

**Негізгі бөлім.** Цифрландыру дәуірі коммуникацияның жедел қарқынмен дамуына жол ашты. Интернет, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтті. Алайда, бұл құбылыс бірқатар қиындықтарды да алып келді.

Шетелдік ғалым *Дэвид Кристал* цифрландыру тілді жылдам өзгертетінін атап өтсе, қазақстандық зерттеушілердің пікірі бойынша, бұл өзгерістер қазақ тілін

дамытуға ерекше мүмкіндік береді. Мысалы, *Qazlatyn.kz* және *Termincom.kz* платформалары қазақ тіліне қатысты терминдерді жүйелеп, латын графикасына көшу жұмыстарын жүзеге асыруда. Цифрландыру дәуірінде қазақ тіліне көптеген жаңа кірме сөздер ене бастады.

Кесте-1. Ғаламтор желісінде қолданыста жиі кездесетін қазақ тіліне ағылшын тілі арқылы енген терминдер тізбегі.

<b>Орысша-қазақша</b>	<b>Ағылшынша</b>	<b>Мағынасы</b>
Браузер	To browse- қарау	Интернет ресурстарды іздеу және қарау бағдарламасы
Геймер	A game - ойын	Компьютерлік ойынға қызығушылық танытатын адам
Дисплей	A display- көрсету	Ақпараттарды визуалды түрде көрсететін құрылғы
Драйвер	To drive- басқару	Компьютердің операциялық жүйесін және оның аппараттық компоненттерін байланыстыратын бағдарлама
Логин	To log in- жүйеге кіру	Авторизация үшін қолданылатын есім, құрылғы
Ноутбук	A notebook- кітапша	Портативті компьютер
Пост	A post- жариялау	Блогта немесе форумда жарияланған хабарлама
Юзер	A user-қолданушы	Компьютер пайдаланушысы
Чат	Chat- әңгімелесу, сұхбаттасу	Хабарламалар арқылы сөйлесуге арналған бағдарлама
Контент	Content- мазмұн	Ақпараттық материалдарды жариялау
Онлайн	Online- қашықтықтан байланыс	Интернет арқылы қосылу
Хештег	Hashtag- белгі	Әлеуметтік желіде қолданылатын сөз немесе тіркес, «#» белгісімен басталады

Веб-сайт	Website – ашық орын, алаң	Интернетте орналасқан ақпараттық платформа немесе бет.
Файл	File- жинақ	Деректер немесе ақпарат сақталатын электрондық құжат

Бұл сөздердің қоғамда қолданылуы жиілеп келеді. Бірақ әрбір жаңа терминді қабылдауда ұлттық ерекшеліктерімізді ескерген жөн. Кірме сөздердің енгізілуі белгілі бір қажеттіліктен туындайды. Мысалы, қазақ тілінде бұрыннан қалыптасқан ұғымдарға сәйкес балама болмағандықтан, *технология, экономика, ғылым* сияқты салалардан көптеген жаңа сөздер алынды. *Чат, онлайн, элемент, контент* секілді терминдер осының айқын мысалы. Әрбір сөздің қазақ тіліне енгізілуі тілдің сөздік қоры мен терминологиялық базасын кеңейткенімен, кейбір жағдайда тілдік үйлесімділікке кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақ тіліне енген кірме сөздердің басым бөлігі ағылшын және орыс тілдерінен алынған. Бұл үдеріс жаһандану мен цифрландыру дәуірінде тілдің жаңа ұғымдарды игеру қажеттілігінен туындады. Мысалы, *Wi-Fi* сөзі «*Wireless Fidelity*» деген мағынаны білдіріп, сымсыз интернетке қосылу технологиясын сипаттайды. Бұл термин қазақ тілінде «*сымсыз байланыс*» деп бейімделіп, кеңінен қолданыс тапты.

Кірме сөздердің тағы бір үлкен бөлігін орыс тілінен енген сөздер құрайды. Мысалы, *директор, проблема, процесс* сияқты терминдер қазақ тіліне ертерек енсе де, олардың бастапқы орысша нұсқалары қолданыстан шыққан жоқ. Бұл сөздердің тілімізге енуі – тарихи, әлеуметтік және мәдени ықпалдардың нәтижесі. Орыс тілінен енген кірме сөздерге мысалдар келтіретін болсақ,

Кесте-2. Тілімізде қазақша нұсқасы бар, бірақ орыс тіліндегі нұсқасы жиі қолданылып жүрген терминдер тізбегі.

Орысша	Қазақша	Мағынасы
Директор	Басшы	Мекеме немесе ұйымды басқаратын адам
Проблема	Мәселе	Қиындық немесе шешімін табуды қажет ететін сұрақ
Процесс	Үрдіс	Белгілі бір іс-әрекеттің кезеңдік дамуы.
Кабинет	Бөлме	Қызметтік немесе жұмыс кеңістігі.

Педагог	Мұғалім	Білім беру саласындағы маман.
Ваканция	Бос орын	Жұмысқа ашық орын.
Информация	Ақпарат	Белгілі бір дерек немесе мәлімет.
Журналист	Тілші	Ақпарат таратушы маман.
Реклама	Жарнама	Тауар немесе қызметті насихаттау құралы.
Магнитофон	Дыбыс жазғыш	Дыбысты жазып, ойнататын құрылғы
Аудитория	Тыңдаушылар залы	Сабақ өтетін немесе жиналыс өткізетін орын.
Бухгалтер	Есепші	Қаржылық есепке жауапты маман.
Техника	Құрылғы	Машина немесе жабдықтың жалпы атауы.
Микрофон	Дыбыс күшейткіш	Дыбысты қабылдап, күшейтетін құрылғы.
Музей	Көрме	Тарихи жәдігерлер немесе өнер туындыларын сақтайтын орын.
Курорт	Демалыс орны	Сауықтыру және демалу үшін арнайы жасалған орын
Баланс	Теңгерім	Қаржы саласында, бұл термин көбінесе ақшалай қаражаттардың және міндеттемелердің арасындағы теңгерімді сипаттау үшін қолданылады.
Ресторан	Мейрамхана	Тамақ пен сусын ұсынатын элиталы асхана
Тур	Сапар	«Сапар» немесе «саяхат» деп қолдануға болады. Саяхатқа шығу дегенді білдіреді.

Бұл сөздер қазақ тілінің лексикалық қорына еніп, кеңінен қолданылып келеді. Олардың кейбірі толық қазақ тіліне бейімделіп, қазақша баламалар табылуда. Мысалы, «интернет» сөзінің орнына «ғаламтор» немесе «компьютер» сөзінің орнына «есептеуіш техника» деген тіркестер ұсынылуда. Бірақ бұл сөздердің қазақ тіліне толық сіңу процесі әлі де жалғасуда, ал кейбіреулері әлі де кеңінен қолданылады.

Цифрландыру дәуірі – қазақ тілінің сақталуына белгілі бір қауіп төндіретін фактор болуы мүмкін. Алайда, қазақ тілінің сандық дәуірде толық қолданысқа енуі үшін тілдің арнайы терминологиялық қорын дамыту, тілдік реформа жүргізу және жастар арасында тілдің маңыздылығын насихаттау қажет. Бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалар мен тіл саясатының маңызы зор. Тілді сақтау үшін мәдениет, әдебиет, ғылым және білім салаларында қазақ тілінің сапалы қолданылуына көп көңіл бөлінуі тиіс.

Цифрландыру дәуірінде қазақ тілін сақтап қалу – тек тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ету емес, ол біздің ұлтымыздың, мәдениетіміздің болашағын қорғау деп түсінуіміз керек. Бұл міндет әрқайсымыздың жүрегімізде туып, санамызда мәңгілік орын алуы тиіс. Біз тек тілге қамқорлық жасап қана қоймай, оны өмірдің барлық саласына енгізуіміз қажет. Ғылым мен білім, мәдениет пен өнер, мемлекеттік қызметтердің барлығында қазақ тілін қолдану арқылы оның дамуына үлес қосамыз. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар мен интернет кеңістігіндегі қазақ тілінің қолданысын арттыру – әрқайсымыздың міндетіміз. Әрбір цифрлық жаңашылдықтың ішінде қазақ тілінің орны болуы керек. Қазіргі жас ұрпақ қазақ тілінде еркін сөйлеп, оны жаңа технологиялар мен мәдениетке сай дамытатын болашақтың иелері болуға тиіс. Біз тек тілдің сөздік қорын сақтау емес, оның жүрегін сезіп, рухын жаңартып, оны заманға сай қолданысқа енгізу жолында бірігуіміз керек. Қазақ тілі – біздің ата-бабамыздың аманаты, оны сақтап қалу үшін күрес әрқашан жалғасады. Бұл күрес – ұрпақтар сабақтастығының кепілі, тілдің тұтастығы мен болашағы үшін сын сағаттағы жауапкершілік.

Адам тұлға болып тумайды. Ол белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада өмір сүре отырып жеке тұлға ретінде қалыптасады. Сол қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы мәдени кеңістік, тілдік орта оның тілдік тұлғасының қалыптасуына негіз болады. Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаның құрылымы вербалды-семантикалық, тезаурустық (тілдік-когнитивтік) және уәждік (мотивациялық немесе уәждік-прагматикалық) деп үш деңгейден тұратынын атап көрсетеді [1, 36 б.]. Филолог-студент соның ең бірінші сатысынан бастауыш сыныпта өтеді. Бұл кезеңде филолог-студент тілдің лексикасы мен грамматикасын меңгеріп, ойын қарапайым түрде еркін жеткізе алады. Ал екінші тезаурустық деңгейде филолог-студенттің өзі үшін де, әлеуметтік-топтық әрі ұлттық ауқымда маңызы бар ұғымдар мен құндылықтардың орны анықталып, оның санасында әлемнің тілдік бейнесі көрініс табады. Бұл кезең, негізінен, адамның жасөспірім шағында тұтастай қалыптасып, одан кейін өмір бойы дамып, өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін. Ал үшінші уәждік деңгей қарым-қатынас саласын, коммуникативтік жағдаяттарды, коммуникативтік қажеттіліктер мен

тұлғаның коммуникативтік мінез-құлқын қамтиды. Бұл деңгейде тілдің синонимдері мен синтаксистік мүмкіндіктерін жетік меңгеру жүзеге асады. Тезаурустық деңгей мен уәждік деңгейде тілдік тұлғаның негізгі ерекшелігі анықталады [2, 70 б.]. Филолог-студенттің тілдік тұлғасы оқыған мәтіндері мазмұны және ондағы тілдік ерекшеліктер негізінде қалыптасады. Цифрландыру дәуіріндегі тілдік тұлға барлық коммуникацияда бұқаралық шараларға тікелей, шығармашылық тұрғыдан, еркін және интерактивті қатысу мүмкіндігіне ие. Бұл әрекеттердің барлығын тілдік тұлға өзінің лингвистикалық идентификациясынан тыс жүзеге асыруы мүмкін емес. Сондықтан цифрландыру дәуіріндегі ғаламтор тіл мен сөйлеу қызметінсіз дами алмайды. Ғаламторда адам алдымен тілдік формада, тілдік тұлға ретінде қарастырылады. Ондағы виртуалдылық тілдік тұлғаның шын өмірдегі психологиялық себептерден байқалмай жүрген жасырын қасиеттерінің тілдік тұрғыдан ашылуына ықпал етеді, себебі тұлға ғаламторда бірінші кезекте тілдік формада танылады. Аталған ерекшеліктер тілдік деңгейде ғаламторлық мәтін жазуда көрініс табады.

Қазіргі таңда зерттелмеген және іргелі мәселелердің бірі филолог-студенттің сөздік қорына сөзсіз әсер ететін мәтін оқу, мәтін жазу тәсілдерінің өзгеруін айтуға болады. Мәселен, ХХІ ғасырда филолог-студент жарты немесе бір ғасыр бұрынғы студент сияқты мәтін оқуы мүмкін, бірақ ол қазір басқа нәрсені және оны басқаша оқиды. Цифрлану дәуірінде кітаптардың, оның ішінде көркем әдебиетті оқу біршама төмендеген, бұл өз кезегінде филолог-студенттің сөздік қорының жұтандауына алып келді. Сөздік қоры аз филолог-студент бұрын естіп көрмеген сөздерді дұрыс жаза алмайды, қолданбайды. Кейде студенттер қарапайым сөздерді түсінбей отырады, өйткені ол сөздер қазір ауызекі сөйлеу тілінде кездеспейді. Емле тексеру құралдары (spell checker) мәтіндердің орташа сауаттылығын арттырған болуы мүмкін, бірақ олар жеке сауаттылықты төмендетті.

Цифрландыру дәуіріндегі жазба тіл өзінің құндылығын, киелілігін жоғалта бастады, өйткені біз жазба тілдің икемделген түрін қолданамыз. Түрлі цифрлық құралдар арқылы жазып сөйлесуде бұрынғы ресми сәлемдесу, хат соңында құрметпен, ізгі тілекпен деп жазылатын үлгілерді мүлде қолданбайтын болдық, тіпті бас әріп, тыныс белгі, сұрау шылауларын бірге жазу заманауи (fasion) болып бара жатқаны алаңдатады. Енді біз бір-бірімізге қоңырау шала алмаймыз, ол үшін алдымен жазбаша рұқсатын алуымыз керек. Тілдік тұлға вербалды-семантикалық деңгейде ана тілінің тілдік жүйесін меңгеру ассоциациялық түсінікке байланысты өзгереді, мысалы, дигитализация дәуірінде «терезені жап» деген тіркесте үйдің терезесі емес, компьютердің бетінде ашық тұрған файлды жабу, «миды тазалау» деген тіркес, компьютердің немесе телефонның ішіндегі қажет емес файлдарды өшіру деген мағынаны білдіреді.

Цифрландыру дәуіріндегі филолог-студенттің тілі негізінен ғаламтор желісіндегі орыс, ағылшын тіліндегі мәліметтерді пайдаланумен шектесіп жатыр. Ана тіліміздің сөздік қоры компьютерлік және желілік кәсіби сленг,

сондай-ақ желілік және компьютерлік кәсіби терминдерден алынған неологизмдер әсерінен күннен күнге толығып келеді. Мысалы: геймер - a game (ойын), дисплей - a display (көрсету), логин - to log in (жүйеге кіру), юзер - a user (пайдаланушы), ноутбук - a notebook (блокнот), пост - to post (ақпарат жүктеу), трафик - a traffic (қозғалыс, ақпарат ағыны), хакер - to hack (бұзу) және т. б. кірме сөздер ойымызға дәлел бола алады.

Қоғамның негізгі қағидаларының өзгеру жүйесінде тілдің негізгі қарым-қатынас құралы және мәдениет сақшысы ретіндегі тағдыры ерекше қызығушылық тудырады [3]. Цифрлық қоғамдағы коммуникацияның жетекші сөйлеу жанрлары «жариялау» және хабарламалар, ал негізгі коммуникация құралы - әлеуметтік желілер мен мессенджерлер. Демек, цифрландыру дәуірінде әлемдік стандарттарға сай болумен қатар, ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық тілдік бейнемізді сақтап қалу үшін филолог-студенттің тілдік тұлғасына дискурстық талдау жасап, егжей-тегжейлі зерттеу аталған жобаның өзектілігі болмақ.

Тіл иесі адамның табиғатын, болмысын тану әрекеті В. Гумбольдтың [4] ілімінен басталып, И.А. Бодуэн де Куртененің [5] «тілдік түсінік, халықтың тілді сезінуі» секілді ілімдерімен толығып, Л.В. Щербаның [6], А.А. Леонтьев [7] пен А.М. Шахнаровичтің [8] «тілдік инстинкт және тілдік қабілеттілік» туралы пікірлерімен ұласып, Г.И. Богин [9], Ю.Н. Карауловтың [10] «тілдік тұлға» туралы бірнеше зерттеулерінен көрініс таба отырып, қазақ тіл білімінде Р. Сыздық [11] сияқты ғалымдар еңбектерінен орын алды. Соңғы жылдары Г. Мұратова [12], Ж. Манкеева [13], Д. Алкебаева [14], және т.б. арнайы зерттеулерінде қарастырылды.

Ғылыми зерттеулерді талдау филолог-студенттердің тілдік тұлғасының қалыптасуының критерийлері болып табылатын негізгі компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді: когнитивтік (коммуникативтік кодтарды меңгеру, коммуникативті жағдайларды бағалау және рефлексиялау қабілеті); мотивациялық-құндылық (кәсіби дайындықта сөйлеу әрекетінің маңыздылығын түсіну және коммуникация мен сөйлеу дағдыларын жетілдіруде мотивацияны дамыту); эмоционалды (рефлексия мен адекватты өзін-өзі бағалаудың болуымен сипатталатын эмоциялық құбылыстарды түсіну); мінез-құлық (сөйлеу фигурасында өзінің және басқаның позициясын саналы түрде қабылдауды қалыптастыру сұхбаттасушыға қатысты ынтымақтастық пен ымыраға келу көрінісі) [15, 33].

Сонымен, біздің зерттеу жұмысымызда тілдік тұлғаның мәні мен оның құрылымын анықтаған еңбектерге сүйене отырып, филолог-студенттің тілдік тұлғасын дамыту деп субъектінің білім беру ортасында қалыптасатын және кәсіптегі мінез-құлық нормаларына сәйкес қарым-қатынасқа қажетті құндылық бағдарларды меңгеруіне бағытталған үдерісті» түсінеміз [15, 100 б.].

Филолог-студенттерді кәсіби даярлауда пәнаралық тәсілді мақсатты түрде қолдану тілдік тұлғаны жан-жақты дамытуды қамтамасыз етеді, коммуникативті, адамгершілік, эстетикалық және мәдени қасиеттер мен

кабілеттерге әсер етеді, бұл кәсіби құзыреттіліктермен қатар, қызметтің басқа салаларына қатысты құзыреттер.

Осы зерттеу аясында белгілі бір педагогикалық шарттар болған кезде филолог- студенттердің тілдік тұлғасын дамытудағы пәнаралық көзқарас оқу- тәрбие процесіндегі мақсаттардың, мазмұнның, ықпал ету мен өзара әрекеттесу әдістері мен нысандарының, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мен іс-шаралар кешені ретінде анықталады.

Жоба барысында филолог-студенттің тілдік тұлғасын дамытудың құрылымдық-функционалдық үлгісі жасалады. Аталған құрылымдық-функционалдық үлгі өзара байланысты төрт блоктан тұрады: мақсатты, теориялық-әдістемелік, процессуалдық-мазмұндық және бағалау-нәтижелік.

Әзірленген құрылымдық-функционалдық үлгінің тиімділігін бағалау мақсатында 2025-2027 жылдар аралығында үш кезеңде: анықтау, қалыптастыру және бақылау бойынша эксперименттік жұмыс жүргізіледі.

Эксперименттің анықтау кезеңінде келесі міндеттер қарастырылады: филолог-студенттердің тілдік тұлғасын дамыту мәселесінің жағдайын талдау; тілдік тұлға дамуының құрылымдық-функционалдық үлгісін негіздеу; диагностикалық құралдарды құрастыру және филолог-студенттер арасында тілдік тұлға компоненттерінің қалыптасуының нақты деңгейін бағалау.

Әрбір критерийді бөлек зерттеуге мүмкіндік беретін диагностикалық құралдар таңдалады: когнитивтік – сөйлеу мәдениетінің негіздері туралы білімді бағалауға арналған авторлық сауалнама, коммуникативті дағдыларды анықтауға арналған авторлық тест, ақпаратты ұсыну қабілеті және әңгімелесушіні бағалау; мотивациялық-құндылық –мамандықтың мәні туралы автордың тест-сауалнамасы, сөйлеудің өзін-өзі дамытуға мотивациялық қатынасын бағалауға арналған автор сауалнамасы, табысқа мотивацияны және сәтсіздіктен қорқуды бағалауға арналған сауалнама (А.А. Реан); эмоционалды – рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау әдісі (А.В. Карпов), сапалы эмоционалды сипаттамаларды зерттеу әдісі (Л.А. Рабинович), эмпатияны диагностикалау әдісі (И. М. Юсупова); мінез-құлық – эмоционалды интеллект сауалнамасы (Д.В. Люсин), коммуникативті дағдылар тесті (Л. Михельсон), көпшілдік деңгейін бағалауға арналған тест (В.Ф. Ряховский), қарым-қатынаста өзін-өзі бақылауды бағалауға арналған тест (М. Снайдер).

Қорыта айтқанда, цифрландыру қазақ тілінің болашағына екі жақты әсер етеді. Бір жағынан, қазақ тілінің сандық ортада қолданылуы кеңейіп, оның қолдану аясы артады. Мысалы, мемлекеттік қызметтер, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да салаларда қазақ тілінің қолданысы цифрлық жүйелер арқылы да дами алады. Интернет ресурстары, электронды кітаптар мен онлайн оқыту жүйелері қазақ тілінің кең ауқымды қолданылуына мүмкіндік береді. Екінші жағынан, цифрландыру барысында жаңа технологиялар мен инновациялар арқасында басқа тілдерден, әсіресе орыс және ағылшын тілдерінен кірме сөздер көбейіп кетуі мүмкін. Бұл қазақ тілінің таза болуына кері әсерін тигізіп, оның лексикалық қорын шетелдік терминдермен толтыруы



мүмкін. Тілдің болашағы оның тазалығымен және қолданылуымен тығыз байланысты.

Қазақ тілі жаһандық мәдениетке еніп, жаңа ұғымдарды игеруі қажет, бірақ ол ұлттық бірегейлігін жоғалтпауы тиіс. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың тілі жоғалса, ұлты да жоғалады», – деген еді. Цифрландыру дәуірі қазақ тілін дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады, бірақ кірме сөздердің шамадан тыс енуі ұлттық тілдің ерекшелігін әлсіретуі мүмкін. Сондықтан жаңа терминдерді бейімдеу барысында ұлттық ерекшеліктерді сақтау басты міндет. Қазақ тілі жаһандық мәдениетпен үндесіп, заманауи бағытта дамуы тиіс.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Изд. 7-е. – Москва: Издательство ЛКИ, 2010. – 264с.
2. Ш.Құрманбайұлы, Ж.Жұмабаева. Тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтіннің рөлі//Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 1(134)/2021. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-70-75>
3. Р.Ш. Тусупова. Русский язык в эпоху цивилизации: сохранение традиций в новой реальности//
4. Гумбольд В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2001. – 400 с.
5. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. – Т. 2. – 391 с.
6. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 428 с.
7. Леонтьев А.А. Язык и речевая деятельность в общей и педагогической психологии. – М.: Воронеж, 2001. – 444 с.
8. Шахнарович А.М. Языковая личность и языковая способность // Язык – система. Язык – текст. Язык – способность: сб. ст. – М.: Институт русского языка РАН, 1995. – С. 213-223.
9. Богин Г.И. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов. – Л.: АДД, 1984. – 31 с.
10. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 264 с.
11. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ел шежіре, 2014. – 383 б.
12. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы. – Астана: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2016. – 256 б.
13. Манкеева Ж.А. Абайдың шығармалары тілін «тілдік тұлға» тұрғысынан зерттеу мәселелері // Қазақ филологиясы: егіз негіз: ғыл. мақал. жинағы. – Алматы: Арыс, 2010. – 24-36 б.

14. Алкебаева Д.А. Языковые особенности поэзии М. Жумабаева: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.02: – Алматы, 1998. – 22 с.
15. Шевченко М. С. Модель развития языковой личности в процессе профессиональной подготовки студентов филологов // Мир науки. Педагогика и психология: электронный научный журнал. 2020. № 6. URL: [https:// mir-nauki.com/PDF/129PDMN620.pdf](https://mir-nauki.com/PDF/129PDMN620.pdf) (дата обращения: 22.09.2022).

**ӘОЖ 81-33**

## **ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ӘЛПБИ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТУ ШАРАЛАРЫ**

*Тәжіқараева М.Д.,*

*Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған  
облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі  
(Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы)*

Рухани жаңғыру – бұл төл әдебиетімізді, мәдениетімізді жаңғырту, ұлттық сананы ояту. Жаңғыру – жазудан басталады. Жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Жазу болған жерде тарих бар. Білім жүйелі болады, ғылым сапалы болады, рухани қазына жинақы болады. Ғылымның дамуы да жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазу қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде, жазудың қадірі арта түседі. Қазақ жазуы тым тереңнен тамыр тартады. VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылған. [1, 17 б.]

1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Қазақ жазуы кирилл жазуына көшті. Қазір қазақ жазуының жаңа тарихы басталды. Әліпбиге реформа жасау үрдісі жүріп жатыр. 2017 жылдың 9 қазанында қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру жобасы ұсынылды. 2017 жылы қазақ тілінің жаңа латын әліпбиі 26 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілді. 2017 жылдың 26 қазанында бұл алфавит ресми түрде мақұлданды. 2018 жылғы 19 ақпанда осы қаулыға түзетулер енгізілді. 2017-2025 жылдары жаңа әліпбиге көшу жоспарлануда. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. [2, 5 б.] Біздің еліміз көп ұлтты мемлекет, яғни латын әліпбиіне көшуді жан-жақты саралай, бірте-бірте жүзеге асырудың қажеттігін ескертеді. Ғалымдар, әдебиетшілер, көпшілік қауым арасында бұл мәселеге қатысты екі жақты пікір байқалады. Бірі қажет дейді, бірі қажет емес дейді. Пайдасы мен зияны жөнінде де әр алуан пікірлер білдіріліп жатыр. [2, 5 б.] Белгілі ғалым Шәкір Ыбыраев әліпбиді латынмен ауыстырғанда ұтатын жақтарымызды былай таратады: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартатыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Лингвист Шерубай Құрманбайұлы латын әрпіне көшудің қиындықтары болғанымен, латын әрпіне көшу уақыт талабы екенін айта келіп, кейінгі ұрпақ қазіргі 42 әріпке қарағанда 33 таңбадан тұратын латын әліпбиін тез үйреніп алады деген ойын білдіреді. Тұтастай алғанда, латын әліпбиіне көшуді қолдаймыз. Бұл ретте, әсіресе, жастар латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез игеріп алады. Мектепте ағылшын тілі пәнін оқуы, басқа әлеуметтік-қажеттілік жағдайлары олардың жылдам меңгеруіне мүмкіндік жасайтыны сөзсіз.

Ең басты мәселенің бірі – қолданылуға өте ыңғайлы, әлемдік жаңа технологияларға ыңғайланған, қазақ тілінің, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан басқа сан ұлттың тілдік жайларын да қамтитын жақсы латын харпіндегі алфавитті құрастыру болып табылады. Бұл – өте күрделі және басты жұмыс. Біздің ойымызша, өзге түркі халықтарының да жазуын оқитындай ортақ үлгіде болып жатса, құба-құп деп білеміз. Түркі халықтарының арасындағы рухани байланысты орнатуға мүмкіндік берсе, тіптен жақсы.

Екінші күрделі мәселе – Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің бұл жазуға көшу жайы. Орыстілділердің көшуі қалай болады? Олардың уәжінде кирилица жазуын қатар қолдана берейік деуі және бұл процесс тым ұзаққа созылып кетуі мүмкін. Қазіргі уақытта, жасыратыны жоқ, елімізде мемлекеттік тіл өз дәрежесінде, биігінде тұрған жоқ. Бір кездегі мемлекеттік тілге деген құлшыныс, қызу қозғалыс қазір көп бәсеңсіп қалған тәрізді. Мұнда да үлкен кедергі келтіріп, қолбайлау болып отырғандар орыстілділер болып табалады.

Үшінші күрделі мәселе – әрине, бұл екінші мәселемен байланысты, дегенмен өз алдына бөлек айтса да жөн болады. Ол – БАҚ мәселесі. Қазақстанда қазақ тілінде шығатын газет-журналдан гөрі орыс тілінде шығатын мерзімді басылымдар әлдеқайда көп және таралуы жағынан да басым. Олардың өзіндік уәждері де болуы мүмкін. Мәселен, «біздің газет Қазақстанда да, көршілес Ресей мемлекетінде тарайды» деуі мүмкін. Екі жазуда шығару тиімсіз. Сонда ол газет Қазақстанда орыс алфавитімен жазылған қалыпта тарай бер ме, оның мыңдаған оқырмандары орыс алфавитімен жазылған қалыпта оқи бере ме?

Осы мәселелер бізді де толғандырады.

Елбасы өз сөзін ұлттық санадан бастайды. Ұлттық санасы жоқ адамнан ұлтына жақсылық күту қиын. Елбасы былай дейді: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [4,2 б.]. Ұлттық санаға, ең алдымен, әсер ететін күш – ана тілі. Тілімізді реформалау ұлттық сананы жаңа деңгейге көтеретін қадам. Осыған байланысты ол саяси болғандықтан, Елбасы бұл мәселені көтеріп, халық талқысына ұсынады. Елбасы өз мақаласында былай деп жазады: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» [4, 3 б.]. Латын әліпбиіне көшу мәселесінің айтылып келе жатқанына біраз уақыт болғанымен, бұл мәселе төңірегінде дау мен талас-пікір көп. Бұл мәселе – тілші-ғалымдар тарапынан ғана емес, басқа да сала адамдарын толғандырып, қолдарына қалам алғызып отырған көкейтесті мәселе. Біздің заманымыз – модернизация, инновация, цифровизация заманы. Дәл осы заманда латын графикасы арқылы глобальды коммуникацияға кіруге болады және латын жазуына көшкенде еліміздің бәсекелестігі артады, соның нәтижесінде халықаралық дәрежеге шығуына мүмкіндік тудырады. Жаңа әліпби табысты өзгерістер алып келетіні, оның артықшылығын қоғам түсініп келеді. Шетелдегі (Еуропада, Азияда, Америкада) отандастарымыз көбісі кирилл графикасын білмейді, бір-бірімен халықаралық жазуды пайдаланады. Халықаралық жазу латын графикасына негізделген. Түркі тілдес елдердің көбісі латын графикасын пайдаланады. Латын әрпіне көшу – түбі бір, тарихы ортақ түркі халықтарымен жақындастыра түсетіні баспа беттерінде дәлелденіп те жүр. Латын әліпбиі әлеми деңгейде басым болып отыр, сондықтан латынға деген мұқтаждық бар. Алайда латын әліпбиіне көшудің ең басты себебі, көпшілік назарынан сырт қалып барады. Басты себеп осы сәтті пайдаланып, «кирилл» жазуына реформа жасау керек. Әрбір елдің өз жазуына реформа жасап алатыны әлеми

тәжірибеде бар. Бізге де осы сәт келді. Өйткені қазіргі қолданыста жүрген әліпби ұлттық әліпби емес. «Өйткені бүгінгі кирилл әліпбиіміз қазақтың әліпбиі емес, «қазақ-орыс», тіптен турасын айту керек, «орыс-қазақ» әліпбиі. Өкінішке орай, орыс тілді фонетистеріміз сол «орыс-қазақ» әліпбиінің үлгісімен латынға көшуді ұсынып қиянат жасап отыр», – дейді ғалым Ә. Жүнісбек [3, 9 б.].

Еліміз 2025 жылы латын әліпбиін қолдануды бастап кетуі тиіс. Бірақ оған дейін де кезең-кезеңімен атқарылатын шаралар жетерлік. Өйткені бүтіндей бір мемлекетті бір әліпбиден басқа әліпбиге ауыстыра салу оңай жұмыс емес. Бұл – қоғамдық сауаттылықты қамти отырып атқарылатын үлкен шаруа. Әріп жазуы арқылы тарихи таным сақталады. Елбасы тұжырымында айтылғандай, басты шарт – ұлттық кодты сақтай білуге бағытталуы қажет, яғни қазақтың өзінің сөйлеу үлгісіне біршама сәйкес келетін әріптерді тандай білуіміз, өзіміздің ұлттық кодты сақтауға, дамытуға қызмет етуіміз қажет. Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Тіл арқылы сақталған ұлттық кодты жаңғырта дамытудың бір жолы – жаңа әліпби негізінде емле-ережелерді төл тіліміздің заңдылығы негізінде қайта жаңартып, сөйлеу тіліміздің гармониялық жүйесін қайта орнықтыру болса керек. Қазақ жазуын латыннегізді ұлттық әліпбиге көшіру арқылы түбегейлі реформалаудың маңызды кезеңі жаңа емле ережелерін анықтау болып табылады.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен реформаны жүзеге асырудың кезеңдік жоспарына сәйкес латын графикалы әліпби бойынша жазу-сызудың орфографиялық ережелерінің ғылыми-теориялық негіздері Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандары тарапынан зерттеліп жатыр. Ғылыми ізденістер бойынша жаңа емле ережелерінің тұжырымдамасының жобасы да әзірленді. Жазу-сызу – біздің түп негізі бар рухани дүниеміз. Жазуға реформа жасау – бұл қағаз бетіне түскен барлық мұраларымызды жаңа әліпби, жаңа емле бойынша қайта жазып шығумен тең. Демек, кирилл қарпімен жазылған еңбектер қайта жаңғырады деген сөз. Алдағы уақытта емле ережелерінің негізінде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер, анықтағыштар осы ережелерге сәйкес құрастырылады. Сол кезде, басы ашылмай жатқан тіл мәселелері де бірізділікке түсіп, тұрақталады деген ойдамыз. Әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап, пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр.

Ендеше, бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай 7 немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де

мәселелерді қамтып отыру керек болады. Жаңа әліпбиге көшу жолында мынадай мәселелер негізге алынғаны дұрыс: Бұрыннан тілімізде игеріліп, қалыптасқан шеттілдік сөздер айтылуы бойынша жазылса: тауар, нómir, poshta, kástóm, pálte, роуыз, siez. Айтылуы қазірге дейін қалыптасқан ауызша коммуникацияда орыс тілінің орфоэпиялық заңдылықтарына сәйкес компьютер, канцерт, камитет, сөздерінің айтылуы қазақ тілінің заңдылықтарына қарай дыбысталуына өзгерсе: компьютер, концерт, комитет. Жазуды латын графикасына көшіру қоғам өміріне ерекше рухани серпіліс бермегі айқын. Бұл тұрғыда, ең басты міндеттердің бірі – орфографиялық олқылықтарды түзеп, ала-құлалықты біріздендіру. Осы орайда, күнделікті өмірде көп кездесетін, ресми ісқағаздарда кездесетін, орфографиялық сөздікте дұрыс жазылуы көрсетілсе де, қоғамда, ақпарат құралдарда, баспа беттерінде кейбір сөздердің жазылуында ала-құлалық кездеседі. Мысалы, ҚР Мемлекеттік терминология комиссиясының мақұлдауымен 2007 жылы басылған Орфографиялық сөздікте «қолхат», «сенімхат», «алғысхат» сөздері бірге жазылу көрсетілген. Осындағы «алғысхат» сөзі әлі күнге дейін барлық жерде бөлек жазылып жүр. Ал «рақмет», «дастарқан», «рақат» сөздері ше?! Бұл сөздер де әлі күнге дейін екі түрлі нұсқада қолданылып жүр. Дегенмен көп адамдар «рахмет», «дастархан», «рахат» деп жазады. Сонымен бірге «шақыру хат», «шақырухат», «шақыру хаты», «шақыру қағаз», «шақыру қағазы», «құттықтаухат» (орф. сөздікте осы нұсқа берілген), «құттықтау хаты» деген нұсқаларда әрқилы жазылып жүр. «Іссапар», «ісқағаз» сөздері қосылып, «ісшара», «іс-әрекет» сөздері қосарланып жазылады. Бұл сөздердің морфологиялық құрамы ұқсас, жасалу жолдары бірдей, бірақ жазылуы әртүрлі. Осыларды біріздендіру құба-құп болар еді. «Қонақүй» сөзі – қалада ең көп кездесетін сөз. Бұл сөздің бірігіп жазылуы барлық жылдардағы орфографиялық сөздікте берілген. Тек оны ескеріп жатқан халық жоқ. Бұл сөз қонақүйлердің маңдайшаларында да, баспа беттерінде де бөлек жазылып жүр. «Мекенжай» сөзінің тіпті үш түрлі нұсқасы кездеседі: «мекен-жай», «мекенжай», «мекен жай». Орфографиялық сөздікте бірігіп жазылуы көрсетілген. Сөздікте «Ауылшаруашылық», «теміржол» деп бірге жазуды берген, бірақ тиісті министрлік пен компанияның сайттары мен бланкілерінде бұл сөздер «Ауыл шаруашылығы министрлігі», «Қазақстан темір жолы» деп бөлек жазылып жүр. Мұндай мысалды көп келтіруге болады. Бұдан Латын әліпбиіне көшу аталмыш проблеманың да оңтайлы шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан рухани жаңғыруды жазудан бастау – ең игі іс. Тіліміздегі орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген сөздерді тілімізге икемдеп жазу қалыптасады. Әрі жалпы қоғамда сауатты жазуға бетбұрыс жасалады. Латын графикалы әліпбиге көшу керек және Ә. Жүнісбек айтқандай, сауат ашып көшу керек. Бұл үдеріс – саяси реформа.

Сонымен қатар, тәуелсіздікке дейін жазылған әліпбилік реформалау тарихы бойынша жұмыстардың тарихнамалық маңыздылығын бағалай отырып, ресми идеологиядан кез келген ауытқу болған жағдайда авторлар қатаң партиялық цензураға ұшырағандарын ескермеуге болмайды. Сондықтан

оларда әліпбиді қайта құру мен ауыстырудың даму тарихын объективті түрде жариялау мүмкіндігі болған жоқ. Алфавиттік құрылыстың және КСРО-ның басқа да республикаларының зерттеулерінде елеулі оққылықтар болды. Осыған байланысты Кеңес өкіметінің іс-шараларын мадақтау үрдісі басым болды. Сондықтан болашақта объективті зерделеу жасауды жоспарлап қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Шонанов Т. К вопросу о переходе на латинский алфавит (История вопроса. Почему добиваемся перехода на латинский алфавит. Подводные камни. Перспектива будущего) // Советская степь. – 1926. – 30 мая.
2. С.Бакторазов «Латын әліпбиіне қалай көштік, тарих не дейді», «Ақ жол» облыстық газеті, № 134, 2017 жылғы 25 қараша
3. Нұргелді Уәли, Н.Дәуешев, Ғ.Мелдешов «Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат», Нұрсұлтан, 2019
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір. – № 70
5. «Түркі тілдері неше әліпби нұсқасын қабылдады?», «Тіл әлемі» порталы, 31.03.2020 ж.
6. «Әліпбидің әлеуеті әсерлі болмақ» «Егемен Қазақстан» газеті, 12 наурыз 2020 жыл.
7. «Бізге қай жоба жақын?» «Ақ жол» газеті, 15.03.2020 ж.

### ӘОЖ 81-33

#### ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ РӨЛІ

*Саулебаева Л.А., Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің 2-курс магистранты, Ақтау қаласы, Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымдаст. профессор Исакова А.С.*

*Аңдатпа. Қазіргі қоғамдағы орын алып отырған интернет, әлеуметтік желілер арқылы тілімізге жаңа сөздердің енгені бәрімізге белгілі. Жаңа ұғым, жаңа тілдік бірлік сөздік қорымыздың қоржынынан орын алып, тілдің қатпарына еніп толығу үдерісі жүріп жатыр. Ал виртуалды қарым-қатынас кеңістігі күнделікті шынайы қарым-қатынастың орнын алмастыруына әкеліп тұр. Яғни виртуалды коммуникация тілдік нормалардың қағидаттарына да өз септігін тигізіп бастады. Мақалада қазақтілді әлеуметтік желілерде коммуникацияның басты ерекшелігі виртуалды қарым-қатынаста қатысушының шынайы қатысушымен алмастыруы сөз етіледі. Әлеуметтік желі дискурсы мәтіндерінің ғылыми-практикалық мәселелері қарастырылады. Шетелдік және отандық ғалымдардың тақырып*

*аясында айтылған ғылыми көзқарастары беріледі. Сонымен қатар ХХІ ғасырдың басында профессор Рабиға Сыздықтың тақырып аясындағы жұмысына сипаттама беріледі.*

***Кілт сөздер:*** *сөйлеу мәдениеті, әлеуметтік желі, сөз (сөйлеу) этикеті, желілік этикет, сыпайылық категориясы, сөйлеу агрессиясы.*

Мақаланың мақсаты мен міндеті – әлеуметтік желі дискурсын интернет дискурстың бір типі сапасында қарастырып, оның мәтінінің лингвистикалық ерекшеліктерін анықтап, әлеуметтік желіде норма қаншалықты сақталатынын және узустық қолданыстарды анықтау. Әлеуметтік желі мәтіндерінің ортақ талаптары сөз етіледі. Біз жинаған, талдаған материалдар негізінде әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) ерекшеліктерін он топқа бөліп талдадық. Әлеуметтік желідегі, нақты айтқанда фейсбук пен уатсап желісіндегі, қазақша мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктері нақты мысалдармен талданады. Сөзді үнемдеу мақсатында қолданылатын әлеуметтік желінің тілі зерттеуді қажет етеді. Қазақ тіліндегі әлеуметтік желі тілін негіздеуде, осы бағыттағы әлемдік тіл біліміндегі қолданбалы бағыттағы жұмыстарды зерттеуде шолу, сипаттау, баяндау, аналитикалық талдау әдістері қолданылады. Әлеуметтік желідегі мысалдар лингвистикалық мәтін ретінде талданады.

Әлеуметтік желі тілі шынайы тілдік факт ретінде қоғамдық санамызға әбден енді. Қазіргі қазақ тілі өзге де тілдер тәрізді әлеуметтік желіде белсенді пайдаланылады. Әлеуметтік желі тілі адамдар қарым-қатынас жасайтын жаңа қатынас – виртуалдылықты тудырды, әлеуметтік желінің ерекшелігіне сай тіл де соған бейімделіп жаңаша сипат ала бастады. Әлеуметтік желінің қарқынды қолдануымен тағы бір мәселенің шеті көрінгені жасырын емес, ол – тіл мәдениеті сақталмайтын жағдайлардың уақыт озған сайын жиі ұшырасуы. Осымен байланысты ғаламтор тілінің мәдениеті туралы сөз қозғайтын сәт жетті деп санаймыз, желі қолданушыларының санасында осы ұғым жайында және ғаламтор әдебі, оған кері әсерін тигізетін факторлар, сыпайы сөйлеу мен қарама-қарсы ұғым сөйлеу агрессиясы (дәрекілік), троллинг, кибербулинг жайында ақпарат қалыптастыру қажеттігі туындайды. Бұл мәселелерді ғылыми қарастыру әлеуметтік желі қатынасындағы тілдік тәжірибеде де берері мол болмақ. Көптеген желі қолданушылары осыны білмегендіктен немесе түйсінбегендіктен, қарым-қатынас барысында қалай болса солай сөйлейді/жазады.

Бұл мақала жалпы тіл мәдениетінің ғаламтор пайда болғалы оның құрамдас бөлігіне айналуы тиіс осындай ғаламтор тілі, соның ішінде әлеуметтік желі тілінің мәдениеті мәселелеріне арналады. Тіл мәдениеті – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.



Тілші ғалымдардан бастап, жалпы зиялы қауымға дейін әлеуметтік желідегі тіл мәдениетіне қатысты бұқаралық құралдарда дабыл көтеріп жатқаны шындық. А. Үдербаев қазақтілді ақпараттық технологияның дамуын сөз ете отырып, компьютерліктіл (сленг, жаргон, т.б.) тәрізді құбылыстарға, тілбұзарлық үрдістерге барынша сергек қарағанымыз абзал дейді [2]. Журналист Ұ. Сәйдірахмен «Бүгінгі қазақстандық БАҚ бұқаралық па?» атты мақаласында БАҚ-тың қоғамдық санаға тигізетін әсерін және ғаламтордағы қатынастың өзіне тән белгілерін атай отырып, Интернет-редакцияны (автордың өз қолданысы бойынша – З.Қ.) жетілдіруді ұсынады. Оның ойынша, Интернет-редакция өз алдына дербес ұжым болу керек; ол «қалдық принципімен» тек репутация үшін қаржыландырылмауы керек. Сонда ғана ғаламторды пайдалана отырып, конвергентті хабар таратудың әлемдік тәжірибесіне қосылу мүмкіндігі болады [3].

Келесі бір тіл жанашыры Е. Байтілес «Желі мен желім» мақаласында әлеуметтік желіге қатысты Материалдар мен әдістер Мақаланың теориялық негіздемесіне шетелдік және отандық зерттеушілердің монографиялары мен осы тақырыпқа қатысты ғылыми мақалаларындағы теориялық тұжырымдар жатқызылды. Бұл ғалымдардың қатарына интернет алаңды әлеуметтік желі деп атаған.

В.Н. Рябов әлеуметтік желідегі қарым-қатынасты прагматикалық, коммуникативтік, лингвостилистикалық тұрғыдан қарастырған А.А. Матусевич, қазіргі интернет коммуникацияның құрылымы мен негізгі өлшемдерін зерттеген Е.И. Горошко, интернеттегі қарым-қатынас ерекшеліктерін қарастырған Г.Ю. Виноградов, әлеуметтік желідегі неологизмдер мәселесін талдаған Е.Н. Вахрамова, Н.В. Кузнецова, Н.А. Муравьев, әлеуметтік желідегі интернет комментарийлердің синтаксистік ерекшелігін зерттеген Е.В. Холодковская, әлеуметтік желідегі шет тілдік коммуникация ерекшелігін зерттеген О.В. Иванова, Г.И. Берестенев, Л.В. Арнольд, компьютерлік қауіпсіздік дискурсындағы метафоралар модельдерін талдаған Е.В. Исаев, әлеуметтік желідегі ағылшын тілді комментарийлер ерекшеліктерін зерттеген Е.В. Тетерлева мен И.В. Портнова, интернет желісіндегі қазақ тілінің ерекшеліктерін талдаған К.Садирова т.с.с. атауға болады. Ал қазақ тіл білімінде норма мен узустың аражігін көрсететін еңбектерге тоқталатын болсақ. Сол кезеңдегі зерттеулерде әсіресе Р. Сыздық сынды ғалымдардың т.б. зерттеушілердің еңбектерінде әдеби тілдің белгілеріне, оның тілдік нормамен байланыстылығына, варианттарды саралау, оларды топтастыруға, әдеби тілдің жалпыхалықтық тілдің өзге формаларынан айырмашылықтарына баса назар аударылды.

Зерттеушілердің ұстанған негізгі ғылыми принципі классификациялық болды, кейбір зерттеулерде структурализм принципінің де бой көрсеткен тұстары болды. В.Н. Рябов [1] әлеуметтік желі деп интернет алаңды атайды. Бұл интернет алаңды тұтынушылар тіркеліп, өздеріне қатысты жеке ақпараттарын жүктейді де, сол алаңды пайдаланушылармен қарым-қатынасқа түседі. Осы интернет алаңды әлеуметтік желі деп атаймыз. Әлеуметтік

желідегі мәтіндер өзара сілтеме арқылы байланыстырылған. Осылайша әлеуметтік желілер өзара сабақтасқан жүйе құрылымына ие.

Ғылыми зерттеулерде көрсетіліп жүргендей, интернеттің, оның ішінде әлеуметтік желінің қарым-қатынас құралына айналу себептері әртүрлі: - Шынайы өмірдегі қарым-қатынастың аз болуы. Егер шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа түсушілер көп болса, интернет желісіндегі қарым-қатынасқа қызығушылығы болмайды. - Шынайы өмірінде қол жеткізе алмаған тұлғалық сапасын, қандайда бір рөлді ойнау, эмоциясын шығару мүмкіндігі. Ол мүмкіндікті туғызатын әлеуметтік қарым-қатынастағы анонимділік, қатаң норманың болмауы, адамды адамның қабылдауының басқаша болуы. Қандайда бір эмоцияны шығару мәтіннің эмоционалдығын күшейтіп берумен жүзеге асады. Қазіргі уақытта сөз әрекетінде тілдің жаңа формасы – жазбаша ауызекі сөйлеу – пайда болды деуге болады. Өйткені интернетте әлеуметтік желіні қолданушылар жазбаша қарым-қатынас жасағанымен, сол жазбаша сөзде ауызекі тілдің нормасын пайдаланатыны байқалады.

Әлеуметтік желідегі ауызша-жазбаша тілдің белгілерін жіктеп беруге болады. Ауызша сөз белгілері: ақпаратты тез арада беру, диалогты шынайы уақытта онлайн қолдау мүмкіндігі, сөз сөйлеуге жұмсалатын күшті үнемдеу мен тілдік құралдарды үнемдеу, мәтіннің спонтандылығы, орфографиялық ережелердің сақталмауы, желілік және компьютерлік сленгтерді пайдалану, эллипстік құрылымдардың, инверсиялардың, ықшамды құрылымдардың келуі. Жазбаша сөз белгілері: жазбаша тіркеу, жазба символдар арқылы тікелей сөзді алмасу, визуалды қабылдау, қарым-қатынас барысында ұзақ кідіріс жасау мүмкіндігі, мәтіндік ақпаратты еркін орналастыру мүмкіндігі, жіберген хабарламаны түзету мүмкіндігі. Қазақ тіл білімінде норма мен узус жайлы сөз еткен ғалымдар Р. Сыздық пен Н. Уәли. Олардың еңбектерінде узустық қолданыс деп береді. Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан проф. Р. Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узус үшендерін бірлікте ала отырып, өзара ұқсас, астас танымдық бұл категориялардың айырым белгілерін көрсете келіп, сол белгілерге сүйене отырып, әдеби тіл нормасындағы кейбір құбылыстарға талдау жасап, мән жайын ашады.

Р. Сыздық өз еңбегінде узусты тілдік жүйе мен жүйеден ауытқып кеткен құбылыс ретінде танып, оны дағдыға айналған тілдік құбылыс деп тұжырым жасайды, яғни қазіргі тілдік нормада жүйеге сәйкес келмейтін, бірақ дағдыға айналған тілдік норманың фонетикалық, лексика-грамматикалық түрлерін айқындайды. Әлеуметтік желі – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру орны ғана емес, тілдік үнемдеуге негізделген, интернет желісіне тән өзіндік тілдің қызметін дәйектейтін жүйе. Бұл жүйеде тілді үнемдеу әлеуметтік желі қолданушыларының уақытын ақпарат мазмұнына зиян келтірмей қысқартуға қызмет етеді, яғни «аз уақытта көп ақпарат беруге» қызмет етеді. Тілдік үнемдеу заңы тілдің әр деңгейінде маңызды, сондықтан әлеуметтік желі тілінде түрлі графикалық сызбалар қолданылады.

Әлеуметтік желі қолданушылары толықтай паралингвистикалық құралдардан, яғни, сөз темпінен, қандай да бір сөзге екпін түсіруден, дикция, жест, мимика т.с.с. айырылған деуге болады. Сондықтан да әлеуметтік қарым қатынас нәтижелілігі шынайы қарым-қатынаспен салыстырғанда әлдеқайда төмен болады, психологтардың айтуынша, шынайы тікелей қарым-қатынаста паралингвистикалық құралдар қарым-қатынас нәтижелілігінің 55 % құрайды. Интернеттегі жаңа әлем немесе әлеуметтік желіде жүргізілетін жаңа қарым-қатынас өзіне лайық жаңа құралдардың пайда болуын не бұрыннан бар көне құралдарды трансформациялауды, өзгертуді талап етеді. Интернет тұтынушылары енгізген сленгтер әлеуметтік желі арқылы жалпы қолданыстағы лексика қатарына өтті. Эпистолярлық жанр электронды жазбалар сипатында қайта туды, оның да тілдік ерекшелігі пайда болды, виртуалды кеңістікте ойын ойнау қарым-қатынасты ойынға жақындатты, бұл сөйлеудің ауызекі сипатын арттырды. Соған орай интернет тілін зерттеуші ғалымдар қазір интернетте жаңа тіл – интернет тілі пайда болды деп тұжырымдап жүр. Интернеттегі қарым-қатынас стилі қалыптасқанын дәлелдеп жүр. Бұл стильдер интернет қауымдастықтың өзіндік ерекшеліктері ғана емес, бұл тұтас қоғамға әсер етеді. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, виртуалды шындықты құру құралы, бағдарламаудың жасанды тілі технологиялық құрал болып қана саналады, сол арқылы интернет жұмыс жасайды, ал виртуалды қауымдастықтың тілі – әлеуметтік желі қолданушыларының табиғи тілі.

Түптеп келгенде, әлеуметтік желі бізді сауатсыздыққа үйретпейді, оның ондай қауқары да жоқ. Кінәрат – қолданушыларда. Анығында, әлеуметтік желі пайда болғалы адамдардың тіл мәдениетіне, сөйлеу, жазу мәдениетіне жеткілікті көңіл бөлмеуде. Орынсыз сөзжасамға үйірсектеу, сөздерді орынсыз қысқарту, өзге тілдерді қазақ тілімен араластырып, тілді шұбарлау сынды олқылықтар орын алуда. Осының барлығы ана тіліміздің абыройына нұқсан келтіріп қана қоймай, оның қолдану аясын тарылтуға да себепкер болуы мүмкін екендігін ескеруіміз керек. Әсіресе, оң мен солын енді ажырата бастаған жастар қауымы үшін тілді сақтау, норманы жетік білу, жалпы тілдік күзіреттілік жоғары болуы тиіс. Тілді орынсыз шұбарлау әлеуметтік желіде бұрмаланған сөздердің (эративтер) көптігінен көрінеді.

Эративтер екі деңгейден тұрады: бірінші және екінші. Біріншісіне ауызша сөйлеу формасын қалыптастыру, жазбаша норманы бұрмалау жатса, екіншісіне сөз, сөйленімдердің гипербұрмаланған, қиын айтылатын түрлері енеді. Мысалы, жиі қолданылатын «красавчик» сөзі екінші деңгейде «красафчек» болып бұрмаланады. Қазақтілді желілерде эративтердің орысша нұсқалары жиі кездеседі. Осындай жолмен бұрмаланған сөздер, әрине, тіл мәдениетіне жат. Әдеби нормадағы сөздер әркімнің айту ыңғайына қарай бұрмалана берсе, содан барып жалпыадамзатқа, білімді, сауатты тұлғаларға мүлде түсініксіз сөйленіс түрі пайда болса, ғаламтор кеңістігінде «падонковтық субмәдениет»-тің қалыптасуы әбден мүмкін. Оның барлығы түптеп келгенде ана тіліміздің абыройына нұқсан келтіріп қана қоймай,

әсіресе, оң мен солын енді ажырата бастаған жастар қауымын тіл бұзуға, сауатсыздыққа бастайтыны шындық.

Әлеуметтік желідегі тіл мәдениетінің осылай шұбарлануының себебі неде? Әрине, ең әуелі ғаламтор тілі мәдениетінің қалыптаспауында. Ғаламтор тілінің мәдениеті, оны құрайтын құрамдас бөліктер нелер болмақ, біз енді ғылыми тұрғыдан осы мәселелерге назар аударамыз. Ғаламтор тілі мәдениетінің басты ұғымы сөз (сөйлеу) этикетімен тығыз байланысты. Жалпы адам баласы табиғаттың ғана емес, қоғамның да жемісі. Адам белгілі бір қоғамның мүшесі ретінде мәдени, саяси, әлеуметтік, экономикалық, т.т. сан алуан қарым-қатынаста өмір сүреді. Кез келген адам күнделікті өмірде белгілі бір әлеуметтік рөлді атқарады: қоғамдық көлікке мінсе – жолаушы, дүкенге кірсе – сатып алушы, жұмыста – маман, қызметкер, үйге келгенде – ата-ана, т.т. Әлеуметтік желі пайда болғалы бәріміз желі қолданушысына айналдық. Осындай әлеуметтік рөлге қарай біз сөз саптаймыз, тілді қолданамыз. Адам мәдениетті болған сайын оның қарым-қатынас жасау мәдениеті де жоғары болып, өзіне жүктелген қоғамдық-әлеуметтік міндетті мінсіз атқарады.

**Қорытынды.** Әлеуметтік желілерде тіл мәдениетін сақтау, ғаламтордың өркендеуіне қарамастан, назардан тыс қалмауы керек. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының таптырмас сенімді серігіне айналды. Көптеген адамдар әртүрлі тақырыптарды қозғау үшін де, әртүрлі заттарды жарнамалау үшін де, тіпті қызықты мәселе бойынша көпшіліктің пікірін білу үшін де осы желілердің көмегіне жүгінетіні белгілі. Бүгінгі таңда ең белсенді және кең таралған әлеуметтік желілердің «ВКонтакте», «Instagram», «Facebook», «Twitter», «WhatsApp» және т.б. пайдаланушылары санының артуы соның дәлелі. Сонымен бірге әлеуметтік желі ауызша және жазбаша қатынас түрлерімен сөйлеу барысындағы сөйлеушінің қатысы мен атқаратын қызметі жағынан, дайындықсыздық немесе алдын ала дайындалғандығы бойынша, игерілу және қабылдау тәсілдері тұрғысынан, өмір сүру формалары мен нормалану дәрежесі, бейвербалдылықтың қатысуы мен қолданылу нәтижесі бойынша салыстырылды.

Қазақ тілі әлеуметтік желіде белсенді қолданылатын шынайы факті ретінде өмір сүреді. Ғаламтор тілінің мәдениетінде оған кері әсер ететін факторлар оның бірқатар жанрлары, айталық, фейк, троллинг және оның түрлері саналатын флейм, флуд, оффтоф, т.т. өмір сүреді. Ғаламтор тілінің мәдениетінде үйлесімді қарым қатынас құруда сөйлеу сыпайылығының орны ерекше. Сондай-ақ оған кері құбылыс сөйлеу агрессиясы да әлеуметтік желі тілінде жиі ұшырасады. Сөйлеу агрессиясын неғұрлым азайту ол желі қолданушыларының жауапкершілігіне, шынайылығына, ғаламтор мәдениетін терең игеруіне, құзыреттілігіне байланысты.

Ғаламтордағы елеусіз кеткен қателіктерден сөз мәдениеті түзелетінін естен шығармаған жөн. Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін елімізде ең алдымен: а) Ақпараттық мәдениет жайында қажетті мәліметтер, жұмыстар жүргізіліп, кеңінен насихатталса; ә) Адамдар бір-біріне қарап түзеледі, сондықтан жастарға үлгі болатын қоғам белсенділері жарнамадан

бөлек, сөз мәдениетіне қатысты игі істерді атқаруға атсалысса, сөз қателеріне қатысты түрлі танымдық мақалалар жарияласа; б) Тілдің қолданылуы, оның маңызы жөнінде әлеуметтік желілерде талқыланып, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген жарнамалар, жастардың патриоттық сезімдерін арттыратын ақпараттар мен суреттер жиі берілсе; в) Кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бей-жай қарамай, сауатты жазуға талпынса, ықылас танытса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Рябов В.Н. Необычные слова и формы слов как отражение особенностей художественного текста. – Дискурс. – Выпуск 10. УГТУ-УПИ, 2008. – С. 15-25.
2. Матусевич А.А. Общение в социальных сетях: прагматический, коммуникативный, лингвостилистический аспекты характеристики. – Москва, 2016. – С. 190.
3. Горошко Е. И. Современная интернет-коммуникация: структура и основные параметры//Монография. – Москва: Наука, 2012. – С. 328.
4. Виноградова Т.Ю. Специфика общения в интернете// Русская и сопоставительная филология: лингвокультурологический аспект. – Казань, 2009. – С. 63-67.
5. Вахрамова Е.Н. К вопросу о лингвистических перспективах неологизмов социальных сетей// Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2009. – № 6. – С. 270-275.
6. Муравьев Н.А. Неологизмы в социальной сети Фейсбук// Диалог-2014: Междунар. конф. по компьютерной лингвистике.

**ӘОЖ 81-44**

### **ТІЛ БІЛІМІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

***Комекова Жанар Акмырзақызы***

*«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК Тәрбие жұмысының әдістеме пәні оқытушысы*

***Аңдатпа.*** Қазақ халқының тіл білімінің негізін зерттеген А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы еңбектерінен басталады.

*Тіл – адамның жан дүниесі, рухы дегенге илансақ, қазақ жаны мен рухы осы қазақ тілінде жатқаны өзінен-өзі түсінікті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріледі. Ана сүтімен бойға енген қасиет туған тілдің құдіретімен дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім*

*мен көзқарас туған тіліңді білуден басталады. Ана тілі – халқымыздың рухани байлығы, баға жетпес асыл мұрасы.*

«Ұлттық тәрбие – ұраным, Ұлттық тәрбие мұным, Ұлттық тәрбие – өмірім» деп қазақ жастарының бойына ұлттық тәрбие мен ұлттық білім беруде тынымсыз еңбек етіп, ұлт болашағының өркендеуіне зор үлесін тигізген ғалымын зерттеу жұмыстары, бүгінгі саналы ұрпақтың өз білімін жетілдіруіне ықпал ететіні айтпаса да түсінікті. XX ғасыр басындағы алаш зиялыларының еңбегінің ең маңызды жағы да осында деп білеміз. Қазақ тілді ғалымдар ана тілінің мәнін арттыру үшін, лексикалық құрамын «жат» сөздерден қорғау үшін, грамматикалық құрылымын жүйелеу үшін, тарихи ескерткіштерді зерделеп, тілдің даму басын көрсету үшін еңбек сіңірді. Тіл саясатындағы қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтарға қарамастан қазақ ғалымдары ана тілінің дыбыстық жүйесін, лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысын жан-жақты зерттеді. Тәуелсіз ел тірегі – білімді жастар десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселесі – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі – білім, ғылым, тәрбие екендігі мәлім. Еліміздің болашағы білімді, дарынды, ұлтжанды ұрпақ десек, дарындылық пен білімділікті ұйқастырып, білікті білім мен саналы азаматты қалыптастыратын негізгі бағыт дұрыс тәрбие беруден басталады. Білімді де, саналы, елжанды ұрпақтың мемлекетімізді әлемдік деңгейде танытатын дара тұлғалар болатыны сөзсіз.

Ұлы ғұлама ғалым Әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» – дегендей, Еліміз өркениетті елдер қатарына жататын әлемдік деңгейдегі ел болады десек, өз ұлтымызды, туған халқымызды, еліміз бен жерімізді, тіліміз бен дінімізді, салт-дәстүрімізді ардақтайтын, асыл қасиеттерімізді құрметтейтін, тәрбиелі, білімді ұрпақтардың өсіп-жетілуіне басты назар аудару керек деп ойлаймын.

Тілдің әр салалары бойынша жазылған қазақ ғалымдарының еңбектері түркітануда да басты ғылыми-теориялық тұғыр болды. Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық деңгейінің биіктігі бүгінгі таңда тек қазақ тіл білімінің ғана дамуын емес, жалпы түркологиялық зерттеудің де сипатын анықтайды деуге негіз бар.

Ең алдымен, тіл білімі – теориялық пән. Оның методологиясы мен әдіс-тәсілдері дұрыс әрі нақты, жүйелі орнықпаса, талдау принциптері дамытылмаса, ондағы термин жүйесі мен олардың мағыналық құрылымы айқындалып, грамматикалық тұлғалардың мағыналық ерекшелігі нақтыланбаса, сөйлеудегі жұмсау үрдісінде де кемшілік кетері анық. XX ғасырда дамыған құрылымдық тіл білімінің артықшылығы мен кемшілігін айқындау – ғылымның бүгінгі мен болашағын саралау үшін қажеттілік туғызады. Табаны мен іргетасын А. Байтұрсынұлы қалаған қазақ тіл білімінің теориялық тұғырын жүйелеу, қайта бүгіндеп, шегендеп, ұлттық тілдің теориялық қағидасын толықтыра түсу керектігі анық. Қазақ тілін халық

жанының, рухының бейнесіндей көріп, оның терең тылсымына бойлай отырып, көне бастауларын, тарихи даму жолын анықтауға өмірін арнаған қазақ ғалымдары бұл. Қазақ тіл білімінің кешегі корифей ғалымдарының қаламынан шыққан зерделі зерттеулердің негізгі ғылыми бағыты – құрылымдық бағыт екенінде дау болмаса керек. Бұл ғалымдардың ғылыми таңдауынан бұрын, уақыт таңдауы, таңдатуы десек орынды болмақ. Ресей империясы кеңістігіндегі өзге де елдерде дамыған тіл білімі сияқты, қазақ тіл білімі де негізінен, орыс тіл білімінің үлгісімен дамып, құрылымдық бағытта ғылыми зерттеулер жазып, дамытқаны, ғылыми білімнің деңгейінің өлшемі де жақын болғаны анық. Құрылымдық грамматика негізінде қыруар жұмыс жазылды, талданды, бағаланды. Тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып дамуы – маңызды ғылыми идеялар мен бағыттардың дамуының нәтижесі арқылы көрініс табады. Жалпы тіл білімінде тіл білімі тарихы жеке ғылым саласы ретінде танылады да, оның теориялық қағидалары орныққан. Ахмет Байтұрсынұлының мектеп туралы, оқу-білім туралы ойлары 1914 жылғы «Қазақ» газетінің № 62 санында жарияланған «Мектеп керектері» атты мақаласында баяндалған. Онда ең әуелі мектеп ісіне керекті нәрсе ретінде білімді, педагогика мен әдістемеден хабары бар мұғалім деген қорытынды жасайды. «Мектептің жаны – мұғалім» – дейді ғалым. Мұғалім қандай болса, оның мектебі де сондай деген тұжырым айтады. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы, әрі жұрттың бәрі бірдей сыйлайтын сыйлы болуы қажет деген ой айтады. Шынында да, егер ұсынған оқулық сынға ұшырап, қатесі көпе-көрнеу байқалып тұрса, онымен оқу да, оқыту да ауыр екені өзінен-өзі түсінікті.

Ғалымның ең қажет нәрсе ретінде тағы да айрықша бағалайтыны – бағдарлама. Оқыту ісі көңілдегідей болып шығуы үшін, оның үлгісі, мерзімді өлшемі болуы қажеттігін дәл тауып, тап басып айтады.

Ахмет Байтұрсынұлы көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек еткен. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасайды. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымның да алғашқы бастаушысы бола алады. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары осының айғағы болса керек.

Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі оңай үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліппидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани білу керектігіне назар аударады. «Әріптерді тани білуді» мақсат ету – таңбаның негізгі белгілерін бағамдауға үйрету. Таңбаның негізгі екі белгісі бар. Бірі – сыртқы тұлғасы да, екіншісі оның мағынасы. А.Байтұрсынұлы осының екі жақтылық белгісін балаға дұрыс пайымдатуға көңіл бөлген. Дыбысты меңгертіп, оның әріптік таңбасын таңбалайды. «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» дегенді мақсат етіп ұстаған

ғалым «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында бала оқыту жүйесін құрудың алғашқы бастамаларын көрсетеді. Өліппеден өзге кітаптардың әлі шыға қоймағанына қынжылыс білдірген автор «...әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десеңіз, болыстық та, билік те халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі. ...Жаңалыққа жастар мойынын бұрыпқайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» – деп жазады. Бұлай сөйлеудің ар жағында үлкен мән бар. Орыс үкіметі жүргізіп отырған оқыту саясаттың ар жағындағы орыстандыру жайы жатқанын терең сезінген ғалым, қазақ балаларын, жастарын қазақша оқытудың жайын осылайша түспалдап жеткізіп отыр. Сондықтан да қазақ баласының бір парасы орысша оқып жүргенін айта отырып, «орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет» екенін анық айтады. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік бағытта жазылған «Тіл жұмсар» атты еңбегінің мәні зор. Тіл – құралдың жеке бөлшектерін түсіндіру жолын белгілеп берген бұл еңбектің қазақ тілінің әдістемесі пәнінде алатын ролі мен маңызы ерекше болмақ.

«Тіл жұмсар» – қазақ тілін оқыту әдістемесінің басы. Ғалымның өзі көрсетіп бергендей, тіл туралы еңбек жазу бар да, оны балаға оқыту жүйесі бар: «Тіл құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» (1992, 336).

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің болуы – түрлі әдісті болу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу», – деп ой түйіндеген әдіскер-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының жазғандарынан алар тағылым-үлгі мол. Қай кездегі мұғалім не оқытушы болса да, оқыту әдісін көп білуі шарт.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Ол – әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, қолданыс аясы кең тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының – ана тілі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Оның қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Азаматтың қолындағы барлық асыл заты тозады, жоғалады, ал тіл тозбайтын ең қымбатымыз. «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады» – деген еді біртуар ақын М.Жұмабаев. Қынжылтатыны, қазір туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндер көп. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде кейбір адамның қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемейтіні – қазақ тіліне зиян шектіруде. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам



жәндік» деп ашына айтқаны ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағына көмегін аямауы тиіс.

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам болмайсың. Тіл тағдыры – елдің тағдыры. Әр адам ана тілін біліп, оны құрметтеуге міндетті. Жалпы жас ұрпақтың тәрбиелеуде мұғалімінің атқаратын қызметі қоғамда өте маңызды – «Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңыздырақ, бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні онан да маңыздырақ. Мұғалімдер, міне осынысымен бағаланады» – деген Цицеронның қасиетті ойы оқушының әрбір іс-әрекеті мен болашаққа алған бағытына сынып жетекшінің ықпалы өте зор екенін байқауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі – Алматы-2009., 11-6 бб.
2. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілімен оқу-ағарту саласына қатысты еңбектері жинақталған «Тіл тағылымы» (1992)
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өрендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – Алматы-Білім, 1997. 18-19 бб.
4. Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы. А. 15-6 бб.
5. Тілдерді оқытудағы функционалдық сауаттылық-педагог пен оқушының қызметінде нәтижеге жетудің негізі – Обл. ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары – 2013., 17-19 бб.

## ЛАТЫНҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ: БҮГІН ЖӘНЕ БОЛАШАҚ

*Ибадуллаева Т.К.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің 2-курс магистранты*

***Аңдатпа.** Латын графикасы қазіргі замандағы жаңа технологиялық ортаның, коммуникация, білім мен ғылымның ерекшелігіне айналған. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Әлемде ақпараттың басым пайызы ағылшын тілінде таратылатынын ескерсек, Қазақстан үшін латынға көшудің пайдасы өте көп болары сөзсіз. Сондай-ақ бұл өзгеріс тіліміздің лексикологиялық және терминологиялық жағынан дамуына бірден-бір кепіл бола алады.*

*Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен тығыз байланысты болып тұр.*

***Кілт сөздер:** латын, тіл, қазақ, графика, әріп.*

Тіл – мемлекет болғанда ғана пайда болатын феномен. Сондықтан тіл – елдіктің нышаны. Қазақ тілінің тарихы ерте кезеңнен басталады. Қазірге дейін табылған бітіктастар мен басқа да көне жазбалардан қазақ тілінің ұзақ тарихқа ие көне тіл екенін аңғарамыз. Ғалымдар кез келген өркениет бір дыбысты бір әріппен белгілеп, әліпби түзгенге дейін кемінде 2000 жыл тарихи кезеңді басынан өткеруі керек деп тұжырымдаған.

Қазақ тілі – тамыры терең тіл. Ол күні кеше ғана пайда болып, жеке ұлттың ортақ тіліне бірден айнала қойған жоқ. Қалыптасу кезеңін (III, V-VIII ғ.ғ.) Талас, Орхон-Енисей ескерткіштерінен Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін, Мойыншор сияқты жазба жәдігер мұраларынан бастайды. Қазақ тілі Орта түркі дәуірінде (X-XII ғ.ғ.) де қолданылған, уақыт өте келе сөздік қорда архаизмдерімен, неологизм, терминдерімен толысып отырған көне тілдердің бірі. Оның тарихының тереңде жатқандығына Ж.Баласағұнның «Құтты білік», М.Қашқаридың «Түрік сөзінің жинағы», А.Юғнакидың «Ақиқат сыйы», А.Ясауидың «Даналық кітабы» атты шығармалары толық дәлел бола алады. Алтын Орда тұсындағы жазба ақындар Саиф Сарайдың «Гүлистан бит-туркиі», Құтбтың «Хұсрау-Шырыны», Хорезмидің «Мұхаббатнамесі», көне қазақ жазба әдебиетінің өкілдері Қадырғали би Жалаиридың «Жамиғ-ат тауарих», Әбілғазы Баһадүрдің «Шежіре түрки» естеліктері, XIX ғ.ғ. ақиық ақын М.Өтемісұлының жырлары, XVIII ғ.ғ. Кіші жүздің ханы Әбілхайырдың Ресей патшасы Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбалары, Шоқан

Уәлихановтың зерттеу еңбектерінің тілі. Тіл – халықтың ең басты және ең үлкен мұрасы, тарих қойнауындағы асыл қазынасы. Сол себептен тіл ғылымының мамандары: «Тіл – халықтың жаны», «Халық бар жерде тіл бар, тіл бар жерде халық бар», «Бірінсіз олардың бірі болмайды», – дейді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін 1996 жылы «Тіл саясаты туралы тұжырымдамасы», 1997 жылы «Тіл туралы» Заңы бекітілді. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алды. Конституцияда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғышарттары, қоғамдық қызметтері белгіленген. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған №151-І Заңының 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» – деп нақты көрсетілген. [1,1]

Қазақ тілінің қалыптасу, даму кезеңдерін айқындау жалпы түркі тілдерінің даму жолдарымен тікелей байланысты. Түркі тілдері, қазіргі түркология қолданып жүрген, қалыптасқан көзқарас бойынша, алты түрлі дәуірді бастан кешірген. Н.А.Баскаков бұл дәуірлерді былай атайды: Алтай дәуірі (б. з. д. III ғасыр), Хун дәуірі (б. з. д. III ғасырдан - б. з. V ғасыр), Көне түркі дәуірі (V-X ғасырлар), Орта түркі дәуірі (X-XV ғасырлар), Жаңа түркі дәуірі (XV-XX ғасырлар). Түркологияда қазақ тілі түркі тілдерінің, біршама «жаңа» деп қаралатын тобына жатқызылады. Олай болатын себебі: қазақ рулары тарихтың ерте кезінен-ақ мәлім болса да, «қазақ» деп аталатын біртұтас халық XV-XVI ғасырларда барып қалыптасады. Қазақ тарихының осы ерекшелігін ескерсек, қазақ тілінің тарихи кезеңдері мынадай дәуірлерге бөлінеді: 1) Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, – бұл дәуір, шамамен, біздің заманымыздың V ғасырына дейін созылады, екі түрлі белестен тұрады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі. 2) Түркі бірлестігі дәуірі, екі кезеңге ажырайды: Көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасырлар). Орта түркі кезеңі (X-XV ғ. б.). 3) Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғасырлар). 4) Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр). «Алтай дәуірі» дейтін атау тіл білімі тарихында белгілі «алтай гипотезасымен» байланысты қойылған атау. Алтай гипотезасы алтай тілдерінің туыстығы жайлы теориялық болжам, жоққа шығаруға да, дәлелдеп шығуға да болмайтын болжам. Сондықтан гипотеза деп қаралады. Жоққа шығаруға болмайтындығы – бүгінгі түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде ұқсас фонетикалық, грамматикалық құбылыстар, ортақ лексика бар. Фонетикалық ортақ құбылыстар: тұңғыс тіліндегі т, маньчжур тіліндегі с дыбысы түркі-монғол тілдерінде и дыбысының алдындағы ч, ш, с дыбыстарына сәйкес қолданылады, тұңғыс: гг/ган~маньчжур: гусин~ мон-ғол: гучин (оғыз), түркі: үш, уч – үч он, маньчжур: хусун~моп-ғол: күчүн – түркі: күш, күч, күүс, т. б. Алтай тілдері деп атауға себеп – аталған тілдердің арғы аталары болатын рулар мен тайпалардың түпкі, арғы атасы, алғашқы таралған жері – Алтай тауларының маңы, айналасы. Ғылым бұл дәуірде қазіргі түркі,

моңғол, тұңғыс, маньчжур тілдеріне ортақ тіл болған деп есептейді. Сол ортақ (немесе: бір-біріне ете ұқсас) тіл құрамынан әуелі екі тармақ – түркі-моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері жіктеледі. Сол жіктелістің ізі жоғарыда көрсетілген дыбыс сәйкестіктері болып табылады. Түркі-моңғол тілдері ч~ш~с сәйкестігін айтатын тілдер болып қалыптасты да, тұңғыс-маньчжур тілдері сол позицияда т (кейде с) дыбысын қолданатын тілдер болып қалды. Осы дәуірдің соңғы кезеңдерінде түркі тілдері моңғол тілдерінен жіктеліп шықса керек. Бұл жіктеліс қазіргі тілдердегі мынадай тілдік құбылыстар арқылы дәлелденеді: моңғол тілдеріндегі р, л дыбыстары түркі тілдерінде з, ш/с дыбыстарына сәйкес қолданылады. Ал түркі тілдері ішінде моңғолдық ротацизм (р) мен ламбдаизм (л) көне бұлғар тілі мен қазіргі чуваш тілі ғана сақтап қалған: чуваш тілі – сір, шур, хір, иір, пыр, басқа түркі тілдерінде – сүз, саз, қыз, із, музЦбүз, осыдан бұрын түркі-моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерін өзара жіктеген белгі т~с~ч~ш дыбыс сәйкестігі ішінен якут, башқұрт, хақас тілдері с дыбысын сақтап қалды, күүс, көс, күс, т. б. Тілдердің өзара бір-бірінен аулақтануына, дербестенуіне басты себеп болған мұндай сәйкестіктер түркі тілдерінің өз арасында да, жеке бір түркі тілі (айталық, қазақ тілі) құрамында да сақталып қалған (егер сондай реликтер болмаса, ондай процесті тіл басынан кешкенін білу де мүмкін бола бермес еді). Дыбыстардың мұндай сәйкестігін өз бойында сақтаған сөздер тарихи синонимдер болып ұғынылады. Ал кейбіреулерінің түбірлес, тарихи дублет сөздер екенін арнайы зерттеу арқылы ғана түсіну мүмкін: семір – семіз, көр~көз, тіре – тайа, саумал~сауған, аумалы-төкпелі {-мал, есімше тұлғасы, түркі тілдерінің кепшілігінде -мыш), тал-түс (тал – чуваш тілінде «түс», л~ш//с), т. б. [2,366]

Сонымен, бұл дәуірде кейін түркі халықтарының негізін салатын тайпалар моңғол тайпаларынан бөлініп, жіктеліп шықты деп қарау керек. Бұл дәуір – тарихқа дейінгі дәуір. Бұл дәуірде әлі аты белгілі халық та, ру да жоқ. Дұрысында, бізде ондай мәлімет жоқ. Түркологияда бұл раннепраторкский деп аталып жүр. Түркіге дейінгі дәуірдің бұл – бірінші кезеңі болса керек. Екінші кезеңі түркологияда «Хун дәуірі» деп аталатын мерзім. Хун дәуірі деп атау біздің заманымыздың алғашқы жылдарында өмір сүрген Хун империясына байланысты. [3,166]

Латын қарпіне көшу – бұл әлемдік білім саласын игеру үшін жасалып жатқан оқу бағдарламасына сәйкес, бүкіл әлем қарым-қатынас жасайтын ағылшын тілін жастарымыздың тезірек игеруіне мүмкіндік жасайды. Әлемдік деңгейде қазақ жастарының биік белесте болуы үшін және әлем жастарымен тіл табыса алатын деңгейде болуы үшін де латын графикасына ауысымыз өте маңызды болып табылады. Бұл жерде негізгі мақсат, кез келген ақпаратты, ғаламдық өзгерісті балалар түпнұсқадан алып, оқи алатын болады.

Тарихқа көз жүгіртсек, латын әліпбиі қазаққа жат емес. Бұл халқымыздың ғасырлар қойнауынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сөз өнерін, қазақ әдебиетінің қайталанбас асыл мұрасын әлемге танытудың үлгісі деп санауға болады.

Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр. Себебі, дүниежүзі халқының 80 пайызы қолданатын латын әрпіне көшу озық инновациялар мен жаңа технологияға бір табан жақындаудың белгісі. Балаларымыз да осы арқылы электронды ақпарат құралдарын да жылдам игеретін болады. [4,16]

Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады.

Латын графикасына негізделген шығыс еуропа тілдерінің жазуы модификацияланып, өздерінің спецификалық дыбыстарына сәйкес жаңа графемалармен толықты. Жаңа графемалар көбінесе диакритикалық таңбалар арқылы жасалды. Сондықтан шығыс еуропа тілдерінің әліпбиінде әріптердің саны көбірек. Демек, батыстан шығысқа қарай әріптердің саны көбейгені байқалады. Шығыс еуропа тілдерінің әліпбилері шамамен 30-40 әріпті қамтиды. Румын, молдован тілдерінің әліпбилерінде 31 әріп; поляк, литва, эстон тілдерінің әліпбиі 32 әріптен тұрады; латыш тілінің әліпбиі 33 әріпті қамтиды; венгр, чех тілдерінің әліпби құрамында 40, 42 әріп бар.

Латын графикасы қазіргі замандағы жаңа технологиялық ортаның, коммуникация, білім мен ғылымның ерекшелігіне айналған. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да, мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Әлемде ақпараттың басым пайызы ағылшын тілінде таратылатынын ескерсек, Қазақстан үшін латынға көшудің пайдасы өте көп болары сөзсіз. Сондай-ақ бұл өзгеріс тіліміздің лексикологиялық және терминологиялық жағынан дамуына бірден-бір кепіл бола алады. [4,36]

Латын әліпбиіне ауысу қаншалықты қымбатқа түсетінін жайлы нақты есептеу жоқ. Экономист Жандос Темірғалидің сөзінше, жалпы шығын 200 млн доллардан асып кетсе, таңғалатын түгі жоқ. Латын әліпбиіне көшуді құптамайтындар кеткен шығын ақталмайды, халықтың сауаттылығы төмендейді, кириллицада жарық көрген туындылар жоғалады деп қорқады. Аталған қауіптердің алдын-алу үшін бұл мәселе жан-жақты зерттелуі керектігін де қаперге алғанымыз жөн болады. Дегенмен қазіргі ұрпаққа кириллицаға қарағанда латын қаріпі ыңғайлырақ болып жүргенін де байқап жүрміз. Демек латынға ауысу болашақ үшін қатты қиындық соқтырмайтын мәселе деп білемін.

Қорыта айтқанда латын әліпбиіне көшу – еліміз үшін тарихи оқиғалардың бірі. Бұл заман талабына қажетті нақты жоба. Әлемде көп қолданатын әліпбиге оралу жақсы мүмкіндік. Орайы келгенде айта кетейік оралу деп отырғанымыз латын әліпбиі елімізде өткен ғасырдың басында қолданыста болған. Латын графикасына көшу қазақ тілді контентті арттыруға, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге ықпал етеді. Әлемдік

коммуникациялық кеңістік технологиялық ақпараттық ортаға еркін ену үшін де қажет. Бұл заман талабы. Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Бүгінде латын әліпбиін пайдалану – әлемдік шеңбердегі ғылыми, тілдік кеңістікке енудің басты жолы. Бұл басқасын айтпағанда, түркі халықтарына ортақ мұрат. Сонымен қатар, жүйелі графиканың қолданысы қазақ тілінің фонетикасына үйлесімді келеді. Мәселен, халықаралық терминологияны алсақ, немесе медицина мен басқа ғылымдар тілінің көбіне назар аударсақ, олардың латынша сайрап қоя беретіндігін байқаймыз. Бір сөзбен айтқанда, латын әліпбиі – өткенімізге оралып, өшкенімізге қол созу, түрік әлемімен жақындасу, ұлттық ошағыңнан жылына отырырып, одан рухани қуат алу. Сан ғасыр соғысынан жаңылмаған ата-баба жүрегінің демімен тыныстау!

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. А, 1988
2. Аманжолов С. Тарихи грамматика курсына керекті материалдар. Алматы, «Ғылым», 1964.
3. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.
4. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы / Қазақ үні, 11 сәуір 2017 ж. – 7 б.

### ӘОЖ 81-44

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘСЕРІ

### *Бүркітбайқызы А.*

*Ш. Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты, Ақтау қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Исакова А.С.*

*Ш. Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар университеті,  
Ақтау қаласы, Қазақстан*

*Аңдатпа. Филолог студенттердің білімін тереңдету арқылы да тілдік тұлғасын қалыптастыруға болады. Оның жолдары, біріншіден, тілдік терминологияны меңгеру. Тілдік терминологияны терең меңгеру үшін негізгі және қосымша әдебиеттермен, сөздіктермен, әсіресе, қостілді сөздіктермен, анықтағыштармен жұмыс істеу маңызды. Филолог*

*студенттер кәсіби маман болу үшін ғылыми-зерттеу жұмысын қадағалау. Курстық және дипломдық жұмыс жазу, материалдарды жинақтаудың және картотека жүргізудің тиімді тәсілдері. Курстық және дипломдық жұмыстарды қорғау кезінде сұрақтарға дұрыс жауап бере білу т.б.*

**Кілт сөздер:** сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тілдік тұлға, тілдік тұлға қалыптастыру.

Ғылым тілінде «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті» деген терминдер бар. Осылар бір нәрсе емес, азды-көпті айырмашылығы бар, бөлек-бөлек ұғымдар. Сайып келгенде «тіл» және «сөз» терминдерінің айырмасына негізделеді.

«Тіл» – қарым-қатынас жасаудың таңбалық механизмі; ол – таңбалардың жиынтығы. Ал «сөз» – белгілі бір хабарды бағалау үшін, соның қажеттілігіне қарай тіл таңбаларының өз заңдылықтары бойынша ұйымдасуы, яғни, сөйлем – іс жүзіндегі тіл. «Тіл» – жалпы, ортақ; ал сөз – әрбір жеке адамның сөйлеуінен көрінеді, сондықтан ол жекелік сипатқа ие.

Міне, осыдан келіп, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдің лексикасы мен грамматикасының биік даму дәрежесі, семантикасының шындалғаны, интонациясының икемділігі мен көптүрлігі т.б. жақтары болып шығады. Ал сөз мәдениеті жоғарыда айттық – сөздің коммуникативтік сапаларының жиынтығы. Ол сапалардың жетілгендігі түрлі жағдайларға: тіл мәдениетіне, тілдік қызметке, сөз мазмұнының мақсатына т.б. байланысты. Мәселен, тілдің жүйесі неғұрлым бай болған сайын, сөздік құрылымның ішінен ең керектілерін таңдауға болады (сөздің коммуникативтік әсерін күшейту үшін). Ал сөйлеуші (филолог) адамның сөздік (тілдік) дағдылары неғұрлым жетілген, кең еркін болса, соғұрлым оның сөзі шебер, әсерлі, мәнді болады. Оның сөзіне дәлдік, бейнелік сияқты т.б. коммуникативтік сапалар тән болады.

Тәжірибелі оқытушы оқу үдерісінде тек қатесіз жазуды ғана үйретпей, филолог студенттердің тілді пайдалана білуге, оның өз ойын айқын, еркін, дәл жеткізе алуына мүмкіндік бергені дұрыс. Осыдан филолог студенттердің сөйлеу тілі дағдыланады, қалыптасады. Қазақ тілінің байлығын игеру, оны анық, әсерлі, ұтымды етіп айтып, жаза алатын дәрежеге жетуге көмектеседі. Сол кездерде сөз тіркесін, сөйлем құрылысын, морфологиялық тұлғаларды дұрыс қолдана білу, сөз мәдениетін арттыруға үлес қосады.

Филолог студенттердің білімін тереңдету арқылы да тілдік тұлғасын қалыптастыруға болады. Оның жолдары:

1. Тілдік терминологияны меңгеру. Тілдік терминологияны терең меңгеру үшін негізгі және қосымша әдебиеттермен, сөздіктермен, әсіресе, көстілді сөздіктермен, анықтағыштармен жұмыс істеу маңызды;

2. Филолог студенттер кәсіби маман болу үшін ғылыми-зерттеу жұмысын қадағалау. Курстық және дипломдық жұмыс жазу, материалдарды жинақтаудың және картотека жүргізудің тиімді тәсілдері;

3. Курстық және дипломдық жұмыстарды қорғау кезінде сұрақтарға дұрыс жауап бере білу т.б.

«Тіл (сөз) мәдениетінің негізгі қарастыратыны – әдеби норма, нормалану үдерісі. Ал әдеби нормаға қатысты ең үлкен мәселелердің бірі – тіл элементтерінің өз орнында (өз қызметінде) дұрыс жұмсалуды жайында болса, екінші мәселесі дублеттілік, варианттылық туралы. Бұл екеуі жалпы тіл мәдениеті проблемасының өзегі деуге болады» [1, 65 б.].

«Тіл мәдениеті» немесе «сөз мәдениеті» терминдері синоним ретінде қолданылатынын түсіндіргеніміз сияқты «қате», «олқылық», «кемшілік» ұғымдарының жарыса қолданылуын талдағанды жөн көрдік. Қазақ тілінің мәдениеті туралы сөз қозғаған еңбектерде «қате», «олқылық», «кемшілік» ұғымдары жарыса қолданылып жүр. «Сөз мәдениеті теориясы бойынша «қате» деген ұғымға біржақты баға беріледі – «дұрыс», «дұрыс емес». Ал «олқылық» ұғымы сөзі жұтаң, сөзі дәл емес, сөзі орынды, сөзі орынсыз дегенді қамтиды. Яғни сөз қарым-қатынас мақсатына қарай бағаланады. Жоғарыдағы еңбектерді ескере отырып, қазақ тілді филолог студенттердің тілін екі сатыға бөліп қарастырамыз. Біріншісі – сөз дұрыстығы (правильность речи) болса, екіншісі – сөз бедері (выразительность речи).

Сөз мазмұнының мақсаты қаншалықты терең, күрделі, бай болса, адам өзінің сөзіне соншалықты жоғары талаптар қояды, соның нәтижесінде оның сөзі де икемді, күрделі және көп түрлі болады. Біздің түсінігімізше, жалпы және кәсіби мәдениеттің қазақ тілді студент-филологтың тілдік тұлғасын қалыптастырудағы көрінісі сөз мәдениеті, оның мәні мен құрылымы.

Филолог студенттер үшін тіл ерекшеліктері, мәні, мағынасы өте зор. Адамға ауа қандай қажет болса, филолог студенттер үшін сөйлеу тілі сондай қажет. Әрине, әр филолог студенттердің өзіндік тілдік ерекшеліктері, сипаты, дауыс ырғағы, мимикалық іс-әрекеті, тәжірибесі түрлі болады. Филолог студенттер тілдің ауызша түрін де, жазбаша түрін де толық пайдаланады. Ауызша тіл мен жазба тілдің бір-бірінен үлкен айырмашылығы бар. Ауызша сөйлеуде айтамыз, естиміз, ал жазуда – көреміз, жазамыз немесе естиміз, жазамыз.

Кез келген филолог студенттердің сөйлеу тілінің деңгейі өте жоғары болуға тиіс. Ол үшін ең алдымен әдеп пен шеберлік керек. Мәселен, атақты педагог А.С. Макаренко былай деген екен: «Мен «бері кел» деген сөзді он бес түрлі дауыс ырғағына салып, бет пішінімді, мимика, тон, әуенімді өзгертіп үйренбейінше, дұрыс сөйлей алдым деп есептемедім» [2, 55 б.].

Сөз қаншалықты қарапайым болса, соншалықты түсінікті болады, логикаға дұрыс құрылған сөз тіркестері фразаға күш пен сенімділік береді. Сөйлеу тілінің дәлдігі бұрыннан тілдің ең маңызды сипатының бірі деп есептелінеді.

Сөз мәдениеті сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу кезінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп, дұрыс айту, тілдің ғасырлар бойы сұрыпталып келген, ақын, жазушы сияқты сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін қолдану секілді мәселелер болмақ.

«Сөз-сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға



дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе, әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында» (Ғ.Мүсірепов).

Филолог студенттер өзі оқыған не көрген оқиғаны суреттегенде (жора-жолдасына, отбасына, әріптестеріне т.б.) мүмкін пікірталас, мүмкін ой қорытындысы ма, қарсы келер сұрақтар ма, қандай болған күнде де сан қилы әдіс, мимика әр түрлі сөйлеу мәнері арқылы жеткізеді. Филолог студенттер түсіндірсе, көрсетсе, кенессе, ақыл беріп сақтандырса, сенім білдірсе, қызықтырып жігерлендірсе, талпындырып ықылас етсе, сыйластыққа, қажеттігін қанағаттандыруға көмектессе, қуаныш бөлісіп, көңілін көтерсе т.б. – бәрін де өзінің жасампаз қаруы, басты құралы – тілі арқылы жүзеге асырады.

«Тілдің қызметі адам ойын өзгелерге жай ғана білдіре салудан емес, сонымен қатар оны әсерлі етіп, әдемі түрде жеткізуден көрінеді. Ол үшін тілде образды, бейнелеуіш элементтер пайдаланылады. Мұндай сөздердің тыңдаушы мен оқушы сезіміне әсер ететін қабілеті күшті болады» [3, 29 б.].

Тілдік эстетика сөйлем логикаға құрылған, түсінікті, сөздері өз орнында, синтаксистік байланыс арқылы жүйелі болуын талап етеді. Осы айтылғандарды ескермей, қате жіберіп сөйлеу филолог студенттердің ой саяздығының, тілдік талғамы таяз екенінің белгісі. Филолог студенттерге фонетика, грамматика, лексика, синтаксис, орфоэпия, орфографиядан білім беру – олардың тілдік талғамын жетілдірудің бөлшегі ғана.

Н.Уәли өзінің «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақаласында «Ізеттілік, сыпайылық – мәдениетті адамның белгісі. Бұл қасиет ең алдымен адамның қылығынан, содан соң тілінен байқалады. Одыр, арнайы сөйлейтін кісі мәдениеттілердің қатарынан саналмаса керек» дейді.

Ауызша сөйлеудің бірқатар қасиеттері (дауыстың қатты, ақырын, жай, темпі т.б.) әр адамның мінез-құлқымен (темперамент) сәйкес болады. Сөзді айта білудің, қатты сөйлеудің, сөз қолданудың негізгі т.б. тілдік ортаға (отбасы, жоғары оқу орны қабырғасы) сәйкес қалыптасады. Үйінде жылдам немесе қатты дауыстап сөйлейтін филолог студенттер қызметте қалыпты сөйлеуге бірлен үйрене алмайды. Бір сөзді 30 студентке айтқызып көрсек, 30 түрлі айтылғанын естиміз.

Сонымен қатар, бір адам бір сөйлемді әр түрлі етіп, даусын, үнін, интонациясын т.б. өзгертіп, сан құбылтып айта алады. Мысалы, асығыс келе жатқан адам әдеттегіден жылдам-жылдам сөйлейді, балаға жол ережесін түсіндірсең баяу; саңырау адаммен қаттырақ, кітапхана, аурухана т.б. жерде ақырын, ал жаңа туған балаға сөйлеу тіпті ерекше болады. Сол себептен адамдар сөйлегенде сан қилы, сан түрлі дыбысты, ишараны қолданады. Әртістердің еңбектерінің жемісі осыдан көрінеді. Филолог студенттерге де сондай әртістік қасиет қажет.

Сондай-ақ, оған дауыс ырғағы, үні, дауыс күші, интонация, сөздердің дұрыс байланысып, анық-нақты естілуі де маңызды. Сөздің айтылуы өте жылдам, ақырын, баяу, бірқалыпты болады. Үннің естілуі – жағымды, жағымсыз. Дауыс ырғағы – өте қатты, жай, баяу, ақырын. Тон баяулаған, толқыған, қызықтырған, сезімділікке, сенімсіздікке не бейхабарлыққа т.б.

негізделеді. Бет-пішіні, мимикасы – мейірімді, қатал, бірсарынды, қуанышты, қайғылы, солғын жүзді т.б. бірнеше түрлі болады. Бұл жалпы мәдениеттің, нақы айтсақ, педагогикалық мәдениеттің үлесі.

Қорыта айтқанда тіл мәдениеті – коммуникативтік сапалар жүйесі және соны зерттейтін ғылым. Оның зерттеу нысаны – әдеби тіл және оның нормалары бола тұра, басқа ғылым салаларына (әсіресе стилистикаға), сонымен қатар, психология, логика, эстетика, социология, педагогика ілімдеріне, солардың деректеріне арқа сүйейді.

Жеке адам мәдениетін шартты түрде жалпы және кәсіби мәдениет деп бөлуге болады. Жалпы мәдениет гуманитарлық негіз деп қарастырсақ, кәсіби мәдениеттің құрамына білім, мамандық таңдаудағы бейімділік жатады. Жалпы мәдениет дегеніміз – рухани байлықты, білім жоғарғы деңгейінің іс-әрекеттен көрініс табуы. Кәсіби мәдениет білімділік пен даму деңгейін іске асыру, белгілі бір бағыттағы білім, білік, дағды. Жалпы мәдениет адам дамуының гуманитарлық негізі, толығы көзі болса, кәсіби мәдениет оны кәсіби тәжірибеде іске асырушы болып табылады.

Адам материалдық және рухани құндылықтардың авторы және сол құндылықтарды іске асырушы болғандықтан кәсіби мәдениет адамның мәдени күшінің дамуының жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мәдениеттің өзіне тән ерекшеліктерін атап көрсетуге болады. Мәдениет әлеуметтік тәжірибені сақтау және тасымалдаудың әмбебап құралы. Л.Н. Коган еңбегіне сүйене отырып, оны жеке адам мәдениеті, кәсіби мәдениет және тұлға мәдениеті деп топтастыруға болады.

Мәдениет дегеніміз не? – деген сұраққа көне ойшылдар, қазіргі заман мәдениеттанушылары, философтардың кімді мәдениетті адам қатарына қосамыз, мәдениетті адам деп аталу үшін қандай критерийлер қажет деген сауалға жауап іздеген. Осыдан мәдениетті адам тек материалдық жағы жоғары, сырт бейнесі талапқа сай адам ғана болуы мүмкін емес екені анықталды. Мәдениетті адам ең алдымен тілі назарда болды. Сол себептен оның сөз мәдениетін зерттеу қажет.

Қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде алатын орны кеңестік кезеңде жаңа сатыға көтерілді. Әсіресе, оның дамуына 1920-жылдардан кейін жақсы жағдай жасалғанын атап өту керек: соның нәтижесінде қазақ тілі ғылым мен техниканың, оқу мен білімнің тіліне айналды. Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілі пән ретінде оқытылып, ғылыми зерттеулердің нысаны бола бастады. 1950-жылдардан бастап тілді пайдалану, қолдану мәдениеті туралы арнайы шаралар жүзеге асырылды. Бұған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Тіл мәдениеті» бөлімінің ашылуы жаңа серпін берді. Тіл мәдениеті тақырыбына тікелей қатысы бар республикалық конференциялар өткізілді (алғаш 1968 жылы). Жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тілінің мәдениеті арнайы курс, кейін арнайы пән ретінде оқытыла бастады. Көптеген мақала, кітап, жинақтар

жарияланды. Осының бәрі қазақ тілі мәдениеті мәселелерінің жұртшылық назарынан тыс қалмағандығын көрсетеді.

Сонымен бірге қазақ тілінің қолданылу аясы кеңестік кезеңнің 1950-жылдарынан бастап тарыла бастағанын да айту керек. Жоғарыдан түскен нұсқаулардың, сондай-ақ жеке басқа табыну, тоқыраудың әсерінен оның өрісі бірте-бірте тарылды, аяғына тұсау салынды. Бұдан тек тәуелсіздіктің арқасында ғана құтылуға жол ашылды.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Философский словарь /Фролова И.Т. – М., 1991. – 560 с.
2. Макаренко А.С. Воспитание гражданина / Виноградова М.Д. – М.: Просвещение, 1988. – 304 с.
3. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 470 б.
4. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 223 б.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылым. докт. ... диссер. – Алматы, 2007. – 328 б.
6. Ұйықбаев К.И. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. – Алматы: Білім, 1969. – 24 б.
7. Қалиев Б. Тіл мәдениеті және ұлттық сана //Жетісу. – 2004. № 3.

### ӘОЖ 81-33

## МЕТАФОРАЛАНҒАН СУБСТАНТИВТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ УӘЖДІЛІГІ

*Шахаманова Л.Е.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг  
университетінің 1-курс магистранты,*

*Ғылыми жетекшісі: Филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор Исакова А.С.*

Тіл – жанды құбылыс. Олай деу себебіміз уақыт өткен сайын тіл де адамзатпен бірге дами түседі, тілдегі сөздер бір қалыптан ауытқып, екінші бір мағынаға ие болып, қызметін өзгертіп жатады. Яғни бұл ішкі және сыртқы факторлар белгілі бір дәрежеде сөз мағынасының өзгеруіне әкеледі дегенге саяды. Сөз мағынасының өзгеруінің, оның жаңа мағынаға ие болуының екі түрлі себебі бар: 1) сөз мағынасының өзгеруінің тілден тыс немесе сыртқы себептері; 2) тілдік немесе лингвистикалық себептер [1, 138]. Тіл білімінде сөз мағынасының өзгеруінің сыртқы себептеріне қарағанда ішкі себептері, нақтылай айтқанда лингвистикалық себептері аз зерттелген. Лингвистикалық себептердің туындауына арқау болатын нәрсе – сөздердің басқа сөздермен әрдайым байланыста, қарым-қатынаста болуы. Сонымен қатар сөздің тұрақты

сөз тіркестерінің, сөйлемдердің құрамында қолданылуы сөз мағынасының өзгеруіне жеткілікті түрде әсер етеді. Сөздің тұрақты сөз тіркестері, сөйлем ішінде қолданылуы бойынша қызметі мен мағынасы өзгеріп, не фразеологиялық байлаулы мағына, не синтаксистік шартты мағынаға ие болады. Бұл тұжырымдамалар сөз мағынасының өзгеруінің тіл білімінде маңызы зор екендігін аңғартады.

Сөз мағынасының өзгеруіне әсер ететін тағы бір тілдік фактор бар. Ол – сөз таптары арасындағы бір-біріне ауысу, алмасу процестерінің болуы. Тілімізде бірқатар сөздердің о бастағы мәнін жоғалтуы немесе бастапқы беретін мағынасы әлсіреп жаңа бір лексикалық мағынаға ие болып, сөйлемде басқа сөз табының қызметін атқаруы жиі кездесіп отыратын құбылыс. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегінде сөз таптарының бір-бірінің орнына ауысып қолданылуына байланысты, әсіресе сын есімнің зат есімге айналуына байланысты бірнеше тұжырымдалар беріп өткен: «Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді; мәселен, «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын дейміз. Зат-сынның жалғаулары да, зат есімнің жалғаулары да бірдей» [2, 219]. А.Байтұрсынұлы зат-сын сөздердің зат есім секілді септелетінін, тәуелденетінін, көптік жалғауларын қабылдайтынына дәлел ретінде бірнеше сөздерді мысал ретінде көрсетеді. Бірақ А.Байтұрсынұлы сын есімнің зат есімнің жалғауларын қабылдай алуын ғана атап өтіп, одан әрі бұл құбылысқа тереңдей қарамайды. А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алған бұл құбылысқа кейіннен бірнеше тілші-ғалымдар мән береді. Тіл білімінде бұл құбылыс субстантивтену немесе заттану деп аталады.

Қазақ тілінде зат есімнен басқа сөз таптарының бәрі бірдей субстантивтеледі. Яғни зат есімнің қосымшаларын қабылдайды: септеледі, тәуелденеді, көптеледі. Зат есімдерді жасалу тәсіліне қарай үш түрге бөліп қарауға болады: туынды зат есім, күрделі зат есім және субстантив зат есім. Туынды зат есім қосымшалардың жалғануы арқылы морфологиялық тәсілмен жасалса, күрделі зат есім аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Ал субстантив зат есім семантикалық тәсіл арқылы жасалады.

Заттану кезінде сөз мағынасы заттанып, заттық тиянақтылық алады. Егер зат есім емес сөз не септелуге келсе, не тәуелденуге жараса, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның заттануға жарамдылығын көрсетеді. Қазақ тіл білімінде заттану процесіне байланысты қалыптасқан түсінік-пікірлер сан алуан. Заттануға байланысты бірнеше еңбектерді қарастыра отырып, олардың бір негізге түспегені байқалады. Бір авторлар заттануды зат есімнің төңірегінде ғана қарастырса, бір авторлар сөзжасамның сөз жасаушы бірлігі ретінде қарастырады. Ендігілері заттанудың функционалдық қырын ашуды мақсаты етеді. Тіл білімінде заттануға байланысты қалыптасқан алуан түрлі көзқарастар, ондағы әртүрлі принциптер заттану құбылысын қатысты жаңа бір ортақ классификация жасауға көмектеседі. Заттану құбылысының

лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қызметін біріктіре отырып, функционалдық бағыт үшін де атқаратын қызметі барын ескере отырып, қазақ тіл біліміндегі заттанған сөздерді былайша жіктеген дұрыс деп саналады:

- тура субстантивтену;
- ауыспалы мағынадағы субстантивтену (метафораланған).

Тура субстантивтену толықтай атау мағынасына ие болған заттану. Тілімізде тура субстантивтенген атаулар өте көп. Оларға кәрі, үлкен, кіші, жақын, жат, жақсы, жаман, сараң, арам, өнерлі, білімді, жетім, жесір, т.б. жатқызылады.

Ауыспалы мағынадағы субстантивтенуге метафоралық және метонимиялық тәсілдер арқылы жасалатын заттанулар жатады. Мұндай субстантивтер қазақ тілінің ерекшелігін көрсетеді. Ауыспалы мағынадағы субстантивтер тура субстантивтерге қарағанда жасалуы күрделі болып келеді. Олар адамның ойлауымен, танымдық дүниелермен, өркениет пен ғылымның дамуымен тығыз байланысты. Ауыспалы мағынадағы субстантивтер ғылымда метафораланған субстантивтер деп аталады. Метафораланған субстантивтер тіліміздегі ең ерекше бірлік метафоралар арқылы жасалатындықтан, сөздік қорымыздың дамуына, жаңа сөз мағыналарының жасалуына, полисемиялардың қалыптасуына, эмоционалды-экспрессивті лексиканың артуына үлкен үлес қосады. Метафораланған субстантивтерге ауыспалы мағынада қолданылатын заттанған сөздерді жатқызамыз. Мысалы: *Жуандар* Оспанға дуана көргендей жирене қарасты да шығып кетті (М.Әуезов). Берілген сөйлемдегі жуандар сөзі «байлар, ел басшылары» деген сөзді ауыстырып, ауыспалы мағынада заттанған метафораның қызметінде тұр.

Метафораланған субстантивтердің қалыптасуы ойлау процесімен, таныммен тығыз байланысты. Адамның ойлауы, танымы қоршаған ортадағы заттардың ұқсастығын, айырмашылығын ассоциациялауға бейім болып келеді. Метафораланған субстантивтердің уәжділігін анықтау үшін когнитивтік лингвистиканың нысаны қызметінде алынады. Когнитивтік лингвистика тілдің ішкі дүниесіне еніп, сол арқылы тілдің ішкі қасиеттері мен ішкі мүмкіндіктерін саралайды. Метафораланған субстантивтердің когнитивтік сипаты адамның ерекше ойлау әрекеттерінің жемісі, яғни адам қоршаған әлемді жалпы түсініктер арқылы бермей, эстетикалық мақсатта қолданылатын бейнелі құрал арқылы танытады. Метафоралық субстантивтерді қалыптастыру үшін адам ұқсату арқылы мағына жасайды. Ұқсату негізін халық алыстан іздемейді, өз айналасынан табады. Дүниені көркем тану процесіне қарай қажеттілікке байланысты метафоралар өздігінен туындайды, адамның еркіне тәуелді емес. Ойдың өзі метафоралы болғандықтан, әртүрлі нәрселерді салыстыру арқылы дамып, тілде метафораланған бірліктерді тудырады. Аталған түсініктер метафораланған субстантивтердің адамның танымына байланысты туындайтынын, түрленетінін дәлелдейді. Адам танымына бұрыннан таныс түсінік пен оның номинативтік белгілері белгілі бір уәжділіктің негізінде жаңа мағынаны қалыптастырады [3, 67].

Метафораланған субстантивтерді уәжділігіне қарай 3 түрге бөліп қарастыруға болады.

- 1) дәстүрлі метафораланған субстантивтер;
- 2) окказионалды метафораланған субстантивтер;
- 3) индивидуалдық метафораланған субстантивтер.

Қазақ халқының салт-дәстүрінде, тұрмыс-тіршілігінде күнделікті қолданыста жүрген, көпшілікке жақсы таныс нәрселер мен құбылыстар салыстырылып айтылатындықтан дәстүрлі метафораланған субстантивтер деп аталады. Қазақ халқында дәстүрлі метафораланған субстантивтер көбінесе төрт түлік мал, көшпелі тұрмыс, ырым-тыйым, бауырмалдық, қонақжайлылық сияқты қазақи сипатты танытатын сөздермен жасалады. Дәстүрлі метафораланған субстантивтер, әсіресе мақал-мәтелдерде көбірек қолданылады: «*Қараның* таққа мінгені, *Бір-біріне* құда түскені», «*Көп* қорқытады, *Терең* батырады», «*Көптік* қайда болса, *Тоқтық* сонда», «*Көптің* аузы – темір талқы», «*Төсектің* тарлығы тарлық, *Көңілдің* тарлығы қорлық», «*Алтынды* ала білген, бөле де біледі» (мақал).

Окказионалды метафораланған субстантивтер – ойды әсерлі әрі айқын етіп беру мақсатында қолданылатын метафораланған субстантивтер. Мұнда ойдың көркемдігі, бейнелілігі, суреткерлігі маңызды болып табылады. Сол себепті көркем шығармаларда, поэзияда көбірек қолданылады. Жалпыхалықтық қолданысқа қарағанда белгілі бір жанрға тәуелді болып келетіндіктен стильдік метафора немесе контекстік метафораланған субстантивтер деп те аталады [4, 90].

Индивидуалды метафораланған субстантивтер – белгілі бір ақынның, жазушының туындыларында қолданылатын жеке қолданыстағы метафораланған субстантивтер. Индивидуалды метафораланған субстантивтерді пайдалану әр автордың өзіндік жазу ерекшелігін, қолтаңбасын таныту мақсатын көздейді. Жеке қолданыста жүретіндіктен мұндай метафораланған субстантивтер әрдайым құбылмалы мағынада жүреді. Индивидуалды метафораланған субстантивтер әр автордың ой-өрісіне, танымына, біліміне, ойлауына тікелей қатысты. Әр қаламгер өзіндік ой-санасына, қарым-қабілетіне қарай ғана ерекше метафораланған субстантивтерді тудыра алады. Мұндай метафораланған субстантивтер лексикалық мағына беретін сөз ретінде қаралмайды, түсіндірме сөздікке енбейді. Тек жеке реңк пайда ететін құрал болып қала береді [5, 124].

Қазір *екі жалба тымақты* кездесе қалса, «аруағынан айналайын деп» қоя беретін Ақназардың өзі де баяғыда төр торабы түгел жағаласып шыға келгенде жан-жағынада анталап тұрған (Ә.Кекілбайұлы). Сөйлемде берілген екі жалба тымақты метафораланған субстантив кедей сөзін алмастырған. Үзінді Әбіш Кекілбайұлының шығармасынан алынғандығы бірден білінеді. Себебі жазушының өзіне ғана тән жазу стилі осындай сөз қолданыстарынан, көркемдік бояуынан анық көрінеді. Екі жалба тымақты метафораланған субстантивті экспрессивті мән туғызу және оқырман санасына әсер ету мақсатында қолданған.

Метафоралар арқылы жасалған субстантивтердің артында тек қана ауыспалы мағына жатқан жоқ. Күрделі ой жүйесі жатыр. Метафораланған субстантивтерді адам дүниені тану арқылы, қоршаған ортадағы заттарды ұқсастықтарына қарай ауыстыру арқылы жасайтындықтан, оған адамның дүние туралы ойлары, танымы, ұлтының өмір сүру салты, мәдениеті, тарихы әсер етеді. Қазақтың тұрмыс-тіршілігі, мәдениетінің көрінісі оның тілі арқылы көрініс табады. Қоршаған орта туралы ойлары, табиғатпен байланысы ерекше халқымыздың оларды сипаттауға келгенде сөздік қоры өте бай. Белгілі бір нәрсенің, құбылыстың символы сипатында қолданылатын сөздерді түрлі етіп құбылтып, ауыстырып жеткізуде үлкен уәжділік және сол уәжділіктің артында үлкен таным жататын байқауға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2002. – 664 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Салқынбай А, Сүйінжанова Ж, Сәрсембаева М, Әуелбекова Ж. Атаулық тіркестердегі әлем бейнесі: семантикасы мен уәжділігі. Алматы, Қазақ университеті, 2012. – 294 б
4. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Дәуір, 2003. – 242 б.
5. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 272 б.

### ӘОЖ 81-44

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМА ДИСКУРСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ

*Шахаманова Л.Е.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің ҚТӘ БББ 1-курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к.*

*Исакова А.С.*

*Аңдатпа.* Мақалада қазіргі лингвистиканың зерттеу нысанына айналған әлеуметтік жарнама дискурсының негізгі сипаттамалары мен түсініктері талданады. Әлеуметтік желілердің әлеуметтік жарнама дискурсының таралуында алатын орны мен тілдік ерекшелігі көрсетіледі. Әлеуметтік жарнама дискурсы – әлеуметтік маңызды мәселелер мен құндылықтарды насихаттау, қоғамда белгілі бір өзгерістер енгізу мақсатында жүргізілетін жарнама. Бұл жарнама мәтінін, құрылымын, мазмұнын және қоғамға әсерін жаңа бағыт ретінде когнитивтік лингвистикада зерттеліп жатыр.

*Кілт сөздер: Әлеуметтік жарнама, дискурс, әлеуметтік желі, концепт, когнитивтік лингвистика.*

Бүгінгі ақпараттық қоғам адамдармен, мемлекетпен, қоғаммен қарым-қатынастың, байланыстың жаңа түрін қолдануды талап етіп отыр. Қоғамдағы өзгерістер түрлі әлеуметтік мәселелер тудырып, оны шешудің жаңа әдіс-тәсілдерін қарастыруда. Әлеуметтік жарнама – әлеуметтік мәселелерді шешудің жаңа тәсілі.

Әлеуметтік жарнама ұғымы ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. Ол алғашында адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын өзгерту, қоғамдық мәселелер туралы ақпараттандыру және әлеуметтік пайдалы мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылды. Қоғамдағы негативті жағдайларға қарсы тұру, мысалы, денсаулық сақтау, экология, қауіпсіздік, тәуелділіктерден арылу сияқты мәселелер бойынша халықты тәрбиелеуге бағытталды.

Қазіргі таңда әлеуметтік жарнаманың қолданылуы айтарлықтай өзгерді. Біріншіден, оның негізгі мақсаттары кеңейіп, тек қоғамдық мәселелермен ғана шектелмей, сонымен қатар адам құқықтары, инклюзивтілік, экологиялық мәселелер және әлеуметтік әділеттілік сияқты тақырыптарды қамтиды. Екіншіден, технологиялардың дамуы әлеуметтік жарнаманың тәсілдері мен құралдарын өзгертіп, оны интернет және әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндік берді. Әлеуметтік жарнамалар енді тек теледидар мен радио арқылы ғана емес, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желілер және басқа да онлайн платформалар арқылы да жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жарнаманың ауқымының кеңеюі лингвистика саласында жаңа зерттеулерге жол ашып отыр. Лингвистикада бөлек дискурстық құбылыс ретінде танылып, прагматикалық аспектісі жан-жақты зерттеліп жатыр. Осы орайда дискурс терминінің мағынасын аша білу маңызды. «Дискурс» ұғымы XV-XVIII ғасырларда тіл білімінде «әңгімелесу», «талдау» мағынасында қолданылды. Кейін ғылымның дамуы дискурстың қолдану аясын кеңейтті. ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында дискурс сөйлеу актілерінің немесе сөйлемдердің тізбегі мағынасын берсе, ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап дискурс мәтінді және мәтінді толық түсіну үшін қажет экстралингвистикалық факторларды қамтитын күрделі коммуникативтік ұғым ретінде анықталып келеді. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» дискурсқа мынандай анықтама берілген: Дискурс (франц. discours – сөз, сөйлеу) – прагматикалық, мәдени-әлеуметтік, психологиялық, т.б. экстралингвистикалық факторлармен, шындық өмір оқиғасымен байланысты нақты мәтін [1, 94].

Әр ұлттың дискурс әрекетінде өзгешелік байқалады. Бұл әр ұлттың өздеріне ғана тән өмір тәжірибесі мен сана-сезімдеріне қатысты болады. Дискурстың тілдік табиғатын арнайы зерттеген ғалым Қ.Садирова былай деп анықтама берген: «Дискурстың өзі коммуникациядан пайда болады. Коммуникативтік жағдай болу үшін тіл мен сөз (сөйлеу) әрекетке енеді. Тілде тұрғанда мәтін ешкімге арналмаған, ал ол дискурсқа түскенде авторға ие болады және қабылдаушыға, яғни қалайда біреуге бағытталады. Дискурсты тіл



мен сөз/сөйлеу қатар өрілген тұста коммуниканттар арасында диалогтық сипатта пайда болатын айтылымдар тізбегі немесе сөйлеу тізбегінің кесіндісі десек, мәтін сол тілдік әрекет нәтижесінде туындаған өнім, туынды. Бірақ ол келесі бір сөйлеу актісінде басқаша сипатта жандану (қолдану) қабілетіне ие, сол сәттің өзінде оның бойында бастапқы пайда болған коммуникативтік жағдай ұшқындары сақталады, дегенмен оның өзі қайта туғызушының мақсатына, ниетіне байланысты өзгеріске ұшырайды» [2, 180].

Қазіргі кезде ғылыми сипат алған дискурстың түрлері көп: әскери дискурс, саяси дискурс, бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы, ғылыми дискурс, жарнама дискурсы, спорт дискурсы, экономикалық дискурс, т.б. [3, 17]. Аталған дискурс түрлері ғылыми сипат алғанымен лингвистикалық тұрғыдан толық зерттеліп бітпеген. Бүгінгі қоғамдағы ақпараттың молдығынан адам танымы мен ой-өрісіне тікелей байланысты әлеуметтік жарнама дискурсын зерттеу маңызды болып табылады.

Орыс лингвисті В.М.Карасик: «Жарнама дискурсы – прагматикалық нұсқамасы туралы хабары бар, ауызша сөйлеу және жазбаша мәтіннің семиотикалық амал-тәсілдер кешенімен белгіленген аяқталған хабарлама» деп түсіндірме жасап, әлеуметтік жарнама дискурсын екі түрге бөліп қарастырады: жеке тұлғалық және институционалды. Бірінші жағдайда айтушы өзінің ішкі жан дүниесінде бар сезімдерін сыртқа шығарушы тұлға ретінде көрсетсе, екінші жағдайда ол өзін нақты бір әлеуметтік институттың өкілі ретінде танытады [4, 20].

Әлеуметтік жарнама дискурсын анықтауға болатын өзіндік ерекшеліктері бар:

- Әлеуметтік жарнаманың назар аудартатын тақырыбы болады;
- Қысқа жарнамалық мәтін немесе назар аударушының есінде қалатын сөйлем түрінде беріледі;
- Мәтіндегі әртүрлі элементтерге назар аудару үшін үлкенірек немесе түрлі пішіндегі қаріптер пайдаланылады;
- Иллюстрациялар қолданылады.

Әлеуметтік жарнаманың негізгі мақсаты – қоғамдық сананы өзгерту. Сондықтан әлеуметтік жарнаманың аудиториясы кең, біртекті емес болып келеді. Негізінен бұл жарнама бұқаралық ақпарат құралдарында, теледидар, әлеуметтік желілерде кеңінен таратылады. Әсіресе қазіргі жаһандық дәуірде коммуникацияның ең жиі қолданылатын түрі – әлеуметтік желінің қоғамдық сананы өзгертуде, тілдік қатынасты жүзеге асыруда алатын орны ерекше. ХХІ ғасырдағы қазақ технологиялық мәдениетінің басты жетістігі мен ерекшелігі – ғаламтордың қазіргі заманда барлық салаға толықтай енуі болып табылады. Көптеген коммуникативтік тәжірибелер ғаламтор желісіне ауысты: желіде тілді қолдану қарқыны барған сайын күшейе түсуде, бұл өз кезегінде ерекше коммуникативтік ортаның, ерекше коммуникативтік кеңістіктің қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр [5]. Осы жағдайда әлеуметтік жарнаманың әлеуметтік желілерде таралуы оның тілдік бейнесін жасаудың өзектілігін шығаруда. Желілерде таралатын әлеуметтік жарнама дискурсы

өзінің стилистикалық әртүрлілігімен, көп функционалдылығымен, көптілділігімен, табиғатының жылдамдығымен сипатталады. Бұл мәселе когнитивтік лингвистикада арнайы зерттеу жұмысына айналып жатыр.

Әлеуметтік жарнама дискурсы белгілі бір коммуникативтік мақсат көздеп жасалатындықтан прагматикалық дискурс болып табылады. Коммуникативтік құрылымдардың күрделенуіне байланысты әлеуметтік жарнама белгілі бір концепт түрінде кездеседі. Концептінің өрісін талдау және дүниенің тілдік бейнесін түсінуді когнитивтік лингвистика жүзеге асырады. Когнитивтік лингвистика тілдің ішкі дүниесіне еніп, сол арқылы тілдің ішкі қасиеттері мен ішкі мүмкіндіктерін саралайды. Концепт - ол тілдік тұлғаның тілдік-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе қияли негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептердің көмегімен көрініс табатыны белгілі. Олар сөз арқылы таңбаланып, вербалданады.

Қазақ тіл білімінде концепт теориясы Г. Смағұлова, Қ. Жаманбаева, М. Күштаева, Ф. Оразбаева, Ж. Манкеева, Э. Оразалиева, т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде қарастырылады. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады.

Бұл сөздер адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. Әлеуметтік жарнама тек ақпараттық сипатта ғана емес, қоғамның әртүрлі топтарына бағытталған құндылықтарды, сондай-ақ адамдардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған идеологияны ұсынады. Сондықтан әлеуметтік жарнама дискурсының ұлттық таным мен дүниетанымға негізделген өзіндік концептілері болады. Еліміздегі әлеуметтік жарнамалардың дискурсының мынандай негізгі концепттерін бөліп көрсетуге болады: денсаулық, отбасы, білім, экология, нашақорлық, алаяқтық, т.б.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қалиев. Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
2. Садирова К.Е. Көп пропозициялы дискурс. Ақтөбе, 2008.
3. Смағұлова Г.Н. Шешендік сөздердің дискурсы. Алматы, 2008.
4. Карасик В.И. О типах дискурса//Языковая личность: институциональный и персональный дискурс. Волгоград: Перемена, 2000.
5. Курманбекова З.Р. Тілдік қатынасты жүзеге асырудағы әлеуметтік желінің рөлі (қоғамдық сана және тіл мәдениеті мәнмәтінінде) – фил.ғыл.док. диссертациясы. Астана, 2024.

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

**Бүркітбайқызы А.**

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының I курс магистранты,  
Ш. Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар  
университеті (Ақтау қаласы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., Исакова А.С.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий инжиниринг және технологиялар  
университеті*

**Аңдатпа.** Халық оларды ұйып тыңдаған. Әрине шешеннің де шешені бар. Қазақта ондай адамдарды «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, қас шешендер сөз айтар» десе, енді бірінде «Үйде шешен – дауға жоқ, үйде батыр – жауға жоқ» делінеді. Шешендік өнер қазір де жоғары бағаланады. Тіл өнеріне, сөйлеу мәнеріне қойылатын талаптар шешендік өнерге де қойылады. Шешендік өнер тіл мәдениетінің ең жоғарғы сатысы.

**Кілт сөздер:** тіл, тілдік тұлға, мәдениет, сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, мәдениетаралық қарым-қатынас, тілдік тұлға қалыптастыру, студенттің тілдік тұлғасы.

Шығыстың ғұлама ғалымы, ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби «Бақытты болу, кәмелетке келу, қоғамдық тіршілікті жақсарту – барлығы да білімділікке байланысты. Зиялылық адамның жақсы мінезінен, білім, дағдысынан, имандылық қасиетінен туындайды» – деп білім мәртебесін жоғары марапаттайды. Қазақстанды дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен орын алуға және еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси қалыптасуына ықпал ететін бірден-бір күдірет – білім болып саналады, сол себепті мемлекетіміздің түрлі саласында білікті маман дайындайтын жоғары оқу орны жүйесіне ерекше талап қойылады. Оның үстіне, еліміздің тәуелсіздігі жоғары оқу орындарының университет атағына ие болуы, университеттегі оқыту жүйесінің көп сатылы үздіксіз білім беру деңгейіне көшуі – студент-филолог дайындау ісін аса маңызды әрі өзекті проблемаға айналдырды.

Шешендік өнер халықтың мәдениеті мен тарихында үлкен орын алады. Филолог студенттерді әлемдік шешендік өнер тарихымен таныстыру нәтижесінде, олардың тапқыр жауап айтуға ынтасы артады. Сондықтан Ежелгі Греция, Ежелгі Рим, Ресей шешендік өнері жайында білгендері дұрыс.

Тілдік тұлғаның тағы бір белгісі – шешендік өнер. Жалпы сөз мәдениеті, мәнерлі сөйлеу туралы ілім Еуропа елдерінде көне грек, көне рим заманынан бастау алады. Ғылымға белгілі болғанындай, шешендік өнердің алғашқы теориясы мен практикасын жасаушылар көне грек ілімпаздары – Аристотель, Георгий, Трасимах, Сократ, Платон, Теофраст т.б. Олар жазу мен сөйлеу

стилінің сыртқы белгілеріне: анықтығы, тазалығы, әсемдігі, қысқалығына тоқталып, бұл белгілерді адамды сендірудің әдіс-тәсілдері ретінде қарастырады.

Аристотель: «сөздің басты сапасы – анықтығы», – дейді. Ол сөздің қадірін *нанымдық* жағына қарай бағалады. Сөйлеуге көркемдік сипат беретін жайлар: қалыпты емес, тың сөздерді (көнерген не жаңа сөздерді) және метафораларды қолдану деп есептеді. Әрине, бұлар сол кездегі сөз қолдану талғамын білдірсе керек. Теофраст сөйлеудің төрт қасиетін көрсетеді: тазалығы, анықтығы, айтылып отырған жайға не айтушыға сәйкестігі және жағымдылығы. Платон сөздің шын ғылыми мәнге ие болуын және қысқалығын жақтайды.

Қазақ тарихында шешендік өнер жақсы дамығаны, атақты билер мектебі болғаны белгілі. Алайда шешендікті ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру, сөз талғамы, тіл мәдениеті мәселелерін зерттеу қазақ ғылымында ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталады.

Тіл мәдениеті мәселелерін талқылаудың жай-күйі тілдің құрылымын ғылыми зерттеудің жай-күйіне, тілдің әртүрлі стильдік салаларының даму жағдайына, нормаларының қалыптасу дәрежесіне, қызмет ету аясының кеңею мүмкіндіктеріне және қоғамның тілге деген практикалық қажеттіліктерінің деңгейіне байланысты болады.

Көркем әдебиет саласынан орын алатын қазақ халқының сөз өнерімен танысу филолог студенттердің жан дүниесін байытады. Тіліміздегі «жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу – көсем» деген мақалдан шешендік өнерге үлкен көңіл бөлінетіні аңғарылады. Ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып сөйлеген. Халық оларды ұйып тыңдаған. Әрине шешеннің де шешені бар. Қазақта ондай адамдарды «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, қас шешендер сөз айтар» десе, енді бірінде «Үйде шешен – дауға жоқ, үйде батыр – жауға жоқ» делінеді. Шешендік өнер қазір де жоғары бағаланады. Тіл өнеріне, сөйлеу мәнеріне қойылатын талаптар шешендік өнерге де қойылады. Шешендік өнер тіл мәдениетінің ең жоғарғы сатысы.

Біздің заманымызға шешендік өнер билер сөздерімен жетсе, қазіргі шешендермен салыстырғанда атқаратын қызметі жағынан ерекшеленеді. Бұл айырмашылық шаршы топ алдында айтылатын сөздердің түрлі мазмұнда болуымен тығыз байланысты.

«Шаршы топ дегеніміз көпке арналып сөз айтылатын жер, яғни сол сөзді тыңдайтын адамдар тобы. Шаршы топ алдындағы сөз (публичная речь) аз болсын, көп болсын әлеуметтік мәні бар, жұртшылық назарына ұсынылған, қоғам мүддесіне арналған әңгіме болуы керек ... Мұнда көзделетін мақсат – көпшіліктің тыңдауына арналған сөздің жатық, ұғынықты болуы, әңгіме желісінің дұрыс құрылуы болмаққа керек» [2, 23 б.] дей келе, академик Р.Сыздық шешендік сөздерді жұмсалатын орындарына қарай бірнеше топқа жіктейді.

Зерттеу нысанына сәйкес академиялық шешендікке де назар аударылды. Оған оқу орындарындағы дәрістер, ғылыми баяндамалар, диссертация қорғау

т.б. шаралары жатады. Жоғары оқу орындарында дәрісті лектор жүргізеді. Демек, лектор-оқытушының шаршы топ алдындағы сөзі мінсіз болуға тиіс. Мәселен, жергілікті сөздер (диалект, жаргон, арго т.б.) кейбір қолданыста жоқ, әдеби нормаға жатпайтын сөздерді жиі қолдану:

1. *Келгемді, айтқамды*
2. *Келгентұғым, айтқантұғым*
3. *Кесей, айтсай*

4 Аудитория жағдайында дәл емес, тұспалдап жеткізуде бірқатар сөздердің беретін мағынасын дұрыс айтпау. Мысалы, *маса-муха, көл-река, қайың-береза, шаң-плесень* т.б. студенттерді де, тыңдаушыны да жалықтырады.

Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері де жағымды болады. Анық, дәл айтуға керекті сөздерден қайтсем дұрыс сөйлем құраймын деумен қатар, оны қалай айтсам өзгеге түсінікті, нанымды, әсерлі болады дегенді де ойлау керек. Сол себептен әрбір ойын әдемі әуенмен, әрбір сөйлемді өзінің сазына келтіріп қолданады. Кейде «әңгіме не жайында айтылғаны емес, қалай айтылғаны» маңызды болуы мүмкін. Дұрыс айтылған сөз Абай атамыз айтқандай «құлақтан кіріп бойды алады...». Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні «сөзі мірдің оғындай екен» деп таңданады. Ал қабілеті жоқ адамды «аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр» деп сынайды. Сөйтіп, сөзді қалай болса, солай айта салмай, сөйлеуде оның мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің мәні ерекше.

Сөйлеуде дауыс ырғағының құбылмалы қасиетін ескеріп, жазуда ол құбылыстарды тиісті тыныс белгілермен таңбалаймыз. Мысалы, хабарлы сөйлемнен кейін нүкте, сұраулы сөйлемнен кейін сұрау белгісі, бұйрықты, лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады. Сөйлемдегі қаратпа, одағай сөздер, бірыңғай сөйлем мүшелері үтірмен ажыратылады.

Сөз шеберінің қаламынан шыққан әрбір шынайы шығарманың жеке сөйлемдері, сөз өрнектері белгілі бір мақсатқа лайық құралады. Талантты ақын жазушының қолынан шыққан шығармаларда артық сөз, қалай болса солай құрай салған сөйлем болмайды. Көркем шығарманың тігісі жатық сөз тіркестерінен құралған сөйлем де, кескін жасауда көркем суретті, эстетикалық әсер етудің белгілі формасы болады. Сөз өнері деген ұғымға сөздерді дұрыс таңдап, сөйлемдерді шебер құру ғана емес, олардың әрқайсысының қисынын тауып, өз әуеніне келтіріп айту, оқу жатады. Жұрт алдында көркем сөздің жақсы үлгілерін келістіріп оқу ісіне қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері ерекше назар аударған. Көркем шығарманы қызықты, тартымды етіп оқу өнеріне қойылатын бұл талаптар ондай өнерге талабы, қабілеті бар адамдардың алдына қойылады. Жалпы тіл өнеріне, шешендік өнерге, дұрыс сөйлеу, дұрыс оқу өнеріне үйрететін орынның бірі – мектеп пен жоғары оқу орны.

Тіл мәдениеті – адамның сөйлеу тіліндегі тәсілдерді қолданудағы ізеттілік, сауаттылық дәрежесі, әрі әлемдік өркениетті мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ана тілін жақсы білу, сол тілде таза сөйлеу де мәдениеттілік. Ана тілін,

оның байлықтарын бағаламау, қарым-қатынас жасаудың, ойды айтудың, жеткізудің құралы тілді бағаламау деген сөз. Таза сөйлеу деп – сол тілдің жалпыға ортақ байлықтарын пайдаланып, «бөгде» сөздерді араластырмай сөйлеуді айтамыз. Жөн-жосығы, тіпті керегі жоқ жерде өзге тілдің сөздерін пайдаланып сөйлеу, айтайын деген ойды түсініксіз етеді. Тілдегі орашолоқтық, оспадарсыздық – ой жүдеулігінің белгісі. Өкінішке орай, ойы саяз адамның көпшілігі бос сөзді, күңгірт ойлы. Көмескі, күңгірт сөз – желді күнгі қаңбақ секілді, ешкімнің көңілінен қоныс таппайды.

Н.К. Бакланованың «Личность в профессиональных видах деятельности и общения» атты еңбегінде кәсіби шеберлік психологиялық феномен ретінде зерттеліп, оның пәні мен құрылымы, кәсіби шебер жеке тұлғаның қалыптасуы (жеке адамның іс-әрекеті, жеке адамның қарым-қатынасы) көрініс тапқан. Сөйлеудің психологиялық мінездемесімен қатар ойлау негізі, сөйлеудің түрлері қарастырылады. Ауызша сөйлеудің мәнерлі негізі, сөйлеудің әсері болып табылады. Сөз мәдениеті және сақналық шеберлікке келетін болсақ, сөйлеу операцияларын, сөздің мән-мағынасын түсіну мәдениет үшін функционалды-стистикалық факторларды игеру. Филолог студенттер аудиторияда сөйлейді, ол тек ойы мен сезімін жеткізіп қоймай, тыңдаушылардың ойы мен сезіміне әсер етуі қажет, олардың қызығушылығын арттыра отырып, психологиялық байланыста болуға міндетті.

Сөйлеу өнерінде көңіл бөлу психологиясы мен тыңдау психологиясына басты назар аудару керек. Сөздің негізгі қызметі – қатынас, мәдениет пен этика сұрақтарын талқылайды. Эфективті тыңдаудың шарты – сөйлеу қарым-қатынасының негізгі белгілерін көрсетеді. Қатынас жасаудағы саналы және санадан тыс ақпарат алмасудың үш түрі – шынайы тіл, образды ойлау, сенсориканы ұстанады. Филолог студенттердің тыңдаушысына эфективті әсер етуі үшін ақпарат алмасудың үш түрін ылғи негізге алып отыруы керек.

Ауызша сөйлеудің негізгі принципі – қарым-қатынастық бағыт. Л.Н. Скворцовтың айтуынша: «В основе обучения устной речи должно быть общение, необходимость в общении, возможность общения, практика общения» [1, 173 б.]. Сөйлеу әрекеті тілдік тұлғаның қалыптасуына пайдалы. Өз ойын айту және біреуге жеткізу – филолог студенттердің ойлауының қалыптасу негізі. Филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру барысында жоғары оқу орындарының мақсатқа бағытталған қарым-қатынас техникасын меңгеруі қажет.

Қарым-қатынас жасау қоғам тірегі болады. Қарым-қатынассыз жеке адам дамуы, тілдік тұлға қалыптастыру арасындағы қатынас, басқару, қызмет ету, ғылыми және басқа іс-әрекеттер мүмкін емес. Қарым-қатынас мәселесі көп аспектілі. Ол көптеген ғылымның зерттеу көзі: философия, әлеуметтану, лингвистика, этнография, психология, педагогика т.б. Философияда қарым-қатынас «Специфический для субъектов способ взаимных отношений способ бытия человека во взаимосвязях с другими людьми» яғни қатынас жалпы өмірлік іс-әрекет деген түсінік [1, 122 б.]. Оның әлеуметтік мәні мәдениет және қоғамдық тәжірибенің негізгі тасмалдаушысы болуында жатыр.

Әлеуметтануда қарым-қатынас «особая форма взаимодействия и межличностных отношений людей».

«Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру» курсы қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, оның лингвистикалық және мәдени қасиеттерін тануды көздейді. Филолог студенттердің бірінші курстан бастап сөйлеудің барлық түрлерін меңгеріп, филолог мамандығына даярлығын күшейтеді. Тіл мәдениетіне қатысты түрлі жаттығуларды орындай отырып, ғылыми әдебиеттер мен анықтағыштарды пайдалана білу жолдарын үйренеді, топ алдына шығып сөйлеуге дағдыланады.

Бағдарламада оқытушының кәсіби сөз мәдениетін қалыптастыру және жетілдіру тәсілдері қарастырылады. Бірінші бөлімде мәтіндер мен ауызекі сөйлеуде кездесетін төл дыбыстарды жете меңгеру; сөздерді дұрыс айту үшін лингвистикалық әдебиеттермен жұмыс істеу сөз болады.

Лингвистикалық дәстүр сөйлеудің қызметін, мағыналық түрлерін үшке бөліп қарастырады: баяндау, хабарлау, талдау.

Баяндау «характеристику предметов, явлений в статическом состоянии, осуществляемую путем перечисления их индивидуальных или видовых качеств, количественных признаков, структурных или функциональных особенностей, создающих цельное представление об этих предметах или явлениях» [2, 102 б.]. Баяндауды құрудың логикалық композициялық принципі жалпыдан жалқыға не жалқыдан жалпыға қарай бағытталау.

Хабарлау – көбіне шағын немесе жинақталған хронологиялық бірізділікпен баяндау үрдісі. Мұнда деректерді баяндаушылардың жеке көзқарасынсыз беру. Талдау логикалық нәтиже жасау формалары арқылы жаңа білім мен мәлімет алу тәсілі. Талдау үш компоненттен тұрады: тезис, аргументация, нәтиже.

В.И. Свинцовтың сөйлеу типтерін жіктеуі қызық. «Логические связи между отдельными частями текстовой конструкции, рассматриваемые как простые или сложные высказывания» [1, 177 б.]. Монолог материалды түсіндіруде жиі қолданылады. Түрлі қарым-қатынас аймағы мен түрлі сөйлеу формаларының арасындағы айырмашылық мәнері сөйлеуші деңгейінен көрінеді. Диалог – тіл ұстартудың белсенді түрлерінің бірі. Қазақ тілді филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру үшін диалог жүргізудің маңызы туралы айта кеткен жөн.

Диалогтық қарым-қатынастың бір түрі – тақырыптық әңгіме. Тақырыптық әңгіменің проблемалық пәні белгілі бір тақырыптан тұрады. Көбіне бір тақырып төңірегінде сөз болады, сол арқылы диалог тақырыптық әңгімеден ерекшеленеді. «Диалог – это форма общения, в которой находит выяснение неизвестный говорящему элемент темы» [1, 42 б.].

Тақырыптық әңгіме бірнеше диалогтық бірліктен тұрады. Тақырыпты ашудан диалогтық бірліктердің орналасуы анықталады. Әңгімеге екі не одан да көп адам қатынасады. Ол ғылыми тілде полилог деп аталады. Эллипсис, қайталау, сұраулы сөйлемдер монолог элементтеріне жатады. Филолог

студенттердің бойында өз сөзін биязылықпен жеткізу, өзгенің сөзін қабылдауда шыдамдылық болғаны жақсы.

Оқытушының сөз мәдениетіне тән қасиеттері сұраулы сөйлемдерді кең көлемде қолдану, студентке өз ойын жеткізуге мүмкіндік береді. Диалог арқылы сөйлеу дегеніміз – филолог студенттердің сөйлеуі кезінде тыңдаушы оны қалай қабылдауы мен түсінуін көрсететін мәлімет.

Оқытушы басқарушылық қызметі арқылы студенттердің әрекетін ұйымдастырады. Ол үшін оқытушы шындық жағдайды идеалды жағдаймен салыстырады. Бұл оқытушы білімінің шындық іс-әрекетті талдай білу әдісі мен оны тәжірибеде қолдана білуін қажет етеді. Оқытушының кәсіби сөз мәдениетін қалыптастыру механизімін ұтымды іске асыру үшін студенттерді психология-лингвистикалық тұрғыдан тану, олардың кәсіби бағыты мен икемділігін арттыру, тақырыптың мақсат, міндеттерін анықтау, филолог студенттердің тілдік тұлғасын қалыптастыру техникасын білу өте қажет талаптардың бірі.

Қорыта айтқанда, филолог студенттердің тілдік тұлғасының көрсеткіштері жеке адам құндылықтарын (іс-әрекет, шығармашық) мойындау, сөз мәдениетінің қажеттіліктен туындауы, рухани баюға талпыну, шебер сөйлеудің мәнін түсіну, сөздердің лексикалық байлығын пайдалану болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Скворцов Л.Н. Норма. Литературный язык. Культура речи //Актуальные проблемы культуры речи. – М., 1970. – С. 81.
2. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 232 б.
3. Игісінова А.А. Мектеп оқушыларының сөз мәдениеті: филология ғылым. докт. ... диссер. автореф. – Алматы, 1999. – 30 б.
4. Виноградов В.В. Саясаттың тарихы туралы. – М., 1996. – 265 с.
5. Жинкин Н.И. Интонация речи в связи с общими проблемами экспрессии: дисс. ... канд. псих. наук. – М.: Инс. психологии, 1947. – 458 с.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. – Т. 10. – 512 б.
7. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Ғылым, 1976. – 199 б.



## АБЫЛ АЙТЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Сағынова Ж.Б.*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі: Қамарова Н.С., ф.ғ.к., Ш. Есенов атындағы Каспий  
технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры (Ақтау,  
Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Қазақ сөз өнерінде айтыстың алар орны ерекше. Айтыс – ұлттық әдебиетіміздің дәстүрлі мұрасы, халқымыздың қазынасы. Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Айтыста негізгі ой ол өмір шындығы. Айтыс арқылы бізге халықтың жаздайын жеткізген аындардың бірі – Абыл Тілеуұлы. Бізге жұмбақ, қайымдасу, қыз бен жігіт айтыстары мұра ретінде жеткен. Абылдың айтыстары арқылы өлеңдеріндегі сөздік қолданыстарының ерекше екенін аңғаруға болады.

*Кілт сөздер:* Суырыпсалма ақын, қайымдасу айтысы, түре айтыс, сөз қағыстыру, ақындық шеберлік.

Маңғыстаудың дүлдүл ақын-жыраулары ұрпақтан-ұрпаққа асыл сөз қалдырып, өз заманында қазақ халқына белгілі болған. Ерекше таланттарына, суырып салмалық қасиеттеріне байланысты «Адайдың бес жүйрігі» деп атаған. Олар: Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Аралбай ақындар.

Абыл Тілеуұлы – көне замандағы ақын-жыраулардың дәстүрін жалғастырушы, суырыпсалма ақын. Абылдың бізге шығармаларынан терме, толғаулары мен айтыстары жеткен. Ақынның шығармалары әділетсіз, озбыр сұлтандарды әшкерелеуге арналған. Ақынның айтуынша, өмірдің мәні – адамның өз өміріндегі қадір-қасиеті ортасына, ел-халқына сіңірген қызмет, ісімен бағалы.

Абыл шығармаларының бір саласы – айтыс. Олар «Абыл мен Шернияз», «Шерниязға айтқан жұмбақтары», «Абыл мен Орақтың қызбен сөз қағыстырулары», т.б. Абыл айтыстары бір-екі ауыз өлеңмен қайтарылатын түре айтыс түрі. Ақынның айтыстары көбіне қыз бен жігіт айтысы: «Абыл мен Балдай қыз», «Отырған қарсы алдымда», «Балдайды іздеп баруы», «Сушы қызбен сөз қағыстыруы» мысалға келтіре аламыз. Айтыстарда ақындарды жеңіп жүрсе де, Балдай қызды жеңе алмапты. Балдайды балдыз көріп жеті рет сөз қағыстырып, бәрінде де қыз ұтымды сөздерімен ақынға жауап қайырыпты. Абыл Балдайды жеңе алмағанымен, сырттай сөз тапқырлығына тәнті болып, құрметтеген екен. Алғашқы сөз қағыстыруында Балдай қыз Абылға сұрақ қояды:

Екі қарадан сұр туады,  
Екі сарыдан сұм туады,

Бір ақ, бір қарадан нұр туады,  
Екі ақтан кім туады?

Сонда Абыл ойланбастан:  
Екі ақтан шамдай туады,  
Суырылған таңдай туады.  
Көзді ұялтып, жанды мүжіп,  
Ай жүзді Балдай туады, –

дегенде, Балдай сұлу үнсіз күле беріпті. Шынында да, Балдайдың әке-шешесі аққұба, ажарлы адамдар екен. Енді Абыл Балдайды сүріндірмек болып, мінін іздеп ауыл жігіттеріне «Балдайдың көңілдесі бар ма?» деп сұрағанда

Отырған қарсы алдымда Балдайымыз,  
Бал татыр жесе секер таңдайыңыз.  
Сендерді жақын-жақын дей береді,  
Қабылдың Тіленшісі қандайыңыз?

Балдай:

Жаз болса – ауылдасым, сусындасым,  
Қыс болса – қораласым, қызылдасым.  
Қабылдың Тіленшісін бізге қосып,  
Басыңыз, Абыл-еке, ауырмасын, – деп тағы да жеңіп кетеді.

Балдай қызды Абыл күйеуге ұзатылғаннан кейін де іздеп барады.  
Енді бірде Абыл Балдайдың күйеуінің көзінің мінін біліп, соны ілік етеді. Абыл:

Ақ Балдай, отырмысың ісінді істеп,  
Кісіге «сөйлес» деген «үйге түс» деп.  
Қолыңа қонған құсың құтты болсын,  
Болыпты көзі тыртық, тұлкі тістеп.

Жарасар салсаң тоқым қара көкке,  
Құсыңыз қыран ба екен, салшы жеке,  
Құсыңның оң көзінің жиегі жоқ,  
Алмасақ жиектетіп Сегізекке.

Күйеуінің мініне қорынған Балдай сөз қайтара алмапты.

Абылдың айтыстарының бірі – «Абыл мен Шернияз» айтысы. Абылдың ақындығын естіп жүрсе де, Шернияздың онымен кездеспеген уақыты. Бір сапарында Шерниязды ауылына іздеп келеді. Шернияз қалай тиісерін білмей, Абылға «Адай некесіз қыздан туыпты» дейтән өсекті тілгне тиек етіп, қағыта өтеді. Соны сезген Абыл:

Өзгеге тартқан жерім жоқ,  
Қушық маңдай, шекесіз,  
Өзіңмен өзім тең болсам,  
Атамды сұрап не етесіз?!  
Заманында өзі болған жігіттің

Жеті атасын сұраған жетесіз, – депті. Абыл талантына риза болған Шернияз аға ақынмен бірге ел аралап, одан өнеге алыпты.

Абыл айтысында жұмбақ айтыс та, қыз бен жігіт айтысы да кездеседі. Өлеңдерін шебер қиюластырып, айтыстарында ақындық зергерлігін байқаймыз. М.Әуезов Абылды халық арманын өз шығармаларында бейнелей білген үздік ақын деп баға берген. Айтыстарында сөз жарыстыру, әзіл-оспақ, сын түрінде кездеседі. Абыл халық өміріндегі оқиғаларды, елдік пен ерлікті, әділетсіздік пен озбырлықты аяусыз сынап, өзінің өткір жырларымен ел есінде қалған.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абыл, Қалнияз, Нұрым. Құрастырушы: Айтуар Өтегенов, – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. – 224 бет. (Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы)
2. Тіл таңбалы. Адайдың ақындары. 1-кітап. Алматы: Жазушы, 2006. – 270 б.

## ӘОЖ 81-44

### КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ ТОПОНИМИЯСЫ

*Ибадуллаева Турсынай Керамединовна,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің магистранты (Ақтау қаласы).*

*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Көшімова Б.Ә.*

*Аңдатпа.* Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларының жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Топоним дер зерттелетін географиялық нысандардың көлеміне не мөлшеріне қарай макротопонимдерге (тау жоталары, үлкен ойпаттар, мұхиттар, т.б.), мезотопонимдерге (жеке таулар, теңіздер, т.б.), микротопонимдерге (көл, бұлақ, құдық, қоныс, т.б.) бөлінеді. Топонимика тіл тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып саналады.

*Кілт сөздер:* Каспий, теңіз, топонимдер, жер атаулары, тарих, Иран, Түрікменстан, Ресей, Әзербайжан, Маңғыстау

Каспий маңы (Каспий аймағы) – Каспий теңізіне іргелес жатқан тарихи-географиялық аймақ. Ұзындығы жағалау сызықтары Каспий теңізі шамамен 6,5-6,7 мың км-ге бағаланады, аралдарымен – 7 мың км-ге дейін. Жағалаулары негізінен ойпатты, жұмсақ және тегіс. Солтүстік бөлігінде жағалау сызығы су арналары мен аралдармен ойылған Еділ атыраулары және Орал, жағалаулары аласа және батпақты, ал су беті көптеген жерлерде қалың бұталармен жабылған. Шығыста жағалау жартылай шөлдер мен шөлдерге іргелес әктас жағалаулары басым. Ең бұралмалы жағалаулар ауданның батыс жағалауында орналасқан Абшерон түбегінің және ауданның шығыс жағалауында Қазақ шығанағының және Қара-Боғаз-Гола.

Каспий маңы географиялық жағынан төрт аймаққа бөлінеді:

Шығыс Каспий маңы (ол сондай-ақ аталады Каспий маңы) камтиды Маңғыстау облысы Қазақстан және Балқан уәлаяты Түркіменстан.

«Каспий маңы» атауын алғаш рет орыстар қолдана бастады географтар жылы XVIII ғасырда. 12 тамызда барлық Каспий маңы мемлекеттері жыл сайынғы мерекені атап өтеді «Каспий теңізі күні» немесе «Каспий күні», оның мақсаты әлемдегі ең үлкен көлдің проблемаларына назар аудару болып табылады.

Топонимика – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Бұл гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз.

Топоним дер, яғни жер-су аттары, негізінен үш бағытта зерттеледі:

- ✓ семантикасы (мағынасы);
- ✓ жасалу жолдары;

Этнонимдер негізінде қалыптасқан топонимдер. Халықтың, ұлттың немесе тайпа, ұлыстың атауы болып табылатын этнонимдер (грек тілінен аударғанда этнос– «тайпа, халық» және онима – «ат, есім») көптеген географиялық атауларға негіз болған. Топонимдер құрамындағы этнонимдер арқылы бұрын мекен етіп, қазіргі кезде жойылып кеткен халықтар туралы, олардың қоныстанған, көшкен аудандары туралы мәлімет алуға болады.

Географиялық атауларда адамзат тарихында аты қалған құдыретті халықтармен қатар, тарих қойнауында ұлыстардың атауына дейін кездеседі.

Түстермен байланысты топонимдер. Бізді қоршаған географиялық атаулардың түстермен байланысты қойылғандары айрықша топты құрайды. Тіл маманы Қ.Рысбергенованың соңғы зерттеулері (2010) қазақ топонимиясында 10 негізгі түс (ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, боз, ала, сұр, жирен) атрибутталғанын көрсетеді. Осы түстердің арасында топонимикалық белсенділігі жөнінен Қазақстанның барлық барлық аймақтарында таралған ақ, қара, қызыл, сары, көк лексемалары басымдылық көрсетеді. Ал дүние жүзіндегі басқа да халықтардың ландшафт ерекшеліктерін қабылдауы ең

алдымен түс арқылы болған. Сондықтан Жер шарының кез келген түкпірінде түспен байланысты атаулар жетерлік.

Дүние жүзі мен Қазақстанның жеке аймақтары бойынша ірі объектілердің атаулары мысалында осы топтың ерекшеліктерін қарастырайық.

Ақ. Бұл түспен байланысты атаулар географиялық нысандардың барлық дерлік түрлеріне берілген атауларда кездеседі. Ақ сөзі түсті анықтаушы ғана емес, кейбір жағдайда «таза», «қасиетті» деген ауыспалы мағынасында да қолданылған. Ақеспе Ә.Кекілбаевтың «Ұйқыдағы арудың оянуы» және Ә.Спан мен Ж.Нұрмаханованың «Қарашаңырақ». Ақкетіш Қалша Жеменей Саматтың баласы, Барақ қырдың Ұзын су – Ақкетішіндегі шыңның басында.

Ақ түспен байланысты оронимдердің екінші тобы тауды құрайған жыныстардың түсін білдіретін атаулар болып табылады. Мысалы, Маңғыстау түбегіндегі Ақтау ақшыл түсті әктасты жыныстардан түзілген. Ақ түспен байланысты Ресей мемлекетінде де қала атаулары бар. Мысалы, Белый қаласы. (Белый – город в Тверской области России. Административный центр Бельского района, Тверской области в котором образует муниципальное образование город Белый со статусом городского поселения как единственный населённый пункт в его составе.)

Қара.Құрамында қара анықтаушы бар топонимдердің басым көпшілігі түспен байланысты болып келеді. Көбінесе географиялық объектінің түсін қара деп қабылдау қоршаған ортадағы басқа нысандармен салыстыру негізінде жүргізілетіндіктен, «қара» деп аталған объектінің барлығы бірдей дәл сондай қара болмайды. Мысалы, Германиядағы әйгілі Шварцвальдтау массиві қазақ тіліне аударғанда «қара орман» дегенді білдіреді, шындығында да бұл таудың жоғарғы белдеуін күңгірт қылқанды ормандар көмкеріп жатыр, олар алыстан қара түсті болып көрінеді.

Ал Каспий маңы елдері соның ішінде Маңғыстау, Әзербайжан, Түрікменстан елдерінің ішінде де қара атауымен байланысты жер аттарын кездестіреміз. Мысалы «Қарақия» ойпаты. Ойпаттың атауы мыналармен байланысты түркі қарақия, мұнда қара – «қара», ал қия – «тік көлбеу», бұл осы тік көлбеу ойпаттың табиғатын өте дәл көрсетеді. Басқа нұсқа бойынша бұл атау аудармада «қара ауыз» дегенді білдіреді.

Әзербайжан елінің қара түспен байланысты болған жер атауы әйгілі Таулы Қарабақ. Қарабақ атауының нені білдіретініне тоқталайық. Ол әзербайжанның «гара» (қара) және «баг» (бақ) сөздерінен шыққан. «Қарабақ» сөзі бастапқы деректерде VII ғасырдан бастап айтылған екен.

Әзербайжан тілінде басқа да түркі тілдері секілді «қара» сөзінің мағынасы көп: кей жерде ол «тығыз», «үлкен» немесе «күңгірт» деген мағыналарда қолданылады. Сондықтан, Қарабақ атауы «үлкен бақ», «күңгірт бақ» мағынасында да қойылуы мүмкін. Тарихты зерттеуші Владимир Минорскийдің пікірінше, бұрын жойылып кеткен қарабақ деген тайпа болуы мүмкін. Ол бұл атау сол тайпадан қалды деген болжам айтқан.

Қара Жар (Черный Яр) – Ресейдегі елді мекеннің атауы.

Діни атаулар. Географиялық атаулардың айрықша бір тобын діни негізде пайда болған атаулар құрайды. Қытайдың оңтүстік-батысындағы Тибет автономиялық ауданының әкімшілік орталығы болып табылатын Лхаса қаласы – ламаизмнің басты діни орталығы. Қала атауында осы сипаты айқын бейнеленген: тибет тілінен аударғанда лха – «құдай», са – «жер», яғни «қасиетті жер» деген мағына береді.

Қазақстан, Маңғыстауда: Балаәулие мола, Ембі жотасының Сарытас шығанағына қараған бөлігінде, Таушық аулынан солтүстік-солтүстік-шығыста 16 км жерде.

Балаәулие қорымдық, Оңтүстік Ақтау жотасының үстінде, Ақтау-Қаламқас жолының 77 км-інде, батысқа қарай, Таушық аулынан оңтүстікте 10 км жерде.

Балаәулие Жыңғылдыдан оңтүстікте 10 км жерде.

Балаәулие Шетпеден солтүстік-батыста 15 км, Тұщыбектен солтүстік

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абусейтова М.Х., Муминов А.К. Письменные источники по истории и культуре Алматы (VIII – начало XX в.). – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 280 с.
2. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна Ltd, 2007.
3. Бутба В.Ф. Племена Западного Кавказа по «Ашхарацуйцу» – Сухуми, 2001.
4. К.Д.Каймулдинова., Топономика, Алматы: 2011 ж.

## ӘОЖ 81-44

### МАҢҒЫСТАУ ОНОМАСТИКАСЫ

*Ескелдиева Малика Женискызы,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің магистранты (Ақтау қаласы).*

*Ғылыми жетекшісі: фил.ғылымд.канд., қауымдастырған профессор  
Көшімова Б.Ә.*

*Аңдатпа. Бүгінгі таңда ономастика қазақ тілінің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, ерекше жүйе ретінде қаралып, қолданысқа енді. Маңғыстау атауы өзінің құпиялылығымен көптеген тарихшы, тілші, географ, геологтардың назарын өзіне аударған. Маңғыстау топонимінің этимологиясына байланысты түрлі жорамалдар қалыптасқан. Маңғыстау сөзінің шығу тегіне қатысты сан түрлі пікірлер бар.*

*Кілт сөздер: Маңғыстау, ономастика, зерттеулер, Маңғышлақ, «мың қыстау», топоним, жер-су атаулары, тарих*

Жер бетінде белгілі бір атауы жоқ жаратылыс, зат не құбылыстар кездеспейді. Табиғат құбылыстары болсын, тірі ағзалар я жансыз нәрселер болсын – қай-қайсысының болмасын өзіндік номинативті атауы болады. Осыған орай жекелеген заттарды (не жаратылыстарды) өзі тектестерден ажырату үшін жалқы есімдер қолданылады. Адам аттары, жер-су, жан-жануарлар т.б. атауларын зерттейтін сала ономастика деп аталады.

«Ономастика – жер-су атаулары, адам есімдері, халық, ру-тайпа атаулары, мемлекет атаулары, әртүрлі мәдени-тарихи нысандар, яғни «тиражға» түспеген атаулардың (жалқы есімдердің) жиынтығын зерттейтін тіл ғылымдарының ерекше саласы. Мұндай атаулар тілдің басқа жүйелерінен ұлттық сипатымен, пәнаралық кешенділігімен ерекшеленіп тұрады. Өйткені ономастика – халықтың жады, тарихы, білімі мен танымы.

Ономастикалық атаулар өзегінде елдің тарихи – мәдени коды жатыр», – деген болатын профессор Нұргелді Уалиұлы. Орыс халқында: «Кемеңді қалай атасаң, солай жүзеді деген» мақал бар. Яғни жер-су аттарына қарап біз сол елдің тілін, мәдениетін, тарихын ұғамыз. Осы тұста еліміздің оңтүстік -батыс бөлігінде орналасқан Маңғыстау өңіріне тоқталатын боламыз.

Байлық тұнған түбек атанған ғажап өңір Маңғыстау Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Картадан қарағанда әйел адамның сұлбасы көз алдыға елестейді. Академик Қаныш Сәтбаевтың бұл өңірді «ұйқыдағы аруға» теңеуі тегін емес. Көктен қараған адамға құлазыған құла түз көрінетін Маңғыстау небір ғажайыптарымен ерекшеленеді.

Миллиондаған жылдар бойы түзілген ғажайып жер реңі белгісіз бір жұмбақ планетаны елестетеді. Құдіреттің өзі тұңғыық су асты әлемінің құпия көрмесін қолмен әкеп орнатқандай. Мұндағы бір өзі бір көлдің аумағындай алып қазаншұңқырларды, тереңдігі жүздеген метрге жететін шыңырау құдықтарды, біріне бірі жалғасып жатқан зәулім үңгірлерді, мұзтауларға ұқсайтын ақ шаңқан тауларды, жер астын жарып шыққан сарқырамаларды, көзге көрінбейтін, күркіреген үні ғана естілетін тұңғыықтағы өзендерді әлемнің басқа түкпірінен кездестіру қиын.

Маңғыстау – Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы мекен және биіктігі 556 м-ге жететін тау атауы. Маңғыстау қаласының ономастикасын зерттеген ғалымдардың пікірі әр түрлі болды. А.Вамбери Маңғыстау өлкесінің мән-мағынасы «мың қыстақ» деп келтірсе, Ғ.Мұсабаев «қой қыстауы» деген түсінік берді. Ал А.Әбдірахманов Маңғыстаудың алғашқы формасы «Маңғышлақ» – оғыз тілдерінде жасалған тарихи түрі, қазақтар «қыстау» сөзімен жанастыру әсерінен Маңғыстау аталып кеткен деген тоқталымға келді.

Бүгінде Маңғыстау – іргелі өлке. Қайталанбас табиғаты, есепсіз байлығы бар өлке. Ол ұйқыдағы ару емес, ұйқыдағы алып батыр әлкесі. Маңғыстау бос жатқан иесіз құла, сұрқай шөл емес. Жақындап келіп ала тауларға, шыңдар мен сайларға үңілсең, Темірхан ақын айтқандай: «Сен оған алыстан қара, сонда оның біртұтас организм екенін бұлжытпай мойындарсың!»

Маңғыстау табиғаты қандай романтикалық ой сарынын тудырмады десеңізші... «Маңғыстауда барған сапарды жұлдызды өлкеге жасаған саяхат деуге де болар еді. Мен еш жерде мұндай жұлдыз нөсерін, олардың көз шаршатар жарқылын көргем жоқ. Оның жарқындығы сондай, түн сайын шексіз тұңғыықтан жұлдыздар осынау үнсіз Маңғыстауға ұшып келіп жатқандай сезіледі» деп К. Паустовский жазған еді. Маңғыстауды көрген, зерттеген адамдар да кейінгілер есте сақталарлықтай көркем теңеулер қалдырыпты. Өткен ғасырда осы өлкеде айдауда болған поляк Бронислав Заллеский Маңғыстау таулары туралы: «Күн сәулелері бұлттардан өте осынау тауларға алуан түрлі, әр бояу тигізіп, ауық-ауық ғажайып көрік береді. Түнде, ай жарығында бұл жер басқа түрге бөленіп, бұрынғыдан да зор ғаламатқа айналады. Айналада жалғыз отырып, осынау кеңістік пен үнсіздіктің ұлылығы мен ерен елестерге кенелген шөлді алқаптың ерекше бір тылсымына еніп кеткендей сезінесің» депті. «Егер жер шарының геологиялық тарихын білгіңіз келсе, Маңғыстауды барып көруіңіз керек» деп айтқан Н. Андрусов сөзінде де қанша салмақ жатыр. «... Егер сіз жер бетінің шөлдерінің барлық типі туралы, қарауытқан сеңгір де жалаң тау-төбелер туралы, аппақ және қызғылт түске боянған алып мұнаралы, биік баған мен қабырғалы қамалдары бар «шөлдің тас қамалдары» туралы санаңызда түсінік қалыптастырғыңыз келсе, куэстер мен шың-құздардың классикалық үлгілерін көргіңіз келсе, мұхит деңгейінен 130 м төмен жатқан құрлықта. тұйық ойыстарда болғыңыз келсе, түнерген тастақтарға қарағыңыз келсе, айран тақырлардың қатқылдығын байқағыңыз келсе, желдің ғаламат жұмысының ауқымын және шөлдің басқа да кереметтерін танып білгіңіз келсе, Маңғыстаудан артық жерді таппайсыз. Бейне бір құпия сандықша ішіне толтырылғандай, бұл өлкеде, шағын кеңістікте шөл табиғатының сан алуан құбылыстары мен көріністері жинақталған» – деп баға береді.

Маңғыстау жер-су атауларының құрамындағы географиялық терминдер, топонимдерге қатысты аңыздар т.б. туралы жазған өлке-танушылар Е.Өмірбаев, Ә.Спан, С.Қондыбай, Ж.Дүйсенбаева еңбектерін атап өтуге болады.

Жер-су аттары-кешегі күннің куәсі. Яғни, олардың берер өз мағынасы бар. Маңғыстау – тарихи жер-су атауларын барынша сақтап, бізге жеткізген, қазақ топонимиясында қайталанбас өзіндік ерекшелігі бар – өңірдің бірі. Маңғыстау тек кешегі мен бүгіннің ғана емес, ХХІ ғасырдың, үш мыңыншы жылдықтың адамзат баласын таңғалдырар Маңғыстауы болмақ. Тәуелсіз, әлемдік қауымдастыққа қосылған Қазақстан үшін Маңғыстау қазыналы қарт өлке, қорлы өлке болып қала бермек.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. С. Қондыбай. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Алматы: «Арыс» 2008. – 288 б



2. Қойшыбаев Е. «Қазақстанның жер-су аттары» сөздігі. Алматы. 1985. – 259 б

**ӘОЖ 81-44**

## **С. ҚОНДЫБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ «СУ ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ» ТҮРКІЛІК ГЕНЕЗИСІ**

*Дауылова Ұ.С.,*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг  
университетінің магистранты, Ақтау қаласы.,*

*Ғылыми жетекшісі: Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Нурдаулетова Б.И.*

***Аңдатпа.** Мифология мен фольклорды зерттеу халықтардың мәдени дәстүрлері мен өзіндік ерекшеліктерін түсінудің маңызды аспектісі болып табылады. Түркі мифологиясындағы ең қызықты және жұмбақ аспектілердің бірі – «су жылқылары». Қазақ зерттеушісі, түркі халықтарының мифологиясының білгірі Серікбол Қондыбай өз еңбектерінде бұл мифтің генезисі мен семантикасына қатысты тың көзқарастарды ұсынды. Оның зерттеулері әртүрлі түркі халықтары арасындағы «су жылқыларының» әртүрлі түсіндірмелеріне және олардың мәдени контексттегі рөліне назар аударады. Тек мәтіндер мен артефактілер ғана емес, сонымен бірге осы тіршілік иелерімен байланысты мәдени тәжірибелер де талданады. Қондыбай шығармалары түркі мифологиясының бірегейлігі мен алуан түрлілігін, оның түркі халықтарының мәдени ландшафтының қалыптасуына ықпалын тереңірек түсінуге көмектеседі. Ендеше санада «суын жылқыларының түркілік генезисін зерттеу не үшін қажет?», «бұл тек түркілік ұғымда ғана бар ма?» деген сауалдар туындайды. Бұл жолы осы сауалдарға жауап бере отырып, суын жылқыларының шығу төркінін анықтайтын боламыз.*

***Кілт сөздер:** түркі мифологиясы, су жылқылары, Серікбол Қондыбай, зерттеу, мәдени мұра, семантика, салт-дәстүрлер, салыстырмалы талдау, мифологиялық жаратылыстар, қазақ мәдениеті, түркі халықтары.*

С. Қондыбайдың зерттеуі бойынша, «су жылқылары» мифінің түп тамыры көнеден бастау алып, түркі мәдениетінің маңызды элементі болып табылады. Бұл жаратылыстар, зерттеушінің пікірінше, ғарыштық және табиғи күштердің символдық көрінісін білдіреді, сонымен қатар салттық рәсімдермен және ғалам туралы идеялармен байланысы болуы мүмкін. Ғылыми деректерге сүйенсек, монғолдар мен түркілерде атқа қатысты ұғымдар үндіевропалық тілден, соның ішінде үндіиран тілінен, сайып келгенде иран тілінен шығып

жатқанын көреміз. «Суын жылқысы» дегенде, әрине, ертегілерге сүйенбеу мүмкін емес.

Әуелі өзге халықтардың фольклорына жүгінсек, В.Гордлевский анадолы түркілерінің танымында суын жылқысының жүні алтын, бір ұртында жылтыраған тас болады, олар суға шыққанда биіктеу тұсқа шығады да, адамды көрген бойда сол биіктен суға қарай ғайып болады делінеді. Башқұрттарда «Қара Иорга», «Ақбозат», «Заятулек-Хыухылу» эпостарында елеулі орын беріледі. Сонымен қатар Шефердің Тан дәуірі туралы іргелі еңбегінде «суын жылқыларының» суда тіршілік етуге бейімделген айдаһарлардан шыққандығын негізге алады. Егер адыге-черкер фольклорында Аулетмис атты батыр өзінің сөйлейтін Қара тұлпарының көмегімен Жинджиғ атты суын айғырымен сөйлестіру арқылы шығаратыны айтылады. Осы тұста айта кететін жайт, қазақтарда да Аңыздың ақиқатқа жанасар және бір тұсы, Маңғыстауды қоныс еткен Саназар байдың тұлпарлары және Шотықбайдың сұр аттары туралы көзкөрген деректер. Жазушы-шежіреші Бисембі Әріптің еңбектерінде үйіріне суын айғырлары шапқан Шотықбай туралы әңгіме XVIII ғасырдың тұсында болған деп топшылайды. Шотықбай аңыздан гөрі ақиқатқа келетін тұлға. Оның ұрпақтары Маңғыстауда қазір де өмір сүруі бек мүмкін, әрине, зерттеуді, іздестіруді қажет етеді. Әлі күнге маңғаз мекеннің көнекөз қариялары аузынан «Шотықбайдың сұр аттары» деген сөздерді естиміз, демек, аңыз ақиқатқа ұласады. Суын жылқысы туралы аңыздар Адай шежіресінде де кездеседі. Кіші жүздің кіші ұлының шежірелік әкесі – Елтай есімді кісі кей деректерде «Сириус» жұлдызы, ал, кей әңгімелерде суын айғырларының бейнесінде сипатталған. Шежіреде Елтай деген жігіт Қыдырбайдың он ұлдан кейінгі қызы Ханбибіні әйелдікке алады, одан Адай туады. Осы жердегі Қыдырбай бейнесінің астарында «теңіз және теңіз жылқыларының иесі» деген мифтік бейне жатыр.

Өзге ұлттар мен қазақ аңыздарын талдап болсақ, жылқы культінің қай кезеңде басталғанына үніліп көрейік. Адамзат танымындағы күн-жылқы сакралды танымы С.Қондыбайдың «ат – ғалам» концепциясымен репрезентацияланады. «Көшпенділер, ат культін жоғары деңгейге көтергендер жұлдызды да, ай мен күнді де тұлпар атқа теңеген. Осы негізде «көшпелілер бүкіл ғаламды да атқа теңеген» деген жорамал бар және ол негізсіз емес», – дейді С.Қондыбай. Зерттеуші қазақтың ерттеу сөзінің астарында көшпелілердің космологиялық танымы жатқандығын лингвомифологиялық зерттеу барысында көрсетеді. «Ерт – тәртіп пен жөн-жосық, реттілік. Мағынаны ұлғайтыңқырасақ, Ерт/Арт – ғаламдық жөн-жосық пен рет заңы. Егер ертте сөзінің түбірі ер зат есімі болса, оған зат есімнен етістік тудыратын жұрнақ –ле (ер-ле) түрінде жалғанған болар еді. Бірақ ерле емес, ертте, сөздің түбіріне ерт құрылымы сұранып тұр. Бірақ аттың ер- тұрманына қатысты ерт түбірі қолданыста жоқ. Бұл туралы зерттеуші: «Бүгінгі тілдегі «ер» сөзіне әртүрлі жұрнақ-жалғаулар жалғанар болса, ол – ерлеу, ерге, ерден, ермен, ерлер, ерік, ерлік, ерім, ерің, ердікі болып шығар еді. Байқалып тұрғандай, бірде-бір ж-ж «т» дыбысын қажетсініп тұрған жоқ. Бұл ер – ерт – ерттеу сөзінің

көне мағынасы бар екендігін көрсетеді)], – дейді. Ғалымның: «Жабайы, асау ат – хаос, тәртіпсіз ғалам. Оны қолға үйрету немесе ерттеу – хаосты жойып, тәртіп пен космосты орнату болмақ», – деген сөзінен шығатын қорытынды – атты ерттеу – хаостан космосқа өту, өркениетті орнату. Қондыбай шығармаларында қазақтар мен қырғыздардан бастап түріктер мен татарларға дейінгі әртүрлі түркіхалықтары арасындағы «су жылқылары» мифінің әртүрлі нұсқаларын салыстырмалы талдауға ерекше көңіл бөлінеді. Ол бұл мифті түсіндірудегі айырмашылықтарды, сондай-ақ оның әрбір халықтың әлеуметтік-мәдени контекстіндегі рөлін зерттейді.

Қондыбай жасаған түйінді тұжырымдардың бірі – «су жылқылары» мифінде әр түркі халқының өзіндік ерекшеліктері, дүниетанымы, табиғатқа көзқарасы, мәдени дәстүрлері бейнеленеді. Сондықтан бұл мифті түсіну түркі халықтарының мәдени мұрасын терең талдауға қажетті қадам деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қондыбай, Серікбол. «Түркі халықтарының мифтері мен аңыздары: генезисі мен семантикасы». «Ғылым және білім» баспасы, 2015 ж.
2. Қондыбай, Серікбол. «Түркі мифологиясы қазіргі мәдениеттану контекстінде». Мәдениеттану халықаралық журналы, 12-том, 3-шығарылым, 2020 жыл, б.
3. Қондыбай, Серікбол. «Түркі халықтарының су аттары және салт-дәстүрлері». Этнографиялық зерттеулер, 8-том, 2018 ж. 112-130.
4. Алтай, Нұрболат. «Түркі халықтарының мифологиясы: зерттеудегі заманауи тәсілдер». «Азия-Принт» баспасы, 2017 ж.
5. Төлегенова, Айжан. «Қазақтардың дәстүрлі наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптары». «Қазақстан» баспасы, 2019 ж.
6. Бәсенова, Гүлмира. «Қырғыз халқының мәдени антропологиясы». «Манас» баспасы, 2016 ж.

## ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ САНДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

*Ануарова Назерке Русланбекқызы,*

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 1-курс магистранты.*

*Ғылыми жетекшісі: Кошимова Б.А., ф.ғ.к.,*

*Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры*

*Аңдатпа.* Мақалада жыраулар поэзиясы – қазақ мәдениетіне ғана тән бірегей тарихи-мәдени құбылыс екендігі және жыраулар поэзиясындағы киелі сандар қарастырылады. Бірегей құбылыс болатын себебі – дүние жұртының арғы-бергі тарихында қазақ жыраулары мен олардың жыр толғауларына дәлме-дәл сәйкес келетін әдеби шығармашылық иелері де, шығармалар да кезікпейді. Ал жыраулар поэзиясының өзімен дәуірлес өзге елдер әдебиетіндегі үлгілерден бөлек арна түзеп, өзіне ғана тән мазмұнмен және өзіне ғана тән пішінмен тарих сахнасына шығуының сыры оның қазақ топырағында тарихи оқиғалармен, тарихи жағдайлармен орайласа тууында жатыр. Киелі сандар төңірегінде топтасқан ой жүйесі, ел өміріндегі құрделі тарихи оқиғалардан сыр шертіп, заманның көкейкесті мәселелерінен, түсігінен біршама мәлімет береді. Адамзат баласының даму барысындағы жеткен жетістіктердің бірі – санаудың пайда болып, оның қолданыста бой көрсетуі. Мыңдаған сандардың ішіндегі қазақ фольклорындағы көркемдік сапасына үлкен құндылық қосқан киелі сандар болып табылады. Ел танымындағы киелі сандар: үш, төрт, бес жеті, тоғыз, қырық сандарының халық ауыз әдебиетінен көрініс алған үзінділеріне кеңінен тоқталмақшымыз. Халық қазынасының тереңіне бойлап, қасиетті сандар жайында мағұлматтарды көпшілік қажеттілігіне жарату. Жыраулар поэзиясындағы қасиетті сандарға ерекше тәрбие көзі ретінде пайдаланғанын дәлелдеу. Осы сандардың қасиеттілігі неде екенін айқындай отырып, сан есімдер ретінде бір жүйеге келтіру.

*Кілт сөздер:* жыраулар поэзиясы, тәрбие, тарихи-мәдени құбылыс, ұрпақ, аңыз, жыр-толғау, ел тағдыры, киелі сандар, үш, төрт, жеті, қырық.

Бүгінгі өркениетті дәуірдің айқындаған барша ілім-білімінде, жер бетіндегі ең көне саналатын жазбалардың қай-қайсысында да қазақ тілінің, оның ата тілі мен баба тілінің ізі, тарих шаңына көмілген, кілтін тапқан талаптыға жарқырай көрінер жауһар бейнесі бар. Қазақ тілі қалыптасуы және дамуы жағынан көптеген дәуірді бастан өткізді. Тіл – бүкіл қазақ халқының мәдени мұрасы. Жүздеген ғасырлардың тарихын тербеген дала төсінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың көкірек сыры мен жүрегінің үнін жеткізген қасиетті аманаты – тілі болды. Қазақ тілінің тылсым тарихы тым тұңғыық

тереңде, Адам затының жаратылуымен, жер-жаһанда саналы тіршіліктің орнығуымен бірге жасасып келе жатыр десек, тым асыра айтқанымыз емес. Тіл тарихының қалыптасуы туралы деректерге сүйенсек қазақтың тілінің, сөз өнерінің тегі әріден, түркі тілдес тайпалардың өз алдына халық болып қалыптаспай тұрған кезінен басталады. Баба аманатын киелі тұмар ретінде қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген парасат иелері біздің халқымызда көп болған. Орта ғасырлар адамзат дәуіріндегі гүлдену ғасыры деп ерекшеленеді. Біздің қазақ халқы үшін орта ғасыр дәуірі халқымыздың бір орталық, бір мемлекет құрып, қазақ елі деген атқа ие болып, қазақ хандығын құруы еді. XV ғасыр – еліміздің тарихына орасан зор өзгерістер әкелген дәуір болды. Соның ішінде біз үшін ең ерекшесі – Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ халқының XV– XVII ғасырлардағы рухани мәдениеті өткен замандар мәдениетімен, оның ең құнды дәстүрлерімен сабақтас болды. Халықтың тілі, ауыз әдебиеті мазмұны жағынан барынша байып, жетілді. Қазақ тілінің хандықты жариялау тұсындағы қызметі ерекше болғанын білеміз. Хандықтың тілге қызметі тіпті ерекше. Ең алдымен Хандық сол кездегі қазақ тілін сақтап, әрі қарай дамуына мүмкіндік жасады. Бейнелі сөздің берені болған Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққанда оған қызмет еткен тіл – қазақ тілі болды, өйткені, бұл тіл – осы хандықты құраған қаңлы, қыпшақ, алшын, арғын, найман, керей, жалайыр, тағы басқа да рутайпалар сөйлейтін тіл еді. Қазақ тілі аталған рутайпаларды бір-бірімен табыстыратын ұйытқы хандықты құраған күштердің бірі болған. Сонымен қатар, бұл тіл қатынас құралы ғана емес, хандықтағы жұртшылықтың (адамдардың) мәденирухани талабын өтейтін толыққанды әдеби тілі және сол тілде сөйлейтін жұртты біріктіріп, бөлініп кетуден сақтайтын күш болды. Ал олай болу үшін тіл – барлық қолданушыға бірдей түсінікті монолит тіл болуы және сөйлеу тілі қатынас құралы болу сипатынан өзгеше, өте көркем, әсем, әсерлі тіл болуы және ол тілде дәмді де жүйелі сөз орамын құрай білу, әдеби тілде жұрт аузын ашатындай көркем сөйлеу шарт еді. Бұл шарт негізінен өлең сөзде – поэзияда қолданыс табады. Көптеген халықтың әдеби тілдері сияқты, қазақ тілінің де әдебилік статусын беретін өлең сөз – өз поэзиясы болды. XV-XVII ғасырлардан бастап аты белгілі ақын жыраулардың, билердің өлең-жырларына, толғауларына қарап соңғы айтылған белгілерді көре аламыз. Киелі сандар төңірегінде топтасқан ой жүйесі, ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғалардан сыр шертіп, заманның көкейкесті мәселелерінен, түсігінен біршама мәлімет береді. Адамзат баласының даму барысындағы жеткен жетістіктердің бірі – санаудың пайда болып, оның қолданыста бой көрсетуі. Мындаған сандардың ішіндегі қазақ фольклорындағы көркемдік сапасына үлкен құндылық қосқан киелі сандар болып табылады. Ел танымындағы киелі сандар: үш, төрт, бес жеті, тоғыз, қырық сандарының халық ауыз әдебиетінен көрініс алған үзінділеріне кеңінен тоқталмақшымыз. Көркем әдебиетте көп кездесетін сандық бірлік - үш саны. Оны мына тіркестерден байқасақ болады: үш қат әлем, ер кезегі үшке дейін, үш жүзден тараған халық т.б. Халық ауыз әдебиетінде адамзат баласының жаратылысына қатысты діни көзқарас негізінде үш қат әлем ұғымы жиі

кездеседі. Яғни, Жоғарғы әлем – Тәңірлер әлемі, Ортаңғы әлем - тіршілік әлемі, Төменгі әлем – әруақтар әлемі деп үшке бөлген. Аталмыш ұғым жайлы Шоқан Уалиханов Жоғары қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін мойнына тағады, Ортаңғы қабатта адамдар тұрадды, олар белбеуді беліне буынады. Төменгі қабатта адамдар тұрады, олар белбеуін тізесіне буынады деген тұжырымды баяндайды. Шамандық діннің негізгі ерекшелігі – жоғарғы дүние, жарық дүние, жер асты дүние болып бөлінуінде деп білеміз. Әлемді үш дүниеге бөлу принципі шамандықтың негізінде пайда болған қазіргі әлем діндерінде де бүгінге дейін сақталған. Аддамның жаны, рухы, ақыл-ой парасаты мен санасы Жоғарғы қабаттан келсе, оның тәні Ортаңғы қабаттың еншісіне тиеді екен да, ақыреті Төменгі қабаттан о дүниеге беріледі деген ой бақсылар болжамынан туындаған ежелгі түсінік. Мұндай түсініктер Күлтегін жазуында да кездеседі. Алғашқы қауым адамдары үш қабатта да тіршілік етуге болады деп білген. Сондай-ақ адамда үш құт болады: жер құт, ауа құт, ана құт деген түсініктер қалыптасқан. Егер зиянкестер осы үш құттың бірін ұрлап кетсе адам өледі деген қызықты шамандық түсінік түркі халықтарында кездеседі. Шежіре деректерге сүйенер болсақ, қазақ халқы өздерін Қазақ деген кісіден туған үш ұлдың: Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) ұрпағыммыз деп Қазақ ертегілерінің көбіне ортақ бір сарын бар. Ол ертекттердегі бір байдың үш баласы, кедейдің үш баласы, ханның үш қызы деген секілді тіркестердің жиі кездесуі. Бұл кейіпкерлердің ішінде әдетте кенжесі мұратына жетіп, екі ағасынан немесе әпкесінен мерейі үстем болып келеді. Ертегілердің осылай аяқталуындағы мақсат – халықтың бақытқа, жақсылыққа ұмтылуының көрінісі іспетті. Себебі, дүниетанымдық көзқарас бойынша адам кіші әлем деген қалыптасқан ұғымдар бар. Ал, Тәңірлер мен әруақтар әлемі үлкен (беймәлім) әлем деп есептелген. С.Қасқабасов Асан Қайғы іздейтін Жерұйықты көне замандағы үш әлем туралы шамандық ұғыммен байланыстырады. Жер асты – өлілер патшалығы деп саналған. Осыған сәйкес, өлген кісінің жаны сол жаққа барып, рахат табады деп есептелген. Өлілер әлемі, бір жағынан, зұлымдық, зиянкестік мекені, екінші жағынан, өлген адамның жаны жай табатын жер деп қабылданған. Кейінгі замандарда ежелгі үш әлем, оның ішінде жер асты жұмаққа айналып, оған басқа сипат берген. Мұсылман мифологиясында жұмақтың сипаты - Жерұйық. Егер бұрын мифте шаман зиянкес жандармен соғысып, үш әлемді шарласа, немесе өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын кезсе, енді кейіпкер жұмақты, құтты мекенді, Жерұйықты іздеп, жиһан кезеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – А., 1986.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 1994.
3. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – А., 1991.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – А., 2006.
5. Сыдықов Қ. Ақын-жыраулар. – А., 1974.

6. Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары. Алматы, «Жазушы» 1985.
7. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті – Алматы, Мектеп, 1989 ж.
8. «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет». Хрестоматия. Құрастырған: М.Мағауин, Алматы, «Ана тілі». 1993 ж.
9. «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы», Алматы, «Ғылым» 1982.
10. Ш.Ш. Уәлиханов, «Таңдамалы». Алматы, «Жазушы», 1985 ж.
11. Х.Сүйіншәлиев «VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті», Алматы, «Мектеп» 1989 ж.

## 2-СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

ӘОЖ 081

### **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ҮНДЕСТІГІ**

***Серикбаева Гулшат Жапарғалиевна,***

*п.ғ.к. Алматы технологиялық университеті, МТжШТ кафедрасының  
профессор ассистенті (Алматы, Қазақстан) [gulshat.serikbaeva@inbox.ru](mailto:gulshat.serikbaeva@inbox.ru)*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақ халқының рухани көсемі А. Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарасы мен қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі баяндалады. А. Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы әдістемелік еңбектеріне және педагогикалық қырларына талдау жасалды. Жазуға үйрету, хат таныту мәселелеріне қосқан үлесі қарастырылды. Сондай-ақ А. Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы еңбектерінің маңыздылығы – оның қазіргі таңда да оқытушылардың қолданысынан қалмауы, А. Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы еңбектерін саралай келе, оның бізге ұсынған әдіс-тәсілдерінің қазіргі кезде қолданылып жүрген жаңа технологиялардың біразымен астасып, сабақтасып жатқаны айтылады. Осы негізде А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын жаңа тұрғыдан қарастырып «танымдық-тағылымдық технология» деп атауды ұсынып отырмыз.

**Кілт сөздер:** оқу құралы, фонетика, қазақ тіл білімі, ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдіскер ғалым.

XX ғасыр басындағы оқу-ағарту, тіл ғылыми саласындағы басты тұлға – А. Байтұрсынұлы. Ол әдістемелік еңбектері мен оқулықтарында оқыту әдістерін дұрыс қолдана білудің ерекшелігіне тоқталады. А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің ұлы түрлендіруші-реформаторы, теоретигі әрі қазақ тілі білімі саласына орасан зор еңбек сіңірген көрнекті ғалымы болды. Ол араб әріптерінің негізінде төте жазу үлгісін, яғни қазақтың төл әліпбиін жасады. Өзінің «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Әліпбиі» (1924), «Жаңа әліпбиі» (1926) тәрізді кітаптарында қазақ тілінің ғылыми, теориялық және әдістемелік мәселелерін кеңінен талдап берді. Қазақ тіл білімінде терминдер жүйесін қалыптастырды. А. Байтұрсынұлы қазақ тілтану ғылымының атасы. Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып, болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген. Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын өсіп өтетін сөздерімен олең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола тұра білуіне



кеудесіндегі жанын да аямаған. Халық үшін, халықтың мәдени-әлеуметтік болмысы үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Тек кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа шамшырақ екенін дәлелдеп өткен.

Тілші-ғалым А. Байтұрсынұлының еңбектері қазақ тілін оқыту әдістемесін жүйелі ғылым ретінде қалыптасуына негіз болды. Қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған оқулықтар, ғылыми-зерттеу жұмыстары осыған айғақ. Осы негізде А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасын жаңа тұрғыдан қарастырып «танымдық-тағылымдық технология» деп атауды ұсынып отырмыз. Ғалым қолданған «Дағдыландыру», «Сынау», «Ойнаңдар! Ойлаңдар!», «Алғанын жазу (ермек-еңбек)», «Қисындау (ермек-еңбек)», т.б. айдарлармен берілген тапсырмалар баланың танымын жетілдіруді көздеген. Ғалым-әдіскер ұтымды қолданған әңгіме, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру, салыстыру, ойын әдістері, т.б. өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Тілші өз еңбектерінде танымы мол, тағылымы зор мәтіндерді ұсынған. Білім алушының тілін дамыту, танымын кеңейту мәселелерін назарда ұстаған. Оқытушы әр сабақта студентке ұсынатын тапсырмасын осы негізге құрса, ұтылмайтынымыз анық. А. Байтұрсынов сөйлемнен лепес жасату, жаңылтпаш жасату арқылы білім алушылардың танымын кеңейтіп, жылдам ойланып жауап беруге баулиды. Әдіскер ғалымның еңбектерін саралай келе, оның оқу үдерісін ұйымдастыруда әңгіме, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру, салыстыру, тіл дамыту, оқулықпен жұмыс істеу, ойын әдістерін шебер қолданғанын, сонымен қатар дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс түрлері, топтық, ұжымдық жұмыс түрлерінің барлығын қамтығанын көре аламыз. [1, 75-б]. Ғалым жүйелілікті қатаң сақтаған. Түрлі суретті көрнекіліктер арқылы меңгертіп, олардың ойлауын дамыту мақсатында «Ойнаңдар! Ойлаңдар!» айдарымен тапсырмалар ұсынады. Мақал және мәтіндер арқылы тақырыпты қорытындылап, тұжырымдауға үйретеді. «Тіл құралда» бірінші дағдыландырып, одан кейін сынау үшін тапсырмалар беріледі.

Сауат ашу туралы мәселе Ахмет Байтұрсынұлының «Сауат ашқыш» еңбегінен бастау алады. Ғалымның өзі бұл еңбегінің басына «дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби» деп жазып, араб жазуын меңгертуге арнаған [1, 91-б]. Ғалым «араб жазуы оңнан солға қарай оқытылатындықтан, әліппе кітаптарында таңбалардың түпнұсқадағы орналасу тәртібі» сақталғанын ескерте келіп, ең бірінші рет з, р, а дыбыстарын меңгертуге назар аудартады. «Бұл үш ғарыпты үйрету үшін, әуелі әрқайсын бөлек-бөлек қағазға үлкен етіп жазып, әрқайсын бөлек-бөлек көрсету керек. Оқушылар әрқайсын жаңылмастай етіп білгеннен кейін, әліпбиге қаратып оқыту керек», – дейді [1, 92-б]. Ғалымның бұл пікірінен көрнекілік әдісі арқылы оқушының зейінін

аудары отырып, есте сақтау қабілетіне мән бергенін байқаймыз. Сонымен бірге ғалым оқушының назарын тек әріптерді меңгертуге ғана емес, бұл әріптердің сөз құрай алу қасиетін де қоса игертуді көздеген. Тілші «кей қарыптар келесі қарыптармен жалғасады, кей ғарыптар жалғаспайды» деп, балаларға үнемі айтып отыру қажет деген ұстанымды ұстанып, оны мысалдар арқылы дәйектеп көрсетеді. Әр әріптің қай әріппен байланысып, сөз құрай алатынын бөліп-бөліп, ерекшелеп көрсетіп отырады. Мысалы: зар, зарла, зарлар; ар, арла, арлар; алар, ара, арал деп әрқайсын жіктеп береді. Әр әріпті меңгертудің жолын берген соң, оны мәтін арқылы бекітуді көздеген. Ол үшін бірнеше мәтіндерді ұсынған. Қазақ тіл білімінде мәтін, оның өзіне тән белгілерін жан-жақты ашып, дәлелдеген – Ахмет Байтұрсынұлы. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады» дей келіп, оны «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып, көбінесе шығарма деп айтылады» деп дәйектеген. Көркем шығарма тілі арқылы «қандай сәулетті» сарайларды, «қандай сымбатты я кескінді сүгіреттерд», «қандай әдемі ән-күйді» сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болатынын айтып, «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге» деп түйіндейді. Шығарманың яғни мәтіннің тысқы белгілеріне тақырып, жоспар, мазмұн мен түрлерін жатқызады. Олардың әрқайсысын талдап көрсетеді. Аңдату, мазмұндау және қорытуды мазмұнның үш мүшесі ретінде жіктейді. Жоспарға «Сөз шығарудан бұрын шығарушы айтатын пікірін қай ретпен жазатынын мерзімдеп, жоспарлап алады, онысы неден басталады, неден соң нені айтып, немен аяқтайтынын белгілеп алу болады» деген анықтама береді. Лингвотанымдық мәтіндерді меңгертуде ғалым еңбектерін негізге алудың мәні зор. Мәселен, ғалым «Тіл-құрал» еңбегінде сауат ашу мәселесін одан әрі өрбіте түседі. Ал сауат ашу – мәтінмен жұмыс істеудің негізі. Сауатсыз адам мәтінді игере алмайды. «Біздің заманымыз-жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі» деп, жазбаша сауатты жазудың маңызын айқындады [1, 141-б].

Тілші «балаларға ережені жалаң меңгертпей, сөйлем, мақалдарды беріп, соның ішінен ережеге сәйкес келетін сөздерді өздеріне тапқызып, дағдыландыру қажет. Бәрін үйретіп болған соң, оларды сынау үшін сөздерді жаздырту керек» деген қағиданы ұстанған. Аталған еңбекте ғалым ережені берген соң «Дағдыландыру», «Сынау» айдарлары арқылы әріптерді жан-жақты меңгертуге мән берген. Оқушыға кейбір мәселелерді терең игерту үшін «Ескерту» айдары аясында басты жайттарға назарларын аударып отырған.

Ғалымның бұл тұжырымынан, оқушыға дыбыстарды меңгертуде ең алдымен, қазақ тілінің үндестік заңын үйрету керектігін аңғарамыз. Тілші дыбыстарды меңгертуде «дыбыспен жаттығу» әдісін қолданған. Ғалым «оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара» білмейтінін, олардың «сөздердің дыбыстан тізілетінін» әлі меңгермегенін айта келіп,

«оқуға балалар дыбыс үйренеміз деп келмейді, оқу, жазу үйренеміз деп келеді. Бірақ дыбыстарды білмей, дыбыстың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын» деп тұжырымдайды [2, 330]. «...әуелі дыбыстарды емес, сөздің буындарын бөлек-бөлек айтқызып, оларды қосқызып сөз айтқызып үйрету» керек деп тілді меңгертуде дыбыстық әдісті өте ұтымды қолданған. Тілші әріптерді балаларға сатылап меңгертуді ұсынады. Оны ғалымның мына пікірінен байқаймыз: «әр жаңа хәріп үшін әуелі сол жаңа хәріп ішінде келетін қысқа-қысқа сөздерді айтып, дыбысын айырту. Екінші, үйрететін дыбыстың хәріфін кеспе әліппеден алып, яки тақтайға жазып көрсету; үшінші, ішінде сол хәріп бар сөздерді оқыту, жазғызу; төртінші, жазғандағы қаталарын балалардың көзінше түзету» [1, 333-б]. Сондықтан тілді оқытуда тілші ұсынған әдістерді пайдалансақ, ұтылмайтынымыз айқын. Бұл пікірден ғалымның бірнеше әдісті ұтымды қолданғанын көреміз. Ғалым «Тіл жұмсар» еңбегінде «бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек» деген қағиданы ұстанып, «Жұмыс», «Көшіру», «Сұрау», «Жауап жазу», «Сөз тудыру», «Буындау», «Бақылау», «Құрастыру», «Айтқаннан жазу», «Жаттау», «Жатқа жазу», «Нұсқа» тапсырмалары арқылы емлені меңгертуге, сауатты жазуға мән бергізеді. [1, 337-б]. Ғалым «Қай әдіс жақсы?» мақаласында «сауаттылықтың негізі жазу» дегенді айта келіп, «сауаттау әдістерін сынағанда оларға оқу үйрететін әдіс деп қарамай, жазу үйрететін әдіс деп қарау керек болады, жаза білдіруге қолайлы әдіс-әкі білдіруге де қолайлы болады, үйткені негіздік нәрсе-жазу, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдені нәрсе» деп тұжырымдайды [1, 362-б]. Тілшінің айтуынша, балаларға дыбысты меңгертуде жазу мен оқуға қолайлы әдісті таңдап алудың рөлі зор. Ғалым 1927 жылы Қызылорда қаласында шыққан «Әліппе айтысы» кітабында араб әліпбиін жақтап, оны латын әліпбиімен салыстыра отырып дәлелдейді. Араб әліпбиінің жазудағы, оқудағы артықшылықтарын мысалдар арқылы дәйектеп көрсетеді [2, 410]. Ахмет Байтұрсынұлының сауат ашу, мәтін туралы еңбектеріндегі тұжырымды, келелі пікірлерін білім беру үрдісінде басшылыққа алуымыз қажет. «Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Бұл міндетін дұрыстап атқару үшін көздеген мақсатқа керек істерді дұрыстап істеу тиіс. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қисыны – осы жерінде» деген келелі тұжырымын негізге алсақ, қателеспейтініміз анық.

А. Байтұрсынов тілді үйретудегі сауаттылықтың негізі оқу емес, жазу дей келіп, жазуға үйрету әдісіне ерекше мән беру керектігін айтады. Оның «тіл құралы» атты оқулығы қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категорияларды әрқайсына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінгі дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, т.б.» сан алуан лингвистикалық терминдерді А. Байтұрсынов атаған еді. Ғалымның тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазды. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді

кітап етіп, 1928 жылы Қызылордадан шығарды [1]. Сонымен белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы болып саналады. Тілші «Баяншы» [2]. «Қай әдіс жақсы» еңбектерінде әдістеме мәселелерін сөз етеді. Автор тілді оқытуда «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге» деген ұстанымдарды негізге алған [3]. А. Байтұрсынов тілді оқытудағы талаптары кейінгі тілші-әдіскерлер еңбектеріне негіз болып келеді. А. Байтұрсынұлы бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керектігіне, мұғалімнің міндеті оқушыға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру екендігіне көңіл бөледі.

Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы саласында ұлт тілін «пән» ретінде үкілеп, оны оқытуды ғылыми жүйеде қалыптастыруды негіздеуші – Ахмет Байтұрсынұлы. Жалпы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда Алаш зиялыларының: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошке Кемеңгерұлы т.т. қазақ тілі мен әдебиетін дамытып, оқытып-үйретудегі көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі күнге нақты қолға алынған жоқ. Тек, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануды оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі тәуелсіздік кезеңдегі ғалымдар мен әдіскерлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытудағы зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми тұрғыдан алғанда қисынды, әрі дұрыс. Дегенмен, мұны өмір тәжірибесінде де қолдана білсек, ол нәтижелі болар еді. Әсіресе, А. Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл – жұмсар», «Қай әдіс жақсы» т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай, жаңартылған үлгіде толығынан пайдалануға әбден болады [5],

Қорыта айтқанда, Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі саласы да А. Байтұрсынұловтың еңбектерін басшылыққа ала отырып жаңа заман талабына сай қалыптасып, дамуда. А. Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы еңбектерінің маңыздылығы – оның қазіргі таңда да оқытушылардың қолданысынан қалмауы. А. Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы еңбектерін саралай келе, оның бізге ұсынған әдіс-тәсілдерінің қазіргі кезде қолданылып жүрген жаңа технологиялардың біразымен астасып, сабақтасып жатқанын көруге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Байтұрсынұлы, Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы/<https://kitap.kz/book/axmet-bajtursynuly-altytomdyq-shyharmalar-zhinahy-iii-tom>
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, Ана тілі, – 1992, 448-бет.
3. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі, – Алматы, 32-бет.
4. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш», Алматы, 1991.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегін, 2002. – 528 б., Б. 12-35.

## ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

*Дәрібаев Самал Дәрібайұлы,*

*филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,*

*Қалдыбай Бақытгүл Нұрланқызы,*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты*

*Аңдатпа.* Сандық технологиялардың қарқынды дамуы және білім беру парадигмаларының өзгеруі жағдайында фольклорлық шығармаларды оқытудың инновациялық әдістері қазіргі таңда өзекті болуда. Бұл мақала заманауи сандық білім беру ресурстары мен интерактивті платформаларды қамтитын фольклорды оқытудың қазіргі заманауи тәсілдерін зерттеуге бағытталады. Сонымен қатар жасанды интеллекттің (ЖИ) білім беру процесіндегі рөлі мен фольклорлық шығармаларды оқытудағы ықпалы қарастырылады. Жасанды интеллекттің фольклорлық мәтіндерді интерпретациялау және визуализациялаудағы мүмкіндіктері талқыланып, артықшылықтары мен кемшіліктері анықталады. Зерттеу барысында нейрондық желілердің көркем проза үлгілерін оқытудағы тиімділігі сөз етіліп, бұл инновацияның оқыту процесіне қалай әсер ететіні баяндалады.

*Кілт сөздер:* жасанды интеллект, білім беруді цифрландыру, фольклорлық шығармалар, сандық технология, инновациялық әдістер.

Қазіргі таңда сандық технологиялар мен жасанды интеллекттің (ЖИ) қарқынды дамуы дәстүрлі оқыту әдістерінің айтарлықтай өзгеруіне әкелуде. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы білім берудің цифрлық трансформациясы мәселелеріне арналған зерттеулерде [1,16б.] бұл процесс оқыту әдістемесін қайта қарау, оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру және қолжетімді контентті құрумен байланысты екені атап өтіледі. Ғалымдар дәстүрлі оқыту модельдерінен инновациялық модельдерге көшу кезінде технологиялық алшақтықты еңсеру үшін барлық білім беру ұйымдарының білім беру ресурстарына қолжетімділік; өз саласындағы үздік әдіскерлердің оқу-әдістемелік материалдарының сараптама жасау қажет екендігін атап көрсетеді [2]. Сонымен қатар жаһандану заманында жаңа технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білім ортасына енуіндегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие [3, 116 б]. Бұл жоғары оқу орындарында да, мектеп тәжірибесінде де өзекті болып табылады.

Бүгінде цифрландырудың жедел дамуына байланысты білім беру үдерісінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану кеңінен қолданыла

Атап көрсетілген аспектілер негізінде мультимедиалық технологиялардың оқыту процесіндегі ақпаратты-коммуникативтік қызметін 3-суреттегідей бейнелейміз.



Сурет 3 – Мультимедиалық технологиялардың оқыту процесіндегі ақпаратты-коммуникативтік қызметі

Мультимедиалық технологиялардың осы қызметіне сүйеніп, оқыту процесін жетілдіру процесін өзіндік ғылыми – материалистік көзқарасы дамыған тұлғаны қалыптастыру тұрғысынан төмендегіше модельдеуге болады (сурет 4).



Сурет 4 – Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің моделі

Сонымен, мультимедиалық технологиялар:

- ✓ әрбір пайдаланушының қабілеті мен ерекшелігін ескере отырып, олардың оқу мотивациясын арттыруға септігін тигізеді;
- ✓ түрлі типті ақпараттарды біріктіріп ұсыну арқылы оқытудың интерактивтілік ұстанымын қамтамасыз етеді, өйкені, әртүрлі типті ақпаратты пайдалану адамның әртүрлі сезім мүшелері арқылы оқу материалын жан-жақты қабылдауына ықпал етеді;
- ✓ нақты, күрделі де қиын, белгілі көлемде шығын мен ұзақ уақытты қажет ететін экспериментті модельдеуді жүзеге асырады;
- ✓ құбылыстар мен процестерді динамикада көрсету арқылы абстрактілі ақпараттарды көрнекі тұрғыда ұсына алады;
- ✓ макро және микро әлемдегі нысандарды визуалдауға мүмкіндік береді;
- ✓ білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына ықпалын тигізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қосымова Г. Рахметова Р. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192б.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 179б.
3. Әбілмажін М. Оқу мотивациясын зерттеудің теориялық негіздері // «Проблемы и перспективы развития современной науки в странах Европы и Азии» XXII Халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференциясы материалы. – Украина, қаңтар, 2019. – 106 б.

## ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА

**Бақыт Ақкүрең Сексенқызы,**

*Қ. Күржіманұлы атындағы № 8 ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі (Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы)*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада тіл ұлы қазына, баға жетпес асыл мұра екендігі, тіл тек адамзатпен ғана емес, қоғаммен, тарихпен тығыз байланысты, әр ел өз тілі арқылы әлемді, дүниені өмір құндылықтарын таниды. Өз елінің мәдениетін жасайды, өмірден түйген тағылым, т ұжырымдарын келешек ұрпақтарына жеткізетіндігі баяндалған.*

***Кілт сөздер:** Тіл, қазына, мұра, алғы шарттар, тілдік фактор*

Ана тіліміз – Қазақстанның қай аймағында да баршаға бірдей түсінікті, әдеби нормасы қалыптасқан тіл. Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық әдеби тілі. Зерттеуші ғалымдардың пікірі әр алуан. Қазақ тіл білімінің қалыптаса бастауын, ұлт тілінің нормаға түсіп, стильдік нышандардың көрініс бере бастаған кезеңінен бастауды Қ. Жұмалиев, М. Балақаев сияқты ғалымдар қолдаса, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев сияқты ғалымдар ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақдаласындағы кітаптар мен газеттердің жарық көруінен тіл білімі қалыптаса бастады деп біледі. Р. Сыздықов ХV-ХVІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар шығармаларының тілі қазіргі әдеби тілдің алғашқы үлгілері екенін талдап көрсетеді.

Тіл – адам баласына тән ғажайып құбылыс. Адамдар белгілі бір қоғамда өмір сүретіндіктен, саналы түрде қарым- қатынас жасауға, сонымен бірге өз ортасының мәдени рухани әлемін өрістетуге мүдделі. Қоғам дамуы мен қолданыс қажеттілігіне орай тіл де үнемі жетілу үстінде болады. Қазақ халқының ұлттық болмысымен бірге қазақ тілі де қатар дамып, кемелденіп келеді.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің жауапкершілігі орасан зор ол – еліміздің дамуында маңызды орын алатын ресми құжаттардың тілі, бүгінгі күнде қоғамның қай саласында да сұраныс пен қажеттілік туындатып отырған, елімізді мекен еткен ұлттар мен ұлыстарды бір шаңырақ астына біріктіретін бірден-бір құрал.

Қазақстан мемлекетінің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылып отырған мемлекеттік тіл мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясының «Тілдер туралы» Заңының 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі» деп көрсетілген.

Қазақ тілі – қазақ халқының рухани негізі. Оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту – әрбір қазақ елінің азаматтарының басты міндеті.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуін қамтитын бірнеше алғышарттар бар.



Ол қандай алғы шарттар десеңіз, олар – ішкі тілдік факторлар мен тілдік сыртқы факторлар.

Ішкі тілдік факторларға не жатады, соған тоқталайық. Олар:

- тілдік құрылым жүйесі жетілген;
- лексика – фразеологиялық қоры мол;
- ежелден қалыптасқан жазбаша және ауызша дәстүрі бар;
- халықаралық тілдермен бәсекелестікке қабілетті, ішкі мүмкіндіктері мол ұлттық тіл.

Сыртқы факторлары:

- республиканың барлық аймақтарында таралған және кеңінен қолданылады;
- ауызша да, жазбаша да қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етеді;
- заман талабына сай тілді қолданушылар саны арта түседі
- табиғи және табиғи емес тілдік орта қалыптасады.

Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қатынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаяды. Қазіргі жаһандану жағдайында туған тілінді қорғау - туған Отаныңды қорғаудан да маңыздырақ. Неше ғасырлық дамуы бар туған тілімізді жаһандану жағдайында сол пәк, таза қалпында ұстап қалу, дамыту- елін сүйетін әр азаматтық төл ісі. Себебі, әлем шексіз, шетсіз даму үстінде. Дүние жүзінде 6000-дай тіл бар десек, сол тілдердің ішінде сөйлеушілерінің көптігі жағынан 70-орында тұр екенбіз. Бұл – жақсы көрсеткіш. Елім, жерім деген әрбір азамат өз тілін қадірлеуі, қасиеттеуі керек. Өзге тілді араластырмай, өз тілінде сөйлеп, бұғанға дейінгі тіл біліміндегі баға жетпес құндылықтарды бойына терең сіңіріп өсуі керек. Ұстаз ретінде айтарым осы. Сол құндылықтарды әрбір сабақ сайын оқушы бойына түрлі әдіс- тәсілдермен сіңіріп отыру – менің қстаздық борышым.

Отаныңды жау басып алса, оны ерте ме, кеш пе, әйтеуір, азат етеріңе сенесің. Ал тілің жауланса- бітті. Басқа тілге көшіп, туған тілін ұмытқан, ұлттық рухын жоғалтып қандастарың жаудан бетер қарсыласады. Олардың үлкен бөлігінің ана тілін мойындамай, өзге тілдің мүддесін ашық түрде қолдануының арқасында ұлт жойылуға бет алады. Міне, осыдан қорқу керек.

Сонау 19 ғасырда тюрколог ғалым П. Меллиоранский: «Қазақ тілі...зерттеушілеріміздің барлығы да бір ауыздан бұл тілді ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды», – деп пікір қалдырған екен.

Иә, «Қазіргі қазақ тілі – небір керемет философиялық толғаныстарды да, күрделі терең ойларды да, қолдан нәзік, жібектен биязы, аяулы сезім тебреністерін де емін-еркін әсерлі жеткізетін көсілмелі, кең құлашты танытар «ғажап тілдердің бірі. Бұған қазақ баласы мақтана алады», – деп М. Әлімбаевтың сөзін де келтіргім келеді.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақ тіл білімі – біздің басты құндылығымыз. Оны әлемдік деңгейге көтеру – барлық Қазақстандық азаматтардың міндеті. Мұның бір жолы – қазақ тілін компьютерлік аударма технологиясына кіргізеді. Сонда қазақ тілін білетіндер басқа елдердің

тілдеріндегі электрондық мәтіндерді түсінетін жағдайға жетеді. Әлемдік тілдердің компьютерде толыққанды сөздіктері бар. Сондай сөздік компьютер бағдарламасында қазақ тілінде де болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Сөзімді Ғ. Мүсіреповтің мына сөзімен аяқтағым келеді: «Ана тіліміз барлық еркелігімізді көтере береді деп не жер баса алмай, не көкке ұша алмай қалғандарымызда жолығады. Ана тілін құрметтеу – ештемені сыйламау деген сөз. Жастар мұны қатты ескеруі керек. Жастар – біздің болшағымыз. ...Тіл мәселесін мемлекеттік мәселе етіп көтеретін уақыт жетті. Баяндамалар, жарыссөздер, ғылыми кітаптар қазақ тілінде көп болса, ол – тілді байытатын негізгі жағдайдың бірі. Мемлекет орындары, ұлт өкілдері өз тілінде сөйлесіп отырса, сол елдегі барлық халықтың тілді бағалауы, құрметтеуі артады».

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы.
2. Хасенов Ә. «Тіл білімі». Алматы, 2003.
3. Балақаев М., Т. Сайранбаев Т. «Қазіргі қазақ тілі», Алматы. 2003.

УДК 372.881.1

## DEVELOPING OF STUDENTS' LISTENING AND SPEAKING SKILLS IN ENGLISH LANGUAGE

*Yergalieva C.O.*

*Teacher of special subjects in English language of Mangistau higher pedagogical college after name Muryn jyrau Sengirbekuly, Aktau s.*

**Annotation.** *In this article it is said about the ways of work in developing students' listening and speech levels and compliance of language culture in any society and about the ways of how to work in developing students' speech levels.*

**Keywords:** *English language, new technologies, multimedia technology, multimedia program, information technology, interactive technologies.*

**Аңдатпа.** *Бұл мақалада студенттердің тыңдып-түсіну, сөйлеу тілін жетілдіруде, олардың қандай да болмасын ортада тіл мәдениетін, мәдениетті сөйлеуін қалыптастыруда тіл дамыту жұмыс түрлері және оларды қалай жүргізу керектігі туралы айтылады.*

**Кілт сөздер:** *ағылшын тілі, жаңа технологиялар, мультимедиялық технология, мультимедиялық бағдарлама, ақпараттық технология, интерактивтік технология.*

**Аннотация.** *В данной статье говорится о видах работы развития аудирования и разговорной речи и соблюдения культуры языка студентов в*

любой среде общества и о том, как нужно вести виды работ для развития речи студентов.

**Ключевые слова:** английский язык, новые технологии, мультимедийная технология, мультимедийная программа, информационные технологии, интерактивные технологии.

Language came into life as a means of communication. It exists and is alive only through speech. When we speak about teaching a foreign language, we first of all have in mind teaching it as a means of communication.

In teaching speech the teacher has to cope with two tasks. They are: to teach his pupils to understand the foreign language and to teach them to speak the language. So, Speech is a bilateral process. It includes hearing, on the one hand, and speaking, on the other. When we say «hearing» we mean auding or listening and comprehension. Auding or listening and comprehension are difficult for learners because they should discriminate speech sounds quickly, retain them while hearing a word, a phrase, or a sentence and recognize this as a sense unit. Pupils can easily and naturally do this in their own language and they cannot do this in a foreign language when they start learning the language. Pupils are very slow in grasping what they hear because they are conscious of the linguistic forms they perceive by the ear. This results in misunderstanding or a complete failure of understanding.

When auding a foreign language pupils should be very attentive and think hard. They should strain their memory and will power to keep the sequence of sounds they hear and to decode it. Not all the pupils can cope with the difficulties entailed. The teacher should help them by making this work easier and more interesting. This is possible on condition that he will take into consideration the following three main factors which can ensure success in developing pupils' skills in auding: (1) linguistic material for auding; (2) the content of the material suggested for listening and comprehension; (3) conditions in which the material is presented.

1. Comprehension of the text by the ear can be ensured when the teacher uses the material which has already been assimilated by pupils. However this does not completely eliminate the difficulties in auding. Pupils need practice in listening and comprehension in the target language to be able to overcome three kinds of difficulties: phonetic, lexical, and grammatical. [4]

Phonetic difficulties appear because the phonic system of English and Kazakh differ greatly. The hearer often interprets the sounds of a foreign language as if they were of his own language which usually results in misunderstanding. The following opposites present much trouble to beginners in learning English:

⊖ – s tr – tʃ A – o s – z a: – o

⊖ – f dr – dg d – z t – tʃ o: – ə:

w – v d – v n – rj ae – e

Pupils also find it difficult to discriminate such opposites as: o: – o, a – A, i: – i, u: – u.

They can hardly differentiate the following words by ear: *worked – walked; first – fast – forced; lion – line; tired – tide; bought – boat – board.*

The difference in intonation often prevents pupils from comprehending a communication. For example, *Good 'morning* (when meeting); *Good ,morning* (at parting).

The teacher, therefore, should develop his pupils' ear for English sounds and intonation.

Lexical difficulties are closely connected with the phonetic ones. Pupils often misunderstand words because they hear them wrong. For example: *The horse is slipping. The horse is sleeping. They worked till night. They walked till night.* The opposites are often misunderstood, for the learners often take one word for another. For example: *east– west, take – put; ask – answer.* The most difficult words for auding are the verbs with postpositions, such as: *put on, put off, put down, take off, see off, go in for, etc.*

Grammatical difficulties are mostly connected with the analytic structure of the English language, and with the extensive use of infinitive and participle constructions. Besides, English is rich in grammatical homonyms, for example: *to work – work; to answer – answer; -ed* as the suffix of the Past Indefinite and the Past Participle.

This is difficult for pupils when they aud.

2. The content of the material also influences comprehension. The following factors should be taken into consideration when selecting the material for auding: The topic of communication: whether it is within the ability of the pupils to understand, and what difficulties pupils will come across (proper names, geographical names, terminology, etc).

The type of communication: whether it is a description or a narration. Description as a type of communication is less emotional and interesting, that is why it is difficult for the teacher to arouse pupils' interest in auding such a text. Narration is more interesting for auding. Consequently, this type of communication should be used for listening comprehension.

The context and pupils' readiness (intellectual and situational) to understand it. The way the narrative progresses: whether the passage is taken from the beginning of a story, the nucleus of the story, the progress of the action or, finally, the end of the story. The title of the story may be helpful in comprehending the main idea of the text. The simpler the narrative progresses, the better it is for developing pupils' skills in auding.

The form of communication: whether the text is a dialogue or a monologue. Monologic speech is easier for the learners, therefore, it is preferable for developing pupils' ability to aud.

3. Conditions of presenting the material are of great importance for teaching auding, namely:

The speed of the speech the pupil is auding. The hearer cannot change the speed of the speaker.

There are different points of view on the problem of the speed of speech in teaching auding a foreign language. The most convincing is the approach suggested by N. V. Elukhina. She believes that in teaching auding the tempo should be slower

than the normal speed of authentic speech. However this slowness is not gained at the expense of the time required for producing words (that might result in violating the intonation pattern of an utterance), but of the time required for pauses which are so necessary for a pupil to grasp the information of each portion between the pauses.

Gradually the teacher shortens the pauses and the tempo of speech becomes normal or approximately normal, which is about 150 words per minute. According to the investigation carried out by L. Tzesarsky the average speed for teaching ausing should be 120 words per minute; the slow speed – 90 words per minute.

The number of times of presenting the material for ausing: whether the pupils should listen to the text once, twice, three times or more. Pupils should be taught to listen to the text once and this must become a habit. However they sometimes can grasp only 50% of the information and even less, so a second presentation may be helpful. In case the pupils cannot grasp most of the information, practice proves that manifold repetitions when hearing do not help much. It is necessary to help pupils in comprehension by using a «feed back» established through a dialogue between the teacher and the class 1 which takes as much time as it is required for the repetitive presentation of the material.[2]

The presence or the absence of the speaker. The most favorable condition is when pupils can see the speaker as is the case when the teacher speaks to them in a foreign language. The most unfavorable condition for ausing is listening and comprehending a dialogue, when pupils cannot see the speakers and do not take part in the conversation.

Visual «props» which may be of two kinds, objects and motions. Pupils find it difficult to aud without visual props. The eye should help the ear to grasp a text when dealing with beginners.

The voice of the speaker also influences pupils' comprehension. Pupils who get used to the teacher's voice can easily understand him, but they cannot understand other people speaking the same language.

Consequently, in teaching listening comprehension the teacher should bear in mind all the difficulties pupils encounter when ausing in a foreign language.

Speaking a foreign language is the most difficult part in language learning because pupils need ample practice in speaking to be able to say a few words of their own in connection with a situation. This work is time-consuming and pupils rarely feel any real necessity to make themselves understood during the whole period of learning a new language in school. The stimuli the teacher can use are often feeble and artificial. The pupil repeats the sentence he hears, he completes sentences that are in the book, he constructs sentences on the pattern of a given one. These mechanical drill exercises are, of course, necessary; however, when they go on year after year without any other real language practice they are deadening. There must be occasions when the pupils feel the necessity to inform someone of something, to explain something, and to prove something to someone. This is a psychological factor which must be taken into account when teaching pupils to speak a foreign language.

Another factor of no less importance is a psycho-linguistic one; the pupil needs words, phrases, sentence patterns, and grammatical forms and structures stored up in his memory ready to be used for expressing any thought he wants to. In teaching speaking, therefore, the teacher should stimulate his pupils' speech by supplying them with the subject and by teaching them the words and grammar they need to speak about the suggested topic or situation. The teacher should lead his pupils to unprepared speaking through prepared speaking.[5]

Having made my article I come to conclusion, that auiding or listening and comprehension are difficult for learners because they should discriminate speech sounds quickly, retain them while hearing a word, a phrase, or a sentence and recognize this as a sense unit. Pupils can easily and naturally do this in their own language and they cannot do this in a foreign language when they start learning the language. Pupils are very slow in grasping what they hear because they are conscious of the linguistic forms they perceive by the ear. This results in misunderstanding or a complete failure of understanding.

When auiding a foreign language pupils should be very attentive and think hard. They should strain their memory and will power to keep the sequence of sounds they hear and to decode it. Not all the pupils can cope with the difficulties entailed. The teacher should help them by making this work easier and more interesting. Oral skills are not only necessary for communication in, and with, the English-speaking world. The most profound impact on language teaching will come from the never-ending developments. Various forms of technology not too far in the future that speech recognition to allow actual oral communication as language educators, we must remain open to these new developments in order to provide the best possible instruction for our students.

### References

1. Amandikova G.N., Mukhtarova Sh.M., Baimukhanova B.S., Bisengalieva A.N. Methods of teaching foreign languages. Foliant Publishing Astana. 2010. Pp. 59-115.
2. Anitchkov I., Saakyants V. Methods of teaching English. Moscow, 1966. – 248 p.
3. Harner J. The practice of English language teaching. L. – New York, 1991. – 296 p.
4. Rogova G. Methods of teaching English. Leningrad, 1975. – 312 p.
5. English. The teaching of methodology in school, in college, in university. № 1, 2, 3. 2017. Almaty.
6. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактических исследований. – Москва: Педагогика, 1982.
7. Маслыко Е.А. Настольная книга преподавателя иностранного языка: Справочное пособие. – Минск: Высшая школа, 1999.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

*Ибадуллаева Ерсинай Керамединовна*

*ЖШС Каспий өңірі «Болашақ» колледжінің география пәні оқытушысы,  
ЖББ пәндер бірлестігінің төрағасы*

**Аңдатпа.** «Инновация» сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді. Инновация – кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет – білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды. Жаңа оқыту технологиясының ғылыми тұрғыдан тиімділігі дәлелденіп, тәжірибеге енген түрлері өте көп. Әр мұғалім озық педагогикалық технологияларды өз тәжірибесімен ұштастыру барысында алдында отырған оқушының мүмкіндігіне сай таңдауы, қолдануы қажет деп санаймыз. Сондықтан өзіміздің оқыту тәжірибемдегі жиі қолданып жүрген, өзіндік нәтижесін байқатып жүрген технологиялар туралы ой бөліспекпін.

**Кілт сөздер:** мұғалім, жаңашылдық, инновация, технология, оқыту.

«Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады», – деп орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Жаңа технологияларды сабақ үрдісінде қолдану сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Ендеше, бұдан шығар қорытынды мектепте оқушының және ЖОО студенттердің жеке тұлға ретінде дамуы мен тәрбиеленуіне тікелей ықпалы тиетін жаңаша көзқарастарды батыл енгізу қажет болды.

Ерте заманнан бері адам баласы барлық өмір құбылыстарын, өздерін қоршаған ортаны тануға талпынған. Үйрену мен үйретуден тұратын жердің бәрінде ұстаз бен шәкірт болған. Заман талабына сай білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған орай ортамызда орын алып жатқан оқытудың жаңашыл жобалары осындай философиялық негізді басшылыққа алған.

Инновациялық қызмет оқу ісін жүйелі дамытуға, берілетін білімнің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдауға, басқа жаңа технологияларды тәжірибеге енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталатыны белгілі.

Тәрбиелеу мен оқыту – педагогикалық егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы бала бойына адамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіру-әр ұстаздың азаматтық борышы. Елімізде болып жатқан түбірлі жаңарулар, ізгілендірген қоғам құруға беталыс мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда, сапалы филологиялық білім беру үшін оқытудың инновациялық технологияларын қолдану күн тәртібіндегі басты мәселе болмақ. [1, 1]

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- білім алушыға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- білім алушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- білім алушыға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- білім алушының танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сай оқыту;

Ал енді «инновациялық технологиялар» ұғымын ашып, талдау жүргізіп көрейік. Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді.

Инновация – кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет – білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Технология деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;
- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;



- оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті әдіс – тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс-әрекетін оқу-ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады: миға шабуыл әдісі, топпен жұмыс, проблемалық шығарма әдістері, рөлдік ойындар, зерттеулер, іскерлік ойындар, сын тұрғысынан ойлау әдісі, пікірталастар. [2, 2-3 бб]

### ***Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі:***

«Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Инновациялық іс-әрекеттің негізгі функцияларына педагогикалық үдерістің компоненттерінің өзгерістерін енгізеді: мақсаттары, білім беру мазмұны, оқытудың формасы, әдістері, тәсілдері, технологиялары, басқару жүйесі және т.б. Сонымен бірге барлық зерттеушілер инновацияны инновациялық стихиялы ізденіс ретінде қарастырмау керек деген пікірге келеді, себебі инновация – мақсатты бағытталған, саналы өзгеріс.

Бүгінде инновациялық өзгерістер әртүрлі бағыттарда жүруде, білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру; оқытудың жаңа технологияларын өңдеу мен жүзеге асыруда; жаңа бағдарламаны меңгерудің әдістері мен тәсілдерін қолдану; оқыту үдерісінде оқушылардың өзіндік анықталуына жағдай туғызу; мұғалім мен оқушының ойлау стилінде, өзара қарым-қатынастарында өзгеріс, білім беру мекемелерінде шығармашылық инновациялық ұжымды жасау және дамыту. Бұл үдерістердің барлық қарама-қайшылықтарында, шығындарында, кемшіліктерінде олар позитивті сипат береді. Осы инновация әлеуметтік институт ретінде білім беруге тән керіартпалықты жоюға мүмкіндік береді, әлеуметтік тапсырыс, мемлекеттің, тұлғаның қажеттілігінің өзгерісіне жедел және икемді жауап беру механизмін

күру жағдайларын қамтамасыз етеді, бұл бүгінде отандық білім беруді дамытудың өзекті міндеттері ретінде қарастырылады.

Инновациялық технологияларды гуманитарлық пәндерді оқыту үшін қалай тиімді қолдана аламыз деген сұрақ мақаланың басты мәселесі болып отыр. Бұл тұста алдымен гуманитарлық пәндер мен олардың ерекшелігіне тоқталып өту керек.

**Гуманитарлық білім** – адамның әлеуметтік табиғаты жөнінде, сонымен бірге көркем мәдениет негіздері мен оның тілі туралы ғылыми білімдер негізін баяндайтын оқу пәндерінің кешенін қамтитын жалпы білімнің үш құраушысының бірі. Гуманитарлық ғылымдар – термині дінді зерттеуге қарағанда классикалық әдебиет пен тілді зерттеуге қатысты немесе құдайлық. Гуманитарлық ғылымдарды зерттеу оның негізгі бөлігі болды зайырлы сол кездегі университеттердегі оқу жоспары. Бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымдар кез-келген зерттеу саласы ретінде жиі анықталады жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар, формальды ғылымдар (сияқты математика), және қолданбалы ғылымдар (немесе кәсіби дайындық). Олар бірінші кезекте келесі әдістерді қолданады сыни, алыпсатарлық немесе интерпретациялық және маңызды тарихи элементі бар – негізінен ерекшеленгендей эмпирикалық тәсілдері ғылым. Гуманитарлық ғылымдардың кейбір анықтамалары тіл мен мәдениетті зерттеу сияқты ортақ ерекшеліктеріне байланысты құқық пен дінді қамтиды. Алайда, бұл анықтамалар жалпыға бірдей қабылданбайды, өйткені құқық пен дін көбінесе гуманитарлық пәндерден гөрі кәсіби пәндер болып саналады. [3,1]

Жаңа оқыту технологиясының ғылыми тұрғыдан тиімділігі дәлелденіп, тәжірибеге енген түрлері өте көп. Әр мұғалім озық педагогикалық технологияларды өз тәжірибесімен ұштастыру барысында алдында отырған оқушының мүмкіндігіне сай таңдауы, қолдануы қажет деп санаймыз. Сондықтан өзіміздің оқыту тәжірибесінде жиі қолданып жүрген, өзіндік нәтижесін байқатып жүрген технологиялар туралы ой бөліспекпіз. Оның бірі- оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Бұл технологияны іске асыруға арналған арнайы әдіс-тәсілдер бар. Қазақ тілі мен әдебиет пәні сабақтарында, бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу сабақтарында жиі қолдануға болатын әдіс – «Бағытталған оқу» әдісі. Оқушыларға ұсынылған мәтін бойынша мұғалім негізгі ойды білдіретін бөліктерін бөліп алып, сұрақ қою арқылы мәтінді болжатады, оқиғаның қалай жалғасатыны сұрайды, түпнұсқамен салыстыртады. Бұл әдіс оқушыны сыни ойлауға жетелейді. Оқушыларға сурет беріліп, сол сурет туралы ой өрбіту, өз көзқарастарын білдіруді тапсыруға болады. Сондай-ақ, тірек сөздер арқылы мәтін құрату да оқушының байланыстырып сөйлеу дағдысын, сыни ойлау қабілетін дамытады. Бастауыш сыныпта бұл технология негізінде білім алған оқушының орта буынға ауысқанда да белсенділігі жоғарылап, өздерінің күштеріне деген сенімдері арта түскені байқалды.

**Гуманитарлық цикл сабақтарында жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушылардың таным белсенділігін арттыру.** Бүкіл дүниежүзілік

білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс гуманитарлық бағыттағы білім беру қызметіне де жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Ш. Қаланованың, Ж. Караевтың, Ш. Таубаеваның, Қ. Қабдықайровтың, С. Көшімбетованың, М. Жәнпейісованың, т.б ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі-баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар-бұл білімнің; басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды».

Дәстүрлі сыныптық-сабақ жүйесінің барлық элементтерін және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемалық оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалар әдісі, ақпараттық-коммуникативтік, модульдік оқыту технологиялар.

**Ойын технологиясы.** Шетел тілін оқытуда ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным- түсіндігін де арттырады. Балалар ойын арқылы бір-бірімен тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті, сергектікті, тапқырлықты үйренеді. Ойын арқылы оқушылар өздерін еркін ұстап, нашар оқитын оқушының өзі белсенділік көрсетеді. Жалпы алғанда ойындарды өткізу зор әдістемелік және ұйымдастырушылық дайындықты қажет етеді. Ойындарды көбінесе компьютер, интерактивті тақта арқылы өткізеді. Ойындар екі түрге бөлінеді: «Дайындық ойындар», «Шығармашылық ойындар». Ойындарды әріптерге, оқу ережесіне, сөйлеу қабілетін дамытуға, сан есімге, фонетикалық, грамматикалық тақырыптарға байланысты өткізеді.

**Ақпараттық-коммуникативтік технология.** Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі-білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, бүкіләлемдік коммуникация желісіне шығу.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиясын ағылшын тілі сабағында қолдану ерекшеліктері:

1. мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдану: музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация, графикалық қойылым, бейне клиптар, слайд-шоу және т.б.

2. жүйенің басқару құрылымы-оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегінде материалдың ұсынылуын, әртүрлі аудиторияға бір ғана оқу

мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алады және анықтамалық жүйе ретінде қолдана алады.

3. жүйенің білімді бақылаумен тез арада нәтиже алуы, орындалған жаттығулардың бағалануы.

Ағылшын тілі сабағында 7-11 сыныптар үшін арнайы электронды әдістемелік құралдың құрылымы мынадай: оқушы мектеп бағдарламасының «Саяхат», «Білім», «Денсаулық», «Қоршаған орта», «Жастар және уақыт» деген негізгі тараулармен жұмыс істеуіне мүмкіндігі бар. Әрбір тараудан оқушы мынадай мәліметтерді жеңіл және шұғыл түрде алады:

- тақырыпқа байланысты мәтіндер.

- тақырыпқа қатысты суреттер мен сызбалар және компьютерлік анимация элементтері.

- сөздік қорды толықтыруға жаттығулар.

- грамматикалық тестер.

Қорыта айтар болсам, жоғарыда қарастырылған педагогикалық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық режимде жұмыс жасауға педагогтерді даярлау арқылы инновациялық білім беруді дамытудың сәттілігі анықталады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады. Сонымен, педагогтің құзыреттілігі білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі. Сондықтан, педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін мақсатты дамыту-білімнің инновациялық дамуының маңызды факторы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Ұлы Дала Ұстазы» № 001562
2. Қ. Бітібаева Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі, технологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2019
3. М.М. Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, «Школа ХХІ века» қоғамдық бірлестігінің компьютерлік-баспа орталығы.
4. «Қазақстан мектебі» журналы-2009\ №9, 10
5. «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы»-2010\№1, 2, 3.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

*Джайбергенова К.У.,*

*«Нұртас Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ*

**Аңдатпа.** Аталмыш мақала қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне қарқынды түрде еніп, талқыланып жатқан, үлкен назар аударуды қажет етіп отырған мәселе – жаңартылған бағдарлама негізінде функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған.

Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын немесе құзіреттілігін қалыптастырады. Зерттеу негізінде ғылыми, әлеуметтік тұрғыдан жаңашыл өзгерістерді қарастырып, қоғам пікірін ескере отырып мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралар мен оларды күнделікті өмірде қаншалықты пайдалануға ыңғайлы екендігін саралау болып отыр.

**Кілт сөздер:** функционалдық сауаттылық, оқу процесі, жаңартылған білім бағдарламасы, оқу сауаттылығы

## РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА ОСНОВЕ ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЫ

*Джайбергенова К.У.,*

*Общеобразовательная школа №5 «Имени Нұртаса Оңдасынова КГУ»*

**Аннотация.** Данная статья посвящена развитию функциональной грамотности на основе обновленной программы, которая в настоящее время интенсивно внедряется в систему образования Республики Казахстан и обсуждается, что требует большого внимания. Обновление образования формирует не только знания учащихся, но и навыки их применения, в частности, функциональную грамотность или компетентность. В основе исследования лежит рассмотрение инновационных изменений в научном, социальном плане, дифференциация мер, предпринимаемых государством с учетом общественного мнения, и того, насколько удобно их использовать в повседневной жизни.

**Ключевые слова:** функциональная грамотность, процесс обучения, обновленная образовательная программа, грамотность чтения

## DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY BASED ON THE UPDATED PROGRAM

*Dzhaybergenova K.U.,*

*Nurtas Ondasynov KSU «General Education School No. 5»*

**Annotation.** *This article is devoted to the development of functional literacy based on the updated program, which is currently being intensively implemented into the education system of the Republic of Kazakhstan and is being discussed, which requires a lot of attention. The renewal of education forms not only the knowledge of students, but also the skills of their application, in particular, functional literacy or competence. The research is based on the consideration of innovative changes in scientific and social terms, the differentiation of measures taken by the state taking into account public opinion, and how convenient it is to use them in everyday life.*

**Keywords:** *functional literacy, learning process, updated educational program, reading literacy*

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында білім беруді инновацияландыру – жеке тұлғаны дамыта отырып, қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісін қалыптастыру болып табылады.

Әрбір мұғалімнің өз ісіндегі тәжірибесі бірегей болғанымен, жаңартылған білім мазмұнын оқытуда олардың ортақ идеялары да бар, олар: – шәкірттеріне деген ізгілікті тұлғалық қатынас, әрбір оқушыны жеке тұлға деп санау;

– оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, олардың тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып танымдық іс-әрекетке араластыру;

– оқушыларға қиынырақ мақсаттар қоя білу және оқушылардың сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;

– ұжымдық, топтық, жұптық жұмыс түрлеріне сүйену;

– оқушыларға мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін тандау құқығын бере білу;

– бағдарламалық материалды 4 түрлі танымдық іс-әрекетке бағыттай үйрету;

– ұжымдық және даралық өзін-өзі талдай білуге қатыстыру; – оқушылардың дүниетанымдық көкжиегін кеңейтуге негізделген ақпараттарды мол беру;

– оқушылар білімін бағамдауда критериалды бағалау өлшемдерін негізге алу, т.б. [1, 170 б.].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті

жағдайлар жасау, жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту», – делінген [2]. Осы ұстанымдар жаңартылған білім мазмұнының негізгі бағыт-бағдарына айналып, оқушыларды жан-жақты дамыту ресурсы, білім алу үдерісі мен оның оң нәтижелілігін арттыруды мақсат етеді.

Жаңартылған білім мазмұнындағы оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым мектептегі оқушылардың дербестігін, шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған. Заманауи оқыту технологияларының негізі қазіргі заман мектептерінің алдына қойған мақсатымен байланысты, өйткені функционалдық сауаттылық дағдысы толық қалыптаспаған жағдайда оқушы мәтінмен жұмыс жасау, оқу дағдысында қиындықтарға кездеседі. Жаңартылған білім бағдарламасының басты ерекшелігі де – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып отыр.

«Функционалдық сауаттылық» термині 1957 жылдан «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» терминдерімен қатар қолданыста келеді.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз-адамдардың сыртқы ортамен, әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, қарым-қатынасқа кіру қабілеттілігі, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесіп отыруы, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруы [3, 2 б.].

Біздің анықтамамызда, функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік – қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Функционалдық сауаттылықтың негізінде мұғалім сабақта шынайы қарым-қатынас жағдаятында оқушының еркіндігі мен белсенділігін, шығармашылық ойлауын шыңдап, өздігінен шешім қабылдауға дағдыландыруы сонымен қоса, білім алушының даму мүмкіндіктерімен (психо-физиологиялық) үйлесуін есепке алуы шарт. Функционалдық сауаттылықты дамытуда бірнеше факторлар ескеріледі. Ол педагогикалық ұстанымдар когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным.

Оқушының функционалдық сауаттылығының негізгі көрсеткіші-оқу сауаттылығымен тығыз байланысты. Зерттеуші Е.Асанбаева оқудың бірнеше түрін атап көрсетеді. Негізгі ақпаратты алу не мәтіннің негізгі мазмұнын анықтауға бағытталған танысымдық оқу, мәтін мазмұнын әрі қарай түсініп талдау мақсатында ондағы ақпаратты толық әрі нақты меңгеруге негізделетін зерттелімдік оқу, жазбаша мәтінді дыбыстап айтудың қосалқы нормаларына сай мәнерлеп оқу, оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғыну, олардың мазмұнын өзіндік даму мақсаттарына жету жолында қолдану қабілеттеріне бағытталатын рефлексивті оқу [4, 137].

Функционалдық сауаттылық негізінде білім беру процесінде өзекті мәселелердің бірі оқушылардың ұсынылған материалды нақты белгіленген

уақытта жоспарланған оқу мақсаттарына қол жеткізуін басқару, оқушыларда сыни ойлау қабілетерін дамыту, меңгерген білімдерінен өзі таңдаған сала бойынша оңтайлы қолдана білу және жаңа ақпаратты дербес меңгере алу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, олар жаңа білімдерін игеру барысында белсене қатысуына қол жеткізу керек. Қазіргі таңда көптеген инновациялық технологиялар, интербелсенді әдіс-тәсілдер бар. Олардың көмегімен білім беру мекемелерінде оқытылатын пәндерді оқытуда оқушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейін анықтап, бағалауға болады.

Қорыта келе, жаңартылған білім жағдайында функционалдық сауаттылықты оқушылар бойына меңгертуде тиісті білім, білік, дағдының көлемі, сапасы күннен-күнге артып, мазмұны жаңғырып келеді. Демек, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыра отырып, оқытудың жаңашыл, озық әрі тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру жұмыстарын қарқынды жүргізу міндеттері өзекті қойылуда. Мақаламызда жалпы білім беретін орта мектептерде оқу-тәрбие үдерісі технологияландырылып, нәтижесінде білім алушылардың сабақ үстінде танымдық белсенділігі артып, өз бетінше ізденуге, пікірталасқа түсуге ынталандыру, сабақ уақытын тиімді әрі ұтымды пайдалану, үздік нәтижелі сабақтарға қол жеткізу мүмкіндігіне әкеледі.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Жаңартылған білім негізі – оқу іс-әрекетін белсендіру құралы / Хабаршы. Филология сериясы. 2013, № 3. – 170 б.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана-2007. 17 шілде. [Электронды ресурс]: URL<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>.
3. Оқу-инновациялық технологиялар. Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. 5-6, 2003, 2 б.
4. Е.Асанбаева. Оқу сауаттылығы-оқушылардың оқу сауаттылығының негізі /Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы.№ 4, 2018. 137 б.



## ОҚУШЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІГІ: ТҰЛҒАЛЫҚ БАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Жанбатырова К.А.,*

*«Н. Оңдасынов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ*

*Аңдатпа.* Мақаланың өзектілігі еліміздегі білім беру жүйесін реформалаудың маңызды бағыты – оқушының академиялық жетістігін тұлғалық базалық мәдениетін ерекшеліктеріне, жеке мүмкіндіктеріне, бейімділігіне және қабілеттеріне сәйкес дамуына бағдар беру мәселелерімен анықталады. Мақалада оқушылардың тұлғалық мәдениетін қалыптастыруға және оқушының академиялық жетістігін дамытуға барынша бағытталған мүмкіндіктер қарастырылған. Білім алуда оқушылардың жалпы тұлғалық мәдениетін қалыптастыру іс-әрекетінің құрылымына, шығармашылық іс-әрекеттің ерекшелігіне сәйкес оқу процесін құруды білдіретін әдістері мен тәсілдерін меңгеруге әкелетін, оқушыны өзіне қажеттіні іздеу іс-әрекетінің ролі анықталған.

*Кілт сөздер:* іс-әрекет, қабілет, тұлғалық базалық мәдениет, тәрбие

Қазіргі уақытта орын алып отырған еліміздегі ғылыми-техникалық даму мен жаңару процестері оқушылардың бойынан шығармашылық ізденісті, терең біліктілікті, еңбекті, кәсіби даярлықты, белсенділікті, жан-жақты дамыған тұлғалық базалық мәдениетін қалыптастыруды талап етеді. Жаһандану заманында білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар өзінің бойына ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңірген, кез-келген өмірде кездесетін жағдаятта функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілетті бола алатын адамның үйлесімді қалыптасуы мен зияткерлік дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Білім берудің жаңартылған мазмұнында мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім беру стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған мамандармен қамтамасыз ету, жаңа оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, оқушының тұлғалық базалық мәдениетін қалыптастыруға қажетті басты алғышарттар болып табылады.

Білім беру саласында оқушының академиялық жетістігі неден байқалады? Білім ордасындағы білім берудің жаңа моделі – әр оқушыға оның қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес сапалы білім беру, оқушыларды дамыту мен тәрбиелеу, білім беру процесінде олардың белсенді позициясын, сонымен қатар оқушылардың заманауи ойлауын, танымдық қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етеді.

Білім беру процесінде «тұлғаның базалық мәдениетін» қалыптастыру түсінігі қалыптасқан. Тәрбие-тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыруда

жетекші рөл атқарады. Осы орайда М. Жұмабаевтың «Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз» [1, 23 б.] деген анықтамасы ойымызды бекіте түседі. Оқушының академиялық жетістігі оның тұлғалық базалық мәдениетінен көрініс табады. Отандық философияда және психологияда жеке тұлғаның жетістігі мәселелерімен тікелей айналысқан: В. Ковалев, М.Е. Литвак, В.Н. Панкратов, М. Аткинсон, Р. Бандлер, Дж. Грэм, В. Джеймс, қазақ зерттеушісі ретінде Мағжан Жұмабаевтың еңбектерін атауымызға болады. Қазақ зиялы-оқығандары арасында А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ы. Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың жеке тұлғаны дамытуға арналған шығармалары тұлғалық дамуға бірден-бір мысал бола алады.

Академиялық жетістікке талпынған әрбір оқушы әрекетінде жеке тұлға ретінде өз еңбегіне сыни тұрғыдан қайта қарауы, одан қанағат алуы, өз еңбегін орындаудағы дербестігі, жағымды және тиімді мотивацияның қалыптасуы орын алады. Сонымен қатар оқушы бойында тұлғалық дамудың төмендегідей психологиялық сапалары дамиды:

- жалпы білімнің тереңдігі;
- сараланған арнайы білімдер,
- дамыған ақыл-ой қабілеттері мен оның икемділігі,
- өнертапқыштыққа және еңбектегі жаңалыққа қуана білу,
- мәселені терең түсіне білу және оны шешудің ең тиімді жолын таңдау алу,

- эмоциядағы қалыптылық,
- шыдамдылық,
- бастаған істі аяғына дейін жеткізе алу,
- тәуекелге бел байлай білу,
- саналылық,
- белсенді өмірлік позиция [2, 38 б.].

Оқушының академиялық жетістігі білім алуға ұмтылысын ынталандырады, бәсекелестік жағдайында өз мотивтерін қорғайды. Оқушының тұлғалық базалық мәдениетінде академиялық жетістік – бұл құндылықтар категориясы. Демек, біз мақала мазмұны барысында тұлғалық құндылықтарының бастауын, оның генезисін және педагогикалық-психологиялық тұрғыдан негізгі категориялар болатын «құндылықтар» ұғымдарының құрылымдарын қарастыруды, нақтылауды жөн көреміз.

Осы мәнде «құндылық» термині «субъективті маңыздылық», «өмірлік ұстам», «өзіндік мән» терминдерімен мағыналас, мотивация – құндылықтық педагогтың білім беру шарттарына дайындығының көрсеткіші болып анықталады. Ол іс-әрекет (білім, білік, дағды, интеллект деңгейі, көзқарас, адамгершілік, эстетикалық дамуы, қарым-қатынас жасаудың тәсілдері мен түрлері) кезінде жүзеге асырылатын адам күші мен қабілеттерінен тұрады.

Жалпы тұлғалық базалық мәдениет қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін оқушы бойында қажет тұлғалық қасиеттер мен сапалардың жиынтығын жинау болып табылады. Осы бағытта оқушының академиялық жетістікке

жетуіне ықпал етуші басты тұлға-педагог-мұғалім. Мұғалімнің кәсіби дейгейде қандай әдіс-тәсілдерді қолданатындығы біріншіден, жаңаша ойлауға, таным және өзіндік ұйымдастыру әдістерімен оқыту; екіншіден, оқушыны құбылысқа тұтастай және қозғалыс кезінде қарауға үйрету; үшіншіден, оқушыны өзін-өзі ұйымдастыруға үйретіп, өз бетінше өмір сүрудің нақты жолын көрсету;

– әр оқушының бойынан тұлғаны көре білу қасиеті;

– балаға сену - оқу процесіндегі академиялық жетістік кепілі, ізгіліктілік пен өзіне өзі сенім;

– баланы, адамды білу – тұлғаның жан дүниесін білмейінше тәрбие жүйесіз жүргізіледі;

– гуманист болу-адамды тани білуі; – баланы, адамды түсіну – оның орнына өзінді қоя біліп, қоршаған дүниені соның көзімен көре білу қабілеті;

Жоғарыда аталған кәсіби педагогикалық мәдениет компоненттеріне толыққанды ие мұғалім қарым-қатынас іскерлігімен, шығармашылық кәсіби іс-әрекет тәжірибесімен, психологиялық-педагогикалық құзыреттілігімен, ғылыми эрудициясымен академиялық жетістікке жететін тұлғаның базалық мәдениетін қалыптастыра алады.

Қазіргі мектепте оқушы тұлғасының өздігінен өмір салты мен ойлау образын анықтайтын субъект-субъектілік қатынасы анықталуда. Демек, әрбір оқушы тұлғасын және оның қадыр-қасиетін, өмірлік мақсатын, сұраныстары мен қызығушылықтарын құрметтеу, оның өзіндік айқындалуы үшін жағымды жағдайлар туғызу мұғалімдер мен оқушылардың педагогикалық іс-әрекетіндегі жетекші гуманистік басымдылықтар болып қала береді. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін педагог жеткіншектерде жоғары адамгершілік-эстетикалық сезімдерді оятуы және жоғары адамгершілікті тұлғалық қасиеттерді, кәсіби білім, білік, дағдыны ғана емес, практикалық ісәрекетте өзінің әлеуетін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құндылықтар жиынтығын меңгертуі тиіс, тұлға тәрбиелеу – қоғам сұранысынан туындап отырған мәселелердің бірі.

Автор Р.К. Төлеубекова зерттеуінде «Жаңа әлеуметтік мәдени ортада адамның ұстанар мұраты – адамдармен қарым-қатынасында, іс-әрекетінде адамгершілік сана-сезім дағдысымен, өзіндік «Мен» бейнесі арқылы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиет-сапаларымен ықпалдасып субъект ретінде танылуын тәрбиелеу», – деп анықтаған [3, 54 б.].

Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі», – деп анықтама берілген [4, 154 б.].

Оқушының академиялық жетістігі оның тұлғалық қалыптасуына байланысты деген дәлелімізді әрбір оқушының бойында қалыптасқан құндылықтар жүйесіне мәнді қарым-қатынасы – Қазақстан Республикасының

әрі қарайғы табысты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады, ол өз кезегінде адамгершілік құндылықтарының қалыптастыруда түзілетін әдіснамалық тұғырлар қойылған зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы болады, ол осы шешімдердің бағыттары мен стратегиясын айқындайды. Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын мектепте білім берудің басты қызметі – мәдени мұра мен заманауи мәдениеттің өзара байланысты жүйесін бейнелейтін мәдени тәжірибені тұлғалық базалық мәдениеті қалыптасқан жеткіншек ұрпаққа табыс ету болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 2022. – 184 б.
2. Боранкулов Е. Жеке тұлғаның бойында креативтілікті дамытудың тиімді жолдары. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. № 2, 2023. – 38 б.
3. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялықәдіснамалық негізі. – Алматы, 2001. – 295 б.
4. Педагогический энциклопедический словарь / гл. ред. Б.М. Бим-Бад. – М.: Большая рос. энцикл., 2002. – 528 с.

**ӘОЖ 372.881.1**

### **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРМЕН ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Жусипова З.Б.,**

*«9 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Ақтау қаласы*

*Аңдатпа. Мақала білім беру процесінде мектеп ұйымында жасанды интеллектіні қолдану әдістемесіне арналған. Мақсаты-мектепте білім беру процесінің сапасын арттыруда жасанды интеллект технологияларын қолдану дағдыларын қалыптастыру, білім беру технологияларына инновациялық көзқарасты ынталандыру, сондай-ақ жасанды интеллект қолданудың аспектілерін жан-жақты түсіндіру. Мақаланың негізгі бағыты – білім беру жүйесінің инновациялық үлгісін құру. Оқыту процесінде сапа мен тиімділікті жақсартуға арналған бұл әдістеме түрлі аспекті тұрғысынан қарастырылады. Мақалада білім беруде ЖИ қолданудың, соның ішінде оқушылардың жеке қажеттіліктеріне қарай оқу бағдарламалары мен материалдарын бейімдеу талданады. Оқу процесінде оқушыларға ақпараттық технологияларды қолданудың түрлі педагогикалық тәсілдері, коммуникативті қабілеттеріне әсері талданады. Жасанды интеллект элементтерін мектепте оқу процесіне дендеп енгізу сабақтың тиімділігін,*

*осыған орай білім беру жүйесінің құндылығын арттыра түседі және оқушылардың оқу сапасын жоғарылатып, өздігінен ЖИ қағидаттарын дұрыс қолдануына, білімде ең жоғары нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік береді.*

**Кілт сөздер:** жасанды интеллект, білім беру технологиялары, ақпараттық жүйе, цифрлық оқыту ортасы

Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеуде саналы өзгерістерді қалыптастыру. Білім беру жүйесінің жалпыға ортақ басты міндеті-ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға жеке кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

– оқушының шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;

– оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық жаһандық қатынас желілерге шығу [1, 215].

Білім беру саласын ақпараттандыруға арналған «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» ақпараттық технологиялар мен оны оқыту жүйелерін жасау және оқыту үрдісіне енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болды. «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта оқу жылының басты ерекшелігі ретінде қашықтықтан оқыту үрдісінде қажетті ақпараттық технологиялар мен олардың мүмкіндіктерін барынша пайдалану туралы айтылды.

Елбасының осы ұстанымы негізінде қазіргі таңда елімізде Білім жүйесін модернизациялауда ең басты жаңалық-білім беру саласын барынша ақпараттандыруға басымдық беруді міндеттейді.

Білім беруді ақпараттандыру – ақпараттарды, оны жеткізу құралдарын, технологияларын оқыту мен тәрбие процесіне енгізу арқылы педагогикалық процестерді жаңартуда бағытталған шаралар жүйесі [2, 299].

Көптеген шетелдік және отандық ғалымдар Я.А. Ваграменко, Ш. Абдрахман, М. Коккоз, М. Серік және т.б. еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру, техникалық құралдарын қолдау арқылы әрбір оқушыға білім алудың тиімді жолын таңдауға мүмкіндік бере отырып, білім алушының пән бойынша қажеттілік туындаған ақпаратты өз бетінше жинақтауы мен өңдеу дағдысын дамыту, зерттеліп отырған объект пен заңдылықтар жайлы мәліметтерді жинау әрі қажет болғанда өңдеу және тарату дағдысын қалыптастыруды мақсат етеді, мысалдар арқылы нақтыланады. Осының негізінде оқушылар сандық және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын білім беру үрдісінде пайдаланудың алғышарттарын білім берудің

оқыту түрлері мен әдістерін ұйымдастыру ісінде жетілдіріп отырады. Білім беруді ақпараттандыруға бірнеше фактор әсер етеді:

- ашық ақпараттық қоғам жағдайында білім берудің мәнін философиялық түсіну деңгейі;

- білім беруді ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясат;

- ашық ақпараттық қоғам жағдайындағы білім беру мәні;

- педагогикалық теория мен білім беру тәжірибесінің деңгейі [1, 301].

Бүгінгі таңда сандық білім берудің басты мақсаты – әр оқушыға оның қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес сапалы білім беру, оқушыларды дамыту мен тәрбиелеу, білім беру процесінде олардың белсенді позициясын, сонымен қатар оқушылардың заманауи ойлауын, танымдық қабілеттерін қалыптастыру. Сандық технологияның негізгі міндеттері білім беру мекемелерінде білім беру қызметтерін ұсынудың қолжетімділігін, сапасы мен тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жүйелі енгізуді және белсенді пайдалануды қолдау үшін жағдайлар жасау [3, 3 б].

Біз ұсынатын тұжырымдаманың негізгі өзегі – оқу процесінің мәнін түсінуде білім берудің цифрлық трансформациясын қазіргі цифрлық ресурстар мен оқыту құралдарын пайдалану арқылы көрсету. Оқыту процесінің өзі нақты білім беру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған біртұтас құрылым компоненттеріне негізделген.

Дәстүрлі педагогикалық тәжірибеде мұғалімнің қызметі басым рөл атқарады. Оқу процесінде мұғалім жетекші қызмет атқара отырып, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал етпейтін дайын формада, олардың тәуелсіздігін неғұрлым басады. Қазақ педагогикасының көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «...мұғалім қандай болса, мектеп пәні сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көп білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді педагогика, әдістемеден хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» [1, 183 б.].

Қазіргі таңда IT-қүзіреттілігі әрбір мұғалім еңбегінің басты көрсеткіші болып отыр, заманауи талапқа сәйкес жасанды интеллект технологиясын сабақ үдерісіне енгізудің басты алғышарттары жасалып отыр. Жасанды интеллект – адам құзіретіндегі ерекше мүмкіндіктерге қол жеткізетін жасанды интеллектуалды машина. Бұл анықтаманы 1956 жылы Джон Маккарти ұсынған болатын.

Жасанды интеллектінің артықшылығы – технологиялық құралдар арқылы оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпаратты іздеу және талдау дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Сондай-ақ онлайн платформалар мен қосымшалар арқылы оқыту үдерісінің икемділігі – сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі, жасанды интеллект құралдары көмегімен креативті сұрақтар құрастыруға, әр оқушымен сараптама жүргізуге, сабақ жоспарлауға мүмкіндіктер мол. Жасанды интеллект мұғалімнің орнын ауыстырмайды, тек педагогтың жұмысын жеңілдетеді.

Қорыта айтқанда, мұғалім мен оқушы жасанды интеллект жүйелерін пайдалана отырып, үй тапсырмасын автоматтандырылған тексеруді және оқу бағдарламаларын жоспарлауды пайдалану мүмкіндігін алады. Мұғалім жасанды интеллект арқылы сабақ әзірлеуді үйренеді, кәсіби біліктілігін арттырады. Білім аттестациясынан өту барысында заманауи құралдарды пайдаланып, білімін шыңдауға қол жеткізе алады. Оқушыларға сабаққа әзірленудің заманауи жолын үйретуге мүмкіндік алады.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Сейталиев Қ. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 232 б.
2. Құрманалина Ш, Мұқанова Ә, Ғалымова Ә, Ильясова Р. Педагогика: Оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 656.
3. Сексенбаева С.К., Бисекенов М.Е. Қосымша білім берудегі сандық технологиялар /Әдістемелік нұсқаулық. Орал, 2023. – 55 б.

ӘОЖ 372.881.1

## ОҚУШЫ КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

*Маханова Гулаш Умирзаковна,*

*Жаңаөзен «Білім-Инновация» лицей-интернаты КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

*Аңдатпа.* Мақалада автор оқушы көшбасшылығын қалыптастырудағы ізденіс жұмыстары арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға, оқығанын тәжірибеде қолдана алатын және сыни көзқарасымен дәлелдей алатын мүмкіндігін саралай отырып, зерттеу жүргізген, әдіс-тәсілдерге талдаулар жасап, өзіндік пайымдарын ұсынған.

*Кілт сөздер:* Оқушы көшбасшылығы, рефлексия, зерттеушілік, нәтиже, әдіс-тәсілдер.

Нәтижеге бағытталған білім – білімді тұрақтандыру көзі. Қазіргі білім мазмұнын жанартудағы іс-әрекеттегі зерттеуге тек көшбасшы мұғалім ғана емес, ата-ана, оқушы бәрі де қатыса алады. Өз басым «Тәжірибедегі рефлексия» курсынан өтіп, көшбасшы ретінде іс-әрекеттегі зерттеу сабақтарына рефлексия жасау үлгісін әріптестеріме үйретуден бастадым. Өйткені Джон Дьюи «Біз тәжірибеден үйренбейміз, тәжірибеге рефлексия жасудан үйренеміз» деген пікірі өз іс-әрекетімді нақты дәлелдеуге келетін тәрізді. Іс-әрекеттегі зерттеуімді DEAL әдісі арқылы зерттеушілік дағдыны

калыптастырудан бастадым. Шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда мұғалім әдісті таңдау арқылы емес, оны түрлендіріп, жетілдіру барысында өз белсенділігін еркін көрсете алады. Әрбір ұстаз өзінің іс-әрекеттегі зерттеуінде оқушының белсенділігін, шығармашылық, өзіндік іс-әрекеті мен талдау, жинақтау және нәтижені бағалау әрекеттерін үнемі бақылауға алады. Себебі тиімді әдіс арқылы нәтижеге қол жеткізу – білімді тұрақтандырудың көзі.

**Әдіс-тәсіл арқылы** Жоғары деңгейлі оқу мақсатына арналған тапсырмалардың зерттеуге бағытталуын DEAL әдісі арқылы көрсету және оқушы әрекетінде зерттеушілік дағдыны қалыптастыру.

**Басты мақсат:** Әдіс арқылы оқушының танымдық-шығармашылық белсенділігі мен зерттеу дағдысын жетілдіру

**Негізгі міндет:**

1. Зерттеу дағдысын сабақта және сабақтан тыс уақытта жүргізу.
2. «Оқырмандар клубы» шығармашыл орта құру
3. Мұғалім өз шығармашылығын өзгелер алдында көрсете білуі керек
4. Зерттеу жай қарапайымнан басталып, қолжетімді болу керек, жас ерекшеліктері ескерілуі керек.

**Өзектілігі:** DEAL әдісі сыни бағалау мен ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін дәлелдеуде ресурстар қорын молынан жинақтауға және оны саралай білуге өзекті болып табылады. Оқығанын, көргенін сипаттау арқылы өмірлік тәжірибелермен байланыстыруда да жаңаша көзқарасы қалыптасып, өзіндік баға беруге дағдыланады. Зерттеу тақырыптарының ерекшелігін ұғынады. Шығарма оқиғасын болжай білуге, жобалауға, модель жасауға, жаңа өнім жасауға бағытталады.

**Іс-әрекетті жүргізудегі туындаған мәселе:** Әдебиет сабағында жоғары деңгейлі оқу мақсатына арналған тапсырмалардың зерттеуге бағытталатынын білім алушылардың кейбірі ескермейді. Оқу мақсатына сай топтық жұмыстарды орындауда DEAL әдісінің тиімділігін ресурстар қорын жинақтау сәтінде түсінеді. Шығармашылық шындалуға негіз болатын зерттеу, салыстыру, жинақтау, синтездеу мен қолданудың тиімділігін түсініп, зерттеу тақырыптарының айқындалғанына көздері жетеді. Осы мақсатпен оқығанын өмірмен байланыстырып, білімдерін тәжірибеде қолдана алатындығына DEAL әдісінің тиімді екендігін көрсетіп, зерттеу жұмыстарына бағыттауды қолға алдым. Инновациялық үдеріс арқылы білім алушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға тапсырмалар бердім. Кейіпкер характерін сомдаудағы жазушының не ақынның тіл шеберлігіне, коррекциялық зерттеулер жүргізудің, сол зерттеудің болжам жасауға мүмкіндік беретінін DEAL әдісі арқылы ұғындырдым. Әдістің әр компонентін және бағалаудың мәнін, кейіпкерге баға беру сырларын үйреттім. Зерттеуге сұранып тұрған тақырыптардың ерекшелігін, зерттеу әдістерін үйреттім. Шығарманы талдау сәтінде пікірталасқа белсене қатысуын ынталандырдым

**Әдіс ерекшелігі:** DEAL әдісін қолдану сәтінде оқушының зияткерлік қабілеті мен тәжірибесін дамытуға көмектесетін нұсқау беру, қолдау көрсету арқылы шығармашылық дамуын шындалуға және ізденіс жолына бағыттауға



зор мүмкіндік туады. DEAL әдісі. D – Describe – баяндау, суреттеу (оқығанын, көргенін сипаттау, сынау, өлшеу) E – Explain – түсіндіру (кұбылыс не оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгенін суреттеу) A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау) L – Links – байланыс (болжам не қорытынды жасау, өзінде бар біліммен байланыстыру).

Көркем шығарманы талдауға жаттыққан оқушылар жеке, жұптық тапсырмаға қарағанда топтық жұмыстың маңыздылығын ұғады. Мысалы 7 сыныпта С.Сарғасқаяевтың «Тәмпиш қара» әңгімесін өткенде D – Describe тобы – Кейіпкерлер әрекетін сипаттап, баға береді. Семантикалық картамен жұмыс жасайды. E – Explain тобы – Буктрейлер үлгісіндегі цифрлық білім ресурстарын жинақтай отырып, бұрынғы пионерлер мен қазіргі ұландарды салыстырады. A – Analyse тобы – Кейіпкер мінез-құлқындағы сөз қолданыс ерекшеліктерін саралап, жеке образдарға талдау жасайды. L – Links тобы – Өздері оқып жүрген көркем шығармадағы кейіпкерлері мен негізгі шығармадағы образды салыстырып, өмірмен байланыстырады. Сабақ қорытындысында Нағыз үлгілі оқушы қандай болу керек?.. деген сұрақ түйінін Шаншатай бейнесі арқылы дәлелдеп, баршаны үлгілі болуға шақырады. Зерттеуге сұрақты «Өзіңді үлгілі оқушы ретінде қалай көрсете аласың?» проблеманы анықтау сұрағы ретінде де қоюға болады.

Шығарманы талдау барысында оқылым әрекеті арқылы шығарманы тек түсініп қоймай, негізгі ойды автор көзқарасымен бірге байланыстыра талдауды, дерек пен фактіні ажырата білуді, себеп пен салдарын анықтауды, өз пікірін білдіріп дәлелдеумен өмірмен байланыстыруды, автор ойын бағалауды, проблемалық сұрақтар арқылы зерттеуге қарай қалай қадам басуды әр сабақ үстінде үйретіп отырамын. Зерттеп оқу дағдысын DEAL әдісі арқылы қалыптастыруда түсіну және білу деңгейін қамтитын мәтіндермен жұмыстар жүргізіледі. Оқушының зерттеу, жобалау қабілетін дамыту үшін мәтінге лайық әдістер қамтылуы қажет. Шығармадағы көтерілген мәселені талдау, себебін анықтау үшін «Мәселені зерттеу ағашы», «FILA», «Мәселе – себеп-салдар айналмасы» әдістерін де қосымша пайдаланған дұрыс. Жалпы зерттеушілік дағдыны DEAL әдісімен дамытуда:

1. Проблемаларды анықтау қабілетін дамыту.
2. Сұрақ қою қабілетін дамыту
3. Бақылау қабілетін дамыту
4. Өзін құптайтын гипотеза жасау қабілетін дамыту
5. Оқушы бір мәселенің бірнеше шешімін іздеу арқылы

шығармашылықтың дивергентті ойлауын дамытуға күш салады. Оқушылармен «Зерттеушілік бірнеше сюжет» сияқты тапсырмалар оқушыны ізденіс жолына қарай жетелейтіндігіне куә болдық. Әрине, нәтижеге бағытталған білім – білімді тұрақтандыру көзі болатындығына зерттеу барысында көз жеткіздік. Туындаған проблемалық мәселені өзі тапқан оқушы зерттеу жұмысының тақырыбын да өзі таңдап, сізге ой тастаған сәтте іштей қуанасыз. Бірлестік құрамындағы ұстаздармен және қала, аймақ деңгейіндегі ұстаздар арасындағы тәжірибе алмасу, бірлескен жұмыс арқылы сабаққа

рефлексия жасау сәтінде DEAL әдісінің тиімді екенін мақұлдады. Әр сабақ үстінде оқушы үні, ролі ерекше болды. Жалпы, іс-әрекеттегі зерттеуге не кедергі болады, неден қиналады. Көшбасшы оқушы әрекетін қалай ұйымдастыруға болады? – дегенде біз, алғашқы басты қадамды осы сабақты зерттеу рефлексиясынан бастадық.

Зерттеудегі «Оқушы үні» – оқушы бойындағы көшбасшылықты қалыптастыру үрдісі. Оқушының «мен-дік»тұжырымдамасы да, сол мен-дік болмысты айқындайды. «Оқушы үні» - оқушы көзқарасы, оқушы пікірі. Мұны Кембридж университетінің профессоры ағылшын ғалымы Джин Роддоктың «Оқушы үні» теориясымен де түйістіруге болады. Оның негізі идеясы – оқу мен оқытуда оқушы пікіріне үнемі назар аудару қажеттігін айтады. Ал, Маслоу болса «Жеке тұлға дамуында моральдық қасиеттердің, басқа адамды сүю арқылы қоршаған ортамен байланысы мен-дік болмысының дәлелі. Оның ішкі жан дүниесі өзін қоршаған ортаға тәуелділігін білгендегі әрекеті «Мен деген» құндылығының дәлелі болса керек «[1, 120 б.] Біз, зерттеушілер пікірін салыстыра келіп, оқушының көшбасшылығын зерттеуде мынадай құндылықтарды аңғардық:

- Жеке тұлға құзыреттілігі
- Рефлексия.Өзін-өзі бағалауы
- Ғылым жолындағы шығармашылық ізденіс бағыты
- Көркемдік-эстетикалық таным арқылы жауапкершілікті сезінуі.Оқушы көшбасшылығын қалыптастыруда төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

**1. Шығармашылық ойлауға жетелеу.** «Көркем шығарма не мәтін мазмұнын айтқыза салмай, арнайы тірек-сызбалар арқылы қорғату. Сол сызбалар арқылы өз ойын пікірін білдіру» [2]. Жоғарғы және төменгі деңгейдегі сұрақтарды «қайта бағыттау» сұрақтарын қарсы топқа қою, жаттанды білімнен арылтып, сыни ойлауға үйрету.Қойылатын сұрақ түрлері оның мақсатына қарай өзгеріп отырады.Мысалы: оқушы білімін қолдау үшін «түрткі болу», «сынақтан өткізу» сұрақтарымен де ауыстыруға болады

**2. Көркемдік-эстетикалық танымын қалыптастыру** Әр талдаған шығармадағы кейіпкерлерге шығарма эссе жазады. (ҰБТ сынағына жаттығу және шығарма жазуға төселдіру) Рольдік ойын арқылы «Сөйле абызым...», «Сөйле жырау...» (Жырау,абыз тілімен сөйлейді).

**3. Өзіндік пікір, ой тұжырымдау** «Егер мен мұнайшы болсам», «Өз елімді көркейтуге үлесімді қоса аламын ба?..», «Шығарманы мен былайша аяқтар едім...» Мұғалім оқушы көшбасшылығын дамытуда жұптық тапсырмалармен диалогтік оқыту арқылы:

- Тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге
- Пәнге қызығушылығы мен зерттеу арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға
- Сыни тұрғыдан ойлауға
- Білімді қалыптастыруға, вербальдандыруға
- Бір-бірінің идеяларын құрметтеуіне, бағалауына ықпал етеді.

Өз іс-әрекетімдегі зерттеулер оң нәтиже берді. Олимпиада резервтері кез-келген сайыстарда көріне білді. Оқушыларды зерттеу жұмысына тартуда өзін-өзі бағалаудың да тиімді болатындығына көздері жетті. Өз тәжірибемдегі оқушыларым жыл сайын ғылыми жоба байқауларында жоғары нәтижеге жетіп, білім бәйгесіне қол жеткізіп жүр. Сөзімді Б.Момышұының «Мүмкіндігіңнен мақсатың биік болсын» сөзімен аяқтағым келеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Педагогикалық ғылыми мұра» (Дәстүрлі әдіс және жаңа технология). Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2009.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы.

**ӘОЖ 372.881.1**

### ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АСА ҰЛЫ ИГІЛІГІ

**Оразова С.А.,**

*№ 3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада тілдің ұлт игілігі, мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе екендігі, тіл үйрену қажеттілігі, әдістеме, т.б. мәселелер сөз болады. Сондай-ақ автордың осы тақырыпқа сай жазған «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі» (орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиет пәніне арналған) авторлық бағдарламаның өзектілігі де айтылады.*

***Кілт сөздер:** Мемлекеттік тіл, тіл мәртебесі, патриотизм, тұлғааралық құзыреттіліктер, тілдік сауаттылық*

Еліміз Тәуелсіз мемлекет атанғалы бері, ана тіліміздің қолданыс өрісі кеңейіп, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Тіл – ұлттың ұлы игілігі, әрі оның ажырамас бөлігі. Кез келген халықтың болмыс-тіршілігі, өркениеттілігі, мәдениеті сол тілдің қолданыс ауқымдылығымен өлшенеді.

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Сондықтан да «Мемлекеттік тілдің проблемасы – тек қазақ халқының ғана проблемасы» — деп қарауға болмайды. Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуі жөн. Елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Ал бұл істің шешуі шыдамдылық пен табандылықты талап етеді. Тілді үйрету зорлықпен емес, шынайы ынтамен ыңғайлайтын шаруа.

Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілін оқыту – маңызды мәселенің бірі. Қазақ оқушыларының басым көпшілігі үйінде орысша сөйлейді, ата-аналары қазақ тілін білуді қажет деп санамайды. Егер ата-аналары баласының ана тілінде сөйлеуіне баса мән берсе, онда бала орыс мектебінде оқыса да қазақ тілін жақсы білетін еді. Себебі тіл білу – ең алдымен отбасынан басталады. Мектепте бағдарламаға сәйкес қазақ тілі аптасына 5 сағат оқытылады. Бірақ бұл жерде сабақ беруден бөлек мәселе бар, ол – қазақ тілінің дәрежесі мемлекет тарапынан дұрыс жолға қойылмай отыр. Егер қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде дұрыс қолданылса, оның заңнамадағы мәртебесі нақты шешілсе, онда орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту деңгейі де мүлде басқаша болатын еді. Ал әзірге басқа этнос өкілдері болсын, орыстілді қазақтар болсын, өз баласының қазақ тілін білуін маңызды деп санамайды, оған мотивация да жоқ. Мен көп жылдан бері орыс мектебіндегі қазақ тілінің ахуалын байқап келемін. Көзімнің жеткені – қазақ тілін үйренемін деген бала үйреніп алады. Үйренем деген бала 1 сыныптан бастап қазақ тілін үйренуге ден қояды. Және отбасында қазақ тіліне деген ынта, жақсы көзқарас қалыптасса, бала соның арқасында қазақша бағдарламаларға қатысып, қазақша ғылыми жобалар қорғап, олимпиадаларда орын алары сөзсіз. Міне, мұның өзі ата-анаға, отбасына көп нәрсе байланысты екенінің дәлелі. Тағы бір маңызды мәселе – мұғалімдердің сапалық құрамы. Меніңше, қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдер тек патриот қана болмауы керек, олар мемлекеттік тілді жоғары деңгейде үйрете алатын ұстаз болуы керек. Жас мұғалімдердің сабақтарына қатысқан кезде үнемі осыны айтамын. Мұғалім ең алдымен қазақ тілін жақсы білуі, үздіксіз ізденуі, әдістемені жақсы білуі керек. Осы ретте айта кетерлігі, соңғы жылдары педагогикалық оқу орындарын бітірген түлектердің көпшілігі мұғалімдікке барғысы келмейді. Орыс мектебінде сабақ беру үшін арнайы дипломы болуы керек, ал қазір ондай мұғалім табу қиын. Оқу бітіргендердің көбі басқа салаға кетіп қалады. Содан барып қазақ филологиясын бітірген мұғалімдерді алуға мәжбүр болады. Ал олардың әдістемесі орыс мектебіне арналмаған, соның салдарынан түрлі қиыншылықтар туып жатады. Жалпы теледидарда болсын, ісқағаздарынан бастап көшедегі жарнама, билборд болсын, қазақ тіліндегі мәтін қатесіз айтылуы, жазылуы керек. Бізде осындай жауапкершілік жетіспейді. Меніңше, қателік жіберген маманды жазалап отыру керек, сонда ғана түзеледі. Жалпы қазақ тілінің дәрежесінің көтерілуі әр адамның өзіне байланысты деп санаймын.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен байланысты. Түптеп келгенде, ол өңірдің, елдің ұлттық қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылығы мен интеллектуалды даму мәселесі де. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бет-бейнесі. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашады.

Өзгелерге мемлекет ретінде танылғымыз келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз қажет. Өйткені, тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны анық. Тарихта алдымен тілін жоғалтып, содан соң өздері жоғалған ұлттар қаншама. Тарихтан белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші тілдің мәселесін шешеді.

Орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ бергенде әдістеме деп жатамыз. Одан бұрын керек нәрсе – тілге деген ынта, қажеттілік. Балалар тілді оқиды, біз үйретеміз, бірақ олар қазақша сөйлемейтіні – шындық. Басты себеп тілге деген қажеттіліктің жоқтығы сияқты. Себебі орыстілді балалар үйінде орысша сөйлейді, қоғамдағы қарым-қатынаста да орысша білсе жеткілікті. Содан барып қазақ тілін түсінсе де, сөйлеуге тырыспайды. Талап болмаған соң немқұрайды қарайтыны белгілі. Біз, мұғалімдер, қаншама тырысып, үйретіп жатсақ та қайтарымы жоқ болса бізге де қиын. Тағы бір мәселе, қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарында оқушылардың контингенті мен жас ерекшелігі ескеріле бермейді. Мысалы 8-сыныптың оқулығында жазушы Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романынан үзінді берілген. Бұл мәтіндегі кейбір сөздерді оқушы тұрмақ ЖОО бітірген маманның өзі де түсінбейді. Және де бұл тақырып бір сағат қана оқытылады. Оқушыға түсіндіріп үлгермейсіз. Әсіресе жас мамандар орыстілді балаға жеткізе алмай қиналады. Оқулық құрастырғанда осындай жайттарға назар аударылса дейміз. Ағылшын тілін оқытқанда тіл үйренушінің деңгейіне сәйкес бейімделген мәтіндерді ұсынады. Мәселен, біз ағылшын тілін үйренгенде «Анна Каренинаның» pre-intermediate деңгейіне бейімделген нұсқасын оқимыз. Жаңағы «Қан мен терді» бастауыш деңгейге, одан кейін орта деңгейге лайықтап арнайы нұсқаларын беруге болады ғой. Біздің оқулықтарда бұндай жүйелілік жоқ па сонда?

Қазір мемлекеттік қызметке тұру үшін қазақ тілінен тест тапсырады. Бірақ оның нәтижесі маңызды емес. Қанша балл алса да, әйтеуір тапсырса болды. Ал Заңда қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде білу талап етілсе, олар жанталасып оқитын еді, тіл үйренуге қажеттілік туар еді. Сондай-ақ қазіргі жаңартылған бағдарлама бойынша 5-сыныпта әдебиет пен қазақ тілі пәндерін біріктіріп қойған. Бұрын қалай болды? Біз орыс тілін бөлек, орыс әдебиетін бөлек оқыдық. Ал қазір қазақ тілі екеуі бірге өткізіледі. Міне, жаңартылған бағдарламаның жақсы жағы да, жаман жағы да бар. Қауіпті жағы – осы.

Мемлекеттік тіл – еліміздің азаматтарын топтастырудың мықты іргетасы болары хақ. Әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрметтеуге, оны үйреніп, білуге бейім болғаны абзал. Өйткені, қазақ тілі – еліміздегі халықтардың басым бөлігінің тілі. Болашақта мемлекеттік тіл ретінде оның мәртебесі біздің елімізде қоғам биігінен көрінуге тиіс.

Қазақ тілінің жағдайы қиын деп айқайлай берген жөн емес. Мәселен, біздің мектепте қазақ тілінде көптеген іс-шара өтеді. Мұның бәрі тілдің мәртебесін көтереді. Сондықтан әрқайсымыз сабақ бергенде де, басқа кезде де қазақ тілінің мәртебесіне лайық жоғары деңгейде қолдануға атсалысуымыз керек.

Осы орайда мен «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі» (орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиет пәніне арналған) авторлық бағдарлама жазып шықтым. Ол еңбегім оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибе дағдылармен қатар шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту арқылы олардың мәдениетаралық қарым-қатынаста өзін еркін сезінуіне маңызды құрал болып табылады.

«Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі» атты бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және таңдау пәні бойынша курстарды (факультатив) әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және таңдау пәні курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұны аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. Орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қолдануға ұсынылған. Авторлық бағдарламаның мақсаты – орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі» жаңа инновациялық технологияларына сәйкес тілдік сауаттылығын арттыру. Бұл құрал Отандық білім беру үдерісінде маңызды болып саналды. Білім сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту, оқушылардың қажеттіліктерін зерттей отырып, орыс тіліді сыныптарында тілдік сауаттылығын арттыру қазіргі кезде өзекті. Жаңатырған білім беру бағдарламасы аясында тілдік сауаттылықты арттыру қазіргі білім жүйесінде маңызды. Жаңа инновациялық технологияларға сәйкес орыс тілді мектептерде тілдік сауаттылығын арттыру мақсатындағы құралды пайдалану арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткіземін деп ойлаймын:

1. Жаңа инновациялық педагогикалық технологияларына сәйкес тілдік сауаттылығы артады;
2. Әр түрлі әдіс- тәсілдер арқылы ойлау дағдыларды игереді;
3. Қазақ тілі сабағында ашық, жабық сұрақ арқылы мәтіндерді талдайды;
4. Жабық типті сұрақтар арқылы ойлау дағдыларын игеруге жағдай жасайды;
5. Сұрақтар негізінде оқушының функционалды сауатты тұлғасын қалыптастырады;
6. Тұлғааралық құзыреттіліктерді қалыптастырады;
7. Оқушылардың өзара әрекеттесуін үйлестіреді;
8. Тапсырмалар арқылы өмірмен байланысын талдауға үйретеді.

Тіл үйренуге әдістеменің жоқтығы кедергі деген пікірге қосылмаймын. Қазір орыс мектебінде қазақ тілін оқытуға қатысты түрлі әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар көптеп шығарылып жатыр. Бұл ретте мұғалімдердің сапалық құрамы маңызды. Ізденгіш мұғалім сол әдістемелік

құралдардың керегін алып қолданады. Оның ішінде деңгейлеп оқыту да бар, сыни ойлау, т.с.с. Қысқасы қазақ тілі оқыту әдістемесіне кенде емес. Менің де дайындаған «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі» (орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиет пәніне арналған) авторлық бағдарлама құралым қадеге жарап жатса, еңбегімнің жанғаны деп білемін.

ӘОЖ 372.881.1

## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫН ЗАМАНАУИ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Пиржанова Ж.Н.,*

*«№3 ЖББМ» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
(Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы)*

*Аңдатпа.* Ұсынылып отырған мақалада жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ әдебиеті сабақтарында әдеби-теориялық ұғымдарды оқытудың ерекшеліктері талданды. Жұмыста әр сыныптан бір-бір оқу мақсатынан алынып, сол мақсатқа сай тапсырма үлгілері көрсетілді. Дайындалған тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай әдеби-теориялық ұғым-түсініктерін кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, пәнге деген қызығушылықтарын, сыни ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталды.

*Кілт сөздер:* әдеби-теориялық ұғымдар, қазақ әдебиеті, жаңартылған білім беру бағдарламасы, оқу мақсаты.

Жаңартылған білім беру мазмұны мектеп мұғаліміне де, білім алушы шәкірттерге де заманауи талап қойып отырғаны белгілі. Қарқынды түрде дамып бара жатқан қоғам баршамыздан жаңашылдықты, ізденімпаздық пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Осыған сәйкес, білім беру бағдарламаларының да мазмұны мен түр-сипатына бірқатар өзгерістер енгізіліп, білім мазмұны толықтырылды және мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып әр сабақ үшін оқу мақсаттары белгіленді.

Осы орайда, өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі қазақ әдебиеті сабақтарының маңыздылығын атап өткен жөн. Әдебиет – білім алушыға тәлім-тәрбие беріп, белгілі бір халықтың өткені мен бүгінінен хабардар ететін, тарих және қоғаммен тығыз байланысты өте маңызды құрал.

Көркем әдебиетті оқытуда оның мазмұнын меңгертіп қана қоймай, әдеби-теориялық тұрғыдан талдай білуге үйретудің маңызы зор. Бүгінгі таңда оқушыларға әдеби-теориялық түсініктерді төменгі сыныптардан бастап меңгерту, әрбір теориялық мәліметтерді оқушылардың терең түсінуі үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу, жоғары сыныптарға көшкен сайын түрлі

әдеби шығармаларды талдау барысында бағдарламаға сәйкес білімдерді жаңа қырынан таныта білу қажет. Әр сыныпта әдебиет теориясына байланысты ұғымдар әр түрлі деңгейде оқытылады. Көркем шығарманы оқып, мазмұнын біліп қана қою оқушы үшін аздық етеді. Әдебиет әлемінің тұңғығына бойлап, оның өнер ретіндегі сипатын зерделеп, көркем туындының мазмұны мен пішініне теориялық талдау жасай білу оқушы үшін өте қажет білім. Олай болатын болса, оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін шығарманы оқыту барысында қалыптастыру – оны оқытудың басты міндеттерінің бірі.

Мектеп бағдарламасында әртүрлі әдеби-теориялық ұғымдар: әдебиеттің тектері мен түрлері, әдеби жанрлар, образ түрлері, шығарманың композициялық құрылымы, тілдің көркемдегіш тәсілдері, ажарлау және троптың түрлері және өлең өлшемдері жайлы ұғымдар кездеседі. Бұл ұғымдармен танысып, талдап өскен бала жоғары сыныптарға барғанда қиналмайды, шығарманы оп-оңай талдап алып кете алады. Сол үшін оқушылардың тілін дамыту және талдап үйрету мақсатында ерте бастан шығарманы талдау жолдарын меңгерткен жөн.

**Осы орайда жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдебиет теориясын оқытудың ерекшелігіне тоқталғым келеді.** Мұның барлығы бір мақаланың көлеміне тарлық ететіндіктен, әр сыныптан бір мақсаттан ала отырып, сол мақсатқа сай оқытудың әдістері туралы тәжірибеммен бөліскім келіп отыр.

5-сыныпта оқытылатын Ыбырай Алтынсариннің «**Қыпшақ Сейіткүл**» **әңгімесі** [2, 70-72б.] бойынша оқу мақсаты: 5.1.1.1.-әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау. Оқыту мақсатын игертуде оқушыға ең алдымен жанр, фабула, сюжет ұғымдарын түсіндіріп, әдеби-теориялық түсінік беріп өткен жөн. Сәйкестендіру тәсілімен оқыған білімдерін еске түсіріп, ұғымдарды қайталап өтсе, оқу мақсатын игеруге арналған негізгі тапсырмаларды түсініп, жасай алары сөзсіз.

**Әдеби-теориялық ұғымды сәйкестендіріңіз.**

Жанр		Шығармадағы баяндалатын оқиғалар тізбегі
Сюжет		Шығармадағы тұтас оқиғалар мазмұнын қысқаша баяндау
Фабула		Өнердің барлық түрлерінде қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі

Бұл мақсат бойынша «**Әдеби шеңбер**» **әдісі** арқылы шығарманың мазмұнын талдатуға болады [1, 15б]. Оқушылар тыңдалған шығарманың мазмұны бойынша шеңберге тұрып бірінен кейін бірі кезекпен әңгімелейді. Шығарманың мазмұнын әңгімелеу арқылы сюжеттік дамуын сипаттайды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың айтылым дағдысы қалыптасады. Шығарманың мазмұнын меңгертуде «**Комикс**» **әдісі** арқылы да оқытуға болады. Оқушыларға әңгіменің мазмұны бойынша суреттер таратылып, оларды ретімен қойып, сурет арқылы мазмұнын жүйелі түрде айтқызуға болады.



Шығарманың сюжеті бойынша орындалатын тағы бір тапсырма үлгісі  
**«Баспалдақ» әдісі:**

	Торғай жеріндегі Қабырға өзенінің бойына орналасуы.
	Отыз үйлі кедейлермен бірге егін егу.
	Отыз үйлі тобырдың қамын ойлаған - Қыпшақ Сейітқұл.
	Сейітқұлдың жұрт ағасы атануы.
	Малы көбейіп, бай болу.

Бұл әдіс бойынша оқушылар оқиғалар тізбегін даму ретімен орналастырады. Оқушыларға оқиғалар тізбегін ауыстырып ұсынып, оны өзінің даму ретімен орналастыртуға болады. Осылайша шығарма сюжеттері еске түсіріліп, композициясына да талдау жүргізе алады.

6-сыныпта оқытылатын «Аяз би» ертегісі бойынша оқу мақсаты: 6.2.1.1-шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау [3, 106]. Бұл мақсат бойынша **«Маңызды оқиға» әдісі** арқылы шығарма мазмұнындағы эпизодтың алатын маңызына талдау жасатуға болады.

Шығармадан үзінді	Сюжеті	Эпизод несімен маңызды?
<p>– Тақсыр хан! Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол уақытта шеңгелді әкеліп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін, сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау», – деп, ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, үрлесем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң апарып малға салсам, барлық мал мұрнын жиырып, жемейтін. Сонсоң: «Қарақоға тіпті пайдаға аспайтын шөп қой», – деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, – дейді Жаман.</p>		

Ертегі мәтінінен бірнеше үзінділер бере отырып сюжетті анықтаса және сол эпизодтың маңыздылығын талдаса, оқушының есте сақтау қабілетінің деңгейін де, шығарма мазмұнымен қаншалықты таныс болғандығын да көре аламыз.

8-сыныпта оқытылатын М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша тапсырма үлгісі [4, 1176]. Оқу мақсаты: 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау.

**Тапсырма.** Романнан алынған үзінді арқылы автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдаңдар.

- «Құданың құдіреті, әуелде сен тіл алмай, баланы мұнша қайғы-қасіретке салдың, міне, көрмеймісің, Жамалжан өзді-өзінен азып, жүдеп кетті. Осы қалпымен қор болып кетсе, екі дүниеде бізге разы болар ма, біздің ата-аналық хақымыз мойнымызда емес пе? – деді.

Сәрсенбай не айтарын білмей:

Сөйтіп жүр ме, сөйтіп жүр ме? – дей берді. Шолпан ашуланып:

Сөйтіп жүрмей құрысын, өз басыңда еркің жоқ, әркімнің қыздырған тіліне еріп, ақырында Жамалдың көз жасына қалып отырмыз. Ата-бабаң істемеген істі қыламын деп би болғансып, бір жылдың ішінде, қане, шыққан мүйізің? – деді.

Сәрсенбайдан берекелі жауап шықпаған соң, Шолпан тағы да сұрады:

Енді өстіп Жамалды сүймеген кісісіне береміз бе? – деп.

Сонда Сәрсенбай қайраттанып:

Осы ит не былшылдап отыр? Құдайдың жазғанынан артық не қыламыз, екінші кісіге береміз десең, Байжан болыстармен қосылып, біздің жанымызды қоя ма? Малымыздан құрық, басымыздан сырық түсіре ме? «Қатын – дұшпан» деген осы, болмаса бұл сөзді айтар ма едің, – деді»

Кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісі арқылы олардың мінез-құлқына талдау жаса		Кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісінен автор стиліне тән қандай ерекшеліктерді аңғарамыз?
Сәрсенбай	Шолпан	

8-сыныпта оқытылатын Д.Исабековтің «Әпке» драмасы бойынша тапсырма [4, 172-1856]. Оқу мақсаты: 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу.

**Тапсырма.** Д.Исабековтің «Әпке» драмасынан алынған үзінділердің жанама мінездеу екенін дәлелде және пікірлеріне қарай отырып, тура мінездеу жаз.

Кейіпкерлер сөзі	Жанама мінездеу екенін дәлелде	Осы үзінділерге қарай отырып, кейіпкерлерге тура мінездеу жаз
------------------	--------------------------------	---

<p><b>Омар.</b> Отбасы – кішігірім мемлекет. Оны басқару үшін жалғыз махаббат жеткіліксіз. Отбасы басшысының бойында ұстамдылық, көрегендік, кешірімділік, мейірбандық сияқты көптеген компоненттер жинақталуы тиіс.</p>		
<p><b>Қамажай.</b> Қабен... ол... ол қиын сияқты. Бір сағатқа қиып тастап кете алмай тұрған інілерімді өмір бақи қалай қиямын. Мен... мен олардың әпкесі емеспін, анам көз жұмған сәттен бастап, мен оларға ана болғанмын. Саған үйлену керек... Ал, маған інілерім мен сіңлімді тәрбиелеу керек.</p>		
<p><b>Қабен.</b> Айта бер, сен қандай сөз айтсаң да, тыңдай беруге дайынмын. Мұнда келіп отыршы. Қамажай, мен бар ғой, мен... қалай айтсам екен... «Жақсы көремін» десем, оны қазір екінің бірі айтатын болды. Сенің. сенің жұлдызың менімен егіз жаралған сияқты. Сен болмасаң, мен өзімді жалғыз қалған жетімбаладай сезінемін. Сенесің бе осыған?</p>		

Қорқыттың «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр» шығармасы бойынша тапсырма [4, 10-15б]. Оқу мақсаты: 8. А/ИЗ-шығармадағы көркемдегіш құралдардың (эпитет, метафора, теңеу) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау.

- I > Сол араға жігіттердің арыстаны, палуандардың қабланы – бозұғлан келіп жетті.
- II > Бектердің ішінде қылышқа шалымды, зор денелі, өнерлі, жақсы жігіт болып өсті.
- III > Көпестердің үлкені қолға түседі, кішісі қашып, Оғызға

**1-тапсырма.** Берілген үзінділерден көркемдегіш құралдардың түрін анықта.

	<b>I</b>	<b>II</b>	<b>III</b>
А	Метафора	Эпитет	Метонимия
В	Эпитет	Метонимия	Метафора
С	Теңеу	Кейіптеу	Метафора
Д	Литота	Гипербола	Теңеу

**2-тапсырма.** Жоғарыдағы үзінділерге қарай отырып, автор стиліне талдау жаса.

**Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінің мазмұны бойынша тапсырма [4, 138-149 б]. 8.2.3.1-шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау;**

<b>№</b>	<b>Мысалдар</b>	<b>Көркемдегіш құрал түрі</b>	<b>Дәлелденіз</b>
1	Сонда ұзақ уақыт ұйқым келмей елес қуып, өмір өткелдерінің теңізіне жүзіп кеткен кездерім көп болды...		
2	Ал қаз тізілген түйелердің өркеші тау жоталарындай көлбеңдеп көрінгендей еді.		
3	Дүние сенің сәби кезіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны – күмбез, желі – жібек, әдемі ертек болып тұра берсе, кәне.		
4	Бір жолы өңшең атқамінер пысықтар сайлау алдында жиналып алып, қатты сассын.		
5	Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті – менің әкем Момыналы екен.		
	Әкемнің қарындасының үй іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп, қорқып қалады.		

**6-сыныпта оқытылатын С.Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңі бойынша тапсырма [3, 89б]. Оқу мақсаты: 6.2.2.1 -эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;**

<b>Өлеңнен үзінді</b>	<b>Автор бейнесі</b>	<b>Тұжырым</b>
Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам! Қараңғылықтың көгіне, Күн болмағанда, кім болам?		
Мұздаған елдің жүрегін, Жылытуға мен кірермін!		

Тұрмыс, тағдыр - бірі де Бұл мақсаттан бұра алмас; Қаһарман, Рүстем, Әлі де Бұрам деп жолда тұра алмас		
---	--	--

8-сыныпта оқытылатын **Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне»** әңгімесі [4, 239-250 б] бойынша тапсырма. Оқу мақсаты: 8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу.

**1-тапсырма. Мына қасиеттер қай кейіпкерге тән?**

Ләйла	Күнәсіз	Қатира
	Мүгедек	
	Қатыгез	
	Сезімтал	
	Мұңды	
	Қатал	
	Долы	

2-тапсырма. Кейіпкерлерге қатысты тура мінездеу мен жанама мінездеулерді «Ия», «Жоқ» арқылы анықта.

Кейіпкерлер	Мысалдар	Ия	Жоқ
Қатира	Ащы тілді, қатігез – жанама мінездеу		
Ләйла	Күнәсіз қыз бала, сезімі бүтін, ақылы дұрыс, мәңгілік өспей қалған бала кейіптегі мүгедек – тура мінездеу		
Ләйла	Намысшыл, жүрегі ыза мен қасіретке толы – жанама мінездеу		
Қатира	Жиіркенен қарайды, мазақ етеді, аяусыздық танытады – жанама мінездеу		

Роза Мұқанованың **«Мәңгілік бала бейне»** әңгімесі бойынша тапсырма. Оқу мақсаты: 8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау.

Үзінді	Қай кейіпкердің сөзі екенін анықтап, тілдік көрінісіне талдау жаса	Автордың бұл кейіпкерлерге көзқарасы қандай?
– Сөзді қара! «Адам емеспіз бе?» – дейді. Адам сиқы жоқ кейпіңе неге қарамайсың, а? – Әй, қас қарайса жын қуғандай осы сен қайда кетесің? Не пәлең бар, а?		

– Айтпады деме, енді кешігеді екенсің, күз болмақ түгілі, қыс болса да үйден қуып шығамын, білдің бе?		
«О, жарық Ай, мүсіркеме сен мені. Мен күнәсіз қыз боламын. Сезімім бүтін, ақылым дұрыс. Бірақ мынау тіршілік дүниесінен безінген жұдырықтай жүрегім кек пен қасіретке толы. Мен өзіме адам сияқтымын, басқаларға адам емес, адам пейілін тәубаға түсіретін мүгедекпін.		
Сен де... сен де бақыттысың, Ләйлек. Ол қыздың мәңгілік құрысып қатып қалған бала бейнесіне мән бермеді, көрмегенсіді, білмегенсіді. Қыздың онсыз да өзіне қадалған мұңлы жанарына жара салғысы келмеді.		

7-сыныпта оқытылатын **Мұхтар Шахановтың «Нарынкұм зауалы»** балладасы. Оқу мақсаты: 7.1.1.1 – әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау;

<u>Эпизодтық жоспар</u>	<u>Сюжеттік жоспар</u>
<b>Жасырынып келген зұлымдық</b>	Махамбеттің түсі
<b>Иықтан ұшқан бас</b>	
<b>Елімен қоштасу</b>	
<b>Жанашыр, қайсар, шыншыл, уайымшыл ақын</b>	
<b>Халық болашағына сенім мен үміт</b>	Әке үкімі
<b>Мақтансүйгіш ұл</b>	
<b>Зұлым ақылдың нәтижесі</b>	
<b>Күйінген әкенің зары</b>	
<b>Әке үкімі</b>	

Қорыта келгенде, оқушыларға әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіру, сынып жоғарылаған сайын бағдарламаға сәйкес ол ұғым-білімдерді жаңа материалдар негізінде әр қырынан толықтыра түсіп, шәкірттердің теориялық білімін жетілдіріп отыру – ұстаз міндеті, әдебиет сабақтарының басты мақсатының бірі. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, әдебиет теориясын оқытудың әдістерін үздіксіз

түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарында қолданылатын әдіс-тәсілдер»: әдістемелік құрал. – Атырау. – 2018 ж. – 15 б.
2. 5-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы / А.С.Ақтанова, А.Қ.Жундибаева – Алматы. – «Атамұра», 2017 ж. – 70-72 б.
3. 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы/ С.Ч.Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова – Алматы. – «Арман-ПВ», 2018 ж. – 10б; 89б.
4. 8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы/ С.Ч. Тұрсынғалиева, Р.Зайкенова – Алматы. – «Арман-ПВ», 2018 ж. – 172-185 б; 12-15б; 138-149 б; 239-250 б.
5. 7-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы / А.С. Ақтанова, А.Қ. Жундибаева – Алматы. – «Атамұра», 2017 ж. – 142-147 б.

ӘОЖ 372.881.1

### САРАЛАП ОҚЫТУ – ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ДЕЙІН ДАМЫТУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

*Самурадова Н.Т.,*

*№ 3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі  
(Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында саралап оқыту мәселесі, яғни оқушылардың таным белсенділігін арттыру туралы айтыла келіп, шығармашылыққа дейін дамытудың алғышарттары зерделенеді. Сондай-ақ автордың орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған «Саралап оқыту – танымдық белсенділіктен шығармашылыққа дейін дамытудың алғышарттары» атты авторлық бағдарламасы жаңа инновациялық технологиялар арқылы орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды, оқушыларға саралап оқыту арқылы танымдық белсенділіктен шығармашылыққа дейін дамытудың алғышарттарын ұсынуды мақсат етеді. Аталмыш құралдың өзектілігі де жан жақты айтылады.

*Кілт сөздер:* қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары, таным белсенділігі, саралап оқыту, танымдық белсенділік, шығармашылыққа дейін дамыту

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті-білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу.

Жалпы білім беру саласындағы жаңа саяси ұстанымның біртіндеп іс жүзіне асуы егемен еліміздің өркендеу бейнесінің бір көрінісі. Өркениетті елдер мен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруге көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, саралап оқытуды ұйымдастыру-бүгінгі мектеп өміріндегі өзекті мәселе.

Саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Біз басшылыққа алып отырған саралай оқытудың жүйелік негізін Л. Вьютский, А. Леонтьев, Б. Ананьев, С. Рубинштейн т.б. ғалымдар жасаған. Ал бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В. Давыдов, Л. Занков, Ш. Амонашвили, т.б. зерттеулерінде қарастырылады. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл - ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес өнімді нәтижеге жетеді.

Оқушылардың дербес ерекшеліктерін анықтау үшін оқытушы алдымен, олардың ықылас-жігерін, еске сақтау мен ойлау қабілеттерін, ынтасын, жалпы білім деңгейін зерттеуі қажет. Бұл ерекшеліктерді айқындау үшін білімді меңгеру деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар дайындау; оқушы біліміне диагностика жүргізу, оқушыларға сауалнама, психологиялық тәжірибе жасау, ата-аналармен әңгіме жүргізу керек. Оқушылардың жеке ерекшеліктері сабақта сұрақ беру, кіріспе әңгіме, оқыған материалды т.б. тиянақтау сатыларында ескерілуі тиіс. Мәселен, үлгерімі жақсы оқушыларға берілген сұраққа тікелей жауап беру талап етілсе, орташаларына ойланып, қажетті есептеулер жасауға, суреттерін салуға уақыт беріледі, ал үлгерімдері төмендеріне нақты сұрақтың тізімі, жауап берудің жоспар үлгісі ұсынылады.

Оқушыларды топтарға бөлгенде олардың оқуға және жұмысқа деген қабілеті ескеріледі. Оқуға қабілеттік деп оқушының неғұрлым қысқа мерзім ішінде білімнің биік деңгейіне жету қабілетін түсінеміз. Бұл белгі бойынша оқуға қабілеті жоғары, орташа және төмен деп үшке бөлуге болады, Сыныпта барлық балалардың ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан, сабақ кезінде әрқайсының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңдап, сол тақырыпты игеру көзделсе, өте пайдалы. Біз өз іс-тәжірибемізге осыларды енгізіп, жұмыс жасап келеміз. Біздің басты мақсатымыз – сынып оқушыларының ерекшелігін анықтау.

Бұл тұрғыдан алғанда, әрбір оқушыны өз мүмкіндігіне қарай білім, дағды алатындай етіп оқытқан жөн. Мысалы, қабілетті оқушылар сыныпта логикалық ойлауы жетілген, оқулықпен жұмыс істей алатын оқушылар үшін жаңа материалды түсіндіргенде проблемалық ізденіс әдісін қолданған дұрыс.



Ал орташа, нашар оқушылары көп сыныпта репродуктивті әдісті қолдана отырып, сабақты ойын, әңгімелеу түрінде өткен ұтымды. Саралап оқытудың ең басты шарты - сынып оқушылары үш топқа бөлу. Бірінші топқа мынадай оқушылар топтастырылады: қабілеті жоғары, білім, білік дағдылары қалыптасқан, өз бетімен ойлау қабілеті бар, сабаққа деген белсенділігі күшті, мұғалім көмегін қажет етпейтін топ. Бұл топта жүргізілетін жұмыстың мақсаты – оқушы бойында ғылыми бағытта ойлау қабілетін қалыптастыру.

Орташа қабілетті оқушылар екінші топты құрайды. Білім, білік дағдылары әлі тұрақсыз, өзіне-өзі көп сене бермейтін, мұғалімнің белгілі мөлшерде көмек көрсетуін қажет ететін оқушылар. Мұнда алға қойылатын мақсат – білім, білік дағдыларының тұрақты болуына, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету, олардың бірінші топқа көшуіне көмектесу.

Үшінші топқа үлгерімі төмен оқушылар жатқызылады. Бұлар тұрақты назарды ұстауды, білім, білік дағдыларын қалыптастыруда мұғалімнің үлкен күш жігер жұмсауын, жүйелі жұмыс жүргізуін, яғни мұғалім көмегін көп қажет ететін оқушылар.

Педагогикалық технология – қазіргі талапқа сай анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың жаңа мазмұн, әдіс-амалдардың дидактикалық талаптарының психологиялық педагогикалық жиынтығы. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А.Қараевтың «Әртүрлі деңгейде оқыту технологиясын» жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу барысында үнемі қолдануымыз.

Көмекті қажет ететін оқушылар құрамы толық болмауы тиіс. Оқушы мүмкіндігіне қарай мұғалім ол оқушыны ойша басқа топқа ауыстырады. Мұндай әртүрлі топтардың барлығы туралы ешқандай тізім жасалмауы тиіс. Тек сондай топтардың бар екендігін сабақты жоспарлағанда, үйге тапсырма бергенде ескеру қажет. Үшінші топтағы оқушылармен саралап жұмыс жүргізу үшін дайын сызба-нұсқаларды, жоспарларды, тезистерді, алгоритмді, есептердің үлгілерін т.б. пайдаланады. Үй тапсырмасын орындату – маңызды нәрсе. Үй тапсырмасын бергенде оны оңтайландыру критерііне сүйене отырып, оқушының нақты мүмкіндігін ескерген жөн. Үй тапсырмасы нашар оқушыны жетілдіре түссе, ал қабілетті оқушы ең жоғары деңгейде дамуы тиіс. Мысалы, қабілетті оқушыға күрделі есеп берсек, әлсіз оқушыларға реферат жазу, сызу, тағы басқада ережелерді берген дұрыс.

Саралап оқыту дегеніміз не және ол бізге не үшін керек?

Кэрол Энн Томлинсон саралап оқытуды балаларды жеке оқыту стильдері мен ұйымдастырылған оқу қызметі ретінде сипаттайды. Зерттеу нәтижелері бойынша, саралап оқытудың тиімділігі бұл әдістің оқуда әртүрлі қиындықтары бар балалардың немесе қабілетті, дарынды балалардың оқуына пайдалы болуында.

Барлық балалардың оқып-үйрену деңгейі немесе қабілеттері бірдей емес. Саралап оқыту алдын ала ойластырылған үдеріс болып табылады. Әрбір баланың өзіндік оқып-үйрену стилі болады. Соларды ескеру арқылы балалардың барлығына да табысты болуға көмектесу.

1. Мазмұн арқылы саралау

1) жекелеген балалардың белгілі бір тақырыпты немесе бөлімді оқуды қай жерден бастауы керектігін анықтау үшін алдын-ала тестілерді пайдалану;

2) Блум таксономиясының әртүрлі деңгейлеріндегі ойлауды ынталандыру (есте сақтау, түсіну, қолдану, талдау, бағалау және жасау);

3) ұйымдастырылған оқу қызметін әр бөлім бойынша құрылымдалған бағыттардан тұратын анағұрлым шағын және басқарылатын бөліктерге бөлу.

4) күрделілігі әртүрлі деңгейдегі кең ауқымды оқу тұжырымдамалары мен дағдыларын таңдаңыз.

## 2. Процесс арқылы саралау

1) әртүрлі оқу дағдыларын дамытуға арналған әртүрлі материалдардың қолжетімді болуын қамтамасыз ету;

2) аудиал, визуал және кинестетик балаларға арналған іс-шараларды әзірлеу;

3) балалардың сұранымдары мен қалауы бойынша өз бетінше оқу қызметіне арналған орындарды (бұрыштарды) жабдықтау;

4) балаларға күрделілігі мен абстрактілі ойлау деңгейі бойынша әртүрлі іс-әрекеттерді ұсыну;

5) мазмұн, бағалау мүмкіндіктері мен нәтижелерін қамтитын факторлар негізінде тәрбиеленушілерді топтастыру мен қайта топтастырудың икемді тәсілдерін пайдаланыңыз.

## 3. Өнім арқылы саралау

1) әртүрлі бақылау стратегияларын пайдалану;

2) балаларға оқытудың әртүрлі стильдерін бейнелейтін ойын және жұмыс түрлерін ұсыну;

3) бағалауды үздіксіз интербелсенді үдеріске айналдыру.

## 4. Оқу ортасы арқылы саралау

1) оқыту үдерісіне физикалық элементтермен қатар психологиялық элементтерді де қамту арқылы оқуды оңтайландыру;

2) жеке жұмыс пен топтық жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға көмектесетін әртүрлі жиһаздар мен құрылғыларды пайдалана отырып, икемді жоспарлау;

3) топты басқару әдістері қауіпсіз және жайлы оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Саралап оқыту әдісін қалданғанда, мұғалім әрбір сынып педконсилиумымен толық әрі жете таныс болуы керек. Бұл ең маңызды басты шарт. Сонда ғана оқушыларды саралап оқытуда сызба бойынша жұмысты ұйымдастыру әрі оны жүйелі жүргізу жақсы нәтиже берері даусыз.

Орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған «Саралап оқыту – танымдық белсенділіктен шығармашылыққа дейін дамытудың алғышарттары» атты авторлық бағдарламам жаңа инновациялық технологиялар арқылы орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды және оқушыларға саралап оқыту арқылы танымдық белсенділіктен шығармашылыққа дейін дамытудың

алғышарттарын ұстануды мақсат етеді. Оқушылардың қазақ тілін меңгеруі тек қана тілдік қабілеттерді дамыту емес, ұлттық мәдениетті тану, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру және Қазақстанның көпұлтты қоғамында қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Бұл тұрғыда жекелеп оқыту технологиясы; деңгейлік саралау технологиясы; сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқытуды басты мақсат еттім.

*Осы бағдарламаны жазып, қолданыс аясынан байқағаным:*

- Барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады.

- Мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді.

- Барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

*Диалог және қолдау көрсету*

- Кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады.

- Мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын-ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

*Бағалау*

- Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін.

- Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

*- Жіктеу*

Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар:

- мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі),

- талаптары әртүрлі оқушылар,

- жигсо топтары (бірін бірі үйрететін топтар),

- кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топтары,

- гендерлік топ (ұл, қыз деп бөлінген),

- аралас гендерлік топ,

- ұйымшыл топ.

Орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 8-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне арналған «Саралап оқыту – танымдық белсенділіктен шығармашылыққа дейін дамытудың алғышарттары» атты авторлық бағдарламам жаңа әдіс-тәсілдерге негізделген.

Осы аталған авторлық бағдарлама білім алушыларға септігін тигізіп жатса, осы құрал арқылы жас ұрпақтың танымдық белсенділіктің артып, тілдік дағдылары дамып, шығармашылық қабілеттері артып жатса, мақсатымызға жеткеніміз деп білемін. Оқу мен ұсынған бағдарламадан ғибратты бір түйін алып жатса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Кобдикова Ж. Орта мектепте білім аруды технологияландыру (саралап деңгейлеп оқыту). 2002, 27 б.
2. Жампеисова М.М. Технология модульного обучения. Ақтобе, 1999, С.129

ӘОЖ 372.881.1

### МҰҒАЛІМ ИМИДЖІ: ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

*Токмурзинова Д.Т.,*

*«Н. Оңдасынов атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ*

*Аңдатпа.* Білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет— бәсекеге қабілетті маманның моделіне сәйкес келтіру жолымен қалыптасқан білім, дағды мен іскерліктер жүйесін әзірлеу болып табылады. Мұғалімнің кәсіби имиджін қалыптастыру проблемасына байланысты жаңа формация мұғалімі нарық жағдайында бәсекеге қабілетті, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі тұлғалық, құзыреттілік, коммуникативтік, мінез-құлықтық және визуалды компоненттеріне сәйкес келетін кәсіби имиджі қалыптасуының әлеуметтік-педагогикалық функциялары мен оған қойылатын талаптары пайымдалады. Мақалада жоғары білім беру жүйесінде реформалау, болашақ әлеуметтік– педагогикалық технологиялар саласындағы соңғы зерттеулердің нәтижелері, оны дайындау процесінде мұғалімнің кәсіби және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптар қарастырылады.

**Кілт сөздер:** педагогикалық қабілет, имидж, шеберлік, кәсіби имидж, инновация

Қазіргі таңда білім сапасына деген сұраныстың артуы, білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жаңа білім, мақсаттар, құндылықтар мен жеке мағыналарды беру ғана емес, өсіп келе жатқан жаңа буын, оқушы қабілеттерін ашу болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығына аса зор жауапкершілікпен қарауды міндет етеді.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының педагогикалық үздіксіз білім беру тұжырымдамасында мұғалімнің кәсіби өзін

– өзі дамытуына анықтама берілген: «Жаңа формациядағы мұғалім – бұл жоғары деңгейлі әдіскер, зерттеуші, әлеуметтік-жеке, коммуникативтік, ақпараттық-насихаттаумен сипатталатын рухани-адамгершілік, азаматтық жауапкершілік, белсенді жасампаз, экологиялық мәдениетті, шығармашылық, мәселерге жауап бере алатын, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға» [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті», – деп көрсеткен еді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы өзінің сөзінде: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз... Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болуымен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз», – деп инновациялық даму қарқынына әрдайым дайын болудың, әрекетке даяр болудың, мұғалімнің педагогикалық қасиеттерін одан әрі жетілдіру маңызын атап көрсетеді [2].

Білім беру саласындағы жаңа тенденциялар контекстінде инновациялық үдерістің, білім беру жүйесіндегі өзгерістер, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы мұғалім ізденісінде hard skills, soft skills және digital skills тәрізді дағдылар қалыптастырып, кәсіби, әлеуметтік-психологиялық және цифрлық құзіреттіліктерін жетілдіруге бағытталған процесс болуы сөзсіз.

Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының дамуында инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттің кең қолданысқа енуі жаңа технологиялар ғасырымен аталуы мұғалімнің педагогикалық құзыреттілік деңгейін көтеру жауапкершілігін жүктейді.

Жоғары білікті мұғалім қалыптасу контекстінде жаңа технологиямен жұмыс жасай алатын, білім жүйесінде болып жатқан өзекті мәселелерді шешуге дайын, нетворкингке, яғни бірі-бірінен үйренуге, білім мен тәжірибе, идея мен пікір алмасуға даяр, жаңашылдық пен өзгерістерге икемді тәлімгер, басшы, модератор, сарапшы, коуч және фасилитатор біліктілігіне ие болуы шарт. Бұл мақсатқа қол жеткізуде жаңаша білім беруді ұйымдастыра отырып мұғалімнің кәсіби имиджін көтеру жетекші орын алады.

Мұғалімнің кәсіби имиджін көтеруге басты алғышарттар мыналар:

- қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстары;
- пәндік комиссиялар және әдістемелік бірлестіктер;
- шеберлік мектептері;
- жас педагогтарға арналған семинарлар;
- шығармашылық қауымдастықтар, педагогикалық оқулар және басқалар.

Жалпы мұғалім имиджі еңбек жолында үздіксіз білім алу жолында жаңаша ойлау үрдісінен, сыртқы бейнесінен, әдетінен, сөйлеу мәнерінен, ұлттық және өзіндік санасынан, ұлттық менталитетінен, іс-әрекетінен, мінез-құлқынан жасалған оны қоршаған әлеуметтік ортаның ой пікірінен құралады.

Қазіргі уақытта білім берудің мақсаты – кәсіби қарым-қатынас және нәтижелі ынтымақтастық негізінде мұғалімнің өз имиджін қалыптастыру дағдылары мен іскерлігін меңгеруі, ішкі имиджін шыңдауда шығармашылықпен жұмыс істейтін функционалдық қасиеттерінің тұтас жиынтығына ие болуы тиіс.

Зерттеушілер Ю.А. Агаева, О.В. Баркунова, Ә.М. Дүйісмағамбетова, Е.В. Кузнецов, Н.В. Курилович және т.б., әлеуметтік педагогтың жеке тұлғасы тек кәсіби құзыреттілікке ғана емес, жоғары жауапкершілік дәрежесіне, өзін-өзі іске асыру қажеттілігіне, өзінің еңбек функцияларын орындау кезінде стратегияларды таңдауда икемділікке ие қазіргі ұрпақтың көшбасшы-тәлімгерінің үлгісі болып табылатынын, В.А. Романов пен В.В. Коритчук болашақ педагогтардың имиджін қалыптастыру тиімділігінің басты шарты – жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесінің тұтастығы, оның барлық компоненттерінің бірлігі мен үйлесімдігі. Мазмұндық аспектіде мұндай тұтастық кәсіби күш-жігер мен оларды қолдану тәсілдері арасындағы өзара байланыс орнату, имидждік шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі және студенттердің өзіне эмоциялық-ерік қатынасы, кәсіби өзін-өзі білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу, оқу және технологиялық шығармашылық арқылы пайда болатын кәсіби орта құндылықтары есебінен қол жеткізіледі [3].

Кәсіби жетілген мұғалімнің заман талабына сай инновациялық әдістемесі, оның динамикасының жаңа өзгерістерге бетбұрыс жасауы – бүгінгі күннің басты мәселесі. Бұл орайда еліміздің тұтас дамуындағы білім реформасында мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуы төмендегідей әзірленген әдістерді қолдануды көздейді:

- мұғалімнің жалпы білім деңгейін арттыру;
- мамандық бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету, іскерлік біліктілігін арттыру;
- Педагогика және психология бойынша білімді арттыру;
- оқытудың озық әдістері мен технологияларын зерттеу және қолдану;
- оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысының әдістерін жетілдіру.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі білім беру саласы жаңа педагогикалық жүйемен алмастырылды, қоғам мұғалімнің жеке басына имидждік қоятын талаптары өзгерді, білім сапасын жоғарылату бағытында инновациялық үдерістің интеграциялануын қамтамасыз етуге мүмкіндік туды.

Мақаланы жазу барысында айқындалған мұғалімдерді инновациялық әрекетке даярлау инновация, инновациялық әрекет туралы арнайы білім мазмұнын игеру; педагогикалық инновациялық технологиялар туралы білім мен дағдыларды және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгеру; педагогикалық инновацияларға сараптама жасай білу; инновациялық идеяны тауып, дамытып, оны жүзеге асыру қабілеттерін қалыптастырып, дамыту; инновациялық оқу-тәрбие жүйесін құра білу дағдыларын меңгеру мүмкіндіктерін құрайды.

## Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Астана, 2005. – 15 б.
2. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі». ҚР Президентінің Жолдауы. 2021 жыл. 1 қыркүйек.  
<https://primeminister.kz/addresses/01092021>
3. Асылбекова М. Болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби имиджін қалыптастыру/Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. 2019, № 3. – 282 б.

ӘОЖ 372.881.1

### БІЛІМДІ ҰРПАҚ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

*Тәжігұлова Ж.С.,*

*Форт-Шевченко мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі (Маңғыстау облысы, Форт-Шевченко қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру екендігі, баланы жан-жақты жетілдіруде үлкен танымдық баспалдақтары, тұлғаның креативтілігін дамыту, шығармашылық жұмыс, оқушылардың таным белсенділігін арттыру туралы айтыла келіп, оқушының даму барысында қалыптасатын таным белсенділігі зерделенеді.

*Кілт сөздер:* Тұлғаның креативтілігі, жаңа әдістер, таным белсенділігі, оқу белсенділігі, бала дүниетанымы, оқушы тұлғасы, танымдық іс-әрекеттер, шығармашылық жұмыс, жазылым дағдысы

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, шәкіртердің талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Баланы жан-жақты жетілдіруде үлкен танымдық баспалдақтарына жетелер дағды – машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, оны меңгеру, өз біліктілігін арттыру. Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр ұстаздың өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты.

Оқу мен тәрбие негізі – сабақ. Жаңа әдістерді пайдалануы – бүгінгі күннің талабы. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту,

шығармашылығын кеңейту, дамыту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны жасау, заман сұранысына сай ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Олай болса, оқыту процесінің нәтижелі болуы ұстаздың сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс-тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Жаңа әдіс-тәсілдерді мән-мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

Мен көбінесе оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлемін. Шәкірт бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып сол ойларды көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады.

Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды есте ұстаймын: сыйластық; жауапкершілік; топтың барлық мүшелерінің кезепен сөйлеу дағдысын үйрету; сөйлесуде әлеуметтік қарым – қатынас жасау, дағдыларын қалыптастыру; топта ұтымды жұмыс істеу. Өз ойларын ашық айтуға жетелеу. Өздерін және өзгені бағалау. Мұғалімдердің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету; бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктерім: оқушының ең алдымен есте ұстау қабілетінің жоғарлауы; жиі-жиі ой талқасын жасау және терең түсінікпен ойлаудың дамуы арқылы оқушыны сөйлету.

Және сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушының жұмыс басты болуы; бір нәрсеге үйрету мәнді түрде қызығушылығын оянуы; бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің жынысына, қабілетіне, әлеуметтік жағдайына қарамай олардың бір – біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын түсінеді. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір – біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш – қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушыны өз пікірлерін еркін жеткізуге жағдайлар жасайды.

Сабақ үстінде жан жақты сұрақ қоюда да мұғалім мүмкіндігінше барлық оқушының жауап беруін қамтамасыз етуі керек. Сұрақ қоюдың қарапайым түрінен терең ойлауға дейінгі түрлері бар екендігі белгілі. Ал ұстаздың мақсаты- оқушының ойлау сатысы ең төменгі деңгейден жоғары терең ойлау деңгейі түсінуден басталады. Одан кейін қолдану, анализ, синтезге дейін жоғарлайды. Жаңаша жаңғыртып оқыту, интерактив әдістер, жаңа технологиялар тіл үйренушінің танымдық, білімдік белсенділігін тудыруға, уәждемесін тудыруға бағытталған.

Бірақ бұның бәрі оқытушының шеберлігіне байланысты, оқытушы үнемі ізденісте болуы қажет. Мұғалім жұмысты ұйымдастыра білуі қажет: мақсат қою, жұмысты жоспарлау, тапсырманы бөлу, оқушының әрекетін бақылау



және бағалау, мұғалім шәкірттердің кеңесшісі болады. Жұмысты ұйымдастырып, топқа бөліп, әр топқа тақырып беріп, оларды талқылау көзделеді. Келесі әр шәкіртке жеке-жеке тапсырма беру, одан кейін жұптық тапсырмаға әр түрлі тапсырмалар беруге болады. Соңында бүкіл топ өз жұмыстарының нәтижесін талқылайды, бір-бірін бағалайды.

Бүгінгі өмірін бала оқытып, білім беруге бел байлаған әр ұстаздың жандүниесі сенім ең тілектің шуағымен нұрлана түспек деп ойлаймын. Қашан да білімді ұрпақ – баянды болашағымыздың кепілі. Тәуелсіз еліміздің тағдыры – жас ұрпақтың қолында болса, ұрпақтың тағдыры-бүгінгі ұстаздардың қолында.

Қазіргі заман оқушыларын қызықтыратын, қажеттіліктерін өтейтін шығармашылық жұмыстың бірі – комикс десек, қате айтпаймыз. Себебі комикс – ағылшын тілінен «күлкілі әңгіме» деген мағынаны білдіре отырып, оқушыны сол әңгімені өзі құрастыруына жетелейді. Комиксте оқушы ұтымды сөздермен негізгі ойды беріп қана қоймай, өздерін қызықтырған комикстер арқылы негізгі ойға жан бітіреді. Оқырманына суреттер әлемі арқылы ой тастайды. Аталған жұмысты орындатпас бұрын, шәкірттерге мультимодальды мәтіндер мен тақырыптарды таңдауға беру маңызды. Себебі дарынды оқушылардың алдында үнемі таңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Тақырыпты таңдап болған соң, оқушыға жалпы талаптар мен нұсқаулық ұсынылады. Комикс жазуда және оны жасауда баланың қиялы мен сыни ойлауы дамып, шығармашылық дағдылары шындалады. Себебі кейіпкерлер арасында диалог құруда, кейіпкердің ішкі монологін жеткізуде оқушы өзін солардың орнына қойып, эмпатияны сезінеді.

Балаларды жалықтырмайтын тағы бір жұмыс түрі «DOODLING» стратегиясы бойынша жазбаша мәтінді әңгімелеп жазу. Бұл жұмыстың ұтымдылығы балалар оқыған шығармаларындағы оқушыға ой тастаған негізгі кілт сөздерді түртіп алып отырады да, сол кілт сөздері негізінде оқушыға ой тастаған, шығармамен ассоциация жасайтын символ, елес суретін мәтіннің бетіне сызады. Өзінің салған суреті және кілт сөздерге сүйене отырып, әңгімені жаңа бағытта, өз қиялымен жазып шығады. Ұсынылған барлық шығармашылық жұмыстардың аясында мұғалім оқушының жан-жақты дамуына ықпал ете отырып, пәнаралық байланысты да тиімді жүргізеді. Атап айтсақ, тіл мен әдебиет, география, физика, информатика, арт өнері. Сурет салу, елестету, кеңістікте орналастыру, графикалық ойлау, төл сез бен төлеу сөзді, автор сөзін кейіпкерлер аузына салу. Әдеби шығарманы қайта жазу, графикалық әңгіме құрастыру – осы үдерістердің барлығы біз ұсынған жұмыстарда көрініс табады. Сондықтан мектеп құндылықтарының бірі үйлесімді дамыған тұлғаға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, қазіргі заманда өзекті болып табылатын «сандық азамат» форматына сай дамиды.

Оқушылардың жазылым дағдысын қалыптастыруда шығармашылық жұмыстардан сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыруды атап өтуге болады. Мұнда көбірек қолдауды кілт қажет ететін балаға суреттен бөлек, тірек сөздер берген тиімді. Одан басқа сыныптағы оқушылар деңгейін

ескере отырып, жұмыстарды беруге болады. Шығармашылық жұмыста оқиғаның күрт өзгеруі, күтпеген шешімдер қабылдануы да оқушының креативтілігінен хабар береді.

Өз бетінше жұмыс – бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетінше жұмысынсыз дамыту мүмкін емес. Мектепте өз бетімен жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай-бұл оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі қажет. Өйткені мектеп жасындағы оқушылардың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмысқа талпынысы басым болады. Сол себепті де бұл жұмысты тиімді ұйымдастыра білген мұғалімге оның берер маңызы зор. Өз бетінше жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау және өз тәжірибеміздің қорытындысы негізінде біз шығармашылық жұмысқа баулуда, оқушылардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін негізгі үш жұмыс түрін атай аламыз. Олар:

- Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар өз бетімен жұмыс түрлері;
- Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері;
- Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген әдеби шығармашылық бағыттағы жұмыстар.

Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Оқушының шығармашылығына бағыт- бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М.Жұмабаев болатын. «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі-деп атап көрсете келіп, мұғалім баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді.

Жазылым төрт дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Жоғарыда айтып өткен жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімге үлкен шеберлік қажет.

Сол себепті жазылым кезінде оқушыларға үнемі қолдау көрсетіліп отырғаны дұрыс. Ол үшін мұғалім сабақта мынадай іс әрекеттерді үнемі жасауы қажет:

1. Өз бетінше жазудың алдында - идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әр түрлі әдістерін үлгілеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны жазу үдерісін ұйымдастырады;
2. Жазу барысында оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын, грамматикасы ережеге сай екенін сөздердің үйлесімдігін қадағалайды;
3. Жазып болғаннан кейін – жұмыстың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды;
4. Оқушыға жазғанын қайта қарап шығуға мүмкіндік береді.

Жазылым барысында шығармашылық қабілеттерді дамытатын әдіс-тәсілдерді қолдану оң нәтиже береді деп есептейміз. Бұл кезде оқушы өзіне қажетті ақпаратты толық жинаған соң жазуға отырады. Жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жан-жақты зерттеу қажет.

Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым барысында оқушыларға жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмай тіркестерді таңдауға, құрмалас сөйлемдерді қолдануға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс байланыстыруға қолдау көрсетілуі тиіс. Сыныптағы оқушылардың деңгейін ескеріп, тапсырманы саралап берген дұрыс.

Ол үшін сабақта көбірек шығармашылық жұмыстар жасалыну қажет. Көптеген дерек көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Табиғаты шапшаң балалардың жазылым дағдысы кешеуілдейтіні байқалады екен. Ал бірқатар ғалымдардың пікірінше, әр баланың туа біткен шығармашылық мүмкіндіктері бар, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Мұғалім білім беру әдістерін қолданып, танымдық процесті ұйымдастыру тәсілдері арқылы баланың креативтілігін дамытуға ынталандырады.

Тұлғаның креативтілігін дамытудың маңызды шарттарының бірі - қауіпсіз, жағымды психологиялық орта құру. Жалпы оқушы шығармашылық жұмыспен айналысарда ол сауатты әрі өз ойын еркін жеткізе білетіндей болу қажет. Сондықтан да баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық жұмыстарға баулып, жазылым дағдысын қалыптастыра бастаған дұрыс.

Күнделікті өмірде қарапайым лексиканы қолданатын оқушылардың тілін ары қарай дамыту шығармашылық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Шығармашылық жұмыстардың реті оқушының қызығушылығы мен жас ерекшелігіне сай болуы керек. Сонда ғана жұмыс өнімді болмақ.

Шығармашылық жұмыс арқылы оқушы ойын көркем жеткізуге дағдыланады. Сөздік қордың кең спектрін қолданады. Сөйлемдерді сауатты құрылымдайды. Осы жұмыстар арқылы олардың пәндік білімдері жетіледі.

Қорыта айтқанда, жаңа әдіс арқылы бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуға, олардың оқу еңбегіне деген жағымды мотивациясын қалыптастыру үшін, тиімді инновациялық шешімнің бірі сабақта тиімді әдіс пен тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану ұстаздың біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Қазіргі таңда қазақ тілінің мәртебесін көтеруде, өз ойын, пікірін ауызша және жазбаша тілде көркем де анық, нақты етіп бере білу жолында жаңа технологияларды қолдану көмегін көптеп тигізері анық.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қосымова Г. Рахметова Р. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192б.
2. Битэм Э. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны: Оқулық.- Астана: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.
3. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі: Оқулық. – Астана: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.
4. Жусанбаева С.Б. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 210 б.

ӘОЖ 372.881.1

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

*Шишенбаева Р.У.,*

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,  
«№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ (Жаңаөзен қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыру туралы айтыла келіп, оқушының даму барысында қалыптасатын таным белсенділігі зерделенеді. Сондай-ақ автордың «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыру» атты авторлық бағдарламасы жаңа инновациялық технологиялар арқылы орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды мақсат етеді. Аталмыш құралдың өзектілігі де жан жақты айтылады.

*Кілт сөздер:* қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары, таным белсенділігі, оқу белсенділігі, бала дүниетанымы, оқушы тұлғасы, танымдық іс-әрекеттер

Бала белсенділігі туралы XVI – XVIII ғасырдағы негізделген алғашқы әрекеттер (Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо) және бұл ұстанымдарды А.Дистервегтің, К.Д.Ушинскийдің және XIX ғасырдың басқа да прогрессивті ұстаздардың қолдауы физиологиялық және психологиялық деңгейде адам белсенділігінің мәнін методологиялық бағалаушылық пен расталады (И.В. Сеченов, В.М. Бехтерев, И.П. Павлов, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А. Леонтьев). Осы зерттеулердің нәтижесінде тұлғаның белсенділігі оның табиғи жаратылысы жағдайы, сонымен бірге, тұлға іс-әрекет барысында қалыптасатындығы, іс-әрекет қандай болса, тұлға да сондай болады деген қорытындылар жасалынады. Демек, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін оқу белсенділігінің мәні ерекше. Шынымен-ақ, оқушылардың оқу белсенділігін арттыру арқылы өздігінен білім алуды қажетсіну қазіргі таңда шешуін күтетін өзекті мәселелердің бірі екені айқын.

Адамның белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау мұғалімінің басты міндеті.

Белсенділік деп адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды. Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдар мен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрде істейтін мұндай әрекеттерін ырықты немесе ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қатынас жасауға еліктеу рөлді ойындарды атқару барысында байқалады. Көбінесе балалардың ойындарда адамдардың іс-әрекеттері, тұрмысы, өзара қатынасы қамтылып көрсетіледі, ұжымдық өмір дағдылары қалыптаса бастайды. Ойын барысында балалардың құрдастарымен де өзара қатынасы өзгереді. Олар басқа балалармен ойнауға тілек білдіреді, еңбекке байланысты тапсырмаларды бірігіп, орындауға, өз қылықтарын ережеге бағындыруға, керексіз әдеттерді тежеуге, кедергіні ығыстыруға үйренеді.

Әр түрлі ойын баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады. Қарым-қатынас белсенділігі әсіресе, мектеп жасындағы балаларда айқын көріне бастайды. Ата-аналармен, мұғалімдермен, құрдастары және достарымен, үлкендермен балалардың қатынас жасауында әр алуан ерекшеліктер болады. V-VI сынып оқушылары қарым-қатынас жасау үшін ең алдымен өзіне дос және жолдас болатын құрбы-құрдастарын іздестіреді. Қарым-қатынас жасау белсенділігі жеке адам қасиеттерінің (мархабаттық, қайырымдылық, қамқорлық, өзі үшін және басқа адамдар алдында өзінің қылықтары жайлы жауапкершілік сезімі т.б.) қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың даму барысында таным белсенділігі артады. Балалар өте байқағыш, әр нәрсеге үңіле қарайды, кейде терең ойға шомылады.

Мектеп жасындағы балалардың таным ынтасын қалыптастыруда білім беру тәсілдерінің ерекше маңызы бар. Оқу барысында балалар түрлі заттардың, құбылыстардың мәніне, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарға терең түсінуге, алған теориялық білімдерін практикада еркін білуге үйренеді. Оқушылардың таным белсенділігі олардың шығармашылық іздену қабілетіне, мұғалімнің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты.

Жеке адамның санасының қалыптасу барысында өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі ерекше орын алады. Бала даму барысында өзін-өзі жетілдіру мақсатын көздей талаптанып әр түрлі әрекет жасайды.

Оқушылардың өзі-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу тәрбие жұмысының барысында сана сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті. Кеңес педагогикасында адамның қоғамдық-саяси белсенділігі күрделі моральдық-еріктік сана ретінде қаралады. Онда қоғамдық жұмысқа деген ынтасы, тапсырманы орындаудағы жауапкершілігі, орындаушылығы мен инициативтілігі, өзіне және жолдастарына талап қойғыштығы, қоғамдық тапсырмаларды орындаған кезде басқаларға көмектесуге әзір тұруы, ұйымдастырушылық іскерлігінің болуы осылардың барлығы бірінен-бірі ажырамастай ұштасып жатады.

Осы көрсеткіштердің әрқайсысы оқушының қоғамдық іс-әрекетке қатынасын және оның белсенділік дәрежесін сипаттайды. Кейбір жеке оқушыларда бұл көрсеткіштердің көрінуі түрліше болуы мүмкін және жас ерекшеліктеріне, сондай-ақ мектеп оқушыларының жеке бас тәжірибелеріне және белсенділік дәрежесіне байланысты. Коллективте қоғамдық жұмысқа деген ынтасы тұрақты дамыған оқушыны әрқашан да кездестіруге болады, олар мұғалімнің айтуынсыз-ақ оған кірісіп кете береді, өйткені олай істемей тұра алмайды. Бірақ мұғалім алдында, жолдастары алдында өздерін мадақтау мақсатында тек өздері үшін ең қызықты нәрселерді ғана жасайтындар да аз кездеспейді.

Тапсырманы орындау үстінде бір оқушы өзі жауапты бола тұрып, тапсырма орындауға басқаларды да мәжбүр етуі мүмкін, екіншісі өзі ұқыпты орындайды, бірақ жолдастары туралы ойламайды, ал үшіншісі өзгелерді бар ынтасымен құмарландырады, бірақ өзі еш нәрсе істемейді. Бұл қоғамдық белсенділіктің түрлі компоненттердің дамуындағы теңсіздіктерді тәрбиелеудің нақтылы процесінде ескеріп отыру, сөйтіп, осы арқылы кейбір оқушыда нашар, немесе мүлдем дамымаған жақтарына ықпал жасау керек.

Сана мен іс-әрекеттің тұтастығы материалистік диалектика мен психологияның ең маңызды заңдылығы болып есептелінеді. К. Маркс адам пассивті жеміс емес, ол қоршаған ортасын, жағдайларды және өзін белсенді (активті) түрде өзгерте алады деп жазған болатын. Бұл тұжырым тәрбие процесін ұйымдастырудың маңызды жолын ашады. Демократиялық педагогиканың классиктері де (И.Г. Песталоцци, Я.А. Коменский, Ы. Алтынсарин, т.б.) жеке тұлғаның өзінің белсенділігіне, оның шығармашылық-қайта құру іс-әрекетіне үлкен мән берген.

Белсенділік адамның табиғи қасиеттерінің бірі болып табылады. Дьюидің жетекші қағидасының айтуы бойынша оқыту процесінің белсенді қатысушысы болатын оқушы мінездемесін анықтайды. Дьюи бойынша оқушы егер «өзімен өзінің айналасындағы кернеуді табыстыра» алса, белсенді болады (S.M. Fishman, L. McCarty, 1998). Бұған қалай жетуге болады? Бұл айналаны белгілі бір мақсатпен зерттейміз және оның барысында алдағы ізденістерге қажет болатын жаңа жетістіктерге жету жолдарына үйренгенімізде орын алады деп есептейді ол. Оқушыға оқырманның қызығушылығын арттыратын дұрыс проблемаларды; сонымен қатар оқу бағдарламасына енген материалды оқу барысында меңгерілетін және нәтижелерге әкелетін проблемаларды оқуға беру біздің қолымыздағы нәрсе. Онда Дьюидің айтуына сай, оқыту мектептен тыс білім сияқты эмоционалдық күшке ие болады (S.M. Fishman, L. McCarty, 1998). С.Фишман айтуынша кластағы мүдде мен жігер механизмін Дьюи келесі тұрғыда көрсетіледі: 1. Не үшін? Балалар «не үшінсіз» мектепте үйреніп жатқаны мен өзінің болашағының арасындаға ұзақтықты құрастыра алмайды. 2. Неменеге? Оқушылар оларды мақсатқа жету үшін не көмектесетінін анықтау керек. Егер сен біреудің сенімін өзгерткің келсе, онда сен көрсетілген ақпараттар нақты неге назарын аударуды ұсынатындығыңды көрсету керек. Пән мен материал мақсатқа жетудің қажеттілігі мен мағынасы болуы керек. 3. Не арқылы? Бұл оқушыларды кластағы таныс емес элементтерді тануы үшін қолданатын бұрынғы тәжірибесі.

Психологияда белсенділікті іс-әрекет деп атайды. Жеке тұлғаның белсенділігі оның қажеттіліктерінен туады (материалдық және рухани, жеке немесе қоғамдық қажеттіліктер). Жануарлардан айырмашылығы адамның қажеттіліктері сәби жасынан бастап-ақ қоғамдық қажеттіліктермен реттелінеді. Адамның белсендігі (немесе оның әрекеті) оның себептеріне, мақсатпен міндеттерін дұрыс қоя алуына, оларды орындау тәсілдерін дұрыс таңдай алуына байланысты.

Белсенділіктің өзіне және жеке тұлғаның қоршаған ортамен тәрбиелік (сыртқы) әсерлерге қатысты ішкі ұстанымдарына байланысты ол әр түрлі бағыттарда қалыптасуы мүмкін. Егер оқушының осы әсерлерге деген көзқарасы теріс болса, ол тәрбиешісі қалағанынан қайшы бағытта дамиды. Мысалы, мұғалім оқушылардың білімін тексеру кезінде оқушының бағасын төмендетіп қояды да, оқушы оған ренжіп қалады. Мұндай жағдайда мұғалімнің үлгерімді жақсартуға шақырған әрбір сөзі оқушыда жасырын, кейде тіптен ашық қарсы әрекет тудырады. Тәрбиеші, оның педагогикалық әсері ішкі өрісте, яғни тәрбиеленушінің санасы мен сезіміне оң әсерін тигізбесе, барлық жағдайларда әрдайым осылай болып отырады.

Осының нәтижесінде, жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуында көрініс табатын барлық әсерлер мен ықпалдар екі топқа - ішкі және сыртқы болып бөлінетін болды. Қоршаған ортаның әсері мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторларына жатады. Табиғи әсерлер – бейімділік пен әуестік, сонымен қатар, адамның сезімдері мен күйзелістері, оның сыртқы әсерлердің ықпалымен пайда болатын сылтаулары мен қажеттіліктері –

барлығы ішкі факторларға жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактордың өзара байланысының нәтижесі болып табылады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыру» атты бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа алады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл бағытта инновациялық технологияларды, интерактивті әдістерді және ойын тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын оятуға болады. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту арқылы олардың мәдениетаралық қарым-қатынаста өзін еркін сезінуіне жағдай жасау қажет. Ұсынылған тәсілдер мен әдістерді жүйелі түрде қолдану арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға, сондай-ақ ұлттық бірлікті нығайтуға үлес қосуға болады.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мағлұматтарды қарапайым беруге негізделген жеткілікті дәрежеде айқын қалыптасқан білім беру моделінің тоқырауын айқын көрсетіп береді. Жеке тұлғаға деген талаптың күшейе түсуі қазір дүние жүзінде білім беру саласында жобалы өзгерістер жасау тенденциясының үдей түсуіне себеп болып отыр:

- білім берудің статистикалық моделінен оқушылардың ақыл-ой әрекетінің көп сырлы құрылымын қалыптастыруға көшу;

- оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекеттер құралын белсенді меңгеруге бағыттау;

- оқыту процесін жеке тұлғаның мүдесі мен қажеттілігіне бейімдеп болашақта өзгермелі қазіргі замандағы қоғамға толық мүмкіндігінше өзін-өзі жүзеге асыру.

Егер тәрбие жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер ететін болса, онда оның жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқара алатыны түсінікті. Осы бейімділік пен өсіп келе жатқан адамның жеке тұлға ретінде жетілуіне деген өзіндік ынтасы ғана түбінде оның дамығанын анықтайды. Осылайша бұл процесс, шын мәнісінде, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу сипатына ие болады. Л.Н. Толстойдың адамның дамуын жеміс ағашының өсуімен салыстыруы тегін емес. Өйткені, сөздің тура мағынасында оны ешкім өсірмейді, ол өздігінен өседі. Адам тек қана топырағын қопсытады, тыңайтқыштар себеді, артық бұтақтарын кеседі, яғни оның өзіндік мүмкіндік беретін қажетті сыртқы жағдайларын жасайды, оған дем береді. Ал өзіндік даму өзінің ішкі заңдары бойынша жүреді.

Баланың, оқушының белсенділігі іс-әрекеттің әралуан түрлерінде көрінетіні психологияда дәлелденген, өмір барысында қарым-қатынас, таным белсенділіктері, өзін-өзі жетілдіру мен қоршаған өмірді түрлендіру, өзгерту белсенділіктері дамиды. Кішкентай баланың өзі де пассивті емес түрде өмірдің жағдайларына бағынады. Ол өзінің талаптарын орындатқанда (үлкендерге)



белсенді, ол қоршаған адамдарға қатысты өз түзетулерін енгізеді. Ол адамға деген (ұнату, ұнатпау) және заттарға деген (керек, керек емес, жақсы көретін, жақсы көрмейтін) өзіндік жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Бұл қатынастар оның іс-әрекетінде жеке тұлғаның өзгешелігін жасай отырып пайда болады.

Қарым-қатынас-генетикалық түрде баланың белсенділігінің ең ерте белгісі. Адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі ерекшеліктері осы қарым-қатынаста көрінеді. Онда адамдарға деген қатынастың көптеген алуан түрлі ренктері бар: ата-анаға, мұғалімдерге, таныстарына, таныс емес адамдарға, құрдастарына, өзінен кішкентайларға, достарына. Бала өзіне дос таңдайды, ол адамдардың белгілі бір шеңберімен қарым-қатынас іздейді, ол басқаларға ықпал етеді. Ұжымда ол кейде ұйымдастырушы, кейде орындаушы болады. Қарым-қатынас белсенділігі жеке тұлғаның ең маңызды жақтарының дамуына жағдай жасайды, олар – адамгершілік, қайырымдылық, қамқорлық, өз өзі үшін, адамдар алдындағы өз істері үшін жауапкершілігі.

Оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудың бір көзі – сабақта жаңа технологиялар қолдану арқылы түрлендіріп өткізу. Көптеген инновациялар арасында оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастыруға аса қолайлы технология – сыни тұрғыдан ойлау жобасы. Сыни тұрғыдан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» деп аталады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыру» атты авторлық бағдарламам жаңа инновациялық технологиялар арқылы орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруды мақсат етеді. Оқушылардың қазақ тілін меңгеруі тек қана тілдік қабілеттерді дамыту емес, ұлттық мәдениетті тану, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру және Қазақстанның көпұлтты қоғамында қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Бұл тұрғыда оқушылардың таным белсенділігін арттыру арқылы қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын ояту қоғам үшін өзекті және стратегиялық маңызды. Осы бағдарламаның стратегияларын меңгеріп, тәжірибе жүзінде қолданса, оқушылардың оқу белсенділіктері, сабаққа деген қызығушылықтары артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да өз ойларын аз да болса жүйелеп еркін айтатын болады.

Орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыру үшін бірнеше инновациялық тәсілдер, атап айтқанда, интерактивті әдістерді қолдану, мультимедиялық құралдарды пайдалану, жеке тұлғаға бағытталған тәсіл, тілдік орта құру, қазақ әдебиетін тереңірек меңгеру сияқты тәсілдерді ұсындым.

Осы аталған авторлық бағдарлама білім алушыларға септігін тигізіп жатса, осы құрал арқылы жас ұрпақтың танымдық белсенділіктің артып, тілдік дағдылары дамып, шығармашылық қабілеттері артып жатса, мақсатымызға жеткеніміз деп білемін.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж.Б. Қоянбаев Р.М. Педагогика – Алматы, 2004.
2. Мирсеитова С, Іргебаева Ә. Әрекеттегі СТО философиясы мен әдістері. – Алматы: Издат. Маркет, 2004.
3. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы: Ғылым, 2003.
4. Қойшыбаева А. Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру. /Қазақ тілі мен әдебиеті, №7. Б. 59-61.
5. Рамазанқызы Ә. Оқушылардың белсенділігін арттырудың тиімді жолдары/ Қазақ тілі мен әдебиеті, № 3, 49-52 б.
6. Сабыров Т. Оқушының оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы: Мектеп, 1978.
7. Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: Дис. докт. – Алматы, 1993.
8. С. Жәнібекова Оқушылардың ойлау белсенділігін дамыту. // Бастауыш мектеп. 1999. – №7. – 13-15 б.
9. Талызина Н.Ф. Формирование познавательной деятельности учащихся. – М.: Знание, 1983

**ӘОЖ 372.881.1**

### МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МАҢҒЫСТАУДЫҢ БИ-ШЕШЕНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Нурмаганбетова К.С.,*

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,  
«№2 жалпы білім беру орта мектебі» КММ  
(Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада мектеп оқушыларына Маңғыстаудан шыққан би-шешендердің өмірі мен шығармашылығын оқытудың мәні мен маңызы сөз болады. Маңғыстау өңірінен небір жүйрік, айтулы би-шешендер шыққаны белгілі. Сол қазынаны мектеп оқушылары біле ме? Жалпы балаларға шешендік өнер, би-шешендерді білу қаншалықты өзекті екендігі осы мақалада зерделенеді. Сондай-ақ автордың осы тақырыпқа сай жазған «Маңғыстаудың би-шешендері» атты авторлық бағдарламаның өзектілігі де айтылады.

**Кілт сөздер:** Шешендік өнер, би-шешендер, Маңғыстаудың би-шешендері, маржан сөз, құнды мұра

Шешендік сөздер қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы болып табылады. Қазақтың дәстүрлі шешендік сөздерін: шешендік толғау, шешендік арнау, шешендік дау деп шартты түрде үшке бөлуге болады. Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп халық мойындаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің әр түрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп шешендік сөз «тілге жеңіл, жүрекке жеңіл» тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Шешендік сөздер үш түрлі болады: кеңесу, билік және салтанатты сөз. Ал құрылысы жағынан кіріспе, баяндау және қорытынды болып бөлімнен тұрады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ бекер айтпаған. Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болмасын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз.

Қоғам қашанда дарынды қабілетті адамдарға мұқтаж. Дарынды адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі және танымын дамыту керек. Сондықтан біз, мұның негізі халқымыздың даналықпен айтқан шешендік сөздерінде жатыр деп қарастырдық. Қазіргі кездегі оқу-тәрбиенің міндеті осы тың жатқан дүниені, даналыққа құрылған қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, шешендік өнерді жас ұрпақтың бойына қалыптастырып, сол арқылы рухани байлығын арттыру.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеден төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Қазақ шешендік өнері- атадан мирас болып, алтын баулы желісі үзілмей келе жатқан ардақты өнер. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды керекті, келеңді жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Ел есінде жүрген шешендік нұсқалардың туындыгері – шешен-би. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Аталмыш өнер атауының өзі осы қалыптан шығып отыр. Бұл тұрғыдағы ойларымыз алдағы тарауларда кеңірек баяндайтын боламыз.

Қазақта шешен, би деген ұғымдар дербес тұрып та, қосарланып та айтыла береді. Белгілі бір шешендерін өкіл деп танысақ, мәселен, Жиренше шешен, Зілқара шешен, Әлібек шешен, Сүйінбай шешен, Бөлтірік шешен, Шәңкі шешен, Мүсіреп шешен, Тұяқ шешен, ал енді бір сыңарын би деп түстеу, мәселен, Майқы би, Аяз би, Мөңке би, Әйтеке би, Бала би т.б. деп атау қалыптасқан. Би атауы – әлгіндей емес, белгілі бір мақсатқа, мемлекеттік мүддеге қызмет ететін, жалпы шешендіктен салыстырмалы түрде тар арнаға ыңғайланған шешендердің тобын көрсететін атау.

Бұдан билердің рөлі тек қоғамдық мәселелерді шешу үстінде ғана айрықша да, одан былайғы тұста шешендік сипаты жойылады деген ой туындамауы керек. Би дегеніміз – ел-жұрттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өткен-кеткен көне шежіресін, тарихын, қоғамдық даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың, жан-жануарлардың сан алуан қасиеттерін, құпияларын жетік білетін, бүгінгіге баға беретін, болашаққа болжам жасап, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ дөп басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар біртума жандар.

Сонымен шешен деген тұста бұл ұғым біздің жадымызда көне Грек пен Римнің сот залдарында алқалы жиындарда тоқтаусыз ағыл-тегіл сөйлеп, аудиторияны сөзіне ұйытып, айтар ойына мүлгітіп тұрған оратор түсінігінде ассоциацияланады да, би ұғымы заңдық, билік күші бар судья болмысы арқылы көрінеді. Осы екі ұғымды, екі болмысты, табиғатты жақындастыратын, жанастыратын қалып – шешендік, шешендік сөйлеу процесі. Шешендік өнер ілімі (риторика) ерте қалыптасқан антикалық Грек пен Рим теоретиктері, іргелес орыс теоретиктері шешендік өнерді сөйлеу процесі тұрғысынан мейлінше жан-жақты талдады, ілгері еңбектер жазды. Риторика ілімінің көне және орта дәуірінде Протогор, Демосфен, Цицерон, Аристотель, Квинтилиан, Марк Антоний, Луций Крам қайта өрлеу дәуірінің көрнекті өкілдері Кампонелла, Томас Мор, Петрарка, Данте, Рабле, Шекспир, орыс шешендік өнерінің теориясында Макарич, Усачев, Ломоносов, Рижский, Мерзляков, Галюч, Коменский, Сперанский есімдері тарих бетінде жарқырап қалды.

Қазақ шешендік өнерінің зерттелу тарихы өткен ғасырдың бірінші ширегінен бастау алады. Мәселен, 1883 жылғы «Дала уәлаяты» газетінің 24 санында Әлихан Бөкейханов ескі билердің шешендік сөздеріне аса ілтипат көрсетіп, оларды жинау, саралау, насихаттау идеясын көтерген. Ал шешендік сөздерге ғылыми түрлендірулер жасау үстіміздегі ғасырдың 20-шы жылдарынан басталған.

Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде қарастырған бұл тұстағы зерттеулер А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Сейфуллин есімдерімен тығыз байланысты. Алдыңғы тарауларда аталмыш ғалымдардың еңбектеріне көп орайда жүгініп отыратындықтан, бұл ретте зерттеулерге арнайы тоқталмаймыз.

Бұдан кейінгі кезеңдегі шешендік өнер тарихының зерттелуі Ә. Маметова, Б. Адамбаев еңбектерімен толықты. Сондай-ақ фольклортанушы ғалым С. Садырбаев шешендік сөздерді ішкі үлгілерге жіктеуде өзіндік ой-өrneгін көрсете білді.

Шешендік сөздердің әр жылдарындағы жиналып басылуына ат салысып, алғы сөздер жазып, өзіндік ой-өrneктер, ғылыми тұжырымдар қалдырып жүрген ғалымдар қатарына Т. Дәдебаев, С. Қорабай, Н. Төрәқұлов, М. Қазбеков сынды бұл істің үлкен жанашырларын атаған лазым, жалпы шешендік өнер аясында туындаған сөздерді шешендік сөздер деп атап, оны әдебиеттің дербес, жеке жанры ретінде ғылыми тұрғыдан бажайлау үстіміздегі ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы А. Байтұрсынов, М. Әуезов және С. Сейфуллин сияқты ғалымдар еңбектерімен тығыз байланысты.

Аталмыш ғалымдар алғаш рет шешендік сөздерді ғылыми зерттеудің көзі (объектісі) ретінде арнайы қарастырды. Мәселен, А. Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиеттанымдық» атты еңбегінің «Шешен сөз» деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді: а) саясат шешен сөз; ә) билік шешен сөз; б) қошамет шешен сөз; в) ділмор шешен сөз; г) уағыз.

Бұл тұстағы шешендік сөздердің функционалдық сипатын жазған, Ш. Уәлиханов еңбектеріндегі ой сарабын тереңдеткен, дамытқан ғалым Халел Досмұхамедов. «Қазақ халық әдебиеті» атты зерттеуінде Х. Досмұхамедов халық әдебиетін қырық алты түрге жіктей отырып, соның бір үлгісіне, жанрлық түрге «Билік сөз» деп шешендік сөздерді жатқызады. «Әртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (замечательные приговоры судей биев) деп аталады», – деп атап көрсетеді. Бұдан кейінгі кезеңде жалпы шешендік өнер аясында пайда болған шешендік сөздердің құлақ кесті үлгісі ретінде қандай жәдігерлер қарастырылуы, аталуы тиіс деген көкейдегі ойдың пердесін сыпырған, бұл төңіректегі теориялық ой-толғақтың нені шиырлауы керектігін Әуезовтен кейін тағы да атап көрсетіп, әдебиет тарихының тұтас бір дәуіріне арнаған еңбек С. Сейфуллиннің еңбегіндегі ой-зердесі М. Әуезовтің ой-пікірлерімен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі жанрға «билер сөздері» деген термин – атау ұсынғандығынан аңғарылады.

Сондай-ақ С. Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы функциясын айта алғандылығында.

Әдебиетші ғалым С. Негимов бұл турасында «бұған қоса ол әрі батыр, әрі әнші-ақын, жыршы, сыншы, сәуегей, шежіреші, ғұлама, бір сөзбен айтқанда, әмбебап дарын екендігін ескертеді», – деп пайымдайды.

Қазірде жаңаша ойлау диалектикасы тұрғысынан әдеби мұрағаттарымызды қайыра екшеп жатқан тұста билер функциясының аясын барынша кең арнада қарастырып жүрген еңбектердегі теориялық ой-пікірдің

жоғарыдағы С. Сейфуллин еңбегінен бастау алатынын көреміз. Мысалы зерттеуші Мұқадес Есламғалиұлы би – көсем, би – шешен, би – ақын, би – заңгер, би – емші, мәмлегер, би – батыр, би – саясаткер, қоғам қайраткері, би – ойшыл-ғалым, би – психолог, әртіс, би – тәрбиеші деп қазақ билерінің халық өміріндегі, қоғам алдындағы он түрлі қызметін түстегенде, жоғарыдағы С.Сейфуллиннің пікіріне сүйгендігін байқаймыз.

Осылайша шешендік өнердің аясын айқындап, хаықтық негіздері мен ұлттық сипатын бағдарлап, көркем сөз ретіндегі теориялық табиғатын тексере бастаған ғылыми-зерттеушілік ой-ағым отызыншы жылдардан кейінгі уақытта әдебиеттану ғылымындағы бел алып кеткен «тұрпайы социологизмнің» салқынына ұшырады. Сейфуллин зерттеулерінде табы сезіле бастаған бұл оңсыз теорияның ықпалы 1945 жылы қорғалған. Ә. Маметованың «Қазақ билерінің шешендік сөздері және оның әдебиеттегі тарихи орны» атты диссертациясына кері әсер етіп, кейін 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихы» атты кітапта жал-құйрығы күзеліп, кейбір концепциялары алынып тасталды.

Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуының келесі бір кезеңі тікелей әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаев еңбектерімен айқындалады. Балтабай Адамбаев М. Әуезов, С. Сейфуллин, Х. Досмұхамедов ұсынған «билер сөзі» терминін «шешендік сөздер» терминімен алмастырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерін мазмұнына қарай үшке, құрылысына қарай екіге бөледі.

«Шешендік сөздердің әлеуметтік және әдеби эстетикалық мәнін, жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ашып анықтау үшін сөз нұсқауларын талдаймыз және мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға топтап зерттейміз», – дейді [1].

Қазақ халқында белгілі бір мәселені талқылау кезінде шешен адамдардың тапқыр ойымен, шебер тілімен ауызша айтқан мазмұнды, көркем пікірін шешендік сөз дейміз.

Ақындық, шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркін сөйлеуге бостандық, сөз бостандығы. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға шек қоймаған. Тілімізде «би», «шешен» деген сөздердің бір мағынаға бірігіп, кірігіп кеткені белгілі, би болу үшін бір ғана сөзге шеберлік жеткіліксіз. Бұл ең алдымен елдің шежіресін, тарихын ұлылық-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе даудамай, соғыс біткен мәселелеріне реттеу тәртібін екінші сөзбен айтқанда, әдет-ғұрып заңын жетік білуге тиіс. «Ойлансақ мың бір пәле тілден туған, шешендер топ ішінде белді буған», – деп Шал ақын бекер айтпаса керек. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей көп ішінен дарынды шешендер шыққан. Шешендердің басым көпшілігі билеуші тап өкілдері болған. Көбінесе шешендер жер дауы немесе жесір дауы немесе ердің құнымен байланысты айтылған билік төрелік сөздер. Шешендік сөздер, өнер көп жағдайда әншілік, күйшілік тіпті ақындық сияқты өнер танымай кейбір тыңдаушы адамдардың «жақсылар» мен жайсаңдардың жеке бастарының қасиеттері ретінде де

бағаланған. Ақындар сияқты шешендер арнайы өнер жарысына түспеген, түсуге арналған, олардың шешендігі белгілі бір дауларды шешу үстінде көрінген, шешендік – тапқырлық сөздері белгілі бір мақсатпен байланысты туыған. Олардың дауласқан, айтысқан мәжілістеріне екінің бірі араласа алмаған. Алайда үстем тап өкілдері ру басы – билер шешендік өнерді өзінің шын иесі халықтан бөліп – жарып әкете алмаған. Нағыз кедей мен жарлы жалшыдан небір күміс көмей, жез таңдай халық шешендері шығып, әдеби тілімізді, тілдік қорымызды байытуға қалыптастыруға қазақтың алғашқы авторлары өлең-жырлары, аңыз-әңгімелері, шешендік сөздері өз Жәнібек хандығының төңірегінде дамыған. Қазақтың шешендік өнері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында, ханның ордасы Түркістан қаласында жанданған, ердің ұнына екі ауыз сөзбен бітірген даңқты дала Демосфендері ме Цицерондары, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және қара жігіт Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан.

Елімізде қалыптасқан шешендік сөздердің басқада қайталанбас өзіндік ерекшеліктері де мол. Бұлар – «аттың жалы, түйенің қомында» көшпелі өркениеттің мақсат-мүддесіне сай ауызекі, суырыпсалмалық дәстүрінде туған мұралар.

Суырыпсалмалық қазақ өнерінің қай-қайсысына болмасын тән, бірегейі құбылыс. Дәстүрлі қазақ өнерінің негізгі қасиеті сақталған жыраулық өнерді, ақындық өнерді, жалпы кең мағынасындағы ақындық өнерді импровизациясыз пайымдау аса қиын. Қазақ шешендік өнерінің бұл сипатын С.Негимов тілімен айтсақ: «Қазақ шешен билерінің импровизациялық қабілет қарымы шешендік өнердің ең жоғарғы биігіне шыққан деуге болады. Әрине қаумалаған қауымды дүр сілкіндіру, ой-қиял теңізіне жүздіру, ынта-ықыласын арттыру шешеннің табиғат сыйлаған қасиетінің үстіне табанды ізденістерімен, білім қорын үнемі жаңартып, түйінді қорытындылар шығарып, мәнерлі, әсерлі, әуезді тілмен жеткізумен ерекшеленеді». Соңғы кезде қазақ балаларына арналған ауыз әдебиетінің үлгілерін, оның салаларын оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Оқу материалдарына аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жырлар, шешендік сөздердің түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізу дүние танымын кеңейтуге, жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жас ұрпаққа қазақтың би – шешендерінің өмірінен мәлімет беріп қызықты тұстарынан сөз қозғау өнегелі істерге апарар жол.

Шешендік сөз – адамзат тарихындағы рухани материалдық мәдениеттің дамуының негізгі құралдарының бірі шешендікке құрылған әңгімелерді, аңыздарды және өлеңдерді бастауыш сыныпта оқыту бала тілін ұштайды, сөздік қорын байытады, өмірге деген көзқарасын оятып, дүниетанымына жол ашады [2].

«Бастауыш сынып оқушыларына қазақ халқының атақты шешендері Қаз дауысты Қазыбек, Төле, Әйтеке билерді ана тілі пәні арқылы таныстырып, олардан қалған құнды да мол мұраларды оқыту, ұлағатты сөздерін жатқа айтқызу – уақыт талабы» [3].

Ғалым – педагог Ы. Алтынсарин нақыл сөздерді жинады және оларды жариялады. Ол өзінің хрестоматиясына «Ізбасты», «Байұлы», «Жәнібек батыр», «Жиренше шешен» тағы басқалардың көргендікке, тапқырлыққа құрылған «даналық әліппелерін» енгізіп, кезінде оларды оқуға ұсынған. Алғашқы ұстаз аталы сөздің құндылығын сол кезде–ақ білген.

Шешендік сөздерді тұңғыш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов болса, 30-жылдары оларды іріктеп, жинап, халықтың керегіне жаратуға үлес қосып, қамқор болған, асыл сөздерді оқырман қауымға ұсынушы және балаларды ізгілікке тәрбиелеуде таптырмас құрал екенін оқытушы С. Сейфуллин болды. Сәкен Сейфуллин өзінің «Қазақ әдебиеті» дейтін кітабында шешен билердің әлеуметтік қызметтерін, шешендік сөздердің ауыз әдебиетінде алатын орнын анықтап, бірсыпыра нұсқауларын жариялады.

Одан кейін қазақ шешен сөздерін арнайы зерттеген ғалым Әмина Маметова. Ол өзінің «Қазақстан шешен билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны» кандидаттық диссертациясында белгілі қазақ билерін атап, олардың аттарынан айтылатын сөздердің әдебие мәнін толығырақ анықтай түседі. Сонымен, ана тілі сабақтарының танымдық мақсатына мыналар ескерілу қажет: 1. Шешендік сөздерді халқымыздың қадір тұтуы; 2. Шешендік сөздердегі ұлттық мәдениет және парасаттылық; 3. Асыл сөздің астарындағы ұлағатты сөздер; 4. Дау-жанжалдардың бітімін екі-ақ ауыз сөзбен шешіп, ел мен елді бітістіріп, жарастырып келелі мәселелерді тындырып отыратындығы.

Билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды.

Қазақ шешендік сөздері – бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, ас бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс.

Мектепте шешендік сөздерді оқытудың негізгі мақсаты мектеп оқушыларының өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, жауаптаса алатын тұлға деңгейіне көтеру, яғни ұлттық шешендік сөйлеудің айла амалдарын шешендік өнердің сыр мен сымбатын, тапқырлықты, тақырыптық тәсілдерді қолдану бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру. Оқушыларға шешендік сөздерді туралы сөз қозғағанда ең алдымен мұғалімге назар аудару керек. Мұғалімдер күнделікті сабақ беру үрдісінде шешендік сөздерді орынды жерінде ойын дәлелдеуде дәнекер етсе, оқушыларды тілге шебер ойы орамды мәдениетті сөйлеуге тәрбиелейді. Бір сөзбен айтқанда бұл құралдың жаңалығы – оқушылардың шешендік сөздерді меңгеру нәтижесінде сана-сезімі мен ақыл ой ұшқырлығы, сөз шеберлігі, дұрыс ойлау жүйесін қалыптасатын, төменгі сыныпта шығармашылық қабілетін арттыруға болады.



Түйіндей айтқанда, шешендік сөздерге халық даналығы, инбаттылық пен ізгілік нышандары жатады. Шешендік сөздердің балаларға, олардың тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға қаншалықты қажет екенін көріп отырмыз.

Осы орайда мен «Маңғыстаудың би-шешендері» атты авторлық бағдарлама жазып шықтым. Ол еңбегім мектеп оқушыларына Маңғыстаудан шыққан би-шешендердің өмірі мен шығармашылығын оқытуды мақсат еткен. Туған өлкенің осыған дейін танылған және толық таныла қоймаған өз заманының белгілі, атақты тұлғалары – керемет би- шешендерінің шығармалары мен құнды әңгімелерінің кең ауқымды насихатталмауы, зерттелмеуі, іздестірілмеуі, бұл тұлғалардың есімдерінің де тарих беттерінен ығысып, бозғылтануына әкелер еді. Бұл бағдарлама осындай «қара қылды қақ жарған» ерекше әділ шешімді өлке тұлғаларының шығармалары мен маржан сөз мұраларына сүйене отырып, болашақ ұрпаққа ұлағатты есімдерді паш етеді, танытады. Жастарымыз шешендік өнер құдіретімен тереңірек танысып, болашақ жергілікті би-шешендердің шешендік қасиеттерінің қалыптасуына мұрындық болады.

Мәтжан би Тілеумағанбетұлы, Сейіт би Есенұлы, Есен Сейіт немересі Ерменбет би Тұрұлы, Мәмбетнияз би Төлепұлы, Көбен би Дүкенұлы, Мая би Әнетұлы, Бәймембет би Маяұлы, Иса би Тіленбайұлы, Қалбы би Қырымқұлұлы мен Ғафур би Қалбыұлы, Көшкі Доспамбет Қыдырбайұлы, Құлыш би Түменбайұлы, Құлыш би, Қожық би, Бектұрған би, Сарымерген би, Бәшкей би, сондай-ақ Сердебай шешен, Шилан шешен, Тілеген шешен, Сынабай шешен Бәйденұлы, Айтқұлұлы Атақозы шешен, Меңдалы шешен Қамысбайұлы, Алшын шешен Меңдалыұлының өмірі мен шығармашылығы қамтылған маңызды құрал болып табылады.

Осы еңбек арқылы оқушының әдеби біліктері мен дағдыларын жетілдіріліп, оқушылардың дербес ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу сапасы артып, оқушылар бойындағы шығармашылық қабілеттері оянып, авторлық бағдарлама құралым қадеге жарап жатса, еңбегімнің жанғаны деп білемін. Мектеп оқушыларына Маңғыстаудан шыққан би-шешендердің өмірі мен шығармашылығын оқытудың мәні мен маңызы ерекше екеніне көз жеткіздік.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Адамбаева Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 195 б.
2. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997.
3. Қалимұқашева Б.Д. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Бастауыш мектеп. – Алматы: Мектеп, 1999. – №10. – Б. 10-12.
4. Шешендік шиырлары – Алматы: Қайнар, 1993.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫ – КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙТІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

*Кульджанова Г.К., Новикова М.С.,*

*№ 3 жалпы білім беретін мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің  
мұғалімдері,*

*педагог-зерттеушілер (Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан)*

*Аңдатпа.* Бұл мақалада функционалды сауаттылық ұғымы туралы айтыла келіп, үздіксіз білім беру тұжырымдамасы тұрғысынан функционалды сауаттылық компоненттерін меңгеру үдерісі, функционалды сауаттылық түрлері сипатталады. Ғалым И.А. Колесникованың оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруда үздіксіз білім берудің мазмұны қамтитын маңызды салалар талданады. Сондай-ақ авторлардың осы тақырыпқа сай жазған «Функционалды сауаттылықты дамыту (5-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама)» атты құралының өзектілігі де айтылады.

*Кілт сөздер:* функционалды сауаттылық, сауаттылық мазмұны, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, математикалық сауаттылық, ақпараттық сауаттылық, оқу сауаттылығы

Сауаттылық – көпқұрылымды. Қазіргі түсінік бойынша – бұл жай ғана жаза алу және оқи алу емес. Сауатты адам – бұл өзінің білімдік әлеуетін одан әрі жинақтауға және дамытуға дайын адам. Сауаттылық адамға алдағы мүмкіндіктерін анықтауға жағдай жасайды, яғни сауатты адам өзінің алдағы әрекетін алдын ала болжауға қабілетті болады.

Қазіргі педагогикалық терминологиялық сөздікте «функционалды сауаттылық – адамның қоғам өмірінің барлық салаларында сауатты, білікті түрде қызмет ете алуы» деп түсіндіріледі.

Сауаттылық ұғымының мазмұндық көлемі қоғам тарапынан жеке адамның сауаттылық деңгейіне қойылған талаптармен бірге өзгеріп келеді. Сан ғасырлар бойы «сауатты адам» ретінде оқып, жаза алатын адамды таныды, ал оқып, бірақ жаза алмайтын адамды «жартылай сауатты» деп есептеген. Бұл үрдіс ХХ ғасырдың соңына дейін жалғасты. Анықтамалықтарда, түрлі педагогикалық, энциклопедиялық сөздіктерде сауаттылық термині «ана тілінің заңдылықтарын ауызша және жазбаша сөйлеуде белгілі бір деңгейде білу дағдысы» деп түсіндірілді.

Халықаралық тәжірибе бойынша «сауаттылық» ұғымын, оның құрылымын анықтау мәселесі ХХ ғасырдың орта тұсында халық санағына қатысты жиындарда қарастырылды. 1958 жылы Париж қаласында өткен ЮНЕСКО-ның бас конференциясында барлық елдерде халық санағын жүргізе отырып, тұрғындардың ішінде сауатты адамдардың санағын анықтау

ұсынылды, бұл ретте сауатты адам ретінде оқып, жазылғанды түсінетін және өзінің күнделікті өмірі туралы қысқаша мазмұндап жаза алатын адам саналса, жоғарыда айтып өткеніміздей, тек оқи алатын адам – жартылай сауатты болып саналды.

Педагогика ғылымында «функционалды сауаттылық / сауатсыздық» жаңа ұғымы табылады. Бұл ұғым өткен ғасырдың 60-жылдары пайда болып, дамыған елдерге қатысты халықаралық мәселе ретінде ЮНЕСКО-ның құжаттарында белгіленді.

70-жылдардың ортасына қарай халықаралық тәжірибеде «сауаттылық» ұғымының түсініктемесіне өзгеріс енді. 1965 жылы Тегеранда өткен сауатсыздықты жоюға арналған Бүкіләлемдік конгресте «функционалды сауаттылық» термині ұсынылды, ал 1978 жылы Білім беру саласындағы статистиканы халықаралық стандарттау туралы ұсыныста ЮНЕСКО тарыпанан ұсынылған түсініктеме қайта қарастылып, «функционалды сауаттылық – барлық әрекет түрлерінде болады, тиімді қызмет ету үшін қажет сауаттылық және өзін-өзі және қоғамды (әлеуметтік ортаны) дамыту үшін оқу мен жазуды пайдалану мүмкіндігі» деп анықталды.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында «сауаттылық» ұғымы кеңейе бастады. Осылайша сауаттылық ұғымының нақты мазмұны тарихи тұрғыдан қоғамның жеке адамның дамуына қойған талаптарының өсуімен бірге кеңейе түсті.

Қазіргі қоғамдық өмірдің басты белгісі – қоршаған әлемнің үлкен жылдамдықпен өзгеруі. Адамзат тарихында алғаш рет зат, идея, технология ұрпақтар сабақтастығынан да тез ауысып жатқаны белгілі. Мұндай өзгерістер қоғамның барлық салаларына, соның ішінде білім беру жүйесінде де айтарлықтай ықпал етуде. Жаңа қоғам өмірдің жаңа талаптарына және кәсіби әрекетке сәйкес адамдарды дайындауды, осы ортада өзбетінше әрекет етуге үйретуді, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды және кері әсерлерден қорғауды үйретуді қажет етеді.

Білім беру жағдаяттарының ерекшелігі ретінде көптеген елдердегі тұрғындардың білім деңгейі функционалды сауаттылықты қамтамасыз етпеу фактісін атауға болады. 1987 жылы Канадада жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша 18 жастан жоғары 3 миллионға жуық канадалықтар функционалды сауатсыз, бұл жалпы халықтың 29,5 %-ын құраған. Функционалды сауатсыз адамдардың 50 пайызы оныншы сыныпты бітірсе, үштен бір бөлігі орта мектепті, ал 8 пайызы университет дипломын иеленген адамдар болған.

Осындай нәтижелер басқа да елдерде де анықталған, Зерттеуші Клаус Мозердің 1999 жылы Ұлыбританияда жүргізген жұмыстарының нәтижесінде 7 миллион (ересектердің 5-тен 1-і) британдықтың функционалды сауатсыз екенін анықталған. Сондай-ақ 3 миллионға жуық немістер функционалды сауатсыздардың қатарынан саналады.

XXI ғасырдың басында АҚШ-тағы функционалды сауатсыздар қатары 84 миллион болған, 25 миллион адам дәрідегі көпіршіктердің не екенін

түсінбеген, 22% ересектер конвертке мекенжайды дұрыс жаза алмаған. Осыдан кейін 75%-ға жуық ірі компаниялар өз жұмысшыларына оқу дағдысын жетілдіру үшін бағдарламалар ұсынуға мәжбүр.

Қазіргі таңда білім сапасын бағалау бойынша ірі зерттеушілер ретінде мойындалған бірнеше ұйымдар бар, олардың қатарында IEA, TIMSS, PISA (Programme for International Student Assessment) сияқтыларды атауға болады. Мұндай зерттеулерге әлемнің 50-ге жуық мемлекеті қатысады, оларда көбінесе өсіп келе жатқан жастардың білім деңгейі бағаланады.

Мәселен, PISA – халықаралық білім жетістіктерін бағалау бағдарламасы.

2013 жылдың 3 желтоқсанында Экономикалық әріптестік және даму ұйымы PISA-2012 қорытындысын жариялады. 65 елдің ішінде қазақстандық қатысушылар математикадан 49-шы орын алды. 52 орын – жаратылыстану дисциплинасынан, 63 орын оқу сауаттылығынан деп мәлімдеді.

2000 жылы алғаш рет ұйымдастырылған зерттеу әр үш жылда бір рет болады. Біздің ел PISA-ға осымен үшінші рет қатысқалы отыр. Алғашында 32 елде өткізілген бағдарламаның маңыздылығын түсінген мемлекеттердің саны артып келеді. PISA-ға 2015 жылы 70-ке жуық ел қатысқан.

Зерттеуге қатысатын білім беру ұйымдарының тізімін АҚШ-тың WESTAD халықаралық ұйымы іріктейді. Қатыстырылатын мектептер мен оқыту орталықтарының тізімі PISA-ның басталуына бір ай уақыт қалғанда жария етіледі.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы тұрғысынан функционалды сауаттылық компоненттерін меңгеру / иелену үдерісі өмір бойына созылады. Демек, адамның функционалды сауаттылығы тоқтап қалатын үдеріс емес, адам функционалды сауаттылық компоненттерін толықтыра отырып, өзін дамытады, осы арқылы қоршаған қоғамның дамуына үлес қосады.

Ғалымдардың пайымдауынша, қазіргі жағдайда сауатты адам ретінде білімді өзбетінше алатын, қорытатын және тиімді түрде пайдаланатын адам қарастырылады, ол оны тек тар кәсіби салада ғана емес, қоғамдық істерде, өз отбасылық өмірінде, өзін-өзі жан-жақты дамытуда пайдалана алуы тиіс.

Оқушылардың функционалды сауаттылығына қатысты алатын болсақ, оқушы негізгі білімді, оның ішінде белгілі бір қажетті сауаттылық компоненттерін университет қабырғасынан алды. Білімді игерудің, оны пайдаланудың жолдарын игерді, үйренді, белгілі бір дағдылары қалыптасты. Бүгінгі оқушы ертеңгі маман, мәселен мұғалім мектепке барып еңбек жолын бастаған түрлі жағдаяттарда өзінің білімін одан әрі жалғастыра береді, ол университет қабырғасынан үйренген білімді алудың, жинақтаудың, қорытудың, жалпы әрекет етудің тәсілдерін меңгерді, оны өмір бойы пайдаланады және дамыта береді.

Жас маман – білім берумен қатар оқушыға тәрбие беретін мектептегі негізгі тұлға. Олай болса оның алдынан түрлі жағдаяттар туындауы мүмкін. Әртүрлі шешімдер қабылдауда маман неге сүйенеді, әрине өзінің функционалды сауаттылығына, жинаған тәжірибесіне сүйенеді.

Қазіргі дамыған технология заманында өзгерістер жылдам енуде. Бүгін жаңа нәрсе, ертең жаңа қалпынан айырылады, осымен байланысты функционалды сауаттылық үздіксіз, өмір бойына дамытуды қажет етеді. Функционалды сауаттылық деңгейіне байланысты адам саналы түрде әлеуметтік үдерістерге қатысы алады.

И.А. Колесникова көрсеткеніндей, оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруда үздіксіз білім берудің мазмұны үш негізгі маңызды саланы қамтуы тиіс:

- сауаттылықты үйрету – компьютердің, функционалдық, әлеуметтік және т.б.;

- кәсіби оқыту – кәсіби дайындық, қайта даярлау, біліктілікті көтеру;

- жалпы мәдени – еңбек әрекетімен байланысты емес қосымша білім.

Функционалды сауаттылық нақты бір статикалық жағдаятта көрініс табады, сондай-ақ функционалды сауатсыздық та жағдай, өмір сүру салты, кәсіби әрекет түрі өзгергенде көрінеді.

Функционалды сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Функционалдық сауаттылық- оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. «Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып, кейін зерттеушілердің күнделікті өміріне енді. Функционалды сауаттылық кең анықтамасында білім берудің (ең алдымен жалпы) адамның көп қырлы қызметімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде көрсетіледі, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналуда.

Функционалды сауаттылықтың бірнеше түрлері бар. Бәрімізге белгілі, оқушылардың пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралдарына тапсырма түрінде берілген пәндік БЕД жатады, ал ұйымдастыру формасына – проблемалық жағдайлар жатады. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады: «жаратылыстану сауаттылығы», «математикалық сауаттылық» және «оқу сауаттылығы».

Сонымен қатар оқушылардың креативті ойлауына да тереңінен назар аударылып отыр. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы – жаратылыстану ғылымдарын тану және сұрақтар қою, жаңа білімді меңгеру, жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру және жаратылыстану мәселелеріне қатысты ғылыми дәлелдемелерге негізделген қорытындыларды тұжырымдау үшін жаратылыстану білімін меңгеру және пайдалану қабілеті; жаратылыстану ғылымының адам танымының бір түрі ретіндегі негізгі белгілерін түсіну; жаратылыстану ғылымдары мен техниканың қоғамның материалдық,

интеллектуалдық және мәдени салаларына әсер ететіндігі туралы хабардарлығын көрсету; жаратылыстануға қатысты мәселелерді қарастыру кезінде белсенді азаматтық ұстанымды көрсету.

Математикалық сауаттылық – жеке тұлғаның математиканы әртүрлі контексттерде тұжырымдау, қолдану және түсіндіру қабілеті. Ол математикалық пайымдауды, құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық түсініктерді, процедураларды, фактілерді және құралдарды пайдалануды қамтиды. Адамдарға математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, негізделген пайымдаулар жасауға және сындарлы, белсенді және рефлексивті азаматтар қабылдауы керек шешімдер ұсынуға көмектеседі.

Оқу сауаттылығы – адамның өз мақсатына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамдық өмірге қатысу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну және пайдалану, олар туралы ой елегінен өткізу және оқумен айналысу қабілеті. «Осының ішінде жаратылыстану-ғылыми сауаттылыққа тоқталатын болсақ, жаратылыстану-ғылыми сауатты оқушы не істей алады?» – деген сұрақ туындайды. Ол үшін алдымен жаратылыстану-ғылыми сауаттылық күзиреттілігін түсіндірсек.

Құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсіндіру, ақпаратты тану, терминдерді сипаттау, білімін еске түсіру және қолдану, есте сақтау арқылы қайта жаңғырту, мәліметтерді талдау және қорытынды жасау, құбылыстарды түсіндіру, сипаттау, болжам жасау, деректер жинау, деректерді түсіндіру, қорытынды тұжырымдар жасау, ғылыми дәлелдемелерді пайдалану; ғылыми зерттеу жүргізу және бағалау, – зерттеу сұрағын анықтау, зерттеу сұрағының әдістерін ұсыну, дәлелді деректерді мен түсініктерді сенімді сипаттау және бағалау. Жаратылыстану – ғылыми сауаттылығы күзиреттіліктерін қалыптастырудың бірден бір жолы теорияны практикаға негіздей отырып оқыту.

Оқушылар практикалық жұмыстар арқылы жаңалықтарды ашуға қадам жасайды. Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығының күзиреттіліктерін тапсырмалар және зерттеу жобалары арқылы жүзеге асыруға болады. Күнделікті сабақтарда оқу мақсатына сәйкес оқушылардың негізінде, оқушылар бойында мынадай дағдылар қалыптасады: Мәселерді шешу дағдылары. Өз бетінше ізденіп, талдап, оны таңдай біліп, қызығушылығы артады. Топта, жұппен жұмыс істеуі өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білу арқылы түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады.

Үшіншіден – шешімдер қабылдау мен жауаптылыққа бейімділігі, жүйелік әдістер мен жүйелік сараптамаларды пайдалану дағдысы. Өзінің шығарып отырған есептерінің, орындаған тапсырмаларының өмірмен байланысына көз жеткізе отырып, әр ісіне жауапты қарауға өз мүмкіндігін нақты перспективалық жоспар құрып салыстыра білу дағдысы. Түрлі тапсырмаларды шешудегі жағдаяттар оқушылардың өз ойлауын, нақты мінез-құлықтарын қалыптастыру, өзіндік әрекеттерге бағыттау дағдысы.

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде еркін сөйлеуді көздейтін коммуникативтік сауаттылық; басқа біреудің ауызша және жазбаша сөзін барабар түсіну қабілеті және өз ойын өз бетінше жеткізе алу;

Ақпараттық сауаттылық – оқулықтар мен анықтамалық әдебиеттерден ақпаратты іздеу, интернеттен және білім беру дискілерінен, сондай-ақ басқа да әртүрлі көздерден ақпаратты алу, ақпаратты өңдеу және жүйелеу және оны әртүрлі тәсілдермен ұсыну қабілеті.

Іс-әрекет сауаттылығы – ұйымдастырушылық қабілеттер мен дағдылардың көрінісі, іс-әрекетке мақсатын қою және ауызша тұжырымдау, жоспарлау және қажет болған жағдайда оны өзгерту, осы өзгерістерді ауызша дәлелдеу, өзін-өзі бақылауды, бағалауды жүзеге асыру, түзету және т.б.

Оқушыларының функционалды сауаттылықтарының мазмұны оқу, жазу сауаттылығынан, жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан, математикалық сауаттылығынан, компьютерлік сауаттылығынан, денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан, құқықтық сауаттылығы сияқты құзыреттіліктерден көрінеді.

Құндылықтар негізінде функционалды сауаттылықты қалыптастыруда күтілетін нәтижелер:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Осы орайда біздің авторлығымызбен дайындалған «Функционалды сауаттылықты дамыту (5-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама)» атты құралдың мақсаты – оқушыларды ой-пікірлерін жазбаша және ауызша түрде жеткізуге, бәсекеге қабілетті және белсенді әлеуметтік тұлғаны қалыптастыруға үйрету;

«Функционалды сауаттылықты дамыту» бағдарламасының теориялық маңызы ерекше. Ол қазіргі педагогика, психология және лингвистиканың іргелі тұжырымдамаларына негізделеді, бұл оны жазбаша және ауызша сөйлеуге оқыту әдістемесін дамытуға қосқан үлес ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Функционалды сауаттылықты дамыту» бағдарламасы мәтін дағдыларын оқытудағы инновациялық әдіспен ерекшеленеді, бұл оны бірегей және өзекті етеді. Курстың жаңалығы орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалды сауаттылық дағдыларын біріктіруде, оқытудың дәстүрлі әдістерін ғана емес, сонымен қатар жаңа ақпараттық технологияларды, цифрлық ресурстарды және сонымен қатар білімді практикалық қолдану үшін жағдайлар жасау. Курс сонымен қатар студенттердің дербестігі мен

бастамасын дамытуға ықпал ететін жобалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің элементтерін пайдалануды көздейді. Педагогикалық мақсаттылық оның қазіргі қоғамда сұранысқа ие негізгі дағдыларды дамытуға және оқушылардың жеке тұлғасын жан-жақты дамытуға жағдай жасауға бағытталғандығымен анықталады.

Дайындаған «Функционалды сауаттылықты дамыту (5-сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарлама)» атты құралымыз жас ұрпақтың сауаттылығын ашуда үлесі болса, біз үшін зор қуаныш болары сөзсіз.

Қазіргі қоғамдық өмірдің басты белгісі – қоршаған әлемнің үлкен жылдамдықпен өзгеруі. Адамзат тарихында алғаш рет зат, идея, технология ұрпақтар сабақтастығынан да тез ауысып жатқаны белгілі. Мұндай өзгерістер қоғамның барлық салаларына, соның ішінде білім беру жүйесінде де айтарлықтай ықпал етуде. Жаңа қоғам өмірдің жаңа талаптарына және кәсіби әрекетке сәйкес адамдарды дайындауды, осы ортада өзбетінше әрекет етуге үйретуді, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды және кері әсерлерден қорғауды үйретуді қажет етеді. Қазір басқа буын, жаңа ұрпақ өсіп келеді. Олардың жан жақты сауатты болуы – күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселе.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «Қазіргі білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық: дәстүрлер мен инновациялар» конференция жинағы, Орал, 2013. Б.90.
2. PISA халықаралық зерттеуі, ӘҚ, Астана: ҰББСБО, 2013. Б.12-15, Б.78 79.
3. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері // NIS- PEARSON, 2014.
4. Жайтапова А.А., Рудик Г.А., Белошниченко Е.В., Сатывалдиева А.С. Педагогика 21-го века на пороге школы. Алматы.2009.
5. Заир – Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке – М.: Просвещение, 2004 – 175б.



## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

*Кирабаева А.К.,*

*№ 3 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
педагог-зерттеуші (Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан)*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында жазылым дағдысын дамытудағы әдіс-тәсілдер сипатталады. Әдіс-тәсілдер түрлері мен олардың тиімділігі, оқушының шығармашылығын қалыптастыру жан жақты зерделенеді.*

***Кілт сөздер:** қазақ тілі, кірме сөздер, сөз варианттары, фонетикалық варианттылық, сингармонизм жолы*

Білім беру мазмұны жаңарған сайын мектеп мұғалімдеріне артылар жүктің салмағы да ауырлай түсті. Олар, ең алдымен, білімді де білікті шығармашылық тұлға ретінде, келер ұрпаққа әлеуметтік қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде үнемі өзінің инновациялық іс-әрекетін жетілдіруі және оны оқыту үдерісінде жүзеге асыруы керек. Соған сай қазіргі білім беру ошақтарына білік-дағдысы қалыптасқан, инновациялық технологиялар мен ақпараттық технологияларды жетік игерген, оны оқыту үдерісінде тиімді қолдана білетін ізденімпаз, шығармашыл тұлғалар ауадай қажет.

Оқыту үдерісінде қолданылатын әдістер – оқу материалын игеруде оқушыларды белсенді ойлауға талпындыратын, белсенді практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Бұл әдістер сабақ барысында оқушылардың өздігінен білім-дағдыларды қалыптастыруына септігін тигізеді. Ал мұғалім іс-әрекетті ұйымдастырушы, бағыттаушы тұлға ретінде сабақ барысында интербелсенді әдіс-тәсілдерді оңтайлы қолдануға күш салуы қажет. «Әдістеме әлемінде» ғылыми-әдістемелік жинағында әдіс-тәсілдердің тиімділігі туралы әдіскер-ғалымдар былай деп ой қорытады: «Әдістер оқушылардың жоғары белсенділігін көтереді, алынған білімін қайта қарауына мүмкіндік береді» (Ф.Оразбаева), «Әдістер жүйесі дегеніміз – оқу үдерісіндегі жасалатын қызметтердің рет-ретімен іске асуының негізіндегі қажет ақпараттың жиналуы мен өңделуі» (Н.Құрманова), «Оқыту үдерісінде интерактивті әдістерді қолданудың жағымды жақтары – оқушының білімді меңгеруде белсенді түрде жұмыс жасауы, алға қойған мақсатты ұжым болып шешуі, оқушының сабаққа деген ынтыласы» (С.Жұманова). Әдіскер-ғалымдардың тұжырымдарын ары қарай сабақтар болсақ, қазіргі таңда әдіс-тәсілдер оқу үдерісінде сабақты нәтижелі өткізуде өте маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс-тәсілдер оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқуға деген мотивациясын қалыптастырады, оқу материалдарын жан-жақты игеру арқылы ұлттық құндылықтарды тануына

әкеледі және де коммуникативті тәжірибенің іргетасын қалайды. *Сабақты тиімді өткізуде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің біразын зерделеп көргенде байқағанымыз, әдіс-тәсілдер оқыту үдерісінде тұлғаны дамытуға, ізгілендіруге, сыни тұрғыдан ойлауына бағытталған әдістер жүйесі ретінде оқ бойы озық тұр. Әсіресе, аталған әдіс-тәсілдердің өзіне тән мынадай басты ерекшеліктерін атап өтуге болады:*

- оқушының тілдік қарым-қатынас жасау барысында қызығушылығын оятады;
- белгілі тілдік ортада өзін жайлы және еркін ұстауына әкеледі; оқу үдерісінде оның тілдік, танымдық, шығармашылық қабілеттерінің оянуына түрткі болады;
- оқушының сабақ үдерісіне қатысатын басқа да тілдік тұлғалармен қарым-қатынасқа түсетін негізгі фигура ретінде белсенділігін оятады; мұғалім оның интеллектуалдық, шығармашылық мүмкіндіктерін толық ашушы тұлға ретінде инетрбелсенді әдіс-тәсілдер арқылы өздігінен білім алуына ықпал етеді;
- сабақта түрлі формаларда (жеке, жұптық, топтық, ұжымдық) сабақ өтуге мүмкіндік туады, т.б.Қазіргі білім беру жүйесінде кез келген ізденімпаз мұғалім оқытудың әр түрлі әдістемесін терең меңгермейінше, оң нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Қазіргі кездегі білім берудің замануи әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Ал оқу мақсаттары белсенді оқыту топтық, жеке, жұптық жұмыс түрлерін қолдану арқылы іске асырылады. Мұғалімнің іс-әрекеті оқушыны бақылауға, бақылау нәтижесін өңдеуге, бағыт-бағдар беруге, күтілетін нәтижені анықтауға арналады. Оқушының іс-әрекеті өз көзқарасын салыстыруға, топтық, жұптық жұмыста бірлесе шешім шығаруға, өз жетістіктерін бағалауға арналады. Әдетте, біз оқушының жазылым жұмысынан ерекше ой мен идеялардың көрініс табуын күтеміз. Ондай нәтиженің көрініс табуы тікелей жазылымға дейінгі орындалған жұмыстардың қорытындысынан шығатынын естен шығармауымыз керек. Себебі, оқушы жазылым жұмысын осыған дейінгі жинаған ақпараттары мен сөздік қорды қолданып жазады.

Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Табиғаты шапшаң балалардың жазылым дағдысы кешеуілдейтіні байқалады екен. Ал бірқатар ғалымдардың пікірінше, әр баланың туа біткен шығармашылық мүмкіндіктері бар, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Мұғалім білім беру әдістерін қолданып, танымдық процесті ұйымдастыру тәсілдері арқылы баланың креативтілігін дамытуға ынталандырады.

Тұлғаның креативтілігін дамытудың маңызды шарттарының бірі - қауіпсіз, жағымды психологиялық орта құру. Жалпы оқушы шығармашылық жұмыспен айналысарда ол сауатты әрі өз ойын еркін жеткізе білетіндей болу қажет. Сондықтан да баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық жұмыстарға баулып, жазылым дағдысын қалыптастыра бастаған дұрыс.

Күнделікті өмірде қарапайым лексиканы қолданатын оқушылардың тілін ары қарай дамыту шығармашылық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Шығармашылық жұмыстардың реті оқушының қызығушылығы мен жас ерекшелігіне сай болуы керек. Сонда ғана жұмыс өнімді болмақ.

Шығармашылық жұмыс арқылы оқушы ойын көркем жеткізуге дағдыланады. Сөздік қордың кең спектрін қолданады. Сөйлемдерді сауатты құрылымдайды. Осы жұмыстар арқылы олардың пәндік білімдері жетіледі. Кесте бойынша орындалған жұмыс түрі, оқушыны жазылым жұмысына дайындауда, оқушы қажеттілігін өтеуде тиімді. Себебі, оқушының ойында өзі іріктеп, талдап, саралаған ақпараты ұзаққа сақталып, оны жазылым жұмысында міндетті түрде қолданатынын көрсетті. Өйткені, жазылым жұмысының жемісті болуы үшін оқушының өз тарапынан іздене отырып, алған ақпараттарын орынды дәлел ретінде қолдана білуі маңызды. Одан бөлек «Ақындар мен жазушылар» әдісін атауға болады. Бұл әдіс тоқсан соңында қортынды жұмыс жасауда өз септігін тигізіп жүр. Себебі бұл әдіс арқылы топтағы оқушылар 3-4 минут аралығында өздері білетін ақын-жазушыларын және олардың көркем шығармаларын жазып шығады да, кезектесіп оқиды. Сондай-ақ, сол көркем шығарманың не туралы екендігін жалпы мазмұнын қысқаша жазу арқылы кейіпкерлерін де жазып шығады. Қай топтың тізімінде тұлғалар мен шығарманың мазмұны жүйелі, жинақы, дұрыс жазылған болса, сол оқушылар жеңімпаз болады.

Оқушылардың жазылым дағдысын дамыту үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдап, қолдану мұғалімнен ерекше жігер мен шеберлікті талап етеді. Аталған жұмысты жүзеге асыру мақсатында жыл бойындағы сабақтар барысында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданған болатынын. Атап айтатын болсам, оқушыға нақты ақпаратты іріктеу мақсатында «Оқылым стратегияларын», мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды, көркем шығармалардан алған әсерлері мен шығарманы талдатуды үйрету мақсатында мен «Үш қадамды сұрақ», «Төрт сөйлем», «Шағын эссе», «10 минуттық эссе», «ДЖИГСО», «Барлық факторларды ескеру», «Оқушы пікірі» секілді түрлі әдістерімен қатар, кейіпкерлерге мінездеме беруде, іс-әрекетін бағалауға қатысты көзқарастарды анықтату үшін «Ар-ождан аллеясы» әдісін қолдануға болады.

Осы әдістердің ішінде «Креативті матрица» әдісін қолдану тәжірибеме тоқталмақпын. Аталған әдіс көлемді шығармаларды (роман) оқытып, оқушыны жазылым жұмысына дайындап бағыттауда өз тиімділігін көрсетті. Бұл әдіс арқылы оқушы: көркем шығармадағы образдың сомдалуы мен кейіпкерге мінездеме беруде (тура және жанама мінездеуді анықтауға), шығармаға қатысты ойын дәлелдеп, пікір білдіруге, нақты дәлелді іріктеуге

дағдыланады. «Креативті матрица» әдісі тапсырманы орындаушы оқушыға нақты бағыт беруге көмек етеді.

Бұл әдіс арқылы оқушы тапсырманы орындау барысында шығармадағы кейіпкерлер мен олардың әрекеттерін мысалға келтіріп, әрекеттерінен құндылықтарды оңай анықтай алады. Сол арқылы кейіпкерлерге беріліп тұрған тура және жанама мінездемелерді тез тауып, өздері іріктеген ақпаратты кейіпкерге қатысты көзқарасын білдіруде тиімді қолдана алды. Кесте бойынша орындалған жұмыс түрі, оқушыны жазылым жұмысына дайындауда, оқушы қажеттілігін өтеуде тиімді.

Себебі, оқушының ойында өзі іріктеп, талдап, саралаған ақпараты ұзаққа сақталып, оны жазылым жұмысында міндетті түрде қолданатынын көрсетті. Өйткені, жазылым жұмысының жемісті болуы үшін оқушының өз тарапынан іздене отырып, алған ақпараттарын орынды дәлел ретінде қолдана білуі маңызды. Одан бөлек «Ақындар мен жазушылар» әдісін атауға болады. Бұл әдіс тоқсан соңында қортынды жұмыс жасауда өз септігін тигізіп жүр. Себебі бұл әдіс арқылы топтағы оқушылар 3-4 минут аралығында өздері білетін ақын-жазушыларын және олардың көркем шығармаларын жазып шығады да, кезектесіп оқиды. Сондай-ақ, сол көркем шығарманың не туралы екендігін жалпы мазмұнын қысқаша жазу арқылы кейіпкерлерін де жазып шығады. Қай топтың тізімінде тұлғалар мен шығарманың мазмұны жүйелі, жинақы, дұрыс жазылған болса, сол оқушылар жеңімпаз болады.

Бұдан бөлек «Төрт сөйлем» әдісі де сабақтарда қолдануда өте тиімді. Себебі бұл әдіс те оқушының жазылым дағдысын дамытуға өз септігін тигізіп келеді. Әдіс арқылы оқушыларға сұрақ бере отырып, сол сұрақ аясында оқушы пікір білдірумен қатар, себеп, мысал, қорытындысын жазып шығады.

Ал қазақ тілі сабағында сабағында оқушылар көбіне мәтінмен жұмыс жасайтындықтан «Алдын-ала берілген атаулар», «Детальдары қосу», «Жалғастыр», «Қазына іздеу», «Данышпан үкілер», т.б секілді әдіс-тәсілдерді қолданған өте тиімді. Осылардың ішінде «Алдын-ала берілген атаулар» әдісіне тоқтала өтсек. Бұл әдіс арқылы мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау), оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындауы керек. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдайды. Бұл тапсырманы күрлендіруге де болады. Ол үшін алдын-ала берілген атаулардың ішіне сабақ тақырыбына қатысы жоқ бейтарап сөзді қосуға болады.

#### ***«Детальдарын қосу» әдісі.***

Мақсаты: мәтіннен алған ақпаратты анықтау, толықтыру.

Сипаттамасы: Топта жұмыс істеу кезінде оқушы меңгерген білімдерін көрсету үшін сөзді сөйлемге айналдырып, кеңейтуі қажет. Мысалы қазақ тілі сабағында зат есім немесе қаратпа сөздер десек, оқушы не білетіндігін жазып шығуы тиіс.

#### ***«Қазына іздеу» әдісі.***

Мақсаты: сұрақтар негізінде мәтіннен жауаптарын табу және оны өз сөздерімен жазып шығу.

Сипаттамасы: «Қазына іздеу» - мұғалім сұрақтар құрастырады. Сұрақтар білім мен танымды қажет етеді. Топтар кітаптағы мәтіннен мәліметтерін тауып, оны келесі топқа жазбаша жазып түсіндірелі.

Тиімділігі: білім мен танымдылық қасиеті қаыптасады.

#### **«Жалғастыр» әдісі.**

Мақсаты: әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау. Жазбаша жазып, оқушыларға түсіндіру.

Сипаттамасы: «Жалғастыр» әдісі ойыны- топ ішінде «тізбек» әдісін қолдану арқылы жасалады. Яғни бірінші оқушыдан бастап соңғы оқушыға дейін барлығы бір тақырып шеңберінде өз ойларын жазып, оны айтады.

Тиімділігі: шығармадан немесе қандай да бір оқиғадан алған әсерін баяндау кезінде қолдану тиімді.

#### **«Данышпан үкілер» әдісі.**

Мақсаты: мәтінді жан-жақты талқылап, жазу.

Сипаттамасы: Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері.

Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазады. Мәтіннен сіз күтпеген, сіздің бұрынғы ұғымдарыңызға қарсы тұрған ақпаратты табады. Сізге жаңалық болған ақпаратты жазады. Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіреді. Мәтіннен сізге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңыз.

Тиімділігі: құнды ой жинақтап, ойын ашық, жүйелі түрде жинақы жазып шығады.

#### **«Еркін жазу» әдісі.**

Мақсаты: оқушылардың мәтіннен маңызды ақпарат туралы ой бөлісуі, жазылым, айтылым дағдыларын қалыптастыру.

Сипаттамасы: Бұл әдіс «ой толғаныс» кезеңінде пайдалануға лайықты да тиімді. Мұғалім сабақ барысында қарастырылған жаңа ақпарат жайында, одан алған әсері, не үйренгені, нені әлі де біле түсу керек екені т.б. туралы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде, оқушылар өз жазғандарын оқып шығады.

Тиімділігі: оқушылардың алған білімдерін қорытуға, оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

#### **«Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі.**

Мақсаты: бұл әдіс оқушыларды ұжым болып жұмыс жасауға, ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды.

Сипаттамасы: оқушылардан дәптердің бетін ортасынан тік сызықпен бөлу сұралады. Мәтінді оқу барысында әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады. Ол сұрақтар оқығанда баға беру пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталып қойылған дұрыс.

Тимділігі: Сөз астарын, құдіретін, сипаты мен табиғатын ашып түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ, әдістің тиімділігі – мұнда сабақтан тыс қалатын оқушы болмайды, оқырман мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әбілмәжін М. Оқу мотивациясын зерттеудің теориялық негіздері // «Проблемы и перспективы развития современной науки в странах Европы и Азии» XXII Халықаралық ғылыми-практикалық интернет-конференциясы материалы. – Украина, қаңтар, 2019. – 106 б.
2. Әбілмәжін М. Оқушылардың қызығушылығын арттырудың психологиялық негіздері // «Управление инновационными процессами в условиях модернизации образования и науки» II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалы. – Мюнхен, қаңтар, 2020. – 406 б.
3. Әбілмәжін М. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу мотивациясын арттырудың педагогикалық шарттары // «Инновационный менеджмент и технологии в эпоху глобализации» VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалы. – Бермингем, қаңтар, 2021. – 406 б.
4. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.
5. Ермекова Т., Отарбекова Ж., Тоқтыбаева Г. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Астана: Арман-ПВ, 2018. – 208б.

**ӘОЖ 372.881.1**

### **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТИІМДІ ОҚЫТУ**

***Орынбасарова Алия Имамадиновна,***

*Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы «№ 7 жалпы білім беретін мектеп»  
КММ ағылшын тілі оқытушысы*

Ағылшын тілін тиімді оқыту – бұл мұғалімдер үшін мағыналы және үлкен жауапкершілікті міндет. Ол оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекетке негізделеді. Тиімді оқыту үшін мұғалім әрқашан түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады, сабақты жоспарлайды, оқу және сабақ мақсатын таңдап алады.

Оқыту мақсатын таңдаған кезде мұғалім сол сабақта оқушылардың қай дағдысын дамытуды жоспарлайды екенін нақты анықтап алу керек. Оқыту мақсатына қабылдау дағдыларын (receptive skills) яғни Listening немесе Reading мақсатын алсақ оған міндетті түрде Productive skills-дің бірін аламыз. Яғни түсініп қабылдаған соң оқушы өзі түсініп қабылдаған білімін ауызша немесе жазбаша түрде орындайды. Сабақ мақсатына екі бірдей түсініп

қабылдау дағдысын (Listening мен Reading) және Productive skills (Speaking мен Writing) алуға болмайды. Қабылдап түсінбей тұрып оқушы белгілі бір тақырып аясында жаза немесе сөйлей алмайды. Алдымен оқушыға белгілі бір тақырып аясында тыңдалым немесе оқылым беріледі.

Оқушылардың тілге деген ынтасын арттыру – табысты оқытудың негізгі факторы болып табылады. Мұғалімдер оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын қолдау үшін ойындар, конкурстар, марапаттар және басқа ынталандыруларды пайдалана алады. Мектепте үлкен үзіліс кезінде «Көңілді үзіліс» сияқты ойындар ұйымдастырып дұрыс жауаптары үшін ынталандыру сыйлықтары берілсе оқушылар өтілген тақырыптарды оқуға мүдделі болады және сыныптастары арасында беделі артып, өзіне-өзі сенімі артады.

Әр оқушының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан мұғалімдер жеке қажеттіліктер мен қызығушылықтарды ескеруі тиіс.

Әр оқушының оқу стилі әртүрлі: визуалды, аудиалды, кинестетикалық. Оларды тану сабақтарды қызықты әрі тиімді етуге көмектеседі. Білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып барлық білім алушыға білім алуға теңдей қолжетімділік қамтамасыз етілуі тиіс. Қажет болған жағдайда психологиялық және педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын көмек көрсетіледі. Мұғалім дамытушы тапсырмалар беріп, үнемі орындау сапасын бақылап отырады және орнымен ынталандырады. Тапсырмалар кезең-кезеңімен беріледі және нұсқаулар да кезең-кезеңімен нақты, қысқа және түсінікті берілуі тиіс. Ондай болмаған жағдайда оқушылар жаңылысып кетуі мүмкін.

Тапсырмаларды жеңілдетіп немесе күрделендіріп жасай отыра мұғалім сабақ мақсатына барлық оқушының табысты жетуіне ықпал ете алады. Жақсы оқитын оқушыға оңай тапсырма берсеңіз ол бала тапсырманы тез орындап жалығып отыруы мүмкін. Керісінше үлгерімі төмен оқушыға қиын тапсырма берілсе ол оқушы көңіл-күйі түсіп, мазасызданып, өзіне сенімсіздік пайда болады. «Менің қолымнан келмейді» деген ойлар пайда болуы мүмкін. Оқушылардың мүдделеріне сәйкес сабақтар өткізу олардың мотивациясын арттырады және оқу процесін тиімді етеді.

Ағылшын тілін оқыту тек грамматика мен сөздік қорын меңгертумен шектелмейді, ол ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің мәдениетін түсінумен де байланысты. Ағылшын тілді елдердің мәдениеті, дәстүрлері мен тарихы туралы сабақтар өткізудің арқасында оқушылар тілді тереңірек түсінеді. Ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің салт – дәстүрлерін қазақ хақының салт – дәстүрлерімен салыстыра отырып үйретсек қызықты болады. Күнделікті сабақта ағылшынша бір мақал жаттатуға кеңес берген болар едім. Сол мақалды оқушылармен тақылап, оқушылардың ойларын айтқызу, қазақша баламасын табу олардың ағылшынша дұрыс сөйлеу дағдыларын дамытуға әсер етері сөзсіз. Жаңылтпаштар, жұмбақтар жаттау да осының қатарына кіреді. Тоқсан сайын ұлттық мерекелер, ақын-жазушылардың шығармаларын оқу, салт-дәстүрлер, мақал-мәтелдер жарыс сабақтарын сыныптар арасында өткізіп тұру да қызығушылықты оятады.

Тілді үйретуде scaffolding басқа адамдардың көмек көрсетуі. жаңа ақпаратты меңгеруге, қиын тапсырмаларды орындауға қолдау көрсету болып табылады. Бұл түсіндіру, үлгісін көрсету немесе бағыт беру. Scaffolding оқушыны өз бетімен тақырыпты түсінуіне, қиындықтарды жеңуге, ойлау қабілетінің дамуына және білімін тереңдетуге оң ықпал етеді. Оқушының дағдылары мен сенімділігі артып келе жатқанда қолдауды біртіндеп азайтамыз.

Ағылшын тілін оқыту үшін көптеген онлайн платформалар мен ресурстар бар. Сабақтарда интерактивті ойындарды көбірек уақытымызға қарай қолдануды дағдыға айналдыру қажет. Мультимедиялық құралдарды пайдалану сабақтарды қызықты етеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі қысқа фильмдерді көрсету, әндер тыңдату тыңдау дағдыларын жақсартып, талқылауға түрткі болады.

Геймификацияны сабақ процесіне енгізу арқылы оқушылардың мотивациясын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартады. Жаңа ақпаратты бекіту үшін онлайн викториналар, квесттер ойнауға болады. Сонымен қатар рөлдік ойындар арқылы да оқушылардың ағылшын тілінде өзара әрекеттесу, алған білімдерін өмірмен байланыстырып ынтымақтастықта жұмыс жасауға үйретеді және сабақты меңгеруді жеңілдетеді.

Оқытуда кері байланыс және рефлексия өте маңызды. Рефлексия бұл өз іс-әректіміз жайлы ойлану. «Мен не істеуім керек, осыны қалай өзгертсем болады» деген сияқты өзімізге өзіміз сұрақ қою. Кері байланыс бұл басқа адамның іс-әрекеттеріне үн қату болып табылады. Ерінбей әр оқушының жұмысына кері байланыс беріп отырғанымыз жөн. Кері байланыс бергенде оқушының қателерін емес бірінші жетістігін айтқан жөн. Оқушының сабақ барысында дұрыс орындаған бір тапсырмасын айтып мақтаймыз, яғни позитивтен бастауымыз керек қаталерін соңынан айтып қателерді азайту үшін не істеу керек деп оқудан рефлексия алуға болады. Оқушылардың алға жылжуына ықпал етуіміз керек. Тіл үйрету өте күрделі үдеріс, дегенмен өзін үнемі дамытып отыратын, сабақтарын түрлендіріп жоспарлайтын мұғалімнің оқушылары жетістіктерге сөзсіз жетпек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Scrivener, J. (2010). «Learning Teaching: The Essential Guide to English Language Teaching». Macmillan Education
2. Harmer, J. (2007). «The Practice of English Language Teaching». Pearson Longman



## ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ

*Шамгонова Р.Г.,*

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау БББ аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі (Орал қаласы) [raisa-shamgonova@mail.ru](mailto:raisa-shamgonova@mail.ru)*

*Сарсенбаева А.Н.,*

*Студент, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (Орал қаласы)*

*[sarsenbayeva\\_2003@mail.ru](mailto:sarsenbayeva_2003@mail.ru)*

***Аңдатпа.** Бұл мақалада шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Мәдениетаралық тәсілдің мәні, мазмұны және шет тілін үйретудегі рөлі талқыланады. Авторлар мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту әдістері мен оқу үдерісінде оны қолданудың тиімділігін зерттейді. Сонымен қатар, шет тілін меңгеру барысында мәдениетаралық құзыреттілікті арттырудың артықшылықтары мен кедергілері сипатталады.*

**Кіріспе.** Бүгінгі жаһандану дәуірінде шет тілін меңгеру қажеттілігі артып, білім беру жүйесінде шет тілдерін оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Шет тілін үйрену тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, дүниетанымын, құндылықтарын танудың жолы ретінде де маңызды. Әрбір тіл белгілі бір мәдениеттің, өмір салтының және ұлттық ерекшеліктердің айнасы ретінде қызмет етеді, сондықтан тіл үйрену процесінде сол мәдениетпен танысу маңызды аспектілердің бірі болып табылады.

Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсіл қазіргі таңда үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытумен қатар, олардың мәдениетаралық құзыреттілігін арттыруға бағытталған. Мәдениетаралық тәсіл оқушыларға тек тіл үйреніп қана қоймай, өз мәдениеті мен шет тіліндегі мәдениет арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінуге, әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің өзектілігі – мәдениетаралық диалогты дамыту арқылы өзге ұлттарға деген құрмет сезімін арттыру, жаһандық түсіністік пен бейбітшілікті нығайтуда көрініс табады.

Шет тілін үйрету барысында мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік зерттелуі осы бағыттағы оқыту үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты – мәдениетаралық тәсілдің шет тілін оқытудағы рөлін ашу және оны қолданудың әдістемелік негіздерін анықтау. Осыған орай, мақалада мәдениетаралық тәсілдің мазмұны мен

ерекшеліктері қарастырылады, сондай-ақ шет тілін оқыту барысында мәдениетаралық дағдыларды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері талданады. [2; 89 б].

Мәдениетаралық тәсіл – тіл үйретудің қазіргі әдіснамасында маңызды орын алатын концепциялардың бірі. Бұл тәсіл оқушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, сол тілде сөйлейтін халықтардың мәдениетін, дүниетанымын, құндылықтарын, дәстүрлерін түсіну қабілетін де дамытуға бағытталған. Мәдениетаралық тәсіл шет тілін үйренушілерді өзге мәдениетке құрметпен қарауға, мәдени айырмашылықтарды қабылдауға және осы айырмашылықтар негізінде өзара тиімді диалог орнатуға үйретеді. Бұл, әсіресе көп мәдениетті қоғамда өмір сүріп отырған қазіргі жастар үшін маңызды дағды болып табылады.

Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің қолданылуы оқушыларды тек тілде ғана емес, мәдениетаралық қарым-қатынаста да тиімді болуға дайындайды. Бұл тәсіл оқушыларға шет тілін түсінудің және қолданудың тереңдігін арттырып, оларды өз мәдениеті мен басқа мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды түсінуге бағыттайды. Шет тілін меңгерген тұлға өзінің тілдік дағдыларын тек тілдік контексте ғана емес, сонымен бірге сол тілдің мәдени аспектілерінде де қолдана білуі тиіс.

Мәдениетаралық тәсілдің маңыздылығы қазіргі тіл үйрету әдістемесінде жаңа тәсілдердің қалыптасуына әкелді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен әдістемелік тәжірибелер көрсеткендей, шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді енгізу оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуге, басқа халықтың құндылықтарына құрметпен қарауға ықпал етеді. Бұл тәсіл арқылы оқушылардың сөйлеу қабілетінің жақсаруымен қатар, олардың жалпы мәдениетаралық құзыреттіліктері де дамиды.

Зерттеудің мақсаты – шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қарастыру және оның тиімділігін анықтау. Мақалада шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің мазмұны, мақсаты, әдістемелік принциптері, сондай-ақ оқу процесінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер талданады. Сонымен қатар, мәдениетаралық тәсілдің оқушылардың тілдік және мәдени құзыреттілігін дамытудағы рөлі мен тиімділігі зерттеледі.

Бұл зерттеу шет тілін оқыту әдістемесіне мәдениетаралық тәсілдің интеграциясы тіл үйрету үдерісін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Мақалада мәдениетаралық тәсілді қолданудың шет тілін меңгеруге деген қызығушылықты арттырудағы және оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін дамытудағы рөлі жан-жақты талқыланады.

## **Оқушылармен жұмыс барысында мәдениетаралық дағдыларды дамыту жолдары**

Оқушылардың мәдениетаралық дағдыларын дамыту үшін оқытушы түрлі тапсырмалар мен жобалық жұмыстар ұсынуы мүмкін. Мысалы, оқушылар белгілі бір елдің мәдениетіне қатысты презентация дайындап, өз жұмыстарын сыныпта талқылай алады. Бұл тәсіл оқушылардың мәдениетаралық байланыс орнату қабілетін арттырады.

#### 1. Мәдениет туралы білім беру

Мәдениетаралық дағдыларды дамытудың басты жолдарының бірі – оқушыларға өзге мәдениеттер туралы білім беру. Сабақ барысында әртүрлі елдердің салт-дәстүрлері, мерекелері, ұлттық киімдері, ас мәзірі, әдебиеті, өнері және музыкасы туралы ақпарат беру арқылы оқушылар басқа мәдениеттерге жақынырақ танысады. Мұндай білім оқушыларға басқа мәдениетті құрметтеп, түсінуге көмектеседі.

#### 2. Рөлдік ойындар арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас жасауға үйрету

Рөлдік ойындар – оқушылардың түрлі мәдениетаралық жағдайларды симуляциялау арқылы өз дағдыларын дамытуға көмектесетін тиімді әдіс. Мысалы, оқушылар әртүрлі мәдениет өкілдерінің рөлін ойнап, әртүрлі қарым-қатынас стилдерін және мәдениетаралық жағдайларда туындайтын қиындықтарды сезіне алады. Бұл әдіс мәдениетаралық түсіністік пен қарым-қатынас қабілетін арттырады.

#### 3. Мәдениетаралық жобалар жасау

Оқушыларды мәдениетаралық жобалар жасауға тарту олардың зерттеу дағдыларын және мәдениетаралық түсіністігін дамытады. Мысалы, әр оқушыға белгілі бір елдің мәдениетін зерттеп, ол туралы презентация жасауға тапсырма беруге болады. Бұл жоба барысында оқушылар өз бетімен зерттеу жүргізіп, таңдалған мәдениет туралы жаңа мәліметтерді меңгереді. Жобаны ұжымдық түрде жасау да маңызды, себебі топтағы талқылаулар кезінде әртүрлі көзқарастар мен пікірлер айтылады.

#### 4. Мәдениетаралық мәселелерді талқылау

Мәдениетаралық дағдыларды дамыту үшін сабақта мәдениетаралық мәселелерді талқылау тиімді болып табылады. Әртүрлі мәдениеттегі қарым-қатынас әдебі, стереотиптер, мәдениетаралық қақтығыстар сияқты тақырыптарды талқылау оқушыларға маңызды түсініктер береді. Оқушыларға мәдени айырмашылықтарды түсіну және қабылдау жолдарын үйрету үшін мәдениетаралық кейстерді талқылауға болады. Мысалы, «мәдени шок» жағдайы немесе әртүрлі мәдениет өкілдері арасында туындаған түсініспеушіліктерді шешу жолдарын қарастыру.

#### 5. Автентикалық материалдармен жұмыс жасау

Мәдениетаралық дағдыларды дамыту үшін шынайы тілдік ортадан алынған материалдарды қолдану маңызды. Бейнероликтер, мақалалар, әлеуметтік желілердегі жазбалар, мәдениет туралы деректі фильмдер оқушыларды сол тілде сөйлейтін елдің шынайы өмірімен таныстырады. Бұл материалдар оқушыларға басқа мәдениеттің ерекшеліктерін көруге, олардың құндылықтары мен дүниетанымын түсінуге көмектеседі.

## 6. Мәдени күнделік жүргізу

Оқушыларға мәдени күнделік жүргізуді ұсынып, сабақ барысында немесе басқа мәдениетпен тікелей байланысқа түскеннен кейін өз әсерлерін жазуға мүмкіндік беру – мәдениетаралық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Оқушылар өздерінің әсерлерін, алған білімдерін, басқа мәдениетке қатысты ойларын жазып отырады. Бұл әдіс оқушыларға өз сезімдерін, түсініктерін талдауға, мәдениетаралық тәжірибелерін бағалауға көмектеседі.

## 7. Салыстыру әдісін қолдану

Оқушылардың өз мәдениеті мен шет тіліндегі мәдениетті салыстыруы мәдениетаралық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Мысалы, мерекелерді, қарым-қатынас әдебін, асхананы, отбасы құндылықтарын салыстыра отырып, оқушылар басқа мәдениеттегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көріп, оларды түсінуге тырысады. Бұл әдіс оқушыларға әртүрлі мәдениетке бейімделу жолдарын меңгеруге және мәдениетті құрметтеуге ықпал етеді.

8. Әріптестік бағдарламалар мен халықаралық байланыстарды пайдалану

Тіл үйренушілерді халықаралық әріптестік бағдарламаларға, шетелдегі мектептермен немесе мәдениетаралық ұйымдармен байланыс орнатуға тарту – оқушыларға шынайы мәдениетаралық тәжірибе береді. Мысалы, басқа елдердегі оқушылармен хат алмасу немесе бейнебайланыс арқылы сөйлесу мәдениетаралық дағдыларды тәжірибелік жолмен дамытуға мүмкіндік береді.

## **Қорытынды**

Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің қолданылуы – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл тәсіл шет тілін үйренушілерге тек тілдік дағдыларды игеруге ғана емес, сонымен қатар басқа мәдениеттер мен халықтардың құндылықтарын түсінуге және құрметтеуге мүмкіндік береді. Мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту арқылы оқушылар тек тіл үйренбейді, сонымен қатар әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын меңгереді. Бұл тәсіл жаһандық деңгейде түсіністік, ынтымақтастық және бейбітшілік негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мәдениетаралық тәсілдің шет тілін оқытудағы маңыздылығы тіл мен мәдениеттің тығыз байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, белгілі бір мәдениеттің айнасы болып табылады. Сондықтан тіл үйрену үдерісінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту оқушыларды өзге мәдениеттерді құрметтеу мен түсіну жолында маңызды дағдылармен қаруландырады. Шет тілін меңгерген тұлға, мәдениетаралық қарым-қатынасты меңгерген тұлға болып табылады, бұл оның әлеуметтік, кәсіби және тұлғалық дамуына елеулі ықпал етеді.

Мәдениетаралық тәсілдің тиімділігі оның оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға, олардың мәдениетаралық қарым-қатынастарға деген қабілеттерін дамытуға бағытталғанында көрініс табады. Сонымен қатар, бұл тәсіл шет тілі сабағында оқушылардың басқа мәдениеттермен танысып, өз көзқарастарын кеңейтулеріне мүмкіндік береді. Мәдениетаралық тәсіл

оқушылардың мәдени құзыреттілігін дамыта отырып, олардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді, бұл өз кезегінде шет тілін үйренудің терең және кең ауқымды негіздерін қамтамасыз етеді.

Алайда, мәдениетаралық тәсілді енгізу кезінде кездесетін кейбір қиындықтар мен кедергілерді ескермеуге болмайды. Өртүрлі мәдениеттердің айырмашылықтары оқушылардың білім алу үдерісінде қиындықтар тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, оқу материалдарын таңдау және әдістемелік тәсілдерді дұрыс қолдану маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда мұғалімдер мен оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен әдістемелік дайындығы маңызды болып табылады. Оқушылармен жұмыс барысында мәдениетаралық тәсілді тиімді іске асыру үшін арнайы оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдарды дамыту қажет.

Қорытындылай келе, шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілді қолдану шет тілін меңгеру үдерісін тек тілдік дағдылармен шектемей, мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға бағытталған маңызды құрал ретінде қарастырылады. Бұл тәсілдің қолданылуы оқушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін дамытуға, көпмәдениетті қоғамда бейбітшілік пен түсіністік қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақта шет тілін оқыту әдістемесін жетілдіруде мәдениетаралық тәсілді одан әрі дамыту және оның тиімділігін арттыру маңызды міндет болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Азимова, Г. И. (2015). Мәдениетаралық коммуникация негіздері. Алматы: Қазақ университеті.
2. Баймұхамбетова, Ш. М., & Сейітова, Ж. Қ. (2019). Шет тілін оқытудағы мәдениетаралық тәсіл. Астана: Фолиант.
3. Құдайбергенова, Ә. К. (2016). Шет тілін оқыту әдістемесі: теория мен тәжірибе. Алматы: Қазақ университеті.
4. Рахметова, Ә. Е. (2014). Мәдениетаралық құзыреттілік және тілдік білім. Қарағанды: ҚарМУ баспасы.
5. Сатыбалдиева, Ш. Б. (2018). Шет тілін оқытуда мәдениетаралық тәсілдің рөлі. Қазақ тілі мен әдебиеті, 4, 23-30.
6. Бахытова, А. В. (2017). Межкультурная коммуникация в обучении иностранным языкам. Москва: Высшая школа.
7. Гусева, Л. В. (2013). Межкультурная компетенция в обучении иностранным языкам. Санкт-Петербург: Речь.
8. Хасанов, Т. М. (2016). Тіл мен мәдениетті оқытудағы инновациялық тәсілдер. Жаңа білім, 5, 45-50.
9. Кунарова, А. С. (2020). Мәдениетаралық диалогты дамыту: шет тілін оқыту контекстінде. Алматы: Назарбаев университетінің баспасы.
10. Byron, G., & Jones, K. (2019). Intercultural Competence in Language Teaching: A Critical Approach. New York: Routledge.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

*Джапанова Нина Абилгазыевна,  
Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы,  
«№9 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі*

**Түйіндеме.** Бұл мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды ұлттық құндылықтарға баулуда әртүрлі әдістер ұсынылады. Мақсатқа жетуде ұлттың өткен тарихы мен бүгінгі тағдырын сабақтастыратын шығармалар алынды.

**Кілт сөздер:** құндылық, ұлттық, мақсат, әдіс, нәтиже

Жаңа дәуірдің айқын сипатына айналған жаһандану үрдісінен біздің қоғамымыз да үлкен өзгерістерді бастан өткізуде. Жаһандану қоғамымыз үшін керек, бірақ осы үрдіс ұлттық құндылықтарға да әсерін тигізетіні шындық. Сондықтан жаһандануға жұтылып кетпей ұлттың өзегі болып табылатын рухани сананы, ұлттық байлықты, озық дәстүрді, бірлік пен бірегейлікті сақтап, заманауи білім беруде үйлесіріп кіріктіре отырып, әлемдік қауымдастықтағы өз орнымызды табу қажет. Ұлттың құндылықтарының сақталуы әр ұрпақтан елдік пен жауапкершілікті қатар талап етеді.

5-11 сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларды ұлттық құндылықтарға баулуда оқу мақсаттарын негізгі және сабақтас мақсаттарға дұрыс топтастыру маңызды, мұнда негізгі мақсат пәндік бөлікті оқуға бағытталса, ал сабақтас мақсат функционалдық бөлікке бағытталады.

Осы орайда тіл, әдебиет сабақтарында оқушы білімін нақты, жүйелі меңгертуді өз тәжірибемде қолданып жүрген әртүрлі әдістерді ұсынамын.

Мысалы, 5-6-сыныптарда «Ғибратты сөз» әдісі, 7-8-сыныптарда «Даналық тамшысы» әдісі, 9-11-сыныптарда «Ой қоржыны» әдісі арқылы оқушылар тағылымы мол даналық сөздерден тәлім ала отырып, бойларына ұлттық құндылықтарды сіңіреді. 5-8-сынып оқушылары әдебиеттегі біртуар тұлғалардың қанатты сөздері мен афоризмдері, халық даналығын жаттаса, 9-11-сыныптарда «Ой қоржыны» әдісінде сабақтың идеялық мазмұнына сай әр оқушы тәлім аларлық және ой саларлық Абайдың 45 қарасөзін есінде сақтайды.

Жаңа сабақты меңгертуде, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мінез-құлықтарын ашуда «Сиқырлы әлем» әдісі мен «Жаңаны таны» әдісі пайдалырақ. Бұл әдістерде шығарма мазмұнына сай алынған бейнекөріністер мен түрлі анимациялар оқушылардың алған білімдерін дамытып, шығармашылыққа жетелейді.

Мысалы, отбасындағы құндылықтар мен оның мүшелерінің арасындағы қарым-қатынасқа құрылған 5-сыныптағы Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Анасын сағынған бала», Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімелері де отбасындағы ахуал, татулық пен тыныштық, жайдары қабақ, бейіл-береке – оның барлық мүшелерінің ырысы, ойға алған істерінің өрге басып, мақсаттарының жүзеге асуының кепілі екендігіне көз жеткізеді.

Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесінде Манаптың балалар үйінде тәрбиеленген бауыры Қалиды іздеп келуі туыстық қарым-қатынастың айрықша маңыздылығын көрсетеді. Шығармадағы Манаптың іс-әрекеті арқылы туғандар арасындағы қарым-қатынаста бауырмалдық, мейірімділік, кішіпейілділік, туысқандық ыстық сезім үстем болуы тиіс екендігін еске салады.

6-сынып оқулығында берілген С.Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі, Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі, О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі, А. Алтайдың «Прописка» әңгімесі және 7-сыныпта М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі, Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесі, С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесі, М.Шахановтың «Нарынкұм зауалы» балладасы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке бағдарлап, ұлттық тәлім нәрімен сусындатады. Бұл шығармаларды оқытуда «Идеяны таны», «Баға бер» әдістері оқушылардың алған білімдерін қорытып, өзіндік көзқарасын, пікірін қалыптастыру, білім мазмұнын бағалауға үйретеді,

«ТИСТ (түсінік, идея, сұрақ, тұжырым) кестесі» әдісімен 8-сыныпта Ш.Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанын, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» әңгімесін, Д.Исабековтің «Әпке» драмасын, Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесін, Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін; 9-сыныпта Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романын, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятын, І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасын оқыту әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашуды, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беруді, шығарманың көркемдік - идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазуды көздейді.

10-11-сыныпта әдеби шығармалардан ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру, көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан және ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашуда «Егіз өрмек» әдісі арқылы төмендегі шығармаларға салыстырмалы талдау жасауға болады.

10-сынып	11-сынып
Ш.Мұртаза. «Тәуекел той» әңгімесі	С.Балғабаев. «Тойдан қайтқан қазақтар» пьесасы
О.Асқар. «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі	Т.Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі

Ш.Мұртаза. «Бесеудің хаты» драмасы	С.Елубай. «Жалған дүние» романы
Қ.Жұмаділов. «Тағдыр» романы	Баққожа Мұқай «Өмірзая» романы

Жалпы, 9-11-сыныптарда әдеби шығармаларды ұлттық құндылықтар тұрғысынан талдауда «Үш қадам» әдісі үш аспекті негізінде: мәтінге тақырыптық-идеялық тұрғыдан талдау жасау, стилистикалық композициялық тұрғыдан талдау жасау және тілдік - стилистикалық тұрғыда талдау жасау арқылы жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, ұлтымыздың тарихы мен болашағына, өткені мен бүгінгісіне зерде биігінен қарауымыз керек. Бүгінгі күнде әдеби шығармаларды оқытуда заманауи талапқа сай жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдаланудың да аясы кеңейді.

«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі – тәжірибе. Жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», – деген Әлихан Бөкейханұлының ой саларлық тұжырымы бүгінгі күнге арналғандай. Мұғалім ұлттық рухтағы сапалы білім мен саналы тәрбиені оқыту сапасын жақсартатын заманауи тәсілдер мен әдістерді қолданғанда ғана қол жеткізеді. Нәтижеге бағытталған еңбек әрқашан өз жемісін беретінін ұмытпайық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2024.
2. Ә.Бөкейхан шығармаларының толық жинағы. – Астана, 2013.
3. 5-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтары. – Астана, 2018; Алматы. 2020.



## МАЗМҰНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

1	Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің президент-ректоры Ахметов Берік Бақытжанұлының құттықтауы	3
2	ҰСТАЗ-ҒАЛЫМНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ӨМІР ЖОЛЫ <i>Қабылов Ә.Д.</i>	3
3	ТАЛАНТТЫҢ ТЕГІ – ТЕКТІДЕН <i>Жеткізгенова Ә.Т.</i>	7
4	ЖАЙДАРЫ ЖҮЗДІ ЖОЛАМАН <i>Абдынасыров С.А.</i>	16
5	ӘДЕБИЕТШІ ҒАЛЫМ ЖОЛАМАН ҚОБЛАНОВҚА <i>Жетекбай М.Қ.</i>	19
6	ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРДЕЛЕУГЕ ЖОЛ АШҚАН ӘДЕБИЕТТАНУШЫ <i>Бүркімбаева А.С.</i>	20
7	ПРОФЕССОР ЖОЛАМАН ҚОБЛАНОВ <i>Жайлауов Б.С.</i>	23
8	СІЗДІ ТІЛ ЖАНАШЫРЫ ДЕП ТАНИМЫЗ <i>Көлдеубаев Н.А.</i>	28

### **1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

1	БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БАҒБАНЫ <i>Әбішева Ш.С.</i>	29
2	ІЛИЯС – ҚАЗАҚТЫҢ ӘН, КҮЙ ӨНЕРІН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН <i>Каримсақова Б.А.</i>	38
3	МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТІЛДІК ТҮЛҒА <i>Исақова А.С., Саткенова Ж.Б.</i>	45
4	КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ <i>Бақытова Г.Ж.</i>	54
5	ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР АТАУЛАРЫНЫҢ «ЖАҒЫМДЫ» ЖӘНЕ «ЖАҒЫМСЫЗ» МАЗМҰНДАҒЫ КОНЦЕПТІЛЕР ЖАСАУҒА ҚАТЫСЫ <i>Джаулыбаева А.К.</i>	59
6	«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ <i>Айтбаева С.А.</i>	64
7	ЖӨКЕЙ ШАҢЫТБАЙҰЛЫ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ <i>Муса Т.</i>	62
8	БӨКЕЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ <i>Дабылова Г.С.</i>	76
9	Қ. ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Ахметжанова Ә.С.</i>	72

10	ҮМБЕТБАЙ УАЙДИН – ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ САРДАРЫ <i>Қаражигитова Г.Б.</i>	84
11	ПРОЗАДАҒЫ ӘДЕБИ ПСИХОЛОГИЗМ <i>Алибаева М.М.</i>	88
12	С. СЕЙФУЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ <i>Нурсадық Н.</i>	92
13	АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТІЛ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ <i>Махмет А.</i>	98
14	Ы. АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ИДЕЯСЫ <i>Қойшан Г.Б.</i>	102
15	ТҮМЕН АҚЫН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ӨРШІЛ САРЫН <i>Әмір А.К.</i>	107
16	АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІ <i>Жетписбаева С.К.</i>	112
17	ҚАШАҒАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ САКРАЛЬДЫ БЕЙНЕСІ <i>Ахташева А.</i>	117
18	ҚАШАҒАН АҚЫННЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ЖҮЙРІКТІГІ <i>Сағынова Ж.Б.</i>	120
19	ҚАЛНИЯЗ ШОПЫҚҰЛЫ ЖЫР-ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ЕРЛІК ДӘСТҮРДІҢ ЖЫРЛАНУЫ <i>Мақтапова А.А.</i>	125
20	МАҢҒЫСТАУДЫҢ АҚЫНДЫҚ ДӘСТҮРІ МЕН ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ <i>Турмуханова М.Т.</i>	128
21	ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА КЕЙІПКЕР БЕЙНЕЛЕУДЕГІ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР <i>Мукашева А.М., Нұрхожаев Н.Қ.</i>	131
22	АЛАШ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ <i>Мукашева А.М.</i>	135
23	ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІНЕ ТҮСКЕН БАЛДАЙ АҚЫН <i>Салтықов А.А.</i>	141
24	ЭТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЕКТА В ПЕРЕВОДЕ <i>Абдуллаева А.А., Кекилбаева Ж.Е.</i>	148
25	МӘТЖАН БИДІҢ МҰРАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨНЕГЕ <i>Турмуханова М.Т.</i>	156
26	БЕКЕТ АТА ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР – ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТІ ДӘРІПТЕУШІ ДҮНИЕЛЕР <i>Шамғалиева А.Н.</i>	161
27	МАҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНІҢ АҢЫЗДАРЫ ДЕРЕККӨЗ, СЮЖЕТ, ПОЭТИКА <i>Шамғалиева А.Н.</i>	166
28	ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ <i>Комекова Ж.А.</i>	171
29	ТІЛ БІЛІМІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ <i>Есбосынова Ж.Б.</i>	175
30	І. ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «ҚАҒАР» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК <i>Жумаханова А.</i>	177

31	ЭПОНИМДЕРДІҢ ТЕРМИНДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ <i>Ангарова А.О.</i>	182
32	ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ СҮГІР БЕГЕНДІКҮЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ <i>Қаржаубайқызы Ж.</i>	185
33	МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Каримсақова Б.А., Дүйсенова Г.Е.</i>	189
34	КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ ТОПОНИМДЕРІНДЕГІ ТҮРКІЛІК БЕЛГІЛЕР <i>Т.К. Ибадуллаева</i>	198
35	КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ? <i>Ибадуллаева Т.К.</i>	205
36	МӘДЕЛІҚОЖА ЖҮСПҚОЖАҰЛЫ – АЙТЫС ӨНЕРІН ДАМЫТУШЫ <i>Аманқосова С.Е.</i>	209
37	МӘДЕЛІҚОЖА ЖҮСПҚОЖАҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ <i>Аманқосова С.</i>	214
38	А. СЕЙДІМБЕКТИҢ ЭТНО-МӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕКТІЛІК <i>Нурсейтова Ф.С.</i>	219
39	ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН АЛҒЫШАРТТАР <i>Мирханова М., Тажимаева Ә., Исакова А.С.</i>	224
40	ЛАТЫНГРАФИКАЛЫ ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢҒЫРТУ ШАРАЛАРЫ <i>Тәжіқараева М.Д.</i>	234
41	ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ РӨЛІ <i>Саулебаева Л.А.</i>	239
42	ТІЛ БІЛІМІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ <i>Комекова Ж.А.</i>	245
43	ЛАТЫНҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ: БҮГІН ЖӘНЕ БОЛАШАҚ <i>Ибадуллаева Т.К.</i>	250
44	ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӘСЕРІ <i>Бүркітбайқызы А.</i>	254
45	МЕТАФОРАЛАНҒАН СУБСТАНТИВТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ УӘЖДІЛІГІ <i>Шахаманова Л.Е.</i>	259
46	ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМА ДИСКУРСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ <i>Шахаманова Л.Е.</i>	263
47	МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ <i>Бүркітбайқызы А.</i>	267
48	АБЫЛ АЙТЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ <i>Сағынова Ж.Б.</i>	273
49	КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ ТОПОНИМИЯСЫ <i>Ибадуллаева Т.К.</i>	275
50	МАҢҒЫСТАУ ОНОМАСТИКАСЫ <i>Ескелдиева М.Ж.</i>	278
51	С. ҚОНДЫБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ «СУ ЖЫЛҚЫЛАРЫНЫҢ» ТҮРКІЛІК ГЕНЕЗИСІ	281

	<i>Дауылова Ұ.С.</i>	
52	ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ САНДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ <i>Ануарова Н.Р.</i>	284

**2-СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ**

1	АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ҮНДЕСТІГІ <i>Серикбаева Г.Ж.</i>	288
2	ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ <i>Дәрібаев С.Д., Қалдыбай Б.Н.</i>	293
3	ЖОО-ДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ <i>Алқабек Б.Д., Манабаева С.Е.</i>	296
4	АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН МОЛАЙТУ ӘДІСІ <i>Э.К. Утемисова, Г.М. Жанғалиева</i>	300
5	ПРОВЕДЕНИЕ ДЕЛОВЫХ ИГР НА ЗАНЯТИЯХ ПО ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ <i>Габдешева А.Е.</i>	304
6	СОЗДАНИЕ СИТУАЦИИ УСПЕХА НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ <i>Есиркепова Т.П.</i>	308
7	EFFECTIVE COMMUNICATION STRATEGIES FOR ENGLISH LEARNERS <i>Sissekeshova A.S.</i>	313
8	БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ <i>Бектаева Н.Т.</i>	316
9	ҚАЗАҚ ТОБЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫМЕН САЛЫСТЫРЫП ОҚЫТУ <i>Утарова А.Г.</i>	320
10	БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ БОЙЫНША КАТЕГОРИЯЛАР МАЗМҰНЫН ҚҰРУ <i>Қабылбекова Н.К., Абиева У.</i>	323
11	АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІСТІҢ БІРІ – МУЛЬТИМЕДИЯ <i>Кобенкулова Г.Т.</i>	328
12	FORMATION OF MOTIVATION IN SCHOOL CHILDREN OF TEACHING ENGLISH <i>Kubeeva M.A.</i>	333
13	ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОТОВНОСТИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ-ПСИХОЛОГОВ В УСЛОВИЯХ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ <i>Манабаева С.Е., Сикимбаева А.Б., Ешенкулова Д.Б.</i>	336

14	БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУ-КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ <i>Сейтбекова И.К., Сикимбаева А.Б., Ешенкулова Д.Б.</i>	341
15	ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ <i>Аймуханова А.А.</i>	346
16	МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ <i>Құлжанова А.Д.</i>	353
17	ТІЛ – ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА <i>Бақыт А.С.</i>	360
18	DEVELOPING OF STUDENTS' LISTENING AND SPEAKING SKILLS IN ENGLISH LANGUAGE <i>Yergalieva С.О.</i>	362
19	ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ <i>Ибадуллаева Е.К.</i>	367
20	ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА НЕГІЗІНДЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ <i>Джайбергенова К.У.</i>	373
21	ОҚУШЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖЕТІСТІГІ: ТҰЛҒАЛЫҚ БАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ <i>Жанбатырова К.А.</i>	377
22	ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРМЕН ДАЯРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ <i>Жусипова З.Б.</i>	380
23	ОҚУШЫ КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР <i>Маханова Г.У.</i>	383
24	ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АСА ҰЛЫ ИГІЛІГІ <i>Оразова С.А.</i>	387
25	ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫН ЗАМАНАУИ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ <i>Пиржанова Ж.Н.</i>	391
26	САРАЛАП ОҚЫТУ – ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ДЕЙІН ДАМУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ <i>Самурадова Н.Т.</i>	399
27	МҰҒАЛІМ ИМИДЖІ: ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ <i>Токмурзинова Д.Т.</i>	404
28	БІЛІМДІ ҰРПАҚ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ <i>Тәжігүлова Ж.С.</i>	407
29	ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ <i>Шишенбаева Р.У.</i>	412
30	МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МАҢҒЫСТАУДЫҢ БИ-ШЕШЕНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ <i>Нурмаганбетова К.С.</i>	418
31	МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫ – КҮН ТӨРТІБІНЕН ТҮСПЕЙТІН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ <i>Кульджанова Г.К., Новикова М.С.</i>	426

32	ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ <i>Кирабаева А.К.</i>	433
33	АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТИІМДІ ОҚЫТУ <i>Орынбасарова А.И.</i>	438
34	ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ <i>Шамгонова Р.Г., Сарсенбаева А.Н.</i>	441
35	ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ <i>Джапанова Н.А.</i>	446